

А 2017

4618 к

Гүлнар
Жұмабайқызы

ӨМІР өткелдері



Гүлнар
Жұмабайқызы

ӨМІР өткелдері

«Керемет медиа»

Алматы

2017

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01
Ж 81

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау
және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру»
бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін
басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы
бойынша жарық көрді

ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ Г.

Ж 81 **Өмір өткелдері.** / Гүлнар Жұмабайқызы. – Алматы: «Керемет медиа», 2017. – 416 бет.

ISBN 978-601-80578-6-1

«Айқын» газетінің саясат және экономика бөлімі редакторы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Гүлнар Жұмабайқызының бұл жинағына 2011-2016 жылдарда республикалық қоғамдық-саяси «Айқын» газетінде «Өмір өткелдері» айдары бойынша жарияланған материалдары топтастырылған.

Қазақ халқы тарихында елге ерен еңбегімен өлшеусіз үлес қосқан тұлғалар сан салада баршылық. Олар бірден тұлға, танымал болып туған жоқ. Олардың да өсу, қалыптасу кезеңі, бір сөзбен айтқанда өмір жолы бар. Осы жолда түрлі белестен асқан. Қиын да қызық жағдайларды басынан өткізген. Олар бүгінде бір отбасының, әулеттің емес, күллі қазақтың қамын күйттеп, елдің келешегі қандай болмақ деп ой толғайды. Тәуелсіздігімізді сақтап, еңсеміздің биік болуы үшін не істемек керек деп толғанады.

Кітап қалың оқырманға арналған.

ӘОЖ 070
КБЖ 76.01

ISBN 978-601-80578-6-1

© Жұмабайқызы Г., 2017
© «Керемет медиа», 2017

АЛҒЫСӨЗ

«Айқын» газетінің саясат және экономика бөлімі редакторы, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты Гүлнар Жұмабайқызының кезекті кітабы оқырман назарына ұсынылып отыр. Шын журналист үшін беймәлім, тосын тақырып болмауы тиіс деген ойға иек артсақ, бұған дейін экономика тақырыбына қалам тербеп келген Гүлнар бұл жолы басқа қырынан танылыпты.

«Өмір өткелдері» деп аталатын бұл жинақ үлкен тарихи жүкті көтеріп тұр. Кітаптың басты ерекшелігі – қазақ халқы тарихында есімі алтын әріппен жазылған, еліміздің дамуына өлшеусіз үлес қосқан түрлі саланың нағыз майталмандарының өмір жолынан – олардың туып-өскен жері, ата-анасы, балалық шағы, қалыптасу кезеңі, отбасылық жағдайы және азамат, тұлға ретінде өсіп-жетілуіне ықпалы болған жандар, сондай-ақ өмір соқпағындағы ең бір қиын, күрделі кезең жайлы ағынан жарылып әңгіме айта келіп, қазақ қазақ болып қалуы үшін қандай құндылықтарын, дәстүрін ерекше сақтауы тиіс екендігіне тоқталып, бүгінгі қоғам туралы ойлары терең таным мен толғанысқа негізделген. Мақаланың жазылу формасы да ерекше. Кейіпкер мен автор алма-кезек әңгіме айта отырып, кейіпкердің жан дүниесін барынша ашуға тырысқан. Бұрын еш жерде айтылмаған, анығы кеңес дәуірінде «айтуға болмаған» көп сыр осы кітаптың алтын арқауы. Бұл – еркіндіктің, тәуелсіздіктің, сөз бостандығының жемісі.

Кітап кейіпкерлері – еліміздің сан саласында еңбек еткен, халқымызға өте танымал тұлғалар. Олардың қатарында мемлекет және қоғам қайраткерлері, атап айтқанда, академик Төрегелді Шарманов, КСРО және Қазақстанның халық артисі Бибігүл Төлегенова, Авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры Талғат Бигелдинов, Қазақстанның халық артисі Нұрғали Нүсіпжанов, демографылым Мақаш Тәтімов, 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасының чемпионы Жақсылық Үшкемпіров, белгілі дипломат Сәлім Құрманғозжин,

Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев, мәдениеттанушы-ғалым, дипломат Мұрат Әуезов, театр сыншысы Әшірбек Сығай, жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Дулат Исабеков, қаржыгер Ғалым Байназаров, сәулетші Шот-Аман Уәлиханов, ақын-сазгер, драматург, Тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты Исраил Сапарбай, Қазақстанның халық артисі Қайрат Байбосынов және тағы басқалар бар. Өкінішке қарай, бұл кітапқа енген біраз тұлға бүгін арамызда жоқ. Көңілге медет тұтарымыз – айтылған әңгіме, тасқа басылған мақала ертеңге естелік, есті сөзге мән берер келер ұрпаққа аманат болып қала береді.

Тарихты жасайтын, елдің еңсесін биіктететін тұлға. Сондықтан да жұрт қай кезде де сол тұлғаның тілеуін тілейді. Соған қарап бой түзейді, тағылым түйеді. Бұл кітап сонысымен құнды.

Кітап «Айқын» газетінде соңғы жылдары тұрақты жарияланып келген «Өмір өткелдері» айдары негізінде жарық көріп отыр. Кітап кейінкері генерал-полковник Сәт Тоқпақбаев редакцияға бір келгенінде «Сіздердің оқырмандарыңыз қандай көп және белсенді. Газетке жарияланған материалдан соң телефон қоңырауының астында қалдым. Тіпті Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өзі хабарласып «Сәт, «Айқындағы» әңгімең жақсы екен. Бірақ суреттегі өңің сынық, ауырып қалған жоқсың ба?» деп жағдайымды сұрады» деген еді. Демек, газет бетінде қалың оқырманның жүрегінен жол тапқан мақалалар шоғыры енді тұтас кітапқа айналып, көпшілік қауымға жол тартып отыр.

Бүгінгі оқырманның көзі ашық, көкірегі ояу, аса талғампаз. Қазіргідей ақпарат ағыны заманында оларды таңғалдырудың өзі қиын. Гүлнар Жұмабайқызының «Өмір өткелдері» жинағы оқырман көңілінен шығады деген сенімдеміз.

Қали СӘРСЕНБАЙ,

*ҚР Президент сыйлығының лауреаты,
Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері,
«Алматы ақшамы» газетінің Бас редакторы*



***Нығметжан ЕСЕНҒАРИН,**
мемлекет қайраткері:*

ҚАРАП ОТЫРЫП ҚАЛСАМ, ОЛ – МЕНІҢ ҚҰЛДЫРАҒАНЫМ...

«Айқын» газетінде «Өмір өткелдері» айдарының ашылуына мемлекет және қоғам қайраткері Нығметжан Есенғарин мырзаның бір ауыз сөзі түрткі болды. Ағамызбен бұдан бұрын да бірнеше рет сұхбаттасудың сәті түскен. Бұл жолғы әңгімелесу өзгеше тұрғыда өрбіді. Нығметжан Қабайтайұлына телефон соққанымда «Қазақстанның экономикасы, теміржолы, тасымал мәселесі туралы өз ойымды үнемі білдіріп келемін. Осы жолы өмір жайлы әңгіме қозғағым келеді» деді. Біз ойланып қалдық...

Ресейде туған қазақ

Нығметжан Қабатайұлы 1941 жылдың 29 қыркүйегінде Ресейде дүниеге келген. Еңбек жолын инженер болып бастаған ол көлік және коммуникация министрі, ҚР премьер-министрінің 1-орынбасары қызметіне дейін өсу жолынан өткен. Елге сіңірген еңбегі ескерусіз қалған жоқ, «Еңбек Қызыл ту», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі», «Парасат», РФ-ның «Достық» ордендерімен және медальдармен марапатталған.

– Ресейдің Свердлов пен Челябин арасында екі теміржол жатыр. Бірі – батыс, екіншісі – шығыс жағымен өтеді. Осы екі теміржолдың ортасында біздің әке-шешеміздің, туыстарымыздың он-он бес жыл мал

бағып, мекен еткен жері бар. Мен он жасқа дейін осы жерде өскенмін. Челябині облысының үш ауданын башқұрттар мекен етті. Соның бірі – Кунашак ауданы. Халқының жартысы осы күнге дейін бізге тілімен де, ділімен де, тарихымен де жақын – башқұрттар. Біз солардың арасында тұрдық. Бірге ойнайтын балалардың көбі башқұрт, орыс ұлтынан болатын. 1949 жылдың желтоқсанында іштен көшіп келгенде не қазақша, не орысша, не башқұртша толық білмейтінбіз, сол үш тілдің арасында түсінісіп, сөйлесетінбіз. Соғыс бітіп, заман тынышталғанда әкеміз «Балаларымызды елге алып бармасак, қазақ екенін, қазақ тілін ұмытады» деп үрім-бұтағын елге көшіріп келіп, 1952 жылы өзі қайтыс болып кетті, – деп Нығметжан аға әңгімесін әріден бастады. – 1939 жылға дейін әкеміз Қостанай облысының Меңдіқара ауданында қымызбен емдеу-сауықтыру орнында бас есепші болып қызмет атқарған. Бірінші әйелі қайтыс болып, одан екі қызы қалған. Содан кейін менің шешем Зылихамен бас қосқан. Ал шешемнің бірінші күйеуі 1937 жылы репрессияға ұшырап, ату жазасына кесілген. Әкемді «Халық жауынын» жесіріне үйлендің» деп көзтүрткі ете берген соң, туыстарын жинап алып, Оралға қарай көшіп кетеді. Сөйтіп, біз Ресей жерінде туғанбыз. Бірақ біздің атамекеніміз – Меңдіқара ауданы. Сол жерде ата-бабаларымыз жерленген. Менен санағанда оныншы атамыздың Атырау облысында жерленген зираты бар. Ол «Өтей батырдың қорымы» деп аталады. Қалмақтарға қарсы орта жүзден қол жинап барып, сол жақта қаза тапқан. Қостанай облысының Арқалық қаласынан 130 шақырым жерден сегізінші атам Қалыбай батырдың зиратын таптық. Онда атамның атымен аталатын жер бар. 1879 және 1897 жылдары өткізілген санақта осы аталарымыз туралы мәліметтер кездеседі. Біз орыстың, башқұрттың арасында өстік, оқып, тәрбие алуымыз да орысша болды. Әдеби қазақ тілін оқыған жоқпыз, бірақ Қостанай облысының таза қазағымыз. Үйімізде аталарымыздан қалған шежіре сақтаулы.

Қызметтік асулар

Нығметжан Қабатайұлы 1964 жылы Свердловскідегі теміржол институтын автоматика және телемеханика мамандығы бойынша бітірді. Содан қызметке Целиноградқа барды. Тамыз айында жұмысқа кірісіп еді, қарашада әскерге алып кетті. Бір жыл Самарқанда әскери борышын өтеп, 1966 жылдың қаңтарынан қайтадан жұмысқа кірісті. Дистансанын инженерінен Тың теміржолының бас инженері-

не дейін көтерілді. 1982 жылдан бастап екі жыл КСРО Министрлер кеңесінің жанындағы Халық шаруашылығы академиясында оқығаннан кейін, оны 100 мың жұмысшысы бар сол Тың теміржолына бастық етіп тағайындады. Осылайша, 20 жылдың ішінде теміржол саласында талай қызмет асуларынан өтті. 1986 жылы Мәскеуде Жол қатынастары министрінің орынбасары қызметін атқарды. Бұл теміржолдағы қызметтік баспалдақтың ең жоғары сатысы еді. Министр болуға да мүмкіндік болды, бірақ Одақ тарап кетті.

– Мәскеудегі үй, жоғары қызмет, бәрін тастап 1989 жылы шілдеде елге қайтып келдім. Менің ойымша, Қазақстанның жаңа тарихы 1991 жылдан емес, 1989 жылдан бастау алады. Өйткені сол жылы біздің Қазақстан аймақтық экономикалық тәуелсіздігін бастады. Бұл Нұрсұлтан Әбішұлының бастамасы еді. Сол жылы Н.Назарбаев Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Сол сәттен Қазақстанның ерекше тарихи кезеңі басталды. Елге келген соң да жол бастығы, министр, премьер-министрдің орынбасары болдым, халықаралық органдарда жұмыс істедім. Бұл – еліме, халқыма қызмет еткен өмірімнің екінші кезеңі еді, – дейді Нәкен.

Одақтың тарайтыны мәлім болды

– 1986 жылы тамыз айында Тың теміржолын басқарып жүріп Алматыға келгенде Димекене (Дінмұхамед Қонаев) сәлем беріп шықтым. «Мені Мәскеуге қызметке шақырып жатыр, қалай болатынын білмеймін. Сізбен ақылдасуға келдім» деп кеңес сұрадым. Сонда Димекен «Осы министр сені жақсы көреді-ау деймін. Маған да телефон соғып, сені жібер деп сұрап жатыр. Жарайды, төрт-бес жылға барсаң, барып қайт. Үкіметті көресің, қалай жұмыс жасайтынын үйренесің. Үлкен кісілермен араласасың. Мемлекеттік жоспар, мемлекеттік қамтамасыз ету істерін үйреніп кел, елге де керексің ғой» деді. Мәскеуде Кремльден 300 метрдей жерде 1930 жылдары Үкімет мүшелеріне салынған «Жағалаудағы үй» деген жерден пәтер берді. Барлық жағдай жасалды, сыйлы болдық. Жұмысым ілгері басып, беделді болдым. Бірақ 1988 жылдың күзінде Кеңестер Одағының жағдайы бұдан әрі жақсы болмайтынын түсіндім. Бір күні зайыбым Раушанға «Ары қарай береке болмайды. Не болары бір Алланың қолында. Мәскеуде біздің жағдайымыз қанша жақсы болса да, ел-жұртымызға қайтайық, қандай қиындық болса да, өз халқымызбен бірге көрейік» дедім.

1989 жылы Кеңес Одағы теміржолшыларының басшыларына дәріс оқып тұрып: «Кеңес Одағы не болары белгісіз. Украина, Белоруссия, Молдова, Балтық жағалауы елдері батысқа кетеді. Ресеймен қалатын біздің Орталық Азия ғана болар» деп айтып салып, қандай у-шу болған. Кейіннен бір жігіт «Сіз кеткесін ҰҚК-ға жазайық, мынау не айтып кетті?» деп біраз дүрлігіп, бір-бірін әрең тоқтатты» деді. Қазақ «Өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» дейді ғой. Осылай елге оралдық... Бізді 1949 жылы Ресейден әкеміз әкелсе, 1989 жылы отбасымды мен қайтарып әкелдім. Бірақ әкем қиын жылдары Ресейге көшіп баруға мәжбүр болып еді, ал кеңес кезені мені жоғары қызметке апарды. Өмір жолымның кейбір тұстарына әсері болған Ресей еліне, халқына ризамын.

91-дің тамызы

Кеңестік жүйеден шығып, жаңа мемлекет құру жолында аға буынға үлкен салмақ түсті. Олар жиған-терген білімін, тәжірибесін егемен Қазақстанның аяғынан тік тұруына салды.

– 1991 жылдың ақпанында Транспорт министрлігі құрылып, Президент Н.Назарбаев мені министр етіп тағайындады. Ол кезде Кеңес Одағы бар. Теміржол, Авиация министрлігі Мәскеуге, ал автожол, су жолдары республикаларға қарады. Қазақстан бойынша әрбір транспорттың арасын бір қалыпқа келтірудің өзі үлкен жұмыс еді. Авиацияны, теміржолды өзімізге қарату ең бірінші кезекте тұрды. 1991 жылы Министрлер кеңесінің төрағасы Ұзақбай Қараманов болды. Ал Мәскеуде министр болып Николай Семенович Конарев отырды. Екеуі келісімге қол қойды. Бұл құжаттың маңызы ерекше еді. «Теміржол тек қана Мәскеуге бағынбай, республика үшін де жұмыс жасауы керек» деген шешім қабылдады. Біздің осы тәжірибемізден кейін өзге туыстас елдер де Жол қатынастары министрлігімен осындай шарттарды жүзеге асырды. Біз басқа министрліктермен де осындай келісім жасай бастадық. Егер тамыздағы жағдай болмағанда мұндай маңызды мәселе бүкіл Кеңес Одағында әрі қарай жалғасатын еді. 1991 жылы желтоқсан айында Кеңес Одағындағы транспорттың барлық түрі өзіміздікі болды ғой. Сол себепті де біздің Транспорт министрлігінің қызметіне күрделі өзгерістер енді. Ол кезде әр мемлекет тәуелсіздігін алып, жеке болып кеткенмен де, транспорт, экономикамыз, тіпті 1993 жылға дейін ақша да бірдей болды. Кеңес Одағы елінде транспорттың бәрі бір-бірімен байланысты еді. Олар да бөлініп, жеке мемлекеттік транспорт болып шығуға тура келді. Сыртқа жол ашу

міндеті алдымызда тұрды. 1990 жылы менің басқаруыммен Қытайға жол аштық. Егер ол жол болмаса басқа елдерге күніміз түсер еді. Еліміз тек бір ғана мемлекетке қарап отыра алмайды. Көршілес елдердің бәрімен бірдей болуы тиіс. Ресей, Қытай, Иран, тағы басқа елдерге жол аштық. Үш жыл сегіз ай транспорт министрі болып жұмыс істедім. Бұл саланы Одақтан бөліп алып, өз мемлекетіміздің көлік саласын құру үшін көп жұмыс жасау керек болды. 1994 жылы қазан айында мені премьер-министрдің орынбасары етіп тағайындады. Бұл елімізде ең бір қиын кезең болды. Инфляция мыңдаған пайызға өсіп, көптеген кәсіпорындар тоқтап қалды. Алматыда екі күннің бірінде газ болмайтын. Сонда газ мәселесін шешу үшін келіссөздер жүргізуге Өзбекстанға ай сайын барып тұрдым. Қай жерде су жоқ, қай жерге электр жарығы берілмей жатыр, қай жерде жалақы төленбеген, міне, осының бәрімен айналыстым.

Сол жылдары ТМД-да Кедендік одақ құрылып, алдымен оған Ресей мен Беларусь кірді. Елбасы сонда «Осы одаққа қосылғанымыз жөн болар» деді. Бізден кейін іле-шала Қырғызстан да қосылды. Сөйтіп, интеграциялық комитет құрылды. «Оны кім басқарады? Ресей немесе Қазақстаннан біреу болуы керек» деген мәселе туындағанда, мені сонда жіберді. 1996-2002 жылға дейін осы комитетті басқарып, Еуразия қауымдастығының барлық құжаттарын әзірледік, – дейді ардагер.

Қазіргі жағдайымыз көш ілгері

Ел тәуелсіздігін алғалы бері талай белесті артта қалдырдық. Қазіргі ел жағдайын бұрынғы ахуалмен салыстыра қарай алатын тек қана аға ұрпақ. Бұл жайлы Нығметжан аға төмендегідей ой өрбітті:

– Экономикалық жағдайды 1991-1995 жылдармен салыстырсақ, екі-үш есе деп мөлшерлеп айту қиын, бірақ басқа белеске көтерілгеніміз рас. Ол жылдарда не жұмыс, не азық-түлік, не ақша жоқ заман болды. Министрдің өзі 100 доллар жалақы алатын. Зейнетақы мөлшері 50 доллардан басталатын. Ал қазір қарапайым жұмысшының өзі 200-300 долларды жалақы деп санамайды. Салыстырмалы түрде алғанда қазіргі жағдайымыз көш ілгері. Бірақ қиындықтың бәрі артта қалды деп арқаны кеңге салуға болмайды.

Көңілді қалдыратын бір жайт – біз еңбек етуді әлі үйрене алмай келеміз. «Үкімет пен партия аштан өлтірмейді» деген түсініктен құтылған жоқпыз. Қазір адам өзі шаруа жасамаса, өмір сүруі қиын болады. «Ауылдың жағдайы ауыр», «Ауылда жұмыс жоқ» дейді.

Бірақ шаруамен айналысам дегендерге көп нәрсе жасауға мүмкіндік бар. Кім жұмыс береді? Үйінің алдына бау-бақша салып, көкөністер екпейді. Кейбір адамдар мал да ұстамайды. Бүгін көбі тезек жасауды ұмытты. Сөйтеді де, «Көмір сатып алуға ақша жоқ» дейді.

1952 жылы әкем қайтыс болып, далада қалдық. Шешеміз шағын ғана болатын, кіп-кішкентай бойына қарамастан, еңбекқор, пысық адам еді. 1954 жылы үш баласымен үй салуды бастады. Сол кезде үйдің үлкені мен небары он үш жаста едім, екі қарындасым бар. Біз бар күшімізді салып үй тұрғыздық. Қазір отызға келген қазақ жігіттерінің не жұмысы, не баспанасы жоқ, босқа сенделіп жүр. Әке-шешесінің зейнетақысынан жырымдап арақ ішеді. Қалаға келіп тығылады да, арба сүйрейді. Еңбек жасау қайда? Біз өзгермесек, жағдайымыз қиындай береді. Екіншіден, Үкіметтің де саясаты дұрыс емес. Мектеп бітірушілердің көбі банкир, кеденші, заңгер боламыз дейді. Соңғы малын сатып не болмаса несие алып, жоғары оқу орнына түскенімен, көбі дұрыстап оқымайды. Слесарь, токарь керек бізге. Қазір дәнекерлеушінің өзін шетелден шақырады, олар пәленбай ақшанды қағып алады. Ал біздің қазақ жастары сол мамандықтан неге қашады? Жылына жиырма мыңнан астам заңгер оқу орнын бітіріп шығады екен. Кәсіптік-техникалық білім беру лицейлерінің өзі заңгерлерді дайындап жатыр. Оның бәрі кімге керек? Жастардың оңай жұмыс іздеуі дұрыс емес. Көбі жұмысты беріліп істемейді, біреуден күтіп отырады. Мұның бәрі идеологияға байланысты. Теміржол автоматикасын бітіргенімді айттым. Ол кезде бұл оқуды қазақтан бірен-саран ғана оқыды. Біз техникаға бейімделіп едік. Ал қазіргі жастар техника жағына көп бара бермейді. Бүгінгідей техника-технология дамыған заманда бұған қайта ден қою аса қажет. Мейлі, телекоммуникацияға барсын. Бірақ бәріне бірдей ол саладан жұмыс табылмайды ғой. Жоғары білімді, автоматиканы білетін слесарь, токарь, дәнекерлеуші болуы керек. Олардың жалақысы да жоғары. Біздің үйдегі Раушан апаң отыз жыл теміржол институтында сабақ берді. Өз туыстарымыздың арасында да алдымен әкелерін, сосын балаларын теміржол мамандығына тәрбиеледі. Солар ешкімнен кем болмай, нандарын тауып, отбасыларын асырап отыр.

Жастайымнан жауапты жұмыстар атқардым

Қазір біздің елімізде көптеген әулетте теміржол атакәсіпке айналды. Бірнеше ұрпағы теміржол мамандығын иегеріп, сол салада абыроймен жұмыс жасап жатыр. Нығметжан аға да қазақ теміржолының

ардагері. Өз отбасында әке жолын қуғандар болды ма екен? Біздің сұрағымызға ағамыз бар ынта-ықыласымен күліп алып, жауап берді:

– Менің жұмысым өте қиын болды. Бір жағынан алып қарағанда жастайымнан жауапты жұмыстарды атқардым және қызмет баспалдағымен өте жылдам өстім. Тіпті айлап, апталап үйдің бетін көрмейтін кездер болды. Күндіз-түні жұмыста болдық. Ол уақытта іздесең тауып ала қоятын мобильді телефон жоқ. Баскасын былай қойғанда, қонаққа немесе киноға барсақ та тоқтайтын жерімізді айтып кететінбіз. Диспетчер біздің қайда жүргенімізді біліп отыратын. Машина есіктің алдында тұрады. Бір нәрсе бола қалған жағдайда дереу жұмыстан табылатынбыз. Атқарған қай жұмыстың да өзіндік қиыншылығы, жауапкершілігі болды. Отыз алты жасымда бас инженер, қырық үшімде теміржолдың бастығы қызметін атқардым. Кеңес Одағындағы отыз бір теміржолдың бас инженерлері мен бастықтарының ішіндегі ең жасы мен едім. Ол кезде мұндай жауапты қызметке елуден асқандарды ғана қоятын. Бірде мынадай жағдай болған. Түнгі 1-де Мәскеуден телефон шалды. Сондағы айтқаны «Таңертеңгі 9.00-де Мәскеуде министрдің кабинетінде болыңыз». Мәскеуге бір рет қатынайтын ұшақ кетіп қалған. Вагон тіркеп, Целиноградтан (қазіргі Астана) Қарағандыға жетіп, ол жерден ұшаққа отырып, әрең дегенде түсте Мәскеуге жетіп барсам, министр «Неге таңертең 9-да келмедің?» дейді. «Ұшақ жоқ, қалай жетемін?» деп ақталып жағырмын. Сол күні одақтық үкіметтің мәжілісіне апарды, кешкі сағат 8-де босатты да, «Таңертең 9-да жұмыс орныңнан (Целиноградтан) жолдың түнгі жұмысы туралы жауап берсең» деп қоя берді.

Баламды студент кезінде бір рет жексенбі күні балыққа алып барып едім, «Жолдың бастығы жексенбіде қалай жұмысты тастап кетеді?» деп қаншама әңгіме болды. Міне, біз сенбі, жексенбі дегенді білген жоқпыз. Жұмысымыз қауырт болды. Өз балам менің жұмысымды көріп әкесінің жолын қуу райынан қайтқан болар. Басқа саланы таңдады. Бірақ туған-туыстардың ішінде теміржолшы мамандығын меңгергендер толып жатыр.

Табысқа жеткізер жол – еңбек

Нығметжан деген арабтың «неъмат» (игілік, молшылық) және «жан» сөзінің бірігуінен құралған. Демек, бұл «молшылыққа кенелсін, игілік иесі болсын» деген жақсы оймен қойылған есім. Ел арасында «адамның тағдыры оған қойылған есімге де байланысты»

деген ұғым бар. Артта қалған 70 жылдық ғұмырында біздің кейіпкеріміз бұған көз жеткізді ме екен?

– Әкем мен туылмастан бұрын «Егер бала дүниеге келмей тұрып мені соғысқа алып кетсе, ол еркек бала болса – атын Нығметжан деп қой» деп шешеме аманаттаған екен. Бала кезімде, шынын айтқанда, ақылды болып өстім. Бірақ өте бос болдым. Әкем тірі, шешем қасымда. Ата-анаң жанында болғанда қандай қиындық болсын? Он бір жасымда әкем қайтыс болды. Сол күннен бастап өзгердім, ауылдық кеңесте, анау-мынау мекемелерде жүріп, шешеме зейнеткерлік құжаттарын толтырып бергенмін. Он төртке келгенде, яғни 7-сыныптан кейін жаз маусымында құрылыс басқармасына жұмысшы болып кірдім. Үй ауласындағы жұмыстар онсыз да менің мойнымда. Дегенмен еңбектен көп табысқа жеттім. Бірақ осы жасыма келгенше мені «Пара алды, жеп қойды» деп ешкім айта алмайды. Мынау үй (*біздің әңгімеміз ардагердің үйінде өрбіген болатын – Г.Ж.*), оның ішіндегі нәрсенің бәрі өз еңбегіміздің табысы. Зейнеткерлік жасына әлдеқашан жеткеніммен, жұмыс істеуді тастаған жоқпын. Қазір де бес-алты жерде әртүрлі қызметім бар. Егер кәсіпкерлердің ырқына көнсең, мені әлі де он бес жерге жұмысқа салатын түрі бар. «Бізге анда-санда бір келіп, ақыл-кеңесіңізді айтып отырсаңыз да болады» дейді. Олардың көңілдеріне рақмет, әрине.

Осы күнге дейін қандай жетістікке жетсем де, оның бәрі тек қана үлкен қажыр-қайрат пен еңбектің арқасы дер едім. Дегенмен әкем осы атты маған бекерге таңдамаған болар. Бұл есімді өз еңбегіммен ақтап шыққан сияқтымын. Ештеңе сырттан алмай, ешкімнің көмегіне арқа сүйемей, адал еңбек, маңдай термен осы жетістіктерге жеттім деп ойлаймын. Әрине, өмір баспалдағында қол ұшын беріп, жөн сілтеген адамдар болды, бірақ олар туыстар емес. Целиноград теміржол бөлімшесінің Рипхатулла Мұхамадиев деген бастығы болды. Талабыма қарап, сол кісінің маған үлкен көмегі тиді. Теміржол ардагері, кезінде қазақ теміржолының бас инженері, Батыс теміржолының, Алматы теміржолының бастығы болған, басқа да үлкен қызметтерді атқарған Құдайберген Көпжасаровтың да үнемі жанашыр аға болып, ақыл-кеңесін аямағанын айтар едім.

Мәскеуде министр болған Конарев Николай Семенович көп көмегін тигізді. Халық шаруашылығы академиясын бітіріп келгенде Тың теміржолының бастығын басқа қызметке жіберді. Соның орнына мені қоймақшы болғанда, Орталық комитет қарсылық танытты. Екі

жолдың бастығы – Р.Тұрғынбаев пен Қ.Көпжасаров қазақ болды да, «Үшінші қазақ бастық болмайды, орыс болуы керек» деп қарсы шықты. Ол кездері солай еді ғой. Сонда министр Н.Конарев «Жоқ, сендер қарсы болсаңдар да қоямын. Мәскеудегі Орталық комитетпен келістім» деп ақыры мені сол орынға тағайындады. Кейіннен Мәскеуге қызметке шақырған да сол кісі.

Аға ұрпақтан үйрену керек

Нығметжан ағамыз әңгіме арасында «Осы күнге дейін бес-алты жерде жұмыс істеймін деп қалды. Бұған өзі қызмет жасаған теміржол саласындағы әрбір күнді минутына дейін есептеп, уақытты тиімді пайдалануға дағдыланған тәртіптің әсері болған шығар.

– Әрине, теміржолда қандай қиындықпен күндіз-түні жұмыс істедік. Бұрынғы үрдістен тәрбие алған қырық-елу жастағы теміржолшылар әлі солай жұмыс жасайды. Ал енді бертін келе бұл салаға келген теміржолшылардың жұмыс істеу тәртібі өзгерді. Кеңседе жүрген жастарға «Әй, айналайын, өндіріске неге бармайсың? Кеңсеге неге келдің? Өңірлерді неге көрмейсің?» деймін. Туған жиенімнің баласы теміржолдың колледжін, институтын бітірді, стансада істеді, түрлі жұмысты атқарып келді. Қазір жол диспетчері болып жүр. «Дұрыс, осының бәрінен өт, ертең нағыз тәжірибелі маман боласың» деп отырамын. Жиенім қайтыс болып кеткен. Әрине, айтсам кім болса да мені сыйлағанынан жиеншарымды кеңсеге, таза жерге жұмысқа алады. Бірақ оның өмірлік тәжірибе жинақтап, бәріне өз еңбегімен жетіп келе жатқанына қуанамын. Бұрынғы ұрпақта қанша дегенмен, тәртіп бар. Бір мен кетсем ештеңе болмас, ал біздің ұрпақ кеткенде қиналып қалмас үшін қазір жастар олардан барды үйреніп қалуға тиіс. Көлік және коммуникация академиясы жекеменшік болып кетті. Теміржолға арналған басқа да жоғары оқу орындары бар, олардың тәлім-тәрбие беру тәсілі басқаша. Біз бес жыл оқып, оның әр жылында екі-үш айдан тәжірибеден өттік. Оқу мен өндірісті қатар меңгердік. Ал қазір оқу мен өндіріс бір-бірінен қол үзіп қалғандай.

Кітап ұшқыр ойларға жетелейді

Нығметжан Қабатайұлы осы уақытқа дейін бірнеше кітап шығарды. Байқаймын, әлі де жазу үстінде.

– Жас кезімде, институтқа түскенге дейін көп оқыдым. Білімді, ұшқыр ойларды мен кітаптан үйрендім, – дейді ол. – Мектеп


бітіргенше Қостанай облысы Әулікөл ауданы (бұрынғы Семиозер ауданы) кітапханасындағы барлық кітапты оқып шықтым. Институтта да көп оқыдым. Қазір көз жанарымыз әлсіреді, көркем әдебиетті оқуды азайттық. Телевидение, интернет, менің ойымша, ақпарат береді, бірақ адамға ой тудырмайды. Ал кітап ой тудырады. Осы күнге дейін мен отыз шақты кітап, 400-ден астам мақала шығардым. Кандидаттық, докторлық еңбегім өз алдына. Он шақты газетті жаздырып алып, күнделікті оқимын. Дүниеде не болып жатқанын көбіне газеттер арқылы біліп отырамын. Бұл бір жағынан білімінді толықтыра түседі. Екіншіден, мұның бәрі жазуға әсер етеді.

Бізде өмірге қажеттінің бәрі бар. Жасалған жұмысқа, маған көрсетіліп жатқан құрметке қарап, өміріме ризамын демесем, болмас... Бірақ «Менде бәрі бар, болды» деп қарап отырып қалсам, ол менің құлдырағаным, тоқтағаным. Туғаннан 1989 жылға дейінгі өмірбаяным туралы бірінші кітабымды бітірдім, енді екіншісіне кірісемін. Оны екі-үш жыл жазатын болармын. Денсаулығым жараса, басқа да алдыма қойған жоспарларым көп. Шығармашылықта тоқтау жоқ. Жазған сайын жаңа ой туады, жаңа идеялар келеді.

Сенбі-жексенбі сайын 7-де тұрып, күн ысығанша үйдің алдындағы бақшада жұмыс істейміз. Ұйықтап жату жоқ. Үйге келгендер «Бәрі дүкенде бар ғой, несіне сонша әуре боласыздар?» дейді. Жоқтықтан емес, еңбек керек адамға. Біз еңбекке үйреніп қалғанбыз. Құлпынай, қарақат, бүлдірген, қызылша, сәбіз, қияр, қызанақ, сарымсақ, бұрыш, ащы бұрыш, алма, көк-сөк – өзімізден. Табиғи таза өнім дастарқанында тұрса жаман ба?..

Әңгімеден соң Нығметжан аға мен Раушан жеңгеміз ауладағы бау-бақшасымен таныстырды. Шынында да, шағын ғана жер телімінде аға айтқан жеміс-жидек, көкөністің бәрі бар. Ауладағы әрбір заттың өз орнында тұруының өзінен Нығметжан Қабатайұлының асқан ұқыптылығын аңғару қиын емес. «Біздің үйден қалдық көп шықпайды. Мынау құрылғы бүлдіргеннің кесіп тасталған бұтақтарын майдалайды. Оны арнайы ұнтақпен араластырса таптырмас тыңайтқыш болады» дейді. Бар нәрсені ұқсатқан, оның қадірін білген осындай-ақ болар...

27 қыркүйек, 2011 жыл



*Төрегелді ШАРМАНОВ,
академик:*

ДҰРЫС ҚАРТАЯ БІЛУ ДЕ БІР ӨНЕР

Академик Төрегелді Шарманов – теңдессіз еңбегімен қазақ елін шартарапқа танытқан баршаға белгілі тұлға. Адамзаттың басты құндылығы – денсаулықты мәпелейтін ізгілігі мол медицина саласының майталманы, Қазақ Тағамтану академиясының президенті, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының ең жоғарғы марапаты – Леон Бернар атындағы медальдің әлемдегі 42-иегері Төрегелді Шарманұлын әңгімеге тартып, дарынды тұлғаның өнегелі өмір жолына үнілуді жөн көрдік.

Ұлытаудың ұланы

Төрегелді Шарманұлы – Қарағанды облысындағы үш жүздің басын бір тудың астына біріктірген, Едіге мен Тоқтамыс батырлар мәңгі мекен еткен, Жошы хан мен Алаша хан кесенелері орын тепкен қасиетті Ұлытаудың баурайында 1930 жылы 19 қазанда дүниеге келген. Осы киелі өңірдің сұлу табиғатын тамашалап, кәусар ауасын мейірлене жұтып, мөлдір бұлағына сусындап, бал-жидегінің дәмін татып, тау мен тасына секіріп, топырағына аунап өскен Ұлытау ұланы бойына дарыған дарыны мен қажыр-қайратының арқасында медицина шыңын бағындырды.

Төрегелді ағаның ата-анасы Шарман ата мен Нәзипа ананың үйленуі жайлы аңызға бергісіз әңгіме бар. Ол заман – қазақы дәстүрдің қаймағы бұзылмаған, қалың беріп айттырған қыздың басы бос емес саналып, оған көлденең көк атты сөз айтпақ түгілі, үйінің іргесінен жүруі айып саналатын шақ. Дегенмен Қадір Мырза Әлі ақын айтпақшы «Бір жаманы қыздарын малға сатып, бір жақсысы сүйгенін алып қашқан» кездер де болған. Шарман сері де өзі ұнатқан қызды ауылдағы шілде-хана тойы болып жатқан жерден алып қашады. Сөйтіп, екі жас тауда ай бойы жасырынады. Бауырлары елге білдірмей азық тасып, олар ел ішіндегі дүрбелең саябырлағанға дейін тауды паналап, күн кешеді. Сол тау мен тасты сағалап, махаббат туын жықпаған ғашықтардың ортасынан шыққан бала – осы Төрегелді ағамыз. Бұл жайт бүкіл Ұлытау өңіріне тараған әдемі аңызға арқау болған. Төрағанның «Мен тегін адам емеспін. Ұлытаудың баурайында бас қосқан қос ғашықтың махаббатының нәтижесінде дүниеге келген, бес жасыма дейін анамды арда емген бір үйдің жалғыз баласымын» деп отыруы осыдан болса керек.

Жаны жайсаң Камал дос

Төрегелді аға мен еліміздің мәдениет қайраткері, белгілі қаламгер-публицист Камал Смайылов – қасиетті Ұлытаудан қатар ұшқан ұландар. Олардың достық сезімін жас ұрпаққа үлгі ететіндей, «Ұлы достық» атасақ артық емес. Мектепте бір сыныпта оқып, кейіннен атқа мініп, тізгін тартқан шақта да араларында үлкен сыйластық болғаны белгілі. Өмірден ертерек озған Камал Сейітжанұлын Төрегелді ағамыз сағынышпен есіне алады.

– Камал ұлынан айырылып, мен қызымнан ерте көз жазып, тағдырдың тауқыметіне қатар ұшырадық. Талай қиындықтарды бастан кешіріп, әрқайсысымыз өмірдегі өзіміз таңдаған жолмен жүргенімізбен, жұбымыз жазылған емес. Екі-үш рет қатты сырқаттанған кезінде жанына араша түсіп, досымды өлімнен арашалап алып едім. Бірақ өкінішке қарай, соңғы қиындықта қатал тағдыр үстем түсті. Қолымнан кетті... – деп Төраға аз-кем үнсіз қалып, әңгімесін одан әрі сабақтады. – Камал – азаматтығы керемет, қабақ шытуды білмейтін, дарынына мінезі сай жайсаң жан болатын. Үлкен лауазымды қызметтерді атқарған шағында да қарапайымдылығынан айныған емес. Кеңес Одағы жазушылары делегациясының қатарында Парижге сапар шегуіме себепші болғаны бар. Камалдың арқасында мәдениет және өнер қайраткерлерімен етене араластым. Олжас Сүлейменов, Әнуар Әлімжанов секілді майталман ақын-жазушылармен, есімі елге әйгілі режиссер, артистермен таныстым. Мен де әрдайым өз ортамдағы қы-

зық, қуанышқа Камалды ортақтастыруға тырыстым. Кеңес заманында газет-журналдар аз болғандықтан мақала шығару қиынға түсетін, соған қарамастан бірде «Білім және еңбек» журналына мақаламды жария еткізген еді. Қайда жүрсек те бір-бірімізге қолдау көрсетіп, сыйластығымыздан танбаушы едік.

«Өнерді үйрен де жирен» дегендей, Төрегелді ағамыз – жастайынан саксофон, мандолин, скрипка, аккардионның құлағында ойнаған өнерлі жан. Облыстық филармонияда Абайдың ариясын орындаған кезі күні кешегідей есінде. Камал аға сөзін жазып, Төрегелді аға әуенін шығарған Ұлытауға арналған бір ән құрдастарының арасында жиі айтылатын. Бір топ жастың ішінде ерекшеленіп тұратын көшбасшылық қасиеті оның бойында бала күнінен қалыптасқан. Бірақ ол өмірде адам жанын арашалауға ниет етіп, медицина жолын таңдады.

Мектеп өмірінен естелік

Өткен ғасырдың қойнауында қалған қилы заманда мұрты тебіндеген бозбала ғашықтық сезімін үшбұрыш хатпен, арулар жағы қалаған жігітіне көңілін кестелі орамал сыйлаумен білдіретін. Осы орайда қасындағы Камал, Ниязбек, Сейітқазы сынды достарына көп «жүк» артушы еді, олар мейлінше адал «қызмет атқаруға» тырысатын. Кейінірек ересек шақта кездескенде достарының «Біз ылғи қыздарға сенің хатыңды тасушы едік, сен болсаң бір рет те апарған емессің» деп салмақты түрде наз айтатын. Жетінші сыныпта оқып жүрген кездері болатын. Камалдың көршілес сыныптағы бір қызды іштей ұнататынын бәрі біледі. Бір күні үлкен үзіліс кезінде оның шашын майлап тарап, көн етікті сықитып киіп, ұнатқан қыздың көзіне түскісі келіп, «бой көрсетіп» жүргенін қу құрдастары байқап қояды. Әдейі Камалдың шашының ұйпа-тұйпасын шығарып, киімдерін олпы-солпы етіп, сол қыз оқитын сынып бөлмесіне дереу кіргізіп жібереді. Камал болса не күлерін, не жыларын білмей, қыздың алдында ұяттан өртеніп, «әттеген-айдың» күйін кешеді, құрдастары қулығын асырғанына мээ-мейрам болады. Осындай бозбала шақтың қызықтарын есіне алғанда Төкеннің жүзі нұрланып сала берді...

– Мектеп пен институт қабырғасында аса белсенділер қатарында болдым. Сондықтан болар, ең әдемі әрі жақсы оқитын қыздар қасымнан табылатын. Камал, Ниязбек, Сейітқазы және мен – төрт сыныптас-дос жұбымыз жазылмай бірге жүретінбіз, төртеуіміз де үздік оқыдық. Соғыстан кейінгі жұпыны жылдар, оқудың керек-жарағы жетіспейді, күйдірген бидайды қаламсия етіп, дәптердің орнына кітаптың арасындағы ашық жолдарға сыйдырып жазамыз. Мұғалімдердің білімі аздау, көбінесе орта білімнен аспайды, олардың

қателерін түзетіп отыратын кездеріміз де болатын. Әлі есімде, жыртық жағрафия картасы қисық желімденіп, «Экваториальная Африка» дегенді мұғаліміміз «Торлы Африка» атағаны бар. Ал кейінірек келген, жоғары мектеп бітірген мұғалім қателесіп, «Советтік Ауғанстан» деп, сол кезде Ниязбектің «Ауғанстан қашаннан бері советтік болып еді?» дегенінде мұғаліміміз жылап кетіп қалған. Ол кезде жағатынымыз «пиала» аталатын білте шам, бертінге дейін қолданылып келді. Соны әлгі мұғалімнің «Фиалка» атағанын естіп, күлкіге қарық болғанбыз. Оқитын бөлмелеріміз суық, күпімен отырамыз, терезеден жел гулеп, қиыршық қар ұшқындап тұратын. Осындайда Сейітқазы «Уф-ф» деп қар қиыршықтарын шыбынша аулап, «ой-хой» деп ыстықтағандай желпініп, ішек-сілемізді қатыратын. Камал екеуміз ерекше күлегеш болдық, сол үшін сыныптан ылғи бірге қуылатынбыз.

Осы орайда балалық шақта бәріміздің тағдырдың тура жолына түсуімізге себепші болған бір оқиғаны айта кетейін. 8-сыныпта оқып жүрген кезіміз. 8 Наурыз қарсаңында төрт дос – мен, Камал, Ниязбек, Сейітқазы қыздарды мейрамымен құттықтап, кеш өткізбек болдық. Ниязбектің үйі сол күні ересектерсіз, оңаша екен. Дүкеннен бөшкедегі кәстрөлге құйып сатылатын арақ алдық, әлі оның дәмін көрмеген басымыз бір тансық нәрседей көреміз. Темекінің орнында ол кезде махорка бар, әр үйден әке-шешемізге айтпай ет алып, қызу дайындыққа кірісіп кеттік. Енді дастарқанға жайғасып отыра бергенімізде үстімізге сау етіп, ішінде аудандық комсомол комитетінің хатшысы, ұйымдастыру бөлімінің жетекшісі, мектеп директоры, тағы басқа жауапты қызметкерлер бар, бір топ адам кіріп келмесі бар ма? Балалықпен басымыз бәлеге ұрынды да қалды. У-шу, тексеріс, «Бұл не деген бұзакылық, мектептен шығару керек» деген айыптаулар басталды да кетті. «Кім бастаушы?» деген сұраулар жауды. Сыныбымызда бірге оқитын нағашым бар болатын, оған «Нағыз большевик – сенсің, айт» дегенде, «Бастаушы – Шарманов» деп айтып салды. Мұндай оқиғадан соң мектепте қалу мүмкін емес-тін. «Жалғыз ұлымды ФЗО-ға алып кетеді» деп анам шырылдап жүр. Мәселе комсомол комитетінің бюросында қаралатын болды. Мен ұзақ ойланып, осындай тығырықтан шығатын жол іздедім. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысына хат жазуды ұйғардым. Ауылда бәрі көзтаныс әрі менің елгезектігіме орай бәрі жақсы көреді. Жазған хатымды кабинетін жинастыратын апай хатшының үстеліне апарып қойды. Хатшы Қорабай Елеусізовтің хабардар болып қалғанын мектептегілер білмейді, ол бюроға кіріп келгенде бәрі аң-таң болды. Мен болсам ішім бір жақсылықты сезгендей күлімсіреп сала бердім. Содан хатшы бюроның өзін сұрақтың астына алады «Иә, бұл бала не бүлдірді? Өзінің сабағы

калай? Қолынан не келеді?». «Сабағы жақсы, өзі белсенді, музыкадан хабары бар, түрлі аспаптарда ойнайды» дегеннен басқа хатшы жаман жауап естімейді. «Мектепте ұйымдастыратын шараларың қандай?», «Балалар спортпен шұғылдана ма?», «Оқуы жақсы, өзі белсенді, бұл балада нелерің бар? Ал өздерің не бітірдіңдер?» деп хатшы сынып жетекшісі мен мектеп басшылығының өздеріне шүйлігіп, соларды кінәлады. Сонымен, жазалау шарасы тоқтатылды. Керісінше, ертеңіне мен мектеп комсомол комитетінің хатшысы, оқу комитетінің төрағасы болып шыға келдім. Тағдырымызға араша болған осы мейірімі мол жанды кейін ғалым, министр болған кезімде кездестірдім. Қорекене дербес зейнетақы тағайындатып, көлік алу қиын заманда оған да қол ұшын бердім. Сол кісінің ұрпағын бір жинасам деген ойым бар, шіркін, өмірімде бетбұрыс жасаған жан ғой.

Бақытты отбасылық өмір

Төраға медициналық институттың екінші курсында оқып жүргенде бірінші курстың бір қызына үйленуге ыңғайланса керек. Бір күні институттың маңайында газет-журнал сататын дүңгіршекке кезекте тұрғанда бұрымы тобығына дейін түсетін Күлзия деген қыздың жалт қарауынан Төрегелді жігіт жүрегіне найзағай оты түскендей күй кешеді. Бұл қызды бұрын көріп жүрсе де қалайша байқамағанына таң қалады. Жарқ еткен сол бір көзқарас мезетінде Төкеннің тағдырын шешті десе болады. Сөз байласып жүрген қыз мән-жайға түсіністік білдіреді. Осылайша, бұрымды қыз Күлзия жас жігіт Төрегелдінің әні мен сәніне айналады. Қыз да осал емес, үздік студент, Сталиндік шәкіртақының иегері, комсомол комитетінің хатшысы. Осыдан бастап төрт жыл бойы Төрегелді жігіттің қиял-санасын Күлзия қыз билейді. Барынша жақсы қырынан көрінгісі келіп, би кештерінде «Бостон» вальсіне шақырып, үнемі сол кездері қат болып саналатын «Минион» шоколадын әперетін. Бір күні тапа тал түсте бұл «үйленейік» деп төтесінен ұсыныс тастады. Ұсыныс күтпеген жерде айтылса керек, Күлзия сұлу абдырап «Неліктен?» деп сұрақ қояды. Сонда Төраға «Сен – сұлу қыз, мен – ақылды жігітпін. Біз бірге болуға жаралғанбыз» деп салмақты уәжін айтады. Расында, өмірлік серігін таңдауда Төрегелді аға қателеспепті. Жұптары жазылмастан, өмірдің ыстығы мен суығын бірге көріп, елу жылдай бақытты ғұмыр кешті.

– Менің бір қорқатыным – даңғойлық. Осы күні қазақтар баласы үйленсе немесе мерейтойында ас та төк етіп, ат шаптырып, той жасайды. Бір-бірімен сайысқа түскендей, тіпті несие алып той жасайтыны болады. Мысалы, мен үйленгенде үлкен той болған жоқ. Өзімізге

жақын бес-алты адам қуанышымызға ортақ болды. Үлкен той – үйленетін жастар бақытының кепілі емес. Мысалы, мен қосағыммен елу жыл бақытты өмір сүрдім. Кейде балам Алмазға әзіл-шыны аралас «Әй, балам, таңғы асынды ішіп жүр, әйтпесе, әйелің тастап кетеді. Таңғы ас ішпегесін, міне, он жыл болды мені әйелім тастап кетті» деп айтып отырамын. Ұлымның мінезі биязы, күледі де қояды, ол екеуіміз бір-бірімізді қас-қабағымыздан түсінеміз. Достық деген қасиетті сезім туыстардың, ер мен әйелдің, әке мен баланың арасында да болады.

Менің қазіргі ең жақын досым – балам. Бір салада еңбек еткендіктен болар, өзара түсіністігіміз терең, кешіріміміз мол, ойымыз бір арнада түйісіп жатады. Жалпы, достық дегеніміз өзара түсіністіктен басталып, сенімге ұласатын сезім. Сенім – достықтың уық-керегесі. Қоғамда әртүрлі деңгейде орын алатын адамдар арасында бақталастық, көреалмаушылық салдарынан өзара сенім жоғалып, достықтың да керегесі босайды, – дейді Төкең.

Сөз бен іс сәйкес болғаны абзал

– Әр адам, ол қай ұлттың өкілі болсын «Мен халқым үшін не тындырдым?» деген сұрақты әрдайым өзіне іштей қойып, жауап беріп отыруы тиіс. Сөзің мен ісің бір жерден шығуы қажет, – дейді академик. Қазір қазақ тілінің жайы үнемі күн тәртібінен түспейді. «Қазақ тілінің мәртебесін көтеру» ұранын әр басшы өзі басқаратын мекемесінде нақты ісімен бекітіп отырғаны абзал. Мысалы, Ақтөбе медициналық институтына ректор болып тағайындалған шағымда осындай қазақ ұлты қалың шоғырланған өңірде қарағөз студенттерінің саны аз екенін көріп қайран қалдым, жағдайды жөнге келтіруді дереу қолға алып, бұл көрсеткішті бір жыл ішінде 37 пайыздан 63 пайызға өсіруге атсалыстым. Жан-жақтан қазақтілді білікті мамандар жұмысқа тартылып, қазақ оқытушыларының саны 16-дан 23 пайызға артты. Қазақтың көпшілігі ауылды жерде қоныстанғандықтан, оларды емдеу мақсатында ауылға да көбінесе дәрігер болып баратын қазақ баласы. Осыны жан-тәніммен түсініп, жоғарыдан көрсетілген қысымды елеместен, жағдайды оңалтуға тырыстым. Бұл Кеңес Одағы тұсында, 1968-1969 жылдар аралығында орын алған жайт, қаншама қиындықтар мен кедергілерді жеңуге тура келді. Әрине, заман ырғағына сай «ұлтшыл» деп айып тағып, жауапқа тартқысы келгендер көп болды. Мен институтта білім алған әрбір қазақ баласына «екілік» қойылмауын қадағаладым, себебі көбінесе олардың орыс тіліне шорқақтығынан жауаптан тосылатынын білемін. «Екілік» алған баланың оқудан шығып кете баратыны белгілі ғой.

Бұл – Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасын біртуар тұлға Дінмұхамед Қонаев басқарған уақыт. Ол Төрегелді Шарманұлының жасаған өзгерістері жайлы құлағдар болып, облыстық партия комитетін басқарушылардан оның қызметі жайында сұрастырады. Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Журин «Ұйымдастырушылық қабілеті зор, бірақ нағыз ұлтшылдың өзі» деп жауап береді. Бұл жауап Қонаевты ырза еткен көрінеді «Ендеше, бізге керегі де – осы» деген екен. Осыдан кейін Төрегелді аға еліміздің денсаулық сақтау министрі болып тағайындалып, бұл қызметін абыроймен аттай он бір жыл атқарады.

Дүниежүзін дүбірлеткен конференция

1978 жылы еліміздің бұрынғы астанасы – Алматы қаласында Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының халықаралық конференциясы өткізілді. Төрегелді Шарманұлы бұл кезеңде денсаулық сақтау министрі болуына байланысты конференцияның елімізде өткізілуінің бастамашысы және басты ұйымдастырушылардың бірі болды. Алматы конференциясында қабылданған Декларация алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем ұстанымдарын жария етіп, ХХ ғасырдағы денсаулық сақтау саласының Ұлы Хартиясы атанды. Конференцияда әлемде алғаш рет адамзат денсаулығын сақтау құқықтық сипат алып, медициналық көмектің жалпы халыққа қолжетімділігі, ұстанымдары құжат түрінде бекітілді. Конференциядан кейін әлем елдерінің көпшілігі денсаулық сақтау саласын аталған Декларацияға сәйкес үлгіде құрып, дамытуына байланысты дүниежүзінде медициналық-демографиялық көрсеткіштердің жақсаруына елеулі үлес қосылды.

Конференция ұйымдастырылуы жағынан ерекше түрде өтті. Алғашқы медициналық-санитарлық жәрдем Кеңес Одағында дамыған жүйе болғандықтан әлемнің 146 елінің өкілдеріне денсаулық сақтау саласының құрылымы көрнекі түрде көрсетілді. Жағдайды көзбе-көз көріп, танысу үшін делегаттар Алматы қаласы, Алматы, Қарағанды, Шымкент облыстарына, одан әрі Ташкент, Самарқан, Бішкекке аттанды. Конференция залында, аралаған дәрігерлік мекемелерде ел делегаттарының өз ойын білдіруі қызу пікірталас түрінде өтіп, бұл конференция халықтық, бұқаралық сипат алды. Қазақ елінің, Алматының даңқы әлемге шарықтады.

Бірақ «Қадіріңді іш білмес, сырт білер» дегендей, Қазақстанда Төрегелді Шарманұлының осы айтулы еңбегі бағаланудың орнына өзі кудалауға ұшырады. Министрліктен кетуге мәжбүр етті. Бұл Төкеңнің бауыр еті – қызы Алмадан айырылып, ауыр қайғыға ұшыраған,

тағдырдың зобалаң кезеңі еді. Елден жырақ кетіп, Мәскеуде үш жарым жылдай еңбек етеді. Мәскеудегі әріптестері, керісінше, ғалым еңбегін бағалай біліп, бірден жоғары лауазымды қызмет беріп, отбасын тұрғын үймен қамтамасыз етеді. Уақыт таразысының өлшемінен өтіп, әр нәрсе өз орнын табады. Академик елге қайта оралып, Қазақ Тағамтану академиясын басқарудағы еңбек жолын жалғастырып, талай ғылыми жетістіктер мен табыстарға қол жеткізді. Балалар тағамын жасау, халық тұтынатын тұзды йодтау, тұрғындардың бойындағы дәрумен тапшылығын анықтау, ұнды құнарландыру секілді игі істерді бастап, мәресіне жеткізудегі тынбас еңбегімен елді көркейтуге көпжылдық үлесін қосты. Қазір де ғалымның қарқынды еңбегі толастаған емес, елдің қоғамдық өміріне белсене араласып, денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелерін талқылап, шешу жолында өнегелік-ұстаздық көмегін көрсетіп, Қазақ Тағамтану академиясы мен Профилактикалық медицина академиясын басқарып, салауатты тамақтану арқылы халық денсаулығын қорғау саласындағы маңызды, тың ғылыми-тәжірибелік жобаларға ұйытқы болып, жүзеге асыру үстінде.

Ал 2005 жылы әділдік туы тігіліп, әйгілі Алматы конференциясын өткізудегі еңбегіне орай Төрегелді Шарманұлы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының жоғары марапаты – Леон Бернар атындағы медальге ие болды.

Еңбегіңмен елге сыйлы болу – ең биік дәреже

Академик өскелең ұрпаққа үлгі боларлық, қиындығы мен қуанышы астасқан, тер төгіп, еңбек етуден тұратын өмір жолын жалғастыруда. Топты жарып алға шығуда оған серік болған осы – еңбексүйгіштігі. Мектепті үздік, институтты қызыл дипломмен бітіріп, мамандықтың шыңын игеру, ғылыми атақтар – бұл оның табиғат тарту еткен дарынын тынымсыз еңбек етумен ұштастыруының арқасында жеткен жеңістері. Төкең – Кенес Одағы заманында Орта Азиядан шыққан медицина саласының тұңғыш академигі.

Бұрын ғылым мен білімнің шыңы мағынасын білдіретін академия ұғымы қазір аласарып, өзінің зор мәнін жоғалтып алған сыңайлы. Тіркелу құны жүз доллар тұратын Нью-Йорк академиясы бар екен. Елімізде де жағдай осыған ұқсас, екі-үш адамның басы бірігіп құратын ұсақ-түйек академиялар саны көбейіп кеткен. Осы тәрізді академиялардың ғылымға еш қатысы жоқ, құр дәреже иемденген академиктері Қазақстандағы саусақпен санарлық нағыз академиктермен бір қатарға тұрып, тіпті өздерін олардан жоғары санайтынын қайтерсің?

Бұл жағдай ғылым жолында ғұмырлық қажыр-қайратын сарп етіп, таудай үлесін қосқан ғұлама ғалымдарымыздың еңбегін еш кетіретіндей.

Бұрынғы кезде академик пен ғылым докторы дәрежелерін алу «инемен құдық қазғандай» еңбек етуді талап етті. Ол үшін көптеген жыл бойы ғылыми ізденіспен айналысып, есімің ел аузында қалатындай, айналысқан тақырыбың өз саласында өзгеріс әкелетіндей қомақты ғылыми еңбегіңнің болуы шарт еді. Қазіргілердің, шынтуайтына келгенде, атағына ілуде біреуі ғана лайық. Құрметті дәреженің қадірі кеткен сынайы бар. Сондықтан да «Қазір, тіпті «академик» дәрежесін атыма қосып айтқанда ұялатын дәрежеге жеттім» дейді Төкең бүгінгі қоғамымызда орын алған келеңсіздіктер жайында.

– Жалпы, атақ-даңққа аңыз ретінде қарағанды дұрыс көремін. «Атақ-дәреже мен лауазымды дәлелдейтін халықтың игілігіне жараған қандай ізгілікті ісім бар?» деп әркімнің ойланып жүргені дұрыс, – дейді Төрегелді Шарманұлы. Бұл ғалымның ғылыми және қоғамдық өміріндегі кредосы десек те болады.

– Байырғы өткен заманда әулетіне билік айтқан ауыл ақсақалдары болған. Олар – нағыз дала академиктері, беделін халық сыйлап, үніне құлақ түріп, құрмет тұтқан. Қартандықты қария, ақсақал, шал деп үш түрге бөліп қарастыруға болады. «Шал болып қалдың ба?» деген бар емес пе?! Қырықтың қырқасына жетпей жігері жасып, шал болып қалатындар жетерлік. Дұрыс қартая білудің де өз жөні бар. Бүгінгі қоғамда үлкендер арасында өткендегі қошеметіне маңғаздану секілді орынсыз көрініс жиі байқалады. Кешегі күннің қошеметіне шынайы түрде лайық болсаң, бүгін де елдің назарынан тыс қалмайсың. Жастарға үлгі-өнеге көрсетіп, түзу жолға бағыттап, өмір өткеліндегі көрген-білгені мен байыпты ақылын айтып, батасын беріп отыратын, өз ортасын кеңейтіп, айналасына тарататын шуағы мен мейірімі мол жасы үлкен адам ғана ақсақалдыққа лайық. Халықтың ыстық ықыласы мен құрметіне бөленіп, абыройлы болу – ең биік дәреже. Еңбегіңмен елге сыйлы болудан артық арман жоқ. Лайым, бәріңе осыны жазсын, – деп Төрағамыз сөзін қорытты.

Біз әңгіме-дүкен құрған бір сағат шамасында академиктің телефонында тыным болған жоқ. Ешкімнің көңілін жықпай, сыпайы түрде қай уақытта хабарласуға болатынын айтып жатты. Ағамыздың өз ортасында атқарылатын істердің негізгі ақылшысы және қамқоршысы екенін аңғарып, әлі де тынымсыз еңбек үстінде екендігінен хабардар болдық. «Аман болыңыз, аға» деген шынайы, жүрекжарды тілегімізді айтып, қош айтыстық...

24 сәуір, 2012 жыл



*Әмен ХАЙДАР,
суретші-кескіндемеші:*

ҰРПАҚ ҚҰНДЫ ДҮНИЕЛЕРГЕ ҚАНЫҒЫП ӨСУІ ТИІС

Біздің келесі кейіпкеріміз суретші-кескіндемеші, қазақ анимация өнерінің атасы саналатын – Әмен Хайдар ақсақал. Келер жылы торқалы 90-ын тойлағалы отырған Әмен ақсақалдың үйіне бірнеше рет хабарластық. Біраз сырқаттаныңқырап жүргенін айтты, бірақ материалды дайындауымызға келісімін берді. Әмен Әбжанұлы – кескіндеме кенептерінің, миниатюралардың, портреттер мен пейзаждардың авторы. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?», «Ақсақ құлан», «Қырық өтірік», «Қожанасыр – құрылысшы», «Құйыршық» сияқты мультфильмдердің режиссері, сценарисі. ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының, Тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының, Қазақстанның көрнекті өнер қайраткерлеріне арналған Президенттік стипендияның лауреаты.

Агроном болуды армандаған едім...

– Қарағанды облысының Жіңішке деген ауылында мұғалімдер отбасында дүниеге келіппін. Анамыз он үш құрсақ көтеріп, содан аман қалғанымыз қарындасым Райхан екеуіміз ғана. Ашаршылық құрсауынан аман қалу үшін 1932 жылы отбасымыз Алматыға қоныс аударады. Үлкен қалаға келіп, тіршілік жасап, жан сақтап қалудың амалы болар. Ауылдағы мектепте бастауыш сыныпқа барғанмен, Алматыға

көшіп келген соң екінші рет мектеп табалдырығын аттауыма тура келді. Бұл жолы неге екенін әлде үйімізге жақын маңда қазақ мектебі болмады ма екен, ата-анам мені орыс мектебіне берді, – деп Әмен ата әңгімесін сабақтады.

Бір қызығы, бала Әмен мектепте оқып жүргенде биология сабағын өте жақсы көреді. Сурет өнеріне өзінің ебі барын білсе де, түбі осы салада үлкен асуды бағындыратыны тіпті де ойына кіріп шыққан жоқ. Қандайда бір конкурста сыйлық алғаны да есінде, бірақ суретші боламын деп ойламапты. Оның есесіне жатса-тұрса «Үлкейгенде агроном болсам» деген ой жадынан бір шықпайтын. Мүмкін бұл арманның көкірегінде жылт етіп оянуына сол кездердегі ашаршылық, жоқ-жұтаң тіршілік те әсер еткен болар.

1938 жылдың бір күні бұл отбасы аяқастынан Көкшетауға қоныс аударатын болды. Сол кезде апыл-ғұпыл оны-мұнысын жинап сұлу Көкшеге қоныс аударудың сырын бұл кейінірек, ес білген соң бір-ақ білді. Бұлармен көрші тұрып, етене жақын араласатын әрі туыстық жағынан жақын болып келетін қазақтың арда азаматы, арқалы ақыны Сәкен Сейфуллин тап сол күні ұсталып кетеді. Ол бір нәрсенің ақ-қарасын ажырататындай мамыражай заман емес, сондықтан да бұл отбасы жедел түрде Алматыны тастап шығуға тура келген екен. Бала күннен санасында қалып қойған сол бір көрініс кейін оның «Оқ жетпес» атты картинасына арқау болады. Сөйтіп, ол Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров сынды халқымыздың біртуар ұлдарына мәңгілік ескерткіш жасайды.

Аяз атадан айырылып қала жаздадық

Бала атаулының Жаңа жылды, әсіресе, Аяз атаны асыға күтетіні хақ. Әмен атаның да сол бір балғын балалық шақтағы жаңажылдық шырша есінен кетпейді.

– Өмірімдегі бірінші жаңажылдық шырша мерекесі 1939 жылы болды. Оның өзі Аяз атамыздың өртеніп кете жаздауымен есімде қалды. Көкшетау облысындағы ауылдық мектеп Жаңа жылды тойламақ болды. Үлкен залдың ортасында әдемі шырша, балалардың қолымен жасалған неше түрлі ойыншықтармен көмкерілген. Қарағанда көз тартады. Залға көптеген шам қойып, жарқыратып қойған. Аяз ата 10-сыныптың оқушысы екенін бәріміз де білеміз. Хор айтылды, балалар ән айтып, би билеп жатыр. Бір кезде Аяз ата қолайсыз қозғалып қалса керек, мақтадан жасалған шапаны шамға тиіп кетіп, от лап ете қалды. Үлкендер жағы отты сөндірмек болып жанталасып жатыр. Олардың бұл әрекеті жағдайды одан бетер ушықтырып жіберді. «Құтқарушылардың» әрекетінен шырша еденге құлап түсті. Отты қолға не түссе, сонымен өшірмек болып жатыр. Ыстыққа шыдамаған Аяз

ата жанұшырып залды айналып жүгіріп жүр. Бір топ оқушы сыртқа шықпақ болып ұмтылып, залдың есігінің алдына кептеліп қалған. Ал мен терезенің жақтауына тұрып алып бәрін бақылауға алғанмын. Міне, осындай да жағдай болған, – дейді Әбекен.

Бұл Әбжанның Әмені он алтыға толып, бозбала болып, мұрты тебіндеп шығып қалған кез. Оған дейін бұл ауыл Жаңа жылды тойламайтын. Оған екі түрлі себеп бар. Бірі – шыршаға діни рәсім ретінде рұқсат етілмейтін. Екіншісі – қазақы мұсылмандық дәстүр бойынша Жаңа жыл күн мен түн теңелетін – Наурыз. Өткен ғасырдың 20-жылдарындағы Әмен өскен ауылда Наурыз бұқаралық сипатта, неше түрлі қызықты ойындармен, берекелі дастарқанмен аталып өтілетін.

Біз қатыспасақ соғыста жеңбейтіндей болдық

Әмен Әбжанұлы 1941 жылдың желтоқсанында, анығы 10-сыныпта оқып жүргенінде Ақмоладан өз еркімен соғысқа аттанады. Сол кездегі патриоттық сезімді, Отанға деген шексіз сүйіспеншілікті қойсаңшы, құдды бұлар соғысқа бармаса, біз немістерден жеңіліп қалатындай көрінеді. Соғыстың аты – соғыс, сенің еркелігіңді, бір үйдің бетіне қарап отырған жалғыз ұлы екеніңді неғылсын, өз заңы, өз ережесі бар. Ол Ташкентте радиотелеграфист курсың тәмамдайды. Сосын Оңтүстік-Батыс майданына, Сталинградты қорғап, Украинаны жаудан азат етуге аттанып кете барады...

Хайдаров үшін нағыз майдан Харьков түбінде басталды. Алға қадам басу аз, негізінен, шегініс жасаумен келеді. Бақайшығына дейін мұздай қаруланған жау жағының саны да басым. Бір күні комбат «Хайдаров, біз бұлай шегіне берсек, таяу арада сенің туған жеріңе де жетіп қалармыз, солай ма?» деді. Бұл тас төбесінен бір шелек мұздай су құйып жібергендей денесі тітіркеніп кетті. Бір сәтте сананы сан алуан ой аралап өтті. Бірақ олай болған жоқ! Қызыл армияның бұл ірі жеңісі тарихтан бүкіл әлемге белгілі.

Әмен ағаның әскерден ата-анасына, қарындасы Райханға жазған хаттары осы күнге дейін сақтаулы. Ол хаттардан соғыстағы қиыншылық, кескілескен қан майдан жайлы сөз таппайсың. Қайта елдегі көңілдері алаң болып әрі-сәрі күйде жүрген жандарды жігерлендіретін, көңілдерін серпілтетін хаттар келетін. Соның жарқын дәлелі – өзінің соңынан ерген Райханға 1943 жылдың 4 қаңтарында жазған мына бір хаты «...Маған өз фотонды салып жібер. Әкемнің фотосын алдым, апамдікі бар. Егер жаңа фотосы болса, оны да салып жіберерсің. 12/ХІІ 100 рубль салып жібергенмін – қолдарыңа тиді ме, әлде жоқ па? Мен әзірге бұрынғы майданда, бұрынғы жерде, сол бөлімшедемін. Жақсы тұрып жатырмыз. Ештеңеге мұқтаж емеспіз. Еліміз біздің бар жағдайымызды жасап, киіндіріп, тойындырып отыр. Ендігі

борыш бізден. Өзім жайлы бар айтарым – осы. Сау бол! Жауды жеңіп оралғанда, кездесерміз. Ванда Васильевскаяның «Радуга» кітабын оқы. «Люба» әнін жазып жібер. Менен бәріне сәлем». Тағы бір хатында, соғыста әлдеқандай жағдай болса, қарындасының мұның арманын жүзеге асырып, агроном болуын аманаттайды. Ол да ағасының көңілін қимай салтанатты түрде уәде береді. Құдай қолдап, ол соғыста ауыр жараланғанымен, аман-есен елге оралады. Бірақ мұның өзінде, Райхан да өмірдің ағынымен мүлдем басқа салада мамандық алып шықты.

Қайта туған күн

1944 жылдың 16 ақпаны. Байланысшы Хайдаров әдеттегідей барлаушының қасында. Кенеттен тап қасынан фашистердің снаряды жарылды. Құдды бір жон арқасынан біреу дәу балғамен ұрғандай. Сегізкөзі шыдатпай барады. Денесінің төменгі бөлігі жансызданып қалғандай, тіпті қозғалудың өзі мұн. Қатты жараланған кіші сержантты санбригада тек кешқұрым ғана тауып, медициналық көмек көрсетеді. Сөйтіп, ол небары жиырма жасында мүгедек болып қалды. Ол күнді еске алудың өзі қиын. Тек білетіні – сол жолы ауыр жарақатына жасалған операциядан кейін бұл өзін өмірге қайта келдім деп есептейді. Емделуге оны Кисловодск қаласына жіберді. Беті бері қараған соң госпитальде бірге жатқан солдаттардың портреттерін сала бастады. Олар үшбұрышты солдат хатымен Кеңес Одағының түкпір-түкпіріне кетіп жатты. Бұл олардың тірі екендігінің айқын белгісі еді. Сол кезде ғана бұл өнердің құдіретін шын ұғына бастады. Бұл саланы терең меңгеру үшін арнайы білім алу керектігін де сол кезде түсінді. Жар дегенде жалғыз ағасының сол кездегі ауыр халін қарындасы Райхан өз кітабында былай деп әңгімелейді: «Беті біте қоймаған ашық жарасымен оны Ақмоладан Алматыға санитарлық ұшақпен қалай алып келгені әлі есімде. Еліміздің атақты хирургі Александр Николаевич Сызғанов операция жасап шығып, бізге «Сіздердің ұлдарыңыз арғы әлемнен қайта оралды» деді. Сол кезде анам жан дәрмен оның қолынан сүйіп, алғысын жаудырып, ал біз әкеміз екеуіміз қуаныштан аққан көз жасымызды сүртіп оның қасында тұрдық».

Сурет әлеміне саяхат

Соғыста алған ауыр жарақаттан біршама бой көтеремін дегенше арада екі жылдай уақыт зыр етіп өте шықты. Бұл кезде соғыс аяқталған. Қанша қиыншылық болса да ең бастысы – заман тыныш. Енді-енді ғана оның сонау госпитальде қылаң берген арманына қол созуға мүмкіндік туды. Госпитальде жатқанда суретшілер училищесі жайлы естігені бар. Не де болса бақ сынап көрмекке училищеге бет

бұрды. Студенттерді қабылдап жатқан Қазақстанның халық суретшісі Абрам Маркович Черкасский оның жұмыстарына қарап отырып, «Бірден екінші курсқа қабылдандың» деді. Әмен ата еліміздің атақты суретшілері: Үкі Әжиев, Жаңатай Шәрденов, Гүлфайруз Исмайлова-лармен бірге оқиды. Бұлардың бәрі қазақ сурет өнерінің корифейлері. Училищені бітірген соң ол «Сталин жолы» (қазіргі «Қазақстан әйелдері») журналында суретші редактор болып қызмет істейді. Қарындасы Райханның жан құрбысы, ҚазМУ-дың филология факультетін бірге бітірген Валентина Константиновнамен көңілі жарасып, шаңырақ көтерген. В.Константиновна да Әмен ағамен алғаш танысқан кездерін сағынышпен еске алады. Тіпті ол туралы өз кітабында да жазып шыққан. «Ол менің өмірге романтикалық көзбен қарайтын жас кезім, біз үшін ол тірі Павел Корчагиндей көрінді және ол расында да, солай еді – мақсатына қол жеткізбей тынбайтын, жаратылысынан романтик және өте аккөңіл. Суретке экранда жан бітіруге болатынын мен бірінші рет содан білдім, оның асыл арманы – қазақ мультфильмін жасау болатын. Суреттерге тек жан бітіріп қана қоймай, кейіпкерлерінің қазақша сөйлегенін қалады» дейді ол ағынан жарылып.

Әмен атамыздың өз алдына қойған мақсатын бағындырмай қоймайтынын оның отыз бес жасында ВГИК-ке барып оқуға түсуінен де аңғаруға болады. Жасы қырыққа таяғанда ол Украина, Албания, Индонезиядан келген жап-жас курстастарымен бір партада қатар отырып сурет өнерінің қыр-сырына қаныға түсті. Бір қызығы, екі жылдан кейін оның Құдай қосқан қосағы Валя апа да ВГИК-тің кинотану факультетіне оқуға түседі. Олар күндізгі бөлімде дәріс алды. Тек соңғы курста оқып жүргенде ғана оларға жеке бөлме берді. Ол кезде бір ұл, бір қыздары бар. Сонда оқытушылары «Декабристер күйеуінің соңынан Сібірге барса, сен қазақ даласынан Мәскеуге келдің» деп қалжындайтын.

Қазақ мультфильмін экраннан неге көрсетпейді?

Әмен Әбжанұлы VI курста оқып жүргенінде-ақ өзінің тұңғыш «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмінің барлық материалдарын дайындап қойды. «Қазақфильмнен» ақша бөлінді. 1967 жылы көпшілікке ұсынылып, көп ұзамай-ақ қырық сегіз елде көрсетілді. Қазір ғой, мультфильмге баланың ойынындай қарайтынымыз, ол кезде алғашқы туындылардың барынша сәтті шығуына әркім өзінің қолынан келгенше үлесін қосқысы келді. Сол бір шақтарды Әмен ата:

– Ұлы Нұрғиса Тілендиев менің және шәкірттерімнің барлық мультфильмдеріне ұлттық бояуы қанық әдемі музыка жазып берді.

Өз мультфильмдерімдегі кейіпкерлерімнің дауысын салған актерлердің бәріне ризамын. «Ақсақ құланда» мәтінді Шәкен Айманов оқып шықты. Ал Шыңғыс ханның дауысын Ыдырыс Ноғайбаев салды. «Қарлығаш» – Зәмзәгүл Шәріпова, – деп еске алады. – Балалар мультфильмді жақсы көреді. Дегенмен кейінгі жылдары телеэкраннан да, кинотеатрлардан да көбіне шетелдік мультфильмдер көрсетіліп жүр. Атыс-шабысқа құрылған мұндай мультфильмдер баланы қатыгез, кекшіл етіп тәрбиелейді. Кейбірі тіпті басқа дінді насихаттап жатады. Бұл біздің ұлттық табиғатымызға қарсы әрекет. Қазіргі таңда қазақстандық мультфильмдер жүзден асады. Неге екенін соларды экраннан көрсетпейді. Мультфильм – ең алдымен тәрбие құралы.

Суретші өзі өмірін арнаған мультфильм саласынан басқа да жанрларда жұмыс жасады. Оның еліміздің біртуар тұлғаларының бейнесін сомдаған портреттерінің өзі бір төбе. Ж.Жабаев, Ә.Молдағұлова, Қ.Сәтбаев, Н.Тілендиевтердің жарқын бейнесі Әмен атаның да шығармашылығынан ойып тұрып орын алады.

Ол адамның материалдық қажеттілігі – дүние жинаудың соңына түскен жоқ, бәрінен де рухани байлықты жоғары қояды. Өнебір аумалы-төкпелі өтпелі кезеңде өзі негізін қалаған анимация өнерінің ахуалына шын жаны күйзеліп, тіпті Елбасының алдына дейін барып осы өнердің құрдымға кетпей, жандануына назар аударуын сұрады. Ұрпағымыздың қазақылықтың қаймағы бұзылмаған құнды дүниелерге қанығып өсуін еш уақытта жадымыздан шығармауымыз керектігін айтады. Бұл, әрине, өзі үшін емес, кейінгі ұрпақ – балаларымыз үшін қажет.

Әмен ата қазір шөбере сүйіп отыр. Өмір қаншалықты сынақтарға салса да, бәрінен сүрінбей өтіп, қазақтың нағыз абыз қариясына айналған. Келер жылы 90 жылдық торқалы той. Бар жан-тәнімен қазағым деп еңбек еткен асыл азаматтың ардақталып, ел алдында мерейінің тасатын кезі – осы. Барымызды бағаламай, бұл күнді білмеген боп елеусіз өткізіп жібермей, осы тойға ел болып атсалыссақ та айып емес. Ол бір әңгімесінде «Мен ұзақ та қызықты өмір сүрдім. Өкінішке қарай, өмір деген өлшеулі, барлық шығармашылық жоспарыңды іске асыру мүмкін емес. Ал менде ондай жоспар көп...» деген екен. Бізбен әңгіме барысында да «Біз өткен ғасырдың адамдарымыз ғой, еңбегіміз бағаланды. Елден құрмет көрдік» деп ризашылығын білдіріп жатты. Осы бір сөзден-ақ оның соншалықты қарапайымдылығы аңғарылып тұрды. «Ұлық болсаң, кішік бол» деген сөзді қазекем осындай жандарға арнап айтса керек...

26 мамыр, 2012 жыл



*Бақытжан ЕРТАЕВ,
Халық қаһарманы:*

ТӘУЕЛСІЗ, БЕЙБІТ ЕЛДЕ ӨМІР СҮРІП ЖАТҚАНЫМЫЗДЫҢ ӨЗІ БАҚЫТ

Парламент Мәжілісінің депутаты, Халық қаһарманы, генерал-лейтенант Бақытжан Ертаев – бүгінгінің батыры, үлгі тұтар азаматымыз. Бұл сыр-сұхбат сонысымен ерекше.

Жетілікті жақсы көретін ауыл

– Тарихсыз адам болмайды, әрбір адамның өз тарихы, тағдыры бар. Туған жерім – Жамбыл облысы Жуалы ауданының Күйік асуы мен Шақпақтың ортасындағы бұрынғы Кеңес ауылы. Бұл Бауыржан Момышұлы туған ауыл, қазір сол кісінің атымен аталады. Ол жердің табиғаты қатал, қыстай боран соғып тұрады, – деп бастады әңгімесін Бақытжан аға. – Әкем Ертай ұжымшардың бастығы болған екен. Бұрынғылар «Колхоз Кеңес, жаман емес, утром чай, вечером гулшай» деп отыратын. Гулшай деген әйелдің аты деп ойлайтынмын, сөйтсем тамақтың атауы екен. Негізі 1951 жылы 22 маусымнан 23-іне ауысқан түнде сағат 4 шамасында дүние есігін ашыппын. Анам Ұғылтай мені Бурное селосындағы аудандық ауруханада босаныпты. Аудандық партия хатшысы әкемді қатты сыйлайды екен. Анамның айтуынша, сол кісі «Бала туғанда әкесіне айтпаңдар, бірінші маған хабар беріңдер. Ертайды әке болуымен елден бұрын мен құттықтаймын» дейді.

Уәде бойынша ол кісіге хабар тиеді. Әкем досын «Баланың атын сіз қойыңыз» деп қолқалайды. Сөйтіп, ол кісі менің атымды Бақытжан қойыпты. Бәрі ақылдаса келе, «Нәресте соғыстың басталғанына тура он жыл болған күні дүниеге келіп отыр, ертең бұл бала ел қатарлы туған күнін қалай тойлайды? Баланың туған жылы мен күнін өзгертейік» дейді де, екі жетіден (52-25) құрап, 1952 жылдың 25 маусымы етіп өзгертеді. Қазақ өзі ырымшыл халық қой.

Бірақ ең өкініштісі құлыншағының сегіз айлық кезінде әкесі қайтыс болып кетеді. Отбасының бүкіл күйбең тірлігі мен бала тәрбиесі анасы Ұғылтайдың иығына түседі. Ауылдың аты – ауыл, батыр өзінің ауылда өскеніне тәубе дейді. Өйткені сол кездегі бүкіл ұрпақты ауыл тәрбиеледі. Ақсақалдардың ақылын көп тыңдайтын. Өзге де балалар сияқты шөп орды, қой бақты. Анасы қиыншылық көрген кездер әлі жадында. Қыста тракторшылар келіп техникаларын сайлап, жөндейтін. Бірде анасы қатты сырқаттанып, мұның он төрт тракторшыға тамақ пісіріп бергені бар. Ол кезде бала Бақытжан небары 5-сыныпта оқитын.

Соғыстан кейін туған балалардың батыр Бауыржан Момышұлына еліктемегені жоқ. Бәрі де соған ұқсағысы келді, қарап жүріп ерлік жасауға ұмтылды, талаптанды. Әсіресе, өзі туған жерге келіп мектеп оқушыларымен кездесу өткізгенде бар бала батырды айналшықтап қасынан шықпайтын, оның әңгімелерін ұйып тыңдап, қанаттанатын.

Әкесі барларға қызыға қарап өстім...

– Балалық шақтағы көп нәрсені ұмытамыз, бірақ әр баланың жадынан мәңгі өшпестей есте қалатын оқиғалары болады, – дейді Бақытжан аға сәл мұңайған қалыпта. – Бала күнімде менің де қатты қайғырған кезім болған. Көршілердің әкесі бар балаларына қарап қызығамын. Олардың әкесі тізесіне отырғызады, атқа мінгізеді, ойнап жүргенде «Әкем келе жатыр» деп алдынан тұра жүгіреді. Міне, осындайларға қарап, шешеме «Менің неге әкем жоқ?» деп қоймасам керек, ол кісі теріс қарап жылап жіберді ме, білмеймін, қатты ашуланып «Әке керек болса, онда мен байға тиейін» деп салды. Сонда менің «Жоқ!» деп айқайлағаным есімде. Ауылда қой бағып жүріп, қойым өзгелердікіне қосылып кеткенде ашуым келіп «Мені ешкім қорғамайды, ешкімге керек емеспін» деп қатты қапаланғаным бар. Сол кезде балалықпен «Өскенде үлкен азамат боламын, әлі-ақ осы ауылдағылардың бәрі мені сыйлайды» деп қатты ойландым. Бала

болсам да осы ой мені ұйықтатқан жоқ. Қанша қиыншылық көрсем де сол бір сәт ойыма үнемі оралады және қайрайды. Өмірдің неше түрлі сын-сынағында осы сөздер қабырғамды қайыстырмады. Бұл сөз маған балалық ант сияқты болды.

Ол 10-сыныпты бітіргенше бірнеше мектеп ауыстырды. Ағасы Керімше «Орысша оқысан, қызметте өесің, болашағың жарқын болады» деп Бурноедегі Орджоникидзе атындағы мектепке алып келеді. Ауылдағы мектепте 4-сыныпқа дейін шаш қойдырмайтын. Ал орыстың балаларының бәрі әдемілеп шаш қойып алған. Мұның басында шаш жоқ, тап-тақыр әрі үлкен. Бір ауыз орысша сөз білмейді. Біртүрлі өзін нашар сезінгендей болды да орнынан тұрып жүре бергені сол, бәрі ду күлді. Қайта бұрылып келіп бірінші тұрған Виктор Ремхен деген баланы жұдырықпен қойып қалады. Әрине, кейіннен ол балалардың бәрімен дос болып кетті. Ойнап жүріп-ақ орыс тілін үйрене бастады. Сабағы жақсы болды. Дегенмен Жамбыл жақтан келген бір баламен төбелесіп, мектептен қуыла жаздап, ағасы оны бұл мектептен шығарып алып, Алексеевка (қазіргі Көлтаған) деген жерге мектепке орналастырып, «Тыныш жүріп, аман-есен мектепті бітірші» деп табыстайды.

Бала Бақытжанның өскенде әке жолын қусам деген арманы болды, бірақ «Институтқа түссем, мені кім тамақтандырып, киім береді, жалғыз шешеме қиын тиеді-ау» деп көп ойланатын. 10-сыныпта Әскери комиссариатқа барды. Ол кезде аудандық Әскери комиссариат бұлар үшін Қорғаныс министрлігіндей көрінетін. Военком Ботабай Ташболатов оның сөзіне, дене бітіміне, мінезіне қарап «Мен сияқты военком боласын ба?» деді. Әуелі келісімін бермесе де, ешкімге айтпай 1969 жылы Ташкент қаласындағы Жалпы әскери командалық училищесіне құжаттарын тапсырады. 1970 жылы Алматыда жоғары жалпы әскери командалық училище ашылып, соған ауысты. Училищені үздік бітірді. Бұлар – сол училищенің бірінші түлектері. Осыдан отыз тоғыз жыл бұрын ол лейтенант шенін алды. Аланда Орталық комитеттің I хатшысы Дінмұхамед Қонаев қатысқан үлкен жиын болды. Ештегенден қамсыз бала көңіл «Әрі қарай өміріміз не болады?» деп ойлантпайды. Әрине, ол кезде мұрты енді тебіндеп келе жатқан бозбала генерал боламын, соғыс көремін деп үш ұйықтаса түсіне де кірген жоқ. Бар ойы – тезірек елге жетіп, үстіндегі әскери формасын шешесіне көрсетіп, мақтану.

Пошта пойызымен қыз алып қашу

Ат жалын тартып, жігіт болды, Құдайға шүкір, мамандық алды. Енді жігіттер арасында үйлену, бас құрау жайы жиі әңгіме болатынға айналды. Әрине, әскери қызметкерлердің өмірі өзгешелеу екені рас. Сондықтан да өмірлік қосағыңды таңдағанда да барлық жағына мән беруге тура келеді.

– 1973 жылы әскери училищені бітірдік, – деп жалғады Бәкең әңгімесін. – III курста оқып жүргенде қазіргі генерал Абай Тасболатов, тағы да қырғыздың үш-төрт жігіті «Оқу бітуге таяды, енді үйлену керек» деп сөйлесіп тұрмыз. Бір «білгіш» «Орыстың дәрігер қызына үйленейік, сонда өсеміз» дейді, енді бірі шет тілдер институтының неміс тілі мамандығын меңгерген қыздарға үйленейік, Германияға барамыз» дейді. Сонда «Мен қойшының қызына үйленемін» деп қалжыңдадым. IV курста біздің жігіттер шетінен үйлене бастады. Біреуі расында да, Германияға кетті. Мен Сарыөзекке бардым. Бірақ көп ұзамай бір өзгерістер болды да, Алматыға қайта шақырып алды. Ол кезде Отарға жиі-жиі жаттығуға баратынбыз. Сол жерде болашақ зайыбым Зейнехан Бейсенжанқызымен таныстым. 10-сыныпты енді ғана бітірген, өзі отбасындағы он алты баланың бірі екен. Ол кезде тікелей барып кездесу жоқ, мекенжайын біліп алып Онегиннің өлеңдерінен үзінді келтіріп, хат жазамын, жауап жоқ. Не керек, біраз уақыт өткенде қызбен әйтеуір тіл табысып, үйленуге бел будым. Бірақ апаратын жер, той істеуге шама жоқ. Ұрлап алып қашқандай болдым. Қыз үйден оны-мұны керек-жарағын алып шықты, сол кезде:

– Әкең мен шешенді шақыр, – дедім.

– Сен мені ұрлап алып қашып бара жатқан жоқпысың? – деп Зейнехан аң-таң.

– Шақыр, бізге бата керек. Әке-шешесі шықты, үлкендерге тіке қарап, мән-жайды айтып:

– Бата сұрауға келдім, – деп едім, әкей бір сөзге келген жоқ, маңдайымнан сүйіп:

– Қызым, мына жігітпен бақытты болады екенсің! – деп ақ батасын берді.

Қалтасында бар болғаны 5 сом 5 тиыны бар. Жолсерікке барып жағдайды түсіндіріп, пошта таситын пойызға отырып алды. Манти сатып жүргендер қайта-қайта келеді. Қалыңдығына манти алып берейін десе, артық ақша жоқ. Пойыздан қалған тиынын автобусқа сақтап отыр. Сөйтіп, Алматыға таңғы 6-да жетті. Автобусқа отырса,

ішінде екеуінен басқа ешкім жоқ. Кассаға барып қолында бар 5 тиын салып кеп жіберіп еді, саңғыр-сұңғыр етті. Жүргізушіге бірдеңе етіп ымдап: «Екі билет» деп қояды. Ол түсіне қойды да айнаға қарап көзін қысты. Басында «Келіншегімді қайда алып барамын?» деген ой тұр. Жатақханаға апарса, жағдай түсінікті. Сөйтіп, №1 ықшамауданда тұратын рота командирі Виктор Михайлович Чаленконың үйіне қарай тартты. Үнемі «Қашан үйленесің? Сендерді үйлендірсем арманым жоқ» деп қамқорлық танытып жүретін рота командирі айна алдында қырынып тұр екен. Жүргізуші келді деген болуы керек, есікті бірден өзі ашты. Мұны көріп бір нәрсе болып қалды деген болуы керек:

– Жайшылық па? – деп сұрады.

– Девушку украл, – дедім жаймен ғана орысшалап. Ол жұлып алғандай көзі шарасынан шығып:

– Қашан? – деді.

– Бүгін.

– Кім біледі? Милиция біле ме?

– Ешкім білмейді.

– Енді не болады? – деп арғы жақтан әйелі шықты.

– Бәрі өзінің келісімімен болды, – деймін ойымда ештеңе жоқ.

Екеуі де таңғалып:

– Өзінің келісімімен қалай адамды өлтіруге болады? – дейді.

– Ойбай, мен адам өлтірген жоқпын, қыз алып қашып келдім.

Енді ғана есін жиған олар:

– Бағанадан солай демейсің бе? Ол қайда? – деп жатыр. Сыртта тұрған Зейнеханды үйге кіргізіп, екеуі құрақ ұшып, шампандарын атып, «Енді біздің қызымыз боласың» деп мәре-сәре болды.

– Енді не істейміз? – дейді біраздан соң өз-өздеріне келіп.

– Қыздың артынан туыстары қуып келеді, – деймін түсіндіріп.

– Ол не пәле. Олар не істейді? Біз не істеуіміз керек?

– Біздің салтымызда солай, оларға «Енді менің қызым болды» деуіңіз керек.

– Қорықпа, бәрі де дұрыс болады.

Күн дүйсенбі болатын. Полкке келдік, көмекшісі мәлімдеме жасап жатыр еді:

– Токта! – деді командир, – бүгін Бақытжан үйленді, демаламыз.

Туған-туыстар келді, бәрін күттік. Біздің тойымыз екі «Жигулимен» өтті. Ол осы күнгінің «Мерседесімен» бірдей болатын. Ленин (қазіргі Достық) даңғылының бойындағы «Жайлау» мейрамханасында бар болғаны сегіз адам біздің үйленгенімізді тойладық, үстелде –

бір шампан, төрт портвейн. Ағын-төгін дастарқанға, тойға арнайы костюм-шалбар алуға ақша жоқ. Сондықтан да үйлену тойымызда әскери салтанатты формада тұрдым. Міне, отбасылық өмірді біз осылай бастадық...

Ауған соғысында бізді аруақтар қолдады

– Бірінші балам Нұржан жеті айлығында шетінеп кетті... Себебі мен жұмысбасты болып, үйді ойламаған адаммын. Ал зайыбым ауылдың тәрбиесін көрген жан, маған еш уақытта ләм-мим деген емес, қиыншылығын айтпайды. Сөйтсек, аяғы ауыр әйел дәрумендер жеу керек екен. Бізде ол қайдан болсын? Бір бұқтырылған ет пен қара нан алып келемін. Картоппен соны қуырып жейміз. Ешқандай жағдай болмады. Суық тиіп, Нұржаным тым ерте шетінеп кетті, – деп генерал аз-кем үнсіз қалып, әңгімесін әрі қарай сабақтады. – Рота басқардым. Мақтанғаным емес, менің ротам бүкіл Орта Азияда үздік болды. Ол кезде екі жыл үздік болса «Қызыл жұлдыз» беретін. Залда бәріміз отырмыз. «Қазір саған орден береді» деп жігіттер костюімнің омырауына оны тағатын кішкентай тесік жасап қойды. Зейнехан да отыр. Сол кезде «Қызыл жұлдыз» орденімен ротаның саяси жетекшісінің орынбасары марапатталады» деді. «Рота командиріне «Үздік еңбегі үшін» медалі мен палас» десе, әйелім «Бізге орден емес, палас керек» деп отыр. Қазір еске алсақ, күлкіміз келеді, сол палас бізде әлі күнге дейін бар.

Кейін ауған соғысы басталды. Ұлым Серікжан үш айлық болатын. Соғысқа аттанып бара жатқан соң офицерлерге дейін көзіне жас алып, кейбіреуі тіпті жылап тұр. Ал мен күліп, емен-жарқын жүрдім. Зейнехан:

– Ұялмайсың ба? Осы күлетін жер ме? Ең болмағанда қабағыңды шытсаң етті. Қайда бара жатқаныңды білесің ғой, – деп реніш білдіріп жатыр. Сонда сабырлы қалыпта:

– Уайымдама, тірі ораламын! – дедім. Ол да күліп жіберді. Ауған соғысында бізді, бірінші, әрине, аруақтар қолдады. Марқұм ағам Лениннің формасымен келіп түсімде аян беріп, «Бақытжан, мен шығамын, артымнан шығушы болма» деп «ескертті». Сол күні Жалалабадта сағат 4-те жиналыс болушы еді. Біз колоннамен барамыз, барғанша-қайтқанша соғысу керек. Комбат әр уақытта алдында болуға тиіс. «Сол кезде жиналысты сағат 11-ге ауыстырды, сіз тікұшақпен барасыз» деді. Амал жоқ, тікұшақпен ұшуға тура келді. Кейіннен білдік, сонда мен отыруға тиіс «БМП» жанып кетіпті.

Ауған соғысында біздің қазақ жігіттері өздерінің намысқойлығын, батырлығын көрсетті. Батальоным өзгеше жерде тұрды. Қайрат Мусин, Өтеген Майлыбаев, Сайлау Ақмолдаев, Оразғали Нұртазаевтар өздерінің қазақ жігіттеріне тән ержүректігін көрсетіп, үнемі қасымда жүрді. Сөйтсем олар бір-біріне «Комбатқа бастарыңмен жауап бересіңдер» дейді екен ғой. Ауған соғысының парағын аша берсең, айтар әңгіме көп. Сергей Михеев деген жігіт қайтыс боларының алдында «Комбат, елге мені батыр болды деп айтып, батырларша жерлеңізіші. Мен бір қыз сүйіп көрген жоқпын...» дегенде, мен шыдай алмай айқайлап жібердім. Ауған соғысының ерекшелігі – жігіттер өз елінде емес, жат жерде соғысты. Өз қатар-құрбылары бейбіт өмірде ойнап-күліп жүрді, үйленді, бала сүйіп жатты. Мұны оқ пен оттың ортасында жүрген жігіттер қалай ойламайды? Сондықтан олардың әрқайсысын батыр деуге әбден лайық.

Мұсылмандығы сынға түскен сәт

Ауғанстанның таулы шатқалында аса шебер әскери әдіс-тәсіл қолданған Бақытжан Ертайұлы ол кездері небары жиырма жеті жаста болатын. Мотоатқыштар бригадасының батальон командирінің қарамағында жеті жүз елу адам шайқас жүргізді. Ертаев өз өміріне қанша қатер төніп тұрса да, алдымен жауынгерлерінің өмірін сақтап қалуға тырысты. Бұлардың батальоны Құнар өзенінің бойындағы Асадабад қаласында тұрды. Бұл жерге бұған дейін он сегіз ағылшын дивизиясы кірген. Бірі де аман шықпаған. Сондықтан да командир өз жауынгерлеріне жергілікті халықтың тілін тауып, тарихын, дәстүрін, дінін сыйлауды тапсырады. Бірде 22 сәуір күні Бүкілодақтық сенбілікте танк байқаусызда мешіттің бір дуалын бұзып кетеді. Ақсақалдар, сол жердің Аллақадірі (біздіңше әкім) келіп «Сендер біздің төрүймізді бұздыңдар, енді бұл жерден ешкім тірі шықпайды» дейді. Істің расында да насырға шауып бара жатқанын сезген командир «Қазір сіздер оқ атсаныздар, біздің жігіттер де қарап қалмайды. Қан төгіледі, адам шығыны болады. Біз де мұсылманбыз, сіздердің наразылықтарыңызды түсінеміз» деп әңгімеге тартып, жағдайды ушықтырмауға тырысады. Сол кезде ақсақалдардың бірі «Онда мұсылманша не білесің?» деп төтесінен сұрақ қояды. Құдай аузына салған болар, бұл «Бисмилләһир раһманир раһим. Лә-иләһә ил-Аллаһ, Мұхаммадур расулуллаһ» деп еді, әлгілер жібіп сала берді. Командир сенбіліктің

мән-жайын түсіндіріп, жігіттермен мешітті жөндеп береді. Олардың қойған басты шарты – мешітті дәрет алып, тек мұсылмандар жөндеуі болды. Риза болған жергілікті халық өздері де көмектесіп, кейіннен бір тоғайды Бақытжан Ертайұлының құрметіне Бақтияр атап кетеді.

Иман әр адамның жүрегінде болуға тиіс

– «Астаудың суы лайланса, су тартылады, рух лайланса, ел тұншығады». Бұл – абзал бабаларымыздың айтқан сөзі. Астаудың суы лайланбаса екен, рухымыз тұншықпаса екен. Соңғы жиырма жылда көп өзгерістер болды да, жастарымыз тез өзгеріп жатыр. Аталарымыз баланы тізесіне отырғызып алып «Құйма құлақ бол, ата-баба дәстүрін, тілін ұмытпа» деп алдына тартылған қойдың басынан құлақ кесіп беріп, жеңгелеріміздің иіліп сәлем салуы, қандай тәрбие, шіркін! Қазір біз «Өзгеріп кетгіндер» деп жастарды кінәламауымыз керек, оларды тәрбиелеуге тиіспіз. Тәуелсіз Қазақстанда бейбіт өмір сүріп жатқан біздің жастарымыз бақытты. Оларға үлгі көрсетіп, тарихтың бетін ашып, өткенді ұқтырып, бүгінгіні саралауды үйретуіміз керек. Рухы биік халық болғанымызды үнемі айтып отыруға міндеттіміз. Біз шығыстан күн шықса, тәубе деп, батысқа қарап құран оқитын халықпыз. Үлкенді көрсек, алдын кеспей, «Ассалаумағалейкум!» деп сәлем беретін халықпыз. Осындай жақсы дәстүрімізді кейінгі ұрпаққа аманаттап кетуге тиіспіз. Әңгіме пәренжі кигенде, белуарына түсіріп сақал қойғанда емес, таңертеңнен кешке дейін басын тасқа ұрып, «Мен мұсылманмын» дегенде емес. Мен де мұсылманмын, мен де намаз оқып, азан айтамын, Құран оқимын. Иман әр адамның жүрегінде болуға тиіс.

Баукең қандай құрмет-қошеметке де лайық

– Бауыржан Момышұлының тағдырын бәріміз білеміз. Кейде өкінеміз, бірақ тәубе, Баукең «Кеңес Одағының батыры» атағын алды, оған Нұрсұлтан Әбішұлының арқасында қол жеткіздік. Баукеңнің тырнағына татымасак та, сол кісідей болуға тырыстық. «Халық қаһарманы» атағын алдым. Оған да Елбасы тікелей ықпал етті. Тағдырыма тәубе деймін. Әлі күнге дейін Баукең туралы көп шындық жазылған жоқ. Батыр ағамыз менің тағдырымда көп әсері болған жан. Жуалы ауданының әкімі Ермек Үсенбаев екеуіміз Мәскеуге Жеңістің 60 жылдығына бардық. Баукеңнің портреті бейнеленген тоқсан кілем апарып, маршалдарға, офицерлерге бердік. «Кутузовқа сендер маршал

атағын беріп едіңдер, ол Мәскеуді қорғай алмады, ал менің атам Мәскеуді қорғап қалды» деп едім, өзгелер бір сәт тым-тырыс болып қалды да, маршал Гареев «Баукеңнің немересі қателескен жоқ. Егер панфиловшылар, Бауыржан болмағанда біз саяси жағынан Мәскеуден айырылып қалар едік. Ол дұрыс айтады» деді. Момышұлына арналған Б.Смағұлдың «Қаһарман» атты кітабында жазушы Шерхан Мұртаза «Баукең халық батыры бола тұра 50 жылдығын тойлай алмады. 60 жылдығын сол уақыттағы партия басшылары Жуалыда жасырын өткізді. 70 жылдығы жетім қыздың тойындай болды. 80 жылдығы Жуалы емес, Жамбыл облысы емес, Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданында тойланды. Бірақ оны Бауыржан көре алған жоқ» деген. Батыр қай кезде де өзіне лайықты құрмет-қошеметке лайық.

Қиыншылықтар өтті, қазір бақыттымын

– Ананың орны да, жөні де бөлек. Анам 80 жасқа толғанда ниет қылып той жасадым. Жақсы машинаға мінсін, көңілі марқайсын деп, қазіргі жастардың үйленгенде мініп, қыдыратын «Лимузин» машинасына отырғыздым. «Лимузиннің» алдында екі сақинаның таңбасы бар. Жігіттерге «Сақинаны алып тастаңдар» десем, оның алынбайтынын айтты. Анамды той болатын жерге салтанатты машинамен алып келді, бәріміз күтіп, бейнекамера дайын тұр. Анам машинадан түспейді, маған бері кел дегендей қолын бұлғады. «Не болып қалды екен?» деп жақындасам, «Шал қайда?» дейді. Міне, генералдар осындай анадан туады?!

Өсіп, қанатым қатайған соң, ауылда әкеме арнап үлкен ас бердім. Таңертең 5-ге тұрып, әкемнің моласына бардым. Ер болсам да еңіреп жылап, көз жасына ерік бердім. Сол кезде «Әке, мен сенің басымнан сипағаныңды не құйрығымнан соққаныңды көрген жоқпын. Ал сен менің генерал болғанымды көрмей кеттің» деп әкемнің рухымен тілдестім. «Өлі разы болмай, тірі байымайды», біз аруақтарды ардақтаған елміз. «Кім әкемнің көзін көріп, сыйласқан болса, келсін» деп хабар бердім. Жетпіс сегіз ақсақал, алпыс үш апа келді. Бәрінің иығына шапан жаптым. Бала күнімде қанша қиыншылық көрсем де қазір бақыттымын.

Тағдырым оңай болған жоқ. Серігім болсын деген ниетпен атын Серікжан қойған балам мезгілсіз қайтыс болып кетті. Өзге баланың тәрбиесімен айналысып жүріп өз балама көзімнің қырын салмаппын.


Полигонда жүргенде сарыаурумен, басқа да аурулармен ауырған. Менің жолымды қуамын деп, әскери училищені бітірді. Ол Суворов училищесінде оқып жүргенде мен Бас штабтың бастығы едім. Өзім де оқыған Суворов училищесіне барғанда балам сырттай қарап тұрды да, айналамдағы адамдардың бәрі кеткен соң қасыма келіп, әскери тәртіппен рұқсат сұрады. «Әке, мен генералдың баласы болып бұл жерде оқи алмаймын. Қателік жасасам да өзгелер маған бата алмайды, әдейі қателік жасасам да басқаларды жазалайды да, мені жазаламайды. Маған қиын болып жүр» деді. «Онда өзің біл» деп рұқсатымды бердім. Сосын ол Қ.Сәтбаев атындағы Ұлттық техникалық университетке (ол кезде политехникалық институт) түсіп, шетел экономикасы бойынша білім алды, банктерде жұмыс істеді. Бірақ өз жанына батқан сырқатын маған айтпапты. Небары отыз жасында қайтыс болып кетті. Әрине, бұл – менің жүрегімдегі жазылмайтын жара. Бас құрап та үлгермеген еді...

Одан кейінгі балам Германияда туған, аты – Темірлан. Жүрегінің тұсында үлкен қалы бар, құдды Қазақстанның картасы сияқты. ҚазҰУ-ды бітірді. Үйленген, Батырәлі деген немерем өсіп келеді. Қызымның аты – Гүлдана.

«Тағдырдың жазуы солай шығар, талай сынға түскен адаммын. Тіпті мені соттаған кез де болды. Ол кезде Бас штабтың бастығы болатынмын. Сотқа азаматтық киіммен бардым. Сонда бір тілші «Сіз генералсыз. Неге әскери киіммен келмедіңіз?» деп сұрады. «Қазақ генералының арын аяқасты етпеу үшін азаматтық киіммен келдім. Менің арым таза. Әділдік болса, әлі-ақ ақталып шығамын» дедім. Құдайға тәубе, ақталып шықтым. Біз, әскери адамдар, Отан алдында берген антымызды әрқашан естен шығармауға тиіспіз» дейді Бәкен.

Осыдан бірер күн бұрын Бақытжан Ертайұлы екі жетіліктен тұратын ресми туған күні бойынша 60 жасқа толды. Сұхбат барысында «Халқыма бергенімнен берерім көп» дейді ол. Бұрынғылар «60-қа келгеннен ақыл сұра» дегенді бекер айтпаса керек. Демек, Бәкеннің елге қызмет қылар дер шағы. «Аттан түспеңіз, асыл аға, тақымыңыз мықты болсын!» деген игі тілекпен әңгімемізді тәмамдаймыз.

29 маусым, 2012 жыл



*Герольд БЕЛЬГЕР,
жазушы, аудармашы:*

МАҚТАНЫШЫМ – ҚАЗАҚСТАНҒА ҚАЖЕТ АДАМ БОЛҒАНДЫҒЫМ...

Герольд Бельгер – жазушы, аудармашы. Қазақ, орыс және неміс тілінде қалам тербейді. Алпыстан астам кітаптың авторы. «Парасат», «Германияға еңбегі сіңген Крест» орденінің, Тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының иегері. Ресей жерінде неміс отбасында туған. Жеті жасында қазақ жерінен дәм-тұз бұйырып, қаймағы бұзылмаған қазақ ауылында өсіп, тәрбиеленеді. Ауыл ақсақалдары оны Карлдың баласы, сары бала, Кира деп еркелетсе, бүгінгі жастар Гер-аға деп өзімсінеді.

Қазақстан маған туған анамдай болды...

– Менің көзімше қазақ бауырларым Ресейге наразылық білдірген жағдайда құлағым қызарып шыға келеді, бұл маған ұнамайды, – деп Гер-ағаң әңгімені төтесінен бастады. – Өйткені мен Ресейде туған адаммын. Еділдің бойындағы Саратов облысы Энгельс қаласының тумасымын. Бұл қала бір кездері неміс автономиясының астанасы болған. Біреулер Ресей туралы жаман сөз айта бастаса, өзімнің ресейлік екенімді еске түсіремін де, бұл сөздер көңіліме тиеді. Бірақ Ресей маған туған анамдай болмады, қазақы тілмен айтқанда, өгей шешедей болды. Өйткені орыстар туған-туысқандарымды, бүкіл

халқымды жер аударды. Демек, Ресейге жас кезімнен өкпем бар. Ол есейсем де көкірегімде шемен болып қатып қалып қойған. Маған туған ана болған – Қазақстан. Осы елде өстім, тәрбиелендім, оқыдым, Қазақстанға қажет адам болдым. Менің байлығым да, мақтанышым да – осы. Көзімше өзге ұлттар қазақты я Қазақстанды жамандайтын болса, мен тіпті өршеленіп шыға келемін. Өйткені ол жүрегіме тікелей әсер етеді. Жақында футболдан Еуропа чемпионаты өтті. Футболды қызықтап қараймын, бірақ тек немістерге жанкүйер болып, солар үшін «ауырамын». Өйткені олар маған тіпті жақын. Қаным немістікі, оны жасыра алмаймын, немістер футбол ойнаса болды делебем қозып шыға келемін. Демек, үш ел де маған жақын, туыс, жаратылысымның психологиялық ерекшелігі де осы болса керек.

Жеті атасын жатқа соғатын неміс

Гер-ағаның ата-бабаларының тарихы Ресеймен байланысты. Жетінші не сегізінші атасы Андреас Бельгер «ерлік» жасап, 1767 жылы қырық жасында Еділдің бойына қоныс тебеді. Ол Германия деген ел жоқ, жеке-жеке князьдықтарға бөлінетін заман. Луиза дейтін қосағы мен екі баласын алып Ресейге тұрақтап қалады. Атай шаруа адамы болған. Ресей мен Қазақстандағы Бельгерлер онша көп емес, барының арғы аталары сол Андреас бабадан басталады. Ал жиен, қарындастарының зерттеп, зерделегеннен кейін көздері жеткені – Германияда Бельгерлердің үрім-бұтағы баршылық. Олардың ішінде ғалымдары да, қарапайымдары да бар.

Герольдтің әкесі – Карл, ол Фридрихтен тараған. Одан арғы атасы – Генрих. Қазақ бауырлары сияқты ол да жеті атасына дейін түгендеп шығуға бар. Санамалай келгенде бәрінің түп-тамыры Андреас бабаға барып тіреледі. 1941 жылы тамыз айында бұлардың отбасы біздің елге жер аударылады. Сөйтіп, Солтүстік Қазақстан облысы Шал ауданына (бұрынғы Октябрь ауданы) қоныстануға мәжбүр болады. Қазақ ауылына тоқтаған жалғыз отбасы болды. Ауылдағылардың бәрі қазақ, бір ғана орыс отбасы бар. Энгельсте жүргенде немісше, орысша сөйлеген болса, Қазақстанға келгеннен кейін оларды ұмыта бастады да, бала Кираның қазақ тілінде сөйлеуіне тура келді.

– Әкем Карл Қызыл әскерде жеті жыл болған. Мамандығы – әскери дәрігер. Ленинградта дәрігерлік училищені тәмамдаған. Айтпақшы, аталарымның бірі Генрихтің ресейлік патшаның әскерінде істеген

кездегі құжаттары менде осы күнге дейін сақтаулы. Қазіргі қазақ достарымның көбі қай жылы жарық дүниеге келгенін білгенмен қай күні туғанын нақты айта алмайды. Көктемде қар жауғанда, қара сиыр туғанда деп жатады. Менің туған күнім анық, тіпті нәрестелер дүниеге келгенде білегіне байлап қоятын анықтамалығы болады ғой, соған дейін сақтаулы. Онда «1934 жылы 28 қазанда №2 кеңестік ауруханада таңертең сағат 8.20-да туған. Салмағы – 3 келі 200 грамм» деп жазылған.

Әкем ауылдағы дәрігерлік бөлімшеде жұмыс істеді. Сегіз-тоғыз қазақ ауылының денсаулығына сол кісі жауапты болатын. Ол кездері ауылдың әйелдері босанарда ауруханаға бармайтын. Әуелгі кезде қанша ыңғайсызданып, қысылып-қымтырылса да, бірте-бірте үйреніп, кейіннен ауыл келіншектері дәрігерге барып қаралып, ем-домын алатын болған. Әкем ұзын бойлы, зор денелі адам еді. Өзі жұмыс жасаған отыз жылдың ішінде ол мың екі жүздей қазақ баласының кіндік атасы болыпты. Әкемді ауыл-аймақ керемет жақсы көрді, сыйлап, құрметтеді. Бельгер деген олар үшін жай адамның тегі емес, бір қызметтей көрінетін. «Мен ауданның Бельгеріне барып қаралдым» деп жататын. Оның қолынан келмейтіні, білмейтіні кем еді. Қазақтардың әкеме арнап шығарған өлеңдері де бар. Ауыл-ауылды жаяулатып аралап жүріп елге қызмет жасады. Шешем Анна Давыдқызы сол санитарлық бөлімшеде медпунктті тазалау, келген кісілерді жайғастыру, қолынан келетін емі болса жасау сияқты істермен айналысты, бір сөзбен айтқанда, әкеме көмекші болды. Сосын бала тәрбиесімен шұғылданды. Біз отбасында екі бала – үлкені мен, сосын өзімнен бес жас кіші Эльма деген қарындасым болдық. Кейін қазақ ауылында екі қыз бала дүниеге келді.

Қазақстанға келген алғашқы жылдары, әрине, қиын болды. Оларға қазақ ауылында бәрі жат еді. Неміс селоларында, қалада өскен Қираға тіпті қазақ ауылының иісіне дейін жат болатын. Дегенмен ойын баласы өзгені жатсынұшы ма еді, қазақ балалары оны тез өз орталарына қосып алды. Солармен ойнап жүріп-ақ қазақ тілін әжептәуір меңгерді. Әйтсе де қазақ әліпбиіндегі кейбір әріптерді үйрену біраз қиынға соқты. Жалпы, сабақтан үлгерімі тәуір болды, бірақ қазақ тілін толық білмегендіктен ол 1944 жылы екінші сыныпты қайта оқыды. Бастауыштағы Гүлшара Қасымова апайы оны жақсы көретін. Орыс мектебі бұл жерден жиырма бес шақырым жерде еді. Сондықтан оның қазақ мектебінде оқуына тура келді. Бірақ оның бұл қадамы кейіннен

тағдырына үлкен септігін тигізді деуге болады. Қазір ол «Мен қазақ мектебінен білім алдым» дегенді мақтанышпен айтады.

Өлең жазудың машақаты

– Мектепте аса тентек болған жоқпын, тәрбиелі бала болдым деп айта аламын, – дейді Герольд Карлұлы балалық шаққа ойша саяхат жасап. – Бірақ қырсықтау болғаным рас. Конституция, тарих, әдебиет сабақтарында кері сөйлеп, мұғалімдердің әбден қитығына тиетінмін. Дегенмен кітапты бала күнімнен көп оқыдым.

Тағы бір ерекшелігім, 8-сыныптан бастап өлең жазуға құмар болдым. Әлбетте, өлеңді қазақша жаздым. Бірақ өлеңдерімнің өлең сыйқы жоқ, қазір алып қарасам, күлкім келеді. Маяковскийге еліктедім бе-ау. ҚазПИ-ге түскенше бұл маған бір машақат болды. Өлеңді жанымды қинап, ұйқас іздеп әбден әлектеніп жаздым. Сондай қатты қиналып жазатынымды өзім білетінмін. ҚазПИ-де студент қазақ жігіті болды, күн сайын бір қызға ғашық болады да, жатақханаға келіп өлеңді бұрқыратып жазады. Ол өлеңді оңды-солды оңай сілтейді. Сол жігітке қарап өлең менің қолым емес екенін түсіндім. Өзімнің ақын емес екендігіме ақи-тақи көзім жетті.

Бала Кира 2-сыныптан бастап күнделік жазады. Өзі қатарлы бір топ бала «Кім болам?» деген тақырыпта шығарма жазғанда біреуі бригадир, бірі ауылнай боламын десе, Құдай аузына салды ма екен, бұл «Мен жазушы боламын» деп жазады. Соны айтуы мұң екен күнделік жазуды дағдыға айналдырды. Қазір оның қолында отыз бес дәптер күнделігі бар. Оның бәрін шығарса бес-алты том кітап болады, бірақ оны шығарудың ешбір қажеті жоқ деп санайды. Әйтсе де, бұл оның жазушылыққа бет бұруына алғашқы баспалдақ іспетті қимас қолжазбалары. Осынау өмірде ол талай адамдармен араласты, депутат болған кезі бар, шет мемлекеттерде көп болды. Сол кездерде көрген-түйгенін қағазға түсіргені өз алдына бір төбе. Міне, осындай қажет-ау, оқырманды қызықтырар дегендерін сұрыптап, қазақша «Өтеді өмір осылай...» деген атпен кітап шығарды, ал орысшасы биыл жарық көрмек. Қолжазбаларының барлығын Ұлттық кітапхананың қолжазба бөліміне тапсыруға келісіп қойған. Жалпы, оның архиві қомақты. Оны кейінгі жылдары Президент архивіне шетінен тапсырып келеді. Кітапханадағылармен «Өзім дүниеден озғаннан кейін жетпіс жыл бойына сақтаймыз» деген келісімшарт жасасқан. Оның өзгеден тағы бір ерекшелігі – ештеңені тастамайды, жоғалтпайды, хаттар, жедел-хаттар, құттықтаулар, папкалар, қолжазбалары – бәрі-бәрі сақтаулы.

Жанға жара салған жылдар

– Біздің жер аударылып келгеніміз жанымызға өмір бойы өшпестей жара салды. Менде төлқұжат болмады. Үнемі бақылауда болдым. Өзім жақсы оқыдым, белсендімін, комсомолдың мүшесімін, әкем – коммунист. Соның өзінде ылғи бақылауда болдық. 1953 жылы мектеп бітірген соң Қарағандыға барып институтқа түстім. Бірақ көп ұзамай жер аударылғандарды оқудан шығарып жіберді. Олардың ішінде неміс, шешен, ингуш, поляк, грек ұлтының өкілдерінен елу үш адам оқудан шеттеп қалдық. Сосын жоғары жақтағы бастықтарға, бюро мүшелеріне, Орталық комитетке белсенді түрде хат жаздым. Әдебиетке келуімнің бір сыры осында: кілең арыз, хат жазу, өтініш жасау менің қаламымды ұштады. 1954 жылы Алматыға келіп комсомол хатшысы Анатолий Федорович Шаловтың көмегімен эзер дегенде Абай атындағы ҚазПИ-ге оқуға түсіп, 1958 жылы оқуымды ойдағыдай тәмамдадым. Жақсы оқыдым, жоғары шәкіртақы алатынмын. Бір ғана «Марксизм-ленинизм» сабағынан «4» алдым, өйткені оқушы кезімдегі мұғалімдерге қоятын қырсық сұрақтарым соңымнан қалмады, мұғалімдердің басын әбден қатыратынмын. Қалған пәннің бәрінен кілең бестік.

Осылайша, саяси қуғынға ұшырауым маған өмір бойы ұмытпайтындай қатты әсер етті. Дегенмен мені қайраған, намысыма тиген, азаматтық жолға салған қиындықтың бірі осы болды.

Қазақ қызына ғашық неміс баласы

Ол да өзге бозбалалар сияқты мектепте оқып жүргенде алғашқы махаббат сезімін басынан кешірді. Қазақ ауылына әбден бойы үйреніп, өзі де сол ауылдың төл баласындай болып кеткен ол қазақ қызына ғашық болады. Бұл – ең бір кіршіксіз таза махаббат еді. Бұл ғашықтық хикаясы кейіннен оның «Дом скитальца» деген романында әдемі суреттелді. Бұлардың махаббаты жайлы хикаяны ауылдағылардың бәрі білетін. Ол бозбала Герольд өміріндегі тамаша бір кезең.

– 2-курстан бастап қыздарға қырындай бастадым, – дейді қайран жастық есіне түскен Герольд аға бетіне қан жүгіріп. – Бірақ он екі жасымнан аяғым ауырып, балдақпен жүрдім. Сол себепті ыңғайсызданып, өзімді-өзім тежеп ұстайтынмын. Таңертеңнен кешке дейін кітапханадан шықпаймын. Ол кездері ҚазПИ-дің директоры (ректор емес, осылай аталатын) Мәлік Ғабдуллин еді. Ол кісі мені жақсы көрді және

жанына жақын тұтатын. «Балықшы балықшыны алыстан таниды» дегендей, бейпіл сөзге құмардың бірі сол кісі болатын. Төрт жыл институтта, үш жыл аспирантурада оқып жүргенде Мәлік ағамен үнемі шахмат ойнадық. Шахматты өте жақсы ойнайтын. Директорымыз маған лекцияға еркін қатысуға рұқсат берді. Таңертең жұрттың бәрі сабаққа кіріскенде кітапханаға барамын. Мәкеңнің көмегінің арқасында аспиранттарға арналған бөлімде маған жеке үстел беріп, кешке дейін сол жерде кітап оқитынмын. Ешкімді жібермейтін құпия бөлімдерге де рұқсат қағаз алып, сирек қорлардан да өзіме қажет білімді алдым. Кілең Лев Троцкий сияқты Кеңес Одағына қарсы жазылған әдебиеттерді оқитынмын. Сондықтан қыздарға бәлендей жақындай қойған жоқпын. 3-курста жүргенде «Осы мен де өзгелер сияқты қыздарды айналдырып көрейінші, қалай болар екен?» деп ойладымын. Ол кезде жұрттың көбі біле бермейтін Сергей Есенин, Семен Надсон сияқты ақындардың махаббат, табиғат, ішкі сезім жайлы өлеңдерін жаттап алып, қыздарға соғамын. Гитарада тәп-тәуір ойнадым. Анау айтқан дауысым жоқ болса да, ән айтамын. Сондағы көзімнің жеткені – қыздарға жақындау, басын айналдыру түк емес екен де, олардан дер кезінде кетіп қалу қиынның қиыны екен. Онда да тым жақындау мәселесі жоқ, тек табиғаттың аясындағы махаббаттың буының өзі біраз жерге алып баратын. Кейін өзімді әйел атаулыдан бөлектеу ұстадым. Өйткені бұл шіркіндерге көңіл аудару керемет көп уақытты талап етеді екен. Ал мен жас кезімнен уақытты үнемдеп, есептеп үйренген адаммын. Кейде «Апырым-ау, жастық шақта ойнап-күліп жүру керек еді-ау. Өне бір қызды қолдан шығарып алдым-ау» деп өкінетін кездер болады...

Үйленіп, оғау құру жайлы шындап ой түскенде өзі ұнатып, ғашық болған, институтта бірге оқыған Раиса Хисматулина деген жартылай татар, жартылай украин қызына сөз салды. Екеуінің қол ұстасып мына өмірдің қызығы мен шыжығын бірге көріп келе жатқанына елу төрт жыл болыпты. Ол сол жылдардан бері мектепте сабақ береді. Гер-ағаң өз өмірбаяны жайлы айтқанда «Менің қазақтардан тағы бір өзгешелігім – бір ғана әйелім, бір балам, бір жиенім, бір жиеншарым бар» дейді. Қызы Ирина Мәскеуде тұрады. Әке-шешесі, екі қарындасы бақилық болған. Олардың бәрінің зираты Ташкентте. Қалған туған-туыстары Ресей мен Германияда. Ал қарындасының бірі Альма он жылдан бері Германияда тұрады. Содан туған жақсы көретін Артур деген жиені бар.

Досы көп, дұшпаны жоқ жан

Герольд Карлұлы «Марксизм-ленинизмнің үш тұғыры бар деп жүрдік қой. Менің дұрыс қалыптасып, адам болуыма әсер еткен де үш тұғырым бар» дейді. Оларды санамалап айтар болсақ былай өрбиді: біріншісі – ата-анасы. Екіншісі – қазақ ауылы. Осы жерде қазақ ауылы алдында өзін қарыздар санайтынын, қазіргі ауыл ахуалына жаны ашитынын айтып, өзінің балалық шағындағы ауылды тамсана еске алды. Ал оның үшінші тұғыры – кітап. Өзінің білім нәрімен сусындауына тікелей ықпалы тиіп, тәрбие берген мұғалімдеріне бас иеді. Әдебиет сабағынан екі адамды атап өткісі келеді. Оның бірі – орыс тілі мен әдебиетінің мұғалімі Егорова Мария Петровна. Ол кезінде Ленинградта сабақ берген, Қазақстанға жер аударылып келіп, алғашында ұжымшардың шаруасында жүреді. Кейін оны мектепке мұғалім етіп алады. Ал екіншісі – қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген Жылкелді Мұқанов дейтін ағайы. Жылкелді ағай бір жағынан артист, музыкант, өзі өлең шығаратын жан еді. Ол сабақ бергенде бала Герольд іштей толқып отыратын. Сондықтан да «Біздің көкірек көзімізді ашқан сол Жылкелді ағай еді. Жалпы, ұстаздар жағынан менің жолым болды» деп еске алады ол.

– Аспирантурада Асқар Сүлейменовпен бірге оқыдым. Онымен өте жақын дос болдым. Ол – мықтылардың бірі, сирек кездесетін тұлға. Біз әдебиет ауылына Асқар Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Сайын Мұратбеков, Қалихан Ысқақов, Зейнолла Серікқалиев, Қадыр Мырза Әлі, Сағи Жиенбаев, Сабырхан Асановтармен бір уақытта келдік. Кілең мықтылар, кейін көбі Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты болды. Осы толқынның арасында мен де бармын. Аспирантураны бітірген бойда Әбдіжәміл Нұрпейісов «Жұлдыз» журналына шақырды. Мен оның «Қан мен терін» аудару үстінде едім. Сол жылдары Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Әбу Сәрсенбаев, Тахауи Ахтанов, Тайыр Жароковтармен таныстым. Біразының шығармаларын аударып та жүрдім. Олар маған керемет әсер етті. Жазушылар одағы өте мықты орган болатын, бостандықтың жалғыз аралы іспетті еді. Емін-еркін сөйлейтін, тыныстайтын, ойындағысын ашық айтатын керемет орган болатын, сондықтан маған лайық жалғыз ұйым сол болды.

Қазір жасым ұлғайғаннан кейін жиналыстардан қашқалақтап жүремін. Талай комитетке, комиссияларға қатыстым. Кеңес Одағы кезінде М.Горбачевтің алдына дейін барып Кремльді, Орталық коми-

тетті түгел аралап шыққан адамның бірімін. Маған жақсы әсер еткен адамдар көп болды. Соған қарағанда жұртқа жұғымды болған сияқтымын. Достарым көп, ал дұшпандарым бар деп айта алмаймын. Мені түсінбеушілер болуы мүмкін, сәл-пәл қызғанатындар да бар шығар, бірақ ашық дұшпаным жоқ.

Шындықты айтам деп «шымшып» алатыным бар

– Жалпы, мен иім жұмсақ болғанмен, бір сіресіп алсам қайтымым киын. Он бір жылдан бері «Время», «Дат» газеттерінде, журналдарда «Плетенье чепухи» деген еркін жазбаларды жариялап жүрмін. Оның бас-аяғын қоссам кемінде III томдық кітап болатын түрі бар. Соны оқыған жоғары биліктегілер «Әй, осы Бельгерін бұра тартып, кисайып кетіпті, осының өкпесі бар ма? Оған бірдеңе керек пе? Оған бір атақ немесе орден берсек пе екен? Соны біліңізші» деп бір-екі адамды маған жібергені бар. Шындығына келгенде билік басындағыларға ешқандай өкпем жоқ. Олардың маған жақсылықтары көп. Сонда да шындықты айтам деп кейде «шымшып» алатыным бар. Қоғамның өз құлағыммен естіп, көзіммен көріп тұрған ащы шындығын мен қалай жасырып қаламын? Оны айтуға құқым бар. Сонда әлгі дәу бастыққа Әбдіжәмил Нұрпейісов «Ойбай, мен негізі қасарыспамын ғой. Ал Бельгерің менен өткен қасарыспа. Мықты болсаң бұл жайында өзін барып сөйлес» депті. Бірақ ол менің алдыма өзі келуге бата алмады. Біреуі келіп еді, оны өзім қуып шықтым.

Дегенмен бір кездері маған сенімсіздіктер болды. «Әй, сол немісті қойшы, біздің қазақта не шаруасы бар оның. Қазақтарға тиісетіндей кім ол өзі?» дейтін сөздер айтылып қалады. 1986 жылы Колбиннің кезінде тіл мәселесі көтерілгенде мені Орталық комитетте тіл бөлімінің бастығы етіп қойған. Соның аяғы шатаққа ұрынатынын білдім. Ол кездегі саясат бойынша мемлекетте қос тіл болса, сол ғанибет. Қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жарияламай, екі тілді қатар алып жүру жайы басты назарда тұрды. «Осы ойды кім жазсын?» деген мәселе туғанда бәрі «Бельгер жазсын» дегенге тоқталады. Менің көзқарасым да сондай болатын. Сондықтан «Казахстанская правда» газетіне бес-алты жылға дейін сөздіктерімізді дайындайық, сосын қазақ тіліне көшеміз» деген ойымды жазып шықтым. Соны айтуым мұң екен «Сенің екінші аяғыңды сындырамыз! Басыңды жұлып аламыз!» деген телефон қоңырауының астында қалдым. Жазушылар одағында да, Академияда да осы сөздер алдымнан шықты. «Біз қазаққа ара ағайын

десек, сенің мұның не?» деген нағыз қудалау басталды. Осы жайт маған қатты әсер етті. Өйткені қазаққа деген жаным таза, жан-тәніммен қызмет етіп жүрген адаммын, ешқандай иттігім жоқ. Әйтсе де, маған біраз теріс пиғыл білдіргендер болды. Осындай қиындықтар өтті бастан, бірақ одан шындалып шықтым. Қазір де ара-тұра «шымшитындар» болып тұрады. Әйтсе де бүгінде әжептәуір шыныққан, ұсақ-түйек шағып алғандарға мән бермейтін адаммын.

Қазақ – ерекше халық

– Құдай қазаққа бәрін молынан берген. Талантты да аямаған. Тек олардың Құдайдың берген талантын іске асыра алмай, жоғалтып жүрген жайы бар. Егер осындай талантты еврейге берсе, оны 100 пайыз пайдаланар еді. Ал неміс оның 80-90 пайызын жаратар. Орыстың да дарақылығы өз басына жетерлік, сондықтан ол 60 пайызын пайдаланар. Ал қазақ Құдай берген талантының 30 пайызын пайдаланса, соның өзі ғанибет. Соны пайдаланбай жүр. Ал жалпы қазақ жөнінде пікірім өте жоғары. Көп қасиеттерін жоғары бағалаймын. Әсіресе, шетелдерге, Германияға барғанда неміс жазушыларының, депутаттарының алдында сөйлегенде ылғи қазақтың ерекше халық екенін баса айтамын.

Енді не жетпей тұр, қазаққа? Өзінің байлығын өзі бағалай алмағандығы, ысырапшылдығы, сосын еліктегіштігі. Ауылдан келе сала француз я ағылшын не неміс боламын дейді. Қазақ қазақ болып қалуы керек. Қазақ болғаннан артық ештеңе жоқ, сонда ғана ұтылмайсың. Бәрібір сенен француз, ағылшын не неміс шықпайды, ал қазақтығыңды сақтап қалсаң, міне, азамат, бүкіл дүниежүзі алдында өзіңнің адамдық қасиеттеріңді сақтап қаласың дегенді мен осыған дейін тоқсан тоғыз рет айтқанмын, міне, бүгін сізге жүзінші рет қайталап отырмын.


Қазір менің ұйқымды қашырып мазалайтын нәрсе көп. Оның бірі – жоғарыда аздап тоқталып өткен қазақтығыңды, қазақтың менталитетін сақтап қалу, тіл мәселесі. Өйткені қазақтар қазір қалай болса солай сөйлейтін болды. Өзге тілдерді араластырып, ботқа жасайды. Сол жағы қатты ойлантады. Бұл келешекте қалай болар екен? Екінші, мені мазалайтын қазақ тілінің ерекшелігі, көркемдігі көп айтылғанмен қазақша сөйлеу мәнері жоғалып келе жатыр. Менің түсінігімде қазақша еркін сөйлегендер Әбіш Кекілбаев, Асқар Сүлейменов, Қайрат Жұмағалиевтердің шешелері. Солар сияқты нағыз қазақы әуенмен

мақалдатып, мәтелдетіп, ұйқастырып, қазақтың бұрынғы билерінше еркін көсіліп сөйлейтін адамдар жоқтың қасы. Қазір олар саусақпен санарлық. Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауиндер бар, марқұм Ақселеу Сейдімбек сөйлейтін. Қазір жапа-тармағай орысы, кәрісі, немісі бар қазақша сөйлейміз деп жатыр ғой. Бәрінің тілі жұпыны, өйткені қазақтардың өздерінің сөзі жұпыны. Мен де жалпы тәуірлеу жазғаныммен еркін көсіліп сөйлей алмаймын. Еркін, көркемдеп сөйлейтін адамдар азайып келеді. 5000-100 000 сөз сақтап қалармыз-ау, бірақ ол тілдің байлығы емес, қазақтың сөздік қорында миллиондаған сөз бар. Оның бәрін қиыстыра, ойната білу үлкен өнер. Абайдың өзін жұрттың көбі түсінбейді, оқи алмайды. Немістер де Гете деп қаксап жүреді, бірақ оны оқымайды, түсінбейді. Олар да тілін алашұбарлап әбден бүлдірген. Осы мені мазалайды.

Қазақ газеттерінің тұрақты оқырманымын. Қазақ журналистерінің көбі талантты. Әсіресе, таңғалдыратыны – қазақтың журналист қыз-келіншектері. Олардың бәрі пікірін ашықтау, ащы айтады, қорықпайды. Бұл – мақтаныш. Қайта біздің жазушы, журналист жігіттер жағында өз көлеңкесінен өзі қорқып жүргендер көп. Тығырықтан түбінде қазақтың қыз-келіншектері алып шығады-ау деймін...

Қазақтың дастарқанынан дәм татып, құдығынан су ішіп өскен Герольд ағаның қазақ жайындағы ұғымы өте жоғары. Оны талай жерде айтып та, шығармаларында жазып та жүр. Сексеннің сенгіріне аяқ басқан шағында Гер-ағаң әлі де тынымсыз еңбек үстінде. Осы материалды дайындамақ болып кездесуге келісімін алған кезде бірден «Бір сағат уақыт жете ме? Мен әрбір минутымды есептеп жүретін адаммын» деп ескертті. Осы бір ауыз сөзінен-ақ оның бойынан немістің қанында бар жинақылық, ұқыптылықты аңғардым. Әйтсе де қазақы тәрбиенің қаймағын қалқып ішкен қайран қарт қазақы дәстүрмен «Саған шай қойып берер шамам жоқ, келіншегім жұмыста. Сонда да мына кәмпиттен ауыз ти» деп қуыс үйден құры шығармады. Мен «Аға, сіздің мына әңгімеңіз ет асып бергенмен бірдей ғой» деп, әдемі әңгіменің әсерінен айыға алмай, іштей «Қазына қартым аман жүр» деп қимай қоштастым...

11 шілде, 2012 жыл



*Нұрғали НҮСІПЖАНОВ,
Қазақстанның халық артисі:*

ЕЛ ЫҚЫЛАСЫНЫҢ АР ЖАҒЫНДА НЕ БАРЫН ҰМЫТПАУҒА ТИІСПІЗ

Күміс көмей әнші, Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Нұрғали Нүсіпжановпен әңгімелесудің сәті түсті. Уәделі уақытта қызмет бөлмесінің есігін жайлап қағып, ақырындап ішке беттедім. Жұмыс істеп отырған қағазын үстелге қойып, «Қап, жұмысбасты болып отырып сені есіктің алдынан күтіп алмағаным-ай» деді сондай бір сыпайы қалыпта. Күллі қазақ құрмет тұтқан әнші ағаның соншалықты қарапайымдылығына тағы бір мәрте куә болып, жөн сұрасып, әңгімемізді бастап кеттік. «Сіз кімсіз? Қандай ортада туып-өстіңіз?» деп әңгімені бастай беріп едім, «Менің «Сіз кімсіз, Ка мырза?» деп осы уақытқа дейін өзінің кім екенін білмей жүрген студенттік кезден келе жатқан Асанәлі Әшімов деген досым бар» деп рақаттанып бір күліп алды. Сол жайдары қалпымен әңгіменің тиегін ағытты.

Ораз ағам орыстарды қуған ауыл

— 1921 жылы орыстар «Суды былғайсындар» деп, не қыстау, не жайлауға мал өткізбей, жергілікті халықтың әбден ығырын шығарады. Тіпті, бір ағамызды атып өлтіреді. Бұл біраз дау туғызып, Ораз Жандосов он солдатпен біздің Доланалы ауылымызға мәселенің түйінін шешуге келеді. Ораз аға «Атқан адамды беріңдер, ол революция-

лық сотпен сотталуы керек» дейді. Орыстар «Сен кімсің? Ол біздің мүддемізді қорғады» дейді. Жандосов Жер қатынастары жөніндегі мекеменің атынан осы мәселені шешуге келген ревсоветтің мүшесі болатын. Орыстар оның лауазымына мойынсұнбай, кісі өлтірген адамды беруден бас тартады. Бұл кісінің ақылдылығы «Пәлен күні жер мәселесі талқыланады» деп халықты жинайды. Он солдат айнала қоршап тұрады. Осы жерде Жандосов шұғыл түрде ревсоветтің атынан «Жедел түрде бұл жерді босатындар. Әйелдерің үйден көтергенше керек затын алып шығады, еркектерге баруға рұқсат берілмейді. Артық-ауыс кимыл болса, ешқандай ескертусіз атылады» деп үкім шығарады. Сөйтіп, ол шұрайлы жерге жайғасып, еңселі үй тұрғызып алған орыстарды бір күнде ауылдан айдап шыққан. Біздің ауылдың осындай тарихы бар. Менің әкем Нүсіпжан осы оқиғаның куәсі болған, – деп әңгімені әріден бастады Нұрғали аға.

Құстарға құмар бала

– Өткен ғасырдың 1937-1938 жылдары қоғамға жайсыз болды. Ол тарихтан бәріне мәлім. Міне, сол 1937 жылдың 5 қаңтарында дүниеге келіппін, – дейді әнші аға. – Туған жерім – Алматы облысының Кербұлақ ауданындағы Доланалы ауылы. Мынадай әңгіме бар, академик Ахмет Жұбанов күйсандықта ойнап отырса, қызы Ғазиза «Әке, мына бір жерін дұрыс ойнамадыңыз» деп түзету енгізіпті. Сонда Ахаң «Ғазиза, айналайын, сен кешір мені, менің әкем сенің әкендей академик болған жоқ» деген екен. Екеуінің заманы екі түрлі ғой. Ахаң күйсандық дегеннің өзін кейін көрсе, ал Ғазиза апайдың көзін ашқаннан көргені сол емес пе?! Сол сияқты әкем Нүсіпжан кириллицадан оқып, хат танымаған кісі еді. Әйтсе де, бес уақыт намазын қаза қылмаған, исламның заңдылықтарының бәріне адал көзқараспен қараған, асқан діндар болмаса да, тәртіпті мұсылмандардың бірі болған жан. Әкем табиғатты қалай қорғау керектігін «Ағып жатқан суды былғама, обал болады. Жерді орынсыз жаралама. Жерді қазсаң, ағаш егесің бе, құрылыс саласың ба, әйтеуір жерге де, өзіңе де пайдалы нәрсе жаса. Жәндіктерді жәбірлеме, өзіңе зияны тимесе, тіпті, жыланды да өлтірме» деп үнемі айтып отыратын. Бала күнімде ұшқан құстың ұясы, жүгірген аңның апаны қандай болады екен деп қызығатынмын. Құстардың жұмыртқасы қандай болады? Балапаны қалай өседі? Осының бәрі мені қызықтыратын. Құлап кете жаздап жүріп биік жартастарға шығып, құстардың ұясындағы жұмыртқасын ұстап, балапанын сипап көріп қызықтайтынмын. Талай құстың балапанын қанаты қатайғанша

асырадым. Табиғатқа деген інкәрлігімді, құстарға деген құмарлығымды байқаған әкем қолымды қаққан жоқ. Қайта ақылын айтып, жем әкеліп беріп көмектесетін.

Шындығына келгенде, шешемнің азан шақырып қойған атын бәрі ұмытқан. Бойы аласа, шағын ғана кісі болатын. Жеңгелері сонысына қарай оны «Кәнден» атаса керек. Кейін бәрі солай атап кеткен. Бойы аласа болғанымен, шешемнің парасаты үлкен еді. Әнге құмарлығым шешемнің еңбегі деп ойлаймын. Ол іс тігіп отырғанда, шаруа жасап жүргенде ыңылдап, ақырын ән салып жүретін. Сол кезде байқағаным, үні өте таза болатын. Үні таза болуы – есту қабілетінің мықты болуынан ғой. Адамда талант деген шексіз байлық бар. Бірақ кейде адамның өзі соның қадірін білмеуі мүмкін. Мектеп бітірерде ән айтуға қабілетім бар екенін ұстаздарым айтып жүрді. Өзім де ән сала алатынымды, дауысым бар екенін сездім. Бірақ оның қаншалықты кәсіп қылатындай деңгейде екенін білмейсің ғой. Мұғалімдер «Консерватория деген жоғары оқу орны бар. Сонда барып, оқу керек» дейтін. Әке-шешеміз әліпби үйретпесе де өмірге, өнерге деген көзқарасымыздың қалыптасуына игі ықпал жасағаны рас.

Еңбекке ерте араласқан ұрпақ

Өншінің балалық шағы өте ауыр кезеңге тура келді. Есі енді кіре бастағанда Ұлы Отан соғысы басталды. Оларды титтейінен, тіпті, бес жас шамасында амалдың жоғынан ұжымшардың қара жұмысына пайдаланды. Өйткені адам жетпейді. Ауылдағылар тайлы-тұяғымен пішен шабатын. Балалар да пішеншілерге көмекші, пагончик-айдаушы болды. Екі өгіз жегіледі де, оған шөп шабатын машинаны тіркейді. Дөңгелегі айналғанда шөп шабатын механизмі жұмыс жасайды. Өгіздер тура жүру үшін оның алдынан бір атты жегеді. Аттың үстіне бала болса да, жарбитып бұларды отырғызып қояды. Кішкентай болғанмен қарайып отырған адам ғой. Таңертең бір кесе айранды ішкізеді де, бригадир оны алдына отырғызып атпен алып кетеді. Нан да өлшеулі. Бірақ жұмыс істеп жүргенде өздері тамақтандыратын. Ал шөп шабатын машинаның үстінде ересек адам отырады. Шалғыны көтеретін, машинаны тоқтататын сол. Талай рет қалғып кетіп, аттан ауып, шалғыға түсе жаздағанда сол кісі көтеріп алып, атқа қайта отырғызып қоятын. Әсіресе, 1944-1945 жылдары балалар солай жұмыс жасады.

– Мен осы уақытқа дейін зейнеткерлерге, Ұлы Отан соғысы кезінде тылда еңбек еткендерге жеңілдікпен шипажайларға берілетін жолдаманы пайдаланып көрмеппін. Әйтпесе, қабырғамыз қатпай жатып,

еңбекке араласқандардың бірі – менмін. Ауыл өмірі еңбексіз емес. Кейде балаларым мен немерелеріме қарап отырып, өзімнің балалық шағым есіме түседі. Әрине, олардың мен сияқты жұмыс жасауы міндет емес әрі замандары да мүлдем басқа. Дегенмен мектеп жасындағы балалардың өте ақ саусақ, қызыл тырнақ болып жүре беруі дұрыс емес. Амалын тауып, оларды еңбекке баулуға тиіспіз. Мәселе – балаларды пайдалану емес, оларды өмірге, еңбекке бейімдеу. Кітаптан оқыған нәрсесін қолымен істесе, олардың жадында сол жақсы қалар еді. Сосын өзге еңбек етіп жатқан адамның да қадірін біле алады. Кейде ауылдың мәселелері шешілмей жатады. Өмірі ауылды көрмеген, білмеген адам сол саланы басқарып отырғанын көресің. Тіпті, Үкіметтің ресурсын, қаржысын, техникасын бөлгенде де қателіктер кетіп, миллиардтаған ақшалар игерілмей, мемлекетке қайтып жатады. Қазір кеңшілік заман ғой, бір кездері сондай қателік жасағандарды әрбір дегенде «Халық жауы» деп атып тастайтын. Өйткені халықтың маңдай терімен жиналған әрбір тиын, теңге халықтың игілігіне жұмсалуды тиіс, – дейді Нұрғали аға қазіргі қоғамда орын алып жатқан келеңсіздіктерге қынжыла отырып.

Еске түссе, еріксіз езу тартасың...

Бала Нұрғали алғыр оқушы болды. 1-2 сыныпта бір-ақ жыл оқыды. Жаңа жылда оны екінші сыныпқа өткізді. Сол кезде оның «Бөтен балалардың қасына отырғызып қойды» деп үйге жылап келгені бар. Оның алғырлығы сондай, есептерді жүре шеше беретін. Мектеп жасына дейін қолына түскен қағаздың (ол кездері қағаз да қат қой) ағарған жеріне күйемен болса да сурет сала беретін. Солақай болды. Қазір қыздарының көбі солақай. Сол суретшілік кенже қызына қоныпты.

– Соғыс бітті. Ұжымшардың жұмысына балаларды көп апармайтын болды. Асық ойнаймыз, – деп жалғады әңгімесін Нұрғали аға. – Арамыздан шыққан «мықтылар» балаларды темекі тартуға, карта ойнауға үйрететін. Бір жағдайлармен түрмеге отырып келген ересектеу бірер бала болды. Солар үйретеді екен ғой. Олардың істеген әрбір ісі бізге қызық көрінетін, сондықтан олар не істесе де ерлік жасағандай болып, күллі бала еліктейтін. Бір нәрсеге жұмсаса, олардың айтқанынан асырып істеуге тырысатынбыз. Сол кезде дүкендер ақшаның орнына жұмыртқа қабылдайтын. Үлкендердің бәрі жұмыста, ауыл бізге қалады. Бір-екі рет ауылдағы барлық үйдің тауық қорасына кіріп,

жұмыртқаны көтергенімізше апарып дүкенге өткізгеніміз бар. «Бригадиріміз» темекі алады, ал бізге бір-бір кәмпит беріп қойса, соған мәз болатынбыз. Сурет салуға бейімім бар екенін айттым ғой, картаның барлық суретін қолмен салатынмын. Сөйтіп, карта ойнайтынбыз. 5-сыныпта оқып жүрген кезім. Бір күні топ бала карта ойнап отырғанбыз. Темекі тартуды үйренгім келіп, «талпыныс жасап» көрдім. Темекіні аузыма қыстырып алып, карта ойнап отырсам, көлеңкеден аттың басы, құлағы қылтиып көрінді. Жайлап бұрылып қарасам, мектеп директоры Сұлтан ағай тап желкемде тұр. Ойынның қызығына беріліп, қасымызға аттылы кісінің келіп қалғанын да байқамаппыз. «Жиналысқа саламыз, ата-ананды шақырамыз» деп жатыр. Мен жалынып-жалпайып «Ендігәрі темекіні аузыма алмаймын» деп сөз бергенім бар. Содан темекіні қойып кеттім. Сол кездерде қазақ ауылдарының көбінде жетіжылдық мектеп болатын. Ал келімсек орыстар тұратын жері құнарлы, табиғаты көркем Қоғалы сияқты ауылдардағы мектептер онжылдық. Біз жетіншіні бітірген соң, жаяулап-жалпылап Гвардия ауданы орталығы – Қоғалыдағы жалғыз қазақ орта мектебіне қатынайтынбыз. Кейіннен сол жерге барып үй жалдап тұрып, мектепте оқыдық. Интернатта жетім балалар ғана тұрады. Ата-анамыз ауылда, біз мұнда. Өзіңді студенттер сияқты сезініп, есейіп шыға келесің. «Өзің би, өзің қожа». Еркіндік. Ата-анамыз аздап тиын-тебен беріп қояды. Киноға барамыз. Аудан орталығына жан-жақтағы ауылдардан небір «опытный» балалар келеді. 10-сыныпта жүргенде, тағы да темекіге үйір бола бастадым. Өйткені «мықты» деген балалардың бәрі темекі тартады. «Одан менің қай жерім кем?» деп ойлайсың. Сол топтан бөліңгің келмейді. Ертелі-кеш өзіңмен-өзің. Ептеп қыздарға қырындап, қоқиланып жүреміз өзімізше. Оларға да «нағыз» жігіт болып көріңгің келеді. Бір күні мектептен келіп, аулада темекі тартып тұрсам, көрші орыс шал «Балам, байқаймын, сенің жігіт болғың келіп жүр-ау» деп салмақты қалыпта әңгіме бастады. «Саған бір кеңесім бар. Егер нағыз жігіт болғың келсе, онда бір саптыаяқ самагонды сіміріп жібер. Мына пәленді таста. Негізі сен өзі дұрыс баласың» деді. Өзі бидайдан, қызылшадан самагонды көп ашытатын. Самагонның бұрын да аздап дәмін татып көргем, не тәтті, не ашы емес, түкіріп тастағаным бар. Көрші шалдың әңгімесінен кейін қатты ойландым. Маған кәдімгідей өзінің қатарындай әңгіме айтып тұр. Ешқандай дәріс оқып, миымды ашытып жатқан жоқ. Нағыз еркектің сөзі. Не керек, әлгі қарттың сөзі маған қатты әсер етті. Сөйтіп, темекімен мәңгілікке қоштастым.

Мен қалай шопан болдым?

Нұрғали Нүсіпжанұлының алтын ұя – мектепті бітірген кезі бүкіл Одақ бойынша тың және тыңайған жерлерді игеру жылдарымен тұспа-тұс келді. Радиоқабылдағыш көше-көшеде саңқылдап тұратын. Комсомол ұйымындағылар да пысық еді, үгіт-насихатты жақсы жүргізетін. Ұлы Отан соғысында ер-азаматтардың көбі шейіт болды. Қарттардың басым бөлігі жұмысқа жарамайды. Сондықтан жастарды мектеп бітірген соң, бір-екі жыл ұжымшар-кеңшарда жұмыс жасауға үгіттеді. Бозбала Нұрғали да қоғамдағы осындай қарекеттерден сырт қала алмады.

– Бұл жастардың есебінен жұмысшы кадрлар мәселесін шешу екен. Орыс мектебінің бір баласы осындай жұмысқа барған жоқ. Мұның бәрін кейін түсіндік қой. Мен де екі жыл қой бақтым. Жастайымнан бағып жүрген мал болған соң, оны соншалықты қиын шаруадай көргенім жоқ. Ағайым – аға шопан, мен – көмекші. Көрсеткішіміз жаман болған жоқ. Коммунистік партияның қатарына қабылдандым. Ол заманның бір жақсысы – қандай жұмыс істесен де сол жұмысыңның нәтижесі жақсы болса, сен қадірлі едің. Көше сыпырсаң да, мал бақсаң да жұмысың жақсы болса, абыройың асқақтап шыға келесің. Өткен заманға бас иетінім – сол. Жастар Үкіметтің марапатына ие болып, атақтар алып жатты. Газет-журналда аты аталады. Соның арасында аудандық, облыстық мәдени іс-шаралар болып жатты. Көркемөнер-паздардың жарыстары, малшылардың слеттері, тойларға концерттер ұйымдастыратынбыз. Сол кезде де өнерге деген құмарлығымыз бәсеңдеген жоқ, қайта екшеліп-екшеліп көзге түсе бастадық. Жастар ауылда жұмыс істеуге барғаннан кейін ауылдың мәдени ошақтары гүлдене бастады. Өйткені жастардың кешкі уақытын тиімді өткізу жан-жақты ойластырылды. Би кештері өтіп тұратын. Ауылға жан біте бастады. Социалистік Еңбек Ері марқұм Зылиха Тамшыбаевамен бір сыныпта оқыдық. Жеті қыз Шоқан ұжымшарына сауыншы болып кетті де, алты жігіт өз ауылымызда шопан болдық.

Директордың оқуын оқи алмады

1957 жылы Мәскеуде Бүкілдүниежүзілік жастар мен студенттердің фестивалі өтуі керек болатын. Әлем жастары бас қосатын үлкен форум. Капиталистік, социалистік мемлекеттердің жастары тіліне, дініне қарамай бас қосатын үлкен шараға дайындық басталды. Алдымен ауданда, сосын облыста іріктелгендер Алматыға келіп жиналды. Нұрғали Нүсіпжанұлы Алматыдағы іріктеуден Мәскеуге өткен жоқ.

Әйтсе де, әділқазылар алқасының біразы консерваторияның профессорлары екен. Солардың «Консерваторияға келіп, дауысыңызды тыңдатып кетіңіз» деген шақыруын алды. Сол фестивальдің арқасында консерваторияға жолы түсті. Оқуға баратын болып ауылға қайтты. Атасы (әкесін ата дейтін) қара бағланын сойып, ауылдың ақсақалдарын шақырып, бата сұрады. Олар «Қандай оқуға барасың? Кім бола-сың?» деп, бұдан кәдімгідей сынақ алды. «Сен осы жерде келіншек алып, шаруаны дөңгелетпейсің бе?» дегендер де болды. Атасы «Заманының ағымынан қалмасын, оқығысы келетінін білем. Нұрғали оқып шығатынына сенемін» деп кесіп айтты. Әкейдің осы сөзінің өзінде көп парасат жатыр. Қасымжан ағасының айтқаны есінен кетпейді. «Әй, Нұрғали-ау, көбі оқымай-ақ акын, әнші болып жүр ғой. Құдай берген талант болса, қайда барады? Сен осы директордың оқуын неге оқымайсың? Ертең мына ел-жұртқа кім ие болады?» деп сұрақты төтесінен қойды. Бірақ бозбала Нұрғали бұл сұрақты жауапсыз қалдырды...

– Консерваторияда жеті жыл оқыдым. Музыкалық сауатым болмаған соң, екі жыл дайындық курсына кетті. Алғашқы жылдары қиындау болды. Жалпы, біздің ұрпақтың еншісіне қиындау кез тиді ғой. Өзге ұлттар бізден оқ бойы озық тұратын. Бізге жол көрсетіп, ылғи ақыл айтатын. Осының бәрі ішті жегідей жейтін. Дегенмен консерваторияны ойдағыдай тәмамдап шықтым, – дейді Нұрекең студенттік шақты еске алып. – Консерваториядан кейін екі жыл опера театрында жолдамамен жұмыс істедім. Сосын ол жерде жүргеннен гөрі, қазақ әндерінің орындаушысы болғым келді. Табиғатыма ән жақын еді. Радиодағы басшылардан жұмыс сұрап едім, «Бір-екі аптадан соң кел» деді. Бір айдан соң барсам, әншілік орынға адам алып қойыпты. «Онда сен музыка редакциясына кіші редактор болып жұмыс істей тұр» деп жұмысқа алды. Сол әншілік орынды он жыл күттім. Дегенмен қарап отырған жоқпын, музыкалық бөлімнің жұмысын дөңгелентіп әкеттім. Шығармашылықтың көрігі қызып жататын. Бір жылдан соң аға редактор болдым. Сол кездері музыка редакциясын жанрларға бөлдім. Телевидениенің музыка редакциясының бас редакторы етіп тағайындады. Ол шаршау дегенді білмейтін «жүзіктің көзінен өтіп» жүрген кез ғой, шіркін...

Қыздарым – қуанышым

– Коммунистік партияның қатарында болдым. Партияның тәртібі өте қатал еді. Басқан әрбір қадамым елдің көз алдында. Ол кезде күнде

теледидардан түспейтінбіз. Шынын айту керек, көңіл көп жерде бар, бірақ оған мүмкіндік болмады. Біріншіден, жоғарыда айтқандай елдің көз алдында жүрміз, екіншіден, идеология майданындағы тәртіп өте күшті болды. Бізді әртүрлі делегацияның құрамында шетелге көп шығарды. Шет мемлекеттерге шығардың алдында әр адамға мінездеме толтырып отыратын. Сондықтан үнемі өзіміздің әрбір қадамымызға жауап беруге тиіс болдық.

Әнші консерваторияның 4-курсында оқып жүргенде үйленді. Үлкен қызы Бибігүл де өзінің жолын қуып, консерваторияны бітірді. Қазір Эстрада және цирк колледжінің директоры. Музыка зерттеу ғылымының кандидаты. Одан кейінгі екі қызы басқа мамандықтың иелері: Алма – дәрігер, Дариға – экономист. Құдай берген он шақты немере бар. Алды университет бітіріп, арты шетелде оқуда жүр.

– «Алматының оқуын дұрыстап бітіріп алсаңдаршы. Шетелді қайтесіңдер?» деймін оларға. Жас ұлғайғандікі ме, бала-шағам маңайымда жүрсе екен деймін. «Ананың көңілі – балада, баланың көңілі – далада». Аман болсын, өз заманында туып жатқан мүмкіндік болған соң қатарынан қалмағаны да дұрыс шығар. Әйтеуір істеген еңбегі өз ел-жұртының кәдесіне жараса болғаны.

Екі кіші қызым студент. Нұргүлім консерваторияның 4-курсына өтті. Осыдан екі ай бұрын Францияның астанасы – Парижде күллі әлемнің пианистерінің конкурсында бірінші орынды жеңіп алды. Әлемнің мәдени астанасы саналатын Парижден осындай жұлдемен оралғаны құтты болсын деп жатырмыз. Ол Әміре Қашаубаев көкеміздің қазақтың ән өнерінің қасиетін көрсеткен, күллі әлемге танытқан жері – Парижден олжалы оралды. Қазақ азаматтары қай салада болсын әлемдік деңгейде өз мамандығын меңгеріп, елінің атын шығаратындай қызмет атқарса, бұл – үлкен қуаныш.

Кенжетайым Нұрзада колледжді бітіріп, суретші мамандығын меңгеріп шықты. Музыкалық қабілеті өте күшті. Күләш Байсейітова атындағы музыка мектебін үздік бітірді. Скрипкашы. Бірақ кейіннен «Музыкант болғым келмейді» деп Әлем халықтары университетінің қасында тілді үйрететін колледж бар екен, соны бітірді. Енді жоғары оқу орнына сурет өнері, дизайн жағын таңдап, студент болды.

«Адалым менің» деп еміренген ағаларым-ай...

– Өмірімде жақсы, парасатты адамдар көп болды. Консерваторияны бітірген соң, Үкімет адамдары – Асанбай Асқаров, Кеңес Аухадиев сияқты азаматтар көп қолдау көрсетті. Рухани бағыт-бағдар берген ағаларымыз – Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков,


Асқар Тоқпановтар. Өрқайсысы асқар таудай азаматтар. Бауыржан Момышұлы көкеміздің құшағында болдық. Кемеңгер Димекенмен біраз аралас-құралас болғанымыздың өзі үлкен өмір мектебі. Кейін бір кездескенінде «Сенің қандай адам екеніңді түсінбедім. Қызметте жүргенімде екі рет алдыма келдің, сол кездері өзіңнің бас пайдаңа, бала-шағаңа ештеңе сұрамадың. Төрт құбыласы түгел адам болмайды ғой...» деген еді ағалық қамқорлықпен. Димекен осы сұрақты қойғанда қатты толғандым. Алдына келген мыңдаған адамның шаруасын шешіп отырған адам ғой, соның ішінде алдына бір кіріп шыққан жаман баланы ұмытпағанына риза боласың. Адамдардың ыстық ықыласының өзі саған күш береді. Адам не істесе де өзіне сеніп істеуі, өзінің бағыт-бағдары дұрыс екенін біліп істегені – бақыт. Өнерде Нұрғиса Тілендиев, Шәмші Қалдаяқов сияқты ағаларым болды. Солармен достығымды «Ұлы достық» деп айта аламын. Екі-үш ай кездеспей қалсақ, Нұрғиса аға көзіне жас алып, «Адалым менің» деп еміренуші еді. Соның бәрі адамға күш беріп, оның болашаққа деген көзқарасына үлкен сенім ұялатады.

Нұрғали ағаның айтуынша, адамның жігерленуі, алға ұмтылуы бір сәт бәсеңдемеуі керек. Адам ыстыққа да, суыққа да, аштыққа да, тоқтыққа да үйренеді. Бірақ еш уақытта өзінің қолы жеткен, көрініп тұрған нәрсесіне тоқмейілсімеуі керек. Елдің ықыласының ар жағында не бар екенін ұмытпауға тиіс.

– Қазақы қасиеттерімізді, адами болмысымызды міндетті түрде сақтап қалуға тиіспіз. Әйтпесе не үшін өмір сүреміз? – дейді ол. – Мүмкіндігінше бірімізді-біріміз бауыр тұтып, хан көтеріп жүруіміз қажет. Өмірдің қызығы да, парасаттылығы да сонда. Адамды жақсы көру, біреуге жақсылық жасаудың өзі – бақыт!

Үстіміздегі жылдың қаңтар айында мерейлі 75 жасқа толған Нұрғали Нүсіпжанұлы Жамбыл атындағы Қазақ мемлекеттік филармониясының ұжымымен жыл соңына таман елге үлкен концерт берсем дейді. Бұл концерт мерзімінен біраз кешеуілдеп өтуінің себебі бар. Өткен жылы желтоқсан айында өнер иесінің жүрегіне ота жасалып, біршама күтінуге тура келді. Осылайша, жарты ғасырдан астам уақыт халқын әнмен әлдилеген эзиз аға әлі де бабында екенін дәлелдемек. Ағамыздың сахнада ән салып тұрғандай бойын тіп-тік ұстап, сергек қимылдауына қарап қуандық және «Аман болыңыз, аға!» деп тілеулестік білдірдік.

19 қыркүйек, 2012 жыл



*Мақаш ТӘТІМОВ,
демограф-ғалым:*

БІЗДІҢ ҚАЗАҚ ХХІ ҒАСЫР БОЙЫ ӨСУІ КЕРЕК!

Қазақ демография ғылымының негізін қалаушы Мақаш Тәтімовті артық таныстырудың қажеті жоқ. Өйткені ол өз халқына сіңірген еңбегі арқылы әр қазақтың жүрегіне жол тауып, күні бүгінге дейін сол жолынан жаңылыспай келе жатқан жан. Ол сонысымен де елге сыйлы, қадірлі. Қазақ халқының басынан өткен небір зұлмат жылдар, ел басына түскен дүрбелең, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанған шуақты күндер жайлы Мақаш ағадан артық білетін жан кемде-кем. Бұл әңгіме сонысымен де маңызды, құнды болмақ.

Талғарда туған тарланбоз

– 1940 – Ұлу жылының 30 сәуірінде Алматы облысының қазіргі Талғар қаласындағы (ол кездері станица болатын) перзентханада өмірге келіппін. Ата-анам Талғардан төрт-бес шақырым жердегі қазіргі Ақдала (бұрын МТФ болған) деген малды ауылда тұрған екен. Әкем Байғалидың елу үш, ал анам Кенженің қырық екі жасында көрген сүт кенжелері екенмін, – деп бастады әңгімесін Мақаш аға. – Шешемнің жасы ұлғайып қалғандықтан әкем сақтық жасап екі өгіз жегілген ферманың арбасымен аудандағы жалғыз перзентханаға алып келіп табыстапты. Әке-шешем, бұрынғы жеті баладан ашаршылықта ерең тірі қалған – он жеті жасар Жәмел ағам, алты жасар Зәуре әпкем

(атылып кеткен нарком ағамның балалар үйінен асырап алған қызы), зұлматты атып-айдау кезі – 1936 жылы өмірге келген тете ағам Қайыркеннің қатарына біздің отбасының бір мүшесі болып мен қосылыппын.

Әке-шешем зұлматты жылдары куғын-сүргін көріп, Арқадан ауып келсе де, өзімді жетісулықпын деп санаймын. Әкемнің шыққан жері Абыралы – Дегелең өңірі (бұрынғы Семей облысы), ал шешем Ақтоғай – Тоқырауын бойының қызы (бұрынғы Жезқазған облысы). Бұл жерлердің бәрі баяғыда Қарқаралы уезіне қараған.

Әкем Абыралыдағы шаруалар көтерілісіне қатысқаны үшін қудаланып, ал шешемнің ата-анасы байлардың кәмпескесіне ұшырап, олар бір-бірімен жеті жылдан соң Жетісу жерінде жолығады. Бұрындары құдалар ретінде жақсы таныс болған олар дәм-тұздары жарасып, отбасын құрады.

Бір қызығы, төрт-бес жас шамасындағы балғын балалық шақтағы оқиғалардың көбі жадымда мәңгілік сақталып қалған. Соғыс жылдарындағы қиыншылықтар, Жеңіс күні, Кавказдан айдалып келген депортанттардың біздің ауылға орналасуы, ағамның жаралы болса да соғыстан аман-есен елге оралуы, ашыққан отбасыларға әкемнің көмектесуі, бәрі-бәрі күні кешегідей есімде.

Әкем он жас шамасында Абайды, ал орда бұзар отыздан асқанда Шәкәрімді көргенін айтатын. «Абай өздерінің нағашыларына, біздің «мыртық» Бошандарға ұқсас, ал Шәкәрім өз атасы Құнанбайдан аумайтын» деп отыратын. Шешем Кенже «Біржан – Сара» айтысын жатқа білетін. Тіпті елде болған Қамқа мен Қодар оқиғасын айтып, «Олар өсекшіл жұрттың өтірігінің құрбаны болды. Әсіресе, жас келінге обал жасады» деп тура айтып отыратын.

Уәлихановқа ұқсайтын бала

Бала Мақаш мектепке сегіз жасында барады. Оны сурет сабағы қатты қызықтыратын. География пәніне деген құштарлығы ерекше еді. 2-3 сыныпта оқып жүрген кездің өзінде сол Одақтас республикалар мен олардың астанасын жақсы білетін. Осы қабілеті үшін мұғалімдер оны мақтайтын. Бала емес пе, олардың жылы сөзіне кәдімгідей марқайып қалатын. Әскерден келіп сабақ берген Аңламас ағайы Шоқан Уәлиханов туралы айта келіп, «Міне, біздің Мақаш сол ағасына ұқсаған саяхатшы болып шығар» дегені бар. Өзге балалар мұғалімнің айтқан сөзіне ықылас білдіріп, бір жағы қызығушылықпен қараған да болар, жаппай күлгені есінде. Негізінде ол қақ-соқпен ісі

жоқ, жуас бала болды. Сол қасиеті оның түбі терең ғылымға байсалдылықпен ден қоюына әсері болғандай.

Ауылдағы мектеп төрт жылдық бастауыш қана болатын. Сөйтіп, ол 1952 жылы 5-сыныпты қалада оқитын болды. Алматы Талғарға қарағанда үлкен болса да оған бірден ұнай қойған жоқ. Аудан орталығындағы базардан ұйғыр мен дүнген, әзірбайжан мен түрік, кәріс пен қытайларды көріп, олардың тілін, іс-әрекеттерін қызықтаушы еді. Мұнда орыс ұлты басымдау екендігі аңғарылды. Бала болса да ағасына қойған бірінші сауалы «Алматы қазақтың астанасы емес пе? Мұнда неге қазақтар аз?» болыпты. Кейін ағасы «Сенің демограф болатыныңды қайдан білейік?» деп осы оқиғаны есіне алғаны бар. Қаладағы №18 жалғыз қазақ мектебі бұлардың үйіне жақын екен. Ол кездері бұл тек ұлдарға арналған мектеп болатын. №12 мектеп қыздарға арналған еді. Кейіннен екі мектеп қосылып, Алматыдағы жалғыз қазақ мектебі болып қалды!

Отбасының қоныс аударуына байланысты үш-төрт жыл Жамбыл (қазіргі Тараз) қаласында оқығаны бар. Бұл қаланың да бала Мақаштың өмірінде үлкен із қалдырғаны рас. Жамбыл қаласында жаман болған жоқ. Үлкен ағасының қызметі өсіп, осы облыстағы астықты жинау мен сақтаудың бастығы болды. Теміржол стансасы жанында кірпіш пен тастан қаланған жаңа үлкен үйге көшіп келді. №38 теміржолшылар мектебінде білім алуын жалғастырды. Бұларға тәжірибелі мұғалімдер сабақ берді.

– Өмірде бірде қуаныш, бірде қайғы астасып келіп жатады. 1953 жылдың күзінде, анығы 14 қазанда әкем, оның артын ала 17 қазанда шешем қайтыс болып кетті. Шешемнің жазылмайтын ұзақ науқасын уайымдаған күйгелек әкем миына қан құйылып, анамнан үш күн бұрын көз жұмды... Он үш жасымда әке-шешемнен айырылып, тұлдыр жетім қалсам да, ағам Жәмел мен жеңгем Бәтиманың арқасында қиыншылық көрмей өстім деп айта аламын, – деп еске алады ол сол бір кезді. – 1957 жылы Алматыға қайтадан көшіп келіп, бұрынғы №12 қазақ мектебінде оқи бастадым. Астанадағы жалғыз қазақ мектебі болған соң біздің мектепке шетелдік қонақтар жиі келетін. Сынып жетекшіміз Әлия Дүйсенова алайымыз білікті мұғалім болды. Қыс айының бір күнінде алайымыз сол кездердің өзінде атағы дүркіреп тұрған жазушымыз Мұхтар Әуезовпен кездесу ұйымдастырды. Ұлы жазушының сөзін естіп, өзін жақыннан көрейін деп алдыңғы қатарға елден бұрын жайғасып алдым. Мектеп оқушылары концерт қойып, Абайдың өлеңдерін оқыды. Кештің соңын ала бере Мұхаң оқушы-

ларға, мұғалімдерге ризашылығын білдіріп, көзіне жас алды. Баламыз ғой, «Бұл кісі сондай атақты бола тұра неге жылады екен?» деген ой көкейімнен көпке дейін кетпей қойды. Қазір ойласам, қазақтың қиын тағдырынан соң тірі қалған біз сияқты жеткіншектерді көріп, көңілі босаған екен ғой...

Елбасының үйлену тойы

Ол 1958 жылы мектеп бітірді. Ауыл шаруашылығы институтының агрофагына құжат тапсырды. Бірақ конкурстан өте алмай қалды. «Қазақ жастарын металлург мамандығына дайындау үшін Орал мен Сібір қалаларына жібереді» дегенді естіп, Еңбек ресурстары басқармасына барып еді, «Әлі ерте, бірақ жылы киімдерінді дайындай беріңдер» деді. Алматы ауыр машина жасау зауытында біраз уақыт жұмыс істеп, кейіннен Украинаға жолы түсті. Днепродзержинск қаласындағы №8 металлургтер училищесіне оқуға қабылданды. Бұл жерге арнайы жолдамамен Теміртау, Шымкент, Алматы қалаларынан келген жетпіс екі қазақстандық жастың өміріндегі бір белес осы болды.

– Училищеге оқуға қабылданғандардың қатарында Оңтүстік Қазақстан облысынан келген жігіттер көп болды. Олардың қазақшасы өзге аймақтан келгендерге қарағанда жақсы еді. Мен оларға қазақ тарихы жөнінде білгендерімді айта беретінмін. Түп-тамырымыз жайлы білу оларға ұнайтынын байқайтынмын. Осы қасиетіме қарай олар мені кейіннен «Қазағым» деп атап кетті. Алматыдағы зауыт кітапханасынан Бекмахановтың «Казахстан в 20-30 годах XX века» деген кітабын тауып алып, Кенесары көтерілісі, басқа да қазақ тарихына қатысты оқиғаларды оқыған едім. НКВД цензурасының қолы зауыт кітапханасына жетпей қалған болуы керек.

1959 жылдың қаңтар айында бүкілодақтық үшінші халық санағы болды. Училище директоры Симченко өз кабинетіне шақырып алып, училищеде санақ жүргізуге көмектесуім керектігін, бұл ұсынысты оған старостамыз Нұрсұлтан Назарбаев айтқандығын жеткізді. Бір қызығы, сол кездің өзінде біздің ұстаздарымыз «Вот среди вас учится такой хороший парень – Нурсултан Назарбаев. Он будет Председателем вашего Казахстана» дейтін. Құрдас болғандықтан оған онша көңіл бөлмесек те, шын иланатынбыз. Міне, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлымен алғашқы таныстығымыз осылайша басталып еді. Старостамыз Н.Назарбаевтың көмегімен өмірімдегі тұңғыш санаққа қатысып, сол кезде Украинада тұратын 875 қазақтың қатарына өзіміз оқитын училищедегі 72 жерлесімізді ресми түрде тіркедім. Мен үшін

демография ғылымы осылайша басталды, – дейді Мақаш Байғалиұлы жалындаған қайран жастық шақ жайлы еске алып. – Оқу мен тәжірибелік сынақтан өткен соң Теміртауға түпкілікті келдік. «Восток» жастар қалашығында тұрып жаттық. Ол кездері Теміртауда қазақтар тіпті аз болатын. 60-жылдардың бас кезінде Нұрсұлтан Әбішұлы Қарағандының Нұра ауданынан келген өжет қыз Сара Алпысқызына үйленді. Ол кездері комсомол тойын жасайтын. Жертөледегі жұмысшылар асханасында үйлену тойын тойладық. Осы тойдан кейін жігіттер шетінен бас құрап, үйлене бастады. Теміртауда да қазақ отбасылары көбейе түсті.

Демографиялық даму ұлт санасын оятады

Қалайда жоғары білім алу бозбала Мақаштың арманы болды. Қазіргі Қазақ ұлттық университетінде этнография-тарих ғылымын меңгеруді ойлаған. Бірақ өмір басқа арнаға бұрып кетті. Мәскеу мемлекеттік педагогикалық университетінде білім алу бұйырыпты. Сабақтан кейін Ленинка – үлкен кітапханаға бару дағдыға айналды. Ресей империясының 1897 жылғы санағын тауып алып, оның алты томын өзара қосып, (Сырдария, Жетісу, Семей, Ақмола, Торғай, Орал облыстары мен Бөкей ордасы және Маңғыстау уезін біріктіріп) қазақ халқының жастық және жыныстық құрамын, кәсібі мен отбасылық жағдайын анықтады.

1926 жылғы санақ деректерін де осылайша зерттей бастады. ЦСУ-ға (Орталық статистика басқармасына) жиі барғыштап жүріп, статистикаға түпкілікті ден қояды. ЦСУ-дің төраға орынбасары Вострова оның талабын байқап, «Білімінді көтеремін десең Мәскеудің экономика және статистика институтында демографиялық статистика мамандығы бар. Сонда Урланис деген демограф-ғалым сабақ береді. Сол кісіні барып тыңда. Ол ізденімпаз жастарды жақсы көреді» деп кеңес береді. Расында да, Борис Цезаревич білмекке құмар студент жігітті жылы шыраймен қарсы алды және өз аудиториясының есігі ашық екенін айтты. Осылайша Мақаш аға демография ғылымының тереңіне қарай бойлай берді. Қазақ демографиясындағы қаралы «ақтаңдақтар» дертінің дауасын тек осы ғылым ғана тауып бере алатынын ішкі түйсік арқылы жете түсінді. Қазір Мақаш Тәтімұлы қазақ демография ғылымының атасы, Бебибұмның негізін қалаушы десек, мұның артында үлкен еңбек, ізденіс жатыр. Расы керек, қазақта бұл салаға осыған дейін ден қойып, ғылым екен деп бет бұрған жан болған жоқ.

Тіпті осы ғылым жолында ізденбек ойын білдіргенде Ғылым академиясындағы тарихшы Бек Сүлейменов «Қазақтың санын енді өсірмек түгілі, анықтай да алмайсың. Оның тамырына балта шабылды. Өзің түрмеге отырып, жоқ болып кетесің» деп ашық айтты. Ал Ғылым академиясының вице-президенті Ақай Нүсіпбеков болса тіпті бұл ойынан бас тартуын өтінді. Тек ғұлама ғалым Әлкей Марғұлан ғана «Ол қиын дүние ғой, абай болғайсың» деп жанашырлық танытты.

«Қазақтың басынан кешкен қаралы ақтандақтарды жан-жақты зерттеп, ақ-қарасын айыру менің пешенеме жазылғанын білмедім емес, жақсы білдім. Сондықтан да оған саналы түрде кірістім, нар тәуекел еттім. Оны жария ету менің ойымда болған жоқ. Ел үркетін шығар деп ойладым. Демографиялық даму кез келген қазақтың ұлттық санасын оятып, оны мешеуліктен шығарып, басқалар қатарлы даму жолына түсіретінін терең түйсікпен сезіндім. Бірақ алғашында ашық айтуға болмады, өйткені ол шынайы шындық туралы ақиқат еді...» дейді Мақаш аға әңгімені тереңнен қозғап.

– 1932-1933 жылдардағы ашаршылықты біреулер «нәубет» десе, мен «зұлмат» дедім. Бірі діни ұғым болса, екіншісі саяси ұғым. Осы саяси ұғым қазір ақырындап өз орнында қолданылып келе жатыр. Ғылым-білімде геноцид, ал қарапайым тілде «голодомор» деп айтуға болады. Қазақ тарихына жақындатып айтар болсақ, этноцид, яғни бір халықты немесе ұлтты болмаса ұлысты қырып-жою деген сөз. Бұл заманы өткен отарлау тарихында жиі қайталанған жағдаят. Ашаршылық туралы алғаш рет өз шешемнің аузынан бала кезімде естідім. «Колошокин» деген «болшайбек» шығып, қазақты қырып кетті ғой» деп отыратын. Саяси сауаты болмаса да «Осының бәрі сорлы қазақты аяқ-қолын байлап, орысқа жығып берудің амалы ғой» деп ашық айтқаны әлі есімде. Әкем «Семейдегі бір жиында Ахмет Байтұрсынұвтың өз аузынан «Альхамдулилла, аз емеспіз, алты миллион Алаш бармыз» дегенін естігенін айтатын. Шөп шауып жүріп те ол маған бұрындары қазақ өзбектен көп болғанын айтып қоятын... Кейіннен зерттеп қарасам, шынында да, бірінші Ресей империясының 1897 жылғы санағында санақ жүрмеген жартылай тәуелді Бұқар әмірлігі мен Хиуа хандығын қоса есептегенде қазақтар аттай 10-15 пайызға қазіргі өзбектерден көп болған. Қазір «Егер қазақ қырылмаса бүгінде санымыз қанша болар еді?» деп сұрайтындар көп. «Ақтабан шұбырындыдан» бері есептесек, небір зұлмат жылдарды бастан өткізбесе, қазақ 30 миллионнан мол асып, 35 миллионға жетер еді. Соның 27-28 миллионы Қазақстанның бүгінгі шекарасының ішінде болар еді.

Солай болғанның өзінде де көшпенді және жартылай көшпенді халықтың молдығымен, әсіресе, біздің солтүстік шекарамыз бұдан да терең ірге теуіп жатар еді. Көшпенділер көп болған сайын жайылымның аздығынан отырықшылыққа айналуға мәжбүр болар еді. Бірақ отаршылар қазақты 6 миллионға жеткізбей, отап тастап отырды ғой. Манағы 6 миллионның ішіне сол кездегі қырғыздар, қарақалпақтар, құрамалар да еніп отыр. Қазір басқалар – қытай, өзбек, үндіс, тәжіктер санын тежеуге мәжбүр болса, жоғалтқанымызды толтыру үшін біздің қазақ ХХІ ғасыр бойы өсуі керек! Мың өлген халықтың мың бірінші рет, яғни демографиялық қана емес, тіптен саяси және тарихи тұрғыдан есептесек те соңғы рет тірілуі заңды құбылыс.

Студент кезімде ірі масштабты Қазақстан атласында 27 «казгородокты» санап шықтым. Ол қазақтың «концлагерлері» еді. Ақтаңдақтарды осылай ашып, өлгендердің басына ескерткіш қою – болашақ жастардың парызы мен қарызы. Осындай «казгородоктардың» біреуін Нұра ауданының Есенбай ауылына жақын жерден малға силос шұңқырын дайындап жүргенде үстінен түстік. Аягөз стансасы жанында өлген 50 мың (!) адамның сүйегі жатқан «казгородок» бар деп естідім. Мешіт салайын деп орын босатпақ болған жерде аштан қырылған адамдардың сүйектері шашылып қалып, оны қоршатып қойдық. Іздесек, осындай қорымдар әлі де табыла берері ақиқат...

Шындығына келсек, ол кездері көшпенді қазақтар үшін қолдан жасалған ашаршылық – этноцидке саяси баға беру, оны холақост сияқты әлемдік тарихқа енгізу, БҰҰ арқылы басқа елдерге геноцид деп мойындатуды ойлаған жоқпыз. Тіпті ондай оңды сәт келетін шығар деп те ойлаған емеспіз. Ол кезде жас демограф ретінде маған ашаршылықтың көлемі мен зардабын анықтап, оның халық санындағы үңірейіп қалған апандай орнын анықтау керек болды. Бұл бастапқыда әрі заңды, әрі орынды әрекет еді...

«Жас тұлпардан» Желтоқсанға дейін

– Біздердің «Жас тұлпарымыз» туралы соңғы жылдары жиі әңгіме болып жүр. Бұл әңгімені көзі ашық, ұлтжанды, саяси санасы терең жастар қозғап жүргені мені қуантады. «Жас тұлпар» қазақ жастарының 60-жылдардың бас кезіндегі «жылымықта» қар астынан бұр ашқан нәзік бәйшешек іспеттес алғашқы саяси-мәдени бейресми ұйымы еді. Бұл ұйымда алғашында Мұрат Әуезов, Сәбетқазы Ақатаев, Болатхан Тайжан, Тимур Сүлейменов, Мұрат Ғылманов, қыздардан

Қорлан Рахымбекова, Әсия Махамбетова, Сара Тыныштығұлова, Сабырқұл Асанова, менің зайыбым Майра Ақшалова, тағы басқалар бар еді. Осылардың көбі қазақ мәдениеті мен ғылымының, Қазақстан қоғамы мен мемлекеттілігінің ірі қайраткері болып өсті. Көбі кезінде «Жас тұлпарда» болғаны үшін үш әріп – КГБ-нің ерекше тізімінде болды. Дегенмен олар өз талабы мен еңбегінің арқасында алға шыға білді.

Жас ұлттың буырқанған демографиялық өсімі түптеп келгенде, соның жемісі болатынына кәміл сенетінмін. Сол кезде көзге ұрып тұрған бұл әрі жағымды, әрі заңды үрдісті мен де жастұлпарлықтардың санасына сіңіруге бар зердеммен күш салдым.

Қазақтың сонау артта қалған нәубетті ашаршылықтан кейін небары отыз жыл өтсе де қайта қалпына келгенін, ал жеңіспен аяқталған соғыстан кейін оның санының егемендік алғанда 3-4 есе өскенін білімі жоқ көрсоқырлар мен ұлтжандылығы ұйықтап кеткен кейінгі мәңгүрттеріміз ғана көріп, сезіне алмады!..

Тың игеру жылдары әбден түсіп кеткен (27-28 пайызға дейін) мардымсыз үлес-салмағымыз егемендік алдында (1991 ж.) айтарлықтай 40-тың қырқасына шығып, бүгінде барлық халықтың үштен екісін құрап, түбінде төрттен үшіне жетіп, мен үшін қасиетті деп есептелетін 77 пайызға жететініне әбден сенімдімін (қалған 23 пайыздың 10-ы орысқа, 8-і өзімізге жақын шығыс диаспораларына және 5 пайызы еуропалық диаспораларға тиесілі болмақ).

Жастұлпарлықтар жастар арасында көп үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді. Беделі жоғары болды. Тек Мәскеу емес, Ленинград, Киев, Вильнюс, Қазан, Рига сияқты басқа да қалаларға шығып, жиындар өткізіп жүрдік. Осының бәрінің басы-қасында менің жан жолдасым Мұрат Әуезов болды. 1965-66 жылдары «Жас тұлпар» үшін қиын кезең туып, ол саяси қудалауға түсті. Бұған Дінмұхамед Қонаев сияқты ел ағалары дер кезінде араласып, ашық қудалаудан аман алып қалды. Осыдан жиырма жыл өткеннен кейін болған «Желтоқсан дүрбеленіне» «Жас тұлпарды» кінәлау әрі орынды, әрі заңды еді. Желтоқсан күнінің ертеңіне (17 желтоқсан 1986 жыл) менің жұмысыма келіп, «Ешкіммен араласпаңыз» деп ескерте тұра, үйімнен және сарайымнан үнқағаздар іздеп, тінтіп кетті. Өйткені алаңға шыққан жігіттер қыздарға «Қазақтың санын өсіреміз бе?!» деп ұран тастаған көрінеді. Менің ол ұранымды қыздар да қызу дауыспен қуаттаса керек! Мұның бәрі бүгінде көрген түстей болғанымен тарихымыздың бір белесі екені анық.

Ерекше тілек

– Демографиялық жастық шақтың арқасында Қазақ аман қалып, Орта Азиядағы бауырлары іспеттес әлі-ақ өз теңінің алды болып, озып шығады және жерінің кеңдігі нәтижесінде еркін дамып, өсе алады. Ең азайған 3,5 миллионнан (1933 жыл) осы ғасыр соңында 10 есеге дейін демографиялық даму мүмкіншілігі баршылық. Ол ғасыр соңында болмақ. Алдағы жақын жылдары қазақ өзінің біртұтас унитарлы мемлекетін игеріп отыру үшін кем дегенде 70 пайызға жетуі тиіс. Саны мен сапасын ғана емес, мәдениеті мен менталитетін, ділі мен дінін дамытқаны абзал. Өркениет тек қана қалада. Алтын бесігі өз ауылынан алыс шығып, әлі игерілмей жатқан өз қалаларын меңгеріп алуы қажет-ақ! Мысалы, қазақтардың пайызы аз Қарағанды мен Теміртау, Өскемен мен Қостанай, Кереку мен Қызылжар, Рудный мен Риддер, Степногорск мен Зырянговск, Приозерск мен Текелі, Байқоңыр мен Курчатов сияқты қалаларда қазақтар көптеп қоныстануға тиіс. Даладан қалаға бет алған, Оңтүстіктен Солтүстікке бағытталған урбанизация үрдісі мен миграциялық көші-қоны әлі алда! Оны тек реттей білу керек.

Мәскеудегі Ғалымдар үйіндегі демографиялық секция отырысында тұлпардың тұяғы, асылдың сынығы, Смағұл Сәдуақастың жесірі Елизавета Әлиханқызы Сәдуақасованың баяндамасын тындап, ол апамыздың өз аузынан «Ты браток, на правильном пути. Больше чем демография для казахов ничего нет. Ты на этом пути должен далеко идти. Держись, не оглядываясь по сторонам!» деп орыс тілінде өзінің аналық ақ батасын берген еді. Менің өмірімде одан артық тілек болмаған шығар!..

«Қайтсе қазақ көбейеді?» деп жарғақ құлағы жастыққа тимей жүрген Мақаш ағаға жиі қойылатын сауал – «Өзіңіздің қанша балаңыз бар?». Оған қазақ демография ғылымының атасы «Үш қыз, екі ұлдан тараған тоғыз немерем өсіп келеді. Алла қаласа, жақында шөберелі боламын деген үмітім бар» деп жауап береді. Ең бастысы, оның қазақ халқының ХХІ ғасыр бойы өсіп-өнуі керектігін ғылыми дәлелдермен бүгінгі ұрпақтың құлағына сіңіруі. Сонда ғана ата-бабамыздан қалған кең-байтақ далада еркін көсіліп, өзгемен терезесі тең дәрежеде өмір сүретінімізді айтады. Бұл жай сөз емес, ғылыми түрде дәлелденген ақиқат. Сондықтан да тек қана қазағымыздың қатары көбейіп, өсіп-өркендей беруін тілейік.

19 қазан, 2012 жыл



Сәт ТОҚПАҚБАЕВ,
генерал-полковник:

КІСІДЕН КӨРГЕН ЖАҚСЫЛЫҒЫНДЫ ҰМЫТУҒА БОЛМАЙДЫ!

Сәт деген есім қазақта сирек, бірақ осы есімнің қазақтың біртуар ұлы Тоқпақбаевқа тиесілі екенін елдің бәрі біледі. Бала күнгі арманға жету, екінің біріне бұйырмайтын бақ. Балалық шақта барлаушы болуды армандаған Бесімбайдың ұлы дегеніне жетті. Әйтсе де, бұл жолда көптеген өмір соқпағын басып өтуге тура келді.

Байдың тұқымы екенімді кейін білдім

– Әкем Бесімбай Тоқпақбайұлы мен анам Мағрифа Жақыпқызы бұрын Жамбыл облысында тұрған екен, – деп бастады әңгімесін Сәт аға. – 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін байларды қудалағанда қоныс аударған көрінеді. Кезінде әл-ауқатты, тұрмысты болыпты. Әкем де, анам да көзі тірі кездерінде бұл жайлы ештеңе айтқан жоқ. Кейіннен естідім. Мүмкін менің болашағыма алаңдаған болуы керек. Әкем өзі өмірден өткенше бұрынғы тіршіліктері, тұрмыстары, тіпті, туған-туыстары жайлы айтқан емес. Себебі мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінде (МҚК) жұмыс істедім. «Балама бір зияны тиіп кете ме?» деп сақтанған да болар. Әкемнің жалғыз інісі бар, басқа туыстары жоқ деген ұғыммен өстік. Байларды жаппай қудалаған шақта бұларға да «Малдарынды, дүние-мүліктерінді тәркілейді, өз-

дерінді итжеккенге айдайды» деген сыбыс жетеді. Сөйтіп, әкем мен анам, інісі Досымбай, тағы басқа бір-екі туысы мал-жайларын тастап, бір түнде қашып шығады. Кейіннен Түрксіб теміржолын салып жатқан жұмысшылардың арасына кіріп, бір-екі жылдан соң, солармен бірге Алматының төңірегіне келіп тұрақтайды. Іле ауданындағы ҚазЦИК ұжымшарында 1939 жылдың 17 қыркүйегінде өмірге келіппін. Осы ауданда Ынтымақ деген ауыл бар. Әкем сол жерде ұжымшарды ұйымдастырыпты. Қазір сол ұжымшарда Тоқпақбаевтардың көшесі бар. Талдықорғанға қарай кетіп бара жатқан жолдағы Шеңгелді ұжымшарында әкемнің інісі төраға болыпты. Ұжымшар ұйымдастырып, белсенді еңбек еткеннен кейін олардың түбін қазбалап, тексермеген болар деп ойлаймын. Әкемнің төлқұжатында «Іле ауданының №6 ауылында өмірге келген» деп жазылыпты. Дегенмен біздің ата-бабаларымыздың мекені Жамбыл облысының Шу және Мойынқұм аудандары екен. Бірақ заманның ағымына қарай құжат бойынша барлығы өзгертілген. 2002 жылы зейнеткерлікке шыққаннан кейін сол жаққа барып, туған-туыстарымызды іздестірдім. Ағайындарымызды тауып, ата-бабаларымыздың басына тас қойдым. Сол кезде қарттар «Ата-бабаларыңды білуші едік. Оларды итжеккенге кетті деп естуші едік. Тірі екенсіңдер ғой. Шудың ар жақ, бер жағының бәрінде сендердің ата-бабаларыңның малы өріп жүретін, бай болатын» деген. Бабаларымыздың қай шидің түбінде жерленгенін кім біледі, ол кездері көшіп-қонып жүрген адамдар ғой. Қарттар бір қорымды көрсетті. Сол қорымды қоршатып, ауыл мектебіне көмектесіп, жолын жөндеткен жайым бар. 800 үй тұрады екен, бабаларымыздың рухына арнап ас бердім. Ата-бабаларымыздың тарихы, өткені туралы естідім...

1969 жылы әкем Бесімбай өмірден озарда қызмет бабымен отбасыммен Мәскеуде тұратынмын. Нашарлап жатқанын айтып шақырты. Сол кезде менімен бақұлдасып отырып, оны-мұны тапсырып жатыр. Көбіне сыртта жүрген соң, «Әкем үшін не істей алдым?» деген ой келді ме екен, әйтеуір көңілім босап, көзімнің жасын тыя алмай қойдым. Тоқтайын десем, тоқтай алмаймын. Сол кезде әкем:

– Әй, осы миллион деген сан бар емес пе? – деді.

– Бар.

– Одан кейін қандай сан?

– Миллиард.

– Одан кейін ше?

– Триллион...

– Адам адам болып жаралғалы бері сонша адам өмірге келіп, кетті емес пе? О дүниеде жаман болса, солар қайтып келер еді ғой. Сен

сондай жақсы өмірді маған қимай отырсың ба? – деп әзіл-шынын араластырып, маған басу айтты. Менің ойымша, бұл да әкей мінезінің бір қырын, парасаттылығын көрсетсе керек...

Кітапқұмар

Бесімбай әкейдің оқуы шамалы болғанымен, өмірде тоқығаны көп кісі еді. Негізі, әрбір адам алдымен Тәңірге, сосын жарық дүниеге алып келіп, өмір сыйлаған ата-анасына қарыздар. Ата-анасы бала Сәтті қолдарынан келгенше оқытты. Сол заманда жұрттың бәрінің тұрмысы соншалықты мәз емес еді. Әсіресе, ауыл тұрғындарының тұрмысы ауыр болды. Соған қарамай «Балам оқысын, азамат болсын» деп тапқан-таянғанын оған беріп отыратын. Әкесі Кеңес өкіметінің 8 сомын зейнеткер ретінде алатын. Өзі тұрған жерде абыройлы болды. Зор денелі, еңбекқор кісі еді.

Әрине, әкей соғысқа кеткеннен кейін бар ауыртпалық анасына түсті. Қыстан шыққан кезде қардың астында қалған қызылшаға дейін қайнатып жеген кездері болды. Былай қарасаң, шіріп кеткен дүние ғой, талғажау етер басқа дәнеңе болмаған соң, амалсыз соны қалжауға тура келетін.

– Әлі есімнен кетпейді, жалғыз сиырымыз бар еді. Сол сиырды мойнына шынжыр байлап, өзі екі бөлмелі үйіміздің бір бөлмесіне қамап қоятын. Біздің ұрпақтың балалық шағы соғыстан кейінгі жылдармен тұспа-тұс келді. Әйтеуір, бағымызға қарай әкем соғыстан аман-есен елге оралды, – дейді ол тарихтың қатпарына үңіліп, – 3-4-сыныпта оқып жүргенде әкем жолдастарын үйге жинап алып, маған қисса-дастан, ертегілерді оқытатын. Содан болар мен кітап оқуға бейім болдым. Әлі күнге дейін көркем әдебиет оқығанды ұнатамын. Сол ауылда төртжылдық бастауыш мектепті бітіріп, одан кейін он шақты шақырым жердегі Комсомол ауылына барып, оқуымды жалғастырдым. Мектеп директоры Төлеухан Сәдуақасов деген кісі еді. Бала саны азайып кетсе, сынып жабылып қалатындықтан 5-іншіде оқып жүрген мені орысша сыныпқа апарды. Директор солай шешті. Сынып ашылды, бірақ менің сабақ үлгерімім төмендеп кетті. 6-сыныпқа барғанда орыс сыныбында қайтадан бала саны толық болып, мен қазақ сыныбында оқуымды жалғастырдым. Тағы екі-үш айдан кейін қайта орыс сыныбына жіберді. Сөйтіп, қазақ-орыс сыныбында қатар оқып жүріп, орысшаға біраз тіл сындырып, әжептәуір меңгеріп қалдым. Өзге балаларға қарағанда тілді тезірек үйрендім. Сол жерде 7-сыныпты бітірген соң, астанамыз Алматыдағы №22 мектепке келіп оқыдым. Қазақ мектебі болғанымен мұғалімдер жетіспей

ме, біраз сабақ орысша жүретін. Менің орыс тілінен хабарымның бар болғанының пайдасы тиді. Ол кездері Алматыда қазақ мектебі санаулы ғана еді.

Бозбала шақтың белесі

Кітапты көп оқығанның әсері ме, ол жастайынан барлаушы болуды армандады. Бірақ мектепті жақсы бітірсе де, тау-кен, география факультетіне құжат тапсырғанмен, түсу емтиханының біреуінен төмен баға алып қалды да, конкурстан өте алмады. Екі жыл ауылға барып жұмыс істеді. Ол кездері екі жыл еңбек еткендерге оқуға түскенде жеңілдік болатын. Бір жыл ұжымшарда, екінші жылы Боралдайдағы кірпіш зауытында қара жұмысшы болып еңбек етті. Үшінші жыл дегенде С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түсіп, оны 1963 жылы ойдағыдай тәмамдап шықты. Университетте оқып жүргенде, тәжірибе алмасу үшін Алматы қаласындағы Совет ауданының прокуратурасына жіберді. Әр студентті әр тергеушіге бөліп берді. Оншақты күн істеген соң, Сәт Бесімбайұлын ауданның прокуроры Өтеген Сейітов өзіне шақырып, сөйлесті. Оған бекітілген тергеуші мақтаса керек, прокурор бүкіл жағдайын сұрап білді. «Сен сабақтан бос кездеріңде бізге келіп жұмыс істе, кадр тапшы болып жатыр. Еңбегіңе қарай жалақы беремін. Сосын университет бітіргенде сынақ мерзімін өтемейсің, басшылармен өзін келісемін» деді. Онша көп уақыт істемесе де сол кезең оның қалыптасуына, ысылуына, тәжірибе жинақтауына өте үлкен көмек болды. Тергеуші ретінде елден сұрау алып, оны жазуды үйренудің өзі үлкен мектеп. Бәрі орыс тілінде жазылады. Жазғандары сотта қаралып, сол арқылы адамның тағдыры шешіледі. Сондай үлкен жауапкершілік. Қаражат жағынан да біраз қолдау болды. Оның алдында қосымша қаржы табу үшін Алматыдағы базаларда жүк түсіретін. Никольск базарының қарсы алдындағы жатақханада төрт жылдай тұрды. Соның алдындағы қазандықта от жағып, ақша табатын. Ол кездің бәрі өтті. Өтеген Сейітұлының жас жігіт Сәт өмірінің дұрыс арнаға бұрылуына, өз жолын табуына үлкен септігі тиді және ол кісіге алғысы шексіз.

МҚК-де сынақтан сүрінбей өтудің өзі оңай емес

Прокуратурадан кейін С.Тоқпақбаевты МҚК-не жұмысқа алды. Сөйтіп, Миніскіге біржылдық оқуға жіберіп, лейтенант шенін берді. Қайтып келгеннен кейін кадр бастығы қайда барғысы келетінін сұрады. Әке-шешесі Алматының маңайында тұратын болған соң, әрине, сонда қалғысы келетінін айтты. Сөйтіп, МҚК-де Айтан Жұмаділов

басқарған бөлімге қызметке қалдырылды. Сол жерде Төлеухан Айдарханов деген кісі оған қалай жұмыс жасау керектігін үйретті. Сондықтан да оны өзінің ұстаздарының бірі санайды. Содан кейін Бесімбайдың баласын барлауға тарта бастады. Ол уақытта барлау қызметінің жетекшісі Әбдіғали Байғарин еді. Әрине, олар Сәт Тоқпақбаев жайлы барлық мәліметтермен танысқан, тексерген. Қорытынды шығарып, Мәскеуге жібереді екен. Мәскеу жарай ма, жарамай ма, тест қабылдап, өздері тағы тексеріп алады. «Бәріне мұқият болындар, бәрін есте сақтандар. Сендер тез ренжисіңдер ме, жоқ па? Бәріне де қарап отырады» деп ескертті оларға.

– Жарты ғасыр өтсе де, сол кездегі сұрақтар күні бүгінге дейін есімде, – дейді барлаушы. – Мәселен, бірінші сұрақ былай болып еді «1856 году в Антверпене произошел крупный пожар...» деп басталып, шетелдің атақты суретшілерінің және олардың суреттерінің аттары айтылып, оның өртенгені жайлы хабардар етеді. Соны бір оқып шығады. Бітті. Оны есте сақтап қалуың керек. Содан кейін басқа салаға ауысып кетеді. «А Ж-дан 8 есе үлкен, Ж С-дан 3 есе аз, С Я-дан 7 есе үлкен» деген сияқты шым-шытырық сұрақтарды қояды да, ең соңында «А Я-дан қанша есе үлкен» деп сұрайды. Соны есептеп, басымды қатырып отырсам, тексерушілер жанымнан өтіп бара жатып, «Сіз Кеңес Одағындағы халық артисі атағын алған үш эзілкешті атаңыз» дейді. Әрине, ол кездері сұрақтың бәрі де орысша. Мен Вицин, Моргунов дедім де, үшіншісі қапелімде есіме түспей қалып, Шәкен Айманов деп жібердім. Бір уақытта «Үшіншісі кім? Жазып беріңізші» деп нақтылап сұрап, жазып алып кетті. Кешке қарай тест бітуге жақындағанда ең бірінші оқылған жазбадан естерінде қалғанын жаздырды. Екі күннен кейін тестің қорытындысы шықты. Тест тапсыру кезінде, менің өзімді жақсы ұстағанымды айтып, мақтады да, «Үшінші эзілкешті ұмытып қалды да, көршісін айта салды. Нағыз барлауға баратын адам» деп жатыр. Сонымен мені барлауға алатын болды. Ол уақытта Мәскеудің түбінде барлаушыларды дайындайтын №101 мектеп болатын. Маған «Сонда барып, екі жыл қытай тілін үйренесің» деді. Екі жылда қытай тілін үйреніп шығу мүмкін емес деп естігенмін. Ол кезде үйленгенмін, екі балам, әке-шешем бар. Үйде келіншегім екеуіміз ғана жұмыс істейміз. Соның бәрін ойлай келе «Бармай-ақ қояйын» деп өтініш айттым. Олар «Сен жас коммунистің, неге бармайсың?» деп қыса бастады. «Мен нағыз коммунист ретінде айтып отырмын, екі жылда қытай тілін үйрене алмасам, өзіме де, Отаныма да пайдасы тимейтін болса, өйтіп оқығаннан не пайда? Одан да ағылшын тілін беріңіз» дедім. Өйткені ағылшын тілін өз бетімше біраз үйренген болатынмын. Ертеңіне шақырып алып, «Сен

барлық жерде жақсы оқыған екенсің. КСРО-ның Сыртқы істер министрлігі жанындағы Жоғары дипломатиялық мектепке барып, үш жыл оқисың. Бірінші тілің – қытай, екінші тілің – ағылшын тілі болады» деді. Ол жерде МҚК-нің қызметкерлері, барлаушылары оқымауы керек. Сондықтан құжаттардың бәрі өзгертілді. Осылайша, өзім бала күнімнен армандаған барлаушы болып шыға келдім. Барлауда он жеті жыл қызмет істедім. 70-жылдардың аяғында Кеңес Одағы мен Қытайдың арасы шиеленісті. Сол кезде Қазақстанда Барлау басқармасы құрылды. Ол уақытта қытай жайында мағлұмат аз түсетін. Шыңжаң ұйғыр автономиялық районы жайлы да мағлұмат тым аз еді. Барлаушылар жоқтың қасы. Көрші елдің ауылында қандай реформа жүріп жатыр, сол арқылы Қытай мемлекетінің саясатын зерттейтінбіз. 1962 жылы аз уақытқа шекара ашылды. Осындай жағдай 1969 жылы да болды. Жыл сайын қар кеткеннен кейін қытайлықтар бергі бетке жақсы өмір іздеп келеді. Біз мына жерден қарсы аламыз да, олардың ішінен елімізге кім жау, кім жау емес екенін анықтаймыз және олардың ішінен барлаушыға жарайтынын таңдап алып, дайындап, барлаушы етіп, арғы бетке қайта жібереміз. Осындай операцияларды жүргізіп отырдық. Қыста шекарадан өте алмайды, өйткені із түсіп қалады. Бұл жасыл шекара арқылы жасалған операция деп аталды. Қар кеткенде өткіземіз, қар түсерде қайтып аламыз. Осындай операциялар Одақ тарағанша жүргізіліп отырды.

Мұндай да болған...

– Біздің де басымыздан әркілы кезең өтті. Оған уақытында ренжігенмен, өштесіп, біреудің артына түсетіндей жағдай болған жоқ. Шынын айтқанда, қазір сондай жағдайлар, тіпті, менің есіме де түспей отыр. ҰҚК (Ұлттық қауіпсіздік комитеті) – жұмысы ерекше. Өйткені, бұл – арнаулы орган, жұмысы – құпия. Дегенмен мына бір жайтты айта кетсем деп едім,.. – деп аз-кем ойланған Сәт аға әңгімесін одан әрі сабақтады. – 1995 жылы ҰҚК төрағасы қызметінде жүрген кезімде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Президенттің Күзет қызметін құруымды тапсырды. Алдымен, «Күзет қызметін құратын адамды тауып бер» деді. Бізде мұндай қызмет бұрын-соңды болмағандықтан, оған лайықты адамды ұсыну да қиын. Сол себепті әбден ойланып, Елбасыға «Нүреке, ондай адамды таба алмадым. Егер қажет деп тапсаңыз, өзім барып, сол қызметті ұйымдастырайын» деп ағымнан жарылдым. Сөйтп, ол кісі маған екі қызметті қатар тапсырды. Президенттің Күзет қызметінің бастығы және Республикалық гвардияның қолбасшысы болдым. Конституцияда екеуі екі қызмет, екеуін екі адам басқаруға тиіс орган. Президенттің Күзет қызметінің бастығы қызметіне кіріскен

соң, Америкада болып, олардағы Президент Күзет қызметінің жұмысымен таныстым. Олардың Күзет қызметі сол кездері Қаржы министрлігінің қарамағында болатын. Осылайша, айтарлықтай тәжірибе болмаса да Президенттің Күзет қызметін құрдық. Сол жылдары астана Алматыдан Ақмолаға көшетін болды. Президенттің Күзет қызметі, ҰҚК, Республикалық гвардияға ғимараттар алынды. Гвардияны да реформалау қажет болды. Шағын ғана әскери ұйым болса да, онда бес бірдей орынбасар бар екен. Реформа жасап, бес орынбасардың екеуі, яғни, екі қарагөз жұмыста қалды. Әрине, олардың жұмыстағы көрсеткіштерінің бәрі ескерілді. Соның біреуі Президенттің атына үстімнен арыз жазыпты. Он бір органнан тексеру келді. Елбасы маған қатты ренжіді, «Ұятқа қалдырдың» деп сөкті. Негізі, бұл былай болып еді: Гвардия құрылған, онда жұмыс істейтіндердің дені жастар. Олардың үйлері болмады, тәжірибеден өтетіндей мүмкіндік жоқ. Жаттықтыратын орындар да жоқтың қасы. Түстен кейін полициядағылар сияқты көше қыдыртады екен. Заңды қайта қабылдаттырып, гвардияның негізгі міндеті қандай екенін айқындап бердік. Кейбір кәсіпкерлерге «Тәуелсіз Қазақстанның арқасында сендер байыдыңдар. Жеке өзіме ақшаларың керек емес. Міне, есепшот. Гвардияда кілең жастар. Солардың баспаналы болуына мүмкіндіктеріңізге қарай көмектесіңіздер» дедім. Олардың әрқайсысы сол есепшотқа ақша аударды. Бұл – елде жекешелендіру басталып жатқан кез. Жекешелендірілген ғимаратты сатып алып, оны қайта жөндеуден өткізіп, 190 шағын отбасыға арналған пәтер жасалды. Сонымен қатар Жекешелендіру комитетінің басшысымен келісіп, отыз алты үш бөлмелі, төрт төрт бөлмелі пәтер алынды. Бұрынғы ДосААФ-тың базасын сатып алып, сол жерде әскери дайындық өтетін база, одан бөлек атуды үйренетін тир жасадық. Қарасай ауданындағы Қырғауылды елді мекеніндегі тау бөктерінен сарбаздардың демалыс үйін аштық. Арызда «Осылардың бәрінен өзі пайда көрді» деп жазыпты. Қаржы министрлігінен де келіп тексерді. «Аққа Құдай жақ» дейді. Оның арызындағының бәрі жалған болып шықты. Тексеріп келген орган да Елбасыға барып, жағдайды баяндапты. Президент «Кадрды дұрыс таңдап алмағансың» деп маған сөгіс берді. Әлгі арызқойды қызметтен босатты. Екінші орынбасарымды қызметінен төмендетті. Сондай бір жағдайлар болды. Дегенмен өмір жолымда жақсы адамдар да жиі кездесті деп айта аламын.

Рухымыз да, әлеуметтік жағдайымыз да көтерілді

– Тәуелсіздік алғаннан кейін үлкен лауазымды қызметтерде жұмыс жасадым, – дейді Сәт аға. – Тағдырым солай шығар, дегенмен жолым-

ның ашылуына себепкер болған – Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев. Бір айта кетерлігі, мен ол кісімен бір ауылдан не ауданнан емеспін, туыстық-жеқжаттық жақындығымыз да жоқ. Тек қызмет арқылы таныстық. Тәуелсіздік алған жылдары кадр мәселесі қиын болды. Бір жағынан, социализм жүйесінен бірден капитализмге өту тарихта болмаған. Бүкіл мемлекетті қайта құрып, аяғынан тік тұрғызу әркімнің қолынан келе бермейді. Бүгінгі жақсылықтың бәрі өз-өзінен келген жоқ. Дағдарыс, инфляцияны бастан өткіздік. Базарда, дүкенде түк болмады. Бас-аяғы жиырма жылдың ішінде қазақтың рухы да, деңгейі де, әлеуметтік жағдайы да көтерілді. Қазақтар дарынды халық, нені болса да тез үйренеді. Мәселен, тәуелсіздік алған жылдары «Қазақтар мемлекетті басқара білмейді. Нарықтық экономиканы жүргізе алмайды» дегендер болды. Бірақ біз аз ғана жылдың ішінде бәрін үйреніп, экономикамызды көтердік. Бұл жерде халқымыздың адал ұлы, аяулы перзенті Елбасының еңбегі зор. Тәңірге де, ата-анама да осындай кезде өмір сүргенім үшін рақмет айтамын. Қытайлықтардың ең ауыр сөзінің бірі – «Өтпелі кезеңде өмір сүр!». Аумалы-төкпелі, өтпелі кезеңде өмір сүру менің де тағдырыма жазылған екен, осы кезеңде Нұрсұлтан Әбішұлының жанында болып, өзімнің қолымнан келгенше елім, жерім үшін, жас мемлекетіміздің қалыптасуы мен тәуелсіздігіміздің нығаюы үшін қызмет жасадым деп айта аламын. Менің қалай қызмет жасағанымды еліміз де, еліміздің патшасы Нұрекең де білетін шығар...

Елге ауызбіршілік керек

– Халқымызда «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» деген сөз бар. Біз ғасырлар бойы айтылып келе жатқан сол қағиданы өзгерттік. Жиырма жылдың ішінде ел жаңарды. Жоғары деңгейдегі мемлекеттердің қатарына қосылдық. Қызмет бабымен шетелдерде көп болдым. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары Қазақстан, қазақтар жайлы көбі білмейтін. Тіліміздің жеткенінше еліміз жайлы айтып түсіндіретінбіз. Кейінірек «Президентіміз Назарбаев» десек, ел біле бастады. Қазір қазақты бәрі біледі. Деңгейіміз өсті. Әрине, әр адам қай салада қызмет етті, қай жағынан маман, сол жағынан ел жағдайын көбірек біледі. Өз салам бойынша айтар болсам, бізге ең керегі – ауызбіршілік! Ауызбіршілік бар жерде тыныштық сақталады. Елдің қауіпсіздігі жоғары болады. «Бір күн ұрыс болған үйден қырық күн береке кетеді» дейді. Соңғы кезде лаңкестік әрекеттер бой көрсете бастады. Бұл бір күндік мәселе емес. Сондықтан біз оған қарсы тұруға үнемі дайын болуға тиіспіз. Ол үшін бізге кәсіби білікті мамандар қажет. Жастарымыз

білімді, білікті болсын. Экономикалық жетістіктеріміз мен айтпасам да белгілі. Әрине, әттеген-ай дейтін жерлер де бар. Оның бәрі біртіндеп орнына келеді. «Көш жүре түзеледі». Тіл мәселесі де біртіндеп шешіліп келеді. Жалпы, еліміз де, қоғамымыз да дұрыс жолда, бізге тек бірлік керек.

Немерелер өсіп келеді


Қызметтің жөні бір бөлек болғанмен, отбасылық өмірсіз бұл дүниенің мәні жоқ. Сәт аға да бұл пәлсапаны жоққа шығармайды. Өмірлік қосағы Раиса Қалназаровамен танысуға себепкер болған немере қарындасы, яғни, Досымбай ағасының қызы – Күлайша. Өйткені ол екеуі бірге оқыды. Раиса басқа ауылда тұратын, бірақ Алматыдағы №12 мектепте білім алды. Қарындасымен бұлардың ауылына да жиі келіп жүрді. Танысты. Достасты. Ұлы достық махаббатқа ұласып, отау құрды. Ол кейіннен ҚазМУ-дың Химия факультетінде оқыды.

Сәт Бесімбайұлы:

– Раисамен дәм-тұзымыз жарасып, отбасын құрдық, тату-тәтті өмір сүрдік. Ұл мен қыз сүйдік. Тағдырдың жазуы болар, балаларымның анасы 1983 жылы қырық жасқа қараған шағында дүниеден озды. Ол кездері әкем де марқұм болған. Қолымда анам, екі балам қалды. Екі жылдан соң, анам да қайтыс болды. Өмір атты белестің жарты жолында Құдай қосқан қосағыңнан айырылу кімге оңай тисін, балалар болса жас... Сосын Раушан Бақтыберлинаға үйленіп, онымен жиырма бес жылдай бірге ғұмыр кештік. Бірақ арамызда бала болған жоқ. Ол кісінің мамандығы дәрігер болатын. Дегенмен ол да денсаулығына байланысты өмірден ертерек, 2001 жылы кетті. Қазір қызым Гүлмира мен ұлым Дәулеттен бес немере сүйіп отырған жайым бар. Өмірдің ащысы мен тұщысы алма-кезек келіп тұрады екен. Әйтсе де немерелеріме қарап, шүкіршілік етемін...

Сәт ағамен салиқалы сұхбат жүргізудің сәті түскеніне бір қуансақ, оның жасымыздың кішілігіне қарамай, «Сіз» деген сыпайылығына қарап тағы бір сүйсіндік. Барлаушы болудан басталған жол ҰҚК төрағасы, Президент Күзет қызметінің бастығы, Республикалық гвардияның қолбасшысы, қорғаныс министрі сияқты жауапты қызметтерді атқаруға дейін алып келді. Жас тәуелсіз мемлекетіміздің қалыптасуына қомақты үлес қосқан Токпақбаевтың тоқпағынан қаншама Отан қорғайтын есіл ерлер тәрбиеленіп шықты. Бұл – біз үшін мақтаныш.

17 қараша, 2012 жыл



Мұрат ӘУЕЗОВ,
мәдениеттанушы-ғалым, дипломат:

ӨМІРДІҢ ӨЗІ МЕЙІРІМНЕН ТҰРАДЫ...

Қазаққа Әуезовтер әулетінің бергені көп. Ұлы Мұхтар Әуезовтен басталған бұл сара жолды ұрпақтары абыроймен жалғастырып келеді. Ал олардың ішінде жазушының төл баласы Мұрат Әуезовтің орны айрықша.

Меркі – менің мекенім

– Туған жерім – Жамбыл облысының Меркі ауданы. Бұл – қасиетті мекен, – деп бастады әңгімесін Мұрат Мұхтарұлы. – Есейген кезде өз туған жерімнің қазақ елі, Орта Азия тарихында орны ерекше екендігіне көзім жетті. Меркі деген сөздің өзі марказий, яғни орталық деген мағынаны береді. Кезінде ол Ұлы Жібек жолы бойындағы кәдімгідей беделді қала болған. Бұл жайлы орта ғасырдағы көптеген араб саяхатшыларының карталарында көрсетілген. Орта ғасыр, көне түрік заманы не болмаса сақ дәуірі кезіндегі небір ғажаптар осы өңірдің қойнауында өз сырын ішіне бүгіп жатқанына күмәнім жоқ.

Мұрат аға 1942 жылы желтоқсанның 31-інде түнгі 11-де дүниеге келіпті. Дегенмен құжат бойынша 1943 жылы қаңтардың 1-і деп жазылған. Ол Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кез. Әсілі, осылай жазсақ, әскерге кешірек алады деген болуы керек.

Ақылына көркі сай ана

Мұрат Әуезовтің анасы Фатима Ғабитова сұлу әрі өте білімді кісі болған. Ол XX ғасырдың басында 1903 жылы дүниеге келген. Туып-өскен жері – Қапал. Бірінші дүниежүзілік соғыста қолға түскен неміс тұтқындарын сол жерге айдап алып барады. Соның бірі Ида Карловна Кайзер жергілікті балаларды оқытады. Кішкентай Фатима да сол кісіден немісше жақсы үйреніп шығады. – Өзім де мектепте неміс тілін оқыдым. Сол кездері анамның неміс тілін менен әлдеқайда артықтау білетініне қайран қалатынмын. Мұсылманша өте жақсы білім алған анам – өмір жолында көп айдауға ұшыраған, бірақ ешкімге намысын таптатпаған, ірі азаматтық дүниетанымы болған жан. Ахмет Байтұрсыновтың арнаған өлеңі анамыздың өз кітабына енгізілген. Қазақ халқының асыл буыны – Алаш азаматтарының бел ортасында жүріп, соларға сай бола білген және тар жол, тайғақ кешу заманда оларды рухтандырып отырған. Ол халқымыздың мемлекет және қоғам қайраткері, публицист-жазушы Біләл Сүлеевке тұрмысқа шығады, бірақ ол репрессияға ұшырады. Сосын халқымыздың құлагер ақыны атанған Илияс Жансүгіровпен отау құрды. Көп ұзамай, Илияс аға да тұтқындалып, атылады. Олардан балалар қалды. Әкем Мұхтар сол балаларға қамқорлық танытып, әке орнына әке болды. Бұл сыйластықтың соңы олардың көңілі жарасып, нәтижесінде мен дүниеге келіппін. Мен Илияс Жансүгіровтің отбасында туып-өстім. Әкелеріміз бөлек болса да біздің арамызда ешқашан түсініспеушілік болған емес. Ата-анамыз бәрімізді бөле-жармай, жақсы көрді, туыс ретінде өмірлік көзқарасымыздың дұрыс қалыптасып, білім алуымызға бағыт-бағдар берді. Ол «Халық жауы» деп жалған айып тағылғандарға қол ұшын созбақ түгілі, олармен жақын араласудың өзі қиын заман еді. Бірақ әкем Біләл аға мен Илияс ағаның артында қалған балаларға өз әкелеріндей қамқор болып, қанатының астына ала білді. «Халық жауының» әйелі ретінде айдауға түскен анама үлкен қалаларда тұруға рұқсат етпеді. Сол бір жылдары ол өзінің қайраттылығын көрсетті. Меркіде жетіжылдық мектепте оқу ісінің меңгерушісі болып, мектепті онжылдыққа айналдыруға атсалысқан. Меркідегі шәкірттері осы күнге дейін асқан ілтипатпен ұстаздарын еске алады. Олардың анамызды өте құрмет тұтатынын көріп қуанамын.

Анамыз жайлы айтар естелік көп. Біләл Сүлеевтен туған Азат ағамыз Күләш Байсейітованың қызы Құралайға үйленді. Сол кезде

біз әкеміз арнайы сатып алған шағын үйде тұратынбыз. Күләш апа қызы мен күйеу баласына өз үйінде тұра беруіне рұқсат береді. Бұл ұсынысқа анамыз қатты қарсы болып, Азат ағама «Сен күшік күйеу болмақсың ба? Намысың қайда? Өз отбасыңның мәселесін өзің шеш» деп талап қойды.

Мәскеуде достарыммен «Жас тұлпар» ұйымын ұйымдастырған кезімде біздің негізгі бағытымызды, құпия сырымызды анам бірден түсініп, жанкүйер болып, қолдады. Ұйымымыз қуғынға ұшырағанда «Құлады жардан «Жас тұлпар» деген өлең жазған. Шешем қазақтың бай фольклорынан 100 мақал-мәтелді таңдап алып, бастырып, маған Мәскеуге жіберген. Ол маған үлкен рухани азық болды. Бұл мақал-мәтелдерде азаматтық сезім де, отансүйгіштік қасиет те, адамға үлкен демеу болатындай құдірет те бар. Шешеміздің ұлты – татар. Жазушы Герольд Бельгердің «Қазақтың XX ғасырдағы барлық трагедиялық тағдыры сол кісінің өміріне сыйған» деуі тегін емес. Оның үлкен арманы Қазан қаласына бір бару болатын. Тіпті менің дәстүрі, тарихы бай Қазан университетінен білім алуымды қалады. Бірақ мен Мәскеу мемлекеттік университетінде білім алдым. Қазіргі мендегі ең үлкен өкініш – «Құдай-ау, сол кездері анамды Қазан қаласына апарып келетіндей мүмкіндік болды ғой. Неге анамның арманының орындалуына мұрындық болмадым екен?» деген ой. Ол 1968 жылы қайтыс болды. Ол кезде жиырма бес жас шамасында болатынмын... Бірақ бір міндетімді орындадым. Қайтыс боларының алдында «Қапалымды бір көріп қайтсам» деген өтінішін орындадым. Талдықорған, Қапал, ар жағындағы Ақсуға барып, Ілияс Жансүгіровтің туған жерін аралап қайттық. Сол кезде «Мұрат баламның аяғын Ақсу жаққа байлап кеткелі келіп отырмын» деген сөзі жадымда мәңгі сақталып қалды. Сол да болса көңілге демеу...» деп қорытты анасы жайлы естелігін Мұрат аға.

Үлкен Әуезов әлемі

– Әкем Мұхтар Әуезовтің орны мен үшін әрине, бөлек. Ілияс Жансүгіровті де қатты сыйлаймын. Суреткер ақын ретінде өте жоғары бағалаймын. Ол екеуі – қазақ халқының алдында өз азаматтық борышын абыроймен атқара білген азаматтар. Әуезовтің «Абай жолы», Жансүгіровтің «Құлагері» небір зұлмат жылдарды басынан өткізген

көшпенді қазақ халқының рухын көтеру үшін бірі проза, екіншісі поэзия тілінде жазылған мәңгілік құнды дүниелер, – дейді кіші Әуезов.

Уақыт алға жылжыған сайын адам өткеніне көз жүгіртіп, қорытынды жасағандай болады. «Кім болдым? Не бітірдім?» деген сияқты. Мұрат Мұхтарұлы өзінің мақтан ететін сапалық қасиеттерін әкесінің тікелей әсерімен байланыстырады. Ол жаратылысынан жолаушы, жол жүргенді жақсы көреді. Қазақстанда ол бармаған жер аз. Түрлі экспедицияларға шықты. Моңғолиядағы Баян-Өлгей аймағындағы қазақтардың өмірімен танысты. Оны жол, кеңістік өзіне тартып тұрады, ол жол жүргенді аңсайды. Оған бала кезінен әкесімен Алматының төңірегінде, одан Қордай асып Ыстықкөлге жиі барғанының да ықпалы болған шығар. Әкесінің жел туралы толғанып сөйлегені есінде.

– Мағжан Жұмабаев өз өлеңдерінде желді әдемі суреттейді. Бұл өзгерісті аңсаған жанның бейнесі. Олардың армандары – самал жел емес, қалыптасқан жағдайды мүлдем өзгертетін дауыл. Әкеміз үлкен тәрбиеші бола білді. Балаларына ерекше көңіл бөлді. Қандай киім киеміз, қай мектепке барамыз, бәрін бақылап отыратын. Шешеме жазған хаттарынан да осыны аңғаруға болады. 1949 жылы әкем бізді Алматыға көшіріп алды және өз достарына, ортасына менің өз баласы екендігімді алғаш рет айтып, таныстырды. Ол кездері астанамызда екі-ақ қазақ мектебі болған. Бірінде ұлдар, екіншісінде қыздар оқитын. Әкем қолымнан жетектеп №18 мектепке апарып, директорына тапсырып, ана тілімде білім алуыма мән берген. Үш жыл сол мектепте оқыдым, – дейді Мұрат аға.

Бозбала Мұрат орта мектепті бітіріп, «Кім боламын?» деген мәселе туындағанда, әкесі оған көңіл бөліп, бағыт-бағдар берді. Арманшыл жеткіншек алдымен химик, сосын астрофизик болсам деді. Дегенмен ішкі түйсігі арқылы мән беріп, өзіне гуманитарлық білім жақын екенін түсінді. Сонда әкей оған жымыып қарап отырды да «Гуманитарлық білімнің екі түрі болады. Бірі – судың жағасында сая жерде жүріп, өзін гуманитармын дейді, ал нағыз гуманитарлар теңіздің тұңғыық тереңіне, дауылына төтеп беретіндей болады. Жеңіл-желпі алған біліміңмен өз-өзіңді алдап алысқа бара алмайсың» деп кеңес берді. Бұл арманшыл жасқа үлкен сабақ болды. Тарихты, әдебиетті, философияны нағыз ірі ғалымдардан үйрену керектігін түсінді.

– Әкемнің 50 томдық шығармалар жинағын әзірлеу барысында бұрын еш жерде жарық көрмеген көптеген жаңа дүниелер тауып ал-

дық, – дейді Мұрат Мұхтарұлы. – Ол – мұхиттай шексіз, барлық уақытын, өмірін қазақтың рухани өмірін көтеруге арнаған жан.

«Банды» болған жылдар-ай...

– Меркіде тұрғанда есімде қалғаны – бір сиырымыз болатын. Тауық, басқа да құстар ұстадық. Аға-апаларымыз не істесе мен де солармен бірдей оларға болысып, үй шаруасына көмектесіп өстік. Қабырғада шырақ ілулі тұратын. Соның жарығымен қолдарымызды неше түрлі кимылдатып қоян, түлкі, қасқырдың бейнесіне ұқсатып өзімізше мәз болып жататынбыз. Құдайға шүкір, Біләл ағаның баласы Азат та, Ілияс ағаның балалары да өте дарынды болды. Өмірдің өзі олардың шыққан тегінің тегін еместігін дәлелдеген. Әсіресе, Азат ағамыз көп оқитын, біз үшін оның білмейтіні жоқ сияқты көрінетін. Бәрін содан сұрайтынбыз. Біздің көзімізді ашып, санамызды оятқан – Азат ағам. Меркіде жер айдалып келген көптеген ұлттар болды. Солармен танысып, достасып, кітаптар тауып алып, оны үйге әкелетін. Сол кітапты дауыстап оқиды немесе мазмұнын айтып береді. Меркіде элеуметтік ахуалымыз қанша қиын болса да рухымыз мықты болды. Оған шешеміз де өзінің әсерін тигізді.

Алматыға келгенімізде анамыз Фатима Ілияс Жансүгіровтің заңды әйелі ретінде ортаға таныс, ал Ілияс ағамыз ақталмаған. Қазір қарап отырсам, әкем Мұхтар отпен ойнағандай күй кешкен екен ғой. Бұл өз алдына үлкен романның тақырыбы деп ойлаймын. Ол Біләлдің Азаты, Ілиястың Үміт, Ильфа, Болаты, менімен бес балаға бірдей әкелік мейірімін төге білді. Әкем Алматыда шағын үй сатып алып, бәріміз оның астын қазып, екі қабатты үй жасадық. Анамыз бізді еңбекке ерте араластырды. Сондықтан ерке бала болып шолжаңдауға мүмкіндік болған жоқ. Өйткені заманның өзі сондай еді. Анам 8-9-сыныпта оқып жүрген кезімде жазған күнделігінде «Мұрат мақтағанды жақсы көреді» деп жазыпты. Мақтанғандық емес, қай жерде жүрсем де көшбасшылыққа жақын болдым. Пионер болдым, отряд төрағасы, староста болып, балаларды ұйымдастырып жүретінмін. 8-9-сыныптарда көшеде жиналып, өзімізше «банды» болатынбыз. Басқа мектептің, ауданның балаларымен төбелесіп, қалада қайсымыз күшті екенін дәлелдемек болып шекісіп жататын кездер де болды. Нева даңғылының өз атамандары бар болатын. Бірақ біз келгенде олар ығысып, тайқып кететін. Бұл жасөспірім шақтың құбылып тұратын бір көріністері ғой...

Сабағым жақсы болды. Мектептегі көшбасшылық қасиетім институтта да жалғасын тапты. Бұл бәріне мәлім «Жас тұлпар» ұйымын құруымызға дейін алып келді. Мәскеуге барғанда алдымен вьетнам, корей тілін үйренуді бастағанмын. Сосын әкем «Араб тілін оқуың керек» деді. Араб тілін оқу үшін мектепте ағылшын тілінен сабақ алу керек екен, ал мен неміс тілін оқығанмын. Осылайша, қытай тілін меңгеруіме тура келді. Әкем тіпті осылай болғанының өзіне қуанды. «Қытайда қазақ тарихына байланысты көптеген қолжазба бар, сондықтан сенің бұл тілді меңгергенің халқың үшін пайдалы» деп оң көзқарасын, қолдайтынын білдірді, – дейді ол өткенге шолу жасап.

«Жас тұлпарға» демеу болған Димекен

Мәскеуде оқып жүргенде Мұрат Әуезовтің «Жас тұлпар» ұйымын құрғаны көпке мәлім. Ол Дінмұхамед Қонаевтың Үкіметті басқарып тұрған кезі болатын. Бұл ұсыныс жасап, Мәскеуде оқып жүрген алты студент кездесуге сұранды. «Қайдағы бір студенттер екен ғой» деген жоқ, ол кісі бұлардың көңілін жықпай қабылдады және жастардың мақсатын түсініп, сезді.

– Димаш Ахметұлы Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жатқа білген кісі екенін сосын білдім. Біздің жағдайымызды жақсы түсініп, «Жас тұлпардың» аяғынан тұруына демеу көрсетті. Михайл Иванович Есенәлиев аты-жөні орысша болғанмен, нағыз қазақ болатын. Ол – өте ірі тұлға. Михайл ағамыз Мәскеуде қоғамдық ғылым академиясында оқып жүргенде біз кездесіп, түні бойы әңгімелескенбіз. Жап-жаспың, сонын өзінде ой-пікірлерімді мұқият тыңдап, азаматтық пайымдарымызға көңіл бөліп, өзінің бізбен ниеттес екенін білдірді. Көп жағдайларда бізді сақтап, қамқорлық танытып жүрді. Димекен одан «Қамқорлығыңдағылардың қалі қалай?» деп, бізді сұрап тұрады екен. Жұмыссыз жүрген кездеріміз болды. Туған апайым Ләйлаға ерекше алғысымды білдіремін. Біздің шешеміз бөлек, әкеміз бір. Мен Фатимадан, ол кісі Валентина Николаевнадан туған. Мұхтар Әуезов мұражайын ұйымдастырған сол кісі. Ол – ғажап жан. Сын сәттерде ара түсіп, мені қиындықтан алып шықты, – дейді ол. – Жасыратыны жоқ, біздің оқып, білім алған ортамыз өте мықты болды. Мәскеу мемлекеттік университетінде философия, тарих, экономика саласында өте ірі мамандар жұмыс жасады. Сол жылдары Лев Николаевич Гумилевтің еңбектері шыға бастады. Ол – көп жылдар бойы айдауда болған

өте дарынды ғалым. Оның көне түріктің тарихы туралы шығармалары біздің ортаға үлкен әсерін тигізді.

Аспирантурада оқып жүргенде семинардың жетекшісі Георгий Гачев деген кісі болды. Орыстың мықты философтарының бірі. Досым Болатхан Тайжан екеуімізге оның еңбектерінің үлкен ықпалы болғанын айтқым келеді. Жалпы, біздің ұстаздарымыз мықты болды дей аламын.

Ғұмыры қысқа кітап

Өкінішке қарай, өмір болған соң қиындығы болмай тұрмайды. 1965 жылы «Жас тұлпар» ұйымы қанатын кеңге жайып үлгерді. Ұйымның атауын көпшілік білгенмен, оның мағынасына шындап мән беретіндер аз. Бұл тәуелсіздікке ашық ұмтылған жастардың жалғыз ұйымы болды. Олар өте қауіпті және құпия жағдайда жұмыс жасады. Мәскеу, Ленинград, Киев, Көкшетау, басқа да жерлерде оларды қолдаушылар табылды. 1965 жылы солардың бәрінің басын қосып, Алматыда үлкен жиын жасалды. Әнуар Әлімжанов, Сәкен Жүнісовтер оларды ашық қолдады. Нұрғиса Тілендиев ұйымның әнұранын жазып берді. Шәмші Қалдаяқов та қастарынан табылды. Жазушылар одағында өткен жиында әдебиет ақсақалының бірі дәл сол жолы «жастұлпарлықтарға» ашық қарсылық көрсетті. Мұрат Мұхтарұлы ол кісінің атын атағысы келмеді, өйткені әдеби ортаға бұл әңгіме мәлім. Ашық қарсылықтың салқыны «Жас тұлпарға» тимей қалған жоқ. Жер-жердегі оның бөлімшелерін жаба бастады, қысым жасалды. 1970 жылы Мәскеуден келгенде ол пікірлес әріптестерімен бірге көшпенділердің мәдениеті туралы зерттеу еңбек жазды, оның 3000 данасы басылды. Ол еңбекті Мәскеу Философия институтының ғалымдары жоғары бағалаған. Бірақ оны оқуға қатаң тыйым салынды, ақыры өртеп тынды. Бұл жағдай оның жанына қатты батты. Қуғын сол кезден басталды. Кітап әрқайсысының қолында бір-бір данадан ғана қалды. Он жыл өткен соң Ғылым академиясының Философия институты кешірім сұрағандай болып, кітапты қайтадан шығарды. Бірақ «Заман өзгерді, кітапқа да өзгерістер енгізу керек» деген талап қойды. Мұрат аға «Кітапты басып шығаратын болсаңыздар бір сөзін де өзгертпеймін» деп үзілді-кесілді бас тартты. Кітаптың екінші басылымында оның мақаласы өзгеріссіз шықты.

Ұлтжандылық – ұлы сезім

– Ұлтжандылық біздің әрқайсымыздың жүрегімізден орын алуға тиіс, – дейді қоғам қайраткері әңгімесін одан әрі сабақтап. – Тағы жастұлпарлықтарды еске алғым келіп отыр. Оларға сондай сүйсініп қайран қалатынымын. Көбі ауылдан келген балалар. Мәскеуде жоғары оқу орындарында оқып жүр. Кейбіреуі қазақша түсінбейтін. Бірақ жүрегіміз қазақ деп соғып тұратын. Орманға барып, ақсүйек ойнаймыз. Қазақтың мақал-мәтелдерін айтып жарысамыз. Кім орысша сөйлесе, соған 5 тиын айып салынатын. Ғажап бір кез болатын. Қыздар қандай әдемі, жігіттердің бәрі дерлік спортпен айналысады. Ұлтжандылық деген бұл – ұлы сезім. Адамды ажарландырып, нұрландырып, жігерлендіріп жібереді. Қазақ халқының саны тым аз. Сондықтан біз ұлттың сапалы болуын ойлауымыз керек. Ол үшін нағыз білім болуы керек. Тек диплом алу үшін білім қуудың қажеті жоқ, білімнің ұшан-теңіз тереңіне бойлай білуіміз керек. Алаштың азаматтары «Сегіз қырлы, бір сырлы» болған. Сыры – осы ұлтжандылық. Олар нағыз қазақ бола білді. Біз қазақтығымызды жүрегімізбен сезінуге тиіспіз. Өйткені заман – қатал. Мен геосаяси жағдайдан хабарым бар адаммын. Қытайдың, Ресейдің қаупі бар. Жаһанданудан қорқудың қажеті жоқ. Жаһандануды бастаған көшпенділер. Өзіміз мықты болып, өзіміздің барымызға ие бола білсек, жаһандануды қайта оң жағынан пайдалануымызға болады. «Жібек жолындағы сұхбаттар» деген семинар ұйымдастырып, қазақ-қырғыз болып кездестік. Биыл өзбек, тәжік, түрікмендер келіп, келелі әңгіме жүргіздік. Мұндай басқосулар араздықты жақындастырып, араздықты болдырмайды. Сыртқы істер министрлігі, Үкіметтегілер бұған онша мән бермейді. Әйтпесе, қауіптің үлкені – сол. Қазақтың үлкен кеңістікті билейтін сапасы болуы керек. Ол тек қана білектің күші мен найзаның ұшымен бітетін нәрсе емес, оған ақыл, білім, саясат, дипломатия керек. Біріншіден, біздің зор мүмкіндіктеріміз бар екенін естен шығармауға тиіспіз. Оған ешқандай күмән келтіруге болмайды. Тарихымыз терең, жеріміз бай, кең. Геосаяси жағдайымыз өте жақсы. Мұның әрқайсысының қарама-қарсы жағы да бар. Мысалы, геосаяси жағдайымыздың екінші қырын алып қарасақ, халқымыз аз, жеріміз кең, соны ұстап тұрудың өзі оңай емес. Іргеміздегі Ресей осы күнге дейін империя болғысы келеді. Ішкі жағдайда қазақтың бір-біріне қамқорлығы керек. Балаларын тастап кету, туыстардың бірін-бірі мойындамауы көбейіп келеді. Қазақтар

ашаршылық жылдары қиналған жанға қолындағысын бөліп беріп, оны қатарға қосып алған. Бұл – даланың Ұлы заңы. Біз бір-бірімізді сақтап қалуымыз керек.

Жастарға аса мән беріп қараймын. Үнемі олардың іс-әрекеттерін бақылап отырамын. «Нұр Отанның» «Жас Отан» жастар қанаты бар, тағы басқа да ұйымдар «Жас тұлпардың» тәжірибесін пайдаланса, артық болмас еді. «Асыл – тастан, ақыл – жастан». Жастарға сырттан билік, нұсқау болмауы керек. Олар еркін болуға тиіс. Қателессе де, сол тығырықтан өздері жол тауып шығуы керек. Олар шындықты таба біледі. Ал біреудің нұсқауымен жүрсе, онда олар жастық деген атын жояды, тек орындаушы болып қалады. Оларға бөгет жасамай, қолын қақпауға тиіспіз. Тек ақыл-кеңес беріп отыру керек. Өз өміріммен салыстырып қарағанда жетпістегі Мұрат пен жиырмадағы Мұраттың ешқандай айырмашылығы жоқ, қайта жетпістегі Мұрат шаршаңқыраған, жалпы ой сапасы жағынан жиырмадағы Мұраттың ешқандай кемістігі жоқ. Сондықтан біз жастардың жұмыс жасауына еркіндік беруге тиіспіз.

Ұлт болып ұйысатын кез

– Биыл Швейцарияда жүрегіме күрделі ота жасаттым. Ота сегіз сағатқа созылды және өте қауіпті еді. Ұзақ уақыт наркоздан айыға алмай жаттым. Сол кезде көз алдымда бір көріністер пайда болды. Жан-жағымда жануар деуге де келмейтін алыптар пайда болды. Маған қарап қояды. Олардың қасында өте кішкентаймын және олардан қауіп жоқ екенін сезініп жатырмын. Олар сондай мейірімді. Құлағыма жағымды саз әуені естіліп тұр. Демек, өмірдің өзі мейірімнен тұрады. Ол жақсы көру үшін жаралған. Соған көзім жетті. Адамдардың бір-біріне жақсылық жасауы – өмірдің негізгі заңдарының бірі.

Осындай көрініс менің көз алдымда екі рет пайда болды. Бірінші рет Мекке-Мединеге барғанда Пайғамбарымыздың жатқан жерінде осындай көріністер пайда болған...

Адамды қолдайтын күштер толып жатыр. Сондықтан сенімсіздік болмасын. «Үмітсіз – сайтан» деп аталарымыз текке айтпаса керек. Қазақ еш уақытта ұтылмайтын халық. Менің кейбір достарым «Алдымен жүзге бөлінейік, сосын қайта қосылайық» деген жаңа теориямен шығып жатыр. Оған бірден қарсы болдым. Өйткені біз енді ұлт бола білейік. Ұлт болып ұйысуымыз, бірігуіміз керек. Ұлт – ол жаңа

сапа. Біз қазір бөлінсек, алдағы уақытта тас-талқан болып кетуіміз мүмкін.

Мұрат ағаның тұңғышы – Алуа-Зифа. Ол – қазір өзін мойындатқан халықаралық деңгейдегі шығыстанушы. Голландияда тұрады. Голланд жігіті Робертке тұрмысқа шыққан. Бір қуанарлығы – шетелдік күйеу бала да, үш немересі де қазақшаға судай. Елге келген сайын Семейге, ата-бабаларының мекені Шыңғыстауға алып барады. Алуа-Зифаның балаларының Абай, Шәкәрімнің өлеңдерін жатқа оқып бергеніне ауыл ақсақалдары сүйсініп, баталарын беріп жатады.

Ұлы Мағжан – банкир. Өз саласының ірі маманы. «Қазкомда» қызмет жасайды. Америкада екі университет бітірген. Одан да Зәуре атты немере сүйіп отыр. Мағжан мамандығы басқа сала болса да, қазақ мәдениетіне, атасының мұрасына ерекше мән береді. Ұлы Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы жаңадан орыс тіліне аударылып шығу үшін қаншама қаражат қажет болды. Әуезов қоры жұмыс істеп тұр. Кейінгі жылдары «Жібек жолындағы сұхбаттар» семинар-кеңесі тұрақты ұйымдастырылып келеді. Мұндай жұмыстарды жүйелі жүргізу үшін, әрине, демеуші керек. Мағжан бұл жағынан үнемі қолдау білдіріп келеді. Ол гуманитарлық жағынан да құралақан емес. Ата-бабаларымыз, шыққан тегіміз жайлы зерттеу кітаптың шығуына да атсалысты. Таяу күндері 70 жасқа толатын Мұрат аға өз сөзінде «Балаларыма ризамын, олармен мақтанамын» деп қалды. Өмірдің мәнісінің өзі сол емес пе?!

29 желтоқсан, 2012 жыл



*Асылы ОСМАН,
қоғам қайраткері:*

ҚАЗАҚТЫ ТҮСІНУ ҮШІН БӘРІМІЗ ҚАЗАҚША СӨЙЛЕУГЕ ТИІСПІЗ

Асылы Осман – белгілі ғалым, «Мемлекеттік тілге – құрмет» қоғамдық бірлестігінің, Алматы облыстық әзірбайжан этно-мәдени орталығының төрайымы. Түбі әзірбайжан болып туса да тілімен, тірлігімен қазақтың бір қызына айналған Асылы апайдың төл тіліміздің тұғырының биік болуына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

Еріксіз айдалып, еркін өмір сүрдік

– Туған жерім – Грузияның Ахалкалак ауданы Хавет ауылы. 1941 жылы 13 тамызда дүниеге келіппін, – деп әңгіме тізгінін қолға алды Асылы апай. – Үш жасымда, яғни 1944 жылы қараша айында отбасымызды Қазақстанға жер аударған. Жолда қаншама қиындықтар көріп, арып-ашып әйтеуір қазақ жеріне аман-есен жетіппіз. «Еріксіз айдалып келгенмен, Қазақстанда еркін өмір сүріп жүрміз» деп мақтанышпен айтамын. Өйткені ол кезде қазақтың өзінің де жағдайы ауыр. Солай бола тұрса да бізді қазақ халқы ешқандай бөтенсіген жоқ. Бауырына басып, өз перзентіндей көріп, жатсынбады. Сондықтан «Жеті атасын жетік білетін, ары мен қаны таза, жаны сәбидей пәк, ешкімді жатсынбайтын, бөлмейтін, жармайтын, арамдықтан ада, қиянаттан шет әлемде бір халық бар. Ол – қазақ халқы. Бұл халықтың мейірім-қайырымы мол» деп үнемі айтып жүремін. Шын мәнінде солай.

Аумалы-төкпелі заманның зобалаңымен олар Оңтүстік Қазақстан облысының Түлкібас ауданына жер аударылды. «Жығылған үстіне жұдырық» дегендей көп ұзамай, 1945 жылы наурызда шешелері Ағжа дүние салды. Сөйтіп бір анадан туған үш ұл, үш қызды әкелері Әли бағып-қағып өсірді. Ол қайта үйленген жоқ, өмірін балаларына арнады. Он жасар апайы Гүлсара бала болса да өзінен кішкентайларға қамқорлық танытып, шикісін пісіріп, жыртығын жамап, аналарының жоқтығын сездірмеуге тырысты. Қазір ол кісі де дүниеден озған, жатқан жері жайлы болсын.

– Алғашында көршіміз Ерке апаның жақсылығын көп көрдік, – дейді ол әңгімесін одан әрі сабақтап. – Ал 1953 жылы басқа үйге көштік. Жана көршілеріміз Серікбай көкемнің қамқорлығы мен Айтбике жеңешеміздің аналық мейірім-шапағаты, сіңірген еңбегі орасан зор. Олар бізге өз баласындай қарады. Жоқшылық кезі ғой, әкем мен Серікбай көкемнің бір шылымды кезек-кезек ауысып тартып, әңгіме-дүкен құрып отыратыны әлі күнге көз алдымда. Ол күнде таңертең біздің үйге келіп, жағдайымызды біліп, сосын жұмысына кететін. Айтбике жеңешем сондай инабатты, ибалы кісі болды. Үйге келсе әкем «Жоғары шық» деп құрмет көрсететін. Ол жаңа түскен келіндей ізеттілік жасап, төрге озбай, есіктің алдына жайғасып отырып-ақ бізге өз балаларындай қарап, оны-мұны шаруаның бәрін реттейтін. Сондықтан біздің үйдің балалары да олар дүниеден озғанда сүйегін қабіріне дейін көтеріп апарып, соңғы парыздарын өтегені бар... Олардың екі ұл, бір қызы болды. Ұлдың біреуі ертерек қайтыс болды, ал қалғанымен қазірге дейін туған бауырымыздай араласамыз. Қыздары Айдаркүл сіңілім Асиямен бірге оқыды. Біз алыстау ауылда тұрдық та, екі қызды Серікбай көкем интернатқа атпен алып баратын. Ертоқымға менің сіңлімді отырғызып, оның артына өз қызын жайғастырып, өзі есекке мініп, олар мінген атты жетектеп мектепке қарай аяндайтын. Айтбике жеңешем сенбі күні интернаттан келген қыздарды жуындырып-шайындырып, кір-қоңын жуып жататын. Ол кездері мен Түркістанда педучилищеде оқыдым.

Жалпы, біздің үйдің балалары мектепте жақсы оқыды. Өмірдің қызығы да, азабы да, тартқан тауқыметіміз де аз болған жоқ. Әкеме өле-өлгенше ризамын. Біздің ұлттан ешкім қыздарын оқытпаған кезде де ол қарсылық танытпай, бетімізден қақпай, оқуға деген құштарлығымызды бағалап, біздің білім алуымызға барынша жағдай жасады. Әзірбайжан қыздарының ішінде оқып, білім алуды алғашқы бастаған – мен. «Соның қадіріне жетейік, әкеміздің үмітін ақтайық» деп талпындық, тырыстық. Аллаға шүкір, мені әкем өзінің бір ұлындай көруші еді, өзгелерге «Мына үш ұлдың біреуі осы болғанда ғой»

дейді екен. Институт бітіргенімде келіп сөз сөйлеп, ұстаздарымызға алғысын білдірді.

Әкеміздің тәрбиесі керемет болды. «Сыртта үлкендермен кездескенде, балалармен ойнағанда қазақша, ал үйде өз ана тілдерінде сөйлеңдер. Себебі келім-кетім болады. Анасыз өсіп келесіңдер. Жұрт «Балаларына ана тілін үйретпеген, дұрыс тәрбие бермеген» деп мені кінәлайды» деп отыратын. Өзі де елмен қазақ тілінде сөйлесетін. Негізі, түркі тілдестің түбі бір. Мұны не үшін айтып отырмын? Менің бүгінгі қазағымның көбі немересімен орысша сөйлеседі. Менікі соларға үлгі болсын деген мақсат қой...

Асық ойнап өскен қыз

Кішкентай Асылы қыз балалар жасайтын үй шаруасына соншалықты мән бермей өсті. Ол әкесіне жақын болды. Әкесі не жұмыс істесе, соның көмекшісі сияқты үнемі қасында жүретін. Бірақ шолжандап жат қылық көрсеткен емес. Бос уақытында ұл балалармен асық, ләңгі, доп ойнайтыны, ұлдармен күресетіні еске түссе, езуге еріксіз күлкі үйіріледі. Ол қуыршақ ойнаған емес. Бір қызығы, өсе келе жора-жолдастарының арасында да қыздардан гөрі, ұл балалар көп болды. Педучилишеде, институтта оқып жүргенде жігіт достары келіп, онымен қыздармен жүру, үйлену мәселесін ақылдасатын. Әрине, қыздардан да достары болды. Жақсы ма, әлде жаман қасиет пе, оның біреуге көңілі құласа, одан қайтарым болса да, болмаса да түпкілікті беріліп кететіні бар. Достық деген ұғымды ерекше қадір тұтады. Ол үшін «Дос» деген үш әріп сөздің мәні де, маңызы да өте терең. Достықтың адал болғанын жақсы көреді. Өйткені адалдық адаспайды деп ұғады.

– Біздің бала кезімізде киерге киім, ішерге ас тапшы болды, – дейді Асылы Әлиқызы. – Бірақ адамдардың ықылас-пейілі, ниеті түзу болатын. Оқуға да ықыласты еді. Балалар ұйымшыл-тын. Олардың бір-бірімен сыйластығы, түсіністігі жоғары еді. Бізде ұрыс-керіс болмайтын, түсініспеушіліктің өзі ешқандай айқай-шусыз ымырамен аяқталатын. Қазақ – сөзге тоқтаған, үлкенді сыйлап, кішіні қадірлеген халық. Біз сондай қазақы ортада өскендіктен балаларда ерекше бір жат қылықтар болмайтын. Бала кезімнен есімде қалғаны – жазда күннің ыстығында өзеннің суын аздап бөгеп шомылатынбыз. Біз судың жоғары жағында тұрамыз. Төмен жақта Қарабастау деген ауыл бар. Сол ауылдың балалары «билік» жасап, әлімжеттік танытып, біздікілерді шеттеткен кезде шомылатын жерге таласып, аздап келіспеушіліктер болатын. Ал енді мектепте ұрыс-керіс болған емес. Ауыл адамдары ұстаздарға балалары «Сүйегі – біздікі, еті – сіздердікі» деп сеніп тапсыратын. Мұғалім тәртіпсіз балалармен сөйлескенде кейде

жағынан тартып жіберсе де, ата-анасы мектепке дау-жанжал шығарып келмейтін. Марқұм Болысбек Қарынбаев ағайымызды бүкіл ауыл жақсы көретін, ал біз туған әкеміздей, ағамыздай сыйлайтынбыз. Директорымыз Сейсенбек Қадірбеков өте қатал еді, бірақ соның өзінде шын ықыласымызбен сыйлап, қадір тұтатынбыз. Математикадан дәріс берген Әбдіғаппар Рақышев ағайымыз айқайламайтын да, ұрыспайтын да, мысалы бірденені дұрыс жазбасаң, сол тапсырманы қашан орындағанша отырғызып қойып үйрететін. Химиядан онша болған жоқпын, бірақ физика, математикадан сабағым өте жақсы болды. Шырт ұйқыда жатқанда оятса, математиканың формулаларын айтып беретіндей едім. Кейіннен ағайым «Сені математик болатын шығар деп ойлаушы едім, басқа саланы таңдапсың» дегені бар. Қазақ тілінің жанашыры болып, қоғамға пайда келтіргеніме қуанса да, екінші жағынан өзінің ізін қумағаным аздап өкініш білдіргендей болды.

Ұстаздарымызды үлгі тұттық

Әкей соғыста болып, қан көргендіктен бе, балаларының медицина саласына барғанын онша қаламады. «Менің тілімді алсаңдар, педагог болыңдар» деп отыратын. Алты баланың алғашқы үшеуі тұрмыстың ауырлығынан жоғары білім алмағанмен, кейінгілері оқып, өз ісінің маманы болды. Асылы Әлиқызы мектеп, педучилище, институтта оқып жүргенде тек білім алумен шектелмей, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты. Көбіне староста болды. Өзіне тапсырылған жұмысты жауапкершілікпен атқаруға тырысты. Сенімді ақтағысы келді. Ол би, кино, театрға көп бармайтын. Өйткені – уақыт тапшы. Қыздар педагогикалық институтының филология факультетінде оқығанда декандары Бәкібала Ысқақова апайы күндіз-түні қыздардың қасында жүретін. Жатақханадағы әр қызды назарынан тыс қалдырмайтын. Ресейден, солтүстік өңірден келіп оқитын қыздардың тәрбиесі бөлектеу, сондықтан олар еркіндеу. Солар бірденеге ұрынып қалмасын деп апайлары жанашырлықпен үнемі қастарынан табылатын. Бұлар да қоғамдық жұмыстармен, қыздарды қоруден, біреу сабаққа үлгермей жатса, соның үлгерімінің жақсаруына мұрындық болып, үнемі қарбаласып жүретін. Ол тәрбие жұмыстарына жауапты болды. Тіпті қыздар тұрмысқа шығып жатса, тойларын да өздері ұйымдастыратын.

– Соның бәрі қазақы түсініктен, қазақы тәлім-тәрбиеден, шыққан ортаманнан. Макаренконың «Адамды орта тәрбиелейді» деген жақсы сөзі бар. Бүгінде біздің тілден қиянат көріп жатқанымыз – ортадан, қолданыс болмауынан. Ол кезде халықтың тұрмысы нашар болса да, ұлттық рух, ұлттық тәрбие, адами қасиет басым болды, – дейді Асылы апай. – Кезінде Мұхтар Әуезов Гүлбараш Байтоғаева апайды ЖЕНПИ-ге мұғалімдікке жіберген екен. Гүлбараш апай ақылына көркі

сай, орнықты, білімді кісі болатын. Шетел әдебиетінен сабақ берген марқұм Кочеваның сыртқы көрінісі, сабақ беруі, мінберге шыққанда өзін-өзі ұстауы – үлкен мектеп болатын. Сол кісінің сабағында бірінші партаға отырып алып, айтқанының бәрін қағазға түсіретінмін. Оңтүстікте өскен соң орысшаға шорқақтау болдық. Бірақ осы апайымыздың сабағын ұйып тыңдайтынмын. Не нәрсеге болса да сүйіспеншілік болуы керек. Марқұм Бәкібала апайдың іскерлігіне тәнті болатынмын. Студент қыздардың барлығының аты-жөнін білетін. Әкемізді танытып ұрсып алады, бірақ аналық қамқорлығы одан асып түсетін. «Айналайын» деген бір ауыз сөз бәрін жеңіп кетеді. Ал марқұм Зәки Ахметұлының дәріс беруі, «Абай жолын» біздің санамызға сіңіруі, скрипкада ойнауы, Ленинградта оқыған кезін, Мұхтар Әуезовтермен кездесуін әңгімелеуіне ерекше сүйсінетінбіз. М.Әуезов біздің институтқа Сармұрзинаны ректор қойғанда да «Қыздар осындай кісілерден үлгі алсын» деген принципті басты назарда ұстағаны анық. Сармұрзина апайымыздың жүріс-тұрысы, киім киісі бізге үлгі еді. Мен соншалықты сәнқой болған жоқпын. Опа-далап жағып, сәнденген емеспін. Бірақ ұстаздарымның адами қасиеттері, білімділігі, өздерін ұстауы маған әсер етті. Мені бөліп-жарып, кеудемнен итермеді, «әзірбайжан екен» деп шеттеткен жоқ. Соның бәрі қазаққа деген сүйіспеншілігіме, адам болып қалыптасуыма ықпалын тигізді. Қыздар педагогикалық институтын үздік бітірдім. Аспирантураға қалдырды. Тіл білімі институтына келсем, қысқарту жүріп жатыр екен, сондықтан өзім тәмәмдаған қыздар институтында екі жылдай қызмет жасауыма тура келді. Сосын Тіл білімі институтына аспирантураға түстім. Ғылыми жетекшім Ахмеди Ысқақов болды. Ғылым дегеннің не екенін ұқтырып, ілім-білімге баулып, дұрыс бағыт-бағдар берген марқұм Ахмеди ағайымның сіңірген еңбегін, терең білімін, адалдығы мен адамдығын ешкіммен салыстыра алмаймын. Өйткені, менің орныма қазақтың бір қызын баулыса, тәрбиелесе ешкім оның қолын қақпайтын еді ғой. Қазақи кендігі мен дарқан пейілімен мені өзінің жалғыз перзентімен тең көрді десем, артық айтқандық емес. Тақырыбым – Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы бойынша «Қазақ тіліндегі синонимдес етістіктердің семантико-стистикалық қызметі». Әуезовтей алыптың жазғанының өзіндік ерекшелігін анықтап беру оңай емес. Ұстазымның берген бағыт-бағдарының арқасында екі жарым жылда кандидаттық диссертациямды жазып бітірдім. Бірақ ол кісі асықпады, «Ғылым деген мынадай» деп әбден пісіріп, июін қандырып қорғатты. Ол – орыс тілінің дәурені жүріп тұрған кез. Барлығы орыс тілінде қорғалу керек. Амал жоқ, авторефератты қазақша жазып, оны орысшаға аудартқанбыз. Мен қорғаған күннің ертеңіне Алматы-

дағы Ғылым Академиясында бүкілодақтық конференция болуға тиіс еді. Мәскеу мен Ленинградтың ғалымдары Кононов, Александров, Қырғызстаннан Юдахиндер келіп, кандидаттық диссертация қорғауыма қатысты. Сонда өзге ұлттың өкілі бола тұра, қазақша сөйлегеніме, диссертация жазып шыққанымға олар күдікпен қарап, қазақша қорғатты. Көктен тілегенім жерден табылды. Сол кезде олар менің қазақ тілін жетік меңгергеніме таңғалды. «Іс істегендікі емес, істете білгендікі». Бұл – Ахмеди Ысқақов, Рабиға Сыздықова, тағы басқа да ұстаздарымның маған жақсы бағыт-бағдар бере білгендігі. Сонда ғана оқуда, еңбекте алдыңғы қатарда болсаң, ұстаздарың да сені жақсы көретінін түсіндім.

Қазаққа жақсы болса, бәрімізге де жақсы

– Өмірімде қиындықтар аз болған жоқ, бірақ сол қиындықтардан жетекшім Ахмеди Ысқақов алып шықты деуге толық негіз бар. Ол – Ахмет Байтұрсыновтардан кейінгі қазақтың тілін зерттеуді әрі қарай жалғастырушылардың бірі. Орыс мектебінде қазақ тілі оқытылсын деген бастаманы тұңғыш көтергендердің қатарында сол кісінің аты аталады. «Ұстазыма ұят келмесін» деп, аяқтан шалған кісілерге онша қарсы келе алмайтынмын, бірақ ешқашан сөзден есемді жіберген емеспін. Біреу бірдеңе десе, оған табан астында жауап беріп, орнына қоятынмын. Өткірлігіме, қауып сөйлемей, тауып сөйлейтініме қарап кейбіреулер «Ахмеди Ысқақов үйретіп отыр» деп ойлайды екен. Ондайлардың атын да атамаймын, мән де бермеймін, бірақ олардан көресімді көрдім. Жетекшім Ахмеди ағай зағип болды. Сол кісінің айтуымен жазылған еңбек ғылыми сараптамаға салынғанда өтіп кетті. Бірақ Тіл білімі институты «Оның жанары жоқ, жаза алмайды» деп қарсы шықты. Әйтпесе, Үкімет ол кісіге жеке лобарант та бөлді. Сондайлардың кесірінен ағайым кітабы шыққанын өзі көре алмай, дүниеден озып кетті. Бұл – өмір. Өмір болған соң оның ащысы да, тұщысы да, бұралаңы да болады екен. Мені, Құдайға шүкір, қазақтың 100 пайызы болмаса да 99 пайызы өзінің перзентіндей көреді, барған жерімде бауырына басады, маңдайымнан иіскейді, басымнан сипайды, арқамнан қағады, өздерінің ризашылықтарын білдіріп жатады. Сондықтан да менің бақытым – қазақ пен қазақтың тілінде. Кейбіреулерден «Сен неге кешке дейін қазақ тілі дей бересің? Бұл өз бағаңды көтеру үшін бе?» дейтін қаңқу сөздер де естіп жатамын. Әрине, бір қазаққа бола асыл қасиетті бар қазаққа топырақ шашқым келмейді. Сондықтан ондайларға:

– Қазақ қара сөзден таспа тілген,
Білмеймін қазақшадан басқа тілді.

Құлқын қуып жүргенім жоқ,

Дос білер, дұшпан білмес мақсатымды, – деген жолдарды айтамын. Қазақ «Елде болса, ерінге тиеді» дейді. Менде «Қазаққа жақсы болса маған да, басқаға да жақсы болады» деген бір ғана ой бар.

Қазақта біреуді жатсынатын қасиет жоқ

– 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін тікелей эфирлер болды. Мұхтар Шаханов жүргізген бір бағдарламада қазаққа ұлтшыл деп кінә тағылды. Ол КПСС Орталық Комитетінің Бас хатшысы Михаил Горбачевтің түкірігі жерге түспей тұрған кез. Сонда тікелей эфирде «Қазақты қаралап, ұлтшыл, шовинист дегеннің өзі нағыз ұлтшыл, шовинист. Қазақта біреуді жатсынатын қасиет жоқ» дедім. Сонда Мұхтар Шаханов «Жаңағы сөзіңізді қайталаңызшы» деді. Сөзімді екінші рет қайталап айтып бердім.

Сол бір жылдары Мәскеуде Қазақстанның күндері өтті. Үлкен конференция болып, онда «Қазақстанда орыс тілінің қолданылуы төмендеп барады, орыс тілі де мемлекеттік тіл болуға тиіс» деген тұрғыда әңгіме өрбіді. Сонда «Қазақстанда орыс тілін бүкіл қазақ біледі. Онда тұратын өзге ұлттың өкілдері – өзбек, ұйғыр, түрік және басқалар өз ана тілінен бастап бірнеше тілді қатар меңгерген. Менің өздерім өздері ғана сүйетін бір-ақ отандастарым бар, олар – орыстар. Олар орыс тілінен басқа тілді білмейді, білгісі де келмейді. Орыс тілі неге мемлекеттік тіл болуға тиіс?» дедім. Ол конференцияда менің сөйлейтін жөнім жоқ еді, бірақ сөйлеуге тура келді...

2001 жылы Дүниежүзі әзірбайжандарының құрылтайы болды. Құрылтайда «Мен Қазақстанда тұрамын ба, Қазақстанның патриотымын» деп салдым. Әзірбайжан президенті Гейдар Әлиев «Қай елде тұрсаңдар, сол елдің заңына бағыныңдар, сол елдің тарихын, тілін біліп, әдебиеті мен мәдениетін игеріңдер, халқын сыйлаңдар. Бірақ әзірбайжан екендеріңді ұмытпай, әзірбайжан елі бар екендігін естеріңнен шығармаңдар» деп ризашылығын білдірді. Ол кісінің мұнысы көрегендік. Расында да, біз тигтейімізден қазақ жеріне келіп, қазақ халқының бауырында өсіп-өндік, білім алып, азамат болдық. Шындығына келгенде, өз басым әзірбайжан тілін қазақ тілін білгендей деңгейде білмеймін. Әйтсе де сыртта жүрген әзірбайжанға жарарлық тілім бар. Қазақстанда тұрып, өз тілімді білмесем ұят емес, ал қазақ тілін білмеуім – маған үлкен күнә!

Аямай бергенді аянбай игеруге тиіспіз

– Қазақтың кең-байтақ жері бар, қойнауы толы қазына. Міне, біз осының қадір-қасиетін білуіміз керек. Біз бүтін бір ұлт болып қалуымыз үшін әрбір қазақ ақын М.Шаханов айтатын төрт ана – туған

тілін, мәдениеті мен әдебиетін, салт-дәстүрін, тарихын білуі керек. Ұлтты ұлт ететін ұлттық құндылықтары мен төл қасиеттері. Әр қазақ өзінің түп-тамырын, тарихын білуге тиіс. Біз, қазақ, әлі де өз тарихымызға терең бойлай алмай отырмыз. Ықыласына, ниетіне қарай Құдай қазаққа аямай бәрін берген. Қазақ Құдайдың берген сол талантын, байлығын аянбай игеріп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуі керек. 300 жыл бойы бодандықта болған қазақ азаттықтың қадірін түсінуі тиіс. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлының Түркияда сөйлеген сөзінде «Тәуелсіздік алғаннан кейін біз өткен тарихымызды, әдетімізді, ғұрпымызды, салтымызды, жеріміздің қасиетін, өзіміздің ұлттық рухтағы тәрбиемізді де жаңғыртуымыз қажет» деген болатын. Ең бірінші орында рух тұру керек. Өткен ғасырдың басында қазақтың саяси көсемі Әлихан Бөкейханов, рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов, рух көсемі Абай Құнанбаев болса, қазір осы үш міндетті атқарып жүрген – Нұрсұлтан Назарбаев. Құдайға шүкір, бойымызда әлі күнге Көк түріктің рухы болғандықтан бәріміз болмасақ та, көбіміздің ойымызда ұлттық рухты сақтау мәселесі тұр. Кім не десе о десін, өзімнің түсінігімде соның барлығының ұйытқысы, соның барлығының идеологиясы тілде жатыр деп ойлаймын. Тілді білген адам ғана ұлттың жан дүниесін, болмысын ұғады, түсінеді. Қазақтың «Тіл білген құшақтасады, тіл білмеген пышақтасады» деген әдемі мақалы бар. Кейбіреулерде осы ұлттық дүниелерге салқындық, немқұрайдылық бар сияқты. Бәрі бірдей оған жанашырлық танытып, біліп жатқан жоқ. Қазіргідей жаһандану, алға ұмтылу, ілгерілеу заманында өзгеден қалуға болмайды, бірақ қазақта «Өткенге топырақ шашсаң, келешек саған тас лақтырады» деген аталы сөз бар. Біз өткенімізді ұмытпауымыз керек. Елбасының өткенді ұмытпай, жаңғырту мақсатында айтылған қаншама Жолдаулары болды. Нұрсұлтан Әбішұлының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға ортақ еңбек қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласының өзі неге тұрады?! Адамға бағыт-бағдар беретін дүние. Мысалы, оқушының еңбегі не? Тәртіпті болып, сабағын жақсы оқу. Студенттердің еңбегі не? Келешек – жастардың қолында. Сол сенімді ақтау үшін жақсы мамандық алып шығу. Баланың бойына ұлттық тәрбиені ұялатуымыз керек. «Тәрбиесіз білім – сусыз диірменмен тең». Бұл жайында әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деген. Телевизияда атыс-шабыс. Балаларды бұзып жатыр. Осы ретте қазақ радиосының ерен еңбегін айта кеткім келеді. Кеңес Үкіметі тарап, ауыл-ауылдарда радио нүктелерін қиратты ғой, сол кезде де «Шамамыз келсе, радио нүктелерін сақтап қалуымыз керек» дегенмін. Неге біз батырлар жырын, ертегілерді қайтармаймыз? Неге

ауыз әдебиетін жандандырмаймыз? Әлемдегі ауыз әдебиеті жетілген бірден-бір ұлт болса, ол – қазақ. «Сөз атасы – қазақта». Бізге жетпей жатқаны – сол. Баланың бойында өз еліне, жеріне, туысқанына деген патриоттық сезімді ұштай білуге тиіспіз. Ол ананың ақ сүтімен, бесіктің жырымен баланың бойына даруы, қанына сіңуі, жүрегінен орын алуы тиіс. Сол қасиет қазақтың тілі арқылы менің сүйегіме сіңіп, жан дүниемнен орын алып отыр. Мен қазақпен қандас болмасам да, жандаспын. Қазақ «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» дейді, егер бойымда адами асыл қасиеттер болса, ол ортамнан, қазағымның тілі арқылы маған жұққан, дарыған. Тілдің құдіретін, қадір-қасиетін өзгелерге түсіндіре білуіміз керек. Біз насихатты көбейтуге тиіспіз. Мемлекетіміз әрбір ұлттың тілін дамытып, салт-дәстүрін жаңартып, жаңғырта сақтауға еркіндік беріп отыр. Тіпті той-томалағын өз салт-дәстүрі бойынша өткізіп жатады. Ешқандай киянат жоқ. Достық үйінде ана тілінде оқиды. Үкімет оларды қаржыландырады, қағаз-қаламына дейін береді. Мұндай мемлекет жер бетінде жоқ. Ал біздің соған қайтарымымыз өз дәрежесінде емес. «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген бар, біз далаға қарамай, ортақ үйіміз – Қазақстанның өсіп-өркендеуіне әрқайсысымыз шамамыздың келгенінше үлесімізді қосуға тиіспіз. Қазақстанда жақсы болса, бәрімізге де жақсы болады. Қазақты қазақтай түсіну үшін бәріміз де қазақтың тілін үйреніп, сол тілде сөйлеуіміз керек. Тіл білген адамды ұғады, ұлтты сыйлайды. Бір ақынның өлеңінде:

– Танытқан қазағымның қазақтығын,

Танытқан қазағымның азаттығын,

Танытқан қазағымның ғажаптығын

Айналдым құдіретіңнен қазақ тілім! – деген жолдар бар. Бұдан артық не деуге болады?!

Әрбір сөзінен қазаққа деген ақжарма тілегі ақтарылып тұратын Асылы апайдың бұрнағы жылы «Қазағым барда мен бармын» атты кітабы жарық көрді. Осы бір ауыз сөзден-ақ оның қазаққа деген шексіз махаббатын, шын ықылас-ниетін аңғаруға болады. Қазақтан көрген жақсылығын қазаққа қайтарғанша асыққан Асылы апайдың әрбір ісі баршаға үлгі. Жақсы мен жаманды айыра алмайтындай бала шақта келіп, қазаққа бауыр басқан ол, бүгінде елдің абыз анасына айналып отыр. Аузы дуалы, айтар сөзі уәлі Асылы Әлиқызына әр қазақ төрінен орын берсе жарасады. Өйткені ол соған лайықты.

12 қаңтар, 2013 жыл



Жақсылық ҮШКЕМПІРОВ,
1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасының чемпионы:

ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ ҚАБІЛЕТТІЛІГІ – ҚАН ТАЗАЛЫҒЫНАН

Жақсылық Үшкемпіров – грек-рим күресінен Олимпиада чемпионы атанған тұңғыш қазақ. Ұлттың мықтылығын әлемге танытатын бір сала спорт болса, Жақан бұл жағынан әлемді мойындатқаны анық.

Әжесінің Жақайы

Атақты балуан 1951 жылдың 6 мамырында Жамбыл облысы Байзақ ауданының Тегістік ауылында дүниеге келген. Балуанның өмірге келуінің өзі қызық. Анасы Күнтөре ауылда дүкенші болатын. Бұлардың үйінің бір бөлмесі – ауылдың кәдімгі дүкені. Онда күнделікті тұрмысқа қажет заттар сатылады. Анасы айы-күні жетіп отырса да, жұмысын жүргізе береді. Қоян-қолтық араласып, біте қайнасып жатқан ауыл адамдары дүкенге күн-түн демей келе береді. Ол ауыл адамдары үшін үйреншікті жағдай. Үйде жалғыз қалған анасын толғақ қысып, жаны қиналып жатса, сырттан ат тұяғының дүрсілі естіледі де, біреу терезені тықылдатып «Әй, келін, сабыныңнан берші, айналайын» деп айқайлайды. Дауыс осы өңірге сыйлы Сарманқұл ақсақалдікі. Ол кісіге келіні «Толғатып жатыр едім» деп қалай айтады? Қаймағы бұзылмаған қазақы ауылда бұл ұят. Әрең дегенде орнынан тұрып, сабынды

алып, табалдырықтың ішкі жағынан оны қартқа ұсына бергенде шыры етіп дүниеге бала келеді. Қатты сасқан қарт аттан секіріп түсіп, шарананы жерден көтеріп алады. Абырой болғанда, жамағатпен бірге намаз оқуға кеткен әжесі де қуаныш үстінен түсіпті. Ал ойда-жоқта жас нәрестенің жарық дүниеге келгенінің куәгері болған Сарманқұл ата «Жолаушылап келе жатыр едім, үйіме жетпей жаңадан дүниеге келген сәбидің үнін естідім. Бұл баланың аты Жақсылық болсын» дейді.

– Тағдырым спортпен байланысты болған соң әлемнің елуден астам елінде болдым. Иссапарға көп шықтым. Сонда анам «Кісі көп жүретін есік аузында, табалдырықта туып едің. Жерден алғаш көтеріп алған да жолаушы адам. Әу бастан-ақ сенің өміріңнің көбі жол үстінде, сапарда өтер-ау деп топшылап едім. Сол жорамалым шындыққа айналды» деп отыратын. Анамның олай дейтін жөні бар, – дейді Жақсылық аға сол бір кезді жымия еске алып.

– Мен әжем Бәтимаға тән бала болдым. Сондықтан өз әкемді «тәте», анамды «жеңеше» дейтінмін. Әкем Үшкөмпір – Өмірәлі атам мен Бәтима әжемнің зарығып көрген баласы. Он төрт ұл-қыз сүйіп, бірақ бәрі жастайынан шетіней берген. Он бесінші болып менің әкем дүниеге келіпті. Сол кезде әбден амалы таусылып, үміт пен күдік астасқан шақта қазақтың ежелгі ырымы бойынша жаңа туған нәрестені он шақты шалдың шапанының етегіне бөлеп, қолдан-қолға өткізіп, сосын үш көмпірге кезек көтертіпті де, атын да елеусіздеу етіп Үшкөмпір қоя салыпты. Міне, сол зарығып көрген ұлынан туған мені әжем алақанына салып өсірді, «Жақайым» деп еркелетті. Әпкем Алтынкүл мен қарындасым Шырынкүлдің ортасында өстім. Менің алдымда дүниеге келген ұл бала ерте шетінеп кетіпті. Бірақ әкем мені жалғыз ұл екен деп еркелеткен емес. Оның мамандығы есепші болды. Біртоға мінезді, тіпті бала тәрбиесінде қаталдау болды. Отбасындағы үш баланы да үй шаруасына жастайымыздан бейімдеді.

«Алып анадан туады» демекші, жастайынан ұжымшар шаруасына араласқан Күнтөре ана орта бойлы, шағын денелі кісі болған. Бірақ қимыл-қозғалысы ширақ, денесі мығым екен. Ол кездері ұжымшарда түрлі жарыстар, мерекелік шаралар өтіп жататын. Сонда бәсекелестерінен қалып қоймау үшін екі қап бидайды екі қолтығының астына қысып тасиды екен. Ұн салынған жетпіс келілік қаптарды ешкімнің көмегінсіз-ақ сарайға кіргізіп жүре беретін.

Талас бізді шынықтырды

Жақаң туып-өскен Тегістік ауылы шағын ғана, отыз шақты түтіні бар болатын. Бұл ауылда мектеп болған емес. Оқушылар Талас өзенінен пароммен өтіп, Сарбарақтағы бастауыш мектепке баруға тиіс. Бірінші сыныпқа әжесінің ертіп барғаны бүгінгідей есінде. Ол көршілес Дикан, Аққұм, Жетібай ауылдарындағы мектепке қатынап оқыды. Жетібай ауылындағы мектепте онжылдықты тәмамдады. Математика, биология, зоология пәндері қызықтыратын. Тіпті, осы пәндерден кілең бестік алатын.

Балалық шақтың қызығы таусылған ба?! Ауыл балаларына тән ойынның бәрінің бұлар да түбін түсіретін. Талас өзені ауылдың тап іргесінен ағып жататын. Үлкендер қанша қақпайласа да олардың көзін ала бере, күллі бала өзенге қарай лап қояды. Суға жүзуден күнде жарыс. Кішкентай Жақай, тіпті ауыл балалары арасында чемпион болып жүрген Жарастан қалай да озамын деп жанталасып жүріп ақыры дегеніне жеткен. Құлаштап жүзу, итшілеп жүзу, шалқалап жүзу, су астымен жүзу сияқты жүзудің неше түрін білетін.

– Мен өзі кішкентайымнан суды жақсы көріппін. Оны әжемнен естігенмін, – дейді Жақсылық аға. – Әжем «Бала күнінде өте толық болдың, аяғың да кештеу шықты. Жазда есіктің алдындағы ағаш астауға түсіп алып қашан су құйып бергенше тапжылмай отыра беретіңсің. Су құйылған соң одан шығуың тіпті қиын болатын» дейтін.

Суға қатысты басымнан өткен қызықты оқиға көп. Үй шаруасынан қолымыз қалт ете қалса, Таластың бойынан табылатынбыз. Шамамен он-он бір жасымда өзенге қой тоғытамын деп жүріп суға түсіп кетіп, батып бара жатқан әйелді құтқарып қалғаным бар. Өзенде суға бір батып, бір шығып, жанталасып жатқан адамды байқадым да, «Құтқару керек» деген оймен суға қойып кеттім. Оған қалай жетіп, судан қалай алып шыққанымды білмеймін, әйтеуір мұның бәрі қас-қағым сәтте өте шықты. Сәлден соң есін жиған әлгі апа айналып-толғанып, алғысын жаудырғаны есімде. Не істерімді білмей, ұялғанымнан үн-түнсіз тұра жүгіргенім бар...

Семейге сапар

– Мектеп бітірген соң зоотехник боламын деп ауылдас Қарахан деген баламен Семейге бардым, – дейді балуан. – Ол бір жыл бұрын да барып, бақ сынап көрген. Жол бастаушы – сол. Үйдегілер мені Қараханға әбден тапсырып, шетелге кететіндей әрең шығарып салды.

Анам ақшамның көбін ышқырыма жағалай тігіп берген. Кетерде қолыма жол қаражатқа деп 10 сом ұстатты. №41 пойызбен төрт күн жүріп Жамбылдан Семейге әзер жеттік. Екеуміз жалдамалы вагонда тұрып жаттық. Қараханға әбден сеніп алғаным сонша, тіпті алғашында қандай факультетті таңдағанымызды да білмеппін. Менікі әйтеуір оқуға түсіп кету. Біраз күннен кейін әлгі вагон-үйімізден шығып қалып, бір орыстың үйін жалдадық. Ауылдан беріп жіберген ақшаның түбі көріне бастаған. Бірде Ертіс жағасына барсам, бір кісі жігіттерді топтап жарыстырып жатыр екен. Біраз бақылап қарап тұрдым, ақша тігіп жарысып жатыр. Қалтамның түбіндегі соңғы 5 сомымды ұйымдастырушыға ұсынып, ойынға қатыстыруын сұрадым. Бойым онша ұзын болмағандықтан ол кісі мені баласынып маңына жолататын емес. Жамбыл жақтан оқуға түсуге келген талапкер екенімді айтып, жалынып жүріп қатарға қосылдым. Сөйтіп, суға қатысты хикаям Семейде тағы жалғасты. Қатысатындар 5 сомнан шығарады, он кісіден 50 сом болады. Ұйымдастырушы 10 сомын алады да, қалғаны – ұтқандікі. Ол дегеніңіз қыруар ақша. Қатысарымды қатысып алып, ұтылып қаламын ба деп ішім қылпылдап тұр. Сондағы ышқынғаным-ай! Не керек – бәйге менікі! 40 сомды қалтаға басып, шала байып үйге тарттым. Ертеңіне бірінші емтихан. Басталуы – түс мезгілі. Қараханмен айтысып жүріп емтиханға «жарыстан» соң бір-ақ бардым. Шалбардың арты су-су. «Жарыстың» қызығына әбден беріліп алғам. Билетті алып, Қараханның қасына жайғастым. Билетімнің сұрақтарына көз жүгіртіп өттім. Аса қиын емес. Қараханның сұрақтары күрделірек екен. Мұғалімнің көзін ала беріп, Қараханның билетін алып, оның есептерін шығарып бердім. Дегенмен, мұғалім қырағы екен, байқап қойыпты. Қасына шақырып алды да, билеттің жауабын сұрай бастады. Өз билетім жайына қалды. Сөйтіп, қарап отырмай оңай билеттен оңай айырылып, Қараханның билетіне жауап беріп «үш» алдым да, ал мұғалім оған екі қойып бергені. Басқа емтихандарды да «4» пен «5»-ке тапсырып, жолым болып, оқуға түсіп кеттім.

Күреске келген жол

Оқу басталған соң оларды дене шынықтыру сабағынан қалаған спорт түрлері бойынша үйірмелерге бөлді. Ол еркін күреске жазылды. Бірақ күрес үйірмесі жуық арада басталған жоқ. Ал жаттықтырушы Микрихов студенттерді үнемі шаңғымен жарыстыратын. Жамбыл жақта қар қалың түспейді. Өмірі аяғына шаңғы байлап көрмеген.

Мұғалімнің тапсырмасын орындамаса сабақтан сынақ жоқ. Шаңғы тебе алмағандарға спорт залындағы күрес кілемінің сөгіліп кеткен жерлерін тіктіріп қоятын. Сабақтан соң зырылдап отырып кілем тігуге барады. Ол еркін күрестің үйірмесі басталған кез. Жаттықтырушы Лю Вен Хай студент Жақсылықты шақырып алып, мәселенің мән-жайын сұрады да, ойланып тұрып «Сен өзі күресе білесің бе? Егер ана баланы жықсаң, сынағыңды қойдырып беремін. Күресесің бе?» деді қызықтырып. Аз-кем ойланған ол, дереу шешініп тастап, күресе кетті. Ауылда күрестің әдіс-тәсілін кім үйретті дейсің? Өз білгенінше «әрекет» жасап, әлгі баланы жерге алып соқты. Бапкер аңтаң болып қалады. «Енді ана баламен күрес» деді. Ол күрестен біраз тәжірибесі бар және ересектеу әрі салмағы да ауырлау бала екен. Біраз арпалысып оны да жеңді. Бапкер «Сен еркін күресте жоқ әдісті қолдандың, қайта күресіңдер» деді. Бұл да қарап қалмай «Сіз «жықсаң болды» дегенсіз. Қалай күресуді айтқан жоқсыз ғой» деп еді, бапкер «жарайды» дей салды. Не керек, сынақ алынды. Ал бапкер оған еркін күрестен жаттығудан қалмауын тапсырды. Әлемді мойындатқан Жақсылық ағамыздың күреске келу жолы – осы.

Шыдамды Жак немесе Қабыш ағаның қайрауы

Еркін күрес үйірмесіне алынған алғашқы күннен бастап ол бірде-бір жаттығуды жібермейді. Жаттығу залына жұрттан бұрын барады, кейін қайтады. Бапкердің үйреткен әдістерін жанын салып қайталайды. Күреске шындап бет бұрғаннан кейін екі айдан соң институт біріншілігі өтті. Сол кездің өзінде қарсылас шақ келтірмей, бірінші орынды иемденді. Одан қалалық, облыстық чемпионаттарға қатысты. Чемпион болды. Жеңістің дәмін тата бастады. Өзгелердің құрмет-қошеметін сезініп қалды. Дегенмен, алғашқы әділетсіздіктер де алдан шыға бастады. Сол себепті еркін күрестен кетіп, грек-рим күресінде бақ сынап көрмек болды. Еркін күресте көптің бірі болып жүрсе, грек-рим күресінде Ром Ильматов бірден бауырына тартып, бар білгенін үйретуден жалықпады. Алғашқы бапкерінің оны Олимпиада чемпионы атандыруға деген құлшынысы тым жоғары еді және балуанды да соған сендіре білді. Ол 1970 жылы-ақ Алматыда грек-рим күресі бойынша Қазақстан біріншілігінде топ жарды. Әйгілі бапкер Вадим Псарев те талапкер жасқа үлкен үміт артты. Владимир Угренинов те камқор ұстаз бола білді. Сол кездерді оймен шолып өткен Жақсылық ағаның әңгімесі былай өрбіді:

– Негізі, шынын айту керек, КСРО құрамасына алынғанға дейін көп кедергі көрген жоқпын. Кеңес Одағының құрамасы әр салмақта үш-төрт орын ғана ұстайды. Он бес республиканың балуандары сол үш-төрт орынға «таласады». Өзіңнің мықты екенінді дәлелдесең ғана КСРО құрамасының мүшесің және сол орныңды сақтап қалу үшін үнемі бабыңда болуың керек. Қанша өзімді дәлелдесем де мен баруға тиіс әлем, Еуропа чемпионаттарына Зубков, Шумаков, Нецветаевтар кезек-кезегімен кетіп жатты. Сол кездері «Егер ірі жарыстарға апармаса, КСРО құрамасында несіне жүрмін, күресті тастап кетсем бе екен?!» деген ой да сананды сарсылтады. Сондай бір қажып жүрген кезде Украина бапкері Кондрат маған қолқа салып, өз елінің атынан жарыстарға қатысуға шақырып еді. Себебі оның алдында мен Киевте өткен КСРО ауыл спортшылары арасындағы чемпионат пен ірі халықаралық турнирде қатарынан екі рет топ жарған болатынмын. Күресімді көрген украин бапкері өздеріне шақырып «Төрт бөлмелі үй, машина береміз, алдағы Еуропа чемпионаты мен Олимпиадаға қатысасың, университеттің дипломы қалтаңда болады, стипендияңды екі есе өсіреміз» деп әбден үгіттеген. Бұл әңгіме біреуден біреуге тарап, Семей облыстық «Қайрат» ерікті спорт қоғамының басшысы Қабыш Омаровқа жетіпті. Ол кісінің жаттығу залында жүрген маған келіп, «Қазақ болсаң, Киевте атаңның басы бар ма?» деп қайрайтын кезі сол. Шынын айтсам, сол жылдары әділетсіздікке етім әбден өліп кетті. Сондықтан да болар, айналамдағылар маған «Шыдамды Жак» деген лақап ат та қойған.

«Тығылған жоқпын, тынығып жатырмын»

– 1980 жылғы Мәскеу Олимпиадасына 48 келі салмақта КСРО құрамасынан баруға үміткерлер жеткілікті болатын. Әсіресе, А.Бозин, В.Савчук, А.Шумаковтердің Олимпиада жеңімпазы болудан үміттері жоғары еді. Мені құрамада төртінші, бесінші орын алып жүргендермен де бәлдесуге шығарды. Бұл кісі күлерлік жағдай болса да, бапкерлер әділдікті белден басты. Бәрін жеңіп тұрған күннің өзінде басшылардан «Олимпиадаға сен барасың» деген сөзді есту мұң болды. Қаншама талас-тартыспен Олимпиадаға екі күн қалғанда ғана оған қатысатыным анықталды. Сол кезде бірге жүрген жігіттердің қандай екендігі де сынға түсіп, көбінің бет пердесі ашылды. Өзімнің сол шақтардағы жүйкемнің мықтылығына, ұйқымның тыныштығы-

на қазір таңғаламын. Тіпті, өзім әрең дегенде қатысу жолдамасына қол жеткізгеніме қарамай, Олимпиаданың бірінші күнінде ұйықтап қалып, жарыстан кешіге жаздағаным есіме түсіп отыр. Бапкеріміз Геннадий Сапуновтың мені іздетіп құрамадағы жігіттердің екі аяғын бір етікке тығатыны сол кез ғой. Баскетболшыларға арналған кең төсектің бір шетін көтеріп сүңгіп кетіп, қалың ұйқыға басқан мені жігіттердің іздемеген жері қалмайды. Ақырында жарыс басталуға санаулы минуттар қалғанда Геннадий Андреевичтің өзі келіп, бөлменің бұрыш-бұрышын, төсектің астына дейін қарап, амалы таусылып, «бәрі бітті» деп дәл мен жатқан төсекке отыра кеткен ғой. Орнымнан атып тұрғанда бапкеріміз «Сен неге тығылып жатырсың?» деп айкайға басты. Сонда жайбарақат қана «Тығылған жоқпын, тынығып жатырмын» дегеніме ашулы бапкер еріксіз күліп жіберіп, арқамнан қаққаны бар.

Олимпиаданың финалында Павел Христовты ұтып, алтын медальді омырауыма тағып, қуанышым қойныма сыймай тұрған шақта Алматыдан сүйіншілеген жеделхат жетті. Үшінші ұлым дүниеге келіпті. Қуаныш үстіне қуаныш қосылды. Ойланбастан «Ұлымның атын Жеңіс қоямын!» дедім дүйім жұртқа. Расында да, мұндай жеңісті шақта дүниеге келген ұлға Жеңістен басқа ат лайық па?!

Мәскеу Олимпиадасынан төрт-бес жыл өткенде ежелгі Олимпиада Отаны – Грекияға бардым. Астанасы – Афиныға тоқтадым. Сол жолы Олимп тауының баурайындағы үлкен мәрмәр таста алтын әріптермен қашалып жазылған өз аты-жөнім мен ұлтымды көріп, еріксіз көзіме жас алғаным бар. Сол сәтте ел алдындағы еңбегімнің ақталғанын сезіндім...

Димекеннің бір жапырақ Жақсылығы

Балуан осы күні еліміздің біртуар ұлы Дінмұхамед Қонаевтан көрген жақсылығын, қамқорлығын жиі еске алады. Кездескенде «Бір жапырақ Жақсылығым менің» деп емірене, мол құшағын жайып, бауырына қатты қысып амандасатын қамқор ағаның ыстық ықыласының өзі неге тұрады?!

– КСРО командасындағы мықты балуандарды үлкен спорттан салтанатты түрде шығарып салу дәстүрі болады. Мұндай салтанат бірнеше жылда бір болатын. Спортқа сіңірген он бес жылдық еңбегімді ескергені болар, әйтеуір бапкерлер осындай құрметке мені де

лайықты деп таныпты. Сөйтіп, 1984 жылы сәуірде Красноярск қаласында өтіп жатқан КСРО чемпионаты кезінде мені спорттан құрметпен шығарып салу рәсімі жасалды. Сол жылы «Қайрат» ерікті спорт қоғамының мамандандырылған күрес мектебінің директоры болып тағайындалдым. Бұл орыннан үміттілер көп болды, бірақ тап осы қызметті Димаш ағам маған сеніп тапсырды. Қайран Димекем, әр нәрсені тереңнен ойлайтын кемеңгер еді ғой, – деп аз-кем ойланған Жақсылық аға әңгімесін одан әрі сабақтады. – Бірде Димаш ағам мені Алматы облысының Шелек ауданындағы бір мерекелік шараға өзімен бірге ертіп барды. Жиналғандар кіл мықтылар, министрлер мен түрлі лауазымды қызметкерлер. Ағыл-тегіл дастарқан, дуылдап бірін-бірі қолпаштаған сөздер... Сонда Димаш ағам «Әй, жігіттер, айтқандарыңмен келісемін. Бірақ заман өтеді, бәрі ұмытылады. Сендердің керемет қызметкер болғандарың да ұмытылады. Дегенмен, бұл жерде қанша жыл өтсе де аты-атағы ұмытылмайтын бір жігіт отыр. Ол – Жақсылық Үшкемпіров. Оның Олимпиаданың алтын медалін алған тұңғыш қазақ екенін халық өмірі ұмытпайды. Соны есте сақтаңдар» деп мені министрлерден де жоғары, төрге отырғызып қойды. Расында да халықтың маған деген ыстық ықыласы әлі күнге басылған емес. Қашан да құрмет, қошеметке бөлеп жатады. Сондай кездері еріксіз Димаш ағамды ойыма аламын...

Жастар әрбір мүмкіндікті пайдалана білуі тиіс

– Жиырма бір жылдан бері егемен елміз, бірақ сол жақсылықты көбі сезінбейді. Біреуге тәуелді болудың қандай қиын екендігін басынан өтпегендер білмейді. Мысалы, КСРО кезінде менің өмірім, үлкен жарыстарға қатысуым өте қиын жағдайда өтті. Он жыл бойы КСРО құрамасында болдым. Сол жылдардың бәрінде Кеңес Одағында өткен жарыстарда бірінші, екінші, үшінші орын алып жүрдім. Соның өзінде әлемдік деңгейдегі жарыстарға шыға алмай, қиналды. Қазақ жастары арасынан тұңғыш рет Серік Қонақбаев екі дүркін Еуропа чемпионы, екі дүркін әлем кубогының иегері болды. 1980 жылы ғана Мәскеу Олимпиадасында біріміз алтын, екіншіміз күміс медаль алып, қазақ елі кім екенін таныттық. Оған дейін біздің талай жастарымыз Әбдісалан Нұрмаханов, Әбілсейіт Айхановтар Кеңес Одағының чемпионы болғанмен, әлемдік жарыстарға бара алмады. Қазіргі жастар әлемдік жарыстарға жылда барады. Көбіне жеңіліп жатады.

Сол кездері «Қазір ата-бабамыздың аңсаған арманы орындалды, сол бақытты сендер неге сезінбейсіңдер? Кеңес Одағы кезінде күрескендер бір рет үшінші орын алып келіндерші, сол күні құраманың қатарынан шығарып тастар еді» деп жастарымызды қайраймын. Жастар өздеріне берілген әрбір мүмкіндікті пайдалана білуі керек.

Біздің қазақтың жастары қай салада болсын меңгеремін деп ден қойған ісін тез-ақ игеріп алып кетеді. Бұл – қанның тазалығы. Жеті атаға дейін қыз алыспай, ұрпағының амандығын ойлаған қазақтың бүгінгі ұл-қызы зерек, қабілетті. 2012 жылы Лондон Олимпиадасында жастарымыз қандай ерен еңбек жасады. Олар тарихта болмаған жағдайды болдырды. Күллі әлеммен бірге мен де соның куәсі болдым. 250 мемлекеттің ішінен 12-орын алу – тарихта болмаған көрсеткіш. Спорт саласынан қазақ елі өзін әлемге мойындатты. Ал спорт деген мемлекеттің өскендігін көрсетеді. Қай мемлекеттің спорты дамыған болса, сол мемлекет күшті деген сөз. Әрине, бұл тарих қайталана ма, жоқ па, білмеймін. Мен жастарға ризамын.

Қазір алпыстан астым. Менің ойымша, қазақша мектепті көбейтуіміз керек. Балаларымыздың бойына ана тілін жастайынан сіңіруіміз қажет. Қазіргі «100 мектеп, 100 аурухана» бағдарламасының түп-төркіні осында жатыр. Осы Алматыда кезінде екі-ақ қазақ мектебі болған. Қазір, Құдайға шүкір, қазақ мектебінің саны жыл сайын көбейіп келеді. Латын әліпбиіне ертерек көшіп, Ресейден іргемізді бөліп алуымыз керек. Бұл – Елбасымыздың азаматтығы. Бұл жас қазақ мемлекетінің қарыштап дамып, гүлденуіне жол ашатын жол болмақ. Жеріміз үлкен, ал өзгелер жан-жақтан анталап отыр. Менделеев кестесіндегі барлық элемент біздің жер қойнауымыздан табылады. Біз жастарымызды сол байлыққа білімімен, қабілет-қарымымен ие болатындай етіп тәрбиелеуіміз керек.


Нағыз директор

– Мектеп бітіргенде Семейдің Зоовет институтына бекерге бармаппын. Айналып осы мамандығыма келдім. Қазір шаруашылығымызда жылқы, ірі қара өсіреміз. Кезінде құрама командада жүргенде ылғи Семейден ұшып барамын ғой. Бір ғана рейс бар, үнемі кешігіп қаламын. Зооветте оқитынымды нұсқап жігіттер маған сол кезде «директор» деген лақап ат қойған. Сол жігіттердің аузына Құдай салған болар, міне, қазір директор болып отырмын. Өне бір жылы

кезінде Кеңес Одағының құрамасында бірге болған жігіттер келді. ФИЛА-ның бюро мүшесі Дәулет Тұрлыханов «Аға, мына кісілер өзіңіздің қатарластарыңыз, қасында бірге болсаңыз» деді. Оларды Үшқоңырға апарып, шаруашылығыммен таныстырып, бір тайды сойып, көкпар тартқызып, аң атып, балық аулап, не керек әбден күтіп, алма, қауын-қарбыз, оны-мұнының бәрін жолдарына салып беріп шығарып салдық. Дән риза болған жігіттер «Жак, есінде ме, біз сені кезінде «директор» деп келеке етуші едік қой. Сен шынында да, нағыз директор болыпсың» дегені. Қазір шаруашылығымызда жүзден аса отбасы жұмыс жасайды. Негізі, біздің елімізде жұмыс жасауға барлық мүмкіндік жасалған.

Балуанның өмір жолына көз салсақ, Таластың бойындағы кішкентай ғана Тегістік ауылында дүние есігін ашқан оның тағдыры еліміздің бір қиырындағы Семейге түпкілікті байланғандай. Боз кілемдегі алғашқы күрес жолын осы қалада бастағанын жоғарыда әңгіме етсек, ал өмірлік қосағы Күлпанды да осы жерде жолықтырып, мәңгілікке бір болмаққа серт байласып, өмірдің сан алуан белестерін қол ұстасып бірге бағындырып келеді. Темірдей тәртіпті талап ететін КСРО құрамасында он бес жыл бойы тер төгіп, апталап, айлап үй бетін кормей, жаттығу залдарынан шықпай, одан қала берді үнемі ат үстінде іссапарларда жүретін спортшының жары болу сырт көзге қызығарлықтай болғанмен, қиыншылығы да аз емес. Отағасына сол ауыртпалықтың бірін білдірмей, оның елдің азаматы екенін түсініп, үнемі қолдау көрсетіп отыруды айт. Үш ұлды дүниеге әкелген Күлпан жеңгей – қазір батыр ағамызбен бірге ұлдарын аяқтандырып, немере сүйіп отырған бақытты ата-әже. Үшкөмпіровтер отбасының тату-тәтті бірлігіне, жұмыла кіріскен тірлігіне қарап қызықтық. Әрбір әулеттің өзіне тән қадір-қасиеті болады. Жақсылық ағаның қара шаңырағының табалдырығын аттағаннан сондай бір жайма-шуақ жылылық есіп тұрды. Мұндай жайлылық пен жылылық әрбір шаңырақтан сезілмейді...

1 ақпан, 2013 жыл



*Досхан ЖОЛЖАҚСЫНОВ,
Қазақстанның халық артисі:*

МЕНДЕГІ ҚОЗҒАУШЫ КҮШ – САҒЫНЫШ...

Досхан Жолжақсынов! Бұл есім мұқым қазаққа таныс, жанына жақын. Кеше «Даладағы қуғын» фильміндегі Хамит арқылы Қалидың ұлы деген аттан асып, күллі қазақтың тел баласына айналса, бүгінде «Біржан сал» фильмімен Біржанның тағдыры арқылы көрерменіне үлкен ой тастап, қазақтың сал өмір сүрген дәуірдегі қилы кезеңін, ата салт, ұлттық дәстүрімізді салиқалы сарапқа салған жан. «Сегіз қырлы, бір сырлы» Досхан ағаның өмір жолы бүгінгі әңгімемізге арқау болмақ.

Әке-шешем өнерден құралақан болған жоқ

– Шығыс Қазақстан облысы Күршім ауданындағы Балықшы сынды құмды ауыл менің туған жерім. Сол ауылда 1951 жылдың 7 қазанында дүниеге келіппін, – деп бастады әңгімесін Досхан аға. – Отбасында екі ұл, сегіз қыз болып, бір-бірімізді жетелеп жүріп өстік. Тоқшылық та, тапшылық та болды. Бірақ әке-шешеміз соның бірін сездірмеді. Ауылымыздың табиғаты тамаша болатын. Қазір соның жұрнағы да қалмады. Бала күнімізде аққу-қаздың дауысынан оянушы едік. Үйімізден 500-1000 метр жерде аққу-қаз ұшып-қонып жүретін. Әкем Қали аңшы, құсбегі болған адам. Табиғатты сүю әкеміз, анамыз

арқылы қалыптасқан сияқты. Біз де балық ауладық, ау құрдық, қыста қармақ салдық. Әрине, әкенің қаны, ананың сүті бекер емес, дей тұрғанмен осы ауылдың тұнып тұрған табиғатының менің өміріме, өнеріме қосқан үлесі мол деп есептеймін.

Бала Досханның әке-шешесі өнерден құралақан болған жоқ. Әкей әнші, домбыраны керемет шертуші еді. Анасы Жазиранын да өзіне жарасатын әдемі үні бар болатын, сызылтып ән салатын. Кейінірек үй шаруасымен отырып қалды, әйтпесе, ұстаз болған адам. «Қыз күнімізде әр үйден жиһаз, киім-кешек жинап, Бейімбет Майлиннің «Шұғасын» ойнайтынбыз» деп отыратын. Мұның бәрі ол кісілердің бойындағы өнерге деген сүйіспеншілік. Көкіректе сұраныс болған жерде табиғатқа ешкім қарсы тұра алмайды екен.

– Әкелерімізге сәлем беру үшін алыс-жақыннан әнші-күйшілер, ақындар келіп жататын, – деп сабақтады әңгімесін Досекең. – Мен кейінірек естідім, біздің есіктің алдында Сәкен Сейфуллин ағамыз болыпты. Оны ауданның бірінші хатшысының өзі ертіп келгенге ұқсайды. Бірақ машинадан түспепті. «Тізесін-тізесіне жақындатып, қойын кітапшасына бірдеңелер жазып отырды» дейді. «Сәкен аға, ас дайын болды» деп барғанда «Қазір, қазір» деді де, бірақ сол күйі астан дәм ауыз тимей кетті» дейді. Біз туған үй Серке Қожамқұлов, Қамал Қармысов, Жүсіпбек Елебековтер де болған шаңырақ. Жүсекең тіпті әкемді астанаға алып кетемін деп әрекет етіпті. Партия, кеңес органдарында жұмыс істеп жүрген адам, қалай болғанда да партиядан жасқанады ғой. Әйтпесе, әкем облысқа дейін барып, айтысқа қатысқан. Содан кейін «Партия қалай қарайды?» деген оймен ауылда қалған. Осы ортада өсіп-өніп, әкеміздің домбырасын шерттік, мылтығын атып үйрендік. Қонақ келсе бізді отырғызып қояды. Сонда «Сөз тыңдасын, көкірегінде бірдеңе қалсын» деп отырғызады екен ғой. Үйден қонақ арылмайтын. Қысқа бір жылқы, бір түйе сойылады. Сол жетпей қалатын. Біздің жақта қыс ерте басталып, көктем кеш шығады емес пе?

Интернат ерте есейтті

Актер өзінің ең бір ғажап кезі балалық шағы деп санайды. Ол да ауылдың өзге балалары сияқты үй шаруасының бәрін істеп өсті. Кезекпен қой бақты. Ат суарып, қора тазалады, отындыққа көкпек те шапты. Әкесі жарықтық екеуі талай рет құрақ оруға барған. Кәдімгі көк құрақ. Орып, қайыққа толтырып арғы жақтағы аралшыққа апарып

кептіріп, бір аптадан кейін бері қарай алып шығады. Өзі жеп-жеңіл, кепкеннен кейін бұрынғыдан да жеңілдеп қалады. Неге екенін әкей құраққа аздап тұз қосып, оны сиырға беретін. Содан кейінгі сиырдың сүтін қаймақтан ажырату қиын.

– Кейін студент болғанда ауылға каникулға барғанда міндетті түрде балықшылар бригадасына кіреміз. Тиын-тебен табу үшін, – деп жалғастырды ол әңгімесін. – Сол кездері «Киінсек, бірдеңе алып кетсек» деген ешқандай ой болмайтын. Мысалы, Алматыға бір көйлек, бір шалбармен келдік. Соны талай жаздық та. Апаларым «Соны айта бермеші» деп ренжитін де болды. Тағдырдың өзі солай болды ғой. Бірақ көңіліміз тоқ, рухымыз бай болды. Әкемізден естіп өскен дүниелердің барлығы көкіректе қалды. Негізі 4-сыныптан интернатта оқыған баламын. Сол интернатта жүріп оң-солымды тез білдім. Ерте есейдім. Әрине, ең бір үлкен қозғаушы күшім ол – сағыныш. Әкеге, анаға, туған-туысқанға, жалпы ұлы мәртебелі мейірімділікке деген сағыныштан осы уақытқа дейін мауқымды бір баспадым десем өтірік емес. Сол сағыныш – менің қозғаушы күшім. Сол қасиет балаларымның да көкірегіне егілсе деймін. Шіркін, балаларым бірін-бірі сағынып тұрса... Сағыныш та адамның жанының байлығы. Ол жоқ жерде адам қатқылданып, қайыңның безіндей бола бастайды. Ал сағыныштың ар жағында үлкен сезім тұрады. Сезім деген ол – мейірім, ол – иба, ол – ізеттілік, ол – имандылық. Осы бір ұлы сезім өнерге алып келді ме деймін. Сол үшін Аллаға мың да бір шүкіршілік айтамын. Домбырамды арқалап жүріп ән айтып, күй шертсем де Алматыға келген жолым басқа еді. Қуанышқа орай денсаулықтың арқасында оған бармай қалып, айналып келгенде осы Құрманғазы атындағы өнер институтында марқұм – КСРО халық артисі Хадиша Бөкеева апамыз екінші топ қабылдап жатыр екен, 1969 жылы сол топқа қабылданған он алтының бірі мен едім.

Атаман деген атым бар

Досекең – бұл шаңырақта төрт қыздан кейін туған ұл. Әйтсе де, әке-шешесі оны еркелетіп, үкі тағып, бетінен қақпай өсірген жоқ. Ол әкесінің қасынан қалмайтын. Үнемі ат үстінде, қызметте жүргеннен кейін шаршайтын болар, әкейдің мінезі де қатқылдау болатын. Сонда да кішкентай Досхан әкесіне «Сізбен барамын» десе, көңілін қалдырмай ертіп жүретін. Сол кісінің қасында ұйықтайды. Әкесінің арқасында қаншама адамдардың ортасында болды. Оның еркелігінің

түрі – осы. Әйтпесе, еңбектің баласы болды. Дүкеннің екі жағы болып бөлінетін. Бергі шеті – Рауан, арғы жағы – Шағала. Осылайша, екіге бөлініп, футболдан екі команда құрылды. Талай рет төбелесті де. Шілденің 11-і – балықшылар күнінде үлкен мереке болатын. Сол мереке бекітілгеннен кейін кәуап дегеннің, тәтті лимонадтың бар екенін білді. Неше түрлі тәтті тоқаштарды көрді. Осы мерекеге жыл бойы бірнеше киноға бармай ақша жинайтын.

Досхан Қалиұлы:

– Зина апам тұрмысқа шығатын болды. Оған құда түсуге алғаш рет келген құдаларды сөзге бай, адуынды әкем екі ауыз сөзбен жығып, қоя береді. Содан олар келесі жолы ауданның хатшысын алып келіп, құда түсті. Әкемнің де анау айтқан қарсылығы жоқ, бірақ құдаларды қазақтың жолымен сөзбен жығып отыр ғой. Сонымен, екі жақ келісіп, орталық клубта үлкен комсомол тойы өткізілетін болып белгіленді. Ол кезде мен тұрмыс құру дегеннің не екенін түсінбеймін ғой, бірақ Зина апамның үйден кететіні кішкентай жүрегімді тілгіледі. Бір қимастық сезім билеп, орнымнан тұрмай, «Тойға бармаймын» деп жылап жатып алдым. Жарықтық актер Уайыс аға Сұлтанғазин біздің ауылдан еді ғой. Мектепті менен екі-үш жыл бұрын бітірген. Міне, сол Уайыс ағамыз бастаған үш-төрт жігітті «Досханды алып келіңдер» деп жібереді. Ол кездері 6-7 сынып шамасындағы баламын. Көбіне үлкендермен дос болып, бірге жүретінмін. Неге екенін білмеймін, олар мені «атаман» деп атайтын. Сол Уайыс ағам бастаған үш-төрт жігіт «Құда баласыз той бастала ма? Досхан-ау, бәрі сені күтіп отыр» деп киімдерімді тауып кигізіп, тойға мені мойындарына көтеріп алып барды. Той керемет өтті. Клубтың маңайы адам әбден жүргендіктен тайып жығылатындай жып-жылтыр мұз. Содан ауыл мен Зайсанның ар жақ бетіндегі Тұғылдың жігіттері сөзге келіп қалып, төбелес басталды да кетті. Мен тойдың иесі болып жүрмін ғой. Досымыз Деден біреуді тепкелі жатыр екен. Үстіне киген пальтосы желбіреп тұр. Аяғын көтерген кезде оның пальтосының етегі менің қолыма ілінді. Тартып қалсам, шалқасынан түсті. Тағы біреуі сөйтті. Тұғылдың жігіттері көпке дейін «Ойпырым-ай, «атаман» деген біреуі бар екен, бойы кішкентай, ұрғанын қалпақтай түсіреді, сұмдық екен» деп жүріпті. Сондағы атаманы – мен. Мен ұрып жүрген жоқпын, етектен тартқаннан өздерінің аяқтары тайып жығылып жатыр.

Жақсылардың шапағаты

Ол мектепті орысша бітірді. 1-сыныпта қазақша оқыған. Әйтсе де, әкей оны қайтадан біріншіге беріп, орысша оқытты. Оның ұйымдас-тыру қабілеті жоғары болды. Неге екенін ауыл балалары Досхан дос-тың үйінің қасына көбірек жиналатын. Ағаштан қару жасап, «соғыс» ойнайды. Кейінірек доп қуып, футболға ден қойды. Бірте-бірте доста-рымен киноға, биге, қыздарға қырындауға баратын болды. Басқаларға қарағанда бұның бір-екі ауыз орысшасы бар. Мектепте оқып жүрген-де бойындағы Алладан дарыған қасиеттің арқасында көркемөнер-паздар үйірмесінен қалмады. Жүргізуші де, спектакльде ойнайтын да – осылар. Ән де салды, биледі. Ауданда өткен жарыстан бірінші орын алып, Өскеменде теледидардан шығуға мүмкіндік алғаны бар. Ол екінің бірінің маңдайына жазылмаған. Қарагөз деген апайы ко-быз тартатын, сол кісі мұғалімдер арасынан, бұл оқушылар арасынан шықты. Бірінші рет қалаға келіп, мейрамханадан тамақтанып, телеви-зор дегенді көріп, біраз «көзі ашылып» қайтқаны бар.

– Содан кейінгі бақытты шағым – студенттік кезең, – дейді Досхан аға сол кезді ойша шолып. – Бұл Хадиша апамның Катаринаны ой-нап жүрген ғажап кезі. Театрда да, кинода да, ұстаздықта да үлкен тәжірибесі бар. Біз Тұңғышбай Жаманқұлов, Меруерт Өтекешова, Сайра Манасбаева, Қадірбек Демесінов, Жақсыбек Құрманбеков, Асқарбек Сейілханов және осы күні дүниеден озған Төлеген Қуа-нышев пен Әлия Арысбаевалармен бірге оқыдық. Хадиша апам – қазақ сахнасына еуропалық мәдениетті алып келген актриса. Міне, біз осындай ұлы тұлғадан дәріс алдық. Студент кезімнен Ф.Мүсірепов атындағы жасөспірімдер мен балалар театрының қосалқы труппасы-на қабылдандым. Бітіргеннен кейін театр басшыларының шешімімен сонда қалдым.

Жалпы, менің алғашқы ұстаздарым – әкем мен анам. Одан кейін-гі ұстаздарым мектеп қабырғасында домбырадан оркестр құрып, біз-ге күй үйреткен Зилә апайымыз. Институтта – Хадиша апам мен Өшірбек Сығай. Мен танитын мықтылардың бәрі маған рухани демеу болды. Мысалы, театр, кинодағы режиссерлерім. Райымбек Сейіт-метов ағамыз маған ең алғаш Ақан серіні ойнатты. Кинода – Абдол-ла Қарсақбаев, «Гауһартасты» койған Шәріп Бейсенбаев, Төлеміш Океев. Міне, осы кісілер менің ұстаздарым. Біз осы кісілерге қарап өстік. Мысалы, Ақанды ойнағанда Ғабен – Ғабит Мүсіреповтің көзі

тірі кезі. Ол кісі өзі келіп карап, сосын үйіне шақырды. Сол кезде «Досхан, мен домбыра шерте білмейтін қазақпын. Мына домбыраны көрші, бірденесі жетіспейтін сияқты» деді. Бұл сөз Ғабеннің маған айтып отырған қалжыны ма деп түсіндім. Әйтпесе, Ғабендей кербез, Ғабендей сері қолына домбыра алмауы мүмкін емес қой. Ол кәдімгі Жамбыл домбыраны маған ұсынды. Қарасам, пернелері босап кеткен, тиегі жоқ екен. «Бұл Ғабеннің домбырасы ғой» деп пернесін жөндеп, үйде ертеректе киноға түскенде алып келген пілдің сүйегі жатыр еді, егеп отырып тиегін содан жасадым. Бүгінде Ғабеннің мұражайында сол домбыра сол тиекпен тұр ма, жоқ па, білмеймін. Оның үстіне дыбысқа сүйектің әсері тиюі мүмкін, сондықтан ол қаншалықты құнды тиек болатыны да маған беймәлім. Негізі, тиекті әртүрлі ағаштардан жасаған ғой. Піл дегеніміз зіл, зіл – мамонт, сол зілдің сүйегінен тиек жасап, Ғабеннің домбырасына салып, бір-екі ән орындап бергенім бар. Ғабен «Ақан сері – Ақтоқтының» соңғы дайындығына келіп, «Досхан-ау, тіпті ұзақ жазыппын ғой, кейбір жерлерін қысқартамын десең өзің біл» дейді. Сол кезде «Аға, сіздің бұл жазғаныңызды қысқарту мүмкін емес, ақ өлеңнің барлығы бір-бірімен жай сөз емес, ұлы мағына ретінде жалғасып тұр. Бір сөз түсіп қалса көлемді бір пәлсапа түсіп қалғандай болады» дедім. Спектакльдің премьерасы өтті. Ғабен ризашылығын білдірді.

Біз Сәбең – Сәбит Мұқановтың көзін көрдік, көрші тұрдық. Өзімнің атам – ұлы Асқар Сүлейменовті күнде болмаса да өте жиі көріп тұрдым. Ол кісінің қасына жолау қиындау болатын. Өйткені барған кезде ылғи жазып отырады. Шай ішкенде ғана екі ауыз сөзбен халімізді сұрайды «Аман, Асқар аға» деймін, «Жарайды онда» деп қысқа қайырады. Ол кісінің анасы Айтотым әжеміз домбырамен ән айтқызады. Асқар ағам тыңдап отырып, қойын дәптеріне бірдеңелерді түртіп қоятын. Осы кісілердің барлығы менің рухани демеушім.

Алғашқы автокөлігім – «Волга»

– Қырғыз режиссері Төлеміш Океев «Алтын күз» фильмін түсіріп жатты. Біз соның үйінде түнегенбіз. Ол мені таңғы 8-де оятып, «Досхан, сағат 9-ға Шікең (Шыңғыс Айтматов) шақырып жатыр, домбырасын ала келсін деді» дейді. Шыңғыс Төреқұлұлы ол кезде Қырғызстан кинематографистерінің бірінші хатшысы. Содан апыл-ғұпыл жиналып, Шыңғыс ағаға бардық. Дастарқанда құстың сүтінен басқаның бәрі бар. Ағамыз аздап ой үстінде екен. «Отыр, айналайын. Қане, шерт

домбыранды» деді. «Ақжайық», «Ақбұлақтан» бастап, әндерді бірінен соң бірін жібердім. Бір сағаттың шамасында ән салдым. Шұбат, қымыз, тары, сөк, ұлттық тағамға толы дастарқанға қарап ағам «Ауыз тиіп отыр» деп қояды. Болар-болмас жұтып қоямын, Шыңғыс ағаның мысы басып отыр. Біраздан соң бойым үйреніп, ашыла түстім, өзімді еркін сезіне бастадым. Болғаннан кейін қолтаңбасымен екі кітабын сыйлады. Кейіннен білдік, ағамыз бірінші жеңгемізбен ажырасып, көңіл күйінің онша болмай жүрген кезі екен. Кейін де ол кісімен талай дастарқандас, дәмдес болдық.

«Алтын күз» фильмінің премьерасы Қырғызстанның кино үйінде болды, маған сәл кешірек хабар тиді де, кешігіңкіреп бардым. Кино үйінің екінші қабатына көтеріле бергенде есік ашылды. Кино жаңа ғана аяқталған екен. Содан бірінші болып КСРО халық артисі Алексей Баталов шықты. Ол мені бірден танып «Қымбаттым менің! Жаңа ғана рөлде ойнаған сенсің ғой. Жарайсың!» деп құшағына алып тұрған кезінде оның соңын ала бере Олжас ағамыз (Сүлейменов) шықты. Ол кісі де мені құшақтап, құттықтады. Дей тұрғанмен біздің ұлтымызда бір қасиет бар – біз өзімізді-өзіміз мақтаудан қорқамыз. Ал орыс халқы ішкі сезімін, көңіл күйін жасырып қалмайды. Оларда сыналап ой жүгірту жоқ, ашығын айтады. Әсіресе, өнер төңірегіндегі бұлардың бірлігі, содан үлкен дүниелердің шығып жатқандығы, бір-біріне деген қолдауы, туған күні немесе басқа да кішкентай қуанышын қаумалап көтеріп әкетіп теледидарға дейін көрсететіні бар. Біз ондайдан қорқамыз, бізге не Алладан, не одан кейінгілерден жарлық түсуі керек. Содан кейін ғана қозғаламыз. Ал көрген нәрсені «Қалай екен?» десе, «Иә, енді...» деп мұрнымыздың астымен ғана міңгірлеп кетеміз. Жаңағы жерде Баталов маған ыстық ықылас танытқаннан кейін Олжас ағамыз да «Ертең елге менің машинамен бірге қайтайық» деді. Әйтпесе ол кісі де мақтауға келгенде енжарлау секілді. Ертеңіне жолда келе жатып «Машинаң бар ма?» деп сұрады. Жоқ екенін айттым. «Онда ертең өтінішінді жазып, алып кел» деді. Ол кездері жарықтық шешем тірі еді. Олжас ағамның сөзін естігенде қатты қуанды және «Бәрінен ақша жинаймыз, «Волга» ал» деп кенес берді. Ай шамасында «Волга» машинасын алдық. Бүгінде «Чайка», «Мерседес» мініп жүрсен де, ешкім таңғалмайды ғой. Ал бізге «Волганың» өзі ғарыш кемесін мінгенмен бірдей әсер етті. Олжас аға сол жылдары Қазақстан кинематографистерінің бірінші хатшысы болатын, – деп бір қайырды ағамыз әңгімесін.

Хам-ағамның бағасы

Олжас Омарұлымен екінші мәрте кездесудің сәті 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін болды. Жазушылар одағында өнерде жүргендердің тайлы-тұяғына дейін қалдырмай басын қосып үлкен жиын өтті. Көбі жастарды кінәлап сөз сөйледі. Залда ине шаншар орын жоқ. Иін тіресіп тұр. Сахнада мүйізі қарағайдайлар отыр.

Досхан Қалиұлы:

– Жұрттың соңын ала бере мен де сөйледім. Көкірекке өксік тығылып тұр, сөзім сондай әсерлі шықты. Тіпті не айтып, не қойғаныма өзім аса көп баға бермедім. Бірақ ішімдегі жатқан дүниенің бәрі сол жерде төгілді. Өлгі жастарды кінәлап сөз сөйлегендерге «Мұндай жайттарды біз тек теледидардан көруші едік. Сіздер өсірген ұрпақ – бұл. Сонда аға ұрпақ кіші ұрпақты тұтқындай ма, сабай ма, қақаған аязда олардың үстіне мұздай су құя ма?» деп ышқына бар дауысыммен айқайладым. Сөйлеп болғаннан кейін ортадан бір дәу көтерілді. Ол «Мына сөйлеген жігіт кім?» деді, сол жерде біреулер «ТЮЗ-дің актері – Досхан Жолжақсынов» деп жатты. Өлгі дәу «Досханға дейін сөйлегендердің, Досханнан кейін сөйлейтіндердің сөзі сөз емес!» деп таяғын тура ортадағы кілемшенің үстіне лақтырып жіберді. Содан кейін барып ел ду қол шапалақтады. Өйтпесе, мен сөзімді аяқтаған кезде ешкім қол соқпаған. Дәу деп отырғаным – Хамит Ерғалиев ағамыз екен. Қарап отырып сол кештің кейіпкері болдым. Содан кейін бізді – Роза Бағланова, Олжас Сүлейменов және мені ҚазМУ-ге студенттермен кездесуге жіберді. Роза апам «Жастардыкі дұрыс емес» дегендей сөз сөйледі. Олжас ағам «Ақ пен қара» деген өлеңін оқыды. Мұнда да ішімдегіні ақтарып, ойымдағыны айтып сөйледім. Сол күнгі жастардың маған деген ықыласы – өмірімдегі ең үлкен марапатым болды. Қаншама жас өлең арнады, ықыласын білдірді. Сол кештен кейін Олжас ағам маған рақметін айтып, тағы да машинасымен үйге дейін жеткізіп салды...

Адамдарға мейіріммен қарауға тырысамын...

– «Бес саусақ бірдей емес» демекші, адам баласы сан қилы жатырдан шыққан, қаннан жаралған. Әр адамның тектілігі, тегі, тәрбиесі бөлек. Зұлым, айлакер болып ешкім тумас. Өмір, орта, мұқтаждық адамды илейді, билейді. Біздің де басымыздан сан қилы сәттер өтті.

Бірақ ешкімге де өкпе артқым жоқ. Адамдарға үлкен мейіріммен қарауға тырысамын. Бұлақ көрсем көзін ашқым келіп тұрады. Мүгедек көрсем қолымнан келген көмегімді көрсеткім келеді. Сан қилы сәтте жүрекке сызат та түсті, ұйықтамадық, күлмедік, «Әттеген-ай» дедік. Кейде біреуге жасаған жақсылығым өзіме запыран болып келіп жатады. Ондайлар да өтті бастан. Бірақ ондайлар болмаса жақсылықтың қадірін білер ме едік?! Қазір жас емеспін, алпыстың екеуіндемін. Келер жылы, Алла жазса, Пайғамбар жасына келемін. Бұл – ақсақалдық жолдың бастамасы деп ойлаймын.

Абай атам:

– Адамзат бүгін адам, ертең топырақ.

Келешек жылтырақпен алдарқатады.

Ертең кімсің білмейсің, өзің де сен

Өлу үшін келгенсің, ойлан ұрпақ, – дейді. Осыны ойлайсың да, бастан өткеннің бәріне жеңілдікпен қарайсың. Егер мұның бәріне күнде өле берсе, адам тозып кетеді ғой, отбасын, өсіріп отырған ұл-қызың бар. Айналада туған-туысқаның, сен «Уһ» десең ауырып қалатын апаларың бар. Бәрін жүрегіме соншалықты қабылдайтын болсам, нем қалады?! Негізі мен жықпылым жоқ ашық адаммын, дегенмен біреу-міреу мінезіме тисе, ұрып та жіберуім мүмкін, айтып та салуым мүмкін, – дейді Досхан аға.

Досхан ағаның өмірлік қосағы – әнші Қарагөз. Атақты жазушы Асқар Сүлейменов пен қоғам қайраткері Алтыншаш Жағанованың қызы. Олар екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Үлкен ұлдан үш немере бар. Енді ғана тәй-тәй басқан немеренің кішісі – Ералысы таяуда ғана жасқа толды. Халық артисі соларға қарап шүкіршілік етеді. «Ең үлкен бақыт – денсаулығы мықты, рухани бағыты дұрыс, алған тәрбиесі орнықты, ұлтқа, мемлекетке, адамға деген көзқарасы жақсы ұрпақ тәрбиелеу. Бұл – кез келген адамзаттың асыл мұраты» дейді Досхан аға. Бұған біздің қосарымыз жоқ.

27 ақпан, 2013 жыл



*Амалбек ТШАНОВ,
мемлекет қайраткері:*

НЕГІЗІ ДҰРЫС АДАМНАН ӘРҚАШАН ЖАҚСЫЛЫҚ КҮТУГЕ БОЛАДЫ

Амалбек Қозыбақұлының туып-өскен жері – Оңтүстік Қазақстан облысындағы Төлеби ауданының Сайрамсу, Қасқасу және Қарасораның суы үшеуі бір нүктеде қосылған Қарасора ауылы. Бұл мекеннің қасиеті осында және мұндай табиғи байлық кемде-кем.

Анам өмірін тек маған арнады

– Ол – шаруа баласы. Ауылда, көп балалы отбасында, төрт ұл, төрт қыздың ортасында өскен. Балалардың бесіншісі. Ұлы Отан соғысының нағыз қайнап жатқан 1943 жылдың 4 сәуірінде дүниеге келген. Бұл әулеттен төрт кісі соғысқа қатысқан. Олар – әкесі Қозыбақ, он бес-он алтысында жасын үлкейтіп көрсетіп, соғысқа аттанған ағасы Жамалбек, қазір өзі тегін алып жүрген тәтесі Тшан және анасының жалғыз інісі, жастайынан әке-шешесінен айырылып, осы үйде тәрбиеленген нағашысы – Құдайқұл. Әкей мен Жамалбек ағасы қан майданнан аман-есен елге оралды да, тәтесі мен нағашысы соғыста шейіт болды.

– Тшан тәтемің әйелі Күлдәр, яғни менің екінші анам отыз бір жасында жесір қалып, соғыстың қасіретін көп тартты. Ерінен айырылды, басқа баратын ешқандай туыс жоқ және ешкімнің жағдайы

жетісіп тұрған кез емес. Апам өмір сүргісі келмей, бәрінен күдер үзіп, түңіліп жүргенде анамның құрсағында мен пайда болыппын, – деп бастады әңгімесін Амалбек аға. – Абысынының ахуалын жан дүниесімен түсінген анам Ортай «Егер құрсағымдағы бала ұл болса, саған беремін» дейді. Алғашқы атым – Жақсыбек, сосын мені Күлдәр апам бергеннен кейін Құраннан алып Амаль, яғни Үміт деген мағынаны беретін ат қойып, оған «бек» деген жалғау жалғайды. Күлдәр анам қайта тұрмысқа шыққан жоқ, бар өмірін маған арнады. Өте бір қасиетті, дана, көпті көрген кісі болатын. Оның есте сақтау қабілетіне таңғалатынымын. Жамалбек пен Өмірбек ағаларымның және үлкен әпкем Шолпанның әрқайсысында он бір баладан болды. Сол аға-апаларым кейде өз балаларының қай күні туылғанын ұмытып қалып жататын, ал менің апам солардың бәрін біліп, айтып отыратын. Жас кезімде «Апа, маған сіздің есте сақтау қабілетіңіздің оннан бірін берсе, мен де әжептәуір адам болатын шығармын» дейтінмін.

Өз анам Ортай толықша келген аққұба кісі еді. «Айналайын» дегеннен басқа артық сөзі жоқ, сабырлы болатын. Бірдеңе дұрыс болмай қалыпты десе, «Ойпырым-ай, солай ма?» дейтін де қоятын. Үй шаруасының бәрі – сегіз баланың, әкейдің күтімі, тамағы сол кісінің мойнында болды. Біздің үйдің жалпы шаруашылығының бәрін жаратылысынан еті тірі Күлдәр апам басқарды.

Балалық шағымнан есте қалғаны – жеті жасқа дейін емшек емгендігім. Бес жасымда мектепке бардым. Күлдәр апам мені барынша еркелетіп өсірді, маған қарата ешкімді сөйлетпейтін. Апамды ерекше құрметтейтіндіктен оның көңіліне қарап, ешкім бетімнен қақпады. Бір қызығы, мен алдында өз анамды еміп жүріпмін де, сосын Күлдәр апамды еміп кетіппін. Сабақтан келе салысыммен қараңғы бөлмеге кіріп алып, маңдайымнан шып-шып тер шығып емеді екенмін. Өзі тумаса да маған мейірленіп, еміренгендіктен бе, ол кісінің омырауынан сүт шыққан. Негізі, ол екі құрсақ көтерген, бірақ қос құлыны да шетінеп кеткен. Кіші бала мен туардың алдында дүниеден озған болуы керек. Өз анама қарағанда Күлдәр апам мен үшін өте жақын болды.

Жүрегі жұмсақ әкешім

Оның халық алдында Амалбек боп азамат ретінде қалыптасуы өз еңбегінің арқасы. Қалай еңбек етуді бала кезден ата-анасы үйреткен. Әкесі Қозыбақ тоғыз жасында жетім қалып, украиндардың қолында малай есебінде жүреді. Титтейінен еңбек еткен, украинша үйренген.

Сөйтіп жүріп, үш айлық мал дәрігерлік курсқа жіберіліп, маман болады. Ауылда мал дәрігерінің әжептәуір беделі бар. Себебі – ұжымшардың бүкіл малы бастық пен мал дәрігерінің қолында. Әкей кішкентай Амалбекті тоғыз-он жастар шамасында таңертең сағат 5-терде тұрғызып, тауға ертіп әкетіп, қамыс орғызатын. Бір өзі баруға еріне ме, әлде серік болсын дей ме, әйтеуір оны жанынан қалдырмайтын. Қамыспен үйдің төбесін жабады, ши тоқиды, әйтеуір тіршіліктің қамы. Сол кездері апасы «Осы титтей баланы ұйқысынан оятпай-ақ өзің барып келмейсің бе?» деп, кейіп отырушы еді. Кейін есін жиып, еңбекке араласа бастаған кезде ол әкесінің ақсаусақ қылмай, титтейінен еңбекке баулып, өсіргеніне риза болды.

Сегіз баланы асырау оңай емес. Қозыбақ әке малдың қиын таза-лап, тезек жасайды. Әбден еңбектенетіні сонша қолдары ақжем болып, буындары тілініп, сүйегі көрініп тұратын. Соған қойдың құйрық майын қыздыртып бастыратын. Ол өз ұрпағын осылайша асырап, бағып-қағып, үлкен өмірге жол сілтеді. Жас шағында әкесін тым қатал деп ойлайтын бала бертін келе оның жүрегінің соншалықты жұмсақ, нәзік екендігіне талай рет көз жеткізді. Алла алдынан жарылқасын.

Музыкант бала

– 9-сыныптан бастап Советский ауылында оқыдым. Жамалбек ағам мектеп директоры болып қызмет істеді де, онжылдықты сол жерде тәмамдадым.

Бұл ауылда кілең орыстар тұрып, қазақтарға күн көрсетпейтін кездер де болған. Жергілікті тұрғындардың тұрмысы, сауаты көтеріліп, өзін-өзі тани бастаған кезде орыстар көше бастады, – дейді ол әңгімесін одан әрі сабақтап. – Бала күнімнен музыкаға құмар болдым. Домбыра, баян тарттым. Жоғары сыныпта оқып жүргенде мектептің көркемөнерпаздар үйірмесін басқардым. Консерваторияға оқуға түсіп, музыкант болғым келді. Ол кездері қазақ вальсінің королі атанған Шәмші Қалдаяқовтың әнін айтпайтындар некен-саяқ. Ауылға бір неміс отбасы көшіп келді. Күйеуі дене шынықтыру сабағынан, ал әйелі музыкадан сабақ берді. Апайымыз «Қабілетің жақсы екен, нота үйретейін» деп мені музыкаға тарта бастады. Пианино жоқ. Қатты қағазға клавиатура салып, «до-ре-ми-фа-со-ля-си-до, до-си-ля-со-фа-ми-ре-до» деп отыратынмын. Осылай біраз әурелендім. Ешқандай дыбыс шықпаған соң жалыға бастадым да, тастап кеттім. Мектеп бітірген соң консерваторияға баратынымды айтқанымда Жамалбек ағам «Шарманқанды арқалып қаңғып жүресің бе, одан да қазіргі за-

манға сай мамандық игер, технологиялық институтқа барып бақ сына, инженер боласын» деп кеңес берді. Осылайша, инженер мамандығын таңдадым.

Боксқа бала күнімнен қатыстым. Досым Ақжол Асқаров екеуіміздің боксқа қызығушылығымыз ерекше болып, былғары қолғап киіп, жаттығуға қатысып жүрдік. Бокстың нағыз әдіс-тәсілін білмесек те, кейбір ережелерін үйрендік. Жарыстарға қатысқан жоқпыз. Кейіннен институт қабырғасында жүргенде бокспен шындап айналысып, Қазақстан құрамасында сайысқа түсіп, КСРО спорт шебері деген атаққа дейін жеттім.

Бұрымды қыз баурап алды

Ол жоғары білімді Шымкент қаласындағы Қазақ химия-технология институтынан алды. Сабақ күрделі. Ауылда өскен балалар үшін орыс тілі қиындық тудыратын. Техникалық терминдерді сіңіру өте қиын болды. Дегенмен ол сабаққа да үлгеріп, спортты да қатар алып жүрді.

Амалбек Қозыбақұлы:

– Спорт маған топтың алдында көшбасшы болуға, өмірге деген құлшынысымды арттыруға өз септігін көп тигізді. Әсіресе, қазақ балалары арасында боксшылардың беделі жоғары еді. Айналана жиналып, үйіріліп қасыңнан шықпайтын. Оның үстіне гитара тартатын болған соң өскен ортада абыройымыз жаман болған жоқ.

Институтты бітіріп, жұмыс істей бастадық. Қалай қызметке көбірек араласып, жұмысбасты бола бастадым, солай музыка ысырылып қалып қойды. Өз өмірімдегі өкініштерімнің бірі – музыкант ретіндегі қырымның тасада қалып қойғандығы. Қазір де баянды, гитараны қолыма алсам, жайлап тарта аламын, бірақ баяғыдай қарқын жоқ. Кейбір азаматтар өз бойындағы осындай қасиеттерін қандай қызметте жүрсе де қатар алып жүреді ғой, мен оларға ризашылықпен қызығамын.

Жолдамамен облыстық тұрмыстық қажетті қамту басқармасына бардым. Ол кезде шетелден келетін ешнәрсе жоқ. Шаштараз да, химиялық тазалау жұмыстары да сол жерде болатын. Шымкентте тұңғыш рет Кеңес Одағының киім жуатын, тазалайтын жаңа құрал-жабдығымен жарақталған киім тазалайтын фабрика ашылды. Басқарма мені сол жерге бас инженер етіп жіберді. Одан кейін Шардара ауданына барып, құрылыста жұмыс істеп, ұзақ уақыт бойы осы салада еңбек еттім.

Шындығында, музыканың адамға әсері бөлек, нәзіктік сезім береді. Музыкадан хабары бар жігітке қыздардың да ықыласы ерекше болады. Алғашқы жүрегімізді дір еткізген махаббат сезімі оқушы кезімізде бастан өтті. Ол басқа мектепте оқыды, менен екі жас кіші болатын. Ауданда көркемөнерпаздар үйірмесінің жарысында үнді биін билейтін. Велосипедпен үйіне жеткізіп салып жүретінбіз. Біздің қызға қырындаған түріміз – осы. Бірақ уақыт өте келе бәрі өзгерді. Студент кезімде Түлкібас ауданының Алғабас ауылына тұрмысқа шыққан Шолпан әпкемнің үйіне барып тұратынмын. Көршілес ағайындарының 10-сыныпта оқитын Әтира деген қызы бар екен. Мен үшінші курстың студентімін. Екеуіміз таныстық. Әтира бірден көзіме ыстық көрінді. Тобықтан түсетін бұрымы, мөлдір қара көзі мені тартып тұрды. Біз бір-бірімізді шынайы жақсы көріп, ұнатып, достастық. Ол мектеп бітірген соң мен оқитын институтқа түсті. Бір себептермен бұл оқуды тастап, Теміртауға барып ПТУЗ-ға түсіп, мен оны соңынан іздеп барып, ақыры екеуіміз бас қостық. Тағдыр деген сол. Екі қыз, бір ұл сүйдік. Өкінішке қарай, ұлымыздан 2003 жылы қапыда айырылып қалдық...

Димаш ағамның батасы

Амалбек Қозыбақұлы 1969 жылы Шардараға жұмысқа барғанда алғашында гидроэлектр стансасында жұмыс істеді. Құрылыс материалдары комбинатында диспетчер болды. Директор Сейіткамал Жүнісұлы оған бір жерге ағаш егуді ұйымдастыруды тапсырды. Ол бала күнінен ағаш оғырғызғанды жақсы көретін. Өкесі екеуі ағаштарды будандастырып, өсіріп, бір түп ағаштың басында үш-төрт алманың түрі тұратын. Жастайынан әкесінен үйренген әдіспен әр ағаштың отырғызылуына үлкен мән беріп, бәрін өлшеп, рет-ретімен жұмыс жасайды. Директор үшінші қабаттағы жұмыс бөлмесінен бұларға қарап, сырттан бақылап тұрған екен. Осы жан-тәнімен беріліп жасаған еңбегінің арқасында директордың оң көзқарасы қалыптасыпты. Шардара көлінің арғы жағында комбинаттың резиденциясы болатын. Кешке бәрі сол жерде жиналды. Дастарқан жайылды, суға түсті. Директор «Амалбекке рақмет» деп ерекше алғысын білдірді. Осыдан кейін директормен арада жылы қарым-қатынас орнады. Әйтпесе, бастықпен ешқандай туыстық қатысы жоқ. Сейіткамал Жүнісұлы оған үнемі рухани жағынан дем беріп, еңбегін бағалады. Содан кейін бас технолог, зауыттың директоры болды. Ол кісі Шымкентке трестің бастығы қыз-

метіне ауысқан кезде де бас технолог қызметіне жұмысқа шақырды. Сондықтан оны «Өмірімнің дұрыс қалыптасуына игі ықпалы болған жанның бірі» деп ерекше құрмет тұтатыны бар.

– Шымкентте 1980 жылы «Югстройконструкция» деген үш зауыт, екі комбинаты бар үлкен құрылыс материалдары тресі ашылды, – дейді Амалбек аға. – Трестін бастығы институтта бірге оқыған досым Вячеслав Хлебов болатын. Партияның кезіндегі талап бойынша екінші бастық қазақ болуы керек. Сол кезде өзімізге жақын туыс ағамыз Әбдіманап Сыпатаев қалада партия комитетінің екінші хатшысы болып қызмет атқаратын. «Сен осы саланың дайын маманы емессің бе? Неге сол жерге жұмысқа бармайсың?» деді, мен қарсылығым жоқ екенін айттым. Құжаттарымды дайындап жүрген кезімде досым Вячеслав «Сен әуре болмай-ақ қой, ол жерге басқа кісіні қоятын болды» деді. «Жарайды онда» деп өз жұмысымды жасап жүргенмін. Бір күні таңға жақын түс көрдім. Түсімде Димаш Ахметұлы Қонаевпен бірге тауда жүр екенбіз. Бокстан Қазақстан құрамасында ойнаған кезде тауға шығатынбыз. Сол кездегідей таудың баурайы көкпеңбек. Көктем. Екеуіміз де спорт киімін киіп алғанбыз. Димаш аға менен биіктеу, басында көк спорт шәпкесі бар. Екеуіміз тауды бетке алып кетіп барамыз. Таңертең Күлдәр апама көрген түсімді айтып бердім. Ол кісі «Бәрі де жақсы болады екен» деп қуанып қалды. Біз қаланың сыртында тұратынбыз. Үйде телефон жоқ. Дәл сол күні таңертең «Сізді Хлебов шақырып жатыр» деп бір жігіт келіп тұр. Облыстың бірінші хатшысы Асанбай Асқаров болатын. Менің орныма баратын жігіттің әкесі Өзбекстанда ауыл шаруашылығы министрі, Сырдария облысының бірінші хатшысы болған, елге өте сыйлы ақсақал екен. Ол облыс хатшысына осы қызметке ұлын тағайындауын сұраған болуы керек. Мені «сүйрейтін» ешқандай танысым жоқ. Жігіт сол саланың маманы емес қой, жұмыс жайымен танысқаннан кейін ол қызметтен бас тартқан. Кейін 1992 жылы Шымкент қаласында әкім болған кезімде Димаш ағамыз облысқа келгенінде үйге қонаққа шақырып, ертеректе көрген түсімді және түсімде бата бергенін айттым.

Қиянатты көп көрдім...

– Өмірімнің күрделі кезеңі көп болды. Әрбір қызметке ауысуым мені сүрінтпей, аяқтан шалмай алға қарай қозғалған емес. Сондықтан да әрбір салада еткен еңбегімнің бәрі мен үшін қымбат. Шымкент қаласының әкімі қызметін бір жыл он ай ғана атқардым. Сол кездері

тегім облыс әкімінің тегінен бірінші айтылатын. Оны оңтүстіктегі халықтың бәрі біледі. Жаңа әкімге бұл ұнамады, қызметтен босатты. Төрт ай жұмыссыз отырдым. Сосын Жоғары Кеңеске депутаттыққа сайлауға түстім. Халықтың алдына шығып «Мені депутаттыққа сайлаңдар» деуге ұялатынмын. Өйткені кеше ғана қаланы басқарған адаммын. Менде «Егер мені сыйламаса, қалай депутат етіп сайлаңдар деп айтамын» деген ой болды. Тек ресми кездесулерге ғана бардым. Бірақ, Құдайға шүкір, бес адамның ішінде бірінші турда-ақ мені Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесіне депутат етіп сайлады. Сол сәттен менің екінші өмірім басталып кетті. Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев құрылыс министрі етіп тағайындады. Қалаға әкім болардың алдында Президенттің сенімді өкілі болдым. Енді бел шешіп, білек сыбана кірісіп, жұмыс жасап жатқан кезде сенің еңбегіңе қарамай қызметтен алып тастап жатады. Соның бәрі – қиянат, көреалмаушылық, аяқтан тарту. Кейбіреулер сияқты қызмет жасап отырғаннан кейін айналандағылардың, жоғарыдағылардың бәріне жағынып, шапан кигізіп, қабағына қарап отыруың керек екен. Ондай әдет менде жоқ, тек өз еңбегіме, қабілетіме сендім. Себебі Елбасы маған сенім білдіріп, үлкен қызметтер тапсырды. Мен нағыз өндірісшімін, партия, комсомол қызметтерін атқарған жоқпын. Мүмкін сондықтан кейбір қалтарыс-бұлтарыстарды түсінбейтін де шығармын. «Дұрыс жұмыс жасасам болды, бәрі дұрыс болады» деген ойымның дұрыс еместігіне кеш көзім жетті. Жоғарыдағылармен де, айналандағылармен де, ақсақалдармен де дұрыс тіл табысып, «дәліз ойындарының» бәрін меңгеруім керек екен. Ал менің ондайларға шын мәнісінде, уақытым болған жоқ. Жамбыл облысының әкімі қызметіне тағайындалған кезімде елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалы киын еді. Газ, электр энергиясы тапшы. Облыс әкімі болып екі жыл үш ай жұмыс істедім. Түнгі 12-1-де менің жұмыс кабинетімнің шамы жанып тұратын. Мұны халық біледі. Таңертең 6-7-де қайта жұмыста болатынмын. Сондай қарбалас тірлікпен жүріп қай уақытта кімнің шашбауын көтересің? Әйтсе де бәрібір олар дегеніне жетті, – деп бір түйді ол әңгімесін.

Жастарымыздың болашағы ойлантады

– Осы күні біраз жасқа келдім. Оң-солымызға баға беретіндей көргеніміз, түйгеніміз бар. Алды-артымызға қараймыз. Өз басым да кіршіксіз таза өмір кештім деп айта алмаймын. Себебі біз періште

емеспіз, қатесіз адам болмайды. Кейде сөзден, кейде ісіңнен жаңыласың. Бірақ адамның негізі дұрыс болса, ол адамнан барлық уақытта жақсылық күтуге болады.

Кейде балаларыма, немерелеріме қарап отырып, «Осыларды не күтіп тұр? Қаншалықты ұлттың туын көтеріп, ұлтқа негіз болып, ұлттың қорғаны болады? Осы үдеден шыға ма, әлде жоқ па?» деп ойланамын.

Қазіргі жастар тіпті еркіндік, тәуелсіздіктің өзін шын мәнінде, түсінбейтін сияқты. КСРО кезінде қандай болғанын елдің бәрі біледі. Бүгінде өз елімізде өзіміз қожамыз. «Ұлттық негізімізді көтерейік» деп мұрындық болатын зиялы қауым қайда? Сол зиялы қауым деп әспеттегендеріміз тіпті қазаққа тән көпірте айтқан сөз сияқты көрінеді. Біздің зиялы қауым тек қарақан басының жайын күйттеп кеткендей. Өзі, бала-шағасы аман болып, өз жағдайларын күйттесе болғаны. Маған олар ренжімес деп ойлаймын. Дәл қазіргі кезде ұлттық сезімі жоғары, нағыз халыққа жанашыр зиялы қауымды шырақпен іздеп таба алмайсың. Көбі Құдайдың берген бойындағы талантын, абыройын отбасының күйбең тірлігінің айналасында қалдырып жатқандай. Бұл – өте өкінішті. Әйтпесе, қазақ талантты азаматтардан кенде емес. Ең бір қиын замандарда да, баяғы революциядан кейін де біздің аталарымыз қазақтың қазақ болып қалыптасуына жанын пида етіп, өздерін дәлелдей білді. Мықтылығын мойындатты. Кезінде олардан бүкіл империя қорықты. Қазір бізге ешкімді қорқытудың қажеті жоқ. Біз өз еліміздің ғана сойылын соғуымыз керек. «Ертеңгі ұрпаққа не қалдырып жатырмыз?» деп артымызға қарауға, ойлануға тиіспіз. Қажет болса құрылтай жасап, ұлтты сақтап қалу мәселесін жан-жақты талқылауымыз керек. Бұл билікке қарсы әрекет емес, тек ұлттың негізін қалай сақтап қаламыз деген ой. Егер осындай бір әрекет болса, мен де сырт қалмас едім. Меніңше, бұл мәселе әрбір қазақтың міндеті, тіпті борышы деп түсіну қажет.

Жайбарақаттылықтан қашан арыламыз?

– Қазір бізде қай салада да даму процесі бар. Дегенмен, өкінішке қарай, бүгінгі жастардың, әсіресе, ауыл жастарының кейбірінің ой-өрісі бұдан бір жарым ғасыр бұрынғы қазақтарға ұқсайды. Еш нәрсенің мәніне, мәнісіне терең үңілмейді. Абай атамыз сол үшін жылап өтпеді ме өмірден? Содан бері өзгергені шамалы. Рас, үлкен нәтижелерге жетіп жатқан жастар да бар. Ал көп жағдайда халықтың ішкі

жан дүниесіне үніліп қарасаңыз, сөйлессеңіз сіздің не айтып отырғаныңызды түсінбейді немесе әдейі түсінгісі келмейді. Қарны тоқ, қара шай мен наны болса болғаны. Тек қарынның қамы үшін болса өмірге келудің не мәні бар? Онда біздің малдан айырмашылығымыз не? Абай атамыздың өмірден жылап өтуінің сыры – сол. Қызғану да бізде. Құлдық психология да өте жоғары. Қызметтегі кісіні мақтағанда аспанға ұшырып жібере жаздайды. Біздің ең үлкен кемшілігіміз – осы. Әйтпесе 16-ақ миллион халқы бар біздің еліміз әлемдегі ең бай мемлекеттің бірі. Біздің байлығымызға жететін бірде-бір ел жоқ. Мұны нақты айта аламын.

Ел жақта жиі боламын. Тіпті жас жағынан менен кіші көп жігіт өмірден озған, кейбіреуі қартайып, жүнжіген. Жастар жағы жұмыссыз, сымға тізілген қарлығашқа ұқсап көшеде отырады. Ағайындарым ғой, өтіп бара жатып тоқтап, амандасамын. «Не істеп отырсындар?» десем, «Жай әңгімелесіп...» деп жауап береді. Олар сол өмірге үйреніп кеткен. Құдай-ау, біз қай ғасырда өмір сүріп жатырмыз? Неге біз Оңтүстік Кореядан үлгі алмаймыз? Олар кезінде елдің тұрмыс ахуалын көтеру үшін күндіз-түні шахтада, өндірісте, құрылыста, тағы басқа да жерлерде жұмыс істеді. Бүкіл халықты көтерді. Өте еңбекқор, бәрі шегінен білімді, инабатты. Біздің солардан неміз кем? Біздің халқымыз, әсіресе, жастарымыз өте талантты емес пе? Неге біз керек болса ақындарымыздың сөзімен соларды оятпаймыз? Қазақ халқы ақынның сөзін естісе, денесі түршігіп, арқасы қозып шыға келеді. Әлде біздің халқымыз Кеңес Одағы құрамындағы сол 70 жылда шөгіп, басылып кеткен немесе біз оларға айтып жеткізе алмаймыз не түсінгісі келмейді. Осы үшеуінің бірі.

Бізге ұлттық негіздегі тәрбие қажет

– Біз өзіміздің ұлттық негіздерімізді жоғалтып жатырмыз. Егер осы қалпымыздан танбасақ, біздің түріміз ғана қазақ болып қалуы мүмкін, ал жан дүниеміз қазақ болудан қалады. Атам қазақ аспаннан аяғы салбырап түскен жоқ, жерден өніп-өсті. Өзіндік салт-дәстүрі, мұрасы болды. Міне, соның бәрін кеңестік идеология ескінің қалдығы деген сылтаумен ұмыттырды. Ал қазір тәуелсіздік алғаннан кейін бізге кім кедергі келтіреді? Ауылда жеңгелерім алдымнан кесіп өтпейтін. Олар үшін «Жігіттің алдын кесіп өту – оның жолын кесу» дегенді білдіреді. Бұл дәстүрде қандай кемшілік бар? Бұл – біздің ұлттық негізіміз. Бұл – құрметтің белгісі. Адамның қалыптасуының өзі осыдан басталады.

Атымызды атамай, «Мырза бала» дейтін. Сол сөзі арқылы өзін де сыйлатады, сенің де жүрегіңде көп нәрсені ұялатады. Осындай асыл қасиетімізді неге біз ұмытып кеттік? Жапон халқы қайда барса да иіліп сәлем беріп тұрады. Одан жапондардың мәдениеті төмен түскен жоқ. Біздің қазақ та сондай еді ғой. Қазір бір-бірімізбен қарым-қатынаста дөрекілік белең алып барады. Себебі бізде ұлттық негіздегі тәрбие жоқ. Кішкентай балам қазақша балабақшаға барады, бірақ үйге орысша сөйлеп келеді. Сонда балабақшада не үйреніп жатыр? Бұл біздің ұлттық негізіміздің жойыла бастауынан. Өте өкінішті! Біз тілді жоғалтсақ ұлт болып қайта қалыптасуымыз қиын. Түсіне білген адамға қазақтың тілі – өте бай тіл. Тіл – негіз...

Өмірімнің негізі – ұл-қыздарым

– Ұлым Нұрғалидың қазасынан кейін бас көтере алмай жүрген шақта көңіліме демеу болсын деп Меккеге бардым. Құранның хадистеріне жүгіндім, – деп жалғады әңгімесін Әбекең. – Отбасы болып ойланып, толғандық. Адам өмірге келгеннен кейін артына ұрпақ қалдыру керек, әйтпесе, атыңның өшкені. Ұрпақ өсіру – бұл адамзат баласының басты қағидасы. Елдің ортасында жүрген азамат болғаннан кейін мұндай шешім қабылдау оңай болған жоқ. Сондықтан мен еш нәрсені жасырып жасағаным жоқ. Әтираның, қыздарымның рұқсатын алып, екінші рет шаңырақ көтеріп, қазір, Құдайға шүкір, екі ұлым бар. Тәубе, екеуі де өзімнің аузымнан түскендей. Өмірім қазір аздап болса да өзгерді. Кіші ұлым мамыр айында алтыға келеді. «Әке» деп еркелейді. Маған соның бір ауыз сөзінің өзі жетіп жатыр. Қыздарым Жанар мен Салтанаттан бес немерем бар. Үлкен немере қызым қазір Сингапурде 12-сыныпта оқып жатыр. Қазір бәрі аралас-құралас болып өсіп келеді. Әйелдердің арасындағы бір-біріне көзқарасы ол басқа әңгіме. Біз қандай мәселе болса да ортаға салып шешеміз. Бұл мәселеде тек Құдайдың алдында ғана жауаптымын. Себебі менің өмірімді басқа бірде-бір адам сүрмейді, сондықтан жанымды ешкім өзім сияқты түсінуі мүмкін емес. Адамның сыртынан түрлі сөз айтылады, егер ұрпағым болмаса «Сауап бопты, Тшанов деген кезінде әкім боп еді, міне, ұрпақсыз кетті» деп айтатын қазақ міндетті түрде табылады. Ол – дұрыс адам емес. Менің басымдағы қиыншылықты түсіну үшін сол жағдайды ол да көруі керек пе? Тап сондай жағдай оның бала-шағасының басына да келмейтініне кім кепіл?! Сондықтан ешақытта ешкімді табаламау керек! Ағайындарым мен жанашыр дос-

тарым «Амалбек, жұрт не десе о десін, бұл сенің өмірің. Егер отбасыңның саған деген көңілі дұрыс болса, одан артық не керек?» деді. Әлбетте бәрі бірден болған жоқ, көп қиындықтарды бастан өткіздік. Оның бәрі менің ішімде, жүрегімде. Оның үстіне үлкен ұлымның қайғысы бар... Бәрін мен түсінем. Ал уақыт жайлап-жайлап бәрін орнына келтіреді екен. Аллаға тәубе деймін.

Ұлдарым Нұрдәулет пен Нұрәлидің анасының аты – Айгүл. Нұрәлидің атын Нұрдәулет қойды. Себебі үлкен баламның аты Нұрғали болатын, сол ағасының атына ұқсас болсын деп осылай таңдау жасады.


Отбасым, ұл-қыздарым – менің өмірімнің негізі. Құдайға шүкір, екі қазақты өмірге алып келдім. Бұдан артық қандай қуаныш болуы мүмкін?! Маған Алла тағала қанша өмір берсе, соны еліме қызмет етуге, балаларымды аяғынан тұрғызуға арнаймын...

Адамдардың тағдыры бейне бір өрмекшінің торындай бір-бірімен байланысып жатқан күрделі дүние. Елестетіп қарасақ, сол тордың шым-шытырық үзік жіптері бір-бір адамның тағдыры іспетті. Тордың бір шеті қимылдаса, бүкіл тор қимылдайды. Осының бәрін игеріп өрмекші жүреді. Сірә, Құран кәрімде «Өрмекші» деген сүренің болуы да көп жайды аңғартса керек.

Кейде дәл қасымызда болып жатқан оқиғаға пендешілікпен мән бермей, қапыда қалып жататын кездеріміз болады. «Осы соңғы рет болсыншы, енді байқап жүрейік» десек те, белгілі бір уақыт өткен соң тура сол қапы қалған жай басқа кейіпте тағы қайталаанады. Мұндайда пендешілікпен «Осы тағдыр бізбен мысық-тышқан ойнауын, сірә, қоймайтын болар!» деп ойлайсың. Әйтсе де «Тағдырға не шара, бұл өмір ғой» деп өзімізді жұбатқан боламыз. Біз бүгін қызығы да, шыжығы да мол Амалбек Тшанов мырзаның өмір жолынан бір үзік сыр шерттік. Әбекеннің өмірі қашанда елдің назарында, десек те, кейде жат түгілі жақынына да ішкі сырынды жайып сала бермейсің. Ашық та әсерлі әңгімесі үшін ағамызға айтар алғысымыз мол.

Амалбек Қозыбақұлы таяу күндері 70 деген асуды бағындыруға бет түзеп келеді. Мерейлі жастың мерекесі мол болсын!

27 наурыз, 2013 жыл



*Әшірбек СЫҒАЙ,
театр сыншысы:*

ҚАЙТА ТУСАМ ДӘЛ ОСЫЛАЙ ӨМІР СҮРЕР ЕМ...

Әшірбек Сығай – Оңтүстік Қазақстан облысы қарт Қаратау-дың баурайындағы Кентау қаласында туған перзент. 1947 жылы 11 қаңтарда дүние есігін ашқан. Жұлдызы – Тауешкі.

Кеншінің баласы

– Кентау – кеңес заманында аты дүрілдеген, бес шахтасы бар қала болды, – деп бастады Әшірбек аға әңгімесін. – Әкем Төребай қазақтан шыққан алғашқы кеншілердің бірі. Қырық жылдан астам шахтада еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан. «Алла тағала қолдап, жерді кеміру-дей кемірдік қой» деп отыратын. Қазір ағайынды Төребай, Төретай Сығаевтардың көзін көрген, білетін адамдар да азайып қалды...

Болашақ театр сыншысының балалық, бозбала шағы осы қалада өтті. Өркениетке бір табан жақын шаһар болған соң бұл жерге өзге жақтардан да келушілер көп болатын. Сырлы сазгер Сейдолла Бәйтереков осында туған. Сарыағаш жақтан Досым Сүлеев келген бұл қалаға. Әкесі әскери комиссариаттың бастығы болды. «Капитан Сүлеев келе жатыр» дегенді естігенде жылап жатқан бала тыныштала қоятын. Жамбыл облысының Сарысу ауданында туған Асанәлі Әшімов, түркістандық Райымбек Сейітметовтер де осы қаладағы Ы.Алтынсарин атындағы мектептің табалдырығын аттаған. Кеншілер қаласының наубайханасы тоқтамай жұмыс істеді, диірмені астықтан

босамады, сондықтан мұнда баршылық болды. Ұстаздары өнерде жүрген Асанәлі, Райымбек сияқты шәкірттерін мақтан тұтатын. Бала Әшірбек те соларды көңіліне медет тұтып, көкірегінде жақсы үміттер ұялады. Өнер адамы болғысы келді. Олимпиадаларда, мектепаралық көркемөнерпаздар үйірмесінің жарысында ән айтып жүрді.

Жазуға талпыныс

– Анамның аты – Аққыз. Өзі атына заты сай аққұба кісі болатын, – дейді Әшірбек аға. – Үлкендер жағы мені шырамытқанда «Аққыз марқұмның жалғыз ұлы ғой, өзіне аумай тартқан» деп жатады. Шешем он төрт құрсақ көтеріпті, содан қалғаны эпкем екеуміз. «Жалғыз бала күлшелі» демекші, балалығым аса тапшылықта өтті дей алмаймын. Ұлы Отан соғысынан кейінгі, қайта қалпына келтіру жылдары болғанмен, шахтер жалғыз ұлын аш қалдыра ма? Бар тапқанын менің аузыма тосып өсірді. Қатарластарымның арасында бірінші болып велосипед мініп, сағат тақтым. Ата-анам мені тезірек ержеткізгенше асықты. 6-7-сыныпта оқып жүргенімде «Янтарь» деген алтын сағат таққаны есімде. Шешемнің «Жас қой, білегі майысып тұр, қайтесің оны?» дегеніне қарамай, әкем «Жоқ, қыздардың көзі түсетін уағы болып қалды» деп қояды. Сонда он екі-он үштерде болармын. Көкірегінде «Зарығып көрген жалғыз ұлдың жігіт болғанын тезірек көрсек» деген арман болған екен ғой. Каберкот деген материалдан костюм әперіп, үлкен болған соң шешем оның жеңін қайтарып тігіп қояды. Қазір есіме түссе еріксіз езуіме күлкі үйіріледі. Менен төрт жас үлкен эпкем көбіне оқуда болды. Ташкентте Халық шаруашылығы техникумын, одан кейін институтын бітірді. Мен ылғи әке-шешемнің қамқорлығында болдым.

Оған айналасындағылар жазушы, журналист болады деп қарады. Өйткені ол ән айтумен қатар, спектакль қойды. Қалалық, ауданаралық жарыстарда оның жасаған дүниелерінің арқасында ылғи жүлделі орын алып жүрді. Мектепте, қалада болған жаңалықтарды қалалық «Кентау правдасы», «Оңтүстік Қазақстан» облыстық газетіне жазып тұрады. Алғашында «сәл көркемдігі жетпей жатыр» деп хат келгенімен, бірте-бірте өлеңдері шыға бастады. Осының бәрі бозбаланы үміттендіріп, қанаттандырды, алға қарай жетеледі. Алғашқы «Шляпа киген күшік» деген сатиралық әңгімесі «Кентау правдасы» газетіне 9-сыныпта оқып жүрген кезінде жарияланды. Он бестердегі кезі. Айжан деген кейіпкері бар. Тырнақалды туындысының қиындысы әлі күнге дейін сақтаулы. Сол әңгімесіне қарап отырып қиялының сол кезде-ақ кісі сенерліктей болғаны байқалады.

Ол «атқа» ерте мінді

Әке-шешесі жалғыз баланы бетінен қақпай өсірді. Бала күнінен ашық, көпшіл болды. Қолында барды басқаларға бөліп беріп отыратын. Қанттың өзі қат болса да, кәмпит, тоқаштың тәуірі оның қалтасында жүретін. Сол кездер үшін тәуір нәрсенің бәрі бірінші мұның қолына түсетін.

Бес жыл бойы комсомол ұйымының жетекшісі болды. Сабақта өте белсенді. Түрлі кештер, отырыстар ұйымдастырудың нақ ортасында Әшірбек жүретін. Өзге мектептермен жарыстар ұйымдастыратын. Комсомол ұйымы хатшысының қолында мүмкіндік көбірек болды. Оның алдында дружина советінің төрағасы, звено жетекшісі болған. Жалпы, ол мектеп деңгейінде-ақ «атқа мінді». Кейін біраз қызметті атқарған болса, сол қабілеттің мектеп кезінен жайлап қалыптасқандығы.

1965 жылы Консерваторияның театр факультетіне оқуға түсті. Ата-анасында «Жалғыз ұл өнер жолына түсті, елге қайта ма, жоқ па? Бізге келін түсіріп, немере сүю керек» деген аздап уайым болды. Консерваторияны жақсы бітірді. Топтың старостасы, ғылыми қоғам төрағасының орынбасары болды. Өнер адамдары мен студенттердің кездесуін ұйымдастырып жүретін. Шәкен Айманов, Әбділдә Тәжібаев сияқты өнер тарландарының жас балаға мойын бұра қоюы қиындау, бірақ тілінің майдалығымен олардың келісімін алып, студенттермен кездесуге шақырып жататын. Осындай қоғамдық жұмыстардың арқасында мұғалімдердің көзіне түскен болуы керек, оны консерваторияға мұғалімдікке алып қалды. Екінші курста оқып жүргенде «Лениншіл жас» (қазіргі «Жас Алаш») газетіне мақаласы шықты. 600-700 мың таралымы бар жастар басылымына мақала шығару ол кезде оңай емес-тін.

Биікке ұмтылуыма келіншегімнің көмегі көп тиді

– Кемпір-шал ауылда. Менен келетін хатты күтумен, жолымды тосумен жүрді. «Балам, үйлен, бізге келін әкеліп бер» дегенді жиі айтады, – деп жалғастырды әңгімесін Әшекең. – Өмірлік қосағым Күләш Қазақ педагогикалық институтының математика факультетін бітірген. Жатақханаларымыз жақын. ҚазПИ-дің физика факультетінде Еркін Байшораев деген біздің жақтың жігіті оқитын. Соның туған күніне бардық. Өзінің курстас қыздарымен Күләш те келді. Таныстық. Көп қыздың ішінде көзіме жылы ұшырады. Көңілімде жылы әсер қалды. Бұрын шақырса әрең баратын сол жатақханаға енді барғыштайтынды шығардым. Жігіттер де «Сен бізге келгіш болып кеттің ғой» деп

қалжындайды. Тапқан-таянғаныма театрға, эстрада жұлдыздарының концертіне билет аламын. Қыз да жалғыз шыға қоймайды, жатақханада бір бөлмеде тұратын құрбыларын қоса шақырғанды ұнатады. Ол кездің қыздарында иба, қысылу, қымтырылу деген сезімдер басым болды ғой. Тыраштанып оларға да билет алып, жөн-жоралғысын жасап жататынбыз.

Міне, сол Күләш жеңгелеріңмен дүниеге келген үш баламыздың көрер жарығы болуы керек, қырық екі жылдан бері бір шаңырақтың астында өмір сүріп келеміз. Тиісті жұмысты адымдап атқаруыма келіншегімнің көмегі көп тиді. Ақылды, байсалды, не болса соған шұнандамай, алысқа көз тігіп қарайды. Менімен айтысып-тартысып отырса, бүгінгідей биікке жете алар ма едім? Күләш «Әшірбек, сен әке-шешенің жалғызысың, түсінемін. Қарым-қабілетіңді байқап жүрмін, ауылға барсаң өшіп кетесің. Сен қалада алаңсыз жұмысыңды істе, бізді сосын көшіріп аларсың» деп тіпті біраз уақыт ауылға барып, әке-шешеммен бірге тұрды. Соны ақылы бар қыз байқайды. Мені мақтай отырып, үміттендіре, қанаттандыра отырып, алға ұмтылдырды. Егер әке-шешем жалғыз ұлын ауылға, бұл қалаға тартса не болар еді? Екеуміз алғашқы үй болған төрт жарым жылда тұрмаған пәтеріміз жоқ, ұйғырдың да, кәрістің де, орыстың да пәтерінде тұрып, әбден қиындықты көргенбіз. 1973 жылы консерватория үш бөлмелі үй берді. Кенжәлі Айманов оқу министрі болды. Жас мұғалім мені жеке қабылдап, ректорға үй беру жөнінде нұсқау беріп, баспаналы болуымызға мұрындық болған. «Айналайын, талабың жақсы екен. Саған үй бергіземін. Сәл қиындыққа бола жан-жаққа тарап кетпедер. Болашақ сендердікі. Астананы қазақ жігіттері болмаса, кім билейді?» деп жылы сөзін айтып, қанаттандырған болатын. Жатқан жері жайлы болғыр, өзі сондай бір зиялы, көргенді кісі еді.

Бұл кісілерге құрметім шексіз

Тұңғыштары Қанат ауылда кемпір-шалдың қолында туды. Одан кейін Сұңғат пен Нұрзат дүниеге келді. Алматыға көшіп келген соң шешей жеті жылдан соң дүние салды, әкесі он төрт жыл олармен бірге тұрды. Әке-шешесі қазір Алматының Кеңсай зиратында жатыр. Олардың қалаға үйренуі алғашында қиын болды. Есіл-дерті ауыл. Онда үй-жайы, қатар-құрбылары, абысын-ажындары қалды. Әкей мал ұстайтын. Көкпар шабатын. Қалаға келді де, «торға» түсті. Жатқан жерлері жайлы болғырлар, екеуі де жалғыз баланың жайын ойлап шыдады. Кейіннен бұл жерден де өздеріне лайықты орта тапты.

– Мүсілім Базарбаев мәдениет министрі болып тұрған кезінде «Сендей қазақтың жігіттері мұнда отыруы керек» деп қызметке шақырды. Үй беріп, әспеттеп, құрметтеген консерваториядан кетсем аштан өлетіндей болдым. Сонда Мүсілім ағаның «Министрлік саған үй түгілі жарты дүниені береді. Әрбір дегенде консерваторияң бізге бағынады» деген сөздері әлі есімде. Жаспыз ғой, мансап дегенді ойламаймыз.

Өз өмірімде өшпес із қалдырған Жексенбек Еркінбековті ерекше атап айтар едім. Он бір жыл бойы мәдениет министрі болған кісі. Өте еңбекқор, маман домбырашы, консерваторияны қызыл дипломмен бітірген. Ұйымдастырушылық жағынан бұл кісінің алдына түскен министр болған жоқ. Қазір 83-те, шежіре кісі. Мен бұл кісіге көп уақыт бойы орынбасар болдым. Біз отбасымызбен әлі күнге дейін араласып тұрамыз. Михаил Иванович Есенәлиев Орталық комитеттің мәдениет бөлімінің меңгерушісі қызметін атқарды. Көп адамның жақсылығын көру мүмкін емес. Екі-үш адам сенің тағдырыңда үлкен рөл ойнайды. Олар сенің табиғатыңды дөп басып таниды. Сондықтан бұл кісілерді айтпай кете алмаймын, – деп бір қорытты Әшірбек аға әңгімесін.

Кабинеттен жеріндім...

– Аяқтан шалу, көреалмаушылық әрбір кезеңде, әрбір кісінің өмірінде болады. Бірақ оны саған көрсетіп, бадырайтып істемейді. Астыртын, білдіртпей тістеп, қыршып, жолыңды бөгеп жатады. «Осы өсіп барады, қайда барады өзі?» деген жымьсық ой тіпті доспын деп айналамда жүргендердің ішінде де болған шығар. Оны сезетінім – консерваторияда мұғалімдіктен басталған еңбек жолым Мәдениет министрлігінде бөлім бастығы, басқарма бастығы, бес жыл Орталық комитетте, алты жыл министрдің орынбасары, үш жыл ректор, одан тағы үш жыл министрдің бірінші орынбасары болып жалғасты. Мен екі рет министрдің орынбасары болған адаммын. Сол кездері «Осы бала қайда бара жатыр?» деген елдің көзқарасын байқадым. Логикалық тұрғыдан қарасаң, министрлік кезегі менікі сияқты, екі рет келдім, білімім, тәжірибем жетеді, одан артық не керек? Мен саналы ғұмырымды өнерге арнап келе жатқан адаммын. Неге екенін, біреулер «Министрдің орынбасары» десе, іштей онша жақтырмай, ал «Белгілі театр сыншысы, театр зерттеушісі» десе, соған жаным марқайып тұратын. Қандай қызмет атқарсам да жазуды тастаған жоқпын. Қызметпен алысып жүріп, бірнеше кітап шығардым. Жазатын адам қандай жағдайда да жазады, қызмет қолбайлау бола алмайды, қайта ширатады. Бірақ сол кездері дөкей бір көкемнің болмағанын анық сезіндім.

Қанша жерден адал қызметіне, анкетасына, қарым-қабілетіне қарай өсірді десек те, маған белгісіз сондай бір жымысқы әрекеттердің болғанын сездім. Сөйтіп 1994 жылы қолды бір-ақ сілтедім де, қызметтен шығармашылыққа кеттім. Одан жаман болғаным жоқ, қайраткер атағын да, Мемлекеттік сыйлық та алдым. Тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығына, «Құрмет орденіне» лайық деп танылдым. Кентау мен Түркістан қаласының «Құрметті азаматымын». Алла тағала өзі үйіп-төгіп берді. Осы құрметтің бәрі жолым ақ, еңбегім адал болғандықтан шығар. Үкіметке де өкпелей алмаймын. Мені ешкім тоқтатпады. Әйтпесе, сол орынға кім келмеді? Кездейсоқ жігіттер келіп, саланы тұралатты. Сегіз-тоғыз ай, бір-екі жыл жұмыс істеп, бірі келіп, бірі кетіп жатты. Мәдениет министрінің бірінші орынбасары қызметінен өз еркімен кеткен адамды тауып көрші. Бұл «ерлігім» туралы Әкім Тарази, Баққожа Мұқай, Нұрлан Оразалиндер жазды. Көп жігіттер «Әй, Әшеке, сендей болу қайда бізге» деді. Мен кабинеттен жеріндім. Бұл «бармақ басты, көз қысты» жер екенін түсіндім. Ал мен ешкімге жалбақтай алмаймын. Сосын ештеңе бере де алмаймын, алмаймын да. Өйткені сіңірі шыққан шахтердің баласымын. Маған әкем жастайымнан тек білектің күші, жүректің айбатымен ғана жұмыс істеу керектігін сіңірді. Сосын «Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл», осы уақытқа дейін жетіпсің өз еңбегіңмен, ары қарайғы бағыт сенікі емес сияқты. Ары қарайғы бағытты қаламың мен қағазыңнан ізде» дедім өз-өзіме. Соның нәтижесінде он алты-он жеті кітап, мыңнан астам мақала жазылды. Театр, өнер төңірегінде менен көп айтатын, менен көп жазатын адам сирек десем, онымды ешкім жоққа шығара алмайды. Жазғандарымның бәрі шедевр емес шығар, бірақ төл өнерімнің дамуы жөнінде мен айтпаған пікір жоқтың қасы.

Ішкі өрістің дамығаны мақұл

– Біздің халыққа екі мәселе бойынша баға беруге болады, – деп ой түйді Әшірбек Төребайұлы. – Еліміздің бастан өткізбеген құқайы жоқ. Ашаршылық, соғыс, ұйымдастыру, ұжымдастыру жылдарын, қаншама қуғын-сүргінді көрді. Қазан төңкерісі, 300 жыл бойы патшалық, 70 жыл бойы пролетарлық Ресейдің төмпешінде болды. Сонда да өзінің көптеген мұраларын сақтап қалды. Қанша жерден жоқ, құрыдық десек те, айтыс өнерін бір елден таппайсың, домбырасын қолынан тастамады. Қазақтың ою-өрнектері тұнып тұрған музыка, мелодия, симфония. Оны тек түсіну керек, шетінен сөйлеп тұрған суреттер. Осының бәрін, мың өліп, мың тірілсе де халық сақтап қалды.

Әсіресе, коммунистік кезеңде тілімізді, дәстүрімізді, құндылықтарымызды «Бұл қазақтікі емес» деуге сәл-ақ қалғанын біз көрдік. Қазіргі жастардың бағына қарай егемендік алып, коммунистік кезеңнің бәрі бұлыңғыр болып қалды. Біз оның нағыз бел ортасында жүрдік. «Қыз Жібек» фильмін ғана мысалға алайық, «Қазақтың бәрі шетінен сұлу болып кеткен бе, қалай? Жігіттері – франт, қыздары – фарсилла (еуропаша сылқым-сері деген сөз), бұл қандай халық өзі? Кешегі шапаны үстінен түспеген, бөркін қисайтып киіп, малдың соңында жүрген бұратана халық емес пе еді? Мынауың сұмдық қой. Музыка, пейзаж, әдемілік қайдан келді?» деп Мәскеу көзін алартты. Шәкен Айманов, Сұлтан Қожықовтардың қажырлылығы болмаса, фильм өтпей де қалуы мүмкін еді. Төрт серияға шақтап түсірілген фильм қысқарып-қысқарып әрең дегенде көрерменге жол тартты. Өнерге жасалған қандай өктемдік, қандай үстемдік, қандай қатыгездік? Сонда орыстан басқа адам ән салып, сұлу қыз сүймеу керек екен! Ит жүгіртіп, құс салмау керек екен! Осы күні құс салу, саятшылық өнерін шетелдіктерің біздің елге келіп үйреніп жатқан жоқ па? Осының бәрін сақтап қалған елімізден, жұртымыздан айналайын! Қанша сынайын деп тұрса да, бір жібінен ұстап алып айырылмаған ғой. Қыз ұзату, келін түсіру, қыздың сынсып жылауы, отқа май құю – осы үрдістің бәрі бір халықта жоқ. Осы дәстүрімізді қайтадан кинода, театр сахнасында көрсетсек, қазақ халқының құндылықтары болып шыға келеді. Рухымыз да көтеріледі. Сонда қазақтың өткені, тарихы, тағдыры бар үлкен халық екенін дүниежүзі амалсыз мойындайды. «Домбыраны құртындар» деген де кездер болды. Оны және өзіміздің ұлттың атымен, өзіміздің азаматтарымыздың аузымен айтқызды. Мұның бәрі кеңестік заманның лаңы. Жоғарыдан төмпештеп отырған соң қызмет үшін, күні үшін айтуға мәжбүр болған. Оны айтқан жігіттерді көп кінәлай бермеймін. Кешегі пайыздық өлшемді білесіз. «Қазақ студенттері көбейіп кетті» деп те соқты. Оларды сәгіп, сынап жүргендер сол заманда өмір сүрсе көрер едім. Қызметтің дәмін татып қалғандар одан кете алмайды. Аш өзекке, аш таңдайға сорып отырған құйрықтан айырылу оңай ма? Олар екі оттың ортасында қалды. Қазір батырсынып жүргендер көп. Коммунистік партияны жамандап сөйлегендер кеше «Партия жасасын!» деп мақала жазған, партиялық жиналыста ауыздыға сөз бермеген кісілер. Мен солардың көбін білемін. Күлкің келеді. Бәрі бүгін туғандай болып жүр. Рас, бәріміз сол кезде коммунистік партияның ыңғайына жығылдық. Өйткені заман солай болды. Оған түсіністікпен қарау керек. Бұл – бір.

Екіншісі – даңғойлық, мақтау, мадақ. Біздің аталарымыздың бәрі батыр, ақын, басқа халықта түк болмаған сияқты. «Қазақ халқындай халық бар ма екен?» деп тапсыну, табыну маған ұнамайды. Әр халықтың жетістігі, бағындырған биігі, мұраты, мүддесі бар. Бәрі топырақ шайнап, тас кеміріп жатқан жоқ. Бәрінің де үміті, өмірі, тағдыры бар. Біз өз халқымызды алға шығарып сөйлеуге құмармыз. Мемлекеттік деңгейден ауылдық деңгейге дейін мақтану дерті бар. Үндемей істеу керек. «Ойбай, біз діндердің басын қостық. Бізде мамыражай, қой үстіне бозторғай жұмыртқалап жатыр» деп едік, не болды, кейінгі кезде терроршылар бізден шықпай қойды. Қаншама атыс-жарылыстар болып жатыр. «Астамсыған қазақтарды көрейік, сендерде тыныш болса, тыныштықтарыңды бұзайық» деді. Біреулердің көңіліне тимей, өз жолымызбен дами беруіміз керек. Ұраншылдық, науқаншылдық, шаш ал десе, бас алу басым. Мен биязылықты, тыныштықты, бірде білініп, бірде білінбейтін ішкі өрістердің дамығанын қалаймын. Алаулатып, жалаулатпай, музыкалатпай, дүңгірлетіп-күңгірлетпей, тыныш өмір сүрген дұрыс. Балаларды да солай тәрбиелеу керек. Өйткені басқа халықтардың бәрі ай қарап отырған жоқ. Бәрі де алға ұмтылады, бәрінің де ел болғысы келеді.

Келіндер бала таппаса, мына жерге кім ие болады?!

– Көп қиындықты көпшіл болып жеңгіміз келеді. Анау халық та, мына халық та бізге керемет жақын. Мен ешқайсысын шеттетпеймін. Адам баласының бәрі бірдей. Бірақ солар еліміз, тарихымыз, тағдырымыз жөнінде дәл біздей елжіреп, еміреніп, толқи ма? Осыған сәл күмәндімін. Толық сенбейтінім – бәрінің өз тарихи Отаны бар. Сайып келгенде бәрі өз еліне тартып-тартып кетпей ме? Жарқабақтың басында біз қалмаймыз ба? Осы мәселе мені көп толғандырады, – деп аз-кем үнсіз қалған Әшірбек аға әңгімесін одан әрі сабақтады. – Мына жағымызда аждаһа, мына жағымызда аю, оны да ойлаймын. Бұлар да оңай халық емес. Көбейіп келеді. Біздің жеріміз мынау, бас-аяғына ұшақпен үш сағатта ұшып жете алмайсың. Халықты көбейтудің орнына «Әйелдер 63-ке дейін жұмыс істесін» деп Г.Марченко отыр. Әйелдеріміз 63-ке дейін жұмыс істесе, олар қай уақытта бала тәрбиелейді? Қай уақытта отбасының жағдайын жасайды? Нашақор, маскүнем, қылмыскер бала қайдан шығып жатыр? Ана алақанының жылуындай жылуды үш әкені қосақтаса да бала ала алмайды. Ананың айналайынына ештеңе жетпейді! «Әкенің жақындығы жездедей-ақ» деп қазағым сондықтан айтқан болуы керек. Омырауын иіскелеп, тас ем-

шегін жібіткен перзентіне анадан артық жанашыр жан жоқ! «Ойбай, олар декретте көбірек отырып, мемлекетке масыл болады екен» деген де сөз болып па?! Құдайға шүкір, қазақ жерінің байлығы – мұнайы, газы бар емес пе? Мақтанғанда бәледейміз. Әйелдердің, аналардың жағдайын жасамаған, солардың қамын ойламаған мемлекет мемлекет пе? Тіпті болмай бара жатса еркектерден 10 пайызын алып, әйелдерге берсін. Қандай әйел осыдан кейін иіні босап, алпыс екі тамыры шымырлап бала табуға құмартады?! Келіндердің бәрі «Біз жұмыс істеуіміз керек екен?» деп бала табудан қашып, одан жұмыс істегенін тәуір көреді. Олар бала таппаса, мына жерге кім ие болады?! Бос жатқан жерге басқалар көзін сүзбей қайтсін?! Бала тәрбиесін, отбасын былай қойып, бәріміз жұмыста жүрсек, ар жағында не өмір қалды өзі? Сенің 80-90-ға келетініде кім кепілдік беріпті? Әйелдер баласын тапса, жас күнінде мүмкіндігінше жұмысын істесе, қартайғанда біраз тыныстап, денсаулығын күтіп, бала-шағасының қызығын көрсе болмай ма? Тірнектеп жүріп бізді жеткізгенде көрген қызығы, қане? Осындай қарама-қайшылықтар менің тілімді қышытып, ұйқымды бұзады. Халықтың өсуін, көбеюін кім ойлайды? Декрет кезінде берген айлығын міндет қылатын мемлекет бола ма? Ол халықты көбейтіп, біздің болашақ мемлекет құрушыларымызды дайындап жатқан жоқ па? Біз неге мұны ескермейміз? Тіпті, олардың декреттік демалыстағы кезін де еңбек өтіліне кіргізуіміз керек!

Қазақтың қамын кім күйттейді?

– Қазір рушылдық, жүзшілдік белең алған. Әркім өз атасын мадақтап жатыр. Неге солар қазақтың ұлы болып қалмайды?! Автокөлігіне руының атын жазып алатындар енді сахнаға шыға бастады. Бұрын кімнің қолынан іс келсе соған жол ашық болатын, еліңе, жеріңе қарамайтын. Әрқайсымыз жеке басымыздың, руымыздың деңгейінен аспасақ, қазақтың қамын кім күйттейді? Бүкіл халықтың мақтанышы болудан бас тартып, өзінің кішкентай руының намысын жыртқан қандай жеккөрінішті, жиіркенішті және обал! Осымен жастар улана бастады. Рушылдық, әсіресе, депутаттар сайлауы кезінде белең алады. Бір атаның балалары бірімен-бірі айтысатынды шығарды. Өзіне табындау, өзіне жақындаудың сойылын соғып, ел арасына жік салатындар пайда болды. Көңіл суысып, араласпай отырған елдер бар. Не тарихта, не әдебиетте аты кездеспейтін батырлар, әулиелер көбейіп кетті. Үш қазақтың біреуі әулие болған ба дерсің. Осының бәрі текке желігу, күпсіну, күпіну, арамтер болудың белгілері. Солар Алаш үшін,

қазақ үшін неге бірікпейді? Қазір, Құдайға шүкір, көзіміз ашық, еркіміз өзімізге тиді, азаттықтың рақатын көрудеміз, көңіліміз жайланды, онда неге қазақ үшін жұмылып жұмыс істемеске?!

Ешкімнің ала жібін аттағам жоқ...

– Мен ешкімнің ала жібін аттаған жоқпын. Жастайымнан «атқа» міндім. Қызмет бабында біреуге ұрысқан, біреуге қаттырақ сөйлеген болармын, бірақ оның бәрі осы қоғамның, Қазақстанның мүддесі үшін. Кеңес заманында да, өзіміз тәуелсіз ел болған жылдарда да қызмет жасаған адаммын. Қандай қызмет жасағанымды біреу білсе, біреу білмес, ал көңіліме медет тұтатыным – жаман ба, жақсы ма, шығармашылығым. Проза да, пьеса да жазып кетуім мүмкін еді. Әріптестерімнің айтуынша, өзімнің пайымыма қарағанда, тілім ешкімнен кем емес. Мен зерттеу, сын жұмысын тастамадым. Өте қиын, күрделі жанр, біреуге жағасың, біреуге жақпайсың. «Өкшең қисық» дегенді кім жақсы көреді? Бірақ осы өміріме ризамын. Кейде журналистер «Өмірге қайта келсеңіз қайтер едіңіз?» деп жатады. Мен тура осылай өмір сүрер едім және қайта туып, қайта жасағым да келмейді. Бүкіл кемшілігімен, жетістігімен, қиындығымен, күрделілігімен бірінші сүрген өміріңе ештеңе жетпейді. Бірінші көрген жастығыңа, бірінші махаббатыңа, бірінші әке, бірінші ата болғаныңа ештеңе жетпейді. Оны қайталасаң, қызығы жоқ сияқты. Екіншіде қателеспеуге тырыса-сың. Ал қателіксіз өмір тіпті қулық-сұмдықтың кені сияқты көрінеді маған. Ештеңе істемеген адам ғана қателеспейді. Қателесу де, түзеу де, түзету де адам баласының бойында, табиғатында бар нәрсе.

Әшірбек аға «Аллаға шүкір, бұл жалғанда өкініш те, құштарлық та, қызық пен қуаныш та болды. Өмірге іңкәр адамға осының бәрі қызық. Ылғи гүл төсеп тастаған жерде өмір сүру мүмкін емес және оның қызығы не? Ешкімге өкпем де, міндетім де жоқ. Бірақ өзімнің кеудемді ешкімге бастырған емеспін, өзім ешкімнің кеудесін басқан емеспін. Осы өміріме тәубе деймін» деп қорытты әңгімесін.

Әшекең Күләш жеңгемізбен бірге алты немере сүйіп отыр. Алдағы өмірде солардың қызығын көрсем дейді. Жақсы ой, жақсы ниетті адамның айналасында жақсылық атаулы үйіріліп жүреді. Біз де соған тілекшіміз.

9 сәуір, 2013 жылы



Ғалым БАЙНАЗАРОВ,
қаржыгер:

ӨМІР ЖОЛЫМ ҚИЫН ДА ҚЫЗҒЫЛЫҚТЫ

Қазіргі Қостанай облысы Жангелдин ауданы Ғалым Байназарұлының туып-өскен жері. Қаржыгер осы мекеннен шыққан Ыбырай Алтынсарин, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Ғафу Қайырбеков, Сырбай Мәуленовтерді мақтан тұтады.

Торғай өзені Ұлытаудан бастау алады да, Торғай ойпатының аңғарымен Тосын құмын жағалап, Ырғызға қарай өтіп, Қызылорданың солтүстік беткейіндегі құмға келіп сіңіп кетеді. Бір жағы құм, бір жағы ашық дала. Көлшік-көлшік, тоғайлы, шұрайлы жер болған. Еліміздің соңғы ханы Кене патшаға қарсы көтеріліс жасағанда екі-үш жыл бойы Торғай танабында болып, әскерін азықтандырған екен. Шақшақ Жәнібек – тарихта бар, белгілі тұлға. Біздің кейіпкеріміз сол Шақшақ бабаның тұқымы болып келеді.

Әкемнің қорегі ағарған еді

– Ауылымыз Қызылжар Ақшығанаққа қосылып, кейіннен «XXI партсъезд» атындағы кеңшар аталды. Бұл – аудандағы ең ірі шаруашылық болатын. Кеңшардағы 45 мың аналық қой кейбір жылдары төлімен есептегенде, 70-80 мың басқа жететін, – деп бастады әңгімесін Ғалым аға. – Әкем Байназар қарапайым шаруа, өз заманында

ел-жұртына сыйлы болған жан. Қайратты, жұмыс істегенде екі-үш адамның нормасын орындап, жапырып жіберетін. Мен 1945 жылдың 17 қыркүйегінде дүниеге келіппін. Бірақ құжат бойынша 1944 жыл деп көрсетілген. Бұрын елде ұжымшар шаруашылықтары көп болды. 1953-1956 жылдары тың игеру басталғанда кеңшар құрылды. Әкемнің тіршілігінің арқасында ештеңеден тапшылық көрген жоқпыз. Ұмытпасам, 1951-1953 жылдарға дейін қолға ақша бермейтін. Еңбек кітапшасына таяқшалар белгілейді, дүкенге барып сол таяқшаларға қарай еңбекақысының орнына қант-шайын, азық-түлігін алатын. Сауынға, соғымға жетерлік мал ұстап, оны семіртеп Арал, Ырғыздың базарларында сатып, киім-кешек әкелетін. Кейін ақша шығып, халықтың тұрмысы түзеле бастады. Әкей денсаулығының мықтылығының арқасында 101 жасқа дейін ғұмыр кешті. Зор денелі болғанмен, тамақты аз ішетін. Мамыр айынан бастап, қыркүйектің соңына дейін бие саудыртатын. Негізгі қорегі ағарған – қымыз. Жаратылысынан мейірімді, ешкімге қиянат жасамайтын, қолы ашық, қайырымды, өр мінезді адам болатын. Оған батылы барып ешкім тиіспейтін, бірақ тиісе қалған жағдайда аямайтыны анық еді. Әділеттілікті, басының бостандығын сүйетін. 1952 жылы әкейге «дүмше молда» деп айып тағылып, сотталып кете жаздайды. Сондағы бар айыбы – ескіше азғантай сауаты болғандығы, ешкімге тәуелді болғысы келмейтін турашылдығы. Ағасы Ерназардың баласы Мизамбек ұжымшарда басқарма болды. Кейін ол басқа жұмысқа ауысып кетті. Дегенмен ұжымшар басқарғанда бақталастық бар дегендей, біреулерге тізесі батқан болуы керек, олар ағамыздан өшін ала алмай, туысқанына қысастық жасағаны ғой. Арызды қараған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Шәпкенов арабша өте сауатты болыпты. Әкеме араб тілінде сұрақ қояды, жауап жоқ. Бірнеше сұрақтан кейін оның дін жолына түскен кісі емес екендігіне көзі жетіп, сот үстінде ақтап, құтқарып жібереді. Сөйтіп, аман қалады. Міне, әкеміздің осындай мінез-қасиеттері жасымыздан бойымызға сіңіп, еркіндік пен әділеттілікті қастерлеп өстік. Біз, анамыз Балжарқынға да тартқанбыз. Анамның көзі көкпеңбек, өзі аппақ болатын. Нәзіктеу, шашы тобығына түсетін, өте сұлу жан еді. Анамыздың інісі – нағашымыз – Көбентай Барболсынұлы әйгілі жырау, елге белгілі өнер иесі болған. Біздің әдебиетке, өнерге құштарлығымыздың анамыздан, осы нағашыларымыздан бастау алғаны аян. Елдің тұрмыс ахуалы төмендей бастаған 1928-1929 жылдары әкем Арал стансасы мен Ырғыздың арасында жүк тартқан. Өзі еңбеккор, қайратты, жас

жігіт кедей-шаруа табының өкілі ретінде көзге түсіп, Ырғыз ауданындағы ұжымшар ұйымдастырудан бұрын құрылған алғашқы шаруа бірлестіктерінің бірінің басшысы болады. Сол жылдары шешеммен танысады. Екеуі табысып, шаңырақ көтереді. Шешеміз өте тапқыр, ақылды, суырып салатын ақындығы бар, ақжарқын, әңгімешіл кісі болды. Ел-жұрт, үлкен қайнағалары оны қатты сыйлайтын.

Қыздар кетті күйеуге...

Негізі, оның анасы жеті құрсақ көтерген, содан аман қалғаны аға-апасы және кенжетай Ғалым. Ағасы Сәбит өз өңіріне өте белгілі, омырауына Ленин орденін таққан шопан. Ал апайы Сара бухгалтер болып істеді. Экономика саласына бет бұруына апайының әсері болғандай. Қазір екеуі де зейнет жасында. Кішкентай Ғалым аға-апасына ілесіп 5-ке толмай мектепке барды. Бірінші сыныпты бітірмей тұрып қыс басталар алдында екі ұжымшар қосылып, мектебіміз көшірілді. Әкей жұмысын ауыстырып, мектеп көшкен жерге наурыздың соңында қоныс аударады. Бұл қыс айларында үйінде өз бетінше оқыған. Жаңа қонысқа барған соң әкей оны мектеп директорына алып барып, «Мына баланың оқуын тексеріп көрші, әрі қарай алып кете ала ма?» дейді. Директор «Бірінші сыныптың бағдарламасын қол үзбей оқыған балалармен бірдей қабілеті бар екен, үлгеріп тұр. Бірақ заң бойынша жасы жетпеуіне байланысты бұл баланы мектепке қабылдауға болмайды» деп, бес жасынан бірінші сыныпты қайта оқытыпты. Алғашқы сыныптан-ақ кілең бестікпен оқып, өлеңге, әнге құмар болды. Жастайынан қоғамдық жұмыстарға араласып, мұғалімдерге көмектесіп жүретін. Соғыстан кейінгі қиын жылдарда уақытылы мектепке бармай, сосын бұлармен бірге оқығандар болды. Алғашында қырықтың үстінде бала оқыса, соның он жетісі ғана орта мектепті бітіріп шықты. Бойжеткен қыздар да бұлармен бірге оқып, үшінші, бесінші сыныптардан кейін олардың көбі күйеуге шығып кетті...

Әскери құпия зауыттағы күндер

Ол мектепті жақсы бітірді. Аттестатында екі-ақ «4», қалғаны түгел «5». Бір жылдан кейін С.Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) экономика факультетіне оқуға түсті. Конкурс өте жоғары болды. Соған қарамай төрт сабақтан емтихан тапсырып, соның үшеуінен «5», орыс тілінен «4» алып, жоғары балмен оқуға қабылданды. Адамның ең бір ұмытпайтын шағы – студенттік кезең, саналы өмірдің алғашқы бір баспалдағы

сияқты. Өмірге басқаша көзқараспен қарайсың. Ата-анадан алыстасың. Ол кезде сабақты жақсы оқыған балаларға не шәкіртақы, не жатақхана беретін. Жағдайы жоқтарға екеуі де тиеді. Бұлар шәкіртақыны таңдады. Сөйтіп, төрт жігіт жеке пәтерде тұрды. Достары Талдықорғаннан Алтынбек, Жамбылдан Тұрғын, Алматы облысынан Орынбасар болды. Олармен қазірге дейін байланыста. Бәрі де үлкен-үлкен қызметтер атқарған, ел-жұртқа белгілі азаматтар.

– Қазақ мектебін бітірген біздер үшін университетте бірден орысша оқу оңай болмады. Қазақша бөлім жоқ, сабақ бірыңғай орысша жүргізілді, – деп сабақтады әнгімесін Ғалекең. – Біз орыс тілін тезірек меңгеру үшін қазақша оқуды таза қойдық, бірыңғай орыс газет-журналдарын оқитын болдық. Университетте де үздіктердің қатарында жүрдік. 1964 жылы үшінші курста оқып жүргенде, Ұлы Отан соғысы кезінде бала аз тууына байланысты, бізді әскерге алып кетті. Пойызбен бес тәулік жүріп, Ресейдің Иркутск облысына үлкен әскери құпия зауытқа келіп түстік. Әскери өмірге де қалыптасып, үйрендік. Әрине, мектептен кейін бірден әскерге алынған балаларға қиындау болды. Біз – бұрынғы студенттер, аздап болса да өмір көріп, сауатымыз ашылған, арамызда спортшылар, әнші-күйшілер, жалпы қабілетті жастар көп болды. Дивизия командирінің назарына ілігіп, тапсырмаларын орындайтынбыз. Үгіт-насихат жұмыстарын, спорттық, мәдени шараларды ұйымдастырдық. Бәріміз де бокспен айналыстық. Дивизиямыз үлкен болатын. Бір жарым жылдан кейін бізді Қазақстанға қайтарды. Бұл КСРО мен АҚШ арасында қырғиқабақ соғыстың қызып тұрған кезі. Кеңес өкіметі Қазақстан территориясында «СС-20» стратегиялық ракета кешендерін салуға кірісті. Математикалық, инженерлік-техникалық тәсілмен зерттеп, есептегенде бірі Қазақстанның бұрынғы Целиноград облысы Державинск қаласы территориясында, екіншісі Балтық жағалауында орналасу керек болды. Осы екі нүктеден «СС-20» орнатылса, Американың континенті бұған қарсы құрал жіберсе, бұл одан бұрын «жауап беріп», жояды екен. Мұның артықшылығы – сол. Екі дивизияны ақпан айында айдалаға апарып тастады. Ең жақын елді мекен 40 шақырым. Бірнеше мыңдаған қатардағы әскери адамдар сол жерде үш кезекпен жұмыс істеп, «СС-20» кешенінің негізгі нысандарын және Державинск қаласын екі жылға жетпейтін уақыт аралығында салып шықты. «СС-20» кешені бір орталықтан басқарылатын – басқару орталығы, автожол, теміржолдар, жерасты кабельді байланыс жүйесі салынып іске қосылды. Қысқасын

айтқанда, бәрі әскери құпияға толы істер болды. Әскерде үш жылдай болдым. Шалғайда болғандықтан бізді штаб жұмыстарына, бухгалтерлік есеп-кисапқа да тартты. Мен әскери бөлім бухгалтерінің орынбасары болып, банк жүйесінің жұмысымен сол кездерде танысып, әскери бөлімнің банктегі есеп-шотын жүргіздім.

Тарихы бөлек Торғай

Әскерден босап келгенде, Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультеті Халық шаруашылығы институты болып бөлініп шығыпты. Ол оқуын сонда жалғастырды.

– Болашақ зайыбым Әсия менің жаңа курсымның старостасы екен, – деп жалғады әңгімесін Ғалым аға. – Орал (қазіргі Батыс Қазақстан) облысының қызы. Мектепті алтын медальмен бітірген. Біз достастық, бір-бірімізді ұнаттық. Мен – жас солдатпын, ол – оқу үздігі, комсомол, спортшы, сұлу дегендей... Одан артық не керек? Әсияны Г.Плеханов атындағы Ресей экономикалық университетіне жібермекші болған, «Бөлек кетсек жолымыз қайта түйіспей қала ма?» деп, мен үшін бармай қалды. Шаңырақ көтердік. 1969 жылы институтты бітірген соң бізді Қостанайға жіберді. Барған күннің ертеңіне-ақ келіншегімді облыстық қаржы бөлімі жұмысқа алды. Облыстық банк басшысы С.И.Самко «Өзіңнің туған жерің – Жангелдин ауданына барасың» деп мені жұмысқа алмай қойды. Аудандық банктің бастығы К.Мәулетов екі жыл бұрын мені жұмысқа алу жайлы «Шалғай аудан, бөтен ешкім бармайды, жергілікті маман өзімізге керек» деп өтініш беріп қойған екен. Елімізге белгілі қаржыгер Қолан Аманов Қостанайдың облыстық қаржы бөлімі бастығының орынбасары болатын. Кейін Қаржы министрінің орынбасары қызметін атқарды. Қазаққа жаны ашитын кісі еді. Қостанайда қазақтар аз, оның үстіне келіншегімнің институтты қызыл дипломмен бітіргенін ескеріп, «Пәтер алып беремін, осында қалыңдар» деді бірден. Облыстық банктің бастығы С.Самко «Сен де жұмысқа кір, бірақ бәрібір ауданға барасың» деді. Тамыздың 16-сында жұмысқа алындым, бірақ күнде таңертен «Ауданға баруың керек» деп шақырды да тұрды. Көнуге, ауданға барып қатардағы экономист болып жұмыс істеуге тура келді. Зайыбым аудандық Қаржы бөлімінің бюджет бөлімінде жұмысқа кірісті. Үй жоқ, бір жылдай пәтер жалдадық. Бір күні жалдамалы пәтеріміз сатылып кетті, баратын жеріміз жоқ. Банктің меншігінде екі-үш пәтер бар екен. Соның бірін босатып, бізге берді. Бәрін тәптіштеп айтудың

кажеті жоқ, оның да толып жатқан мәселелері болды. Біз осылайша біртіндеп жап-жақсы, үйі бар жас отбасы болып шыға келдік. 1970 жылы қызымыз Светлана, 1972 жылы ұлымыз Бақытжан өмірге келді. Екі жылдан кейін Әсия аудандық қаржы бөлімі бастығының орынбасары болды. Екі жарым жылда мен аудандық банктің бастығы қызметіне кірістім. Қызмет бабында біз жылдам көтерілдік. Сол ауданда жеті жылдай жұмыс істедік. Бұл жылдар алдағы өміріміз үшін үлкен сабақ болды. Көп нәрсені үйрендік.

Әсия мектепте де, институтта да орысша оқыған. Ал Жангелдин ауданында барлық ісқағаздары қазақша жүргізіліп, орыстарға дейін қазақша сөйлейтін. Осыған байланысты Әсия тіл жағынан біраз қиындықтарға душар болды. Дегенмен «Мәдениет және тұрмыс», «Қазақстан әйелдері», «Жұлдыз» журналдарын оқып жүріп қазақшаны жылдам меңгеріп алды. Әке-шешелеріміз әуелі біздің қолымызда болды. Кейін әкем ауылдың ауасын аңсап елге оралды. Біз олармен тығыз қатынаста болдық. Ауданда өзіміз қатарлы жастардың арасына тез сіңісіп, орта таптық. Өміріміздегі студенттік кезден кейінгі ең жақсы уақытымыз осы ауданда өтті деп айта аламыз. Аудан экономикасының өсіп-өркендеуіне банк тарапынан тиімді жағдай туғызуға көп көңіл бөлдік. Аудан басшыларының банк жұмысына дұрыс көзқарасы қалыптасып, көптеген игілікті жұмыстар тындырдық. 1970 жылы Торғай облысы құрылды. 1971 жылы облыстық банк ашылып, аудандық банктің бастығы К.Мәулетов жұмысқа шақырылды. Мен оның орнында қалдым. 1973 жылы мемлекеттік банктің аудандық бөлімінің бастығы қызметіне бекітілдім. Жаңа облыс орталығы Арқалық қаласы салынды. Жаңа мекемелер, шаруашылық өндіріс салалары ашылып жатты, көптеген мамандар керек болды. Облыстық банктің бастығы В.Ютиш мені жұмысқа шақырып, 1976-1985 жылдары облыстық банктің қалалық басқармасының бастығы болдым. Торғай облысының тарихы ерекше. Облысты Сақан Құсайынов, Еркін Әуелбеков сынды білікті басшылар басқарды. Олар облыстың жылдам көтерілуі үшін көп жұмыс жасады. Облыс орталығы Арқалықта кішігірім зауыт-фабрикалар, сәулетті ғимараттар, әуежай, теміржол кешендері бой көтеріп, еліміздегі көркем қалалардың біріне айналды.

Ауданнан астанаға дейін

Алматыға келген соң да Қолан Амановпен қатар жұмыс жасап, араларында үлкен сыйластық болды. Өміріне оң әсер етіп, қолғабыс

жасаған жанның бірі Жангелдин ауданында алғаш жұмысқа қабылдаған – ұлағатты ұстаз, еліміздегі банк саласының ірі мамандарының бірі Кеңесбек Мәулетов. Ол бай тәжірибесін ортаға салып, жастардың жұмыс үйренуіне кең жол ашты. Банк саласының бүкіл қыр-сырын үйретті. Аудандық, кейін облысқа келгенде Ғалекеңнен бұрын қалалық банкті басқарды. Сөйтіп, ол кісіден банкті екі рет қабылдап алуға тура келді. Олар қазірге дейін сіз-бізі жарасқан аға-інілер. В.Ютиш те бұрын әскери адам болғандықтан тәртіпті жақсы көретін, қабілетті, шебер басшы болды.

Жаңадан құрылған облыста шешімін таппаған мәселелер көп, банк саласының жұмысы да өте ауыр еді. Облыс басшыларымен бірлесе отырып, осы мәселелерді шешуге білек сыбана кірісті. Тынымсыз атқарған жұмыстың нәтижесінде, облыстық банк Кеңес Одағы кезіндегі Бүкілодақтық жарыста ауыспалы Қызыл туды үш рет жеңіп алды. Ал Ғалым Байназарұлы басқарған қалалық банк екі рет Қызыл туға ие болды. Осылайша жоғары жақтағылардың көзіне түсті. Банк саласында тұтынушылармен жұмыс істеу мәселесінде көптеген жаңалықтар енгізді. Қазіргі «Бір терезе» жұмыс істеу тәсілін олар сол кезде-ақ іске асырған. Өзге облыстардың банк қызметкерлері келіп тәжірибе алмасатын. Республикалық банк басшылығы іс нәтижелерін жоғары бағалап, жұмысқа шақырды. 1985 жылы жаз айында Алматыға келіп, астанадағы еңбек жолы еліміздің Ұлттық банкін басқаруға, тұңғыш төл валютамыз – теңгені шығаруға, дербес банк жүйесін қалыптастыруға дейін алып келді.

Жапты жала, жақты күйе...

– Облыста істеп жүрген кезімде әріптесімнің бірі мен туралы өсек таратып, облыстық банктің бастығына жалған ақпарат жеткізеді. Сөйтіп, алтын уақытымды қор қылып, біраз уақыт онымен айтысып-тартысуға тура келді. Мұның соңы тіпті мені жұмыстан шығарамын дегенге дейін жетті. Бірақ жұмысымда мін жоқ. Оған қарсы тұруға, дәлелдеуге тура келді, – деп жалғады ол әңгімесін. – Сол кездері облыс басшылары облыстық қаржы бөліміне орынбасар болуға, сосын осы бөлімді басқаруға жұмысқа шақырып жүрген-ді. Үстімнен арыз жазған кісіні шақырып алып сөйлестім. Орынсыз қаралағаны үшін бірден жұмыстан шығарып жіберуге де болар еді, бірақ адамгершілік танытып, «Сізді жұмыстан шығарып тастау менің құзырымда. Дегенмен бір рет кешірейін, бірақ бұдан былай мұндай әрекет қайталанбайтын болсын» дедім. Ол да өз ісінің үлкен маманы болатын. Екеуіміз

кәсіби маман ретінде өзара тіл табысып, түсіністік. Кейін онымен қарым-қатынасымыз дұрысталды. Республикалық деңгейге шығып, банк саласында 1987 жылы басталған үлкен реформаларды іске асырып, Қазақстанда алғашқы екі деңгейлі банк жүйесін құруға тікелей атсалыстық. Мамандандырылған мемлекеттік «Агробанк» жүйесін құрушылардың бірі болдым. Оның жұмысын жаңа талаптарға сәйкестендіріп қайтадан қалыптастыруға көп тер төгуге тура келді. Жұмысымыз өте жақсы жүріп жатты. Коммерциялық банктердің енді ғана аяғынан тұрып жатқан кезі. Күнде жаңа мәселелермен айналысамыз, тың шешімдер қабылдаймыз, соның көпшілігінің көшбасшысы болдым. Маңайыма оншақты мықты маман топтастырып, олармен бірге жаңалықтарды ағымдағы іс-тәжірибесіне енгізіп жаттық. Біз шетелдермен де іскерлік байланыста болдық. 1989 жылы жиырма бес адамды Германияға бір айлық оқуға алып бардым. Бұл біздің банк тарихында бұрын болмаған жағдай. Оның да әрқайсысымызға үлкен көмегі тиді. Сол кезеңдегі еліміздегі ең ірі банк – «Қазақстанның Агробанкінде» жемісті еңбек еттік. Одан кейін Ұлттық банкте, С.Терещенко мен Ә.Қажыгелдин премьер-министр болғанда олардың кеңесшісі қызметін атқардым. Осы қызметте жүргенімде үстімнен қылмыстық іс қозғалып, 1995 жылы сәуір айында он сегіз күн ҰҚК-нің түрмесінде жатып шықтым. Тексеріс барысында маған тағылған кінә дәлелденбей, Жоғарғы прокуратура ақтап, бостандық беруге мәжбүр болды. Оған себепкер болған адамдар әлі күнге бар. Бірақ олардың аты-жөнін айтқым келмейді. Себебі кейін көпшілігі кешірім сұраған. Аман-есен, ақталып шыққан соң моральдық шығын келтіргендері үшін қайта сотқа беруіме болар еді. Бірақ сол бір қиын шақта маған дем беріп, тоқтатқан кісілер болды. Соның бірі – жерлес ағам, журналист Сабыржан Шүкірұлы. Өте тәжірибелі, саясатқа жүйрік жан. «Алдына келсе атаңның құнын кеш» деген қазақы түсінік бар» деп ол мені тоқтатты. Осы бір нақақтан қаралау кейінгі өмір жолыма үлкен кедергі жасады. Жасымыздан өмір жолымыз адал еңбегіміздің нәтижесінде біршама сәтті болды. Қатардағы банк қызметкерінен еліміздің банк жүйесінің басшылық қызметіне дейінгі қиын да қызығалықты өмір жолынан өттік. Жаңа дербес банк жүйесінің іргетасын қалап, дүниежүзіне танымал етіп, еліміздегі нарықтық экономиканың бастаушыларының қатарында, елдік тұрғыдағы үлкен саясатпен айналысып, көптеген мәселелер бойынша жаңаша шешім іздеуге, ізденуге тура келді. Сол кездердегі Кеңес мемлекеті құлап, тоқыраудың

аса қиын жағдайында банк жүйесі Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қолдауымен еліміздің алдында тұрған көптеген күрделі мәселелердің ойдағыдай шешімін тауып, экономиканың күрт құлдырауын баяулатуға септігін тигізді. Негізгі өндіріс ошақтарын сақтау үшін керекті қаражат көмегін ұйымдастырып отырды. Осылайша банк жүйесінің танымалдығы артып, негізгі қаражат орталығына айналып, абыройға ие болды. Міне, осыны көре алмаушылар, қауіптенушілер болса керек. Ұлттық банктің төрағасы қызметінен кетуім мен осы жағдайлар бір-бірімен сабақтас болды деп ойлаймын. Бұл маған зымырап жүріп бара жатқан пойызды кенеттен тоқтатқанмен бірдей үлкен соққы болды. Жастайымнан жұмыс істеп келе жатқан банк саласынан кетуіме тура келді. Біраз уақыт жеке бизнеспен айналыстым. Дегенмен Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Жоғарғы экономикалық кеңеске жұмысқа шақырды. Ол кейіннен Экономикалық саясат бөлімі болып қайта құрылды. Елбасымыз біраз ақыл айтып, «Құқық қорғау органдары тарапынан мүмкін қателіктер болған шығар, актығына көзіміз жетіп отыр. Сені жұмысқа шақырамын» деді. Елбасының бұл сөзі де өткенді қайта қазбаламай, тоқтамға келуіме себепші болды. Президент Әкімшілігінде жұмысқа қайта араласа бастадым. Үкімет Ақмолаға көшті. Ол балаларымның түгел аяқтана қоймаған кезі, бірі студент, бірі оқушы дегендей. Оларды тастап кете алмадым, «Халық зейнетақы қоры» құрылтайшысы Т.Жаңабаев мені төрағалық қызметке шақырды. 2001 жылы Парламент Мәжілісіне депутат болып сайланып, Астанаға жол түсті...

Мен – ұлтжанды қазақпын...

– Қазақы ауылда туып, тәрбие, өнеге алып өскендіктен қазақтың тілінен бастап, оның әдет-ғұрпының бәрі мен үшін ыстық. Мен ұлтшыл емеспін, бірақ өз халқын өте жақсы көретін, сүйетін, ұлтжанды қазақтың бірімін. Ұлттық банк төрағасы қызметінен кеткеннен кейін «Байназаровтың Ұлттық банктен кету себебінің бірі – осы» деп журналистер жарыса жазды. Оның мынадай сыры бар. Кеңес Одағы кезінде біздің банк жүйесін облыстық, республикалық деңгейде қазақ нәсілді азаматтар басқармаған. Банк саласы одақтық жүйе болды да, басшылық қызметте тек орыс халқы өкілдері отырды. 1992 жылы қаңтар айында Ұлттық банк төрағасы қызметіне кірістім. Банк Ұлттық мемлекеттік банк аталатын. Банкте бар болғаны 15-20 пайыздай ғана жергілікті ұлттың өкілдері екен. Алдымызда Ұлттық банк дәрежесінде

даму мақсаты тұрды. Қазақ елі егемендігін алып, тіл, басқа да мәселелерді ұлттық дәрежеде дамытуға барлық салаларда бетбұрыс жасалынып жатты. Банктегі қызметкерлердің көпшілігі зейнет жасына жақындап та қалған екен. Банктің барлық облыстағы басшы қызметін қазақ азаматтарының қолына беруге тура келді. Орталық аппаратта да қазақтардың үлесін көбейтуге ден қойдық. Онда істеп жүрген танымал орыс достарымызға «Бұл ешқандай қысымшылық емес, уақыттың талабы, егемен ел ретінде дамуымыздың алғышарттарының бірі. Сондықтан біз өз халқымыздың өкілдерін тәрбиелеп, өсіруіміз керек» дедік. Орыс әріптестеріміздің көбі бұған үлкен түсіністікпен қарады. Қазақ азаматтарын жоғарылатуға, сол кездері сайланып жатқан облыс әкімдері, аудан басшылары да үлкен құштарлық танытты және қолдау жасады. Осылайша, банк жүйесін қазақыландырдық. Бұл кейін зор пайдасын тигізді...

Ұлттық мәселелерге салғырт қарауға болмайды


– Қазір еліміздің экономика саласында шетелдік инвесторлардың үлесі өте зор. Алғаш тәуелсіздік алған жылдары өзімізде ақша болмауына байланысты шетелден көбірек қаражат тартуға тура келді. Қазір соған басқаша көзқараспен қарайтын кез туды. Елбасы бұл мәселеге назар аудартып та келеді. Қарашығанақ, Қашағандағыдай мұнай өнімін шығаратын мекемелерден үлесімізді ұлғайтып жатырмыз. Осы бағыттан таймай, мұны әрмен қарай күшейтуіміз керек. Кен орындарын еліміздің иелігіне қайтарып алатындай жағдайлар туғызуға тиіспіз. Біз жерімізге, мүлкімізге, пайдалы қазбамызға өзіміз ие болатындай деңгейге жетуіміз керек. Бұл – ұлы мақсаттардың бірі. Осы бағытта жұмыс жасайтын кадр саясатына жіті қарауға тиіспіз. Қазір Үкіметте, басқа да басқару органдарында шетелден оқып келген жастарымыз жұмыс жасап жатқанына қуанамыз. Бірақ солардың менталитеттері кейде байырғы қазақ жұртының менталитетіне сәйкес келмейді. Басқа мәдениетке табынудан арыла қоймаған, соның бағытында қалып қойған жастардың ұлттық мәселелерге салғырттау қарайтыны байқалады. Кейде сол жағынан ұтылып жатамыз. Біз – кең байтақ қазақ жерінің иегеріміз. Жеріміздің кеңдігі біздің басқа елден артықшылығымыз, бұл келешектегі үлкен байлығымыздың басы болуға тиіс. Бұған осы уақытқа дейін қол жеткізе алмай келеміз. Мысалы, ауыл шаруашылығының, соның ішінде мал шаруашылығының деңгейі Кеңес Одағы тараған 1990 жылдармен салыстырғандағы дең-

гейге әлі жеткен жоқ. Жерімізді, елімізді көтергіміз келсе ауылды көтеруге күш салуымыз керек!

Тәуелсіздік алған жылдары экономика саласында жүрген жігіттердің басын біріктіріп, тәрбиелеген – Ерік Асанбаев ағамыз. Ол кісі вице-президент қызметінде жүріп, еліміздің экономика жағын басқарды. Бірде «Кейбіреулер «Қазақтардың саудаға икемі жоқ. Ертең өзбектер бізді басып озады» дейді. Бірақ біздің халқымыз талантты. Қазақтардың көңілдерінің тазалығының, іскерлігінің арқасында Орталық Азияда ең қуатты мемлекетке айналамыз» деген болатын. Шынында да солай болды. Қазір еліміз Орта Азия мемлекеттерінің көшбасшысы. Басқа көрсеткіштерін былай қойғанда, Қазақстан өзге Орта Азия елдерінің барлығының ішкі жалпы өнімін қосқаннан бірнеше есе артық өнім шығарады. Бұл біздің ұлттың таланттылығы мен парасаттылығынан. Халқымыздың келешегі зор, мемлекетіміздің қауқары мықты болатынына сенемін. «Осы мақсат үшін өз өмірімді арнаған адамдардың бірімін» деп жарқын жүзбен айта аламын.

Ғалым ағамен экономика, банк, қаржы саласы жайында бірнеше рет сұхбаттасудың сәті түскен. Бүгін оның өмір жолына зер салдық. «Бұл өмірде мен кімін?» деп өз-өзіме сауал қойған жан емеспін. Бірақ менің жасыма келген әрбір адам артына көз салып, ойланатыны анық. Адамның өз-өзіне баға беруі қиын. Дегенмен өмір жолым халқымыздың тағдыры мен экономикалық жағдайына көп байланысты болды. Әсіресе, тәуелсіздік алған жылдардағы елдің қиын ахуалы әлі күнге есімде. Біз нарықтық экономиканың негізін қаладық. Бүгінде соның жемісін жей бастадық. Атқарған жұмыстарымның бәрі дерлік өте жауапты қызметтер болды. Сондықтан көп уақытымыз жұмыста өтті. Тіпті балалардың қалай өскенін білмей де қалдық. Ал немеренің жөні бөлек екен. Үш баламыз – Светлана, Бақытжан, Меруерттен сегіз немереміз бар. Мүмкіндік болып жатса солармен көбірек уақытымды өткізгім келеді» дейді ол. Ғалекең зейнет жасында, бірақ мемлекеттік қызметтен қазір де қол үзген жоқ және атқарып жүрген жұмыстары еліміздің болашағы үшін қыруар пайда әкелетін келелі істер. Алда жоспар да, жасалынуы тиіс істер де көп. Көкейдегі ұлы мақсат, ұлы армандар орындалса, халқымыздың болашағы жарқын да кемел болмақ. Осындай ұлтжанды азаматарымыз тұрғанда ол күндерге де жетерміз...

22 мамыр, 2013 жыл



***Жексенбек ЕРКІНБЕКОВ,**
мемлекет және қоғам қайраткері:*

МИНИСТР БОЛАРДА ҚАТТЫ ҚОБАЛЖЫҒАНЫМ РАС...

Біз өз өмірін қазақ мәдениетінің өсіп-өркендеуі мен гүлденуіне арнаған, он бір жыл бойы Мәдениет министрлігінің тізгінін ұстаған Жексенбек Еркінбеков ағамызбен әңгімелесу барысында кішіпейілдік пен қарапайымдылықтың нағыз үлгісін көргендей болдық.

Томпанай деген баламын...

Ол 1930 жылы 5 қаңтарда бұрынғы Талдықорған облысының Ескелді ауданындағы шағын ғана Биғаш ауылында дүниеге келген. Ауылы Шыбынды тауының солтүстігінде орналасқан, көрікті, көк-орай шалғын жер. Халқы егін салып, қызылша егеді, мал өсіреді. Оның жастық шағы сол жерде өтті.

– Менің тегім – Еркінбеков, бірақ шын әкем Стамбек Сәрсенбеков деген кісі. Еркінбек – Стамбектің үлкен ағасы. Ол кісінің бел баласы болмаған. Сондықтан алты айлығымда мені бауырына салыпты. Күлбахар шешеміздің қолында бес жасқа дейін тәрбиелендім. 1935 жылы Еркінбек атам дүниеден озып, ал шешеміз төркініне кетіп қалды. Мен туған әке-шешем Стамбек пен Жаңылдың қолына келдім. Бірақ тегім

Еркінбектің атында қала берді. Менен кейін Дүйсенбек, Күләнда деген екі бала дүниеге келген. Бірақ олар көп ұзамай шетінеп кетіпті, – деп бастады әңгімесін Жексенбек аға. – Момындығыма қарап жеңгелерім Томпанай деп ат қойған. Бала күнімде тойған қозыдай болып томпиып, шешем отырғызып кеткен жерде отыра береді екенмін. Мектепте жақсы оқыдым. Бір үйдің жалғызы болсам да, әке-шешем мені аса еркелетпеді. Шолжаңдап, еркелік жасайтындай мінезім де болған жоқ. Әкем өте момын, хат танымаған, бірақ көзі ашық, көкірегі ояу адам болатын. Сол себепті болар 1934 жылы ол кісіні ұжымшардың бастығы етіп сайлапты. 1937 жылғы зобалаңда оны орнынан алып, мал фермасының бастығы болады. 1944 жылы қайтадан ұжымшардың бастығы етіп сайлайды. Бірақ ауыр дертке шалдығып, 1945 жылы дүниеден өтіп кетті.

Менің түрім де, мінезім де анам Жаңылға тартқан. Ол кісі сондай жайлы, мінезі жұмсақ, өте мейірімді болатын. Ауылда өте сыйлы, абысын-ажындарымен тату тұрды. Қонақжайлылығы сонша, самауырыны оттан түспейтін.

Бір шабадан бауырсақ

Ауылда мұғалім болып жұмыс істеген Рысжан Әлімбаев деген кісі бұлардың үйінде тұрды. Ол бала Жексенбекке тәлім-тәрбие беріп, әліпбиді үйретті. Соның әсерінен болар, 1936 жылы ертерек мектеп табалдырығын аттады. Бастауыш мектепті бітірген 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталып кетті. Тұрмыстың қиындығына байланысты оқуы үзіліп қалды. Ер-азаматтардың бәрі соғысқа аттанған. Қол күші жетпеген соң балалар да ұжымшардың жұмысына жегілді. Шөп шауып, егін орды, қызылшаның жұмыстарына қатысты. Шөпшалғының артында екі өгіз, алдында екі ат жегілетін. Алдындағы екі атта бұл отырады. Таңның атысынан қас қарайғанша шөп шабады. Соғыс аяқталатын жылы әкесі өмірден озып, анасы екеуі біраз тұрмыстың ауыртпалығын көрді. Ертерек жұмысқа араласуға тура келді. Анасы да жұмыс жасады. Әскерге кеткендердің аман қалғаны елге орала бастады. Шешесінің жалғыз інісі Сембек бұлармен бірге тұратын. Нағашысы 1945 жылы әскерге алынып, оның әйелі мен жас баласы бұлармен қалды.

– 1942 жылы Украинадан Дарья Ивановна деген келіншек эвакуациямен келіп, біздің үйде тұрды. Мектепте тіл мен математикадан сабақ беретін ол менімен өз қатарындай, үлкен адамша сөйлесетін.

Қабілетімді байқаса керек, үнемі «Сен соғыс біткен соң, қайтсең де оқуыңды жалғастыр» дейтін. Маған сабақ үйретіп, өнер, білім, мәдениет жөнінде қызықты әңгімелер айтып беретін. Ол Запорожье қаласы неміс басқыншыларынан азат етілген соң еліне қайтып кетті, – дейді Жексенбек аға. – Мені үнемі оқуымды жалғастырсам деген ой мазалайтын. Анама оқығым келетінін айтып, толық орта білімім болмаған соң Қапалдың педагогикалық училищесіне сырттай оқуға түстім. Оны 1948 жылы бітіріп, екі жылдай ауылда мұғалім болдым. 1949 жылы нағашы ағам Сембек әскерден қайтып келді. 1950 жылы оқуымды жалғастыруға бел будым. Анамның ағаш шабаданға толтырып пісіріп берген бауырсағын алып Алматыға қарай жол тарттым. Алматы мен Талдықорғанның арасы үш жүз шақырым, автобус қатынамайды. Жүк көлігімен астанаға жеттім. Алматыда бір туысым не танысым жоқ. «Колхозник» қонақүйіне тоқтадым. Мектеп кезінен тарих пәнін жақсы көруші едім, С.Киров атындағы университеттің тарих факультетіне оқуға түспек болып, орыс тілінен емтихан тапсырдым. Енді қаланы аралайын деп шығып, қазіргі Абылайхан даңғылымен жоғары көтеріліп келе жатсам, бір үш қабатты үйден неше түрлі музыканың дыбысы естіліп тұр. Домбыра тартылып, ән айтылып жатыр. Ғимаратқа кіріп келгенде, өзіммен ауыл мектебінде бірге жұмыс істеген Шораның кездесе кеткені. Екеуіміз жөн сұрастық. Ол салған жерден «Университеттен құжаттарыңды ал, сенің музыкаға қабілетің бар, одан да бізге келіп құжат тапсыр» деді. Консерваторияны аралатып көрсетті. Фортепьяно, домбыра, қобыз, кларнет, труба тартқан кілең жастар. Қызығып кеттім. Университеттен құжаттарымды алып, консерваторияға тапсырдым. Қабылдау емтихандарынан сүрінбей өтіп, консерваторияның студенті атандым.

Жастық шақтың бір белесі

Олар консерватория жатақханасының бір бөлмесінде жиырма бес бала тұрды. Өздері оны вокзал деп атайтын. Әрқайсысы жан-жақтан жиналған, әртүрлі тәрбие көрген. Жоғары курстың жігіттері кейде кешігінкіреп, қызулау келеді. Жай жата қалмай, жатақхананы у-шу қылып, арасында төмен курстың жігіттеріне әлімжеттік жасайды. Қобылан деген жігіт «Қайсысың менімен төбелесесің?» деп елдің мазасын алатыны бар. Бір курста оқитын ақмолалық Сайлау төртпақ келген, шымыр жігіт болатын. Сол «Әй, мына итті қалай тәртіпке шақырсақ екен?» деп кіжініп қоятын. Бірде «Мен!» деп орнынан атып тұрды

да, әлгіні шынтағымен қағып жіберіп жерге сұлатып түсіреді. Қобылан дереу есін жинап «Жатамын, жатамын» деп орнына жайғасты. Осы оқиғадан соң ол «Сайлаучик на месте?» деп сұрайды да, орнына барып жата қоятын болды. Бірақ кейін олар жақсы тіл табысып кетті.

Жекең консерваторияда сабақты өте жақсы оқып, Сталиндік шәкірт-ақы алатын. Домбыра класында ұстаздары – Қазақстанның халық артисі Қали Жантілеуов пен Өнерге еңбегі сіңген қайраткер Хабидолла Тастановтардан дәріс алды. Л.Хамиди, А.Жұбановтардан музыканың теориясын үйренді.

Үздік бітіруіне байланысты оны консерваторияға мұғалімдікке қалдырды. Жарты жылдан кейін 1956 жылы мәдениет министрі Әмір Қанапин «Сенің музыкалық білімің бар, Хореографиялық училищеге директор болып барасың» деді. «Ол би мектебі ғой, биден онша хабарым жоқ» дегеніне қараған жоқ. Училищені басқарған екі жылда Қазақстанның халық артисі А.Селезневпен, тағы басқа да мамандармен бірге жұмыс жасады. Сол уақытта балеттің бірталай мықты бишілері бітіріп шықты.

Бірақ ол өз саласын аңсады да тұрды. 1958 жылы Қазақ радиосының музыка редакциясының көркемдік жетекшісі, екі жылдан соң Қазақтың мемлекеттік ән-би ансамблінің директоры, сосын Орталық партия комитетінің мәдениет секторының басшысы қызметіне кірісті.

Қолы ашық, жаны жомарт Күләш апам

– Консерваторияда оқып жүргенде мұғалімдеріміз «Студентсіңдер ғой, ақша табуларың керек» деп Радиокомитеттің жанындағы оркестрге домбырашы етіп қабылдап, 60 сомнан айлық алып жүрдік. 3-курс-та оқып жүргенде Бухарест қаласында Студенттер мен жастардың төртінші дүниежүзілік фестиваліне Құрманғазы оркестрінің жастар бөлімі қатысты. Соның құрамына бізді қосты. Оркестрге Шамғон Қажығалиев жетекшілік ететін. Фестивальдің жабылу салтанатында Ермек Серкебаев ән салды. Стадион қошеметтеп тұрып тыңдады. Осы фестивальде оркестр алтын медаль, қатысушы қырық адам арнайы дипломмен марапатталды. 1954 жылы Құрманғазы оркестрінің құрамында Орта Азия елдеріне сапарға бардық. Біз вагонда жатамыз. Атақты әншілеріміз Күләш Байсейітова, Кәукен Кенжетаевтар қонақүйде. Күләш апамыз күн сайын келіп, біздің халімізді біліп тұрады. Бір күні Күләш апа мен Шамғон екеуі келді. Күләш апа «Балалар,

халдерің қалай? Қарындарың ашып жүрген жоқ па?» деді. Қасымызда бір қулау жігіт бар еді «Апай, расында да біздің қарнымыз ашып жүр» деп еді, әнші сол жердегі жиырма шақты жігіттің бәріне 50 сомнан таратып шықты. Күләш апамыз қолы ашық, жаны жомарт жан болған. Ол тек Ұлы әнші емес, Ұлы адам екенін осыдан-ақ аңғаруға болады.

Сыйластығы жарасқан ене мен келін

– Консерваторияны бітірген соң пәтер жалдап, анамды қолыма алдым. Ол кезде досым Шора үйленген, екі баласы бар. Олар да бізге жақын жерде тұратын. Демалыс, мереке күндері досымның үйіне барамын. Әйелі Мүнира өте жақсы келіншек болатын. Барған сайын «Осы сен қашанғы сұрбойдақ болып жүресің? Жасың болса біразға келді» деп қамшылайтын. Бірде Мүнира тағы қолқалай бастады. «Сен оқитын ҚазПИ-де қыздар бар шығар, таныстырсайшы» деп өзіне қарсы сұрақ қойдым. «Шын айтасың ба? Онда 8 наурызда үйге бір қыз ертіп келемін» деді ол. Өне-міне дегенше қыздардың мерекесі де келді. Олар үйіне шақырды. Барсам, сүп-сүйкімді, кішкентай ғана бір қара қыз отыр. «Қандай адам екен?» деп көзімнің қиығымен жайлап қарап қоямын. Біртүрлі ұнайтын сияқты. Біраз отырған соң, қызды жатақханасына шығарып салдым. Биология факультетінде Мүнирамен бірге оқиды екен. Жақынырақ таныстық, киноға шақыра бастадым. Не керек, төрт айдан соң біз үйленетін болдық. Бұл 1957 жыл еді. Әлима соңғы курста оқитын. «Оқуы аяқталса, еліне кетіп қала ма?» деген оймен «Маған тұрмысқа шығасың ба?» деп сұрақты төтесінен қойдым. Қыз келісімін берді. Тастақта жер үйде пәтер жалдап тұратынбыз, жолдас-жораларымыздың басын қосып, шағын той жасадық. Келесі жылы ұлымыз Серік, одан кейін қызымыз Қарлығаш дүниеге келді. Әлиманы оқу бітірерде Талдықорған облысының Бөрлітөбе ауданына мұғалімдікке бөліп қойған екен. Отбасын құрғанына байланысты ол жаққа бармады. Қаладағы жалғыз №12 қазақ орта мектебінде орын жоқ. Облыстық кітапханада бөлім бастығы болып жұмыс істеді. 1991 жылы зейнет демалысына шықты.

Шешем 1990 жылы қайтыс болғанша бізбен бірге тұрды. Анам әйелімнің жақсы енесі, зайыбым шешемнің жақсы келіні болды. Еш уақытта келіспей қалғандарын естігенім жоқ. Бірін-бірі өте сыйлады, – деп отбасылық жайын бір әңгімелеп тастады Жексенбек аға.

Өмірдің сынағы шынықтырады

Мәдениет министрі Әмір Қанапін жастығына қарамай оны Хореография училищесіне директор етіп тағайындады. Осы бір мәдениет қайраткерінің жас жігіттің еңбек жолының сәтті басталуына айрықша ықпалы болды. Қазақ мәдениетінің үлкен жанашырлары Ләйла Ғалымжанова, Ілияс Омаров, Мүсілім Базарбаевтардың ақыл-кеңесі өсіп-өркендеуіне, өмір баспалдақтарынан сүрінбей өтуіне көмегі тиді. Олардан үйренгені көп. Жеке өзін Дінмұхамед Ахметұлына қарыздар санайды. «Отыз жасар мені қалай танығанын білмеймін, Орталық комитетке мәдениет секторының бастығы етіп тағайындады» дейді ол қамқор ағасын сағынышпен еске алып. Б.Әшімов, М.Есенәлиев, Ш.Әлбазаровтың да жақсылығын көп көрді. Мәдениет саласының қыр-сырын түсінуіне, оны терең ұғынуға өнер қайраткерлері Қ.Байсейітов, Қ.Жандарбеков, Ғ.Құрманғалиев, Б.Досымжанов, Е.Серкебаев, Р.Жаманова, Б.Төлегеновалар көп үлес қосты.

– Өмірде түрлі жағдай болады. Бірақ соның бәрінен дер кезінде қорытынды шығарып, сабақ ала білу керек. Ондай белестер адамды шынықтырып, ысыла түседі, – дейді Жексенбек аға. – Хореография училищесінің директоры болғаныма жыл толмай жатып, тосын бір жағдай бастан өтті. Зоовет пен біздің интернаттың балалары төбелесіп, пышақ бір жігіттің күре тамырына тиіп кетіп, ол жазым болады. Бұл жағдай қалалық партия комитетінің бюросында қаралып, «Директор тәрбие жұмысын нашарлатып жіберді» деп ауызша сөгіс берді. Бұл – өмірдің талқысы, алған сабақ. Кейде сыртымнан айтылып жатқан ұсақ-түйек әңгімелер маған да жетіп жататын. Жалпы, мені ашықтан-ашық аяқтан шалушылар болған жоқ. Айналамдағылар жұмысыма қанағаттанған болуы керек. Менен бұрынғы директордың кезінде музыка зерттеушісі В.Мессман тұңғыш ғарышкер Ю.Гагарин туралы балет жазамын деп шартқа отырған екен. Маған келіп, өзін музыка сыншысы ретінде таныстырып, «Менің балетімді қабылдауыңыз керек» дегендей шарт қойды. «Музыка зерттеушісі ретінде сізді сыйлаймын, бірақ композиторлық қырыңызды білмеймін. Балетіңіздің бір актісін жазып әкеліңіз, көркемдік кеңесте талқылаймыз. Дұрыс болса, ары қарай жұмыс істейміз» дедім. Ол бізбен келісе алмады. Бір күні «Ленинская смена» (қазіргі «Экспресс К») газетіне «Средь шумного бала» деген сын мақала шықты. Біз театрға жастарды көбірек тарту үшін ұжыммен келісіп, бірінші қабатта студенттердің ойын-сауық кештерін өткізіп жүрдік. Мессман осыны сынап

жазыпты. Ұжымдағылар ренжіді де, Ермек Серкебаев бастаған бір топ артист «Казахстанская правда» газетіне «Критика недобросовесная и предвзятая» деген мақала жазды. Осы екі мақалаға орай театрда үлкен жиналыс болды. Мәселе талқыланды. Мессман жеңілгенін мойындағаны болар, жиналыс аяқталмай шығып кетті...

Ақпейілді ағалар-ай

Опера және балет театрын басқару Жексенбек ағаға отыз бір жасында бұйырды. Бұрын көптеген директорлар болған, бірақ көп тұрақтамаған. Жекене дейін арнайы музыкалық білімі бар басшы болмапты. Театр үлкен. Ұжымда 600-ден астам адам бар. Өңшең ығай мен сығайлар. Олармен бірге жұмыс жасау оңай емес. Ең бастысы, кәсіби тұрғыдан олардың тілін тауып басқару керек.

– Менен бұрын директор болған Жумин қызметтен кетіп бара жатып біразымызды үйіне қонаққа шақырды, – дейді Жексенбек аға. – Кілең өнер қайраткерлері. Олардың көбін сыртынан білгенім болмаса, жақыннан танымаймын. Кішкене көңілденіп алған соң Қанабек (Байсейітов) және Құрманбек (Жандарбеков) ағалар:

– Әй, бала, сен өзі қысылып отырсың ғой. Өзің қайда келгенінді білесің бе? – деді.

– Ағалар, сіздерге директор болып келдім, – дедім күмілжіп. Олар:

– Сен әлі ештеңе білмейді екенсің. Ертең екеуіміз барып саған қайда келгенінді түсіндіреміз, – деді. «Нені түсіндіреді екен?» деп кәдімгідей ойланып қалдым. Расында да, ертеңіне екеуі келіп, театрдың тарихын, онда істейтін адамдар кім және қандай өнер адамдары екенін айтып:

– Сен жұмысты әкімшіліктен бастама, тек директормын деп шіреніп отырғанмен іс бітпейді. Өзің музыкант екенсің. Бір ай бойы спектакльдерді тыңдап, тамашала. Әншілер қалай айтты? Музыканттар қалай ойнады? Бишілер қалай биледі? Театрдың декорациясы қалай болды? Соның бәрін қойын дәптеріңе жаз да, бір айдан соң қорытындысын шығар, – деді. Осы мерзімде театр репертуарымен, артистермен түгел танысып шықтым. Көркемдік кеңес өтетін болды. Бәрі маған сыни көзбен, онша менсініңкіремей қарап отырғанын ішім сезді. 45 минуттық баяндама жасап, қойылымдарды талдап бердім, біраз сыни пікірлер айтылды. Байқаймын, әлгі менсініңкіремей отырғандардың беті бері қарай бастады.

Ришат Абдуллин:

– Мына жігіт музыкант екен. Баяндамада айтқан пікірлеріне қарағанда театрдағы шыбынның қандай ноталық биіктікте ұшып жүргенін де анықтай алатынын аңғартып отыр. Музыкадан хабары, түйсігі мол. Оны бәріміз қолдап, жұмыс жасайық, – деді. Алты жыл осы театрда директор болдым. Бұрын қазақша спектакльдер өте аз жүретін. Жаңа опералар болмады. А.Жұбанов, Е.Рахмадиев, С.Мұхамеджанов, Қ.Қожамияров, Ғ.Жұбанова, Е.Брусиловский, Л.Хамидилердің басын қосып, ақылдасып, әрқайсысына жеке тапсырыс беріліп, біраз опералар жазылды. Театрға жастар көптеп тартылды.

Министрліктегі жиырма екі жыл

Ол 1966 жылы Мәдениет министрлігінің өнер істері басқармасының бастығы болды. Министр Ләйла Ғалымжанова өте сауатты, мәдениеттен хабары мол, киноға түскен, білікті жан болатын. Мәскеудің Кинематография институтын бітірген. Одан кейін министр болған Ілияс Омаров та қазақ мәдениетінің шын жанашыры, зиялы қауым алдында үлкен беделге ие еді. 1969 жылы Ілияс Омаровтың қолдауымен мәдениет министрінің орынбасары болдым. Өкінішке қарай, Ілекең 1970 жылы өмірден озып кетті. Енді филология ғылымының докторы, атакты сыншы Мүсілім Базарбаев министр болып тағайындалды. Ол өте сыпайы адам еді. Менің емін-еркін жұмыс жасауыма мүмкіндік берді. 1976 жылы түс мезгілінде үйге келіп, енді тамаққа отыра бергенім сол еді, Димаш Ахметұлының қабылдау бөлімінен хабарласып, ол кісінің мені шақырып жатқанын айтты. Димаш ағаға негізінен, министрлер баратын. «Мені неге шақырып жатыр екен?» деп қобалжыңқырап барсам, қабылдау бөлмесінде Мүсілім Базарбаев отыр екен.

– Мүсеке, бізді неге шақырып жатыр? – деп сұрап едім, жымыяп күлді де:

– Қазір білесің, отыра тұр, – деді. Ол Димаш Ахметұлының алдына кіріп шықты. Сосын мені қабылдады. Министрлер кабинетінің төрағасы Бәйкен Әшімов және идеология жөнінен хатшы Саттар Имашев бар екен. Амандық-саулықтан соң Димекең бірден:

– Жолдас, Жексенбек, сен мәдениет министрі боласың! – деді. Есім шығып кетті:

– Димаш Ахметұлы, қазір министрдің орынбасары қызметін атқарып жүрмін. Осы қызметім мені қанағаттандырады. Министр болу қолымнан келер ме екен? – дедім.

– Біз сенің жасаған қызметтеріңді байқап жүрміз. Қызмет сатысымен біртіндеп көтеріліп келе жатқан жігітсің. Қолыңнан келеді. Ал Мүсілім Базарбаев сырқы істер министрі болады. Дайындал, екеуің Мәскеуге барып, әңгімелесіп келулерің керек. Жолдарың болсын! – деді. 1976 жылы тамыздың 3-інде маған мәдениет министрі деген бұйрық шықты. Мәдениет министрлігінде төрт жыл басқарма бастығы, жеті жыл министрдің орынбасары, он бір жыл, яғни 1987 жылға дейін мәдениет министрі болып, осы жерде жиырма екі жыл қызмет атқардым. Бұл – еліміздің мәдениет саласының гүлденген жылдары болды.

Қазақ өнері әлемдік деңгейге көтерілген жылдар

– Министр болған жылдарымда қал-кадерімше қазақтың ұлттық өнерін дамытуға біраз еңбек еттім. Опера және балет, эстрада, би, театр, сурет өнері дамыды. Тарихи құндылықтар, жәдігерлерді қалпына келтіру, халыққа көрсету жолында көп жұмыстар жасалды. Жаңа концерттік ұжымдар, театрлар, мұражайлар, демалыс саябақтары ашылды. Осының барлығы қазақ мәдениетін, атадан балаға мұра болып келе жатқан құндылықтарды сақтау, келешек ұрпаққа жеткізу үшін жасалды. Қазақ кәсіби өнерінің іргетасын қалаған майталмандардың қатарына арнайы және орта оқу орнын бітірген талантты жастардың легі келіп қосылды. Қазіргі өнер тарландары А.Әшімов, Ф.Шәріпова, С.Оразбаев, Т.Тасыбекова, Н.Мышбаеваларды құрметпен атар едім. Әр кез кадр мәселесіне, жастарды тәрбиелеуге көп көңіл бөлдім. Сол жылдары көптеген халықаралық конкурстың лауреаттары шықты. Өнерпаздарымыз шетелдерге шыға бастады. Олардың ішінде Ә.Дінішев, А.Мұсахожаева, Ж.Әубәкірова, Р.Рымбаева, Р.Бапов, Р.Байсейітов, Қ.Ахмедияров, Қ.Байбосыновтар бар. Ең бастысы, қазақ өнері әлемдік деңгейге көтерілді. Біз оларға жағдай жасап, мүмкіндік туғыздық. Өткен ғасырдың 60-70-80-жылдары Қазақстан өнерінің ерекше дамыған тұсы. Бұл жылдарды қазақ өнерінің алтын дәуірі деп атауға болады. Сол кездері 200-ден астам адам құрметті атаққа ие болды. Он жеті адам Кеңес Одағының халық артисі, халық суретшісі болды. Үш адам Социалистік Еңбек Ері атағын алды. Осының бәрі біз жасаған

тынымсыз жұмыстың арқасында деп айта аламын. Орталық комитет, Дінмұхамед Ахметұлы біздің бастамаларымызды үнемі қолдап отырды. Қазақ барда оның өнері сарқылмайды. Қазір өте дарынды жастар өсіп келеді. Олар: Ғ.Молдакәрімова, Н.Үсенбаева, М.Мұхамедқызы, М.Шотабаев, М.Бейнешов, Ж.Ғабдулина, А.Үлкенбаева, С.Жанпейсова, тағы басқалар.

Қазір уақыт басқаша, техника алға дамып кетті. Интернет, теледидар арқылы бүкіл әлемді алақандағыдай көріп отыруға болады. Осындай уақытта жастар шетелдік өнермен, мәдениетпен қауышуға көп мүмкіндік алды. Мұның жақсы жағы – әлеммен танысамыз. Оның екінші жағы бар. Кенжелеп қалған эстрада жанрында топ көбейіп кетті. Бірақ олар тауықтың балапаны сияқты не үндесімі, не үйлесімі жоқ, бірінен-бірі айнамайды. Орындаушылық ерекшелігі аз. Тек «МузАрт» тобы ғана кәсіби жағынан өте жоғары деңгейдегі ансамбль. Басқалары сол деңгейге жете алмай жүр. Сұрыптаусыз теледидардан күнде көрсетеді. Теледидар арқылы жастардың санасына тез сіңеді ғой. Экраннан көрсеткен соң жастар оның бәрін керемет деп қабылдайды. Біз жақсы мен жаманды айыра білуіміз керек. Соларды эфирге жіберіп отырған редакторлар не қарағысы келмейді, не музыкалық қабілеті жетпейді немесе қаржылық мәселеге байланысты басқа бір ойы бар. Келешек жастардың санасы осындай ортаңқол, сапасы нашар музыкалық дүниелермен улана берсе, келешегіміз не болмақ?!

Орынтақтан өз еркімен бас тарту

Жексенбек аға орынсыз қаралаған домалақ арыздар да біраз шаршатқанын айтады. Д.Қонаев «Бұл жала, жауып тастаңдар. Жексенбекті біз білеміз» деп тоқтатқан. Ол кісі қызметтен кетіп, Г.Колбин келісімен әлгі арызқойлар қайтадан бас көтерді. Кім екенін білмейсін, домалақ арыз. Аяқтан шалғысы келді. Қайта-қайта тексеру жүйкені біраз жұқартты. 1986 жылы науқастанып, ота жасатты. Шыққан соң алдынан арызқойлардың хаты тағы шықты. Оған мүгедектік жөнінде анықтама берді. Қайта-қайта ауруханаға түсе берді. Ақырында дәрігерлер «Сізге денсаулық керек пе, әлде орынтақ па?» деді. Мәдениет саласында жұмыс істегелі күні бойы жұмыс, кешке концерт, спектакльдер. Уақтылы демалмау да денсаулыққа әсер етті. Ол өз етінішімен жұмыстан босату жөнінде Г.Колбинге арыз берді. «Мен

жаңадан келіп жатырмын, сізді әлі білмеймін. Адамдармен ақылдасайын» деп бірден арызына қол қойған жоқ. Нұрсұлтан Әбішұлы Министрлер кабинетінің төрағасы болатын. Барып жағдайын айтып еді, Нұрсұлтан Әбішұлы «Ағай, зейнеткерлікке екі жарым жыл уақытыңыз қалған екен. Жұмыс жасай берсеңіз қайтеді?» деді. Мен дәрігерлердің сөзін айттым. Ол кісі Г.Колбинге айтқан болуы керек, «Денсаулығының нашарлауына байланысты, қызметтен босатылсын» деп өтінішіне қол қойылды. Сол жылдары Музыка қоғамы құрылып, соның бастығы болып бір жыл жұмыс істеді. Сосын ол жұмысты Ермек Серкебаевқа тапсырып, 1997 жылға дейін кеңесші болды. Зейнетте жүрсе де қоғамдық жұмыстардан тыс қалған жоқ.

Жексенбек аға мен Әлима апа ұл-қыздары Серік пен Қарлығаштан үш немере сүйіп отыр. Ұлы Астанадағы Өнер университетінің проректоры, композитор. Көптеген шығармалары бар. Күрделі шығармасының бірі «Мәңгілік алау» Ұлы Отан соғысына арналған. Жақында «Сенің армандаған үйің» атты мюзикл жазып бітірді. Шәкәрім туралы үлкен симфония жазды. С.Мәуленовтің сөзіне жазылған «Дархан дала» әнін Е.Серкебаев, Б.Төлегенова, М.Мұхамедқыздары орындап жүр. Қызы Қарлығаш – экономист, КИМЭП-те жауапты қызмет жасайды. Жексенбек аға «Немерелерім тәрбиелі болып өсіп келеді, соған қуанамын» дейді. Қазір сексеннің үшеуінен асқан Жекең тың, сергек. Қазақ мәдениеті тарихының шежіресі іспетті. Халқымыздың нағыз қазына қариясына айналып отыр. Әлима апа екеуінің шаңырақ көтергеніне елу алты жылдан асыпты. «Қонақ аз отырып, көп сынаиды» демекші, әңгімелесуге барғанда олардың өзара сыйластығы, бір-біріне деген ерекше құрметі аңғарылып тұрды. Бұл – бүгінгі көп жас отбасының үлгі алатын бір тұсы. Алла амандық берсін, қадірменді Жексенбек аға, Әлима апа!

4 маусым, 2013 жыл



Сәдуақас МҰСТАФАЕВ,
акушер-гинеколог, профессор:

ӨЗІНЕ СЕНГЕН АДАМ БІРЕУГЕ БАҒЫНЫШТЫ БОЛҒЫСЫ КЕЛМЕЙДІ

Әр адамға өз туған жері ыстық. Қай жерде жүрсен де көз алдыңа елестеп, иісіне дейін бөлек болып тұрады. Медицина ғылымдарының докторы, профессор Сәдуақас Мұстафаев Қызылорда облысының Қаракұм мен Қызылқұмның ортасында орналасқан Қазалы стансасында 1949 жылы ақпанның 27-сінде туған. Қазалыда жұмыс істеген жылдары шақыртумен «АН-2» ұшағымен осы құмдағы тұрғындарға көмек көрсетуге талай ұшып барған.

Ата мен әжеге тән бала

Ол тұңғыш немере болған соң атасы Мұстафа мен әжесі Жаңылға тән бала. Тіпті өз әке-шешесінің атын атап, аға-жеңгедей қарағаны рас. Көзі ашық Мұстафа әкей ұлы Үмбетәліні шойын жолға, орыстардың қолына әкеліп жұмысқа орналастырады. Теміржол қазақ үшін жат кәсіп, қолына күрек ұстап көрмеген жігіт алғашқы іссапардан ақ шыдамай, паровоз ауылдың тұсына келгенде қарғып түсіп, қашып кеткен. Әкесі Мұстафаның қаһарынан қорқып, үш күн құдықтың ішінде жатады. Қарны ашады, амал жоқ құдықтан шығуға тура келеді. Әкесі оны желкелеп отырып қайта теміржолға алып келеді. Содан қырық

жеті жыл бойы теміржолда қызмет жасаған ол паровоз, кейіннен тепловоз жүргізуді кәсіби меңгеріп, «Құрметті теміржолшы» атағына дейін жеткен. Қазақтан шыққан алғашқы машинистердің бірі. Жұмысында өте абыройлы болып, «Құрмет тақтасынан» түскен жоқ.

– Шешем – Хадиша. Он алты жасында тұрмыс құрып, бір жылдан соң мені босаныпты. Біздің жақтың кісілері малмен қатар балық аулаумен де айналысқан. Мұстафа атам қалада тұратын ұлы мен келініне түйеге артып бір қап балық әкеледі де, қайтарында әлі жасқа тола қоймаған мені қолтығына қысып өзімен бірге Арал мен Қазалының ортасындағы Ақшатау ауылына алып кетеді. Осылайша, бес жасқа дейін далада, ата-әжеміздің қасында өстік, – деп бастады әңгімесін Сәдуақас аға. – Сол кездерден есімде қалғаны – қолымда қалайы ожау, Жаңыл апам түйе сауып, мен сіміріп соны ішіп тұратыным. Хадиша анамыз табиғи дарынды, нені болса да тез меңгеріп, үйіріп алып кететін. Ауданда ашылған бірінші қонақүйдің басшысы қызметіне дейін көтеріліп, жұмыс жасаған. Анамыз жеті құрсақ көтерген, соңғылары егіз.

Әке-шешемнен қауышу

– Далада өскен бала болғандықтан көргенім – дала, киіз үй, ауылдағы адамдар, сосын төрт түлік мал, – деп жалғады ол әңгімесін. – Әкемнің Орынәлі, Ахметәлі деген інілері болды. Тетелес інісі Орынәлі көкеміз Алматыдағы Зооветеринарлық институтта оқыды. Бізге ол өте бір маңызды қызмет атқаратын кісідей көрінетін. Киімдері, жүріс-тұрысы ерекше. Мені ауылдан Қазалыға алып келген сол кісі. Ауылда күс-күс болып жүрген болармын, көкем мені моншаға алып барады. Өмірімде монша көріппін бе? Теміржолды да бірінші рет көруім. Моншаға жеткенше теміржолдың шпалдарын санап келдім. Маған «Сен күте тұр, қазір келем» деп моншаға кіріп кетті. Шамасы билет алуға кеткен болар. Есікті ашқан кезде іштен бу бұрқ ете қалды да, көкем ішке кіріп жоқ болып кеткендей, құдды бу оны жұтып қойғандай болып көрінді. Есік қайтадан жабылды, бу бітіп қалды. Мына көрініс маған біртүрлі оғаш көрінді де, ойбайлап қаша жөнелдім. Теміржолмен, шпалдың үстімен келгенімізді білем ғой, алды-артыма қарамай жүгіріп келем, бір қарасам, Қазалы артта қалыпты. Ойбайлап одан бетер жылаймын. Бітпейтін шпал, бітпейтін теміржол. Бір жолшы мені ұстап алып «Неге жылайсың? Кімнің баласысың?» деп сұрайды. «Мұстафаның баласымын» деймін. Руымды

сұрайды, оны айтам. Жолшыға «Үмбетәлінің баласымын» десем, әкемді таныр еді, олар Мұстафаны қайдан білсін? Ойбайлатып үйіне алып келді. Қолыма сап-сары етіп қуырылған қант беріп қойған, соны сорып, әлгі кісінің соңына ілесіп жүрмін. Әке-шешем бүкіл Қазалыны аралап шыққанша үш күн өтіп кетеді. Ақырында әшейінде мойындамай жүрген туған әке-шешемізбен осылай қауыштық қой. Сол көпті көрмей, жатырқап, далада өскендіктен балабақшаға да бармай қойып-пын. Бірінші сыныпқа теміржолдың №420 қазақ мектебіне бардым. Жақсы оқып, онжылдықты медальмен бітірдім.

Лақап аты – «Коммунист»

Қазір мектеп кезіндегі достармен байланыс сирек. Бұл мектепте көбіне интернаттың балалары оқыды. Олармен шекісіп қалатын. Өйткені бала Сәдуақас мектеп табалдырығын аттағаннан қоғамдық жұмыстың бел ортасында жүрді. Лақап аты «коммунист» болатын. Оқушылардың оны-мұны жиындарына көп қосылмай, қайта мұғалімдермен бірге солардың тәлім-тәрбиесіне қатысты шаралармен айналысып жүретін. Бала боп, оқушылардың өмірімен өмір сүрген жоқ. Интернаттың балалары тентектеу, өздерінің қалауынша өмір сүретін, сол кездің өзінде темекі тартып, «қызыл арақтан» ұрттап қоятын. Солармен көп жұмыс жасау керек болды. «Коммунист» болғаны соншалық, клубтағы би кешіне барып көрмепті. Соның салдарынан осы уақытқа дейін вальс билей алмайтынын мойындайды.

– Үлкен үзілісте сынып балаларының біразы ізім-қайым жоқ болып кетеді. «Бұлар қайда барады?» деген сауал туды. Ол кездері спорттан ауыр атлетикамен айналыстым. Әкемнің көмекшісі штангист болатын. Әйелі бізге орыс тілінен сабақ берді. Кәдімгідей қаруым бар. Мектептен шыққан бес баланың бірі дүкенге бұрылды да, қалғаны стадионға қарай тартты. Сондарынан жүгіріп жетсем, қызыл арақтың аузын ашып, сілкілеп жатыр, әлгі мұз болып қатып қалған. Бірінші айтқан сөзім «Маған да құйыңдар» болды. Сасқанынан бірінші маған бере салды. Ашқылтым бірдеңе, басқа ештеңе сезбедім. Олар да ішіп алды. Сонда ғана «Тағы арақ ішеміз бе, әлде төбелесеміз бе?» дедім мәселені төтесінен қойып. Менің «қарқынымнан» қаймықты ма, не болмаса мұғалімдердің құлағына тиеді деп секемденді ме, олар сабақтың арасында арақ ішетін әдеттен тыйылды, – деп балалық шаққа саяхат жасаған Сәкең әңгімесін жалғастырды. – Алматы медицина

институтына оқуға түстім. Мектепті үздік бітіруіме байланысты бір емтихан ғана тапсырдым. Қазалыдан ұзап ешқайда шықпаған маған алғашында, әрине, қиын болды. Институтта сабақ тек орысша жүреді. Бұл жағынан туып-өскен жерімде орыстардың көп болғанының арқасында онша қиындық туындамады. Қазақ мектебін бітіргенімнің пайдасы – ойлау қазақша болады ғой. Мен каникулда демалған емеспін. Студенттік құрылыс отрядына (СҚО) жазыламын да, жаз бойы ақша табамын. Сол кезден қалыптасқан дағды болар, өмір бойы дәрігерлік мамандығыммен қатар үй, мекеме салу сияқты құрылысты да қатар жүргізіп келемін. Осы уақытқа дейін еңбек демалысын алып көрмеппін. Уақытымның көбі жұмыспен кетеді. Бірақ жұмыстың арасында демалудың әртүрлі амалдарын тауып, ғылыми жұмыстармен айналысып жүргенде көбіне конференцияларға қатысып, ел-жер көріп дегендей бір сергіп қалатынымын. СҚО-да жүргенде ылғи бригадир болдым. Қасыма кілең қыздар жиналатын. Ойлап қарасам, қыздармен қызметтес болып, тіл табысып жұмыс істеу сол кездерден басталған екен ғой. Профессор Тоғжан Хайдаровамен де құрылыс отрядында бірге болдық. Осы күнге дейін «Менің СҚО-дағы бастығым» деп отырады. Қазіргі Алматы медуниверситетінің профессоры Айқан Ақанов та біздің бригадамызда болды.

Гинекологияға қалай келдім?

Акушер-гинеколог болу студент Сәдуақастың үш ұйықтаса түсіне кірмеген. Хирургияны таңдап, адам жанының арашасы болып, ел құрметіне бөленуді армандаған. Институт қабырғасында жүргенде түрлі үйірмелерге, секцияларға қатысатын. Кафедра меңгерушісінің көбі кезінде жер аударылып келген еврей ұлтының өкілдері. Білімді, зиялы сол кісілерден көп тәлім-тәрбие алды. Хирургия бойынша зерттеу мақалаларын жазып, итті сойып, оның іш-құрылысымен танысып жүретін. Шойын қара, төртпақ келген қазақ ағайы болды, қазір шын аты-жөнін ұмытыпты. Әйтеуір студенттер «Шомбы» деген лақап ат қойып алған. Ағайымен қарым-қатынасы жақсы. Ол кісі диафрагмадан диссертация қорғауға дайындалып жүрді де, иттің ішін жарып, соны микроскоппен қарап зерттеу жасап, материал дайындайтын. Бұлар – көмекші. Ағайы иттің өзіне қажет жерін алады да, «Мә, қалғаны сендердікі, тігіңдер» деп студенттерге береді. Кітаптағы әдістерді іс жүзінде өздерінше қайталап үйренетін. V курстан субординатура,

интернаттура болып бөлінетін болды. Жігіттерді үш айға әскерге алып кетті. Қайтып келгенде кімнің қандай мамандыққа бөлінгенінің тізімі тұр екен. Хирургияны мұқият қарап шықты, тізімде жоқ. Жатақханаға келсе старостасы Меңлік «Сәдуақас, курсымыз жан-жаққа шашылып кетпесін деп сені өзімізбен бірге гинекологияға жазып қойдық» деп тұр. Масқара! Барып гинекологияның тізіміне қараса, рас екен, аты-жөні сол жерде жазылып тұр. Қанша бұрқан-талқан болып ашуланған-мен бұйрық шығып қойған, оны өзгерте алмайсың.

– Акушерлік-гинекология сабағында үнемі сыртта жүремін. Тыңдамаймын. Қазақы тәрбиемен өскен баламыз ғой, ұяламыз дегендей. Емтиханға дайындалатын кезде ғана оқып, жауап берем. Студент қыз-жігіттің бәрі медициналық креслодағы бір әйелдің айналасына жиналып, қарап, үйреніп жатса, мен теріс айналып, сыртқа беттеймін. Апайымыз профессор Кәмила Өтегенова сабаққа онша ықыласымның жоқ екенін байқап, «Сәдуақас, оқымасаң, үйренбесең, мұнда неге келдің?» деп сұрады. Мән-жайды түсіндіріп, «Ертең елге қайтіп барамын?» деп ағымнан жарылдым. «Мамандығыңа ұялатын болсаң, еліңе бармай-ақ қоярсың. Бұл өз халқың үшін көп нәрсені жасайтындай жақсы мамандық. Енді шегінерге жол жоқ. Мұнда да хирургия, сол пышақ, сол адамның іш-құрылысы. Бірақ сен ертең емтихан тапсыруың керек қой» деп түсіндіріп, бетімді бермен қаратты. Осылайша, бірте-бірте мамандығымызға үйренісіп кеттік. Психологиялық жағынан өзімді жеңу керек болды, – дейді Сәдуақас Үмбетәліұлы сол бір кезді жымия еске алып. – Институтты бітірерде әр облыстан өкілдер келіп мамандарды өздеріне шақыратын. Ректорымыз академик С.Қарынбаев пен деканымыз Баритон Сократович қайда баратынымды сұрады. Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданына жазылғанымды айттым. Қызылорда облысының Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ернияз Омаров «Бұл бала неге Тарбағатайға барады? Туған жері – Қазалы. Бізге де жас мамандар керек» деп шу шығарып, елге баратын болып шешім қабылданды. Апайымыз Кәмила Досымқызы басқарған кафедраның берген тәрбиесінің арқасында біз дайын маман болып шықтық. Шамалы жұмыс істеген соң әйелдерді босандырудың нағыз шебері болып шыға келдім. Ешкімнің көмегінсіз бір түнде он үш әйелді босандырған кезім болған. Облыстық әйелдер босанатын үйде көбіне етжеңді орыс әйелдері жұмыс

істейтін. Көбінің жастары келген, шаршаңқыраған. Бірақ шетінен өз ісінің шеберлері. Олардың тәжірибесінен көп үйрендім. Бірте-бірте олар маған кәдімгідей арқа сүйеп, демалатынды шығарды. Мен болсам жайбарақат қалыпқа түседі. Бірде босануға жатқан әр әйелдің жағдайын қысқаша баяндады да, «Қазір ешқайсысы босанбайды. Біз душ қабылдап келейік» деп екі санитарка, екі акушерка кетіп қалды. Енді науқастардың жағдайымен таныса бастағаным сол еді, бір әйел келесі палатадан «Туайын деп жатырмын» деп маған қарай беттеді. Жалғыз өзім. Әйелді көз ілеспес жылдамдықпен креслоға жатқызып үлгергенім сол, бала қолымда. Ана құрсағынан жаңа шыққан шараның денесі қолымнан сусып түсіп кететіндей жылтырап тұр. Баланың кіндігін кесетін медициналық қайшыны алып беретін адам жоқ. Қазіргідей ананың үстіне баланы тастай салуға болмайды. Шарананы анасының санына тақап, ұмтылып қайшыға қол созғанда аяғым тайып кетіп жерде тұрған түрлі ыдыстар саңғырлап қоя берді. Әуірімдеп қайшыны алып үлгердім. Сол кезде босану бөлмесінің тап астында душ қабылдап жатқан акушерлер бірдене болғанын сезіп маған қарай жүгіреді. Бір қарасам, тырдай жалаңаш екі әйел «Сәдуақас, не болып қалды?» деп келіп тұр. Бірден көмекке ұмтылып, баланың кіндігін байлап болған соң естерін жинап «Ойбай, біздің түрімізді қара!» деп беттерін басып, тұра қашқаны. Өздерінің жалаңаш екенін ұмытып кеткен ғой. Ол әңгіме жата ма, бастық та біліпті. Наурызбаева апамыз «Сәдуақас, біздің естуімізше сен әйелдер босандыруды шемішкеше шағатын болыпсың. Әйтсе де соңғы оқиға шектен шыққандық. Олай етуге болмайды! Жалғыз өзің әйел босандыруды тоқтат!» деп ескертті. Бірақ ел жақта бәрібір жалғыз өзім талай әйелді босандыруға тура келді. Айдалада құмның ішінде өзіңмен-өзің алысып жатасың. Талай рет шұғыл ота жасауға да тура келді. Елде қызмет жасаған бес жылда ана, бала өлімі тіркелген жоқ. Біз сондай көрсеткішке жеттік.

Қыз алып қашу операциясы

Болашақ жары Райханмен студенттік кезден танысып, достасты. Ол курстарының старостасы Меңлікпен бір бөлмеде тұратын. Бұлардан бір курс төмен оқыды. Студент Сәдуақас Меңлік екеуі шынайы дос болды, тіпті жұбы жазылмайтын. Ел бұларды қыз бен жігіт деп ойлайды екен. Соңғы үш жылда сабақтан басқа кездің бәрінде

Райханмен жұбы жазылмады. Институтты бітірген соң ауылға телефон шалып, оқуын тәмамдап, елге қайтқалы жатқанын айтты. Шешесімен жеңгесі сияқты қалжыңдасатын. Ол «Қасыңда тағы кім бар?» деп сұрады. «Болашақ келініңізді бірге алып барайын ба?» деді бұл да қарап тұрмай. Райханмен күзде үйленеміз деп сөз байласып жүрген. Бұл әңгіме сол күйі ұмытылып қалды. Ойында ештеңе жоқ жолға шығарда «Күтіп алыңыздар!» деп жеделхат жіберген. Ауылдағылар келін келе жатыр деп малдарын сойып, бүкіл әзірліктерін жасапты. Туған-туыс тайлы-тұяғымен пойызға келіп күтіп тұр. Студенттік алты жылда жинаған кітаптары салынған қапты сүйретіп пойыздан түссе, жеңгелері «Келін қайда?» дейді. «Қайдағы келін?» дейді бұл еш қамсыз. Бәрі үйге келді. Шілде айы. Күн қайнап тұр. Сойылған малдың еті қызарып барады. Орынәлі көкесі «Әкелем деген соң келінді әкелу керек еді» дегендей ауырлау сөз айтты. Намысқа тырысып «Әкелу керек болса, әкелем» деп салғаны. Ауылдағылар қолына 300 сомды ұстатты да, оны кері қайтарды. Досы Меңліктің болашақ жары Сатыбалды марқұммен де жақсы араласатын. Ол – Түркістанның жігіті. Оған жеделхат жолдап, жолға шықты. Кеше ғана қоштасқан, ертеңіне қайта келіп тұр. Досына мәселенің мән-жайын түсіндірді.

– Екеуіміз сол жерде қыз алып қашу операциясын ойластырдық. Райхан болса Қаратауда алаңсыз практикадан өтіп жатыр, – дейді Сәдуақас аға. – Қожа Ахмет Йассауи кесенесінде жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан кез екен. Киелі жерден су ішпей кетуге болмайды деп, оның да жөн-жобасын жасадық. Жаз кезі болған соң ары бері жүргінші көп, пойызға отыру мүмкін болмады. Райханға да жеделхат жіберіп қойғанбыз. Аяғымызда платформа. Такси тұрағы қаланың арғы шетінде екен. Аласұрып жүгіріп таксиге бардық. Шымкентке жетіп, одан әрмен Жамбылға таксилеттік. Үшінші таксимен вокзалға келіп, жүгіріп пойызға отырып Қаратауға жеттік. Райхан ер мінезділеу, тез шешім қабылдайтын қыз. Бірақ оған қалай айтамыз? Үйіндегілер бізді күзде үйленеді деп отыр. Атамыз Қасым Әшімов ұжымшар бастығы болатын. Машинасын жіберіп, күтіп алды. Мал сойып, бізді күтті. Үйден шықпаймыз. Күбір-күбір, сыбыр-сыбыр. Райхан жағдайды білді. Не керек, ертеңіне үлкендерге Жамбылға (қазіргі Тараз қаласы) қыдырып қайтатынымызды айттық. Атамыздың жүргізушісі Аралбай бізді жеткізіп салатын болды. Апамыз Бәтима машинаның терезесі-

нен «Райхан, машинамен бірге қайтып кел» деп жайлап ескерткені әлі күнге есімде. Біздің жақта өспейтін алма ағашы бұл үйде көп екен. Қып-қызыл боп пісіп тұр. «Ертең тойға керек» деген оймен бір қалта алма жинап алдым. Келіншегім сол оқиғаны қазір де айтып күліп отырады. Жүргізуші де бір сырды сезді. «Сіз үйге қайта беріңіз. Біз өзіміз қыдырып келеміз» деп оны кері қайтарып, Шымкентке дейін таксилетіп, одан пойызбен Қазалыға тарттық. Бір-екі құрбысын жолдан ілестіріп алып кетуді де ұмытқан жоқпыз. Біз осылайша бас қостық. Сосын туған-туысқандармен қайта келіп, қазақтың жөн-жоралғысымен Райханның ата-анасының алдынан дұрыстап өтіп, кешірім сұрап, үлкен кісілердің рұқсатын алған жайымыз бар.

Өз еліндей қайдан болсын?!

– Мамандық таңдауда үлкен әсер еткен Алматы медицина институтының емдеу факультетінің кафедра меңгерушісі профессор Кәмила Өтегенова екенін жоғарыда айттым. Жұмысқа алғаш араласқанда аудандық аурухананың бастығы, Қазақстанға еңбек сіңірген дәрігер Файзрахман Жұмағұловтан адамдармен сөйлесіп, басқаруды, айқайлап ұрыспай-ақ ұжымды жұмыс істетуге болатынын үйрендік. Хирургияда кейде ашуға бой алдырып, қаттырақ кететін кездер болады. Файзрахман ағамыз өте сабырлы, байсалды кісі болатын. Қазалы аудандық ауруханасынан кейін біраз уақыт Байқоңырда жұмыс істедім. Қалалық емхананың басшысы Анна Валенканың өзі жұмысқа шақырды. Ол Ұлы Отан соғысына қатысып, қазақ взводын басқарған жан. Өзі хирург Анна апай адамның ойындағысын оқып тұрғандай дәл айтатын. Ол кісі Ленинскіге мені жұмысқа шақырса, мен өзімнен кейін бірталай қазақ жігіттерін жұмысқа тарттым. «Сәдуақас, біз бұл жерде тұрақты халық емеспіз. Күйеуімнің қызмет ету мерзімі аяқталған соң елімізге қайтамыз. Сендер жергілікті тұрғынсындар. Мен осында қызмет етіп отырғанымда қазақтарыңды шақыр. Жұмыс істесін, үй алсын» деді. Сол күні Қазалыға барып, жігіттерді үгіттедім. Дәрігерлерден бір ғана Әбікен деген ағамыз маған еріп келді.

Уақыт өте келе Байқоңыр Ресейге қарайтын қала болып қалды да, біз өзімізді шетелде жүргендей сезінетінбіз. Жазушы Әкім Тарази Райханның немере ағасы болып келеді. Жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов екеуі ел аралап келген екен. Олардың өз жұмыс кестесі болғанына

қарамай Байқоңырға шақырып, барынша күтіп, жақсылап қонақ жасадық. Ленинскіні аралаттық. Сонда Әбдіжәміл ағамыз «Сендер бұл жақта не істеп жүрсіндер? Кімге қызмет жасап жатырсындар? Білікті дәрігерлер бізге де керек емес пе?» деген сыңай танытты. Әбекеңнің сөзі қатты әсер етті. Іздене бастадық. Қарынымыз аш емес, көйлегіміз көк, бірақ біздің мұнда жүруіміз рухани жағынан, ертең өсіп келе жатқан ұрпағымызға қандай әсер етеді деген ой келді. Дегенмен орыстардан көп нәрсені үйренгеніміз рас. Үлкен мектеп болды. «Казахстанская правда» газетіне Акушерлік және гинекология институтына кіші ғылыми қызметкер қажет екендігі жайлы конкурс жарияланыпты. Алматыға келіп, институт директоры Жалғау Исалиев ағамызға жолықтық. Ол кісі «Бізге қазақтың жастары керек, құжаттарыңды тапсырып, бағынды сынап көр» деді. Көп уақыт өтпей «Жабық жиналыста конкурстан өтіп, кіші ғылыми қызметкер жұмысына қабылдандыңыз» деген хабар келді. Үйді, қызметті тастадық та, екі шабаданмен Алматыға келдік. Үлкеніміз Индира енді мектепке барған. Аэлита он айлық, емізулі. Пәтер жалдадық. Үлкен қаладағы қарбалас тірлікке кірістік те кеттік. Ақындар Шөмішбай Сариев, Жарасқан Әбдірәшев, туған жиенім, журналист Батырхан Дәрімбетов, «Тамаша» ойын-сауық отауының тарланы Құдайберген Сұлтанбаевтармен бірге жүретінбіз. Осылайша астанамызға келіп жаңа өмір бастадық. Жалғау Шәкірұлының кейін маман ретінде өсуіме көп көмегі тиді. Мені гинекологиядан Қазақстандағы бірінші УЗИ маманы етіп дайындады, – деп бір қайырды Сәкен.

Өмір – күрес

– Конфуцийдің «Бақыттылық тек қана жақсы өмір сүргенде емес, адамның жығылып қайта тұра білгенінде» деген сөзі бар. Өмірде, жұмыс бабында талай қиыншылық біздің де басымыздан өтті, – дейді ол. – Егемен ел болғаннан кейінгі жаңа өзгерістер, заңның жетіспеуі... Жемқорлық та белең алған кездер болды. Өмірімде біреуге пара берген де, алған да емеспін. Қаншама орынды-орынсыз тексеріс, домалақ арыз, жүйкені тоздыратын айтыс-тартыс болды. Қазір ол адамдарды кінәлаудың қажеті жоқ, біразы өмірден өтті, мүгедек болып қалғандары да бар. Олардың атын атап, түсін түстеудің керегі жоқ. Заң біреу болғанмен әркімнің жұмыс істеу тәсілі бөлек. Дегенмен заңның аясында тыныш өмір сүргенге не жетсін! Сол бір қиындықтар кейіннен

жеке клиника ашып, өз бетімше жұмыс жасауыма алып келді. Өз ойыңды, біліміңді екінші біреуге жеткізу, дәлелдеу өте қиын. Мемлекеттік жүйеде тыныш өмір сүре беруге де болар еді, бірақ біз өмір бойы жинаған білімімізді елдің игілігіне пайдаланғымыз келді. Адам өзіне сенімді болған кезде біреуге бағынышты, жалынышты болғысы келмейді. Өзіңнен білім деңгейі төмен адамдар саған бұйрық беріп, тіпті бірдемені бүлдіріп жатқанын көргенде шыдап тұру мүмкін емес. Нарықтық экономиканың бір жақсысы – қолыңнан келіп тұрса көп мәселені өз күшіңмен де шешуге болады. Болмаса жеке клиника ашып, оны ұстап отыру да оңай шаруа емес. Қазірдің өзінде Үкіметтің аясында жұмыс істеген кездер рақат уақыт екен ғой деп ойлаймын. Ештеңені ойланбайсың, жұмысқа барып-келіп, дер кезінде айлығыңды алып отырасың. Өз қолыңмен, өз күшіңмен барлық тірлікті ұйымдастыру, басқару, жасау жауапкершілігі үлкен. Бірақ оған қиыншылық екен деп қарамайсың. Қанағат болған жерде қалған мәселенің бәрін шешуге болады.

Сәдуақас аға мен Райхан жеңгеміздің қос қызы Индира мен Аэлиита тұрмыста, әрқайсысынан үш-үштен алты немересі өсіп келеді. Индираның мамандығы – тарихшы. Профессордың жолын қуған – Аэлиита. Ұлы Әбілқайыр Политехникалық институтты бітірген. Қазір екінші жоғары оқу орнында оқиды. Қосымша жұмыстары бар. Бұл әулетке келін түсетін уақыт та келіп қалды.

Сәдуақас Үмбетәліұлының күнделікті жұмыс режимі әр сағат, әр минутына дейін есептеулі. Некедегі бедеулікті шешудің амалдарымен талай қазақтың дүниеге келуіне тікелей мұрындық болған, сан мыңдаған қарагөздің кіндік атасына айналған Сәкең қырық жылдан астам уақыт дәрігерлік қызметінде демографиялық өсімімізге қолынан келгенше үлесін қосып келеді. Әркім өз ұлтына осылай қызмет көрсетіп, жақсылық жасаса ғанибет емес пе?!

19 маусым, 2013 жыл



Ләйла ҒАЛЫМЖАНОВА,
қоғам және мәдениет қайраткері:

ОТБАСЫ ҚОЛДАМАСА ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҮЛКЕН ҚЫЗМЕТТІ АБЫРОЙМЕН АТҚАРУЫ ҚИЫН

Ләйла Ғалиқызы қазақ қыздарының ішінен шыққан алғашқы үлкен лауазымды қызмет атқарған, министрліктің тізгінін қолына ұстаған жанның бірі. 1924 жылдың 21 қаңтарында дүние есігін ашқан ол торқалы 90 жасқа қарай қадам басып келеді.

Әкемнің ұстазы – нағашы атам

– Туған жерім – Петропавл қаласы. Ата-бабаларымыз Көкше өңірін мекендеген екен. Әкемнің айтуына қарағанда, Шучье төңірегі. Табиғаты көркем жер, – деп бастады Ләйла апа әңгімесін. – Қазір көбі ата-бабаларын еске алғанда өте батыр, бай болған деп жатады. Мен олай айта алмаймын. Әкем жағынан да, нағашы жағынан да бәрі өз еңбегімен өскен адамдар. Білетінім – әкемнің анасы, яғни әжеміз өте ерте қайтыс болып, атамыз үш ұлымен және анасымен қалады. Олар ауылдағы ең кедей отбасы екен. Тігерге тұяғы болмапты. Әйтсе де атамыз он саусағынан өнер тамған шебер болып, біреудің етігін тігіп, біреудің бірнәрсесін жамап беріп, үш баласын асыраған. Не себепті екенін білмеймін, мүмкін күнкөрістің қамы шығар, әкем Ғалиолла жастайынан Петропавл қаласына келеді. Қиын уақыт. Сонда кездейсоқ нағашы атам Мәдидің үйіне тап болады. Ол сүзек ауруының аскы-

нып тұрған кезі екен. Нағашы ағамыз да әжемізден, екі ұлынан айырылып, үйелмелі-сүйелмелі үш кішкентай қызымен қалады. Үлкені менің шешем болған. Естияр болып қалған әкем Мәди атама көмекші болады. Әкем «Анаңды өзім өсіргенмін. Үш қыздың бірінің бетін жуып, бірінің шашын өріп беретінмін» деп отыратын.

Ауылдан келген, түкті білмейтін бала Ғалиолла Мәди ақсақалдан сауат ашады. Осы орайда Ләйла апаның нағашы атасы Мәдидің өміріне аздап тоқталып кетудің реті келіп тұр. Ол өте кедей, бірақ сауатты кісі болыпты. Әкесі өмірден ерте озған оны жалғыз шешесі тірнектеп жүріп өсіріпті. Анасы Петропавлдағы мешіттің ауласын тазалап, еденін жуады. Мешіт жанындағы шағын медреседе байдың балалары тіл сындырады екен. Анасы таңертен жұмысқа келгенде қалдыратын ешкім болмаған соң баласын өзімен бірге ертіп келеді. Медреседе бай балаларымен қосылып оқып, олардан артық біліп шығады. Он алты-он жеті жасында медресені бітіріп, сол жерде жұмысқа қалады. Ол он тоғыз-жиырма жасқа келгенде бес-алты адам қажыға жиналады. Атпен бір ай жүріп Меккеге барады. Қасындағылар жасы келіп қалған адамдар, бірақ ақшасы мол. Сауатты әрі алғыр жігітті қастарына алған себебі – тамағын дайындап, кір-қондарын жуып дегендей, оларға қызмет көрсететін адам керек болады. Жол бойы қаншама қиыншылықтар кездеседі. Сол кезде оларға демеу болып, үлкендердің батасын алып келеді. Елге келген соң Мағди қажы атанып, ақсақалдардың ризашылығымен Петропавл мешітінде молда болып, ортасына өте сыйлы болған жан.

Зиялы қауым әкемді керемет сыйлайтын

– Ақылды да елгезек әкем Ғалиолла нағашы атамнан сауат ашып, үйренеді, тәрбие алады. Петропавлда татарлар көп болған. Әкем бір татар байының көзіне түсіп, қатардағы приказчик етіп алады. Бай әкеме сеніп, Моңғолияға мал апарғызады. Әкем сондай денелі, жаратылысынан алғыр адам болған. Өзі арифметикаға да жүйрік. Құран да оқи біледі. Өз бетінше орыс тілін де үйреніп алады. Бір таңғаларлығы – еш жерде оқымаса да қазақша-орысша ешбір қатесіз жазатын және қолжазбасы да әдемі болатын. Қазан төңкерісі басталып, ол қозғалысқа қатысады. Бұған сол кездері жарық көрген қазақ газеттерінің әсері де болған сияқты. Мұрағаттан іздегенде, әкемнің судья болғанын оқыдым. Сотта істеу үшін партия қатарына қабылдану керек болған. Мұрағаттан әкемнің бастығы болған орыс судьясының орталыққа

жазған хатын оқыдым: «Ғалымжанов Ғалиолла еш жерде арнайы оқымаса да сондай білімді. Өте көп жұмыс жасайды және заңгерлікті толығымен оқып үйренген. Өте адал, тәртіпті, еңбексүйгіш» дей келіп, оның партия қатарында болмаса да осы жұмыста қалуын өтінген тұрғыдағы бір жарым парақ хаты бар. Ал партияға кіру үшін дінге сенбеу керек. Оған айналасындағылар дінге сенуді қой деген тұрғыда әңгіме айтқан. Әкем намазға, дінге деген көзқарасын өзгерте алмайтынын айтады. Сөйтіп, судьялық қызметтен босатылады. Деректерге қарағанда, бұл қызметті 1919-1928 жылдар аралығында атқарғанға ұқсайды. Сол жылдары біз Ақмолаға көшіп кеттік. Бұл ауқатты және зиялы адамдарды соттап, қиын жағдайлар болып жатқан кез. Судья болған уақытында әкем көптеген зиялы қауым өкілдерімен араласқан. Бала болсам да сезетінмін, біздің үйге келген олар әкемді сондай үлкен құрметпен сыйлайтын. Әкем өте көп оқитын.

1935 жылы біз Алматыда тұрдық. Жасым он бірде. Даладан ойнап үйге кіргенмін. Мамам маған ымдап «тыныш» дегендей белгі берді. Үйде бір кісі отыр екен. Әкем есіктің алдында тұрып қалған мені «кел» деп өзіне шақырды да, «Қызым, қара да есінде сақта! Ұмытпа! Бұл біздің Пушкиніміз – Мағжан Жұмабаев!» деді. Сол жерде біраз тұрдым. Жаздыгүні болатын. Мағжан ағаның үстінде тік жағалы аппақ жейде болатын. Шашы бұйра, жас, келбетті кісі екен. Ақынның 1989 жылы шыққан жинағында әкеме арналған «Бір биге» деген әзіл өлеңі бар. Ол кездері қыз-келіншектер альбом арнайтын да, соған достары тілек, өлең жазатын. Анама арналған Мағжанның «Р. альбомына» деген өлеңі де кітапқа енген. Осы өлеңдерінде ақын әкем мен анама мінездеме бергендей. Мағжан ағаны бір рет тұтқындап, босатып, кейіннен қайта тұтқындады, – деп бір қайырды әңгімесін Ләйла Ғалиқызы.

Рахима әпкемнің қамқорлығы

Анасы Рәбиға мұғалімдікті оқып, бастауыш сыныптарға сабақ береді. Ол отағасынан он үш жас кіші болған. Тұңғыштары Марат 1922 жылы туылып, бірақ жеті-сегіз айлығында шетінеп кетеді. Екінші рет егіз ұл мен қыз туылып, олар да ерте көз жұмады. Петропавлда сот болып істейтін Ғалиолла Ғалымжанұлы ұл-қыздарының бірінен кейін бірінен айырылып, көңілі түсіп жүргенде 1924 жылы Ләйла апа өмірге келеді. Ол кішкентайынан өте кітапқұмар болды. Әкесі үнемі кітап оқуын талап ететін.

– 1936 жылы қазақ зиялыларын жаппай тұтқындап, оларды баудай қыра бастады. Бұл жайлы бала болсақ та еститінбіз, – дейді Ләйла апа. – 1937 жылы мамам қайтыс болды. Мен он үште, інім Кемел он жаста болдық. Мамам қайтқаннан кейін оның сіңлісі Рахима біздікіне көшіп келді. Әкем судья болып жүргенде оны Ташкентке медицина институтқа оқуға жіберген. Сол кезде Петропавлдың мұсылмандары атама «Мағди қажы, қыз баланы неге алысқа оқуға жібересің?» деп ренжіген екен. Сіңлісі Мәриям да Ташкентте оқып, білім алған. 1937 жылы әкемді «Халық жауы» деп тұтқындағанда інім екеуіміз Рахима әпкемнің қолына бардық. Өйткені бізді пәтерімізден де шығарып тастады. Әпкем балалар дәрігері болып жұмыс істейтін. Бір бөлмелі пәтері болды. Ол көп жұмыс жасады. Бізді оқытты. Мен әкемді «Халық жауы» дегенге сенгем жоқ, тіпті әкем туралы Сталинге хат жаздым. Әрине, хатыма жауап алған жоқпын...

Нағашы атам Мағди жақсы молда болғанын айттым. Ол кейіннен бір қызы бар жесір әйелге үйленеді. Екінші әйелінен тағы екі қыз туылады. 1934 жылы Түркияның Стамбул қаласында өткен Бүкіл дүниежүзі мұсылмандарының конгресіне бас мүфтимен бірге делегацияның құрамында атам да барады. Сосын оны Уфадағы КСРО бойынша мұсылмандардың жоғары діни басқармасына жұмысқа жібереді. Атам орысша-қазақша таза сөйлеп, арабша, латынша жаза білген. 1938 жылы қыстыгүні алдымен жасы 80-ді алқымдаған атамызды, үш күннен кейін әжемізді тұтқындайды. Оларды жергөлеге қамады. Уфа – өте салқын қала. Әжеміз екі күннен соң қайтыс болыпты, тіпті жерлеуге де бермепті. Арада аз күн өткенде атамыз да дүниеден өтіпті...

Әкеммен түрмедегі соңғы кездесу

Ләйла апаның айтуына карағанда, анасы оларды «Ұят болады» деген бір ауыз сөзбен тәрбиеледі. «Қазір әкең келеді, шашыңды тара, ұят болады», «Көрші келді, көп сөйлеме, ұят болады» деген сияқты. Ол өткір қыз болды. Байқайтыны – анасы інісін қатты еркелететін. Інісі Кемел жуастау болатын. Көрші балалар қолындағысын тартып алса, үйге жылап келетін. Ләйла інісінің қолынан сүйреп далаға алып шығады да, ойыншығын қайтарып алып беретін. Сондайда әкесі «Ләйла ер бала болып туылуы керек еді, Кемел жуас» деп отыратын. Мектепте оқып жүріп пионер болғанында өзінен кейінгілерге жетекші болыпты.

Бала күнгі құрбысы Роза кейіннен «Бізге келіп бұйрық беретінсің» деп күліп еске алып отыратын. Оның ұйымдастырушылық қабілеті кішкентайынан қалыптасты. Институтта да қоғамдық жұмыстарға белсене қатысты.

– Әкем мені қатты жақсы көретін. Онымен түрмедегі соңғы кездесуім әлі есімде, – дейді Ләйла апа. – Жаздың ыстық күнінің бірі болатын. Қазіргі Райымбек даңғылының бойында орталық түрме болды. Рахима әпкем әкеме апарып беруге сәлем-сауқат берді. Мен «Әке, жүн шұлық, сабын, тағы осындай-осындай заттар әкелдім» деп хат жазғанмын. Хаттың екінші бетіне әкем «Бәрін алдым» деп жауап жазған. Бұл хат менде осы күнге дейін сақтаулы... Әкем сол жылдары шамамен елу жаста болатын. Онда мен 7-сыныпты бітіргенмін. Сол кездесуде ол маған «Сен енді оқи алмайтын шығарсың. Математикан жақсы ғой, бухгалтерлік курсқа бар. Бухгалтерлерге әрқашан жұмыс табылады. Рахима әпкеңе айт» деді. Әкемнің сөзін айтып едім, әпкем «Жоқ, сен оқуың керек» деп қарсы болды. 8-сыныпты бітіріп, рабфакқа бардым. Өйткені тұрмыс тым қиындап кетті. 1939-1940 жылдары рабфакта оқыдым. Сосын ҚазМУ-дың филология факультетіне түсіп, жатақханаға шықтым. Негізі мединститутқа түскім келген. Бірақ емтиханның алдында кісі өлігін көріп, барғым келмей қалды. Сол кезде Ұлы Отан соғысы басталды. Алматыға Мәскеуден ВГИК көшіп келіп, бірге оқитын құрбым Тамара «Барып, бағымызды сынап көрейік» деп қоймады. Қазақша актерлік-режиссерлік курс ашылды. Қазақстаннан жиырма шақты қазақ-орыс қыз-жігіті алынды. Жарты жылдан соң жігіттердің бәрін соғысқа алып кетті. Мен актерлік факультетке түстім. Біз бірінші курсты осында оқыдық та, жаудан босатылған соң институтымыз Мәскеуге қайта көшіп, үш жыл сонда оқыдым. Ешқашан актриса боламын деп армандаған жоқпын, бірақ тағдыр осылай болды. Мұнда біз Г.Рошаль деген режиссерден білім алдық. Ал Мәскеуде фильмде Чапаевты сомдаған КСРО-ның халық артисі Борис Бабочкиннен оқып шықтым. Өзімді оның шәкіртімін деп санаймын.

...1937 жылы жаздыгүні пионер лагерінде жүріп, түс көрдім. Сол түс әлі күнге менің жадымда. Түсімде лагерге әкем мен анам келеді. Есіктің алдында тұр, ішке кірмейді. Екеуінің де түрі сондай аянышты, мұңлы. Сол жылы қазан айында анам қайтыс болды. 1938 жылы 7 наурызда әкемді тұтқындап алып кетті. Осындай бірнеше түс 90-ға

таяған менің есімнен кетпейді... Тұтқындалып кеткен соң әкеммен екі рет кездестім. Төрт-бес айдан кейін оны атып тастапты... 7 наурызға қатысты тағы бір оқиға есімнен кетпейді. 1938 жылы 7 наурызда әкемді «Халық жауы» деп тұтқындаса, 1961 жылдың 7 наурызында, яғни әкем тұтқындалғаннан кейін тура жиырма үш жыл өткенде маған «Мәдениет министрі» деген жарлық шықты...

Аңғал жастық-ай...

– Бір жыл жастар театрында жұмыс істеп, сосын аспирантураға қабылдандым. «Золотой рок» фильміне басты рөлді сомдауға шақырды. Театрдан кетіп, киноға түстім. ТЮЗ-де жүргенде киноактер мектебі ашылып, сол жерде сабақ беретінмін. Нұрмахан Жантөрин де сол жерде сабақ алатын. 1947 жылы қараша айында Фурманов көшесінің бойында өзіме қарама-қарсы әскери киімді бір жігіт келе жатқанын байқадым. Бірақ соншалықты көңіл аударған жоқпын. Ол маған қарап келе жатып аяғы шалынысып құлап бара жатты да, бірден жерге тізерлеп отыра кетті. Жер тайғақ болғандықтан тізесімен сырғып келіп менің қасыма тұра қалды. Оның тұруына көмектестім. Жігіт сасқалақтап, абыржып қалды. Біз өз жөнімізбен кеттік. Ертеңіне сабаққа келсем, кешегі офицер отыр. Кейін оның айтуына қарағанда, ол соғыстан келсе, анасы дүниеден озған, туған-туыстан ешкім жоқ. Қайда барарын білмей тұрғанда біреулер «Киноактер мектебіне оқуға тапсыр. Жатақханасы да бар» деп кеңес береді. Мектепте жігіттер аз болуына байланысты оны оқуға қуана қабылдайды. Ол биік, сымбатты еді. Өзгелермен бірге сабаққа келген жігіт мен дәріс оқуға кіргенде тағы да аң-таң болып қалады. Мен де таңданып қалыппын. Біз Зия екеуіміз осылайша таныстық. Талдықорғанның жігіті екен, Қапалда туған. Біз бір-бірімізді бірден ұнаттық және кездесе бастадық. Жігіттердің көбі соғыста, ал оның қасындағы басқа жігіттер тым жас көрінетін. 1948 жылы жазда бүкілодақтық спартакиада болды. Зия екі-үш ай арнайы лагерьде соған дайындалып, қатысады. Ол кезде мен түскен кино көрсетіле бастады. Зия мені өзін ұмытып кетті деп ойлайды екен. КГБ-ға жұмысқа кіргісі келген оның құжаттарын тексеріп, қуана қабылдамақ болады. Бірақ денсаулық жағдайы көтермейді. Әскерден де сол үшін ерте оралған. Бір күні көшеде есінен танып құлап қалады. Оны жедел жәрдем тез ауруханаға алып кетіп, атақты хирург Баккал ота жасайды. Оған күтінуге тура келеді. Сол кезде Құдай оған мені жіберді,

көшеде (*Ләйла апа шын ықыласымен күліп алды. – Г.Ж.*). Мен үнемі оған «Құдай екеуімізді кездестіргенде анаң «Жығыл аяғына» деп желкеннен бір ұрған шығар» деп қалжыңдайтынмын. Шынымен де сол кезде оған ерекше күтім керек болды.

Зәкеңнің үйлену жайлы маған қалай ұсыныс жасағаны тіпті де есімде жоқ. Рахима әпкемнің тар үйінде оның отбасымен бірге тұратын мен бөлек пәтерге шықпақ ойда жүргенмін. Жалақым әжептәуір, киноға түскен қаламақым да бар. Орыс кемпірдің үйінің бір бөлмесін жалға алдым. Әпкемнің үйінен өзіме тиесілі үлкен төсек, атам Түркияға барғанда маған арнап алған кілем, бір жастық, бір көрпені жүк машинасына тиеп жатып заттарымды машинаға тасып жүрген Зияға «Сенің шабаданыңа қашан барамыз?» деппін. Ол тағы да сасқалақтап, «Қазір» деп жауап бергені есімде. Кейіннен Зәкең «Мен оны емес, ол мені алып кеткен» деп күліп отыратын. Шынында да, мен сондай аңғал болғанмын. Біз үйленген соң ол актерлер мектебінен кетіп, Қаржы министрлігінің кадрлар бөліміне жұмысқа тұрды. Офицер ретінде оған жеті шаршы метрлік бір бөлме берді.

Мұханның шапағаты

Ләйла Ғалиқызының қалыптасып, үлкен өмірге қадам басуына ұлы Мұхтар Әуезовтің алар орны ерекше. Аспирантураға түскенде ол ғылыми жетекшісі болды. Ләйла апайдың орыс тілінде жазған бірнеше әңгімесін оқыған Мұхаң «тілің жақсы» деп мақтайтын. Ғылым академиясы құрылып, аспирантура ашылғанда адамдарды оған жинау қиын болды. 1937-1938 жылдары тұтқындалып, атылған зиялы қауым балаларының көбі қатарға қосылып, адам болды. Олар қиыншылықпен болса да жоғары білім алды. Сол жерде де қиындықтар туындады да, «Ғылыми жетекшісінің болмауына байланысты» деп Ләйла апаның ғылыми жұмысын тоқтатты. Мұхтар аға әдебиеттің алыбы, академик болса да, өнертанушы, театртанушы емес қой деген сылтау болды. Дегенмен ол Ләйла Ғалиқызымен көп әңгімелесіп, қолдады. «Сен соншалықты көп оқығансың» деп таң қалатын.

– Мұхтар ағай менің әкем мен анамды да білген. Мұханның «Еңлік-Кебегін» Петропавлда сахналағанда анам халық театрында жұмыс істеп, Еңлікті сомдапты. Аспирантураға түскенімде ол мені бірден таныды, – дейді Ләйла апа. – Киностудияда редактор болға-

нымда Мұхтар ағай көркемдік кеңестің мүшесі еді. Жаңа көркемдік кеңес мүшелері тізімін жасағанда директорымыз Р.Семеновқа «Мұхтар ағайды да тізімге қосайық» деп ұсыныс айттым. Ол Әуезовтің аты дүркіреп тұрған кез. Директор ол кісі келіспейтін шығар деген ойын білдірді. Телефон соғып едім, Мұхтар ағай келісімін берді.

Мұхаң біз ҚазМУ-де оқып жүргенде қазақ фольклорынан дәріс оқыды. Дәріске Алматының көптеген институттарының студенттері, зиялы қауым өкілдері келетін. Сол кезде «Абай жолының» бірінші томы жарық көріп, Үкімет үйіндегі үлкен жиында кітап талқыланды. Бүкіл шығармашылық зиялы қауым өкілдері қатысып, әркім әрқилы пікірлерін ортаға салды. Кейбіреуі «Байларды соншалықты дәріптеп жіберген» деп, «Абай жолын» сынап бастады. Нақты кім екені есімде жоқ, біреу «Мұхтар Омарханұлының өзі неге пікірін айтпайды?» деп оған тікелей қатыстырып сөйледі. Мұхаң мінберге шықты, өңі аппақ қудай болып кеткен. Ол бірер минут үнсіз көпшілікке қарап тұрды. Бұл тіпті ұзақ уақыттай болып көрінді. Зал лық толы, бірақ тым-тырыс. Өлі тыныштық. Жазушы «Сындарыңызды түсіндім. Алдағы уақытта қалай жұмыс жасағанымды мен тек жұмыстарыммен көрсете аламын» дегендей бір-екі ауыз сөз айтты да кетті. Тағы да сондай тыныштық орнады. Сол кез менің күні бүгінгідей есімде...

Мұхаңның отбасымен өте тығыз араластым дей алмаймын. Мен жас болдым, екі рет үйімізге шақырып, дәм татқыздық. Ол кезде мәдениет министрі болған кезім. Жазушының зайыбы Валентина Николаевна Мұхаң алыс жаққа жол жүрерде, келгенде «Бірге отырайық» деп үш-төрт кісіге Зия екеуімізді де қосып қонаққа шақыратын. 1961 жылы Мәскеуге іссапармен бардым. Мен тоқтаған «Москва» қонақ-үйінде Мұхтар ағай да бар екен. Ол кісі қоңырау шалып, ота жасауға келгенін, дәрігерлер соншалықты күрделі ота емес деп жатқанын, одан кейін Лондонға барып, халықаралық жиынға қатысатынын айтты. «Бүгін жігіттер келеді, сен де кел, әңгімелесіп отырайық. Ертең ауруханаға жатамын» деді. Тап сол кезде Мәскеуде ВГИК-те бірге оқыған жақын құрбыммен кездесемін деп уәделесіп қойған болатынбыз. Мен жағдайымды айтып, бара алмадым. Мұхтар аға сол ауруханаға түскеннен шыққан жоқ. Қалтай Мұхамеджанов, тағы үш-төрт жігіт өткен-кеткенді еске алып, ұзақ отырыпты. Осы жағдай есіме түссе, қазірге дейін көңіл-күйім бұзылады...

Телевидениеде бас режиссер болып жұмыс істеп жүргенімде мені мәдениет министрінің орынбасары қызметіне Мұхтар Омарханұлы мен радио және телевидение комитетінің төрағасы Ханания Мұстафин екеуі ұсыныпты.

Кейбіреулер күтпеген тағайындау

– Жасым 90-ға қарады. Өткенді ойламай отыра алмайсың. Бірден айтайын, Димаш Ахметұлы маған өте жақсы көзқараста болды. Бір жарым жылдай мәдениет министрінің орынбасары қызметін атқардым. Ә.Қанапин мәдениет министрі еді. Ол қызметкер ретінде жаман болмаған шығар, бірақ Целинный край ұйымдастырылған соң Ә.Қанапин сол өңірге идеология жөніндегі хатшы етіп ұсынылады. Оның барғысы келмейді де, министр қызметінен босатылады. Сол кезде Мұхтар Омарханұлы маған «Қанапин ауруханадан шықса, жұмысынан кетеді. Сосын сен министр боласың» деді. Бұл сырды ешкімге айтпай, үндемей жүрдім. Кейбіреулер үшін менің министр болуым күтпеген жағдай болды. «Ешкім білмейтін әйелді қайдан министр етіп тағайындады?» деген күбір-сыбыр әңгіме маған да жетіп жататын.

Киностудияда жұмыс істеп жүріп, сценарий жазғанда «Известия» газетіне «Два арбуза в одной руке» деген фельетон шықты. Фельетон негізі Алматы киностудиясындағы келеңсіздіктер туралы, ал мені өзі редактор ретінде бекітіп, өзі жазады дегендей аты-жөнімді айтып жазыпты. Бұл мақала мен министрдің орынбасары ретінде тағайындалған кезде жарық көрді. Мәскеуге келгенде КСРО мәдениет министрі Е.Фурцева да «Бұл не жағдай?» деп сұрады. Мен қолымды бір сілтедім де жүре бердім. Фурцева «Мұны бұлай қалдыруға болмайды?» деп, газеттің бас редакторына қоңырау шалып, ол «Келсін, сөйлесейік» деді. Оған барып «Білесіз бе, бұл дұрыс емес, мен өз сценарийімді өзім бекіткен жоқпын. Жасырын дауыспен әділқазылар алқасының бекіткен сценарийі. Екатерина Алексеевна «Газет түзету берсін» деп отыр, бірақ сіздер сияқты саликалы басылымға түзету берген ыңғайсыз болар?» дедім. Бас редактор үндемей, жымыып күліп қалған, бірер күннен соң тұтас материалға емес, дәл маған қатысты айтылған тұсына түзету берілді. Екатерина Алексеевна кейін министр болғанымда «Жұмыс қалай жүріп жатыр? Ауыр шығар?» деп сұрады. «Жұмыс жасалып жатыр» деп жауап бердім. Сонда Е.Фурцева

«Егер еркектер қателессе, кешіріммен қарайды. Ал әйелдер қателессе «Әне, әйелдің аты – әйел ғой» деп шыға келеді. Сондықтан қателікке бой алдырма!» деген еді. 1961-1967 жылдар аралығында алты жарым жыл мәдениет министрі болдым. Шенеуніктердің арасында өнертанушы, өнертанушылардың арасында шенеунік болып қабылдандым. Үлкен шенеунік болсам да өзімді өнертанушы ретінде санадым. Одан кейін Министрлер кеңесінде мәдениет бөлімінің бастығы қызметін атқардым. Бұл қамтитын саласы өте көп үлкен бөлім болатын. Жазушылар одағы, Суретшілер одағы, Композиторлар одағы сияқты бүкіл шығармашылық үйлері, кино, театр, мәдениет үйлері, дін, баспа, тағы басқа да көптеген сала осы бөлімге қарайтын. Сондықтан мен министрліктен кеткеніммен қызметім төмендеді, өзіме жүктелген міндет, жұмыс азайды дей алмаймын. Кейіннен Мемлекеттік кино комитетінің төрайымы болып, сол жерден 1981 жылы зейнеткерлікке шықтым.

Кеңес Одағы кезінде ауыл, малшылар мен диқандар ерекше назарда болды. Димаш Ахметұлы халықтың жағдайын үнемі бақылауда ұстады. Тұрғын үй, білім, денсаулық, өнер саласын бір сәт ескерусіз қалдырмады. Әсіресе, студенттердің қамын көп ойлады. Мәскеуде, Ленинградта оқитын қазақ жастарына қолдау көрсететін жағдай туғызды. Өнер иелерін тіпті еркелетіп ұстап, жағдайын жасады. Ол үнемі «Біз келеміз, кетеміз. Халықтың өнері, мәдениет қайраткерлерінің аты өшпейді, өлмейді. Өйткені өнер – халықтың қазынасы» деп отыратын. Мәдениет министрлігінің бюджетін Мәскеу бекітетін. Артық ақша берілмейді. Димаш Ахметұлының бұйрығымен республиканың жалпы бюджетінен Мәдениет министрлігіне арнайы қор бөлгізді. Мәдениет қайраткерлеріне көмек ретінде осы қордан ай сайын дербес жалақы беріліп тұрды. Мұны кейбіреулердің Мәскеуге жеткізуі де мүмкін еді, бірақ Димаш «Қорықпа! Оған өзім жауап беремін» деді.

Димаш ағай шенеуніктерді қатты ұстады, жұмыс істеуді талап етті. Ол кездері адамдардың жұмысқа берілгені сонша, ешкім баюды ойлаған жоқ. Жиырма үш жыл бойы Үкіметтің барлық жиындарына қатысып, бюро мен хатшылардың хаттамасын оқыдым. Бірнеше рет Орталық комитеттің мүшесі, Жоғары Кеңестің депутаты болдым. Міне, сол кездері жоғарыдағы жайттарға көзім әбден жетті.

Бала жақындарының мейірімін сезініп өсуі тиіс!

– Әйел адамның отбасында қолдау болмаса, үлкен қызметті абыроймен атқаруы қиын. Бұл жағынан өзімді жолы болған адаммын дей аламын. Зия екеуіміз бір ұл, бір қыз өсірдік. Үлкен сыйластықта, түсіністікпен өмір сүрдік. Ол осыдан он екі жыл бұрын дүниеден өтті. Әйел адам қанша жоғары лауазымды қызмет атқарса да өзінің отбасында әйел-ана екенін естен шығармауы тиіс. Екі баламыздан бес немере, бес шөбере сүйіп отырмын. Шөберелерімнің алды Лондоннан университет бітіріп келді. Кішкентайы үш айлық. Өздері сондай тәтті. Әже ретінде немерелерімді өсіруге көп көмегімді тигіздім. Олардың ата-аналары жұмыста болды, ал мен немерелерімнің жанында басқа бала күтушінің болғанын қаламадым. Бала өз ата-анасының, жақындарының мейірімін сезініп өсуі тиіс! Қанша жұмысың қауырт болса да үйге келгенде басқа шаруаның бәрін жиып қойып, алдымен балаңды бауырына алып, құшағыңа қыс, олардың да, өзіңнің де мауқыңды бас! Олар сенің көкірегіңнің ыстығын, жүрегіңнің дүрсілін естіп өссін! Ондай бала ешқашан жаманшылыққа бармайды, мейірімді, қайырымды болады! Міне, тәрбиенің басы осында жатыр!

Қызмет пен отбасын қатар алып, екеуін тең ұстау оңай шаруа емес. Ләйла Ғалиқызы мәдениет саласында қызмет жасаған жылдары нағыз гүлдену, өркендеу кезеңі болғанын көзі қарақты әрбір жан анық аңғарады. Сонымен қатар білімді де білікті ұл-қыз тәрбиелеген ардақты әже бүгін ұрпағымен мақтанады. Байсалды да парасатты қазақ әйелінің қарым-қабілетінің қаншалықты екенін бір өзі дәлелдеп тұрғандай. Біз ойы ұшқыр, қимылы ширақ Ләйла апаға «Тоқсан деген иек астында, аман-есен жүзге келіңіз!» деп үлкен тілектестікпен қош айтыстық...

16 шілде, 2013 жыл



Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВА,
КСРО және Қазақстанның халық артисі:

АДАМ ӨЗІНІҢ БАҒЫ ЖАНҒАН СӘТІН СЕЗБЕЙ ДЕ ҚАЛАДЫ ЕКЕН

Қазақта атақ-даңқы бір басына жетерлік, халқының құрмет-қошеметіне бөленген жанның бірі – Бибігүл Төлегенова. Бибігүл апамыздың сыңғырлаған бұлбұл үнін радиоқабылдағыштың өзінен жазбай таңуға болады. Сексеннің төртеуіне келсе де жанды дауыста ән салып, сахнаның сәнін келтіріп жүр. Біз апамызбен өткен өмір жолдары жайлы сыр шертісіп қайтқан едік.

Әке-шешемді табыстырған ән екен

– Семей қаласында 1929 жылдың 16 желтоқсанында туыппын. Алғашында ауыл тірлігінен көп хабарым болған жоқ, – деп бастады Бибігүл апа әңгімесін. – Шын мәнінде, біздің тегіміз Төлегенова емес; Байқонысова болуы керек. Әкем Мұхамедахмет жастайынан жетім қалып, інісі Мұхамедкәрім екеуі ашаршылық жылдары пана іздеп, Семейдегі туыстарына келгенде «Айналайын, өзіміз де аштан қырылып жатырмыз. Нағашыларыңа барындар» деп жеңгесі қайтарып жібереді. Әкем сегіз-тоғыз, ал інісі бес-алты жаста болуы керек. Атамыз ертерек дүниеден озған, әжеміз ашаршылық жылдары қиындықты көріп жүріп қайтыс болған. Содан Мусин диірменінде істейтін нағашысы Нәбиді іздеп барады. Ол жиендерімен жылап көріседі. Әйелі башқұрт

халқының қызы екен, ол да жылы қабылдайды. Балалар байлардың шайын қайнатып, қорасын сыпырып жүреді. Сәл өскен соң нағашысы өзінің қасына көмекші-жүкші етіп алады. Қолында ешқандай құжаты жоқ әкемді жұмысқа қабылдағанда нағашысы «Төлегенов» деп жаза салыңыз» деп өзінің тегін айтады да, сол бойынша жазылып кетеді.

Ахмет әкей жаратылысынан талапты адам болса керек. Өрт сөндіруші, бірте-бірте жұмысы көтеріліп, өрт сөндірушілердің бастығы болады. Жетім қалып, қиыншылықты көре жүріп жетілген. Байдың батырағы болып жүргенде қожайыны ризашылығын білдіріп, оған скрипка сыйлайды. Ол өз бетінше скрипкада ойнауды үйреніп алады. Қазақтың домбырасын тартып, гармонь, балалайка, мандолин, гитарада да жақсы ойнаған. Ал анасы Майнұр Мырзажан деген татар молданың қызы болған. Әліпбиді, төте жазуды тануының сыры сол. Анасының дауысы керемет болатын. Қазақ, татар әндерін тамылжытып айтатын.

– Негізі, әкем мен анамды табыстырған ән екен. Әкем бірде Семейдің көшесін бойлап келе жатса, ауладан ән естіледі. Жас қыздың тамылжыта шырқаған әнін тыңдап біраз тұрады. Ақыры есікті ашып, аулаға кіріп, қызбен танысады. Әніне ғашық болудан басталған таныстықтың соңы он бес жасар анамды әкемнің алып қашуымен тынады. «Кәмелетке толмаған қызды алып қашты» деп нағашы әжеміз әкемді сотқа беріп, анам «Өз қалауыммен келдім» дегенінің арқасында ғана аман қалыпты. Бірақ әкем мен әжем кейін өте жақсы сыйластықта болыпты, – дейді Бибігүл апа.

Балалықпен ерте қоштасу

– Әкем ауылдық кеңестің бастығы болады. 1935 жылы Алматыда Марксизм-ленинизм университетінде оқыған соң Қатонқарағайға аупарткомның екінші хатшысы етіп жібереді. Анамыз бізді алып, ауданға әкемізден бұрын барды. Сол кездер бес-алты жастағы менің әлі есімде. Кемемен барғанымыз, буфетінен етегіме кәмпит толтырып алып келетінім. Ішінің бәрі кілем. Қазір ойлап қарасам, люкс-каюта болған-ау, шамасы. Катонқарағайда ауданның бірінші хатшысының үйіне түсіп, әкеміз келгенше бір аптадай сонда тұрдық. Ескі үйдің екінші қабатынан бізге де екі-үш бөлмелі пәтер тиді. Әкеміз 1937 жылға дейін аса белсенді жұмыс жасады. Жергілікті тұрғындар оның есімін осы күндері де құрметпен еске алады. 1937 жылы ол қуғын-сүргінге ұшырап, 1938 жылдың 11 наурызында атылып кетті, – деп аз-кем үнсіз қалған Бибігүл апа әңгімесін одан әрі сабақтады. – Анам Майнұр

жиырма бес жасында алты бала қолында, жетіншісі құрсағында жесір қалды. Әкемді ұстап алып кеткен күні біздің балалық шағымыз бітті. Тайраңдап ойнап, асыр салып жүретін кез келмесе кетті. Үй-жайымыздың бәрін тінтіп, жарарын алып кетіп, қалғанын қиратып, әбден бүлдірген. Анам өзі тұрмысқа шыққанда әжеміздің жасауымен қосып берген «Зингер» тігін машинасын қайда жүрсе де тастамайтын. Қолымызда сол машинадан басқа дүние жоқ. Осы машинаға қатысты тағы бір жайт есіме түсіп отыр. Үлкен апайым Бибінұр әжеміздің қолында өсті. Анамыз қалған шиедей төрт қызды алып, тақтай тиелген жүк машинасымен Семейге жол тартты. Большенарымнан «Семга» деген кемеге отырдық. Кемеге міне бергенде әлгі «Зингер» машинасы суға түсіп кетіп, бір жігіттер өзенге сүңгіп түсіп, оны алып бергені де есімде.

Қазақта «Құдай бір айналдырғанды шыр айналдырады» деген сөз бар. Семейге итшілеп әрең жеткенімізде, әкемнің жалғыз інісі Мұхамедкәрім қайтыс болып, соны жерлеп жатқанының үстінен түстік. Қайғы бірінен соң бірі қатар келді. Барактың бір бөлмесінде тұрамыз. Әкемнің інісі менің маманың апасын алған. Олар әкем екеуі әрі туыс, әрі бажа болып келеді. Аға-апамыздың балалары болмаған. Біз солармен бірге тұрдық. Мұхамедкәрім ағам кәсіподақ ұйымының төрағасы болған. Оған жаңа салынып жатқан үйден пәтер берілетін болып, тізімде тұрған екен. 1939 жылы бізге сол пәтерді берді. Құрқылтайдың ұясындай екі бөлмелі шағын пәтерде үш отбасы – жеті ересек, тоғыз бала тұратынбыз.

Ағайынды жетеу едік, төртеу қалдық...

Қанша қиыншылық болса да, балалық шақтың кейбір жарқын сәттері Бибігүл апаның жадында. Әкесінің аркасына отырғызып алып, Ертістің арғы бетіне дейін құлаштап жүзетіні көз алдында. Мойнынан тастай қылып құшақтап жабысып алатын. Әкесі бір дамылдамай жүзіп, арғы жағалаудан бір-ақ шығатын... Өнерлі отбасында туған оның кішкентайынан ән айтпауы мүмкін емес. Анасы «Сен тілің дұрыс шықпай жатып ән айтатынсың» деп отыратын. Әкесі анасына «Майна! Менің осы қызым әнші болады. Әлі-ақ көресің!» дейді екен. Бірақ әкейге қызының әнші болғанын көру бақыты бұйырмапты. Анасы 2003 жылы 91 жасында дүниеден озды. Олардың қиыншылығы мен қызығын көріп, немере-шөбере сүйді.

Бұл отбасы қиындықтың тауқыметін көп тартты. Бірге туған жетеу еді, төртеуі ғана аман қалды. Нанның кезегінде тұрғанда «фашистское отродье» деп талай рет кезектен итеріп шығарып жібергендер болды.

– Анам әуелі біреудің үйін ақтап, есік-терезесін, кірін жуып беріп жүрді. Оған қолымыздан келгенше көмектесеміз. Біз пейіштен тамұққа бір-ақ түскендей күй кештік, – дейді Бибігүл Ахметқызы. – Анамның біраз уақыт құжаты болған жоқ. «Халық жауының» әйелі деп үнемі тексеру-тергеуде болды. Үйге жылап, көкала қойдай болып келеді. Шамасы, тергеп қинайды, сұрақтың астына алады. Бір күні Семейдің ет комбинатына мал сою цехына жұмысқа кірді. Цехтың іші су, суық. Анаммен бірге апасы мен сіңлілері де сонда жұмыс жасады. Олар бес апалы-сіңлілі болған. Бірақ жалғыз менің анамда ғана бала болды. Біріне-бірі көмектесіп жүріп күндерін көрді. Соғыс кезінде анам қатты сырқаттанып қалды да, менің жұмысқа кіруіме тура келді. Он үш жасымнан Семейдің ет комбинатында қара жұмыс істедім. Кешкі мектепте оқуымды жалғастырып, 7-сыныпты бітіріп шықтым. Жұмыстан келесің, шаршап отырғаныңды мұғалімдер де біледі, аяйды, бірдеңе сұраған болады. Осылай оқыдық. Одан кейін кинобудкаға апарып, киномеханиктің көмекшісі етті.

Жолын ашқан жазушы

Ет комбинатының консервілеу цехында жұмыс жасап жүргенде, көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, сол жерде оның әншілік жолы басталды. Жалпы, бұл отбасындағылардың бәрінің дауысы жақсы болған. Үйде жұмыс жасаса да әндетіп жүреді. Көршілері аналарына «Майнұр, сен мына қыздарыңды оқытуың керек. Әсіресе, мына қара қызыңның дауысы керім жақсы екен» дейтін. Анасы әншінің оқуы басын қайдан білсін, «Әншілікті де оқу керек пе? Ол мамандық па екен? Одан да жұмыс істей берсін» дейтін. 1948 жылы көркемөнерпаздар үйірмесіне қатысып, байқауда әділқазылар алқасының мүшесі болып отырған жазушы Галина Серебрякованың көзіне түсті. Сол бір сәтті Бибігүл апа тебіреніспен еске алды:

– Адам өзінің бағы жанған сәтін сезбей де қалады екен. Галина Иосифовна маған:

– Айналайын, сенің дауысың жақсы екен. Италияның әйгілі әншісі Галли-Курчидің тембіріне ұқсайды. Сен консерваторияға түсіп оқуың керек, – деп қамқорлық танытса:

– Мен онсыз да консерві зауытында жұмыс істеймін, – деппін.

– Жоқ, консерві зауыты консерві жасайтын жер, ал консерватория әншілерді дайындайтын оқу орны. Сені біраз дайындап, Мәскеуге оқуға жібереміз, – деп маған түсіндірді. Галина Иосифовнаны тағдыр маған жолықтырды. Оның бірінші жолдасы Италия, Англияда елші

болған. Өзі вокалмен айналысқан. Кейіннен Максим Горькиймен танысады да, сол кісінің ақылымен Карл Маркс туралы тарихи кітап жазады. Вокалдан мол хабары бар одан екі-үш ай сабақ алып, тамыз айында Алматыға келдім. Оқуға талапкерлер өте көп. Бірінен соң бірі шығып ән айтып жатыр. Мен ән салғанда «Бұл қайдан шыққан?» деп бәрінің есі шығып кетті. Ол кезде тек орысша сөйлеймін. Қазақша әндерді айтқаным болмаса не айтып тұрғанымды өзім онша түсінбеймін. Оқуға қабылдаушылардың ішінде Ғазиза Жұбанова да болған екен. Кейіннен Ғазиза «Бибігүл, 1948 жылы оқуға келгеніңде, «Бұл – біздің болашақ жұлдызымыз» дегенім есінде ме?» дейді. Ол кезде жаспын, оның үстіне ондай ортада ән салып көрмегенмін, Ғазизаның сөзі есімде жоқ. Не керек, осылайша Алматы консерваториясының дайындық курсына оқуға қабылдандым.

Самышинаның сауапты ісі

– Сол жылдары шешемнің денсаулығы нашарлап кетті. Жұмыстан шығып қалды. Үш сіңілім қайтыс болды. Шындығына келгенде, анам қалаға барып оқуға түскенімді қаламады. Өйткені бас көтеріп жұмыс істеп, отбасын асырайтын адам болмады. Бибігүл апам техникумда оқитын. Дайындық курсында оқып жүргенде бір-екі айдан соң Семейдегі жігітім артымнан іздеп келіп, он тоғыз жасымда күйеуге шығып алдым. Пәтерде тұрамыз. Оның артынан шешесі келді. Осылайша біз отбасы болдық. 1950-1952 жылдары қыздарым Гүзел мен Мәриямгүл бірінен кейін бірі туылды. 1955 жылы консерваторияны бітіріп, театрға жұмысқа кірдім. Күйеуім ішкілікке жақын болды. Отбасының берекесі кетіп болған соң, біз айырылыстық. Сол кездер өмірімдегі өте бір қиын сәттер болды. Қыздарым жас, оларды қарау, тамағын тауып, бағу керек. Дауысыма күш түсе бастаған. Қанша дегенмен ананың аты ана ғой, қатты жүдеп-жадағанымды көріп анам аяды. Екі қызымды өзімен бірге Семейге алып кетті. Консерваторияда Қазақстанның халық артисі Надежда Самышина сабақ берді. Театрдан зейнеткерлікке шығып, консерваторияға сабақ беруге келген екен. Мен соның класында оқыдым. Аты-жөнімді оқығанда-ақ «Бұл қызды жақсы білемін» деп қуанып қалды. Дауысымды тыңдап көрген соң таңғалып:

– Ойбай, қызым, саған не болған? – деді.

– Екі жылдай болды дауысым жоғалып барады, – дедім. Надежда

Николаевна:

– Тұрмысқа шыққансың ба?

- Иә.
- Балаң бар ма?
- Алты айлық қызым бар.
- Сен үздіксіз ән айтып жүрсің бе?
- Иә.

Сөйтсем аяғым ауыр кезінде және жаңа босанғанда ән салуыма болмайды екен. Оны маған ешкім айтпаған, өзім де білмегенмін. Біз өзі ашқұрсақ болып жүрген адамбыз. Радиода жұмыс істеймін. Бізге вокалдан сабақ берген Каринскийдің оқыту тәсілі тіпті дұрыс емес екен. Сопраноның италян мектебіне келтіремін деп дауысымызды тежей берген. Ол сабақ берген алты шәкіртінің ішінде менің ғана дауысымды сақтап қалудың сәті түсті. Осы жерде консерватория директоры (ректор) Ахмет Жұбановтың жақсылығын айтпай кетуге болмас. Ахмет Қуанұлы күнде түсте мені сабақтан сұрап алып, асханаға жіберетін. Маған беретіні – бір үзім нан, қант қосылған бір кесе шай. Нанды шайыма батырып сулап, жеп аламын... Не керек, менің дауысымды қалпына келтірген – Надежда Самышина. Ол кісі екі жыл бойы мені ауру адамның режиміне салып, жақ аштырмады. Сол жылдары қатты қиналды, оның есесіне консерваторияны бітіре сала опера және балет театрына жұмысқа қабылдандым! Надежда Николаевна 99 жасқа дейін өмір сүрді. Өмірден озғанша ол кісіні «Моя вокальная мама» деп ардақтаумен болдым, – деп өткенге бір шегініс жасады Бибігүл апа.

Анамыз өткір кісі болатын

– 1956 жылға дейін опера және балет театрында жұмыс істедім. Қара жұмысшының арасынан шыққаннан кейін алғашында тілім тіктеу болды да, бір-екі жерде қаттырақ кетіп, мені театрдан филармонияға жіберді. Құрманғазы оркестрімен гастрольге бардым. Уақытша кетіп бара жатырмын десем, мені біржолата ауыстырып жіберген екен, – дейді Бибігүл Ахметқызы. – 1958 жылы Мәскеуге Қазақстанның онкүндігіне барып, көзге түсіп, содан кейін ғана менің жолым ашылды. Қазақстанның халық артисі атағы, «Еңбек Қызыл ту» ордені берілді. Еншімізге жақсы пәтер тиді. Әкемнің «Халық жауы» атануы өміріме кері әсерін тигізбей қойған жоқ. 1958 жылы оған жағылған қара күйеден арылып, ақталғаны жайлы құжатты қолымызға алдық. Бұл сөзбен айтып жеткізе алмайтын үлкен қуанышты сәт еді. Біз үшін әділеттің ақ таңы атқан шақ – осы.

1955-1959 жылдар аралығында екі қызым Семейде анаммен бірге болды. Бұл – нағыз ядролық сынақ жүріп жатқан уақыт. Сол кездерді

еске алған қыздарым «Бірден қатты, көзге түртсе көргісіз боран болып, дауыл тұрады. Біз соның арасында ойнап жүретінбіз. Ыстық бу сезіледі. Жапырақтар сарғайып, жерге түседі. Біз жапырақтарды жинап, жерге жата қалып, өзімізді-өзіміз көміп ойнаймыз» дейтін. «Ой, балапандарым-ай, қалай ғана тірі қалғансындар» деймін. Кім біледі, Мәриямгүлім содан да ауру тапқан шығар?.. Өмірден ерте озды...

Айтқандай, радиодан ән сала бастағанда «Бибігүл Төлегенова ән шырқайды» деп хабарлайды. Орыстар мені Галя дейтін. Көршілеріміз анама «Майнұр, Бибігүл Төлегенова дейтін сенің Галяң емес пе?» деп сұрайды екен. Соны естіп, әу баста менің әнші болғанымға қарсы болған шешемнің беті бері қарады. Оған Алматыдан алма, кәмпит жіберетінмін. Өзі жемей, «Қызымнан келген сәлемдеме» деп бүкіл көршілерге таратады екен. Анам қыздарымды алып кетіп, тәрбиеледі. Үнемі немерелерінің кішкентай кездегі қызықтарын айтып отыратын. Бірде Гүзел бірінші сыныпты үздік бітірсе де мақтау қағазын бермей қояды. Немересінің үйге жылап келгенін көріп анамыз мектепке барып, шу шығарады. Мақтау қағазын жазып, қолына ұстатса, анамыз «Жок, бүкіл мұғалімдер мен оқушыларды жинап тапсырасындар. Егер оның атасы «Халық жауы» болса, бұл қыз атасы үшін жауап бермейді» дейді.

1961 жылы мені әнсапарға жіберді. Үш ай бойы бүкіл Кеңес Одағын аралап шықтым. Ол кездері анам бізбен бірге тұратын. Ол өткір кісі болатын. Анама мың да бір рақмет. Балаларды қарауға көп көмегін тигізді. Әкеміз ақталған соң, оның өзіне Алматыдан бір бөлмелі пәтер тиіп, немерелерінің қызығын көріп, бақытты өмір сүрді.

Екінші рет тұрмысқа шығып, ұлым Төлеген туылды. Өмірімде үш рет тұрмыс құрдым. Өкінішке қарай, үшеуі де баянсыз болды. Дегенмен халықтың ыстық ықыласы мені үнемі қанаттандырып, шабытымды оятты. Мен халықтың ішінен шықтым, осы күнге дейін халқымның бел ортасында жүргенді қалаймын. Өз балаларымды еркелететіндей мүмкіндік менде болған жоқ. Ал немеренің жөні бөлек екен. Төлегенімнің қызы Мәлика осы күнге дейін «Әжем кішкентайымда мені үнемі арқалап жүретін» деп отырады. Тіпті сол немерем бертінге дейін қойнымда жататын.

Қобызшы Фатима Балғаевамен жақсы сыйластықта болдық. Оған қандай сырынды айтсаң да сыртқа шашпайтын. Гүлфайруз Исмаиловамен әріптес ретінде сыйласып, сырластық, көрші тұрдық. Менің суреттерімді салды. Бір кесе шайды бірге ішіп, сырласатынбыз. Әнші Шабал Бейсекова да апа ретінде үнемі ақыл-кеңесін айтып отыратын.

Тәуелсіздіктің қадірін түсінуге тиіспіз

1970 жылы мәдениет министрі Ілияс Омаров Бибігүл Ахметқызына «Мәскеуге бар, саған сенеміз. Димаш Ахметұлы да қолдап отыр» дейді. Жалпы, Лениндік сыйлықтың іріктеу сындарының бәрінен ол жақсы өтті. Консерваторияның шағын залында концерт берді. Көпшіліктің құрмет-қошеметінен концерт жиналған жұртшылыққа да, комитет мүшелеріне де қатты ұнағаны анық сезілді. Шынында да, комиссия оған бес балдық жүйемен «5» қойыпты. Ресейлік Людмила Зыкинаның концертіне «3» қойылыпты. Бибігүл апа «Жарайды» деп, қалғанын бір Құдайға тапсырып, Алматыға келеді. Д.Қонаев қабылдады. Жүзі қашандағыдай жылы, бірақ сөзі салқын естілді. «Қызым, жақсы айтыпсың, естідім. Келесі Лениндік сыйлық сенікі болады» деді. Таңданып, аңырайып қарап қалса керек, «Сейчас ты ездила для протокола» дейді Дінмұхамед Ахметұлы орысшалап. Ол Димаш ағаның алдынан түкке түсінбей, дал болып шықты. Сөйтсе, Людмила Зыкина министр Екатерина Фурцеваның жақын құрбысының бірі екен. Сыйлыққа ұсыну қорытындысы шыққанда, оған анық көзі жетті. Екатерина Алексеевна комитет мүшелерінің бәрін жинап, «Төлегенованың тамаша әнші екендігіне ешкім дау айта алмайды. Ол бұл сыйлықты түбі алады. Ал Лениннің 100 жылдығында Лениндік сыйлықты орыс әншісі алуы керек» деп ашықтан-ашық тапсырыпты. Мұны көп жылдардан кейін Бибігүл апаға Шыңғыс Айтматов айтады. Ол кезде тәртіп солай, Ресей не десе, сол болады...

– Қазір менің тәуелсіз ел болғанымызға қуанатыным – мәселенің бәрін ешкімге қарамай-ақ өзіміз шешеміз, – дейді Бибігүл апа шынықпаласымен. – Кезінде Италияға оқуға сұранғанымда КСРО мәдениет министрі Е.Фурцева «Төлегенова онсыз да әнін айтып жүр емес пе? Солай айтып жүре берсін. Италияны қайтеді?» депті. Қазір біздің жастарымыз шетелдерге бірнеше реттен барып жатыр. Бар да оқы, үйрен де келіп халқыңа қызмет қыл.

Әкем ақталғанша мені «Халық жауының қызы» деп капиталистік республикаларға шығармайтын. Тек демократиялық республикалар болып саналатын Қытай, ГДР, Вьетнам, Моңғолия сияқты елдерге жіберетін. Менің көзімнің ашылғаны 1967 жылдары ғана. Ең бірінші Мұхамеджан Қаратаевпен делегацияның құрамында Египетке бардық. Содан кейін Монреалға барып, «ЭКСПО-67» Бүкіләлемдік көрмесіне қатыстық. Қазақ атамыз «Елу жылда – ел жаңа» деп бекерге айтпаған екен. 2017 жылы Астанада ЭКСПО өткелі жатыр. Арада тура елу жыл өтті. Елу жыл бұрын жер бетінде қазақ деген халық

барын біреу білсе, біреу білмейтін. Енді, міне, елімізде ЭКСПО-ның өтуі әлемнің бізді мойындағаны емес пе?..

Елдің еңсесін көтеретін ән керек

– Қазіргі әншілердің көбі жылаңқы әндерді орындайтын болды. Үстіндегі киімі, астындағы машинасы, басындағы үйіне қарап, жылап айтқан әніне сенгің келмейді. Бәрі жыланып ән айтқанды әдетке айналдырды. Қазір елдің рухын көтеретін әндер керек. Еңбек жасаған адам қай кезде де жаман болған емес. Дастарқанына қарасаң, толып тұр, бірақ «жоқ» деп жылап отыратынды шығарды. Адам баласы қанағатшыл болуы керек. Өмірдің өзі – күрес, жеңіл емес. Қазіргі кезде адамдар онсыз да қарбаласып, жанталасып тіршілік жасап жатқан жайы бар. Сол үшін әдемі ырғаққа негізделген, адамның көңіл күйін көтеретін әндерді көбірек шырқауымыз керек...

Жастарға айтарым – ақылға келу керек. Өздерін баламыз, жаспыз деп арқаны кеңге салуға болмайды. Бала – біздің болашағымыз. Сондықтан біз кішкентай баланың өзіне болашағымыз деп мән беріп қарауға тиіспіз. Жеті жасқа дейін ешқандай қиындық көрген жоқпын. Үйімізде күтуші де, аспаз да, кір жуушы да – бәрі болды. Ал әкеміз «Халық жауы» деп жала жабылып, ұсталып кеткен соң біреудің кірін жуып, біреудің пешін жағып, күлін шығардық, жер қазып, картоп салдық. «Басқа түссе, баспақшыл», бәрін жасауға тура келді. Бірақ біз еңбек еткеннен жаман болған жоқпыз. Балаларды жастайынан еңбекке баулуға тиіспіз. Тек оқу емес, өзін-өзі күтуді үйретіп, өмірге бейім етуіміз керек. Балаларды ақсаусақ етіп, бетіне қарап отыруға болмайды. Білгеннің, үйренгеннің артықтығы жоқ. Аллаға шүкір, 83-тен 84-ке аяқ бастым. Өзімді-өзім күте аламын. Қазірдің өзінде уақытым өте тығыз. Көмек, ақыл-кеңес сұрап келетіндер көп. Осы күнге дейін жастарға ән айтуды үйретіп келемін.

Бибігүл апаның қазір екі қыз, бір ұлынан үш немере, екі шөбересі бар. «Уақытымның тығыздау екенін айттым, ең болмағанда менің қолымнан шай ішіп кет» деп ас бөлмеге шақырды. Жүріс-тұрысынан соншалық бекзадалық, мәдениеттің иісі аңқып тұрса да, апамыз тумысынан бойына біткен қарапайымдылығынан айнымаған. Дастарқан басында да сыпайы ғана жөн сұрасты. «Немере-шөберелерім мені «Әже» дейді» деп, қуана оларды да әңгімеге қосып қойып жатты. Бибігүл апаға қарап отырып мейірімді қазақ әжелерінің сом бейнесін көргендей болдым...

23 шілде, 2013 жыл



Мұрат ҚАЛМАТАЕВ,
генерал-майор:

ТАҒДЫР – АДАМНЫҢ КӨЗГЕ КӨРІНБЕЙТІН ӨЗ ҚАСИЕТІ

Қалба тауы – Алатаудың сілемі. Алматыдан басталып, Қытайға дейін созылып жатқан тау. Жер жәннаты деуге болады. Семей облысы (қазіргі Шығыс Қазақстан облысы) Жарма ауданындағы Қалба тауының етегінде Былқылдақ деген ауыл бар, бұрын Мариновка деп аталған. Бұл генерал-майор Мұрат Қалматаевтың туған жері. Генерал 1936 жылдың 8 қыркүйегінде дүние есігін ашыпты.

Шипагердің баласы

– Менің дүниеге келуімнің өз тарихы бар, – деп бастады әңгімесін Мұрат аға. – Әкем Дүйсенбінің жетпіс төртке қараған қартайған шағында мен туыппын. Шешем Зағипа қырық тоғыз жаста болыпты. Алдымдағы әпкем Күлән менен жиырма екі жас үлкен.

Генералдың әкесі Дүйсенбі Қалба болысындағы беделді Қалматай деген кісінің баласы. Патша жарлығы бойынша осы болыстан бір баланы орыс-қырғыз мектебіне жіберу жайлы шешім қабылданады. Елдің көбі сауатсыз, байлардың өзі білек сыбанып баласын орыс оқуына жіберуге ықылас танытпайды. Шоқынып кетеді деп қорқады. Алайда патша жарлығы орындалуы тиіс. Тілеуберді болыс ауыл ақсақалдары

мен беткетұтарларының басын қосып, «Кімді оқуға жібереміз?» деген мәселені көлденең тартады. Сонда Қайрақбай бай «Жасы да, денсаулығы да жарайтын Қалматайдың Дүйсенбісі болар» деген ұсынысын білдіріп, өзгелер оны қолдай жөнеледі. Ел алдында беделді, өнердің алдын оқу деп білетін Қалматай ұлының орысша білім алғанына қарсы болмайды. Өскеменге өзі алып барып мектепке, тұрақ жай үшін бір байдың үйіне орналастырып қайтады. Білім қуған бозбала Дүйсенбі сол жерде өзінен біраз жас кіші Андрей деген орыс баласымен танысып, дос болады. Оның әкесі генерал Дудкин екен, шешесі ерте қайтыс болыпты. Генералдың үйінің кітапханасы бай. Білім қуған Дүйсенбі қызықтырған кітаптарын алып оқып, аз уақыттың ішінде орыс тілін еркін меңгеріп алады. Қалада бір жыл оқып, әжептәуір төселіп алған соң елге демалысқа келеді. Сол кезде ауыр дертке шалдыққан әкесі аяқ астынан дүниеден өтеді. «Анамды жалғыз қалай қалдырамын?» деп көңілі күпті болып жүргенде анасы «Әкең марқұм сенің оқу оқып, көзі ашық азамат болғаныңды көрсем» деп армандаушы еді, сен сабағыңды тастама» деп кеңес береді. Екі жылдық орыс-қазақ мектебін бітіргенде патша бұйрығымен генерал Дудкиннің қызметі Омбы қаласына ауысады. Андрей Дүйсенбіден бөлек кеткісі келмей, әкесіне оны өздерімен бірге ала кетуді айтады. Осылайша, білімін әрі қарай жалғастыруды мақсат тұтқан Дүйсенбіге генерал Дудкин Омбыда орыс мектебіне, кейіннен әскери фельдшерлер дайындайтын кадет корпусына оқуға түсуге көмектеседі.

– Әкем фельдшерлікті алты жыл оқып шығады. Ота жасауды да үйренеді, – дейді генерал. – Жазушы Әди Шәріпов біздің жерлесіміз, құдамыз. Әди аға пединститутта оқып жүргенінде біздің үйге қонаққа келеді. Жарманың жанында емдік қасиетін әкем ашқан, кейіннен Дүйсенбі көлі атанған көлдің маңында қоста демалып жатқан жерінде аяқ астынан соқырішегі ұстайды. Аудан орталығы – он сегіз шақырым. Оған жеткізетін машина қайда? Түн. Электр жарығы жоқ. Тәуекелге бел буған әкемнің сол жерде майшам жарығымен ота жасауына тура келеді. Сөйтіп болашақ жазушыны аман алып қалады. Әди марқұм осы оқиғаны көзіне жас алып жиі айтып отыратын. Әкем жұмыс жасаған жылдары алпыс мындай адамға шешекке қарсы егу жасапты. Ленинградтан бір қызды оған медбике етіп жібереді. Әкем дүниеден озған соң әлгі қыз амалсыз Ленинградқа қайтып кетіп, ол жақтағыларға әкем туралы айтады. Соғыс аяқталған соң әкемнің жазғандарын іздеп Ленинградтан ғалымдар келді. Көп құжаттар, дәрілердің рецептері болған. Жасыратыны жоқ, анамыз оқымаған, сауатсыз адам,

өкінішке қарай қиыншылық кезде отқа тамызық таппай сол қағаздарды жағып жібереді. Егер сол дәрілердің рецепті сақталып қалған болса, талайлардың дертіне дауа болар ма еді, кім білсін?!.

Біз – соғыстың балаларымыз

Олар соғыстың салған лаңымен Көкпектіге нағашы жұртты паналап қоныс аударады. Жолда қиналып әзер дегенде жеткенмен кімнің шекесі шылқып отырған кез дейсің? Әпкесі Бәтіш Балалар үйіне тігінші болып жұмысқа орналасады. Түнде күзетші. Жасыратыны жоқ, әпкесінің арқасында бұлар Балалар үйінің көмегін көп көрді. Көкпекті Балалар үйінің ауласындағы шағын үйде тұрды.

– Әрине, аш болайық деп отырғаным жоқ, бірақ қиыншылық пен аштық адамды тәрбиелейді. Бір үзім нанды бөліп жейтінбіз. Апам мен әпкем жоқтан бар жасап, мені өсірді. Апам өзінің сәнді тонын бір пұт бидайға беріп жібергенін білемін. Бір пұт дегеніміз 16 келі екен, сонда жарты қап бидайға біз үшін өзінің кимас әдемі тонын айырбастаған болып тұр ғой. Әкемнің етігін де бидайға айырбастап жіберді, – дейді ол. – Ойынымыз соғыс ойыны болатын. Балалар үйі, директор, қоймашы болып ойнайтынбыз. Әкем бірінші әйелі Айман қайтыс болған соң менің анама үйленген екен. Айман анамыздан Бәтіш, Бибісара деген қыздары болған. Шешем Зағипа әкемнен жиырма бес жастай кіші. Апам «Тәртіпті бол, жақсы оқы» дегенді жиі айтатын. Сол кісінің тәрбиесімен өстік. Апамнан қатты аяқ тартатынмын. Көкпектідегі М.Горький атындағы мектептің табалдырығын аттадым. Апам ата-аналар жиналысына кеткен күні «Мұғалімдер не айтты екен?» деп тағатсыздана күтетінмін. Кейде күліп, кейде қабағын түйіп келеді. Бір күні қармен ойнап жүріп байқамай мектептің терезесін сындырып алдым. Содан шешем ұрсады деп қорқып қашып кетіп, жарты күн ен далада жүргенім бар. Дегенмен сол тәртіптің арқасында жаман болғанымыз жоқ. Біз соғыс кезінің балаларымыз. Мұғалімдерге табынып өстік. Олар өз еңбегімен, мінезімен, қызметіне деген көзқарасымен бізді баурап алды. Мұғалімдерге құрметпен қарағанымыз соншалық, олар қалыпты адамдар емес сияқты, тіпті тамақ ішпейтіндей көрінетін. Кейіннен ҚазМУ-ге оқуға түсіп, каникул кезінде ауылға барғанымда бір мұғалімімді көргенде баскиімімді жұлып алып, құрмет көрсетсем керек. Сонда әлгі кісі «Мұрат, сен енді студентсің. Баскиіміңді шешпе, ұят болады» дегені бар. Бұл мұғалімдерден қорыққандық емес, сыйлағандық. Сол кездегі адамдардың аңғалдығы, тазалығы болар, бәлкім. Нұрғалы, Ғалия апайларымыздың образы бізді тәрбие-

леді. Олардың оқушыға деген ықыласы ерекше болды. Бір сабақты түсінбей қалсаң, сабақтан соң қалып, соны тәптіштеп түсіндіріп беретін. Шешемізбен сөйлесіп, қамқорлықпен қалімізді үнемі біліп отыратын.

Мұрат Дүйсенбіұлы сабақты жақсы оқып, 1954 жылы мектепті күміс медальмен бітіріп шығады. Әскери оқуға түсіп, ұшқыш болуды армандады. 6-сыныпта оқып жүргенінде қолын сындырып алған, сол себеп болды ма, дәл тамыздың 30-ы күні арнайы комиссия «Жарамайсың» деп, оқуға қабылдамай қояды. Шахман жездесінің кеңесімен ҚазМУ-дың тіл және әдебиет факультетінің журналистика бөліміне оқуға түсті. Мектептен үлгерімі жақсы оған студенттік кезде сабақ соншалықты қиын болған жоқ. Университет бітірген соң бірден аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы етіп тағайындады. Кейіннен аудандық газеттің редакторының орынбасары, «Жұлдыз-Звезда» газетінде хатшы, редактор болды. Ауданаралық газеттің хатшысы-редактордың орынбасары қызметін атқарды. Оның арасында Алматыдағы Жоғары партия мектебінде оқыды.

Үйленердің алдында үсіп қала жаздадық

– Өмірлік қосағым Мәриямен Көкпектіде бір мектепте оқыдық. Ол комсомол комитетінің хатшысы, мен оқушылар комитетінің хатшысы болдым. Ара-тұра киноға баратынбыз. Мектеп бітірген соң ол Семейдің медициналық институтында оқыды. Хат жазысып тұрамыз. 1958 жылы Мәрия институттың төртінші курсына оқып жүргенде үйлендік. Шығыс жақтың қысы қатты. Екеуіміз үйленуге сөз байласып, 30 желтоқсанда мен Алматыдан, ол Семейден шығып, Жалғызтөбе стансасында кездесетін болып келістік. Менің қасымда Қомшыбай деген жолдасым, оның жанында Күләш деген құрбысы бар. Жалғызтөбеде таныс адамдар кездесіп қалып, олар Мәрия мен Күләшті өздерін күтіп тұрған жеңіл көлікпен алып кетеді. Қомшыбай екеуіміз бізді күтіп алған немере ағам Қалиханнның жүк көлігіне отырдық. Біздің ауылға барар жолдағы Қалба тауындағы Байбура асуына жете бергенде жел тұрып, боран соға бастады. Айнала ақ түтек боран. Адым жер көрінбейді, ештеңені айыру мүмкін емес. Не керек, асудан өте алмай, жолда қалдық. Суық, дірдек қағып барамыз. Таңды көзбен атырдық. Таңертеңгі жетілер шамасында боран басылып, сыртқа шығып қарасақ, көптеген машина бірінің артынан бірі кептеліп тұрып қалыпты. Мәриялар мінген көлік ізім-ғайым жоқ. Бір кезде үйінді қарды көріп, жақындап қарасақ, машина! Үшеулеп жүріп жеңіл машинаны қардан

эзер ашып алдық. «Ішіндегілер аман ба екен?» деген суық ой санамызды мазалап барады. Абырой болғанда, көліктегілер аман екен, бірақ әбден тоңған. Сол сапарда екі құлағымды бірдей үсітіп алғаным бар. «Басы қатты болса, аяғы тәтті болады» демекші, біздің отбасылық өміріміздің алғашқы парағы осылай басталды. Тұңғышымыз Айгүл дүниеге келді. Мәрияға институттың күндізгі бөлімінде оқу қиын болды да, пединституттың биология факультетіне ауысты. Екі ұл, үш қыздың ата-анасы атандық. Қазір балаларымыздың бәрі де өз алдына шаңырақ көтерген, – дейді Мұрат аға отбасылық өмірі жайлы.

Журналист қалай милицияға айналды?

Мұрат Дүйсенбіұлының өзгелерден бір ерекшелігі – бірнеше мамандықты қатар меңгергендігі. ҚазМУ-да студент болған кездің өзінде жүргізуші куәлігін алып, таксист болып біраз қосымша табыс тапқаны бар. Кейіннен жұмыс істеп жүргенде заңгерлік мамандықты сырттай оқып алған. Ауыл шаруашылығы саласын тереңірек білу мақсатымен сырттай оқып, зоотехник мамандығының қыр-сырына қаныққан. Ол 1983 жылы КОКП Орталық комитетінің жолдамасымен Германия Демократиялық Республикасына дәріс оқуға барады. Шетелде он бес күндей болып, содан қайтып келе жатып, Мәскеуге соғады. Сол жерде өзінің Қазақ КСР Ішкі істер министрлігінің саяси басқармасының бастығы әрі министрдің орынбасары қызметіне ұсынылғанынан хабардар болды.

КОКП Орталық комитетіне барады. Бұл КОКП Орталық комитетіне Юрий Андроповтың бірінші хатшы болған кезі. Бірінші хатшы «Күш құрылымдарында тәртіп нашарлап кетті. Саяси бөлім ашу керек. Саяси бөлімге партияның қызметінен тәжірибеден өткен заңгерлер болса, дұрыс болар еді» дейді. Мүкең ол кезде Орал облыстық партия комиетінде идеология жөніндегі екінші хатшы болып істейтін. Бірінші хатшы – Мустахим Ықсанов. Мәскеуден Мустахим Біләлұлына телефон шалды. Ол өзінің Димаш Ахметұлымен бұл жайында сөйлескенін айтты. Бұл қызметке идеологтар керек болды. Мұрат ағаның журналистиканы және Жоғары партия мектебін бітіруі, заңгерлікті оқып жүргені сәйкес келіп тұр. Мустахим Біләлұлы Димаш Ахметұлынан «Егер Мұрат бұл қызметке барса, генерал атағын ала ма?» деп сұрапты және оған «Отбасыңмен ақылдас. Өзің шеш. Мен қарсы емеспін» дейді. Әскери шені подполковник болатын. Бірден полковник шенін берді. Көптеген игі істердің арқасында Ішкі істер министр-

лігі Одақ бойынша алдыңғы қатарға шықты. Еңбегі бағаланып, 1986 жылы қараша айында генерал-майор шені берілді. Ол кездері мұндай атақ беруді тек қана Мәскеу шешетін.

Мені тәрбиелеген орта

– Ауданда он-он бес жыл жұмыс істедім, – деп жалғады әңгімесін Мұрат аға. – Редактор, бюро мүшесі, ауаткомдағы қызмет... Ауданның бірінші хатшылары жақсы адамдар болды. Ешқайсысымен ағайындық, туыстық қатысым болған жоқ, тек қызмет бабымен араластық. Ауданда жұмыс істеп жүргенде Мағауия Унисьянов, Тұрсынбек Серкешовтер ағалық ақылын айтып отырды. Жастайымнан бокспен айналысқанмын, жастықпен төбелес те болды дегендей. Жалпы, мені тәрбиелеген орта. Мектептен бастап аудандық партия комитеті тәрбие орны болатын. Кейін обкомда істеп жүргенде Темірбек Нәбин Орталық комитеттің Семей облысы бойынша инспекторы болды. Ол кісімен тіпті дәмдес те болған жоқпыз. Семейде бөлім бастығының орынбасары кезімде жұмыс бабымен келгенде күтіп алып, шығарып салып жүретінбіз. Т.Нәбин Орталық комитеттің бөлім бастығы Оразай Батырбекұлына «Семейде Қалматаев деген жігіт бар. Соны жұмысқа тартсақ қайтеді?» деп ұсыныс жасапты. Бұл кезде мені Мақаншы ауданына аудандық атқару комитетінің төрағасы етіп жіберген еді.

Жүректерге мұз боп қатқан Желтоқсан

– 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы өмірімде өшпестей із қалдырды. Маған бәрінен батқаны – Желтоқсан оқиғасында номенклатуралық қызметкерлердің ішінде моральдық жағынан «таяқ жегеннің» бірі болдым. 16 желтоқсанда Оңтүстік Қазақстан облысында іссапармен жүргенмін. «Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің пленумы болады. Соған тезірек жетсін» деген бұйрық түсті. Орталық комитеттің ревизиялық комиссиясының мүшесі едім. Сол күні ұшаққа отырып Алматыға жеттім. Мәскеуден келген КОКП Орталық комитетінің хатшысы Разумовскийдің қабағы қатыңқы. Пленум ұзаққа созылған жоқ. Дінмұхамед Қонаевты Қазақстан Орталық комитетінің бірінші хатшылығынан алып тастады. Қырық жыл ел басқарған ардақты адамның еңбегі ескерілген жоқ, ешқандай құрмет көрсетілмеді. Оның орнына бұл республикаға ешқандай қатысы жоқ, Ресейдің Ульянов облысының бірінші хатшысы болған Г.Колбинді бір ауыздан сайлады. Бәріміз үн-түнсіз тарастық. Түнімен ұйықтай алмадым. Келесі күні

сағат он шамасында ішкі істер министрі Князов телефон шалып «Қалматаев жолдас! Жаңа алаңға жастар жиналып жатқан көрінеді. Соның мән-жайын біліп қайтыңыз» деді.

Алаңға жиналған жастардың қарасы 300-дей. Республика басшыларының біразы сонда жүр. Әрқайсысы сөз сөйлеп, жастарды тарқатуға әрекеттеніп-ақ жатыр. Бірақ оларды тыңдап жатқан ешкім жоқ, қайта уақыт озған сайын алаң жастардың жаңа легімен толыға түсті. Милиция бөлімшелерін топтастырып, қатарластыра автомашиналар қойғанмен, олары бөгет бола алмады. Кешке қарай Ресейдің Ульянов, Свердловск және басқа да қалаларынан келген әскерлер қаптап кетті. Қыстың көзі қырауда алаңдағы адамдарға су шашылып, күш көрсетіле бастады. Мұздай қаруланған әскерлер ұл-қыз демей аяқ-қолынан қойша сүйретіп, ақ қар, көк мұздың үстіне етпеттерінен жатқызып тастады. Кеуделері тоңып бастарын сәл көтерсе қолдарындағы шоқпарларымен аямай соғады. Біз өмірі мұндай демонстрацияны көрмегенбіз. Жастарға барынша «Қайтындар үйлеріңе» деп басу айтып жүрмін. Ашынған жастар «Сатылған генерал, шеш үстіндегі шекпеніңді!» дейді. Мұндай көріністі көріп жүрегің қан жыламауы мүмкін емес! «Біздің мұнымыз заңсыздық! Бұл бейбастақтықты тоқтату керек!» деп сондағы жүргендердің біразына айтып едім, тыңдаған ешкім болмады. Қарасам Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің екінші хатшысы Мирошкин келе жатыр екен.

– Олег Семенович, бұл қалай болғаны? Мынанын бәрі заңсыздық қой, – деп едім:

– Нені айтасың? – деді ол бетіме бажырая қарап.

– Мынадай ақ қар, көк мұзда жастарды етпетінен жатқызып қойған қалай болар екен?

– Немене, бұзақыларды қорғап тұрсың ба? Жаның ашыса үйіңнен көрпе-жастық әкеліп астыларына төсеп қой! – деп қысқа қайырып, жүріп кетті. Республиканың екінші хатшысының аузынан мынадай сөз шығады деп еш күтпеген едім.

18 желтоқсан күні «400-дей милиционер жараланып, госпитальге түсті» деген хабар келді. Госпитальге барсам, бірі басын, бірі қолын таңып алып төсекте жатыр. Кадр бөлімі бастығының орынбасары Иванов «Басымнан жараландым, миым шайқалды» дейді. «Қане, ашып көрсетші» десем, тіпті бір сызат та байқалмайды. Қолым сынды деп жатқан офицерге әдейі «Мына қаламсапты ұстай тұршы» деп едім, шап беріп ұстай алды. «Сенің қолың сынбаған, саусақтарың қимылдап тұр» дедім. Ол күмілжіп жерге қарады. Бәрін өтірік жаралы

етіп жатқызып тастаған. Госпитальдің бас дәрігерін шақырып алып, бәрінің рентген түсірілімін сұрадым. «Жараланғандарды» шетінен сапқа тұрғыза бастағанда сытылып шығып, қақ жартысы қашып кетті. Бас дәрігер министрдің бұйрығы осындай болғанын айтады. Осы оқиғаны біреуі Мәскеуден келген ішкі істер министрінің орынбасары, генерал-полковник Елисовқа жеткізіп үлгеріпті. Кезекті басқосуда Елисов маған:

– Сіз неге госпитальге барасыз? – деп қарадай тиіссін. Осы оқиғадан кейін ұлтшыл деген «айып» тағылып, генералдық атағымды алу туралы шешім шығарады. Кеңес Одағының генералы болған соң біздің атағымызды алып тастау үшін ісімізді Жоғары Кеңестің комиссиясы қарайды екен. Латыштар мен өзбектер «Қалматаевтың генерал атағын алып тастайтындай ол Кеңес Одағына қарсы не істеді?» деп қарсы шығыпты. Іс насырға шауып бара жатқаннан кейін генералдық шенді алып тастай алмады.

Кескілескен қан майдан

Екі күнге созылған Желтоқсан оқиғасынан кейін М.Қалматаевқа қырын қарайтындардың қатары көбейді. Министр Князов пен Қазақстан Компартиясы Орталық комитетіндегілер тіпті қабылдауды қойып, оның бары-жоғын елемеген болып жүретінді шығарды. Бір күні Одақтың Ішкі істер министрлігінің саяси басқармасының бастығы генерал-лейтенант Гладышев Мәскеуден телефон шалып қызметтен өз еркімен кетуін талап етті. Олар ақыры генерал шеніндегі елу жасар Мұрат Дүйсенбіұлынан құтылудың амалы – Ауғанстанға соғысқа жіберу деп шешім қабылдайды.

– Соғыстың аты – соғыс. Бүгін бар адам ертең жоқ. Бір сәт тыным таппайсың, – дейді Мұрат аға қан майданды еске алып. – Кабулдың өзінде күн сайын елуден астам снаряд түседі. Кейде тікұшақпен, кейде ок өтпейтін машинамен сапарға шығамыз. Қоршауға түсіп қалған тау батальондарына шұғыл көмек көрсетеміз. Бірде сондай батальонды құтқарып, тұрағымызға келе жатқанбыз. Кенет «БТР» минаға түсіп, бір жағына қарай аударылды да қалды. Машинаның люгі ашылмайды, сыртқа шыға алмаймыз. Тырп ете алмай қалдық. Жүргізушінің үстіне кислота төгіліп, ол айғайлап жатыр. Абырой болғанда, рация істен шықпаған екен. Орталыққа хабарлап, көмекке екі тікұшақ келіп төрт сағатта эзер дегенде машинаны қалпына келтірді. Орнымнан тұра алмай мен жатырмын. Сол аяғым мен сол қолым жұмыс істемей қалған. Госпитальде екі аптадай жатып, дәрігерлер мүгедектік

зейнетке шығарып, елге қайтармақ болып еді, «Онда барғанда мені күтіп отырған кім бар? Қайта өзіме күдікпен қарап пәле болар» деп көнбей қойдым. Ауған жерінде бір жылдай қызмет еттім. 1988 жылдың аяғында Ауғанстандағы кеңес әскерлерін кері қайтаруға Жарлық шықты.

Ел сенімінен артық абырой жоқ

Ауған елінен келгеннен кейін ол біраз демалады. Жұмысқа шақырып, қызмет ұсынып жатқан ешкім жоқ. Тіпті мына дүниеде генерал Қалматаевтың бар екенін тарс естерінен шығарғандай. Ақыры болмаған соң Қазақстан компартиясы Орталық комитетінің екінші хатшысы Марат Мендібаевтың қабылдауына жазылып, жұмыс беруін сұрайды. Сұлық амандасып, суық қабылдаған ол мандытып ештеңе айтпайды. Сосын қайта-қайта жазылып жүріп Қазақстан Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г.Колбиннің қабылдауында болады. Колбин «Ішкі істер министрлігіне барсаң жұмыс тауып береді» деп шығарып салады. Ал ішкі істер министрі Князов «Жұмыс жоқ» деп ашық айтады. Әрине өмір бойы жұмыс істеп қалған адамның үйде отырып қалуынан қиын нәрсе жоқ. Үш айдай бос жатып қалды. Жоғарыдағылар көп ойланған болуы керек, ақырында Семей облыстық ішкі істер басқармасының бастығы етіп тағайындады. Бұл Семейде қылмыс атаулы өршіп тұрған кез екен. Күні-түні тынымсыз еңбектенуге тура келді. Қаншама қылмыстың беті ашылып, қала біраз тынышталып қалды. Нәтижесі жаман болған жоқ. 1990 жылы Қазақстанның халық депутаттығына тұрғындар өз қалаулыларын ұсына бастады. Семейліктер Мұрат Дүйсенбіұлының есімін он үш үміткердің қатарына қосып, басым дауыспен депутат етіп сайлады. Генерал сол кезде ел сенімін ақтаудан артық абырой жоқ екенін шын жан-тәнімен түсінгенін айтады.

Тағдыр үшін күресу керек

– Мен тағдыр дегенге онша бағынбайтын адаммын. Біреулерге «Көрінбей кеттің, қайда жүрсің? Жап-жақсы жұмыс істеп жүрген азамат едің ғой» десен, «Тағдыр солай болды, кеттік» дейді. Тағдыр деген адамның көзге көрінбейтін өз қасиеті. Шама келгенше тағдыр үшін күресу керек. Әкем Дүйсенбі талаптанып орыс жеріне барып оқымаса, сондай дәрежеге жетер ме еді? Адам талпынып, талаптанып, алға қарай ұмтылу керек. Үлкен философиялық мәні бар «Күнде

жанадан туып отырмасаң, онда күнде өліп отырасың» деген сөздің мағынасы терең. Қазақ «Кедейлік пен байлықтың қандайы да, жазылмаған ешкімнің маңдайына» дейді. Кедей боп тудым деп әрекетсіз отыра беруге болмайды. Қалауын тапса кез келген мәселені шешуге болады. Кейбіреулер «Бізде идеология жоқ» дейді. Қазақтың мақал-мәтелдері, жыр-термелері, Абайдың қара сөздерінен артық идеология бар ма? Қызды ұзатып, тұрмысқа беру, келін түсіру, құданы сыйлау, балаларды тәрбиелеу – бәрі үлкен өмір мектебі. Міне, біз осы рухани байлығымыздан айырылып қалмауымыз керек.

Ең бастысы бала тәрбиесіне көп көңіл бөлуге тиіспіз. Біздің үлкен қасиетіміз – үлкенді сыйлау, айтқан сөзге берік болу. Жалпы, адамзат баласына тән қасиеттер бар. Бірақ дәл қазақ сияқты сөзге мән берген, сөздің қасиетін бағалаған халық аз. Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақ, орыс, ағылшын тілін білген дұрыс» дегенін мен құптаймын. Осы мәселеде Мұхтар Шаханов інім маған аздап өкпелеп жүр. Қазір немерелеріміз бірнеше тіл біледі, дайын аудармашы. Әр бала тоғыз елдің тілін білсе де артықтық етпейді.

Мұрат Дүйсенбіұлының бір басына жетерлік марапаттары бар. Қазір зейнет демалысында болса да, Ауған соғысы ардагерлерінің мәртебесі үшін күрес, «Генералдар кеңесі» республикалық бірлестігі көтеріп жатқан әлеуметтік мәселелер, жастар тәрбиесі, жемқорлықпен күрес сияқты мәселелер кейде оның түн ұйқысын төрт бөлетіні рас. Сондықтан қанға сіңген қасиет пен бойға біткен мінездің арқасында ел болашағы үшін жасалып жатқан көп істің бел ортасында жүр.

«Бес балам – Айгүл, Ермек, Сәуле, Нұрлан, Жаннадан тараған 10 немере, төрт шөбере өсіп келеді. «Адамның бір қызығы бала деген» деп ұлы Абай атамыз айтпақшы, менің өмірімнің мәні де, сәні де, қуаныш-қызығы да солар. Балаларым өздері қалаған оқуын оқып, маман болды. Қазір өздері сүйген кәсіппен айналысып, ел қатарлы өмір сүруде. Олардың қарапайым, еңбексүйгіш, мейірімді болып өскеніне қуанамын» дейді ағамыз ағынан жарылып. Қызықта да, қиындықта да бірге болған адал жар, абзал ана Мәрия жеңгеміз екеуі қол ұстасып, өмір белестерінен сүрінбей өтіп келеді. Шаңырақ шаттығының өзі осы емес пе?!

6 тамыз, 2013 жыл



*Сәбит ОРАЗБАЕВ,
Қазақстанның халық артисі:*

НИЕТ БОЛСА, АДАМ БАЛАСЫНЫҢ ҚОЛЫНАН КЕЛМЕЙТІНІ ЖОҚ...

Оңтүстік өңірінде Ақсу мен Арыс дейтін ғажайып сұлу жер бар. Сол жердегі бұрынғы атаулары – Қызыл әскер, Бәйдібек, қазіргі Құтарыс ауылында Қазақстанның халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Сәбит Оразбаев 1936 жылдың 29 қаңтарында дүние есігін ашыпты. 98 жыл ғұмыр кешкен анасы Аппақай «Сәбит туғанда тракторлар егістікке шығып, жер жыртып жататын» деп отыратын. Оңтүстікте көктем ерте шығады ғой, сол жылы жеңіл қыс болған шығар, бәлкім.

Жыр-дастанға жаным құмар еді

– Бабам Оразбай, әкем Қоңырбай, анам Аппақай, Зерхан, Мырзабай деген әпке-ағаларым болды. Олардан кейін де бірнеше бала болған, бірақ ертерек шетінеп кетіпті. Мен үйдің кенжесімін, – деп бастады Сәбит аға әңгімесін. – Әпкем де анам сияқты 98 жасқа жетіп, өмірден озды. Мырзабай ағам Ұлы Отан соғысынан қайтпаған.

Біздің ауылымыздың шығысы – Қаратау, оңтүстігі – Алатау, батысы – Қазығұрт. Туыстарымыздың көбі Қазығұрт тауының басындағы Ұя дейтін жерде тұрады. Өздері қызық, көп жылға дейін ауылға қатынайтын жол салғызбады. Ауылдан шыққан азаматтардың талайы

«Жол салып берейік» деп ұсыныс жасаған. «Керегі жоқ, жол салған соң өзен, тауымыз – табиғат бұзылады, мал ұрланады» дейді. Дегенмен биыл жол салынды. Өзі Ұя десе, ұя дейтіндей жер. Жеміс-жидек, әсіресе, алма көп. Таудың таза ауасының әсері ме, тұрғындарының көбі Қобыланды сияқты батыр тұлғалы болып келеді. Ойындары – күрес. «Сайрамда бар сансыз бап» демекші, Сайрамның өзі тарихи қала ғой.

Сәбеңнің әкесі Қоңырбай оның үш жасында дүниеден өткен екен. Ауылдағы көзкөргендердің айтуынша, әкесі бауырмал, аса мейірімді, кемтарларға қолұшын беріп отыратын қамқор, ұйымдастыру қабілеті жоғары кісі болыпты. Өзі қалжыңға бір табан жақын екен. Күмісбек деген кісі «Бір жиында әңгіме тыңдап отыр едім, ту сыртымнан келген Қоңырбай ағаны байқамай қалыппын. Ол жайлап қана «Күмісбекжан, екеуіміз орын ауыстырайық» дегені. «Орнынды бер» дегенді меңзегені ғой. Осы әңгіме өмірі есімнен кетпейді» деп отыратын. Шамадан тыс толысыңқырап кеткендерді көрсе, «Айналайын-ау, тым жүдеп кетіпсің ғой, не жейсің өзі?» деп сұрайды екен. Есіктің алдында асық ойнап бос жүрген балалардың әке-шешесіне «Мына балалар кешке дейін асық ойнап жүре бере ме? Жұмыс істеп, кітап оқымай ма? Бұл неғылған ұзақ ойын? Біздің ауылымыздан да мал дәрігері, мұғалімдер шығуы керек! Жақсылыққа ұмтылуға тиіспіз» дейді екен. Бригадир, звено жетекшісі болып, ауылда монша салғызып, ескі ағаштардың орнына жаңасын отырғызған.

– Анам Аппақай Жолдасқызының әншілігі, суырып салма ақындығы бар-тын, сөзге өте шешен еді. Салт-дәстүр, халық қазыналарынан мол хабары болды, – дейді өнер иесі ата-анасы жайлы жылы естелігін жалғастырып. – Анамды ауылдағылар қатты құрметтейтін. «Қамбар батыр», «Алпамыс», «Мұңлық-Зарлық» жырларынан үзінді айтып отыратын. Соғыс жылдарында мақтаның көсегін аршитынбыз. Қазір рахат, ұшақпен дәріні шашып жібереді де мақтаны бірден ашып алады. Үйде екеуіміз ұжымшар мақтасының көсегін тазалағанда, дастандарды айтып отыратын. Жалпы, біздің бала күнімізде дастан айтатындар көп болды. Ауылда Төлеген молда да дастан айтатын. Ел аралап, жырдан шашу шашып жүретін Көлбай жырауды тыңдадық. Балалардың көбі дастанның басын тыңдайтын да ұйықтап қалатын. Менің тапжылмай тыңдап отырғанымды көрген Төлеген атам «Осы балам жырау не болмаса бастық болады, өзі пысық, ұйықтамайды» дейтін.

Мектепке барғаным сондай қуандым

– Ұлы Отан соғысы жылдары оңтүстікте қыс қатты болып, қар қалың түсті. Біз бірінші сыныпқа барғанда әскерден аяғынан жарақаттанып келген Әуесхан ағай сабақ берді. Мектеп табалдырығын жаңа аттаған бізді алғашқы күні жинап алды да, бәрімізге кезек-кезек ағаш жарғызды. «Балалар, ағаш жаруды үйренуге тиіспіз. Қыста от жағып, сыныбымызды жылытуымыз керек» деді. Ағайымыз шешен кісі болатын. Мектепке барғаным сондай қуандым. Қазіргі балалар қандай бақытты! Оқимын десе, барлық мүмкіндік бар. 5-сыныптан өзеннің арғы бетіндегі «Қызыл Октябрь» мектебіне қатынап оқыдық. Таңғы 4-тен тұрамыз, сегіз шақырымдай жер. Әсіресе, көктем мезгілінде Арыс өзені тасығанда қиын еді. Директорымыз Әбдуәлі Әлмұқанов өте паң кісі болатын. Балалардың көбі соған еліктейтін. 8-9 сыныпты Шымкенттегі Сталин атындағы мектепте оқып, оныншыға көшкенде ауылымызда мектеп ашылып, сол жерден бітіріп шықтым, – дейді Сәбит аға.

Соғыстың зардабынан қаршадай балалар да еңбекке араласты. Бала боп бұзықтық жасайтын да уақыт болмайтын. Ол 5-сыныпты бітіргеннен кейінгі каникулда жаз бойы сүт тасыды. Сары байталға екі дөңгелекті арбаны тіркеліп, алты бөшке сүтті төбенің арғы бетіндегі Қызылсай кеңшарына әкеліп тапсырады. Майын «Маслопром» директоры Сәрсен ағайға өткізеді. Қайтып келе жатып, Арыстың жағасында сүт құйылған ыдыстарды біртіндеп тазалап жуып, оны фермаға өткізеді. Сәрсен ағай титтей баланың еңбекқорлығына риза болып, қатты жақсы көрді. Арасында «Балам, өзің сондай ұқыпты екенсің» деп кішкентай банкамен қаймақ беретін. Ондайда «Құртақандай болып дүние тауып келдің» деп шешесі қуанатын. Ол адамдардың қолында барды айналасындағылармен бөлісіп жейтін, сенікі-менікі дегенді онша білмейтін кез ғой, апасы қаймақты тарыға араластырып, бір-бір қасықтан көршілерге беретін. Бірге оқитын балалар «Сәбит маслопромнан қайтқанда қаймақ алып келеді екен» деп алдынан шығып күтіп тұратын болды. Сүт таситын жылқы оған керемет үйреніп қалды. Басқалар атын кетіп қалмасын деп тұсап қоятын, мұның аты тұсамаса да алыстап кетпейді. Бірде жылқы жоғалып, үш-төрт күн жұмыс тоқтап қалды. Сүт ашып кетті. Бригадир бастап бәрі жабылып жылқыны әбден іздеді. Байтас дейтін ауыл ақсақалы «Жылқыдан хабар бар ма?» деп күнде келіп сұрайды. «Ата, ешқандай хабар

жок» деп жібереді. Апасы «Осы оңбаған жылқының хабарын неге күнде сұрай береді?» деп күмәнданды. Сөйтсе, Байтас ақсақал бірер жылқыны ұстап алып, Жамбылдың бер жағына құдалыққа мініп барып келген екен. Ауылға жақындағанда қоя берген. Бір күні есіктің алдында жылқының өзі тұр...

– Кейін бозбала шағымда Шыбынқара деген атым болды. Жұмысқа мінгеніміз болмаса, кеңшардын малы ғой, – деп тағы бір әңгімені бастады Сәбең жымысып қойып. – Біздің жақта күн ыстық, түсте бір сағат демалыс беретін. Атқа шөп салып қоямын да көлеңкесіне жантая кетіп, ұйықтайтынмын. Күн қозғалып тұрады ғой, күнмен бірге ол да қозғалып, маған көлеңке түсіріп, жылжып отыратын. Мал екеш мал да адам баласының өзін жақсы көретінін біледі-ау шамасы.

Бала күнімізде дәптер қат болатын. «Түйетас кеңшарының дүкеніне дәптер түсіпті» дегенді естіп Нышанкүл жеңгеме «Көкемнің атымен барып келейік» деп қолқаладым. Күз болатын. Қырбық қар жауған. Нышангүл жеңгем аттың алдында, мен оның арқасына жармасып алғанмын. Дүкенші орыс «Жок, басқа жақтан келгендерге дәптер бере алмаймыз» деп маңайлататын емес. Жеңешем аздап орысша біледі екен, бір қапшық тары беремін деп келісіп, не керек, алты дәптер алдық. Өмірімде көрген бірінші таза дәптерім сол, аппак, жазайын десем, кәдімгідей аяймын. Оның алдында кітаптың ішіне қаламмен басып жазып жүрдік қой. Қуанышымда шек жоқ. Атымызға мініп ауылға қарай желдіртіп келе жатыр едік, бір кезде жолдың бойында екі қасқыр тұр. Ат алға қарай баспайды, тыпырлап кейін қарай шегіншектей берді. Жеңешем «Басындағы қалпағыңды бер» деді де, маған өзінің орамалын байлап қойды. Жуан дауыспен айғайлап қояды. Екі көзім қасқырларда. Олар жеңешемді қарулы ер адам екен деп қалған болуы керек, қарап-қарап қойып ақырындап әрі қарай кетті. Қасқырлардан өткен соң ауылға қарай «Құтылдым ба, пәледен?» дегендей атымыздың желдірткенін көрсең...

«Арқасы» бар бала

Бала Сәбит кішкентай кезінен ұшқыш болуды армандады. Ұшақ көрсе «Не деген жылдамдық!» деп қадалып қарайтын да тұратын. Облонодан Молыбай деген кісі келіп, кім қайда барып оқиды деген тұрғыда жиын өткізді. «Неге ауылымыздан шыққан Құрманбек Жандарбековтің жолын қумайсың?» деді оған. Құрманбек ағаның

аты дүрілдеп тұрған кезі. Мемлекеттік сыйлық алған, режиссер, актер, әнші, театрдың негізін қалаушылардың бірі. Анасы «Қайда барып оқығың келсе де жіберемін» деді. Ертеңіне ағайын-туыс жиналып, Әбдіқадір ағасы «Шырағым, біздің ел көп нәрседен кейін қалып қойған. Сен мал дәрігері болсаң, ауылға көмегің тиеді. Елге келгенде өзіміз үйлендіреміз, қазір жолына ақша жинап береміз» деді. Үлкендер айтса – заң. Ақ шалбар, ақ китель сатып алып киіп, пойызбен Алматыға жол тартты. Бұл 1954 жыл болатын. Пойыз көмірмен жүреді ғой, киімінің қара күйе болғанын байқайды. Төрт жігіт, төрт қыз Орал жақтан оқуға келе жатыр екен. Қыздар медицинаны, ұлдар политехникалық институтты таңдапты. Бұдан да қайда баратынын сұрады. «Мал дәрігерлік институт» деп еді, шырғтай киініп алғанына қарап бәрі ду күлді. Әлгілердің бірі мандолин тартып, қыздар ән салып көңілді келеді. Жамбылға жеткенде пойызға бір жігіт отырды. Домбырасы бар екен. Бұл қолына қара домбыраны алып, «Көңілашар», «Балбырауын», «Адай» күйлерін тартып еді, әлгілер қастарынан орын беріп, жылы қарай бастады. Адам көп. Сол кезде қабағы қалың, көзі өткір, сақалы сапсиган үлкен кісі пойызға отырды.

– Әй, балам, домбыраны жақсы тартады екенсің! Шертпе күйден нең бар? – деді қайда бара жатқанын сұрап.

– Алматыға оқуға барамын.

– Қандай оқуға?

– Мал дәрігерлік.

– Е-е, ауылдың баласы екенсің ғой. Әкел домбыранды! – деді. Домбыраны керемет тартады екен. Вагондағы бүкіл адам жиналып тыңдады. Қолдары үлкен, добалдай. Соның өзінде домбыраны шырқ үйіріп алды. Ол «Өнерлі болындар, балалар!» деді де, келесі стансадан түсіп қалды. Балалығы ғой, ешқайсысы әлгі кісінің атын да сұрамапты. Бір көрген, бірақ болмысы бөлек сол адам оған үлкен әсер етті. Күйді соншалықты түсініп тартқаны көзінен көрініп тұрды.

– ЖОО-ға түсу емтиханын тапсырдық. Орыс тілінен диктанттан төрт алдым. Қалғанын жақсы тапсырдым, – дейді Сәбең Алматыға алғаш келген кезін еске алып. – Емтихан тапсырып болған соң қаланы аралап, Сталин даңғылымен келе жатыр едім, ән, скрипка, пианиноның дауысы естіліп тұрды. «Бұл қандай жер?» деп тұсалған аттай тұрып қалдым. Ішке кіріп, күзетшіден сұрасам, консерватория екен.

Көңілім нілдей бұзылды. Мал дәрігерлік институтқа барып құжаттарымды қайтарып алайын десем, бермейді. Ректорға дейін араласып, «Емтиханды жақсы тапсырыпсың, домбыраны былай да тарта бересің ғой» деп біраз үгіттеп, болмағасын жіберді. Консерваторияның қабылдау емтихандары өзге оқу орындарынан кейіндеу болады екен. Жасыма байланысты дайындық курсына түстім. Менің бұл әрекетімді ауылдағылар білмейді. «Енді не болар екен?» деп уайымдап жүрмін. Сол жылы қыс қатты болды. Қалқан нағашымнан «Анаңды жалғыз қалдырып не істеп жүрсің? Көмектесетін ешкім жоқ, есігінің алдындағы қарын күреп бердік. Жақын жердегі Қапланбекке барып оқымайсың ба?» деген тұрғыдағы хат келді. Әлгі хатты көрген сайын қорқамын. Ойлана келе, бар жағдайды айтып көршіміздің баласы Мәуленге хат жаздым да, оны апама оқып беруін өтіндім. Сонда апам «Е-е, өзі «арқасы» бар бала сияқты еді, осылай боларын ішім сезген» депті. Мәуленнен жауап келді. Сөйтіп, осы өнер саласында Б.Жылысбаевтан, Курганскийден оқыдым. Кейін театр факультеті ашылып, А.Тоқпановтың класына түстім.

Апамның Алматыға көшуі

«Мен елде отырмын, сабағыңды оқы, адам бол. Сенің артистің оқуына түскенінді естіп, әркім әртүрлі сөз айтып жатыр. Оған құлақ асатын мен емес. Әбибаға (Құрманбек Жандарбековтің қарындасы, екеуі жақын құрбы болған) сенің Алматыда артистің оқуын оқып жатқаныңды айтып хат жаздым» деген тұрғыда апасынан хат келеді.

Өзі студент болса да анасын Алматыға көшіріп алмақ болады. Алғашында анасы «Үй-жайымыз, ешқандай туысымыз жоқ, қалай күн көреміз?» деп қарсылық танытқан. Жігіт суретке түсіріп шығарғанды үйреніп алғанын, оның аздап табысы болатынын, шәкіртақысы барын айтып, апасының қоныс аударуға келісімін алды. Апасы бір қазанынан басқа дүниесін ауылдағыларға таратып жіберді. Әбдіқадір көкесі Болатбек ағасына «Сәбиттің үйін аласың, ақшасын бер» деді. Ол сөзге келген жоқ.

– Апам да калаға үйрене бастады. Қыстыгүні болатын. Оқуды бітіруге жақындап қалғанбыз. Қ.Жандарбеков М.Әуезов атындағы драма театрдың директоры болды да, біразымызды жұмысқа алды. Әйтпесе мен Гурьевке (қазіргі Атырау), Райымбек Шымкентке баруымыз керек болатын. «Шоқан Уәлиханов» спектаклінің көпшілік

сахнасына қатысамыз. Шымкент жақтан таныс жігіттер келіп, спектакльдің бірінші актісінен кейін маған «Сен сұрансаңшы, мейрамханаға барып тамақтанып қайтайық» деді. Бұрын мейрамхана дегенге барып көрмегенмін. Қарас Ахметұлынан сұранып едім, рұқсат берді. Тамақтанып отыр едік, Иса деген жігіт «Шарап ішейік, дәмі сондай жақсы, бетің қызарып, көңілің көтеріледі. Денсаулыққа да пайдалы» деді. Аздап ұрттап көріп едім, тәтті екен. Өзгелерден қалыспай сіміріп салып отырмын. Көңіл күйім жақсы, «Ертерек неге ішпегенмін?» деп ойлап қоямын. Бір кезде орнымнан тұрайын десем, екі аяғым икемге келмейді. Қасымдағылар «Қазір сыртқа суыққа шыққан соң кетеді» деп қояды. Анам екеуіміз бір үйдің жертөлесінде пәтер жалдап тұратынбыз. Қар қалың. «Ей, вставай» деген дауыстан оянсам, үйге жете алмай көшеде қалыппын. Таң атып келеді екен. Қасымдағылардың да мені үйге жеткізетіндей халі болмаса керек. Сол кезде мені аман алып қалған апамның тігіп берген іші тері кеудешесі. Әйтпесе суық тиіп өлмекшімін ғой. Үйге келсем, анам терезеден қарап тұр екен. Есікті ашты, үндеген жоқ. Шай, кеспе көже берді. Анамның ұрыспағаны, үндемегені маған қайта ауыр тиді. Тамақтанып болған соң «Жатып демал» деді. Біраз тынығып тұрғаннан кейін анам «Балам, елдің бәрі Сәбит Алматыға шешесін алып кетті» деп қызығып қалды. Біз де мақтанып кеттік. Іс насырға шаппай тұрғанда елге қайтайын. Сендердің өмірлерінің қандай болатынын енді түсіндім» деді. Менде үн жоқ. Ұзақ ойланып бір кезде «Апа, енді ішпеймін» дедім. «Айна-ландағылар саған ішкізбей қоймайды» дейді апам. «Жоқ, енді ішпеймін» дедім қайталап. «Жарайды, сөзіңе сенейік» деді. Осы оқиғадан кейін ішімдік атаулыға аса қызығушылығым болған жоқ, – деп бір тоқтады ол.

Бір көргеннен ұнатқан қараторы қыз

Сәбең институтта жүргенде аккардион тартатын, оған қыз-жігіттер билейді. Олар – Асанәлі Әшімов, Райымбек Сейтімбетов, Нүкетай Мышбаева, Оспанхан Әубәкіров, Раушан Әуезбаева, Матан Мұратәлиев, Күләй Мұратәлиевалар бәрі бірге оқыған. Қасындағы өнерлі де әдемі қыздарға бауырындай, туысындай қарайтын.

– Оқуды бітіретін уақытта дирижерлік капелланың қыздарымен біздің факультет арасында волейболдан жарыс болды, – деп жалғады әңгімесін Сәбит аға. – Ұшып келген допты ұстай бергенімде қа-

сымдағы қыз да допқа ұмтылсын. Қараторының әдемісі екен. Сол жерде-ақ жылыұшырап, көзіме түсіп, бір сезім пайда болды. Асанәлінің Майрасы, Райымбектің Нелясы бар. Бәрі жұп-жұп болып жүреді. Сәуле екеуіміздің арамыз да жақындай бастады. Ол бірінші курсқа жаңа түскен екен. Біздің қарым-қатынасымызды қыздың әке-шешесі естіп, ректорымыз Құдыс Қожамировқа шығыпты. Ол кісі «Қыздың әке-шешесі қарсы емес, бірақ оқуды бітіріп алсын» деп отыр» деді. «Сонда төрт жыл күтем бе?» деймін мен, ректорымыз сыбырлап қана «Екінші курсқа дейін шыда, сосын үйленерсіңдер. Балалы болсаңдар шешен бағады» деді. Анам «Аман болсам келінімді оқытамын» деді. Не керек, Сәуле бірінші курсты бітіргенде бас костық. Өзімізге лайық тойымызды жасадық. Өмірге ұл-қызымыз Әділ мен Жанар келді.

Сан қырлы Сәбен

– Бұл салаға бет бұрғаннан кейін жүріс-тұрысың, өнерге деген көзқарасың айналандағыларға мәлім. Мен өз мамандығыма шынымен берілген адаммын, – дейді Сәбит Қоңырбайұлы. – Көп адамның қамқорлығын көрдім. «Жұмысқа тиянақты екенсің» деп ақылдарын айтқандар болды. Ауылдағылар «Құрманбекке неге бармайсың?» дейді. Бір рет бардым, Қазақ опера және балет театрының директоры екен, алдына кіре алмадым. Ауылдың адамы болған соң жақын тартасың ғой. Әбиба апай Құрманбек ағаға «Әлгі Аппақайдың Сәбиті тәп-тәуір артист болайын деп жүр екен. Саған барып жолыға алмай қайтыпты. Сен оны қабылдап, сөйлесіп көрсеңші» деген екен «Өнерде туыстық болмайды. Болса – болады, болмаса – бордай тозады!» деп тастапты. Әбиба апамыз да мінезді кісі еді, не керек, Құрманбек аға мені қабылдады. Маған ол кісінің кабинеті өте үлкен болып көрінді. «Қандай шаруаң бар?» деді салған жерден, «Ағай, ешқандай шаруам жоқ. Сізге сәлем бергелі келдім» дедім. Сөйтсем Құрекең біздің ағайымыз Асқар Тоқпановтан мен жайлы сұрап біліп алған екен. Ол кісі мақтапты. Соның өзінде «Өнерде ағайынгершілік, туыстық, бірін-бірі сүйеу болмайды. Сүйемелдегенде одан талант шықпай қалса, өмір бақи соның алдында өзінді кінәлідей сезініп қаласың» деді. Бізбен бірге оқыған біраз қыз-жігіттер опера және балет театрының көпшілік сахнасына қатысып жүретін. Раушан Әуезбаева дейтін қызымыз тіпті рөл ойнады. Мен де театрға қатыссам деген өтінішімді

білдірдім. «Қатысуға рұқсат берейік, бірақ бір келіп, бір кетіп, көкем бар екен деп қиқаландаушы болма!» деп ескертті.

Еліне кетіп бара жатқан бір болгардан фотоаппаратын сатып алдым. Менің бір кәсібім фотоға түсіріп, шығару болды. Балабақша меңгерушісі болып істейтін Шәрипа дейтін апаймен таныстым. Ол кісіге бар жағдайымды айтып, «Балаларды фотоға түсіріп, әкеліп берсем қалай болады?» дедім. Ол рұқсатын берді. Суреттерді алып ертеңіне тағы келдім. Фотолар тәп-тәуір, бірақ жақсы емес. Шәрипа апай «Бүгінгі фотонның бәрін балаларға тегін бер, бұдан жақсы шығарсаң, ата-аналары тиын-тебен береді ғой» деді. Ата-аналар риза болысып, суретті сатып ала бастады. Осылайша тәп-тәуір фотограф болдым.

Жұмахан деген көрші ағамыз болды, түбі Арыс ауданының кісісі екен. Бір ауданда прокурор болып жұмыс істеді. Өздері қонақжай. Үйлеріне қонақ келсе, апам екеуімізді қалдырмайды. Соғым да келіп жатады. Әйелі бір оқу орнында сабақ беретін. Мен домбыра тартып, өлең айтамын, суретке түсіремін. Өзім әжептәуір қажет адам болып қалдым. Бұрын жертөледе тұратын едік, кейіннен сол кісілер араласып, көршілерінің бір бөлмесін жалға алып берді. Күнкөрісіміз жаман болған жоқ. Үйлеріне қонақ келсе: «Сәбитжан, келе қал, толғау айтып бер» дейді. Ол кезде халық жыр-дастандарды керемет тыңдайтын. Біз сол кісілерден керемет шапағат көрдік. Кейіннен ағамыз жол апатынан қайтыс болып кетті...

Оқу бітірген соң М.Әуезов атындағы Қазақ драма театрына жұмыс істеуге келдік. Елу төрт жылдан бері осы театрдамын. Ол Нұрмұхан Жантөрин, Ыдырыс Ноғайбаевтардың аты дүркіреп тұрған кезі. Өзірбайжан Мәмбетовтің келгеніне бір жыл болған екен. Оны қазақша білмейді деп әрең алыпты. Сонда Серке Қожамқұлов ағамыздың «Немене, сонда қазақша білмек түгілі, мүлдем сөйлегісі келмейтін өзге ұлт өкілдерімен жұмыс жасай береміз бе? Қазақша өзіміз үйретеміз!» деп табандап тұрып алуының арқасында жұмысқа алынған ғой. Расымен де, кейін Өзекең намысқа тырысып, қазақша жақсы сөйлеп кетті.

Тапшылық кез менің тігіншілік қырымды да ашты. Жақсы киінгіміз келеді. Мәскеуге барсам, қағазға сызып қойған модельдер тұр. Райымбекке (Сейтіметов) «Мынаған қарап шалбар, көйлек тігуге болады екен» дедім. Ол «Қойшы, ондаймен айналысып не істейсің?» деді. «Бұл маған ұнап тұр» дедім де, ерлер мен әйелдердің, әсіресе,

Әділ мен Жанарға арнап жас балалардың киім үлгісін сатып алдым. Алматыға келдім де, киім тігуге кірістім. Үлгіні төсеп жіберіп, кесемін, алғашында қисықтау болып қалатын, кейіннен үйреніп кеттім. Машинамен тігемін. Гастрольге шығарда артистердің көбі «Маған да тігіп берші» деп өтініш жасайтын болды. Бұл мен үшін әрі хобби, әрі табыс табудың жолы болды. Уақытымды босқа өткізбейтінмін. Бір рет қалың материалдан өзіме жеңіл күртеше тігіп алдым. Сондай керемет болып шықты. Қасымнан өтіп бара жатқан бөгде адамдардың өзі тоқтай қалып «Қайдан сатып алдыңыз?» деп сұрайтын. Жалпы, адам баласы ниетімен ден қойса, нені болса да үйрене алады. Машина, тоңазытқыштарды да өзім жөндей беремін. Осылайша, сегіз қырлы, бір сырлы жігіт деген атақ алғанбыз.

Еңбегі дер кезінде еленген жан

– Театрда ақылдан гөрі сезім қаттырақ жұмыс жасайды. Кейбіреулер айтқан сынды қабылдамай, «Аяғымнан шалмақшы болып жатыр» дейді. Сол сынды қабылдай алмаған жігіттердің көбі орта жолда қалып қояды. Артист болу – өте бір ауыр мамандық. Біз басында «Ән салып, әдемі қыздардың ортасында жүреміз» деп ойлағанбыз. Бұған ең бірінші денсаулық керек. Жадың нашар болса, қор болғаның. Ал жадың мықты болса, жерде қалмайтының анық. Екі рет операцияға түскен адаммын, наркоз деген адамның жадына кері әсер етеді екен. Бұрын қырық беттік рөл үш-төрт рет оқығаннан жадымда қалатын. Бұл саладағы өте нәзік нәрсе – еткен еңбегіңнің бағалануы. Халық соншалықты құрметтеп, қошаметтеп, еңбегінді бағалап, бірақ үкімет жағынан еленбей қалса да артистерге ауыр тиеді. Құдайға шүкір, өзіме тиесілі барлық сый-сияпатты рет-ретімен алған адаммын. Ол жағынан ешкімге өкпем жоқ.

Жастарымыздың арасында таланттылары да, орташасы да, босқа жүргендері де бар. Олардың өздеріне де «Әй, балалар, «әләйләумен» жүргенде уақыт өтіп кетеді, сондықтан жас, күш бар кезінде басқа мамандық тауып алу керек. Артист болмаған адам өлмейді, басқа мамандықтардың да өз қызығы бар» деп талай рет үлкен жиындарда айтқанмын. Жас артистеріміздің көбінің үні нашар, дауыстары анық емес, қазақша жақсы сөйлей алмайды. Біз Асанәлі (Әшімов) досым екеуімізді осы жағы қатты ойландырады. Ең сорақысы – соған

өзіміздің де құлағымыз үйреніп барады. Бұрынырақта бір жас актеріміз Қарагөз демеі, Каракөз дегенінде соның өзіне үлкен жиналыс болып, талқыланған. Біз бұл ойымызды оқу орындарына да айттық. Сөйтсек, жүйе басқаша болып кеткен. Көбі ақылы негізде оқыған, оларды оқудан шығара алмайды екен. Әйтпесе баяғыда біз алдымен қырық төрт бала болып, одан бірте-бірте азайып бітіргеніміз он төрт ақ адам. Ол кездері бірінші, екінші курстан бейімі жоқ балаларды жібере беру айып емес еді. Ұстаздар дұрыс бағыт бере білетін. Қазір ақшасы төленсе болғаны...

Тарихымызға үңілсек, өлеңдеріміздің бәрі той-тойлап, серуендеп жүруге арналған. Мәселен:

– Атандым жастайымнан Ғазиз ақын,
Әнші жоқ Қараөткелде менен асқан.
Құдайдың ризығына ризамын
Көңілім қалған емес қиғаш қастан.

Немесе Ақан серінің:

– Қызыл-жасыл дүние кімді алдадың?
Құдайдың ризығынан құр қалмадым.
Сұлудың сұлуларын құшсам-дағы
Дүние-ай, қызығыңа бір тоймадым, – деп келеді.

Немесе құдағилардың арасында айтылатын той өлеңдері. Мүмкін, көшпенді ел болғандығымыздан солай шығар. Бәрі өнерімді көрсетіп, халықтың арқасында рахаттанып, керемет өмір сүріп жүрмін деген сөздер. Ал «еңбек ет» дегенді айтқан Абай ғана.

Театр, кинодағы Сәбең бағындырған шын көптің көз алдында. Композиторлық қырын былай қойғанда, қазақы ауылда өскен көп бала ол кісінің толғауымен, жыр-термелерімен сусындап өсті. Қазір Сәуле жеңгеміз екеуі Әділ мен Жанарынан Айша, Сафи, Әсет, Тайыр деген немерелер сүйіп отыр. Айша – скрипкашы, ал Сафи суретшіліктің қыр-сырын үйреніп жүр. Әсет пен келіншегі – программистер. Олардың Арсен, Данияр атты ұлдары бар. Тайыр – виолончелист. Тайырдан Ілияс деген шөбересі өсіп келеді. Соныңнан ерген ұрпағың жақсы болса, ата-ана үшін ең басты қуаныш та, мақтаныш та, бақыт та – сол.

24 қыркүйек, 2013 жыл



*Темірхан МЕДЕТБЕК,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері:*

БОЙЫМЫЗДАҒЫ БЕЙҚАМДЫҚТАН ҚОРҚАМ...

Қасиетті Түркістанның тумасы, ақын Темірхан Медетбектің кіндік қаны осы ауданның Амангелді ұжымшарында тамған. Қарлығаштың ұясындай шағын ғана ауыл. Сырдарияға жақын, бұрын тоғайы тиіп тұратын. Түркістанға да, Қаратауға да онша қашық емес. Кебіртек, сортаң, бірақ сондай ыстық, тұрғындарының татулығы жарасқан ауыл.

Әкемнің іс-әрекетінен үлгі алдым

– Әкем Медетбек диқан болды, өмір бақи қолынан күрек, айыр, кетпен түскен емес, – деп бастады әңгімесін Темірхан аға. – Анамыз Жадыра аздап ұжымшарда істегені болмаса, мен ес білгелі тек үй шаруасымен айналысты. Әкемнің бес қыздан кейінгі, елу бес жасында көрген жалғыз ұлымын. Ұлы Отан соғысы басталғанда ол кісінің жасы елуден асып кеткендіктен, соғысқа барған жоқ. Осы күні апайларымнан қалғаны біреу ғана – өзіммен тетелес Есенкүл әпкем. Өзгесі о дүниелік болып кетті, бірақ, Құдайға шүкір, жиендерім баршылық. Нағашымыз Байдалы 30-жылдары дүниесін тәркілеп алған соң, Кеңес үкіметімен келіспеген, түрмеден түрмеге түскен, қарақшылықпен айналысып кеткен. Бес қаруын беліне байлап Ташкент пен Түркістанның арасында жортып жүрген адам болыпты. Ақырында ұсталып,

атылған. Нағашымнан тұқым қалмаған. Сол себепті нағашы жұрт дегенді білмеймін. Менде не аға, не іні жоқ. Ағаның қамқорлығын, інінің тынысын сезінген жоқпын. Бажа, бөле деген де жоқ. Қосағымның не сіңілісі, не апайы болмаған. Сондықтан да өзімшілдеу болып өстім. Әке-шешем, үйдегі бес қыз түгелімен мені аялады, алақанына салды. Кейбіреулер балаларын шырқыратып сабап жатады ғой, әкем мені саусағымен түрткен емес, дауыс көтеріп айғайлап ұрысқаны да есімде қалмапты. Бірақ соншалықты еркетотай болып кеткен жоқпын. Өйткені әкем өмір бақи еңбек етті. Мен оның айтуымен емес, іс-әрекетінен үлгі алдым. Көзімді тырнап ашқаннан еңбекке өте құлшыныспен араластым.

Шағын, бірақ шақар бала

Тетелес апайы Есенкүл сегіз жасында мектеп табалдырығын атады да, бала Темірхан соған ілесіп, алты жастан дорбасын арқалап мектепке барды. Ауылдағы мұғалімдердің бәрі таныс, ағайын, «Мектепке неге ерте жастан келдің?» деген ешкім болған жоқ. Дүрмекке ілесіп көп қатарлы оқып кетті. Жетінші сыныпқа дейін тіпті жақсы оқыды деуге болады, одан кейін Кентауда, Түркістанда оқыды. Басқа сабақтарға үстірттеу қарағаны рас, бірақ гуманитарлық пәндердің бәрінен «5» алатын. Өлеңге құмар болды. Қолы қалт ете қалса ұжымшардағы шағын кітапханадан табылатын. Тіпті бірде әйелдердің гигиеналық күтімі туралы оқып отырғанын көрген бір ағасының «Мынаны қайтесің осы?» деп ескерту жасағаны бар. Достарына оқыған кітабының мазмұнын айтып беретін. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолын» алтыншы сыныпта оқыған. Әрине, ол кезде тіпті бала ғой, роман-эпопеяның терең мазмұнын онша түсінбеген де болар, бірақ кітапқа деген құлшынысы ерекше еді.

Мектеп табалдырығын аттағанда сыныптастарымен қатарға тұрғанда ең соңында тұратын, бітіргенде де солай болды. Бала күнінен кіп-кішкентай, шағын ғана болатын. Ол сондай сотқар болған жоқ, біреуге өздігінен тиіспейтін, бірақ тиіскенді аямайтын. Шағын болса да шақар еді. Бір түйгенді, екі түйіп алатыны рас. Мұның мінезін білетіндер онша жоламай, әріректен жүретін.

Сырдарияға ағып кете жаздағам

– Он төрт-он беске келіп қалған бозбала шағымда Сырдарияның арғы жағалауына өтпек болдық, – дейді Темкең әңгімесін одан әрмен сабақтап. – Дарияның жағалауында өскен Сүлеймен дейтін бала

суда балықша жүзеді. «Сүлеймен өткенде мен неге Сырдариядан өте алмаймын?» деп намысқа тырысып, Орынбай досым екеуіміз оның соңынан ілестік. Арғы жағалауға таяп қалған сияқты едік, бірақ күшіміз бігіп, ағыс алып кетті. «Өлген жерім осы шығар» деп ойлағанмын. Ауылдың жігіті алдымен Орынбайды, сосын мені шашымыздан сүйреп алып шығыпты. Есімнен танып қалыппын. Сол оқиға қатты есімде қалған. Жалғыз ұлынан айырылып қала жаздаған әкем жылап-еңіреп, мал сойып, ауыл-аймаққа құдайы тамақ берген.

Жастайымыздан ұжымшардың жұмысына араластық. Үйдің тірлігін тіпті кішкентайымыздан жасап өстік. Тоғайдан ағаш шауып үйге әкеле жатқан кезімде алдымнан шибөрілер шығып, жолымды торығаны бар. Үлкендерден естуімше есектің үстінде келе жатып арқанды тарқатып жібердім. Осылай жасаса шибөрілер жылан деп ойлап жолайды екен. Кешқұрым болатын, зәрем ұшып, жағым қарысып қалған, ауызымды аша алмаймын. Апам таңдайымды басып, су ішкізіп есімді әрең кіргізген. Сол кездері шамамен он үштерде болармын...

Түн ішінде диірменнен ұн тасимыз. Қауын ұрлап қолға түсіп қалған кездеріміз де болды. Бірде балалармен ілесіп айсыз қараңғы түнде қауынға түскенбіз. Қауынды жарып, пәлегін үзіп, быт-шытын шығарып, ханталапайға салып кеттік. Ертеңіне бір-ақ білдім, түнімен «талқандағанымыз» өзіміздің және көрші Балташ ағамыздың бақшасының қауын-қарбызы екен. Бала күнімізде ондай да болған...

Әдебиетке жол

Ол мектептен кейін бірден жоғары оқу орнына келіп түскен жоқ. Әке-шешесіне қарайлап, кете алмады. Есенкүл әпкесінен басқалары тұрмысқа шыққан. Әкей де сырқаттаныңқырап қалды. Ұжымшарда үш жыл жұмыс істеді. Бірақ оқығысы келетін де тұратын. Ұжымшар оны тракторшының оқуына жіберейін деп жатқанда, Зұлқарнайын деген бұрынғы ұжымшар төрағасының баласы, агроном «Трактордың оқуына барма, барсаң одан еш құтыла алмайсың. Қалаған оқуыңа бара алмай қаласың» деп кеңес берді. Кітапқұмар бозбаланың соншалықты оқығысы келетінін ол да білетін. Түркістанға келіп, аудандық газетте корректор болып жұмыс істеді. Жер алып, шағын үй тұрғызып, әке-шешесін көшіріп алды. Содан кейін ғана көңілі жайланып, немере ағасы Ермаханға әке-шешесін табыстап, оқуға түспек болып Алматыға аттанды. Емтихандарға барынша дайындалған. Сол жылы оқуға түспесе, ешуақытта оқуға қайтып бара алмайтынын іші сезеді. Өйткені әке-шешесінің жасы да біразға келген.

Темірхан Медетбекұлы:

– Айтқандай, оған дейін де өлең, мақалалар жаза бастағанмын. Бірінші өлеңім 9-сыныпта оқып жүрген кезімде аудандық газетке шықты. Бір шумақтан тұратын сол өлең әлі күнге есімде:

Қабырғада сұр шеге,
Ұстап тұр ғой киімді.
Мен де сондай өмірде
Болсам деймін тиімді.

Алматыға келген соң Жазушылар одағына барып, ақын Әбу Сәрсенбаевтың үйінің мекенжайын сұрап алдым. Ол кісіні іздеген себебім – газет-журналдарға Жүмекен Нәжімеденов, Зейнолла Серікқалиев, Сайын Мұратбеков, Қанипа Бұғыбаева сынды жас ақын-жазушыларды ертіп жүргенін бейнелейтін достық шарждар көп шығатын. «Сол кісіге барып өлеңдерімді көрсетейін» деп ойлады. Сәске кезі болатын. Есігінің қоңырауын басып едім, арғы жағынан шашы бұрқырап Әбу ағамыз шықты.

– Кімсің? Кімге келдің? – деді ол.

– Сізге келдім.

– Мен кімін?

– Әбу Сәрсенбаевсыз.

– Онда үйге кір, – деді. Үйге еңсем Ғабдол Сланов екеуі шай ішіп отыр екен. Кемпірі Ләзиза апай дастарқанға шақырды. Біраздан соң Әбу аға өзін іздеген себебімді сұрады. Мен өлеңдер алып келгенімді айттым.

– Ойбай-ау, бұл редакция емес қой.

– Сізді білемін, көп жастарға жақсылық жасап, камкор болып жүрсіз, – деймін қайтпай.

– Олардың өлеңдері, әңгімелері жақсы ғой. Сені қайдан білемін?

Мен өлеңдерімді көрсеттім. Сол кезде біраз «поэма» жазып тастаған екенмін. Рас, қазір оның бірі де қалған жоқ. Өлеңдерімді оқып екеуі кәдімгідей риза болысып қалды. «Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтына бар» деп ақыл қосты. Әбу аға ҚазПИ-дің кафедрa меңгерушісі Қажым Жұмалиевке алып барды. Ол кісі бірден өлең оқытып, қарлығыңқы дауысымен «Теориялық жағы нашарлау екен» деді. Әбу ағам «Ойбай-ау, теориялық жағын өзіңіз үйретесіз ғой, өлеңі дұрыс» дейді. Қолымнан жетектегендей болып қасымда жүр. Сол кездегі ағаларымыздың қамқорлығын айтсаңшы. Жазушылар одағына да бірге барып, Қадыр Мырза Әлі пен Жүмекен Нәжімеденовтермен таныстырды. Олар референт-әдеби кеңесші екен. Тағы өлең оқытты.

Жүмекең тұйық, салмақты кісі көрінді, ұнатқан-ұнатпағанын сездірген жоқ. Қадекен бірден «Өлеңдерді «Лениншіл жас» газетіне дайындап берейін. Қалдырып кет» деп елпендеп жатыр. «Лениншіл жастың» редакторы – Шерхан Мұртаза, әдебиет бөлімінің меңгерушісі – Әбіш Кекілбаев. Осылайша, оқуға түспей жатып, әдеби ортаға қойып кеттім. Әдебиеттегі жолым өте сәтті басталды. Қиналсам, тұрмыстық жағдайдан қиналдым.

Жаңаөзенге романтика іздеп барғам жоқ

– Екінші курста оқып жүргенімде өмірлік жарым Шолпанмен таныстым. Ол Шығыс Қазақстан облысының Қатон-Қарағай ауданынан келіп, ҚазПИ-дің тарих факультетіне оқуға түсіпті, – дейді ақын. – Көңіліміз жарасып, мен үшінші, ол екінші курста оқып жүрген кезімізде шаңырақ көтердік. Әр түрлі жағдайларға байланысты оқудан сыртқы бөлімге ауысып, телевидениеге жұмысқа тұрдым. Сол кезде анам дүниеден озды. Әкеміз де сырқаттанып жүрген. Шолпан екеуіміз елге барып тұрдық. Төрт айдан кейін әкеміз де өмірден өтті. Қайтып келсем, жұмыстан шығарып жіберіпті. Жұмыссыз, үйсіз қала бердік. Үшінші баламыз өмірге келді. Өзім жиырма бестемін. Үлкен балама нағашылары қарасты. Екі кішкентайымызбен үйсіз, жұмыссыз жүру оңай болған жоқ. Ол менің сергелдең кезеңім. Вагондардан қап-қап ұн, цемент, көмір түсіріп, арзымаған ақша аламын. Бала-шағамды асырауым керек. Сегіз ай бойы ет комбинатының 30 градус суық тоназытқыш цехында жұмыс істедім. Сыртта 30 градустан кем емес аптап. Уақытша жұмыс жасайтын адамға әркімнің иінінен түсіп қалған жаман-жыртық киім береді. Тіпті бір күні ол жерден де қысқарып қалдым. Қалада тіркеуде жоқ адамды кім жұмысқа алсын?! Әбу ағам да талайларға айтып көрді, бірақ жұмысқа тұра алмадым.

Әуежай жақта балық өсіретін отыз көлшік болатын. Сол жерде әрі қарауыл, әрі ихтиолог болдым. Қозы бағып өскен басым, енді шабақ өсіруге тура келді. Әр көлшіктің температурасы әртүрлі. Балықтар қолдың басындай болған кезде аулап, Қапшағайға жібереміз. Ақ амур деген балық өсірдік.

Неге екенін қайдам, өзім төбелес іздемесем де, төбелесетіндер мені өздері іздеп келеді. Сол жерде сыған, шешен, күрд, құмықтар көп тұратын. Солар келіп суға түседі. Мен балықтарды қорғауым керек. Кейбіреулері мылтықпен жүретін болды. Маған сес көрсетіп көршіміздің тауықтарын атып кетеді. Алдында талайын сабағанмын. Өзім шағын болғанмен, кезінде бір-екі жігітке бой бермейтіндей қа-

рулы болдым. Қалай дегенде де бір кездері таяқ жегендері еске түседі ғой, оның үстіне шетінен қызуқанды халықтың өкілдері. Қоқан-лоққы тікелей болмаса да жанамалай жасалып тұрған соң балалардың өмірінен қауіптендім. Досым, жазушы Сайымжан Еркебаев Жаңаөзен жаққа барып жұмыс жасап жүрген. Мен де сол жаққа кеттім. Жаңаөзенге ешқандай романтика іздеп барған жоқпын, тұрмыс айдап барды. Барлау экспедицияларында қара жұмыс жасадым. Үстірттің үстінде-ойында мұнай іздедік. Еңбек кітапшамдағы редактор деген сөзден шошып алғашында жұмысқа алмай қойды. Адам салып жүріп машинистің көмекшісі болып қабылдандым. Рахмет Өтесінов деген атақты мұнайшы Сайымжанның жездесі еді. Сол кісі мені жұмысқа орналастырып, кейіннен екеуімізге бір бөлме алып берді. Өте адамгершілігі мол кісі, әулетімен мұнайшы болатын. Отбасым бір жылдай ауылда болды. Жаңаөзенде ол кездері 16-ақ пайыз қазақтар, қалғаны Қап тауының адамдары. Олар да қызуқанды, мен де қызбамын. Қақтығыстар мен соқтығыстар болып тұрады. Содан кейін Ералы, қазіргі Құрыққа ауысып кеттім. Жұмысымыз ауыр болатын. Бір күні айтыс өткізетін болып, ұйымдастырушылар өлең жазатын бір жігіт бар екен деп мені тауып алыпты. «Жеңгенге үй береміз» деді. Шәрелхан деген жігіт екеуіміз айтыстық. Ойымызды алдын ала қағазға түсіріп алғанбыз. Анда-санда қағып-қағып қойғанымыз болмаса, екеуіміз де домбыра тарта алмаймыз. Апта бойы Жетібайды аралатып, таныстырған. Мен Ералының, ол Жетібайдың атынан Жаңаөзенде айтысып жатырмыз. Маңғыстауда үнемі жел соғып тұрады. Бір кезде Шәрелханның алдындағы қағазын жел көтеріп алып кетті, оны ұстап алу мүмкін емес, жел бір олай, бір бұлай ұйытқып соғып, қағаз түгіл адамның есін тандырып жіберді. Мен осылайша жеңіске жетіп, Құрықта үйлі болдым. Бала-шағамды көшіріп алдым. Келіншегім де жұмыс істеді. Маңғыстау облысы ашылып, Ақтауға облыстық газеттің бас редакторы Рысхан Мусин жұмысқа шақырды. Тұрмыс тауқыметінен содан кейін ғана арылдым.

Жиырма бес жыл Маңғыстауда қызмет жасадым. Басқа өңірден барсам да мені жатсынбай, сол елдің азаматындай болып кеттім. Қалыптасуыма, өмірден өз жолымды табуыма үлкен мектеп болған жер – Маңғыстау. Елмен тіл табысу, біте қайнасу, елдің сөзін сөйлеу – бәрі-бәрі сол жерде қалыптасты деп айта аламын. Елдің азаматтарымен қарым-қатынасымыз әлі күнге дейін үзілген жоқ. Мен үшін Маңғыстау туған жерімнен кейінгі рухани мектебім, сағынып табысатын, сағынып көрісетін, жаныма да, жүрегіме де жақын жер. Өзі сондай бір шөлейіт жер болса да сол жерді үнемі аңсап, шөліркеп отырамын...

Ақыл-кеңеспен өлең жазылмайды

Темкең өзіне қиналғанда қол ұшын беріп, қамқорлық жасаған қазақтың абыз ақсақалы Әбу ақын жайлы тебірене еске алды. Рухани дем беріп, қолдаған тағы бір жан – ақын Жұмекен Нәжімеденов. Өзі өмірден озғанмен отбасымен, ұрпағымен қазіргі күнге дейін тығыз қарым-қатынас жасап тұрады. Маңғыстауға кетіп бара жатқанда да шығарып салған сол кісі.

– Жұмекең Мәскеуде оқыған жылдары кездескенде шұрқырасып табысатынбыз. Ауырып қалған кезінде де, дүниеден озғанда да қасында болдым. Өзі үндемейтін тұйықтау болғанмен, маған деген ықыласы ерекше еді. Мен де ол кісіге үлкен құрметпен қарадым. Жұмекеннің шығармашылығын о бастан жақсы көрдім. Маған деген ақыл-кеңесін аямайтын. Әрине, ақыл-кеңеспен өлең жазылмайды, бірақ адамға рухани дем беру, өзіңнің мүмкіндігіңді білу үшін белгілі бір деңгейдегі әңгімелер болуы керек. Қолтығыңнан демегендей шуағы мол адамдармен бірге жүрген жақсы.

Маңғыстау облысы тарап, жұмыссыз қалған кезімде Әбіш Кекілбаев өзі басқаратын Ескерткіш қорғау комитетіне жұмысқа шақырды. Одан бөлек Жазушылар одағының Маңғыстау облысындағы кеңесшісі етіп ұсынды. Әбекеннің басқа да жақсылықтарын көп көрдім.

Шерхан Мұртаза ағамыздың да шапағатын айтпай кетуге болмайды. Шерағаң «Егемен Қазақстан» газетін басқарған кезінде басылымның Маңғыстау облысындағы тілшісі етіп алды. Өзі Республикалық телерадионы басқарған кезінде маған Облыстық телерадионың тізгінін сеніп тапсырды. Шерағаң Алматыға да талай рет жұмысқа шақырды.

Аяқтан шалатындар, себепсіз жұмыстан шығарып жібергендер, басқа да қиянат жасаушылар өмірде болады. Бірақ оларды жіпке тізгендей етіп айтқым келмейді...

Асүйдің айналасындағы тіл боркемік болады

Кейде маған ақын арманшыл ғана емес, уайымшыл да болып көрінеді. Оның уайымы – елдің жайы, халықтың қамы. Қоғамның мұңын жүрегімен түйсініп, електен өткізіп, өлең етіп шығарады. Темірхан ағадан «Бүгінгі қоғам жайлы не ойлайсыз?» деп сұрағанымызда былай деп жауап берді:

– Қазақ тілінің бүгінгі жағдайы тым мүшкіл. Өте күрделі жағдайда. Мемлекетіміз мемлекеттің тілінде сөйлемей тұр. Мемлекет мемлекеттік тілде барлық іс-қағаздарын жүргізіп, жаппай қатынас құралы

ретінде қолданыста болған кезде ғана толық қалыптасты дей аламыз. Мемлекеттік тілімізді сақтай алсақ қана қазақтығымызды сақтап қалғанымыз. Мәселен, Польша мемлекеті алпыс жыл бойы картадан жоғалып кеткен. Бір жағын немістер, бір жағын орыстар, енді бір бөлігін тағы басқа ұлттар билеп-төстеген. Бірақ ұлттың мықтылығы сонда – бодан болған алпыс жылда тілін жоғалтқан жоқ. Сондықтан да ол қайтадан Польша мемлекеті болып қалыптасты және қандай мемлекет! Қазір ұстасқанмен ұстасып, тістескенмен тістесе алады. Мұндай мысалдар көп. Мысалы, Малайзия мемлекетінің тарихына үңілейікші. Малайлар қаңғып жүрген ел болатын. Оның бүкіл территориясын да, экономикасын да билеп-төстеген қытайлар еді. Махатхир Мохаммад келді де, елді тұтастырып, Малайзияның тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін беріп, туын көтерді. Қазір Малайзия дүниежүзіне белгілі шығыс барыстарының бірі. Біз қазақ тілін мемлекеттік тіл деңгейіне көтере алмай отырмыз. Ана тіліміз мемлекеттің ісінің бәрін атқарып отыруы керек! Президент аппаратынан бастап, Үкімет, дипломатиялық корпустар, банктің тіліне айналған кезде ғана тіліміз шынығады, өсіп, кемелденеді, жетіледі. Ал ас үйдің, той-томалақтың айналасындағы тіл боркемік болып, одан қан кетеді, сола береді, бір күндері сылқ етіп құлайды. «Күте тұрайық, ана тіліміздің ахуалы 2025-2050 жылы жақсы болады» дегенге мен сенбеймін. Ол кезде тіпті халі мүшкілдене түседі, өйткені қазірдің өзінде оған іс тапсырылып жатқан жоқ. «Қазақ тілі кемеліне келген жоқ» деп кім айта алады? Қазақтың тілі Кеңес Одағы кезінде бүкіл ленинизм-марксизм ілімдерінің бәрін аударуға қауқары жеткен. Сол еңбектердің кереметтігін емес, қазақ тілінің мүмкіндігінің зор екендігін айтып отырмын. Әдеби шығармаларды, саяси, экономикалық, техникалық еңбектерді аударған тәжірибе бізде жетеді. Термин жол-жөнекей жасалынады. Мысалы, Малайзияда терминмен тұтас бір институт айналысады.

Олжас Сүлейменов ағамыздың 70 жылдық мерейтойы кезінде Иманғали Тасмағамбетов, Мұрат Әуезов, Сейдахмет Құттықадамдармен бірге әл-Фараби атындағы ҚазМУ-де студенттермен кездесу өткізілді. Соның алдында ғана бір газетте Олжас ағамыздың «Қазақ тілінің әлі де проблемасы бар. Сол проблемаларды шешпей, қазақтың тілі мемлекеттік тіл деңгейіне көтеріле алмайды» деген тұрғыдағы мақаласы шыққан. Сол кеште «Олжас аға, сіз тек қана әдеби емес, тарихи тұлғасыз! Бірақ «Қазақ тілінің проблемаларын шешіп болған соң мемлекеттік тіл жасаймыз» дегеніңіз қалай? Сіз тіл маманы – лингвистсіз. Өлі тілде ғана проблема болмайды. Тірі тілдің бәрінде – ағылшын, неміс, орыс тілдерінде де проблема бар. Оны сіз жақсы білесіз»

дедім. Олжас ағамыз қабыл алғанын не алмағанын айтқан жоқ, бірақ залда отырған ірі-ірі ғалымдар, зиялы қауым өкілдері мақұлдағанын білдірді.

Қазақ тілінің мүмкіндігі, қуат-қарымы, күші, масштабы, жүйелілігі, қоры, байлығы қоғамдағы ғана емес, адамның ішкі жан-дүниесіндегі тіл жетудің ең бір қиын құбылыстары мен иірімдерін әдемі, келісті етіп суреттей алатын дүниежүзіндегі үлкен тілдің бірі. Оны қатарға қоспау, айналысқа түсірмеу – обал! Бұл өз анаңа жасаған қиянатпен бірдей!!!

Сыбайлас жемқорлық етек алып кетті. Аттап баса алмайсың. Жұмысқа аларда сенің қабілетіңе емес, ақшаңа қарайтын заман болды. Адамдар ақшаның құлына айналды. Әрине, ақшасыз өмір сүру қиын, бірақ ақша саған қызмет етуі керек қой!

Менің қорқатыным – самарқаулық, немкеттілік, немқұрайдылық. Тонап, бүлдіріп, тіпті үстімізге гептил дейтін у төгіп жатса да жайбаракатпыз, бейқамбыз. Бәріне салғырт қараймыз. Біздің осал тұсымыз – бейқамдығымыз. Ол тек қоғамды емес, адам мен адамның арасындағы қарым-қатынасты да суытқа береді. Адамның мейірімі мен қайырымын жеп қояды. «Біреуді өлтіріпті» десе, жаның күйінбей, қаның қызбай, бейқам отыра беру деген қанымыздың әбден сұйылып, су боп кеткендігі. Мен осыдан қорқамын. Демография, экология, оралмандарымыздың келуін тоқтатып тастағаны – бәрі-бәрі мені ойлантады...

«Біз шаңырақ көтеріп, үлкен өмірге қадам басқалы бері қызықты да, қиындықты да бірге көрдік. Балаларымызды жетектеп пәтерден пәтер ауыстырып жүріп өсіп, жетілдік. Алматыда екі жыл, Маңғыстауда үш жылдай қара жұмыс істедім. Осының бәрі адамға қиын. Балалар кішкентай. Екеуіміз де өз туған жерімізден жырақта – жердің шеті, желдің отінде жүрдік. Қиындықтың бәрін менімен бірге тең бөлісіп, нардай болып көтерген – өмірлік қосағым. Мен ер адаммын ғой, ол жаны нәзік әйел заты. Сол кездерді еске алсақ, әлі күнге дейін көзіне жас алады. Бірақ, соның бәріне төзді» дейді Темірхан аға Шолпан жеңгеміз жайлы. Темкең бір атадан тараған жалғыз ұл болса, өз кіндігінен Дәуір, Батыр, Заңғар, Ербол сынды төрт бірдей ұл өрбіді. Дәуір – брокер, Батыр – дизайнер, Заңғар – суретші, Ербол – инженер, жоспарлаушы. Бәрі де отбасылы, балалы-шағалы. Немерелері желкілдеп өсіп келеді...

5 қазан, 2013 жыл



Әмин ТҰЯҚОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы:

ДҮНИЕЖҮЗІЛІК ДОДАЛАРҒА ҚАЗАҚ БОЛЫП ҚАТЫСҚАНҒА НЕ ЖЕТСІН!

Гурьев облысы (қазіргі Маңғыстау) Маңғыстау ауданындағы Шайыр ауылында 1937 жылдың 12 ақпанында әйгілі желаяқ Әмин Тұяқов дүниеге келген. Қаратаудың баурайындағы ауыл. Шетелдерге барып, түрлі спорттық додаларға қатысқанда есіміне қарап «Мұсылман екенсіз ғой» деп ерекше құрмет көрсетіп жататын. Әбекең 100, 200 метрлік қашықтықтарда және 4x100 эстафета жарыстарында өнер көрсеткен жылдары Еуропа кубогының иегері, күміс жүлдегері, сегіз рет КСРО чемпионы, он рет жүлдегері, ондаған халықаралық бәсекенің, КСРО халықтары спартакиадасының жеңімпазы, он төрт рет КСРО Қарулы Күштерінің чемпионы болды. Бұдан басқа алты рет КСРО рекордын жаңартқанының өзі неге тұрады?!

Тұңғыш немере

– Әкем Елемес Ұлы Отан соғысына кеткенде одан қалған жалғыз ұл – мені әжем қолындағы барын аузыма тосып өсіріпті. Тұңғыш немересі болған соң әжем кішкентайымнан бауырына басқан. Маңғыстау түбегінде шешек ауруы пайда болып, соңымнан ерген інім Әмихан

сол дерттен көз жұмады, – деп бастады әңгімесін Әмин аға. – Бағымызға қарай, аяғынан жараланғаны болмаса, әкеміз 1945 жылдың аяғында соғыстан елге аман-есен оралды. Әжем Мақпал «Жұрттың бәлен баласы соғысқа аттанды, соның бәрі де келген жоқ. Құдайға шүкір, Әминнің көз жасы болар, әкесі мен ағасы (әкемнің інісі Едіге) елге аман оралды» деп отыратын. Әжем жүріс-тұрысы ширақ, өте бастамашыл, коммунистік партияның мүшесі болған кісі, ұжымшарды басқарған. Менде сақталған әжемнің бір құжатында 1939 жылы Маңғыстау ауданында үлкен жиын болып, соған аудандық кеңестің депутаты ретінде қатысқан екен. Оның өмірі аса ұзақ болған жоқ, менің он екі-он үш жас шамасындағы кезімде дүниеден өтті. Кейде өзгелерге қалжыңдап «Әжем өмірден озғаннан бері жетіммін» дейтінмін. Ол кісі қайтыс болғанда партия билетін тапсыруы керек екен, мен сондағы фотоны жыртып алғанмын. Біздің қолымызда сақталған әкемізден қалған жалғыз естелік – сол фото.

Әкем ұжымшарда жұмыс істеді. Ауылдық жерде шаруашылықпен айналысты. Сиыр, жылқы бақты. Елге беделді, шаруашылығына ұқыпты кісі болатын. Әкеміз әскерден оралғаннан кейін соңымнан ілескен бауырларым дүниеге келді. Өмірден ертерек озғандарынан қалғанымыз ағайынды алты ұл, бір қыз араласып-құраласып өмір сүріп жатқан жайымыз бар. Едіге ағам 1954 жылы қайтыс болып, одан қалған үш бала да бізбен бірге өсіп, ержетті. Жоғары сыныптарда оқығанда ағама үнемі көмектесетінмін. Қазақтың салты бойынша ата-ана қара шаңырақтың иесі, кенже баламен бірге тұрады. Едіге ағам оқытушы болатын. Мен әжеммен бірге солардың үйінде тұрдым. Әжем мен ағам өмірден озғаннан кейін де өз әке-шешеме кетіп қалған жоқпын, женгеммен, олардың балаларымен бірге тұрдық. Ауданда интернатта оқыдым.

Өз анам Жәнияшты апа деген емеспін, Жәке, жеңге деп атайтынмын. Ұлым өмірге келген кезде зайыбым Алма енесінен «Әмин сізді неге апа демейді?» деп сұрағаны бар. Сонда анам «Келін, енемнің әруағынан қорқамын. «Жалғыз бала» деп енем кішкентайынан бауырына басқан» деді.

Әкемнің шаруашылығы дұрыс болатын. 1967 жылы «Волга» автокөлігін алған. Ол кездері мұндай көлік алу да оңай емес. Бір жерге барып келе жатқанда жол апаты орын алып, анам мен інім қайтыс болып кетті. Анамыз көрмеген бала-шаға қызығын әкеміз көріп, 1999 жылы 85 жасында өмірден озды.

Шоқай киіп өскен балалар

Олар бала күнінде сиырдың жүнін домалақтап, доп жасап, қашпа доп ойнайтын. Бір қызығы, кейіннен білгені, осыған ұқсас ойын түрі Америкада дамыған. Айнала шеңбер жасап қояды да, таяқпен допты ұрып, қашып жүріп оны шеңберге дейін жеткізеді. Допты өзіне тигізіп алса, ойыннан шығып қалады. «Сонау Американың ойыны түкпірдегі Маңғыстау түбегіне қайдан келді?» деп таңғалады спортшы. «Мүмкін, біздің ұлттық ойынымыздың бір түрі болған шығар. Өкінішке қарай, қазіргі балалар басқа ойын түрлеріне өтіп кетті де, бұрынғы ойынның көбі ұмытылып қалды. Волейбол ойнайтынбыз, неге екенін футболды білмейтінбіз» дейді ол.

– Әкеміз соғыстан келгенше қиыншылықтың бәрін көрдік. Аяқ-киім жетіспейді. Біздің ауылда байпақ болған жоқ. Шоқай дейтіннің не екенін қазіргілер білмейді, түйенің терісінен жасалған аяқкиім, әр жерінен байлап-байлап қоятынбыз, – деп жалғады әңгімесін Әмин аға. – Соғыс кезінде әжем мен жеңешем пішен жинаймыз деп мені үйге тастап кететін. Ұжымшардың қойын сауатын. Қай қойдың қозысы қайсысы екенін айыратын біз сияқты балалар. 6-7-сыныптарда жаз болса жылқы бағатынбыз. Кейбір жылдары жылқыларды шығырмен суарамыз. Ол менің мойнымда. Ұжымшардың жұмысына балалар да тартылатын. Ауылдағы бір отбасына таңғалатынмын. Екі бала мен шешесі күркеде тұрады. Үйлерінде ішерге ас таппай отырғанын білетінбіз. Жүгеріден, бидайдан жасалған талқанды былай берсең алмайды. Асық ойнап, әдейі ұтыламын, сөйтіп талқанға асықты сатып алған боламын. Қазақы ауылда ешкім есіктеріне құлып салмайды, ашық-шашық қалдырып та жүре береді. Қанша жерден ашқұрсақ жүрсе де әлгі балалар ұрлық жасамайтын. Кейіннен олар да жетіліп, адам болды.

Ләңгі, асық ойнайтынбыз. Қорғасыннан сақа жасап аламыз. Бала болған соң анда-санда ауыл-ауыл болып төбелесетініміз де бар. Жақында кішкентайымыздан бірге өскен, қазір сексенге таяп қалған Ізбасқан ағамыз «Есінде ме, мектептен шыққанда төбелесетін едік. Сол кезде ешкімге жеткізбейтін едің» дейді. Басымыздан не бір қызықты оқиға өтті ғой, оның қайсыбірін айтарсың...

Желден жүйрік желаяқ

Бала Әмин мектеп табалдырығын 1944 жылы аттады. Қыста бес шақырым жерден мектепке баратын, жазда ел жайлауға көшеді де,

мектепке жеті шақырым жерден қатынайтын. Ауылдағыларда сағат деген жоқ. Шолпан жұлдызы туды екен деп талай рет мектепке ерте-рек барып, мұғалімдерді күтіп отырған кезі болған. Ол сабақты жақсы оқыды. Едіге ағасы «Үйдің үлкені өзіңсің. Келешекте інілеріңді оқытуың керек» деп отыратын. Мектеп бітіретін жылы ағасы қатты науқастанып, қайтыс болып кетті. Әкей де сырқаттанып жүрді. Елде Қожық деген емші болатын. Емші бозбала Әминді тауға жіберіп, жеті түрлі емдік қасиеті бар шөп алдырды. Шөптерді қайнатып ішкізіп, денесін ысқылап, содан әкейдің беті бері қарап, сырқатынан сауығып кетті. Тәуір болған соң баласына «Бізге алаң болма, оқуыңды жалғастыр. Едіге, Торғай ағаларындай мұғалім бол» деп рұқсатын беріп, Гурьевке оқуға тапсыруға жіберді. Бұл 1955 жыл болатын. Емтиханға бір күн қалғанда облыс орталығындағы Педагогикалық институттың физика факультетіне оқуға тапсырып, қабылданды. Ауылда математикадан сабақ беретін Торғай Шоңқалов ағайы қаталдау, талапшыл болатын. Сол кісінің ықпалымен көп балалар математиканы жақсы меңгеріп, Алматы, Қызылорда, Орал қалаларында жоғары оқу орындарына түсті.

Институтта оқып жүргенде алғашқы бапкері, дәрігер, жеңіл атлетикадан бірінші разряды бар жаттықтырушы Анжелика Куликованың көзіне түсті. Өте белсенді кісі болатын. Оншақты баланы жинап алып, жаттықтырды. Студент Әмин көп ұзамай институттағы жарыстарда алдына жан салмайтын болды. Одан қалалық, облыстық жарыстарда бақ сынады. 100, 200, 400 метрлік қашықтықтарда оған тең түсер жан жоқ екеніне көптің көзі жетті. Бір жылдан кейін Қазақстан Республикасы халық спартакиадасы болып, Алматыға жарысқа келді. Бұйырғаны – бесінші орын. 1956 жылы Спорт комитетінің бастығы Әбен Артықов Мәскеуге командаға алып кетті. Бірақ бұл жолы ешқандай нәтиже көрсеткен жоқ. Қазақстанның құрама командасымен барып, Мәскеуді бірінші рет көріп қайтты. Ал 1957, 1958, 1959 жылдары жүлдегер болып жүрді. 1959 жылы 100, 200, 400 метрге жүгіруден Қазақстанның чемпионы атанды. Әрине, ауылда жүргенде жеңіл атлетика деген спорт түрі жайлы көп мағлұматы болған жоқ. Оның спорттағы жолы Гурьевтен басталды. Бағына қарай Анжелика Михайловна сол жылдары осы облысқа жұмысқа келген екен. Әйтпесе, жаттықтырушылар жетіспейтін кезі. Оның үстіне шеттеу жер болғандықтан бұл облыс орталығына барып жұмыс істеуге мамандар онша келісе бермейтін.

– 1960 жылы Одесса қаласында Буревестник қоғамы біріншілігінде спорт шебері нормасын орындадым. Сол жылы институтты бітірген соң Мәскеуге әскерге алынып, келер жылдың қаңтарында КСРО құрамасына қабылдандым. КСРО-ның бірнеше дүркін чемпионы болу оңай емес, бірақ сол бақ маған бұйырыпты. Ғұсман Қосановтармен бірге жүгірдік. 60-жылдардан бастап шетелдердегі үлкен жарыстарға қатысып, ел намысын қорғадық. 1959 жылдан КСРО – АҚШ арасында үлкен жарыс болатын. Бір жылы бізде, келер жылы Америкада өтетін. Бұл жай жарыс емес, социализм мен капитализмнің жарысы деуге лайық еді. Жарысқа қатысушы спортшыларға қойылатын талап өте жоғары. 1965 жылы Американың Олимпиада чемпиондарын ұттық. Төртеуіміз – Э.Озолин, Н.Политико, Ғ.Қосанов және маған «КСРО-ға еңбегі сіңген спорт шебері» деген атақ берді. Бұл тек Олимпиада чемпиондарына берілетін марапат болатын, – дейді Әмин аға.

Отбасының ұйытқысы

– Көп жыл Мәскеуде тұрғаныммен өзге ұлттың қызына үйленген жоқпын, – деп жылы жымыды ағамыз. – Үлкен спортта жүрген соң отбасын құру жағы көбіне кейінге ысырылып қала берді де, отыз алты жасымда шаңырақ көтердім. Зайыбым Алма – биолог, Алматыдағы Қыздар педагогикалық институтын бітірген. Биология ғылымдарының кандидаты. Ақын Ғафу Қайырбеков ағамыз айтпақшы, кілең ЖенПИ-дің күйеу балаларымыз. Біз танысқан жылдары қараторыдан келген әдемі қыз Гурьевтің пединститутында сабақ беретін. Кейде «Ертерек үйлену керек екен» деп те ойланамын. Қазақтың үйіне қонақ көп келеді. Көшеде кездесіп қалған кісілерді де үйге ертіп келетін кезім болған екен. Өзім де елге жиі барамын. Мұнайшылардың үлкен-үлкен мерекелерінен қалдырмайды. Сол кездері өзім танымайтын кей жігіттер келіп амандасып, «Баяғыда сіздің үйіңізде қонақта болып едік» деп жатады. Елден келіп, Алматыда білім алған жігіттердің бәрі қазір азамат болды. Алманың солардың бәрін жайғастырып, көңіліне қарап шығарып салып отырғанына ризамын. Әйелімді көзінше мақтаған адам емеспін. Бірақ бүгінде жетпісті алқымдап, сексенге қарай аяқ басқан шағымда «Қазақтың әйелі болса, менің әйелімдей болсын» деп айта аламын. Үйдің берекесін кіргізіп отырған осы кісі.

Жас кезімізде кітапты көп оқып, театрға жиі баратынбыз. Қазақтың үлкен азаматтары Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаевтармен сіз-бізіміз

жарасып, тығыз қарым-қатынастамыз. Үлкен өнер иелері марқұм Нұрғиса Тілендиев пен Райымбек Сейітметовтермен де жақсы араластық. Өзімізбен жастары шамалас қазақтың белгілі жазушыларымен де жиі бас қосып, пікір алмасып тұрамыз.

Өмірде қолдаушылар да, аяқтан шалушылар да болады

Жеңіл атлетика деп аталғанымен спорттың бұл түрі жалпы ауыр сала. Алдына қойған асыл мұратыңа жету үшін аянбай тер төгуге тура келеді. Спорт комитетінің бастығы Әбен Артықовтың, институтта оқып жүргенінде кафедра меңгерушісі Еркін Токпанұлының көп көмегі тиді. Кәркен Ахметов, Октябрь Жарылғаповтардың жақсылығын үнемі еске алып отырады. Өкініштісі, екеуі де өмірден ерте кетті. Олимпиада чемпиондарын дайындаған О.Жарылғапов отыз сегіз жасында қайтыс болып кетті. Үлкен спортқа көп еңбегі сінген кісі еді.

– Үлкен спортты қойғаннан кейін спортшының екінші өмірі басталады, – дейді Әбекең. – Жалпы, әке-шешеміздің берген тәрбиесі болар, біреудің бетінен алып, пәлен-түгенсің дейтін адам емеспін. Үлкен спортпен қош айтысып, Мәскеуден қайтып келген соң бапкер болып жұмыс істеу тапсырылды. Бұрын бапкерлікпен айналысқан емеспін. Ондай тәжірибем де жоқ. Бапкер өз тобына бала жинауы тиіс. Не керек, мен топ жинай алмадым. Ақыл-кеңес бермек түгілі, бас бапкердің өзі маған қарсылығын сездірді. Мені жақсы көретін кісілердің барлығы басқа жұмысқа ауысып кеткен. Бір күні Спорт комитеті төрағасының орынбасары Еркін Әсенов «Тұяқов, жұмыс істей алмай жүрген сияқтысың, орныңды босат» деді. Ішім алай-дүлей болып тұрса да сыр білдірмей, «Жақсы» деп кетіп қалдым. Бір жыл жұмыссыз жүрдім. Институтты үздік бітіргенмін, аспирантураға шақырып жатты. Кәркен Ахметұлы менің жағдайымды сырттай естіп, «Бұл қалай болғаны? Үлкен спортшы қаңғырып жүр» депті. Бір күні қалалық партия комитетінің бөлім бастығы Софья Иринская шақырды. Кейіннен естідім ғой, Кәркен аға оған «Мінезі тентектеу, жалпы келешек үшін керек адам. Оған спорттың айналасындағылар сондай қиянат жасаған екен, біз спорт мектеп-интернатына жұмысқа алайық» депті. Осылайша Кәркен Ахметұлының арқасында жаңадан ашылған спорт мектеп-интернатына жаттықтырушы болып орналастым. Интернатқа республиканың түкпір-түкпірінен балалар келеді, оларды тандап аламыз. Сол жерде ширек ғасыр еңбек еттім. Кәркен аға 1957-1970 жылдары Респубикалық Спорт комитетінің төрағасы болды. 1970 жылы

Алматы қалалық комитеттің хатшысы, сосын Министрлер кабинетінде қызмет жасап жүрген кезінде Мәскеуге барғанында жол апатынан қайтыс болып кетті. Жалпы, Қазақстанның спорт саласының дамуына үлкен үлес қосқан жан. Өзі спортшы емес. Жұмысын комсомолдан бастаған, асқан ұйымдастырушы, Қазақстан спортының дамуына қомақты үлес қосқан жан. Біздің бір кездері спорт саласында біраз олқылықтың болуына Кәрік Ахметұлы мен Октябрь Жарылғапovтың ертерек өмірден озғаны да себеп болды. Октябрь ағамыз да Мал дәрігерлік институтын бітірген, былай қарасаң спортқа қатысы жоқ жан, бірақ Олимпиада чемпиондарын дайындаған. Қабілетті және қазаққа жаны аштын адамдар болған. Октябрь ағам «Әмин, біз тірі тұрғанда сенің еңсең түспейді» деп қолдап, жігерлендіретін. Екеуі де ойламаған жерден өмірден озып кетті. Бұл маған өте үлкен соққы болды.

Олардан кейін Аманша Ақбаев Спорт комитетін басқарды. Ол кісі мені өзінің бақталасы деп ойлады ма, ешқандай қолдау білдірген жоқ. Кейіннен Олимпиада комитетінің бастығы болып жүрген кезінде «Сен депутат та, спорт комитетінің бастығы да, министр де болдың. Сол кездері неге маған қолдау білдірмедің. Бір мектепті басқару менің қолымнан келмейді деп ойладың ба?» деп, құрдас болған соң әзіл-шыны аралас айтқаным бар.

1991 жылы спорт министрі, экономист және саяси қайраткер Қаратай Тұрысов Әмин Елемесұлын Қазақстан құрамасының бас бапкері қызметіне тағайындады. Үлкен аренаға қайта оралып, жеті жылдай қызмет жасады. Шәкірт тәрбиелеудегі табысы – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы атағы берілгені.

Жұрт назарынан тыс қалған кезім жоқ

– Жеке мемлекет болып бөлініп шыққаннан кейін біздің спортшыларымыздың үлкен халықаралық жарыстарға топ-тобымен барып жатқаны үлкен қуаныш. Бас бапкер болып жүргенде қарауымдағы спортшылардың көбі өзге ұлт өкілдері болатын. Оларға «Айналайындар, сендердің әке-шешелерің осында туған. Өздерің де осында өсіп-өніп келесіңдер. Біз сендерді бөлмейміз. Байқап қарандаршы, бұрын Қазақстанның намысын қорғауға небары екі-үш адам қатысса, қазір 26-27 спортшы барады. Бүкіл Азияны аралап шықтық. Қазір жүгіруден бұрын-соңды болмаған әлем чемпионаты өткізіледі. Халықаралық жарыстарда Қазақстанның туын көтеріп жүрсіңдер, сендерге көп-көп рақмет!» деп отыратынмын.

Владимир Зыков деген жігітпен кезінде федерацияда бірге жұмыс жасадық. Қазір зейнет демалысында. Ғұсман қайтыс болғаннан кейін Володя екеуіміз келісіп, Ғұсманның жарысын халықаралық деңгейде өткізейік деп өтініш жасадық. Алғашында қиындау болды. Елге барып мұнайшылардан ақша жинап келуге тура келді. Бұл жарыстың дәстүрге айналғанына жиырма жылдан асты. Ресейде ағайынды Знаменскийлердің атында жарыс өтеді. Бірнеше дүркін Олимпиада чемпиондарының аты да ескерусіз қалып жатыр. Мұндағы мақсатымыз – Ғұсманның жарысы арқылы жастарды спортқа тарту, қызықтыру.

Кеңес Одағы тарағаннан кейін спорт мектептері жабылып қалды. Қиыншылық болды. Біздің спортшылардың дені ауылдық жерден шыққан. Қазір ауылдың жағдайы бәрімізге белгілі. «Ел қайраты» қоғамы құрылды, оның негізгі мақсаты – ауылдық жерлерде спорт залдарын, кешендерін салу. Бүгінде жұмыс жанданып келеді. Бүгін-ертен емес, уақыты келгенде бұл өз нәтижесін көрсетеді деген ойдамын. Қазақстанның болашағы алда. Ауылдың балалары келіп базарда арба сүйремейді. Қазіргі бір кемшілігіміз – спорт кадрларының жетіспеуі. Жергілікті жерлерде университеттер қаптап кетті. Олардың бәрінде дене шынықтыру кафедралары бар, бірақ олар өздерінің негізгі міндетін атқаруға құлықсыз. Бізде Спорт және туризм академиясы бар, ол да өз алдына қойған мақсатын орындап отырған жоқ. Академия ректоры Қайрат Закариянов «Студенттік ойындар өткізіп жатырмыз» деп аузын толтырып айтқанымен, олардың көбі сыртқы бөлімде оқитын, резервтегі балалар. Үкіметтің тапсырмасымен дене тәрбиесі институты ашылуы керек!

Маған «Сіз шетелден жаттықтырушы алып келгенге қалай қарайсыз?» деген сұрақты жиі қояды. Кезінде мен оған қарсы болғанмын. Қазір ойлап қарасам, егер дене тәрбиесі институты ашылса, оған шетелден мықты жаттықтырушыларды шақыру керек екен. Екінші бір мәселе – көптеген мемлекеттерде спорт орталықтары бар. Сол жақтарға барып оқып, дайындалуға болады. Ол үшін тіл білуге тиіс. Спортшылардың басын бір жерге қосатын, дайындалатын орталық болуы керек. Жаттығу жасайтын стадионы, алаңдары, медициналық көмек беретін бөлімі болуы қажет. Бір кездері Қаскелең жактан осындай орталық ашамыз деген ой болған. Сол жоспар жүзеге аспай қалды. Мұның бәрі біздің келешек ұрпағымыз үшін аса қажет.

Қазақ мемлекеті болып қалыптасқанымызға жиырма жылдан жаңа асты. Көп ретте көшіміз дұрыс келе жатыр дей алмаймын. Қазақ

өзін де, өзгені де сыйлай білген халық. Үлкендердің айтқаны заң. Ата-бабаларымыз сөзге тоқтаған, бір-бірімен сыйласқан. Жастардың барлығын жаман деп жоққа шығарып тастауға болмайды. Келешек – жастардікі. Жастар дұрыс жүріп-тұратын болса, біздің еліміз де алға қарай талпынады. Ол үшін қиыншылықтар бар. Жарлы мен байдың арасы тым алшақ болып кетті. Елге, ауылға көмектесуге тиіспіз. Ауыл – біздің түп-тамырымыз. Ауыл еңсесін тіктесе, бәрі де дұрыс болады, қазақтың саны да артады. Айналып келгенде қоғамды жасайтын адам. «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген сөз бекерге айтылмаса керек...

Әлемнің көптеген еліне барып, жеңіс тұғырына көтерілдік. Дүниежүзілік үлкен додаларға Қазақ болып қатысқанға не жетсін! Жеңіл атлетиканың бір жақсысы – ұтып тұрсаң ешкім сені сызып тастай алмайды, өйткені жеңісіңе жұрттың бәрі куә. Еліміздің Жеңіл атлетика федерациясымен қазірге дейін тығыз қарым-қатынастамын. Өткізіліп жатқан үлкен жарыстардың бәрін де үзбей тамашалаймын. Жеңіске жеткендерді құттықтаймыз. Жеңіл атлетикадан Қазақстан құрамасының бас бапкері болып ұзақ жылдар жұмыс жасағанда «Құрмет ордені» атағын берді. 70-ке жақындаған кезімде сол кездері Маңғыстау облысының әкімі болған Қырымбек Көшербаев Елбасыға ұсыныс жасап, Жаңаөзенде стадион салып, сол стадион қазір менің атыммен аталады. Жыл сайын Әминиада жарысы болады. Еңбегімізді ескеріп, елеусіз қалдырмай, үнемі құрмет-қошемет көрсетіп жүрген ел азаматарына ризамын! – деп әңгімені тізгіндеді Әмин аға.

Үлкен спорттың эсері ме, Әмин ағамыз бізге қазір де сергек көрінді. Жеңіл, ешкімнің көңіліне тимейтін әдемі әзілі бар екен. Әсіресе, Құдай қосқан қосағы Алма апамызға қарата «Үйленерде анда-санда қамшымен сабап тұрамын» деп ескерткенмін. Соған келіскен» дейді. Ол кісі де отағасының мұндай қалжыңына әбден үйренген сыңайы бар. Күліп қойып өз шаруасын жасай берді. Қалай дегенде де қазақтың маңдайына біткен атақты спортшысының жары болу, ол кісінің бабын жасау және бүкіл қиыншылықты бірге көріп, жетістігімен бөлісу Алма апамызға бұйырған бақ пен жауапкершілік. Қыздары Сұлушаш пен күйеу баласы Тимурдан туған үш жиені қылықтарымен, қызықтарымен қуантып келеді. Енді ұлдары Арманның шаңырақ көтеріп, келіннің қолынан шай ішсек деген жақсы ниеттері бар. Сөл күн тезірек болғай!..

6 қараша, 2013 жыл



Талғат БИГЕЛДИНОВ,
Кеңес Одағының екі мәрте батыры:

БАТЫР АТАНУ ЕКІНІҢ БІРІНЕ БҰЙЫРМАҒАН БАҚ

Авиация генерал-майоры, Кеңес Одағының екі мәрте батыры, «Барыс» орденінің иегері Талғат Бигелдинов 1922 жылы 5 тамызда Ақмола облысының Майбалық ауылында туған. Бұл – Сарыарқаның төсіндегі қасиетті мекен.

Талғат Жақыпбекұлы Ұлы Отан соғысы кезінде «ИЛ-2» ұшағымен неміс басқыншылары мен олардың техникасын жою үшін 305 рет көкке көтеріліп, ерлік көрсеткен. Үш рет ұшағы жанып, жарақат алды. Небәрі жиырма үш жасында Кеңес Одағының екі дүркін батыры атағын иеленді. Батыр атамыздың өмірі мен ерлігі ұрпақтан-ұрпаққа аңыз болып тарайтыны анық.

Сарыарқаның төсінде туған бала

Батырдың өмірге келуінің өзі қызық. Талғат ағамыздың өз естелігіне қарағанда, ол ешқандай перзентханада, дәрігерлер мен акушерлердің аялы алақанында өмірге келген жоқ. Тіпті оған ежелгі қазақ салтымен, әжелердің жөн-жоралғысымен үйде туылу да бұйырмапты. Батырды нағыз көшпелілердің ұрпағы деуге болады. Ол түйеге тіркелген үлкен екі доңғалақты арбада жарық дүние есігін ашады. Десе де бұл көштің өзге көштен ерекшелігі бар еді. Ақмола округіне аты кеңінен жайылған Ғалибай бай өз малдарын тәркілеуден аман алып

қалу үшін Талғат атамыздың әжесі Түсіпбек пен оның жақындарына Алатау асуын бұйырады. Олардың ішінде айы-күні жетіп, эне-міне босанғалы отырған анасы Хадия да болады. Бұл көштің жауапкершілігі зор еді. Өйткені Ғалибай байдың он бес мыңға тарта малын, оның ішінде он мыңнан артық жылқысын Сарыарқадан айдап әкеліп, Алатау асыру оңай шаруа емес-ті. Осылайша көштің екінші ме, әлде үшінші ме күнінде, өз ауылдарынан әлі ұзап шықпай жатып, Майбалық өзенінің жағасында, ашық аспан астында болашақ ұшқыш дүние есігін ашады. Жас нәрестенің өмірге келу құрметіне көш тоқтатылып, мал сойылып, шілдехана жасалады. Ақсақалдардың ақылдасуымен сол жерде оған Талғат деген есім беріледі.

Кейіннен қазақтың салтымен оны отбасында бала болмаған туыстарына береді. Құжаттарда Талғат Түсіпбекұлы емес, Жақыпбекұлы болып жазылуының мәнісі сонда. Бұл – ет жақын адамдарының көңіліне қарау, бір-біріне жанашырлық, мейірбандық. Осылайша кішкентай Талғат Қырғызстанның Бішкек қаласына келеді. Қырғыздардың кейде батырды өздеріне жақын тартып, иемденіп қалатынының сыры сол. Әйтсе де өгей шешесі оны соншалықты іш тарта қоймайды. Тіпті ашқұрсақ жүрген кездері де көп. Достарымен тауға барып кесіртке, жылан аулағаны да есінде.

Мектепте математикадан үлгерімі жақсы болды. Бірақ орыс тілінен біраз қиналғаны рас. Дегенмен орыс тілінен сабақ берген, бүгінде тегін ұмытып қалған Надежда апайының өз үйінде бірнеше апта қосымша сабақ бергенінің арқасында бұл қиындықты да жеңуге мүмкіндік туды. Көп уақыт өтпей алынбас қамалдай болған орыс тілінде емін-еркін сөйлеп, тіпті өте сауатты жаза да алатын болды. Жанарының оты бар талапты баланың көкірек көзін ашумен қоймай, Надежда апайы өзі ішкерге тамақ таппай отырса да, сабақ үйренуге келген бұларға талғажау етер дәм ұсынатын.

Қадиша әженің қамқорлығы

Бала Талғатты Бигелді атасының 101 жасап қайтқан қарындасы – Қадиша әжесі қатты жақсы көрді. Үнемі оны айналып-толғанып, жылы сөзін аямайтын. Әкелері 1931-1932 жылдардағы ашаршылық қысыңқыраған уақытта ұжымшардан жалға жер алып, таудың етегінде пияз, жүгері егетін. Үйдің үлкендері жаз бойы түгелдей егістік басында болады. Сонда әжесімен бірге қалып үйді қарайтын, бие мен сиырды бағып, сауатын Талғат еді. Осылайша еңбекке, елгезектікке баулынды. Қаршадайынан қара жұмыс істеп, ширады. Мұның болашақта пайдасы тимесе, зияны болған жоқ.

Ұшқыр қиял бала шақтан оны ұшқыш болуға жетеледі. Он алты жасында Бішкектегі ДОСААФ авиамектебіне оқуға түсті. Ұшуды үйренген алғашқы ұшағы – «У-2». Аэроклубтағы тәжірибеден де ойдағыдай өтті. Алғаш рет сол жылдары аспанға көтерілгенде тағдыры көк жүзіне байланатынын қайдан білсін?! Ұстаздары оқуын әрі қарай жалғастыруға кеңес береді. 1940 жылы Саратов арнайы барлаушы ұшқыштар авиациялық мектебіне оқуға қабылданады. Әскери ұшқыш мамандығын меңгергісі келгендерге қойылар талап өте қатал екен. Әйтсе де ол қатан сұрыптаудан мүдірмей өтіп, екі жыл сол жерде білім алып, сержант шенімен диплом алып шығады. Одан кейін Чкаловтағы бомбалаушы ұшқыштар мектебін тәмәмдайды. Бұл сұрапыл Ұлы Отан соғысының қызып тұрған шағы. 1942 жылы Ижевск қаласында «ИЛ-2» штурмовигімен ұшуды үйреніп, қан майданға аттанады. Бұған тигені №13 ұшақ. Он үш санын кейбіреулер сәтсіздікке балайды. Ұшқыштардың ішінде де өзінше ырымшылдары бар. Ұшқыш-истребитель Шутт бір тарелкені сындырмай аспанға көтерілмейтін. Полктің тағы бір ұшқышы Опрышко бұтындағы шалбарын сыпырып, тізе бүгіп, отырып, сосын ғана ұшақ тізгініне бет бұратын. Біздің батыр атамиздың да аспанға көтерілгенде аузына алатын дұғасы болды. Қадиша әжесінің «Күн күркіреп, найзағай ойнағанда оқысаң, саған жасын тимейді» деп үйреткен дұғасы бар-ды. Ұшаққа алғаш рет отырғанда сол дұға ойына сарт ете қалды. Өйткені жас болса да «От пен оқ та бір жасын емес пе?!» деген ой түйеді. Сол дұға төмендегідей: «Ләә хаула уә ләә қууата иллә билләһил ʼәлийл ʼәзиим. Машаа алллаһу кәәна уә мәә ләм яша' ләм укян. Әл-имәәну иқрарун бил-лисаани уә тасдиқун бил қалби, би мәә жәә-а биһи мин ʼиндилләһи. Мухаммадун расулуллаһ саллаллааһу әлайһи уә саллам. (Қазақша мағынасы: Нағыз күш-қуат ұлы да үстем Аллада. Алла тағаланың қалаған нәрсесі болады, ал қаламағаны болмайды. Иман – ол Алланың құзырынан Мұхаммедке (с.ғ.с) келген дінді тілмен айту әрі жүрекпен растау). «Міне, осы дұғаны әрбір аспанға көтерілер сәтте оқыдым және өзіме ешқандай снаряд тимейтініне сенімді болдым. Сол дұғаны осы күнге дейін оқимын» дейді батыр.

Он бес күн дегенде майдандастарына оралды

1943 жылдың қаңтарында Талғат Жақыпбекұлы Калинин майданына қатысты. Әуеге көтерілген алғашқы сапарынан-ақ жеңіспен оралды. Дегенмен соғыстың аты – соғыс. Бір күні Бигелдинов кезекті тапсырмадан келген жоқ. Майдандастары оны өлгендердің

қатарына қосқаны да рас. Сол жолы біздің ұшқыштар жаумен тікелей бетпе-бет келген. Немістің атақты он тоғыз «Мессершмиті» кеңестік ұшқыштарға тұтқиылдан шабуыл жасаған. Біздің батыр ағамыз сәтті ұшып келе жатқан, бір кезде өз ұшағына бірнәрсе болғанын сезді. Қырсыққанда тап сол жерде жаудың тағы екі «Мессершмиті» пайда бола кетті. Әрине, жаудың осыншама көп ұшағына «сыр білдіріп» тұрған машинамен соққы беру мүмкін еместігін түсінді. Өзгеше әдіс жасап ұшуға әрекеттеніп-ақ бақты. Бірақ жау жағы оны оқтың астына алды. Ұшақ моторынан түтін шыға бастағаны сезілді. Жанындағы көздеуші Яковенко екеуі ұшақтан парашютпен секіруге тура келді. Өкініштісі, екеуі де едәуір дене жарақатын алған еді. Олар осылайша жау жағына табан тіреп, қаншама қиындықты басынан өткізді. Неміс басқыншыларының көзіне түсіп қалып, үш сағаттай алқымына дейін батпақта тығылып тұруына тура келді. Ақыры ұрыс даласын кесіп өтіп, өзіміздікілерге қарай мысықтабандап келе жатып серігінен көз жазып қалады. Әрең дегенде Солтүстік Дон жағалауына жетеді. Оның арғы жағалауында өзіміздің әскерлер. Ол қалайда дұшпандардың қолына түспеу үшін суық суға қойып кетіп, үздіксіз атқылаған дұшпан оғынан жан дәрмен құтылудың амалымен бар күш-жігерін салды. Суда жүзіп келе жатқанда сол қолынан оқ тиіп, жараланады. Суға малынған киімі зілдей болып тереңге қарай тартады. Қарсы жағалауға жеткенде есінен танып, тастың үстінде жатқан жерінен өзіміздікілер тауып алып, көтеріп алып келеді. Осылайша, он бес күн дегенде өз майдандастарына келіп жетті. Санитар жарасын таңып берді. Үш күннен соң қайта сапқа тұрып, майданға кірісіп кетті.

– Соғыс кезінде ұшқыштардың арасында «Егер тоғыз рет аспанға көтеріліп, одан аман-есен оралатын болсаң, онда өмірің ұзақ болады» деп есептейтінбіз, – деп еске алады батыр. – Шамамен он бес-жиырма рет ұшқан кезім. Глухая Горушка деревнясында ұшып жүргенбіз. Тапсырма соншалықты қиын емес-ті. Жаудың артиллерия позициясын бомбалап, қайтып келу. Тапсырма бойынша тиісті нысанды атқылап, кері қайттым. Бар ойым – теміржол жақпен аэродромға жетіп алу. Оң жағымнан атылған оқ винтті жанап өтті. Немістің әйгілі «Мессершмитт-109» истребителі төпелеп оқ жаудыра бастады. Мен де дереу қарсы оқ жаудырдым. Бірде ол, бірде мен алдыға шығып кетеміз. Бір кезде жау истребителі дәл алдымда ұшып жүр. Оқ тиетіндей-ақ жерде. Пушканы бастым келіп. Неміс истребителі бір жағына ауып барып біздің территорияға қарай жығылсын. Сол жолы бес адамымыздан айырылды. Бұл 1943 жылдың басы. Мәскеу маңындағы Калинин

майданы болатын. Сол кезде мен атып түсірген немістің Франция, Польша майдандарына қатысқан атақты ұшқышы екенін ертеңіне бір-ақ білдім. Дивизия командиріміз, Кеңес Одағының тұңғыш батыры Николай Каманин тұтқынға түскен неміс ұшқышына «Міне, сенің ұшағыңды атып түсірген мына қазақ» деп сол кездері газетке шыққан менің фотомды көрсетіпті. Өз көзіне өзі сенбеген неміс ұшқышы «Ол қанша жаста?» деп сұрапты. «Жаңадан ғана ұшып жүрген он тоғыз жастағы бозбала» десе, таңғалған ол «Оны маған көрсетіндерші» депті.

Н.Каманин өзінің қазақстандық жас әріптесін ІІ дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденіне ұсынады. Авиация тарихында бұрын-соңды неміс қырғиы «Мессерді» шабуылдаушы-бомбалаушы «ИЛ-2» ұшағымен атып түсірген тұңғыш ұшқыш Талғат Бигелдинов екендігінің өзі – біз үшін үлкен мақтаныш.

Ақ түске боялған паравоздың әлегі

Соғыстың нағыз қайнап тұрған шағы. Қас дұшпанының көзін құрту үшін екі жақ та небір айла-амал тауып, барынша әрекеттеніп-ақ жатыр. Мұндай амал-айланы немістер 1941 жылдың өзінде, тіпті Мәскеуге шабуыл жасағанда-ақ ойлап тапқан. Паравозға тіркелген арнайы тіркеме жүріп өткен жолдың тас-талқанын шығарады. Егер осындай паравоз бір сағат жүретін болса, шамамен он бес шақырымдай жолды істен шығарады. Оны қайта қалпына келтіру үшін қаншама инженер, солдат неше күн бойы аянбай жұмыс жасауға тура келеді. Қаншама материалдың қажет екені де түсінікті. Бұл уақыт аралығында қатынас үзіліп, солдаттар мен оларға қажет азық-түліктің жеткізілуіне де кедергі келтіреді. Сондықтан мұндай паравоз-жолбұзушылардың дер кезінде көзін құрту ұшқыштарға тапсырылады. Ұшқыштар мұндай паравоздарды «аулауға» арнайы тапсырма алатын. 1944 жылдың ақпанындағы осы бір оқиға біздің кейіпкеріміздің есінде мәңгілік сақталып қалады. Первомайск мен Шағын Виска арасын жалғап жатқан теміржолды немістің паравоз-жолбұзушысы құртпақ болады. Паравозды жою Бигелдиновке тапсырылған.

«Тап осы қарсыласым барынша қу және өте тәжірибелі, сондай-ақ сақ болып шықты. Бір күн бұрын ғана осы жерден ұшып өткенімде шойын жолдың рельстері болған. Ертеңіне жоқ. Тіпті ешқандай паравоз да көрінбейді. Маған жердегі барлаушылардан паравоздың жүріп келе жатқаны туралы хабар түсті. Ұшып келемін, ешқандай паравоз көрінбейді. Тіпті бірнеше күн барлау жасадым. Өзімнің де әбден дег-

бірім қаша бастады. Ал тез арада жексұрын паравоздың көзін құртуды қайта-қайта бұйырып жатыр. Бір күні тағы да барлау жасауға көкке көтерілдім. Немістердің іс-жоспары жайлы мәліметтер жинай бастадым. Артиллериясы мен жердің астына көміп қойған танктерін суретке түсіріп алдым. Енді өзіміздің әуежайға қарай бет түзеп келе жатқаным сол еді, күтпеген жерден төменгі жақтан паравоздың көлеңкесін байқадым. Кәдімгі паравоздың сұлбасы күн сәулесімен үлкен әрі сүйкімсіздеу көрінеді. Көлеңке қозғалып келеді, ал түтін байқалмайды, тіпті паравоздың өзі де көзге түскен жоқ. Мен бірден төмен қарай құлдилап ұшып, сонда ғана неше күн бойғы барлауымнан нәліктен нәтиже шықпағанын түсіндім. Паравоздың үстіне тұтас қар, топырақ, тас төсеп кәдімгі жердің бетіндей алаң жасаған. Ал паравоздың өзі аппақ түске боялған. Біздің ұшақтардың көкке көтерілгенін байқаған машинист бір сәтке паравоздың тізгінін тарта қояды. Қастарынан ұшақ өтіп кеткен соң жайлап орнынан қозғалады. Неше күн бойы әуре-сарсаңға салған паравозды көргенде «Енді менен құтылмассын!» деп айқайлап жіберіппін. Паравозды жанамалап ұшып, оқтың астына алдым. Машинист кенеттен тоқтап қалады да, оғым далаға кетеді. Нысананы қайтадан атқылай бастаймын, тағы да нәтиже жоқ. Байқаймын, машинист өте тәжірибелі, тіпті менің әрбір қимылымды бағып, соған лайықты ол да әрекет етіп бағуда. Паравоз бен ұшақтың ерекше жекпе-жегі 15 минуттай уақытқа созылды. Ақыры снаряд қазандығына дөп тиіп, паравоз тоқтады. Паравозды жанамалай ұшып тағы да пушка мен пулеметтен оқ жаудырдым. Бұрылып келіп, екінші жағына шығып, снаряд тастадым. Паравоз әп-сәтте металға айналды. Тағы да бір рет айналып ұшып, таза жұмыс жасалғанына көзімді жеткізіп, суретке түсіріп, «үйге» қайттым...» дейді батыр. Осы жерде айта кету керек, егер фотобақылауға түсіріп алмаса, нақты дәлел болмайды, сондықтан бұл ұшу сапары есепке алынбай да қалуы мүмкін. Суретке түсіру де қиын, өйткені бұл жай әуесқойлардың ермегі емес. Ұшқыштар бұл жағынан да арнайы таңдалады және оларды фотографияның қыр-сыры жайлы арнайы оқытады. Ұшқыштар жаумен жағаласа жүріп түсірген суретінің сапалы болуына барынша мән береді. Тәуекелге бел байлап түсірген суретінің сапасы ойдағыдай болуы үшін биіктікті, жылдамдықты қалыпты ұстап тұру қажет. Ал бұл кезде сені жердегі атуға мүмкіндігі барлардың бәрі оқтың астына алады. Талғат Жақыпбекұлының көзі өткір, қырағы және бір көргенін ұмытпайтын қасиеті де ерекше. Бұл қасиеті барлауға шыққан кезде және тиісті тапсырманы орындағанда көп көмегін тигізді.

1944 жылдың 27 маусымында Талғат ағамызға Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Бұл кезде ол 155 рет жауынгерлік ұшу жасап, талай рет жеке-дара тандай қағар ерлігімен көзге түскен болатын.

– Днепр жағасындағы Кировград үшін шайқас Ұлы Отан соғысы жылдарындағы ең шешуші шайқастың бірі болды. Бұл жерді басып алуға немістер де барын салды, оны қорғап қалуға кеңес әскерлері де аянып қалмады. Бұл шайқастағы менің міндетім – жаудың Днепр өзені жағасындағы жасырып көміп қойған танкілерін жою. Қиян-кескі осы шайқасты майдан командирі өз көзімен көріпті. Осы шайқаста штурмовиктер алты, истребительдер сегіз ұшақты атып түсіреді. Командир Иван Конев «Штурмовиктер мен истребительдердің командирлері кешке дейін Кеңес Одағы батыры атағына ұсынылсын!» депті. Ол кезде мен небәрі жиырма жастан енді асқан, эскадрилья командирі болып тұрған кезім. Батыр атану – екінші біріне бұйырмаған бақ. Ал мұндай атақтың екі мәрте иегері болу менің маңдайыма жазылыпты, – дейді Талғат Жақыпбекұлы.

Рас, ол 1945 жылы 27 маусымда Кеңес Одағының батыры атағын екінші рет алды. Кезекті барлаудан ұшып келе жатса, Синдомирге қарай қарақұрым танк қаптап келеді. Екпіндері кездескенді жайпап салатындай жойқын. Дереве КП-ға хабарлайды. Енді бір 15 минут кешіккенде мұздай қаруланған жау әскері плацдармды бұзатын еді. Лезде қырық ұшақ бірдей көкке көтеріліп, жау әскерлерінің бетін қайтарады. Бұл жолы да майдан командирі Иван Конев ұсыныс білдіріп, осылайша жиырма үш жасында Ұлы Отан соғысына қатысып, ең жоғары марапат – Кеңес Одағы батыры атағын екі рет алған 65 әскери ұшқыштың қатарына қосылды.

«Өзге елде сұлтан болғанша...»

Ұлы Отан соғысы аяқталғаннан кейін Талғат атамыз Әскери әуе академиясында оқып, кеңес армиясындағы бөлімдер мен құрамалар командирі, штаб бастығы мәртебесін айғақтайтын диплом алып шықты. Әскери қызметте реактивті ұшақтарды игерумен шұғылданды. Кезекті сынақта апатқа ұшырап, алты ай бойы төсекке таңылып, ажалмен арпалысқан жағдайы бар.

Дегенмен оқ пен оттың ортасынан аман-есен оралып, бейбіт күнде біреудің қолына қарап қалатын қазақ Талғат Жақыпбекұлы емес. Бейбіт өмірде де өз орнын еншілеуге талаптанды. Бұл әрекеті де нәтижесіз қалған жоқ. Өскен, үлкен өмірге алғашқы қадам жасаған Фрунзеден өзіне лайықты жұмыс таба алмай, көңілінің біраз құлазығаны да

бар. Осы кезде өз атамекені – Қазақстанға қарай бет түзеу керек екенін түсініп, отбасымен ақылдаса келе, Алматыға қоныс аударды. Кеңес Одағы Азаматтық авиация бас басқармасына жазған хаты жауапсыз қалмады. 1956 жылы Қазақстанның Азаматтық авиация бас басқармасы бастығының орынбасары қызметіне кірісті. Елдің сенімі, өзіне жүктелген міндеттің жауапкершілігі үлкен екенін ол жан-жүрегімен сезінді. Бұл елімізде азаматтық авиацияның соншалықты дами қоймаған кезі. Істеймін деген адамға қыруар шаруа тұр. Тіпті республика басшылары Мәскеуге бару үшін алдымен Ташкентке ұшып барып, сосын ғана Мәскеуге жол тартатын. Қайтарда тағы солай. Мұның басты себебі Алматыда «ИЛ-8» ұшағы ұшып-қонатын асфальтты-бетонды берік алаң жоқ болатын. Республика басшыларына, Жұмабек Тәшеновке мән-жайды баяндап, тиісті ұсыныспен шықты. Көп ұзамай Үкімет республикада азаматтық авиацияны өркендетудің жоспарын әзірледі. Алматыдан Мәскеуге тікелей әуе жолын тартуға батыр ағамыз басты дәнекер болды. Осы бастамадан кейін еліміздің облыс орталықтары мен ірі қалаларында аэродромдар мен ұшып-қонатын жолтабандар салу қолға алынды. Жаңа мамандықты жете меңгеру үшін Мәскеудің инженерлік-құрылыс институтын сырттай оқып алды. Алматыдан соң Балқаш, Ақмола, Арқалық, Қызылорда, Қарағанды, Тараз сынды көптеген қалаларда сол заманның талабына толығымен жауап бере алатындай ұшу-қону алаңдары бар аэродромдар салынды. Лисаков кен байыту комбинатын, Жамбыл суперфосфат комбинатын, Алматыдағы Республика сарайы, Ұлттық кітапхана, Цирк ғимаратында Талғат ағамыздың қолтаңбасы бар.

Елдегі сәулет-құрылыс саласында жасаған еңбегі де еленіп, мемлекет тарапынан түрлі марапаттарға лайық деп танылып, қошемет көрсетілді. «Отан», I дәрежелі Даңқ ордендері – соның айғағы. 1945 жылы 24 маусымда Женис шеруіне қатысып, елге оралған соң да қыруар іс тындырған Талғат ағамыздың өмірі мен ерлік істері әлі талай ұрпаққа аңыз болып тарары ақиқат. Талғат Жақыпбекұлы – «Илы атакуют», «305 рейдов», «Сражение в воздухе», «Пике в бессмертие» сынды кітаптардың авторы. Ол табиғат аясында болып, омарташылықпен айналысқанды ұнатады. Торқалы 90-нан асқан қарт майдангерге аман-есен ағамызда жүре беріңіз дегіміз келеді.

27 қараша, 2013 жыл



Дулат ИСАБЕКОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

СЕНІП ЖҮРГЕНДЕРДІҢ СЫРТ АЙНАЛАТЫН КЕЗІ БОЛАДЫ...

Жазушы-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Дулат Исабеков Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс ауданы Ленин жолы ауылында 1942 жылдың 20 желтоқсанында өмірге келіпті. Бұл ауыл – Сырдарияның маңы, атақты Мұңлық–Зарлықтың төңірегі, ең даладағы шағын елді мекен. Ол жақтан бала кезінде кетіп қалған, бірақ кейіннен ат жалын тартып мініп, азамат болған соң талай барды...

Нысанбайдан Дулатқа дейін...

– Бабам Самыраттан төрт ағайынды ұл туған. Соның ең үлкені Алдабергеннен менің әкем Исабек тарайды, – деп бастады әңгімесін Дулат аға. – Атамыз отыз бір жасында дүниеден ерте озыпты. 1901 жылы Ташкент пен Арыстың арасына теміржол салынғанда сонда жұмыс істепті. Зор денелі, науша, бір өзі екі-үш адамның жұмысын атқаратын, табыскер кісі болыпты. Ауыр жұмыстың әсері ме екен, ауруға шалдығып, жалғыз баласы Исабек пен қызы Оңласынды кішкентай кезінде кенже інісі Мәуленнің қолына табыстапты. Әкем Исабек Мәулен атамның қолында өсіп, ержеткен. Оңласын апамыз жастайынан

тұрмысқа шығып кеткен. 1940 жылдары мақталы өңірлерде ұжым-шарлар ұйымдастырылып, Сырдың арғы жағындағы қазақтардың бәрін ұжымшарға айдаған. Сол топтың ішінде менің әкем де бері қарай өтіп, қазіргі Сайрам ауданы «Ленин жолы» ұжымшарында бригадир болған. Аздап хат таныған. Ол кездері әріп білген адамның өзі сауатты болып есептелген. Анам бесінші балаға, яғни маған аяғы ауыр болыпты. Мәулен атам атақты молда болған. Дағарадай сәлде киіп жүретін көп молданың бірі емес, Бұхарадағы Көклаташ діни жоғары оқу орнында оқыған, сауаты мол кісі екен. Төрт жыл діни оқу үйреніп, екі жыл қара магияны меңгереді. Ол заманда үлкен молдаларға қара магияны арнайы оқытады екен ғой. Сондай қабілетті, қара суды теріс ағызатын нағыз молда болыпты. Құранды әндегіп оқып отырғанын талай рет естігенмін. Олар тек Құран оқып, діни уағыз айтып, жаназа шығарумен шектелмеген, өте философ болған, арабшаға жүйрік, әдебиетті жақсы білген. Халықтың сауатын ашқан. Молдалардың соңына түсіп, алып кетіп жатқанда, ол кісі жасырынып жатып қалады. Ағайын-туыстың жаңа туылған барлық ұлдарының атын Мәулен атам Құраннан алып қойған. Жаңа жерге қоныс аударғанда мен анамның құрсағында кеткенімді айттым. Аман-есен дүниеге келіп, құлағымның жоғары жағында кішкентай тесік болғандықтан, атымды Нысанбай қойған екен. Мәулен атам «Исабектің үйіндегі келіннің босанатын уақыты болып қалды. Баланың атын Құраннан қоймай-ақ қояйын, олар қабырғалы дулат елінің ішіне барып қоныстанып жатыр, бұл баланың есімі Дулат болсын» деп сәлем айтып, есімім екінші рет қойылыпты. Балалық шағым сол жерде өтті. Мектепке сонда бардым. Қазір ол ауыл атымен жоқ. Кейіннен өз атамекеніміз – Арыс ауданындағы Қараспан ауылына көшіріп алып келген. Бір кездері Сайрам ауданына, бүгінде Ордабасы ауданына қарайды. Сол жерде жетіжылдық мектепті бітірдім. Әкем соғысқа кеткеннен оралмады. Ол кісі әскерге кеткенде жан-жағымнан көрпеге орап отырғызатын бала екенмін. Көзін көргендер «Исабектей азамат сирек еді ғой» деп жататын.

Арғы дүниеден оралған бала

Жазушы өзінің бір жарым жас шамасында өліп қала жаздағанын айтады. Ол емшек ембей өседі. Өте аурушаң бала болыпты. Шешесі де дiмкәс. Әлсiз, жүдеу бала бiр күнi кешке жақын дем ала алмай жатып қалса керек, одан әбден күдер үзген шешесi Күмiскүл «Бұл бала ендi адам болмайды екен. Ойбуй, Дулат өлiп қалды» деп көршiлерге

хабар береді. Олар баланы киізге орап, кіреберіс бөлмеге шығарып қояды. Сүйекшілерге хабар беріп, Аққойлы мешіті қасындағы қалың қорымның бір шетінен мола қазады. Олар қабірдің дайын екенін жеткізеді. Көрші кемпірдің бірі, кім білсін, соңғы рет көріп қалайын деген шығар, бетін ашса, бала ыржиып күледі. Кемпір «Ойбай, Күміскүл, балаң тірі!» деп жан дауысы шығады. Шешесі жүгіріп келіп сәбиін құшақтап, ебіл-дебілі шығып жылайды. Тірідей көме жаздады ғой енді. Әрі аяушылық бар, әрі ана жүрегі өлімді сезінді ғой...

Кейіннен екінші ағасы Пәрмен екеуі бір сыныпта оқыды. Ол кездері төрт-бес жас айырмашылығы болса да балалар бір сыныпта оқи беретін. Айжамаш деген қыз тіпті бесінші сыныпта күйеуге тиіп кеткен. Үлкен ағасы Нәбиалы екеуі бір-бірінен айнымайды, сойып қаптап қойғандай. Пәрмен – төртпақтау, орта бойлы, бірақ күшті. Одан жоғары сыныптың балаларының өзі аяқ тартатын. Қорықпайтын – жалғыз бала Дулат, тілін тартпай «тапал, қортық» деп мазақтайды. Оған қарап тұратын Пәрмен бе, ұрады-ай кеп. Ұрып-ұрып шаршап, ақырында «Сені баяғыда көміп тастай салу керек еді» дейтін күйіп-пісіп. Сондағысы бала болған соң асыққа, ләңгіге талас қой...

Анам әңгімешіл еді

– Анамның әке-шешесі бай кісілер болған екен, кейіннен тәркіленген, – дейді қаламгер. – Оны айтып отырған себебім: дәулеті бар адамдар ғана баласын, әсіресе, қыз баланы молдаға оқытады. Менің шешем әптиекті бітірген. Құранның көбін анамнан естігенмін. Қазір молдалар Құран оқып жатқанда, мән беріп қарап отырсам, құдды анамнан естігенімдей. «Үйреніп алыңдар» деп қанша айтса да, жүре тыңдадық, заман солай болды, қайта мазақ қылып күлетінбіз. Анамның ыңылдап салған әндері жадымда қайта жаңғырып, есіме түседі. «Мұңлық – Зарлықты» жазғанда анамның айтқан әндерін түгел еске алдым. Әсіресе, спектакльді Қызылордада қоятын кезде өзімнің «жаман» дауысыммен таспаға жазып, үш-төрт музыканы жібердім. Олар – Мұңлық – Зарлықтың заманына жақын әндер. Осындай әндерден мол қазынасы болды апамның. Аңыздарды көп білетін. Елдің адамдары, болыс-билері жайлы әңгімесі таусылмайтын. Кейіннен апамның әңгімелерін айтып берсем, Бибіқали әпкем таңғалады. Тәркіленгенде адамдардың көз жасын көл қылғанын, дарияның арғы жағына мал-мүлкін алып кетіп бара жатқанында көште қалып қойған иттің

ұлығанын айтып, «Ойпырым-ай, дүниеде адам баласының сай-сүйегін сырқырататын жұртта қалған иттің ұлығаны екен. «Құдай итті иесімен қинасын» деген содан қалған екен-ау» дейтін. Мына өмірден еш қызық көрмей, бойындағы талантын көрсете алмай, қор болып өлді ғой, бейшаралар. Әттен, заман солай болды. Бірде «Ойпырым-ай, мына балаларға тамақты қайдан тауып беремін» дегенде көрші кемпірдің «Әй, Күміскүл, таусылма, жақсылықты осы балалардан көрерсің. Бес-алты күн қиыншылыққа зарлама, кел, үйден бір шелек бидай алып кет» дейтіні есімде. Ашқұрсақ болып жүріп ауруға шалдықты, содан жазылмай кетті ғой, жарықтық.

Мейірімді әпкелерім-ай...

– Алтыншы сыныпта оқып жүргенімде анамыз қайтыс болып кетті. Біз бес ағайындымыз. Екі үлкеніміз әпкелерім – Бибіқали, Күлайна, сосын ағаларым – Нәбиалы, Пәрмен, кенжесі мен. Ағам Нәбиалы үлкен кісі сияқты көрінетін. Бар болғаны менен алты-ақ жас үлкен екен ғой. Шешеміз дүниеден озғанда екі әпкемнің бірі – Арыста, екіншісі – Түркістанда тұрмыста. Нәбиалы ағам Арыста 10-сыныпта оқитын. Үйде Пәрмен екеуіміз ғана қалдық. Ол кездегі заң бойынша мектеп бітіретін жылы кім үздік оқыса, бірінші жартыжылдықтан кейін институттар өздеріне қабылдап қоятын. Ағам Нәбиалы Шымкент технологиялық институтының студенті ретінде тіркеліп қойған. Әпкелерім «Екі ұлды интернатқа өткізсек, кейін оларды таппай, айырылып қаламыз» деп жылап, қоярда-қоймай Нәбиалы ағамды үйлендіреді. Ауылдағы Сәуірбек молданың он жеті жасар қызын айттырып барған Бибіқали әпкем «Біздің жағдайымызды білесіз, әкеден де, шешеден де айырылдық. Қалыңмалдан жұрдаймыз. Қалыңмалымыз – осы үш бала. Бізде басқа байлық жоқ» дейді. Сәуірбек молда «Айналайын, Бибіқали, келіп алдымыздан өткеніңе ризамыз. Мен қалыңмал талап ететін адам емеспін. Жұртқа көз қылып, қазығыма бір тайынша болса да байландар, қызды өзім-ақ ұзатамын» дейді. Әпкелерім келінді үйге әкеліп түсіріп, өз үйлеріне кетіп бара жатқандағы сөзі кейіннен «Әпке» пьесамды жазуыма түрткі болды. Оның негізі мынадай: әпкелерім аттанарда жеңгемізге былай дейді:

– Айналайын, сен Нәбиалының әйелі емессің, мына екі баланың анасысың. Осыны білесің бе?

– Білемін, әпке.

– Нәбиалы екеуің қол ұстасып, қыдырып кетіп, есік құлыптаулы қалып, балалар тамның түбінде отырып қалмасын! Осыған уәде бересің бе?

– Беремін, әпке.

– Дулат әлі күнге апалап жылайды. Жетім бала – өкпешіл. Екеуі өкпелеп екі жаққа кетіп қалмайтынына уәде бересің бе?

– Уәде беремін!.. Әпке, ол жағын айта бермеңізші, мен қайда келгенімді жақсы білемін...

Осы әңгімеден кейін қос әпкем көздің жасына ерік беріп, «Ондай болса, біз саған екі дүниеде де ризамыз. Сендерге бөліп беретін басқа ештеңеміз жоқ. Бірақ келіп-кетіп, қолымыздан келгенінше көмегімізді беріп тұрамыз» деп қош айтысып, үйлеріне кетті. Олардың өздері қайбір жетісіп отыр дейсің? Бір күні Өкешбай жездем келіп «Әй, Бибіқали, үйге қайтасың ба, жоқ па? Өзіміз де тозып кеттік. Балалар аш. Бұлар сенің бауырларың болса, олар біздің балаларымыз ғой» дегенде әпкем «Бала жалғыз менікі емес. Сен олардың әкесісің! Маған баладан гөрі бауыр қымбат. Бала табылады әлі, бауырды тауып беретін шешеміз өліп қалған!» деді. Осындай сөзді біз қазір айта аламыз ба?! Менің әпкем айтты. Әпкелерімнің мейірімін көріп өскеннен кейін есейгенде қолыма қалам алған соң қалайша әпке туралы пьеса жазбауға тиіспін?! – деп бір қорытты әңгімесін Дулат Исабекұлы.

Мәулен атамен кездесу

Жазушы Мәулен атасын кейіннен көзімен көрді. Ұзын бойлы, ат жақты, сұлу кісі екен. Ұзақ ғұмыр кешті. Жетіншіні бітірген жылы жазғы демалыста Бибіқали әпкесі «Атамыз қашанғы жүреді дейсің?! Көзін көріп қал. Әкеміз Исабек сол кісінің қолында өсіп, сол жерден енші алмай соғысқа кеткен» деп оны атасына алып барған. Дариядан пароммен өтіп, белуардан шаң кешіп ауылға барады. Ол кезде жұрттың бәрі бауырмашыл. «Исабектің кенже баласы келді» деп құшақтап амандасып, кішкентай Дулатты көріп, майданға кетіп оралмаған әкесі тіріліп келгендей бәрі жылап жүр. Біреуі «Кім екенінді айтпай, Мәулен атама көрсетейік» деп, «Ата, сыртқа шығыңыз, бір бала сізді іздеп келіп тұр» дейді. Қолында таяғы бар ақсақал баланың бетіне ұзақ қарап, көзінен жас парлап «Мынау Исабегім ғой менің...» дегені. Сол кез есіне түссе, жазушының көзіне қазірге дейін жас үйіріледі...

Етің тірі болмаса, интернатта күн жоқ

Болашақ қаламгердің кішкентайынан әдебиетке құмар болуы – заңдылық. Оқулық тапшы. «Ленин жолы» ауылында төрт сыныптық бастауыш мектеп қана болды. 5-сыныпты бес шақырымдай жердегі «Қызыл октябрь» ауылында оқыды. Майшамның жарығымен сабақ оқиды. Өлендерді бәрінен бұрын жаттап алады. Кітапты алып кеткеннен кейін ұмытып қалған жерлерін балалар бұдан сұрап алатын. Неге екенін біразға дейін «ғ» әрпін жаза алмай, ылғи екі алады. Бір күні үйренді-ау ақыры. Үйге келген соң тетелес ағасы Пәрмен екеуі тамаққа таласып, апасы «Дулат, тамағыңның жартысын бер» дегенде, басқалары болысып, тамақтан Пәрменге салып береді. Сол кезде ызаға булыққан ол далаға кетіп қалып «Мен «ғ»-ны жазуды үйренген күні жылатып жатсыңдар» деп көздің жасына ерік бергені есінде. Әпкесі Күлайна келіп құшақтап, «Ойбай-ай, бүгін «ғ»-ны жазуды үйреніп келген екен ғой» деп қайтадан тамақ салып бергені бар...

– Мектепте өте тәртіпті болдым дей алмаймын. Әсіресе, Арысқа интернатқа келгенде етің тірі болмаса, сені талап жеп қояды. Тәуліктің жиырма төрт сағатында төбелеске дайын болуың керек. Әйтпесе, қолыңдағыны жұлып алып кетеді немесе ұйықтап жатқаныңда біреулер сені ермекке сабап тастауы мүмкін. Басында жыладық, кейіннен етіміз үйреніп, жылауды қойып, қарсыласатын болдық. Тістеп алсаң да, шымшысаң да, әйтеуір қарсылық көрсетуің керек. Әйтпесе, «Жуас түіе жүндеуге жақсы» дегендей, «Бұққан сайын сұға береді». Шақар болып, төбелеске дайын тұруға бейімделдік. Сосын айналамызға өзіміз құралпыларды жинап, бірігіп қарсы тұратынды шығардық. Төрт-бесеудің біріккенін көріп, өзгелер ығатын болды, – дейді Дәукең өткенді ой елегінен өткізіп. – Балалық шақтың осындай қиыншылықтары, қызықтары «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесіне арқау болды. 7-сыныпқа дейін жақсы-ақ оқып жүрген едім. Мектеп-интернат жабылып, оқитын жерім қалмады. Арыста әр үйде бір жатып оқыдым. Сабақтан келгенше тамақтарын ішіп алып, мен үшін қайта тамақ жылытпайды, талай рет аш қалдым. Осы бір кезең өте қиын болды. 9-сыныптың қысында Нәбиалы ағам жүк пойызымен Бадамдағы нағашым Сейітқасымның үйіне әкеліп, табыстап, оныншыны сонда бітірдім. Нағашым аңқылдаған, аузындағысын жырып беретін жақсы адам болды. Бірақ арақ ішеді. Ішкен күні жұрттың бәріне түрпідей тиеді, аяй ма екен, маған басқаша, мейіріммен қарайды...

Жазушылыққа сәтті кадам

Мектеп бітірген жылы Ташкенттегі ирригациялық институтқа құжаттарын өткізген. Өзбектер сол кездің өзінде ұлтшыл еді. Өзбек тілінде шығарма жазуды тапсырды. Бес-алты бала «Жаза алмаймыз» деп еді, аудиториядан шығарып жіберді. Шығарманы үшке жазғандар да оқуға ілініп кеткенін кейін білді ғой.

– Екі жыл телеграфта монтер болып жұмыс істеуге тура келді. Кейіннен оның да көп пайдасы тиді. Жоғары оқуға тапсыратындар екі жыл жұмыс істеуі немесе әскерге барып келуі тиіс болатын. Ол да жақсы саясат екен. Оң-солынды танып, жақсы-жаманды айырып келесін. Біз оқуға түскенде кәдімгідей жігіт болып қалған едік. Жігіттерімізде жеңіл мінез жоқ, бәріне ойлы көзбен қарайтын. Жазушылыққа да итермелеген сол болуы керек. 9-сыныпқа дейін орыс әдебиетінің көбін оқып тастадым. Мені жазушылыққа жетелеген Иван Гончаровтің шығармалары. Оны жұрт классик деп жүрген көп жазушыдан биік қоямын. «Обыкновенная история», «Обрыв», «Обломов» сияқты шығармалары мені басқа қиялға жетелеп алып кетті, жазуға итермеледі. 9-сыныпта оқып жүргенде алғаш рет Гончаровтің стилімен жазуға талпыныс жасағанмын. Оқу, іздену басталды.

1961 жылы ҚазМУ-ге оқуға түстім. Үшінші курста оқып жүргенде ең алғашқы әңгімем шықты. Төртінші курстан кейін «Лениншіл жас» газетінің үш нөміріне «Шойынқұлақ» әңгімем басылды. Әрі қарай жазу басталып кетті. Алғашқы сәтті кадамнан кейін адамда ұмтылыс, жігер пайда болады екен. Бесінші курста тұңғыш кітабым шықты, – дейді Дулат аға.

«Гауһартас» әскерде жазылды

Ол V курста оқып жүргенде ҚазМУ-дың М.Әуезов атындағы әдеби бірлестігін басқарды. Ақын-жазушылардың бәрі осы оқу ордасына келіп, кездесу өткізуге құмар еді. Бірде «Әдебиет үйіrmесіне неге келмейсіндер?» деп бес-алты қызды шақырған. Соның ішінде филология факультетінің төртінші курсында оқитын болашақ өмірлік қосағы Нұрғайша да болғанын ол кезде, әрине, білген жоқ. Қызбен жатақханаға бірге қайтты. Жақынырақ танысты. 1966 жылдың 2 қаңтарында екеуі үйленуге сөз байласты. Үйленгеннен кейін жігітті бір жылға әскерге алып кетті. Ол кездері ҚазМУ-де әскери кафедра болмайтын. Келіншегінің аяғы ауыр. Алғашында қанша барғысы келмесе де

кейіннен әскери өмірді көргенінің көп пайдасы тиді. Бәрін де таразыға салып қарайсың. Мәскеудің түбінде Кубинка деген стансада әскери борышын өтеді. Әскери нысан. Кеңес Одағындағы ең күшті әскери истребительдер сонда болатын. Бұлар болған сегіз айда Кеңес Одағының қорғаныс министрі Гречко екі рет келіп кетті. Соған қарағанда, бұл – кеңес еліндегі ең күшті әскери базаның бірі. Батальон сол базаны күзетеді. Не күзетіп тұрғанын өздері де білмейді, әскери құпия. Тәртіп өте қатал, не темекі тартуға, не әрі-бері орынсыз бұрылуға, сөйлесуге рұқсат жоқ. Қолыңда автомат. Қит етсе жазалау, сенің жоғары біліміне, басқаңа қарамайды. Осындай күзетте тұрып ол «Гауһартасты» жазып шықты.

Дулат Исабекұлы:

– Қалың жыныс орманның іші, әскери нысанның ар жағы деревня. Таңертенгі күзетте тұрғанмын. «Маяк» радиостансасынан Бибігүл Төлегенованың орындауында «Гауһартас» әнін естідім. Таңғы дауыс керемет түп-тұнық. Тындап тұрып көзімнен жас сорғаласын. Елге деген сағыныш. Тамаша таңғы ауа, тамаша таңғы дауыс, тамаша таңғы ән. Содан ерекше әсер алдым. Бұрын тындап жүрген әнім болса да, бойымды ерекше бір сезім биледі. Сұлулық жайлы бірдеңе жазғым келді. «Гауһартастан» артық сұлу ән жоқ қой. Бірден Салтанат деп қыздың атын ойлап таба салдым. Ойланып-толғанып, «Гауһартасты» жазуға кірісіп, сол жерде жүргенде бітірдім. Күзетте екі сағат тұрамыз. Қонышымда дәптер. Сол дәптер үйде әлі сақтаулы. Арқамды қабырғаға беріп тұрып, бір темір бөшке болатын, соған газет төсеп, сауысқан сияқты екі шоқып, бір қарап, қай кезде сырттан адамдар келетінін шамамен білеміз, «Гауһартас» осылай жазылды. Қазақтардың бәрін жинап оқып бердім. Кейін Калинин қаласына барып, арнайы курстан өтіп, офицер болып қайттым. 1 маусымда әйелімнің ағасынан «Ұлынның туылуымен құттықтаймын!» деген жеделхат келді. Бүкіл солдат жиналып, ұлымыздың атын Естияр қойдық.

Нәбиалы ағама хат жазып, олар Нұрғайша мен ұлымды қолдарына көшіріп алды. Әскери тақырыпқа біраз қалам тербедім. Елге келгенде біраз қаламақым жиналып қалыпты. Солдаттар «Исабеков әскери борышын өтеп жүріп те ақша тауып жатыр» деп қалжыңдайтын. Әскерден келген соң бұрын жұмыс істеген Қазақ радиосында әдебиет бөлімін басқардым. Кейіннен «Жұлдыз» журналына ауыстым. Солай жалғасып кете береді.

Өткеннің бәрі естелік

Оның шығармашылықта жолы болды. Жазғаның жақсы болмаса, мың жерден бауырың болса да қашанғы сүйрей берсін?! Ол дуалы ауыздарға бірден ілігіп кетті. 1966 жылы Қазақстан Жазушылар одағының үлкен съезі болды. Тахауи Ахтанов бір сағаттық баяндама жасады. Ол кездегі съездер қандай болушы еді. Екі күн бойы Д.Қонаевтың өзі, үшінші күні С.Имашев қатысады. Съезд Жоғары Кеңестің залында өтеді. Осыдан-ақ оның маңызын салмақтай беруге болады. Т.Ахтанов өз баяндамасында Д.Исабековтің «Шойынқұлақ» деген әңгімесіне екі-үш минут арнайы тоқталды. Былайынша танығаны болмаса, қол алысып амандасқан, жақыннан кездескен адамы емес. Жастардың съездегі баяндамаға енуі – үлкен жаңалық. «Шойынқұлақ» шықты, бірден танымал болып шыға келді.

– Тахаңмен таныстым. Бірден танысқаным жоқ, ұялшақтау болдым, – деп жалғады Дәкең әңгімесін. – Өзі келіп «Әй, Дулат деген бала сенсің бе? Съезде сені мақтадым ғой» деді. «Ұялып жүр едім, аға» дедім қипақтап. «Ұялғаның дұрыс. Басқа біреу болса, бірден жетіп келер еді» деді. Қалтай Мұхамеджановпен танысып, араласа бастадым. Қазіргі ең жақын досым Әбдіжәмил Нұрпейісов «Дермене» повесім шыққаннан кейін Жазушылар одағына іздеп келіп танысқан. Мәлік Ғабдуллин «Кемпірлер» деген әңгімем шыққанда «Жұлдыз» журналына арнайы келіп, «Мен Бейімбетті көріп тұрмын» деп жылы пікірін білдірген. Қайтыс болып кеткен адамның артынан «Мен жайлы өй деп еді, бүй деп еді» деп айта алмайсың, елдің бәрінің аузына диктофон тоса бермейсің ғой. Осы таныстығымыз әрі қарай жалғасып, сол кісілер мені алақанына салып жүргендей болды. Шығармаларыма дер кезінде тиісті бағасын беріп отырды. Әсіресе, «Біз соғысты көрген жоқпыз» повесім шыққанда Тахауи Ахтанов арнайы құттықтай келіп, көзіне жас алып, қатты тебіреніп былай деп еді: «Әй, біз соғысқа қатыстық деп міндет қылады екенбіз. Міндет қылуға болмайды екен ғой. Соғысқа қатысу – ортақ борыш, өлетініміз өліп, тірі қалғанымыз қайтып келдік. Айналайын-ау, мына жақта сендердің балалық шақтарың түгел қырылып қалыпты ғой. Мен бұдан былай соғысқа қатыстым деп міндет қылмаймын». Өзі повестегі «Майданда ысқырып ұшқан оқ жол-жөнекей қалалар мен деревнялардың, ауылдардың үстінен зулап өтіп, дәл біздің ауылға жетіп, дәл біздің көк желкемізден тиіп, балалық шағымызды жусатып қырып жатты» деген сөйлемді жазып алыпты. «Қан кешіп жүрген солдатқа қарағанда

сендерге тіпті қиын болған екен. «Біз де бала болдық, бірақ балалық шақ бізде болған жоқ» деген қандай ауыр сөз» деп тебіреніп, көзіне жас алып еді.

«Әпкені» көргеннен кейін Қалтай Мұхамеджанов телефон шалып, «Әй, арыстаным, сені жолбарыс күтіп отыр» деп, машинасымен келіп алып кетті. Тауды өрмелеп келе жатырмыз. Талдың қою көлеңкесі. Үш-төрт ағашты түбінен кескен, ортасында жуан ағаштың түбіртегі. Соған арақ-шарапты қойып, дастарқан жайып, Тахаң, Қалағаң үшеуіміз «Әпкені» оңашалап «жуғанбыз». Жас айырмашылығымыз біраз болса да арадан қыл өтпестей дос болып кеттік. Жұрттар таңғалатын. Әбдіжәмил Нұрпейісовпен де доспыз. Әзіліміз жарасады. Менің анекдоттарымның кейіпкеріне айналды. Айналамдағы мықты ағаларымның арқасында қалыптасып, биіктен қарауға, солардың деңгейіне көтерілуге солардың сөзі, ісі, азаматтығы әсер етті деп ойлаймын. Адам кіммен араласса, соған ұқсайды ғой. Егер тек өз қатар-құрбыларыммен ғана аралассам, өсіп-жетілуім шабандау болар ма еді, кім білсін?.. Ортамықты болды. Қатарластарым таңғалатын. Қалағаң – Қалтайдың 50 жылдығына барғанда Тахаң екеуміздің жас бала сияқты істемегеніміз жоқ... Оның бәрі естелік бүгінде...

Көңілде кірбің қалған соң...

– Өмірімде қиындау кезеңдер болды. Бірі – шығармаларыма қаты шүйлігіп, қара бояуды көбірек іздеп, түртпектеген кез. Трагедияны көбірек жаздым. «Тіршілік», «Дермене», «Сүйекші» повестерімнен кейін «Исабеков кеңес шындығын көрмейді, өмірдің тек көлеңкелі жағын ғана жазады және кеңес әдебиетінде бірінші рет марихуананы жырлады» деді. Осы әңгімені білдей бір ағамыз айтты. Ол кісі әлі бар. Кітаптарым үш-төрт жыл Қазақстанда шықпай қалды. Ондайда тіпті қасында жүрген адамдардың өзі өзгеріп қалады екен. Бірақ Мәскеу бір қолымен жазалап, бір қолымен маңайдан сипаушы еді ғой. Жағдайды білген соң «Шығармаларыңыздың бәрін жедел аударып, әкеліп беріңіз» деп тапсырды. Шығарма оларға керемет ұнады. 1979 жылы «Отчий дом» деген кітабымды 30 баспа табақпен шығарып берді. «Литературная газета» «Цена доброты или о новых повестях молодого казахского писателя Дулата Исабекова» деген үлкен мақала басты. Содан кейін ғана қайта жолым ашылды. Екінші, мені партиядан шығармақ болғанда қиын жағдайды бастан өткіздім. Бұл менің партияшылдығымнан емес, ол кезде партия қатарынан кетсең, адам ретінде

тағдырының өзі қиын болатын еді. Сондағысы – партиялық жарна төлемегенім. Партиядан шығаратын болып қаулы қабылданып қойды, бірақ ОК-нің араласуымен екі-үш күннен кейін өзгерді. Қуаныш Сұлтанов Орталық комитетте бөлім бастығы болатын. Шәмшә Беркімбаева екеуі араласып алып қалды. Сол кезде достарымның, жалпы, айналамдағы адамдардың маған деген көзқарасы күрт өзгеріп кеткеніне таңғалдым. Тіпті көршілерім амандасуға жарамай қалды. Сонда баяғы «Халық жауы» деп жала жабылып, ұсталып, атылғандарға шын жаным ашыды. Адамдардың санасының төмендігіне, сосын біреудің жазаланғанын күтіп жүретініне таңғалдым. Мәдениет министрлігінде «Пәлен күні коммунистер Дулат Исабеков пен Нұрлан Оразалиннің жеке ісі қаралады» деп үлкен етіп бадырайтып жазып қойды. Жарна төлемегенім жөнінде алдын ала ең құрығанда бір рет ескертсе, қандай жаза болса да көтересің ғой. Жоқ, ешқандай ескерту жасалған жоқ, – дейді ол. – Үшінші жағдай – «Мұрагер» атты пьесам Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылған кезде ең сеніп жүрген адамымның бірі Орталық комитетке барып, «Исабековті тізімнен алып тастап, басқа адамды енгізу керек» депті. Бірақ ОК-дағылар тағы бір сыйлас адамға «Дулатқа жаным ашып отыр. Керемет ағам, досым деп жүруші еді, жаңа ғана келіп, осылай деп кетті. Бұл адамдарға қалай сенуге болады?» депті. Жағдайды білдім. Үндемей-ақ қояйын дедім, бірақ шыдай алмай, әлгі кісінің жұмысына бардым. Хатшысына «Келіп тұрғанымды айт» деп едім, кабинетінен атып шықты. Аяғымды құшқандай болып кешірім сұрады. «Не болды сізге? Бәйгеге қырық ат қосылса, қырық бірінші атты да қоса беруге болады ғой. Неге қыркыншы атты сызып тастап, басқаны қосу керек?» дедім. Ол «Керек десең, келіннің алдына барып кешірім сұрайын» деп жалбарынды. «Жоқ, үлкен басыңызды қорламаңыз. Мен кешірермін, бірақ көңіл қалатын болды ғой» дедім. Кейіннен араласуын араласып кеткен болдық, бірақ бәрібір көңілде кірбің қалды...

Оптимист болғым-ақ келеді, бірақ...

– Тым ұраншылмыз. Ұраншылдықты тоқтату керек. Балаларымыздың санасын оятуға, ойшыл болуға көбірек жұмыс істеуге тиіспіз.

Он-екі жасар қыздарға жатырында қатерлі ісік болмауы үшін егуді бастады. Мұның ар жағында не тұр? Он бес-он алты жылдан кейін оның бала көтеретін жұрсағында ісік пайда болатынын қайдан біледі?

Ертең ол бедеу болып қалса, ешкім жауапты емес, ол кезде қазіргі белсенді болып жүргендердің біреуін де таппаймыз. Айналайын, ата-аналар, қыздарымыздың Құдай берген жанын Құдай алады. Егу арқылы аман қалып, бірақ ұрпақсыз қалса, кім жауап береді? Ұлтты құртуға, денсаулығын бұзуға бағытталған осындай институттар жұмыс істеп жатқан сияқты. Далиған даламыз түбінде бізге сор болып тимесін деген уайымым бар. Ресей империясының алдына қойған мақсаты, саясаты – қазақтың даласын қазақтан тазартып алу болатын. Ұлтымыз басынан талай нәубетті өткізді. Қазір ашық болмаса да жымысқы жолмен ұлтты құртуға бағытталған іс-әрекетті жүзеге асыруға тырысып жатқандар бар сияқты. Бұл – мен үшін қорқыныш...

Оптимист болғым келеді, бірақ амалым жоқ, кейде пессимист болып қаламын. Өйткені сәл ойланыңқырап, тереңіне бойлап қарайсың. «Ойлы адамға қызық жоқ бұл жалғанда» дегенді Абай айтқан. Ана тіліміздің мәселесі әлі бар. «2020 жылы бәріміз қазақша сөйлейміз» дей тұра, Білім және ғылым министрлігі оқу орындарынан оқытушылар сабақ жоспарларын, дәрісін орысшаға аударып берсін, өйткені мұндағылар түсінбейді» дейді. Неге қазақ тілін білмейтін адамдар министрлікте, басшы қызметтерде отырады?! Ілгері жылжудың орнына неге біз кейін кетіп бара жатырмыз?! 2030, 2050 стратегиялық жоспарлары, Президенттің Жолдаулары жақсы, керемет, бірақ Мұхтар Әуезов айтқандай, оған менің өмірім жетпейді ғой. Болашақ ұрпаққа біз не қалдырамыз? Оны бүгін ойлауымыз керек!

Дулат аға мен Нұрғайша жеңгеміз Естияры мен егіз қыздары Айман – Шолпаннан Мерей, Әлкей, Бөрте, Уәли, Әлішер, Дәния, Гауһар, Әли атты немерелер сүйіп отыр. «Балалардың бәрі айналамызда. «Адамның мейірімі – екі көзінде». Басқа жаққа кетсе, бір-бірінен суып, жат болып кете ме деймін» дейді жазушы ағынан жарылып. Өмір жолын бір шолып өткен екі сағатта кейбір сәтте көзіне еріксіз жас алып, кейде шын ықыласымен рахаттана күліп алды. Өмірдің өзі ашы мен тұщыдан тұратыны ақиқат. Оны өз шығармашылығына арқау етіп, жеріне жеткізіп жазу, оқырманға ой салу – екіншісі біріне бұйырмаған қасиет. Қалың қазақ Дулат ағадан әлі де тың шығармалар күтетіні хақ...

13 желтоқсан, 2013 жыл



Шот-Аман УӘЛИХАНОВ,
сәулетші:

ЖЕКЕ МАҚСАТЫМ ҮШІН ЕШҚАШАН АТА-ТЕГІМДІ ПАЙДАЛАНҒАН ЕМЕСПІН

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Елтаңба авторы Шот-Аман Уәлиханов 1932 жылдың 26 сәуірінде Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданы Сырымбет ауылында туған. «Бұл – 2 миллион 300 мың қазақ аштан қырылған жыл. Әрбір туған 40 нәрестенің 39-ы өліп, біреуі ғана аман қалған екен» деп еске алады сәулетші.

Мұғалімнің баласы

Үш жүздің басын қосқан хан Абылайдың тікелей ұрпағы Шот-Аман аға бір кездері үлкен әжесі Айғанымның иелігінде болған Сырымбет тауының етегінде өмір есігін ашады. Алты тіл меңгерген, озық ойлы, алғыр, мемлекет ісіне араласып, өз заманының қайраткері атанған Айғаным ханшаның аты көпшілікке тарихтан мәлім. Айғаным Уәли ханнан тоғыз құрсақ көтереді. Оның өзінен туған төртінші ұл – Шыңғысқа деген көңілі алабөтен болады. Шыңғыстан алты ағайынды ұл тарайды. Ең үлкені Шоқан Уәлиханов, одан кейін Жақып, Мақы (Әбілмақыжан), Сақыпкерей (Қозыке), Махмуд, Нұрмұхамед (Көкіш). Жеті жасында сүзек ауруына шалдыққан Мақының ыстығы көтеріліп, қайта бірден төмен түскенде бала дем ала алмай қалады.

Бәрі оны өлдіге санайды. Келер күні жер қойнына тапсырамыз деп салқын киіз үйге апарып қояды. Бір кезде қызметшілер баланың тірі, демалып жатқанын хабарлайды. Мақы осылайша қатерлі дерттен аман қалғанмен, өкінішке қарай, естуден, тілден айырылады. Шыңғыс Уәлиұлы барлық балаларына жақсы білім берген. 1855 жылы ұлы Мақыны да Санкт-Петербурдағы патшаның арнайы тәрбие мектебіне орналастырғысы келеді. 400 орындық мектепте бос орын болмай, сұлтан қиналған шақта оған II Александрдың өзі көмек қолын созады. Мақы арнайы мектепте он бір жыл оқиды. Мектепте негізінен француз мұғалімдері дәріс береді. Қылқаламға құштарлығы оянып, суретші болып шығады, түрлі Халықаралық көрмелерге қатысады, кітап шығарады.

– Әкем Ыдырыс Шоқанның екінші інісі Мақыдан тарайды. Елу жылдай ауыл мектебінде ұстаздық еткен жан. Сондықтан да мені ауылдағылар «мұғалімнің баласы» дейтін. Ол кездері мұғалімдердің беделі өте жоғары болатын, – деп бастады әңгімесін Шот-Аман аға. – Мен туғанда әкем біраз жасқа келіп қалған екен. Анамыз Наубат Сұлтанмұратқызы Әз-Тәуке ханның ұрпағы. Маған халық ертегілерін оқып беретін. «Мың бір түн», Сәкен Сейфуллиннің мұрындық болуымен жарыққа шыққан А.Пушкиннің «Руслан мен Людмила» поэмасын тыңдауды бала күнімнен ұнататынымын. Анам он құрсақ көтерген. Балалары туа сала шетіней беріпті. Менен алты жас үлкен Тұрсын ағам да небары жиырма екі жыл ғұмыр кешеді. Ол еш жерде арнайы білім алмаса да суретті жақсы салатын. Сөзге шешен, тумысынан қабілетті жан болды. Орысша-қазақша таза сөйлейтін. Ағамның өз өмірімде ерекше ықпалы болғанын айтып өткім келеді. Атын ырымдап Тұрсын қойып, «Балаға анасының сүті жақпайтын болар» деп оны туа салысымен ағайындар алып кетіп асырайды. Тұрсын ағам Көкшетауда арнайы заң курсы бітіріп, тергеуші боп істеп жүргенде 1947 жылы жазушы Сәбит Мұқановпен кездеседі. Талантты жігіттің қабілетіне, өнеріне тәнті болған Сәбит аға «Жоғары білім алғаныңда ғой» деп жанашырлық танытады. Сол кездері ағам туберкулез дертіне шалдығады. «Осы сырқатымнан айықсам Мәскеудегі Сурет академиясына түсемін» деп армандайтын. Бірақ ол арманын орындауға өмірі жетпеді. Тұрсын ағамнан кейінгі бірнеше бала да ерте көз жұмған. Халық арасында «Балалары тұрмаған әйелдің етегін ажал күзетіп отырады» деген наным бар. Оған өздерінше түрлі айла-амал ойластырған. Жарық дүние есігін ашқанымда анамның айналасына отыз

әйелді отырғызып, мені сол әйелдердің етегінің астынан өткізіп алып-ты. Бұл – ажалды адастырудың амалы екен. Кіндігімді жетім балаға шотпен кескізіп, Құдайдан амандығымды тілеп, атымды Шот-Аман қояды.

Сталинге хат жолдаған бозбала

Бала Шота көп нәрсеге әуес болды. Мектеп қабырғасында жүргенде математика пәнінің мұғалімі Ғани Дәуітбаев ағайы қазақшаға аударған Фонвизиннің «Тоғышар» пьесасында Митрофанушка рөлін ойнады. Елдің қошеметіне қарай көп алдында жарқырап сахнада жүретін әртіс болғысы келді. Сурет өнеріне де құмар болды. Жоғарыда айтып өткеніміздей, суретшілік оның қанында бар деуге негіз бар. Кәсіби суретші болған атасы Мақыдан, тума талант ағасы Тұрсыннан соның бір ұшқыны әсер еткен болар. Бірақ сол кездері бұл екі мамандықты да ауыл адамдары онша түсіне бермейтін.

Шота Ыдырысұлы Сырымбет мектебін үздік бітірді. Таяуда ғана өмірден озған белгілі мемлекет қайраткері, ақын, тау-кен инженері Кәкімбек Салықов ол кісінің сыныптасы екенін біреу білсе, біреу білмес. Бірақ олар өмір бойы жан жолдас, сырлас дос болды. Тарихшы Нұртас Айтпаев, химия ғылымдарының кандидаты Айша Біркенова, математик Әгір Қаженова, инженер Нығметжан Уақитов, суретші Еркеш Айтмағамбетовтер бір сыныпта оқып, тай құлындай тебісіп өскен жандар.

Тұрсын ағасы оған үнемі «Шота, сен оқы, жоғары білім ал» дейтін. Өлерінің алдында әкесіне «Ата, Шотаның оқуы үшін қолыңыздан келгенді аямаңыз» деп тапсырады. Әкей «Мен қартайдым, қолымнан не келер дейсің?» деп қамыққанда ол «Менің Евней (Букетов), Қожахмет достарым бар ғой. Солар көмектеседі!» дейді.

Жан досы Кәкімбек (Салықов) екеуі Мәскеудегі түрлі-түсті металл және алтын институтына түсуге шешім қабылдайды. Қазақстанның қазба байлығын ашуды армандайды. Бір күні «Комсомольская правда» газетінен Мәскеу сәулет институтына талапкерлерді оқуға қабылдап жатқаны жайлы оқиды. Осылайша ол ішкі түйсікпен өнер мен техниканың жиынтығы іспетті сәулет өнерін таңдады. Кәкімбек дос біраз үгіттеп көрді, дегенмен ол өз шешімін өзгерткен жоқ. Өмірінде бір де бір сәулетші көрген емес, бірақ осы мамандықты таңдады. Сәулетті қала тұрғызуды армандады.

– Адам арманына еш уақытта оңай ғана қол жеткізген емес. Мен де дәл оқуға аттанардың алдында осындай жағдайға душар болдым, – деп жалғады әңгімесін Шот-Аман Ыдырысұлы. – Тұрсынның қазасынан кейін әкемнің көзінің көру қабілеті нашарлады. Омскіде жасалған ота сәтсіз аяқталып, тілгі су қараңғы болып қалды. Одессадағы атақты офтальмолог В.Филатовқа хат жазып, көмектесуін сұрағанмын. Ол кісі емдеуден қалғанын айтты. Әкем елу жылға таяу ауылдық жерде мұғалім болып жұмыс жасаса да, зейнетақы алмайтын. Себебі 1929 жылға дейін оның тегі Уәлиханов болған. Жаппай қудалау басталғанда ол тегін Мақин етіп өзгертеді. Бүкіл ескі құжаттардағы бұрынғы тегін өшіріп, жаңасын жазады. Нотариус арқылы бекітілмегендіктен зейнетке шығуға еңбек жолы жетпей қалады. Сталинге мән-жайды айттып төмендегі мазмұнда жеделхат жаздым: «Мәскеу. Кремль, барлық халықтың көсемі Сталин жолдасқа (өз қолына). Мен қала мен ауыл салатын сәулетші болғым келеді. Әкемнің зейнетақы алмауына байланысты оқуға бара алмай отырмын. Ол елу жылға жуық ауылдық мектепте мұғалім болып жұмыс істеген. Бірақ бұрын тегі басқа болуына байланысты зейнетақы ала алмай отыр. Өтінемін, көмектесіңізші. Балалық махаббатпен Шота Уәлиханов». Дегенмен әкеме айтпай Мәскеуге кетуге бел байладым. Математика мұғалімі Қойшы Биболаев мені қолдап, «Бара бер. Әкеңе не болар дейсін, біз қарайласамыз» деді. Ол кезеңде құжаттар Алматы арқылы жіберілетін де, сонда баруым керек болды. Бірақ астанаға билет алуда қиындықтар туындады. Не істеу керек? Облыстық атқару комитетінде жұмыс істейтін Тұрсын ағамның досы А.Брович жолдасқа бардым. Маған көмектескен ол «Сен ешқайда жеделхат жіберген жоқсың ба?» деп сұрады. «Жібердім» деп жауап бердім. Сөйтсем Мәскеуден Сталиннің қабылдау бөлімінен жауап жеделхат келіпті. Мәселені шұғыл шешу жөнінде тапсырыпты. Осыдан кейін бұл іске облыстың бүкіл басшылары араласты. Әкемнің зейнетақы алу мәселесі оңтайлы шешіліп, оқуға алаңсыз аттандым. Мәскеуде досым Кәкімбек Салықов күтіп алды.

Қызығы мен шыжығы мол студенттік шақ...

Шота Ыдырысұлы өзі армандаған Мәскеу сәулет институтына оқуға қабылданды.

– Мен тек студенттің шәкіртақысымен ғана күн көрдім, өйткені көмектесетін ешкім болған жоқ. Ал шәкіртақы неге жетеді дейсіз?

Қатаң үнемшілдікті үнемі сақтап, демалыс күндері қосымша ақша табу үшін жұмыс істеуге тура келді. Мына жағдай есімнен кетпейді: аудиториямызда бос тұрған үлкен ағаш терезе жақтаулары болатын. Соларды жоғары қабаттан жертөлеге тасығандарға арзымаған ақша төлейтін. Шымыр болдым, бірақ соншалықты алып күштің иесі сияқты көрінбейтінмін. Жолдасымыз екеуіміз жұмыс істемек болып барғанбыз, бойы екі метр атлетке төменгі, ал маған жоғары қабаттан тасу керек болды. Алып досым «Шота, шаршағанға, әлсірегенге қарамаймыз, ақшаны теңдей бөліп аламыз» деді. Ойлана келе жіп алдым да, ауыр ағаштарды терезеден төмен қарай сырғытып түсірдім. Досым ауыр етігімен бір жоғары, бір төмен түсіп ағаштарды тасып жүргенде, жұмысымды тез-ақ бітірдім. Баспалдақпен төмен түсіп келе жатқанда қарсы жолыққан оған «Сау бол досым, жұмысыңды сәтті аяқтауыңа тілектеспін» дедім. Ол аң-таң болып қала берді, – дейді Шота аға студенттік қызығы мен шыжығы мол қайран шақты еске алып.

Студенттік жылдардағы достары Кәкімбек Салықов, Нариман Қаражанов, Аманжол Қошанов, Лоита Тәжиева, Сәлім Құрманғожин, Юрий Каминский мен қытайлық Ван Людің хаттарын осы күнге дейін сақтап келеді. Кейде сол хаттарды оқығанда студенттік шақтың қимас естеліктері көз алдына келіп, олардың адал ниетін, шын көңілін сезінгендей болады. Ол Мәскеудің сәулет институтында алты жыл оқыды. Мұндай студенттік «Марофон» төзімділікті, оқуға деген үлкен ынтаны керек қылады. Сәулет мамандығы білімнің тереңдігін тілейді. Музыка, театр, тарих, қоғамдық өмірде не боп жатыр, бәрін білу керек. Өзгерісі мол заман ағымына ілесіп отыруға тиіс. Ол үшін режим сақтап, өзінді-өзің билей алатындай қатаң тәртіпке ие болсаң ғана мақсатқа жетесің.

– Расында да өмір жолымда Тұрсын ағамның достарының көмегі аз болған жоқ, – дейді ол. – Евней ағаммен үнемі кездесіп, жиі сырласып, сұқбат құрып тұрдық. Ол ақыл-кеңесін айтып, бағыт-бағдар беруден аянған жоқ. Кейіннен Евней Букетов Ұлттық ғылым академиясының академигі болды. Қарағанды университетінің тұңғыш ректоры қызметін атқарды. Басына бұлт торлап, көре алмаушылар жала жауып, жаман достары қашып кеткенде де ағамның қасында болдым. Сол кездері ол «Шота, қапаста үнемі тұра бермеспіз. Тірі болсақ, үлкен ойларды іске асыруға кең мүмкіншілік туар» дейтін. Бұл – қайран ағамның көрегендігі ғой...

Жарты ғасыр жұбын жазбаған жұбайлар

Институтты бітірген соң Шота Ыдырысұлына Алматыға жолдама берілді. Мұнда оның бала күннен сыйласып, сырласып жүрген досы Нариман Қаражанов өзінің Ленинградта достасқан құрбысы Элеонорамен таныстырады. Олардың ата-анасының үйінде Элеонораның мектепті жаңа ғана тәмәмдаған сіндісі Зинаны көреді. Бірін-бірі ұнатқан олар көп ұзамай үйленіп тынады.

– Ең бастысы, адам әр нәрсеге байыппен қарау керек. Мен өмірлік қосағым Зинаида Кәрімқызының адамгершілігін аңғардым, оның адамдарға деген шексіз мейірімін сезіндім. Ол сабырлы әрі ақылды. Менімен өмір сүру оңай дей алмаймын. Ол отбасында қалыпты жағдайды ұстап тұруды, бір сөзбен айтқанда отбасын тербетуді жақсы біледі.

Бірде дауыл, бірде шуақ,
Бірде шөлейт, бірде бұлақ.
Мінезім бар алай-түлей,
Бірде тамұқ, бірде жұмақ.

Бұл менің өз мінезім жайлы өлең жолдарым. Мұндай мінезге ақылға бай, ұстамды әйел ғана шыдайды.

Зинаида Кәрімқызы қырық жылдан астам уақыт әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де аспирантура бөлімінің меңгерушісі болып қызмет атқарды. Талай жыл үзеңгілес жүрген жолдасым – жазушы Қалтай Мұхамеджанов «Шотаның арғы атасы Абылай ханның он екі әйелі болған. Оларды Зиночкамен салыстыру мүмкін бе? Абылай ханның он екі әйелінің ішінде аспирантураның меңгерушісі болып қызмет атқарғаны жоқ» деп қалжыңдайтын. Зинаның қызметіне байланысты университеттегілер мені ҚазҰУ-дің «күйеу баласы» деп санайды. Бұл да сыйластықтың бір түрі.

Маған Зинаида Кәрімқызының ата-анасы өте ұнады. Әсіресе, әкесі – Кәрім Елібайұлы өте аңғал, адамға сенгіш жан болатын. Ол өте ауқатты әулеттен шыққан. «Елі бай» деген сөздің мағынасының өзі түсінікті ғой. Ұлы Отан соғысының ардагері, офицер, бірнеше орденнің иегері. Токиодағы Олимпиада ойындарына Абсент тұлпарын дайындаған. Ат – оның өмірі болатын. Ол кісіден қызын сұрап, алдынан өтуге барғанымда менімен болатын үлкен әңгіменің алдында «Шота, жүр, мен саған Абсент тұлпарымды көрсетейін» деп сыртқа ертіп шығып кетті. Ішімнен «Бұл жерде тұлпардың қатысы қанша?» деп ой-

лағаным рас. Кейіннен ол кісінің спортқа деген қызығушылығының, көзқарасының ерекше екендігіне көзім жетті.

Адамдардың бір-біріне деген шынайы сезімінен бөлек рухани ұштастығы, өзара түсіністігі болмаса ұзақ жылдар бір жастыққа бас қойып, бірге өмір сүру қиынның қиыны. Жалпы, қазақ халқы әйелдерін еркін ұстаған. Басқа жақтан мысал іздеп қайтейін, бұған Айғаным әжеміздің өзі айғақ емес пе?! Ері өмірден озса да балаларын бытыратпай ұстап, тіпті мемлекеттік істерге де араласқан. Үйдің берекесін кіргізетін әйел-аналарымыз. Шаңырақ көтермеген адамдарды аяймын. Бір үйде тұрып бірін-бірі жек көретін, аралары салқын адамдарды түсіне алмаймын. Біз, міне, Құдайға шүкір, жарты ғасыр бойы бірге өмір сүріп келеміз, – дейді ағамыз отбасылық өмірдің өте маңызды екенін бәрімізге аңғартқандай.

Тәңірден бекітіліп келген Елтаңба

1991 жылдың күзінде Шота Ыдырысұлы сырқаттанып, ауруханада жатып қалады. Бір күні түс көреді. Түсінде Бурабай көлінің жағасында жүр екен. Көл бетінде – аққулар. Бір мезет аққулардың біреуі көкке көтерілді. Екі қанатының арасында күнге ме, күлшеге ме ұқсайтын бірдене жалтырайды. Анықтап қараса, шаңырақ екен. Өзінше түсін «Шаңырағымыз биік болады екен!» деп жақсылыққа жорыды. Мұндай түстің әсері ерекше болады екен. Таңертең тұра салысымен түсінде көргенін ақ қағаздың бетіне түсірді. Шеңбер, екі жағында екі қанат, ортасында шаңырақ. Екі қанатты қосқан «Қазақстан» деген сөз бар. Сол кездегі ақпарат министрі Қуаныш Сұлтанов ауруханаға келіп, сәулетшінің хал-жағдайын біледі. Екеуі біраз әңгімелесті. Ол Байқоңырға жүргелі отырғанын, халқымыздың тұңғыш ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшқалы жатқанын айтты. Сонда сәулетшінің ойына өзі салған әлгі сурет сарт ете түседі. Суреттің бір жағына Тоқтардың, екінші жағына кейіннен бірнеше рет ғарышқа ұшқан Талғат Мұсабаевтың атын жазып, «Сендер халқымыздың қос қанатысыңдар! Жолдарын болсын!» деп сәлемхат жолдайды. Тоқтар Әубәкіров ағамыз да тегін адам емес қой, әлгі сурет оған бірден Елтаңбадай әсер етіпті. Ол кездері ғарышқа ұшқанда Кеңестер Одағы Елтаңбасы оң жаққа қадалатын. Ғарышкерлер Леонов пен Шаталов әлгі белгіні Қазақстанның ғарыштық белгісі ретінде ұсынады. Үкімет комиссиясы оны бекітеді. Кейіннен ғарыштан аман-есен оралған

Тоқтар Оңғарбайұлы сәулетшіге телефон шалып, «Сіздің жұмысыңызды тәңірден бекітіп әкелдім» дейді.

Арада бір жыл өткенде, яғни 1992 жылы Тәуелсіз мемлекетіміздің Елтаңбасына байқау жарияланды. Байқау жабық түрде өтуге тиіс. Бұл белгі «Ана тілі», «Қазақ әдебиеті» газеттеріне жарияланып қойған. Өз жобасын өзгерткісі келмеген ол тәуекелге бел байлап, байқауға қатысады. Нәтижесі бәрімізге белгілі, байқау жеңімпазы – Шот-Аман Уәлиханов!

Елімізде Шота ағамыздың есімімен байланысты ескерткіштер аз емес. Соның ең көрнектісінің бірі – Алматыдағы Тәуелсіздік монументі. 90-жылдардың басында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевпен Мысыр еліне барған мемлекеттік делегацияның құрамында Шот-Аман Ыдырысұлы да болды. Луксор қаласындағы әйгілі храмның алдындағы діңгектасты көрген Президентіміз «Республикамыз Тәуелсіздігінің құрметіне Алматыда да осындай бір белгі жасасақ қалай болады?» деген ой айтады. Сапардан орала салысымен сәулетші өз әріптестерімен, шәкірттерімен ақылдаса отырып Тәуелсіздік монументінің алты нұсқасын жасап шығарды. Президент оларды ой елегінен өткізе келе бүгінде Республика алаңында тұрған монумент жобасын тандады.

Елге сіңірген азды-көпті еңбегіме қуанамын...

– Шоқан Уәлихановты шын мойындаған кезде біздің басымыздағы кара бұлт ыдырай бастады. Сол кезде менде бір ғана ой болды – тегіміздің атына ешқашан кір келтірмеу. Әкем қарапайым ауыл мұғалімі болғанын айттым, соның өзінде оны ғалым Есмағамбет Исмайлов, ақын Жұмағали Сайындар ана тілінің құдіретін ұқтырғаны үшін құрметпен еске алып отыратын. Жеке мақсатым үшін ешқашан атақты тегімізді пайдаланған емеспін! Мәскеуден институт бітіріп Алматыға келгенде Шоқан Уәлиханов ескерткішін жасауға конкурс жарияланды. «Мен де Уәлихановпын! Ескерткішті жасауды маған беріңдер» деп көкірегімді керген жоқпын, көппен бірге, заңды жолмен, өзгелер сияқты конкурсқа қатысып, бірінші орынды жеңіп алдым. Осы күні неге қол жеткізсем, соның бәріне өз еңбегіммен жеттім деп жарқын жүзбен айта аламын!

Осыдан қырық жыл бұрын екі-үш-ақ қазақ сәулетшісі болған еді. Қазір қатарымыз көп. Қазақстан сәулет өнерінің ең өркендеген шағы Дінмұхамед Қонаевтың ел тізгінін қолына ұстап тұрған тұсында бол-

ды. Сол 70-80 жылдары Алматының сәулет өнері өте жоғары деңгейге көтерілді. Ал тәуелсіздік алғаннан бері осыған дейін жеткен табыстарымыз ары қарай дамып отыр. Жас сәулетшілерге шабыт беруші – жаңа Астананың салынуы болып тұр. Меніңше, қазақ сәулет өнері осы жаңа астананы көтеру барысында өзіндік қырымен көрінетін болады. Кішкене әттеген-айы бар. Ол – сәулет өнерінің өзіне тән ұлттық кескін-келбетінің әзірге қалыптаспағандығы. Осыған мән беруіміз керек. Бүгінгі таңда Д.Қонаевтың ізбасары және еліміздің бас сәулетшісі деген атқа Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Назарбаевты әбден лайықты деп ойлаймын. Жақында ғана Астанада болып келдім. Мені алып құрылыс алаңдары, тұрғызылған ғимараттардың көркі таң қалдырды. Сәулет ісінің сенімді қолда болғаны қандай ғанибет!

Соңғы жылдары көптеген таңба жасауыма тура келді. Тіпті республиканың туын жасауға да қатысып, бәйгеде екінші орын алғаным бар. Нені жасасам да халқымыздың дәстүріне, тарихына, тынысына және дүниежүзілік тәжірибеге сүйене отырып, олардың қай-қайсысын да қаз-қалпында көшіріп алмай, тек жасалу жолдарын, принциптерін қабылдап, соның жолын іздедім. Басты назар аударғаным – елдік белгі-нышандардың әдемі жасалып, анық өнер туындысы, тәлтума болуы. Әрине, жасағанымның бәрі сәтті деуге болмайды. Дегенмен елге сіңірген азды-көпті еңбегіме қуанамын...

Өткен жылдың желтоқсанында Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Фолиант» баспасынан Шот-Аман Ыдырысұлының екі томдық шығармалар жинағы жарық көріп, оқырмандарға жол тартты. Келесі томдары да баспаға әзір. Таяу мерзімде өз оқырмандарын қуантады деген сүйінші хабарымыз бар.

Шот-Аман аға мен Зинаида апамыз бүгінде қос қызынан немере сүйіп отыр. «Балаларымыз тәрбиелі де ақылды. Әсіресе, немерелерім көп қуантады. Өйткені олар өте дарынды балалар. Екі немерем сурет салуға шебер-ақ, музыкамен де айналысады. Соңдарынан еріп келе жатқан бауырлары, шөберелеріміз олардан үлгі алатындықтарына кәміл сенемін» дейді ағамыз. Бұл – атаның ақ тілегі.

17 қаңтар, 2014 жыл



*Сәлім ҚҰРМАНҒОЖИН,
белгілі дипломат:*

МЫСҚЫЛМЕН ҚАРАҒАНДАР ТҮБІНДЕ МЕНИ МОЙЫНДАДЫ

Сәлім Әлмағамбетұлы – еліміздің алғашқы кәсіби дипломаттарының бірі. Ол кеңес дәуірінде дипломат ретінде қалыптасып, үлкен өмір мектебінен өтті. КСРО-ның Біріккен Араб Республикасы, Түркия, Эфиопиядағы елшіліктерінде, КСРО Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында қызмет атқарды. Ел тізгіні өз қолымызға тигенде тәуелсіз мемлекетіміздің Сыртқы саясат істері жөніндегі мекемесінің орнығуына атсалысты. Қазақ елінің Венгриядағы Елшілігі ашылуының басы-қасында болып, бірінші елшісі қызметін атқарды.

Олардың достығы шынайы болатын...

Солтүстік Қазақстан облысының қиыр батысындағы Шал ақын (бұрынғы Октябрь) ауданының Еңбек ауылы Сәлім Құрманғожиннің туған жері. Шағын ғана қазақы ауылдан елге белгілі қаншама тұлғалар түлеп ұшты. Шал ақын, Молдахмет ақын, солардың тәлімін алған Кәкімбек Салықов та осы ауылдың тумасы. Неге екенін, осы ауылда туып-өсіп, басшылық қызметтерде жұмыс істегендер көп болды.

– 1934 жылдың 4 қаңтарында туыппын. Отбасындағы он екі баладан тек алтауымыз ғана аман қалыппыз. Бізді тарихтың өзі сұрыптап шығарды. Көптеген қиыншылық болды, – деп бастады әңгімесін Сәлім аға. – Әкем Әлмағамбет атамыздан он жасында қалған екен. Отбасындағы ер балалардың үлкені болғандықтан еңбекке ерте араласқан. Өткен ғасырдың 30-жылдарында ұжымшарлар құрылды. Еті тірілігінен елді өзіне қаратып сөз сөйлеп, ұжымшар басқарды. Басқарма болғандықтан, оның үстіне денсаулығына байланысты 1941 жылы ол кісіні әскерге алған жоқ. Әкем көрнекті мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеновпен дос болған. Екеуі аудандық жер бөлімі меңгерушісі курсында оқып жүргенде танысқан. Олардың достығы шынайы болатын. Қандай қызметте болса да бірін-бірі іздеп жүретін. Ұжымшарлар ірілендірілгенде Жұмабек аға Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің төрағасы болатын. Әкемнің де, Жұмабек ағаның да мінезі өте қатаң-тұғын. Мектеп бітіріп, Алматыға оқуға келгенде Жұмабек ағаны кездестіріп қалдым. Қасында көмекшілері бар екен. Қорыққандық па, әлде ауыл баласына тән ұяндық па, жерден бас көтермеген қалпымда қастарынан өте шықтым. Қызығы сол, Жұмабек аға «Сәлім Алматыда не істеп жүр? Оқи ма? Маған неге келмейді?» деп әкеме хат жазады. Әкем «Неге Жұмабек ағаңа барып сәлем бермейсің?» деп маған ұрсып хат жазады да, оны әдейі шатастырып Жұмабек ағаның атына, керісінше ол кісіден келген хатты маған салып жібереді. Бір күні көмекшісі Хамзин телефон соғып, «Сен Алматыда екенсің ғой, өткенде көргенде неге келіп сәлем бермейсің?» деп ағаның қабылдауына шақырды. Жұмабек аға Қазақстанның Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы қызметін атқаратын. Аман-саулықтан соң «Менің хатымды бер, мынау саған жазған әкеңнің хаты» деп қайтарып берді. Жағдайымды тәптіштеп сұрап, «Үйге келіп тұр. Бәтес апайың сені күтіп жүр» деді. Тамаша кісілер еді, шіркін! Әкемнің және оның айналасындағылардың бізге берген тәлім-тәрбиесі өте күшті болды. Әкем мені «ұжымшар бастығының баласы» деп еркелетіп қойған жоқ, қысы-жазы жұмысқа жегетін. Атқосшының міндетін атқардым. Ұжымшардың төрт-бес жылқысы мен төрт-бес сиырының күтімі менің мойнымда болды. Таңғы 6-да тұрғызады. Ұжымшарға іссапармен келген кісілерді атпен анда-мында апаратынбыз. 8-сыныпқа дейін қалай оқып, қалай қойғанымды білмеймін. Сабақ оқитын уақытым да

жок. Бірақ мұғалімдеріміздің ауызша айтқан сабақтарын қағып аламын. Үйдің шаруасына да қолғабыс жасаймыз. Ағаш жарып, отын, су тасимыз, жұмыс көп. Біз осылай өсіп, ержеттік. Әкеміз біріктірілген Алқа ағаш, Қаратал, Казловканың ұжымшар төрағасы болды. Сол үлкен жиынға Жұмабек Тәшенов келген.

Анамыз өте салмақты, мейірбан, ақылды кісі болды. Қолы ашық, ауыл арасында өте мақтаулы жанның бірі еді. Анамның қонақ күтуі, үйді ұстауы, нені болса да бабымен жасауы осы күнге дейін елдің аузында. Денсаулығы онша болмады, өте нәзік жан еді, бірақ өмірге аса құштар болатын. Соның арқасында 97 жас өмір сүрді.

Аядай ауылдың атақтылары

Сәлім ағаның балалық шағы ақын Кәкімбек Салықов, сәулетші Шот-Аман Уәлиханов, академик Аманжол Қошанов, жазушы Герольд Бельгерлермен бірге өтті. Бұлар – Есілдің бойында тай құлындай тебісіп өскендер. Теріскейдің қысы ұзақ, күн салқын. Өзеннің суына шілде айында ғана түсе алады. Жер қарайғанда сиырдың жүнінен доп жасап, футбол ойнайтындары есінде. Соғыс уақытының салмағы балалардың иығына да зіл батпан болып түскені анық. Ұжымшардың жұмысына олар кішкентайынан атсалысты. Шамамен сәуір айында, қар ерігеннен кейін мектепте оқу бітеді. Содан қара күзге дейін дамыл жоқ.

– Моральдық жағынан өте қиын еді. Әкеміздің қаталдығынан талай рет қамшы да, таяқ та тиді. 7-сыныптан кір тасын көтере бастадым. Ешқандай арнайы жаттығусыз 32 келі кір тасын жиырма тоғыз рет көтергеніме аудан орталығы Мариевкадағы орыс балалары таңғалды. Арнайы жаттыққан бала кір тасын отыз екі рет көтеріп, бірінші орын алды және ол менен бес жас үлкен болатын. Оқуға деген ерекше талабым, құлшынысым болғанмен, оған мүмкіндік жоқ еді. Түнде өзгелер ұйқыға кеткенде шамның бір жағын жауып қойып кітап оқитынмын. Басқалар ұйықтауы керек қой, – деп еске алады сол бір жылдарды Сәлім аға. – Досым Кәкімбектің әкесі қайтыс болып, оның Айыртаудың жанындағы кішкентай ауылдағы нағашыларына барып тұруына тура келді. Ол менен төрт жас үлкен болатын. Ауылда жүрген кездің өзінде досымның беделі жоғары-тын. Адамдар оның сөзін ұйып тындап, құрмет көрсететін. Өйткені ол сөйлеудің ретін білді, балаларға ақыл-кеңес беретін. Аманжол Алқа ағаш ауылында тұрды.

Табиғаты – өзен-көлі мен ағаштары әдемі болатын. Герольд біздің мектепте менен екі сынып төмен оқыды. Әкесі Карл ауылымызда фельдшер еді. Гера – өте жақсы жігіт болды, үйден көп шықпайтын. Анда-санда оның үйіне барып тұратынмын. Ойнаймыз. Карл аға ерте кезде мені мандолинге үйрете бастады. Тіпті ол кісі маған гармонь сатып әперіп, үйретіп, Карл аға, Гера, үшеуіміз концертке қатысқанбыз. Нота дегеннің не екенін білмейміз, бірақ есте сақтау қабілетім ерекше болғандықтан, гармоньды әжептәуір меңгеріп шықтым. Карл аға «Фотокорр» аппаратымен фотоға түсіруді де үйретті.

«Ел мақтаған жігітті қыз жақтаған»

– Апамның ақылымен жоғары оқу орнына түсуге барынша талаптандым. Анам Жанкүміс «Айналайын, қалайда Алматыда институтқа оқуға түсуге тырыс. Әкеңнің мінезін білесің, өз жағдайыңды өзің қиындатып жібересің» деп кеңес берді, – дейді Сәкең. – Қалаға келгенде мәдени жағым өте нашар болды. Ештеңеден хабарым жоқ. Киноны жақсы көретінмін. Ауылда жүргенде де мүмкіндік болғанда аудан орталығына әкемізден жасырынып талай рет киноға барғанмын. Алматыға келгенде «Егер оқысам, білсем үлкен ортаның арасына кіремін» деп тырысып, талаптандым. Ұмтылыс пайда болды. Ауыл жақтың жігіті Хамит Біржановтың айтқандары қалаға тезірек үйренуіме сеп болды. Шет тілдер институтының ағылшын тілі факультетін бітірдім. Оқуға түскенімде ағылшын түгілі, орысшам онша болған жоқ. Кітап оқып таңғы 4-ке дейін отыратынмын. Екі-үш сағат көз шырымын алып, тынығамын да, таңертең сабаққа кетемін. Бірақ еңбегім зая кеткен жоқ. Екінші курстың қысқы сессиясының бәрін беске тапсырдым. Содан кейін ғана онда-мында қарайтын, көрмелерге, театрларға барып тамашалайтын мүмкіншілік туды. Би үйірмесіне қатыстым. Кештерге барып, адамдармен араласа бастадым. Бір би кешінде болашақ жарым Ләйламен таныстым.

Осы сәтте ағамыз дипломаттарға тән ерекше сыпайылықпен «Бұл жағын Ләйла сен айтшы» деп әңгіме тізгінін зайыбына ұстатты.

– ҚазМУ-дың химия факультетінің I курсында оқитынмын, – деп жалғады әңгімені Ләйла Қадырқызы. – 50-жылдарда терең білім алу біздің негізгі мақсатымыз болды. Көрші қыз Люба биге барайық деп болмады. Соғыстан кейінгі қиыншылық жылдар, тар бөлме, топырлаған қыз-жігіттер. «Уақытымды бекерге кетірдім-ау» деп тұрғанда

ұзын бойлы жігітке көзім түсіп, Любадан оның кім екенін сұрасам, ағылшын тілі факультетінің жігіті, факультеттің бүкіл қызы оған кетері емес екенін ескертті. Любаға «Кел, бәстесейік, биден соң тап сол жігіт мені үйге шығарып салады» дедім. Әңгіме осымен бітті. Бәстескенді ұмытып, бидің қызығына әбден түстік. Әлден уақытта әлгі жігіт биге шақырып келіп тұр. Биледік, сөйлестік, таныстық. «Орысшасы оңып тұрған жоқ, өзі ауылдың жігіті, түрінен басқа ештеңесі жоқ екен ғой» деп ойладым. Не керек, Сәлім би кешінде жігіттердің бәрін қасымнан ысырып шығып, үйге өзі шығарып салды. Онымен қоймай, Кеңес Одағының халық артисі, молдаван қызы Тамара Чабанның концерті болатынын афишадан көрген ол ертеңіне концертке шақырды. Ұжымшар төрағасының баласы жатақханада тұрмайды, пәтер жалдайды. Таныстығымыздың екінші күнінде-ақ көршісінің машинасын жалдап, бізді концертке алып барды. Бұл 1953 жыл болатын. Сәлім сабағын қай уақытта оқитынын білмеймін, үйден шықсам да, сабақтан босасам да есіктің алдында күтіп тұрады. Тіпті олай-былай бір қадам аттатпайтын болды. Көп уақыт өтпей өзге жігіттердің бәрі менің маңыма жоламауға айналды. Бұл жағдай үш жылға созылды. Ол мінезімен, алдына қойған мақсатқа жетпей қоймайтын табандылығымен, ізденімпаздығымен бірте-бірте өзіне тарта берді...

– Ләйла – қазақы зиялы отбасында өскен қыз. Ойымыз салмақты болды, қызбен болашақта бір болсақ деп сөз байласқанбыз. Оқуды жақсы бітірдім, орысшам да түзелді. 1955 жылы жолдамамен Петропавлдың педагогикалық институтына ағылшын тілі пәнінің мұғалімі етіп жіберді. Келер жылы шаңырақ көтердік, – деп жылы жымиды Сәлім аға.

Бәрі алғашқы қадамнан басталады

– Петропавлда бір жыл жұмыс істеп келгенде шет тілін білгеннен басқа артық тәжірибем болды деп ауыз толтырып айта алмаймын, – дейді Сәкең. – ҚазКСР-дің сыртқы істер министрі Төлеген Тәжібаев жұмысқа шақырды. Ләйләнің әкесі Төлеген ағамен дос болатын. Шамасы бір кездескендерінде әңгіме арасында мен жайында айтылып қалды ма екен, СІМ-не екінші хатшы етіп алды. Сол жерде төрт жылдай жұмыс істедім. Бұл ортаға сіңісіп кетуім оңай болмады. Ауылдың баласымын, қаланың көп тірлігінен онша хабарым жоқ. Т.Тәжібаев Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін қоса атқаратын және ол кеңес дәуірінде Қазақстанның ең бірінші сыртқы істер

министрі болған кісі. 50-жылдары еліміздің СІМ-де жиырма-жиырма бес жігіт жұмыс істей бастайды. Жігіттерді Мәскеуге жіберіп, оқытады. Мұны мұрағаттан таптық. Кейіннен Кеңестер Одағының Сыртқы істер министрлігі ҚазКСР-дің СІМ-де адамдарды қысқартады. 1956 жылы СІМ-не жұмыс істеуге келгенімде министрдің көмекшісі, екінші хатшы, бухгалтер, машинистка мен жүргізуші – бәрін қосқанда бес-ақ адам болды. 1957 жылы Қытайда тәртіп күшейіп, қазақтар мен ұйғырлар Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданынан қаша бастады. Олардың көбі біздің елге келгісі келді, бірақ орын шектеулі еді. СІМ-нің жұмысы көбейді. Біз саяси жұмыстармен тікелей айналысқан жоқпыз, таза консулдық істерді атқаруға тиіс болдық. Оралмандардың төлқұжатына қол қойдым. Сағындық Кенжебаев Комсомолдың Орталық комитетінің бірінші хатшысы еді. Біздің Ленин мектебін бітірген Анатолий Шалов – Комсомолдың екінші хатшысы. Қазақшасы судай, үлкен қайраткер болатын. Бірде ауылдасымыз ретінде Анатолий Васильевичке амандасуға бардым. Сағындық Жүнісұлымен таныстық осылай басталды. Ол кісі өз ісінің шебері болатын. Сол таныстықтан соң Сағындық ағаның көзіне түсіп қалып, қолдай бастады. Партия қатарына өтуіме себепкер болды. Мәскеуде комсомол мектебінде бірге оқыған, Венгрияда дипломат болып жұмыс істейтін жолдасы Дастанбек Райымбеков Алматыға іссапармен келгенде Сағындық аға бізді таныстырды. Осы жағдайдың бәрі біріне-бірі себепкер болды. Заң факультетіне кешкі бөлімге оқуға түстім. Үш курсын бітіргенде қызмет бабымен Мәскеуге кетіп қалдым. Болмаса заңгер болып шығар ма едім, кім білсін?! Сағындық Жүнісұлы биыл торқалы 90 жасқа табан тірейді. Осы күнге шейін араласып, сыйласып келеміз.

Белсенді әрекетім біреулерге жақпай қалды

– Қазақ КСР Сыртқы істер министрлігінде қызмет жасаған төрт жылда барлық хаттамалық-консулдық жұмысты меңгеріп алдым. Әйелім екеуіміз қызметке байланысты маған жасалған ұсыныстардың әрқайсысын өзара үнемі талқылайтынбыз. Білімімді шыңдап, осы саланың қыр-сырын тереңірек білу үшін Мәскеудегі Жоғары дипломатиялық мектепке оқуға түсу керек деп шештік. Әрине, оқуға барып келген соң деңгейім жоғарылады. ЖДМ-ге басқа республикалардан келген жастарды кейде талапқа сай емес деп қайтарып та жіберетін. Ағылшын тілін білгендіктен үш жылдық оқуды екі жылда бітірдім.

ЖДМ-тен соң 1963 жылы КСРО-ның Біріккен Араб Республикасындағы Елшілігіне жұмысқа жіберді. Ол кезде екі ұлымыз болды. Ләйла жұмысынан босап, отбасымызбен Мысырға бардық. Онда төрт жарым жыл елшіліктің үшінші хатшысы, мәдениет жөніндегі атташе қызметін атқардым. Жұмысым жайлы болды. Мәдениет, ғылым жағынан екі жақты ынтымақтастық мақсатында біздің елден адамдар көп келетін. Соларды қарсы алу, шығарып салу, баратын жерлеріне апару, олардың жұмыстары жөнінде есеп беру, тексеріп, талдау жасау менің міндетім болатын.

1964 жылы қантар айында мынадай қызық оқиға болды. Үйімізді күзетуші Саид бәдәуилер тегінен шыққан адам еді. Олар Қызыл теңіздің шөлейтінде мекендеп, мал өсірумен шұғылданатын. Саид тоқты жетектеген феллахты біздің үйге ертіп әкеліп әйеліме «Мұсылмандардың Рамазан мейрамы басталды. Тоқтыны сатып ал» дейді. Абырой болғанда, әйелім абыржымастан қожайынның рұқсатынсыз ештеңе істей алмайтынын айтады. Кеңестік кезде дипломаттың ораза ұстап, құрбандық шалып, Рамазан айын мерекелеп жатқанын көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Егер отбасым солай істесе, сол мезетте бұл елден кері шақыртылып, мұның барлық зардабын мойныммен көтеруге тура келер еді... Белгіленген мерзім аяқталған соң БАР-нан елге келдік.

1968 жылы Мәскеуде КСРО Сыртқы істер министрлігінің орталық аппаратында қызметімді жалғастырдым. Министрліктің үшінші африка бөлімінде екі жыл үшінші, содан кейін екінші хатшы болып жұмыс істедім. Төрт бөлмелі үй берді. Кілең орыстардың ортасы. Кеңес дәуірінде Сыртқы істер министрлігінде үлкен мектеп қалыптасты. Өңшең мықтылар жұмыс істеді. Әрине, оқу өз алдына, ал тәжірибе жылдар бойы жиналады. КСРО СІМ-де істегенде өзімді-өзім көрсетуім керек болды. Кейбіреулердің «Түк білмейтін қазақ» дегендей мысқылмен қарайтынын да сезем. Дегенмен мені көтермелеп, қолдау білдіргендер де аз болмады. Мысырдағы қызметімде соншалықты қиындық көре қойған жоқпын, ал Түркияға келгенде кішкене қиындау болды. 1973 жылы Ыстамбұлға консул етіп жіберді. Үш сағат жоғары қызмет. Ағылшын тілін өте жақсы меңгердім. Бір жыл түрік тілін оқып, үйрендім. Түркияда алты жыл шамасында жұмыс істедім. Бір жарым жыл Бас консулдықты басқардым. Өзімді жан-жақты көрсетуге барымды салдым.

Істамбұлға келгеннен кейін бір айдан соң Солтүстік-батыс теңіз базасының қолбасшысы, вице-адмирал Акол бас консул екеуімізді Түркияның әскери-теңіз күшінің құрметіне қабылдауға шақырды. Зайыбым екеуімізді көрген адмирал кеңес консулының орыс адамы еместігіне таңғалысын жасыра алмады. Аты-жөнімізді естігеннен кейін бізді сұқ саусағымен көрсетіп:

– Түріксің бе?! – деді.

Тосындау бір көңіл күйдің еркінде тұрсам да, сыр бермей, мен де сұқ саусағымды шошайтып:

– Қазақсың ба?! – дедім жауап орнына.

Қарсы сұрағыма таңғалған адмирал неге өзін бұлай атағанымды сұрады. Біздің соңымызда қабылдауға шақырылған басқа адамдар да тұрған болатын. Бұл әңгімені кейінірекке қалдыруын өтіндім.

Қабылдау өтіп жатқан кезде жаңа таныстарымыз – кәсіпкер, әскерилердің арасында тұрғанымызда адмирал жанымызға келіп, әлгі сұрағын тағы қайталап:

– Сіз неге мені қазақ деп, өзіңізді түрік емеспін дедіңіз?

– Адмирал мырза, түріктер бұл аумаққа қайдан келген?

– Қайдан келгені қалай? Олар қашаннан осында тұрған.

– Жоқ, олай емес, тарихшылар түріктерді мұнда Алтайдан келген деген тұжырым жасайды. Осындағылардың да бұдан хабары бар.

– Иә, солай екен-ау, Алтайдан ғой.

– Егер түріктер Алтайдан келсе, біз сол жақта тұрсақ, онда сіз кімсіз және мен кіммін?

Батылдау айтылған осы әзіл адмиралға ғана емес, жанымызда тұрған қонақтарға да ұнап қалды, олар мұны одан әрмен қайталап, бір-бірлеріне айтып жатты.

Алғашында «Бұл қазақ қайдан келген?» дегендей менсініксіз қарағаны рас. Бірақ елшіліктегілер бір жылдан кейін менің жұмысымды басқаша бағалады. Бір сөзбен айтқанда, мойындауға тура келді. Оның үстіне бастық болған соң түріктер маған көбірек көңіл аудары бастады. Әсіресе, елге сыйлы ақсақалдарының маған көзқарасы оң болды, «Түбіміз бір» деп өздеріне жақын тартты. Түркияның фармацевтика өнеркәсібінің басшысы, миллиардер Неджат Эдзаджибаши өнер адамдарын жақсы көретін. Әсіресе, Кеңестер Одағы балет шеберлерінің өзіне ұнағанын атап-атап шақыратын болды. Маған дейін оларға көңіл бөлмейді екен. Орыс балет өнері шеберлері Е.Максимова,

В.Васильевтердің студент кезі. Үлкен театр сахнасында өнер көрсетіп жүрген. Кеңес Одағының өнер шеберлері Түркияға емін-еркін келе бастады. Атым шығып, абыройым арта түсті. Н.Эдзажибаши мені жақын тартып сырын айтатын. Сондағы ұққаным – Түркияны көтеріп тұрған байлар екен.

Түркияда өте белсенді жұмыс істедім. Орталыққа терең де мазмұнды ақпарат жіберіп тұруға барымызды салдық. Дегенмен біздің белсенді әрекетіміз кейбіреулерге жақпағаны анық. 1977 жылдың тамыз айында Измир қаласында дәстүрлі өнеркәсіп көрмесі өтті. Көрмеге Кеңес Одағы да қатысатын. Көрменің жабылуынан кейінгі коктейлде Ыстамбұлға қашан қайтатынымызды сұраған таныс кәсіпкерге таңертең ерте жолға шығатынымды айтқанмын. Таңғы бесте жолға шықтық. Мен рульде, жанымда ұлым Жасұлан, зайыбым артқы орында болатын. Қозғалыс аз, жайбарақат келе жатқанбыз. Кенет айнадан аса қатты жылдамдықпен келе жатқан машинаны аңғардым. Көзді ашып-жұмғанша әлгі машина біздің «Волгамызды» артқы жағынан келіп соқты. Соққы аса қатты болды. Машинаның руліне әрең ие болдым. Көлігім алға қарай асқан жылдамдықпен ырғи жөнелді. Абырой болғанда «Волгамыздың» мығымдығының арқасында аман қалдық. Ал бізді соққан машина бүктетіліп қалды. Кейін де осыған ұқсас бірнеше оқиға болды. Онсыз да бұл елдегі қызмет уақытымыз аяқталуға таяп қалған біз тезірек елге қайтуға асықтық, – дейді Сәлім Әлмағамбетұлы.

Туған елге оралу

Бір мақаланың аясында адамның бүкіл өмірін қамтып шығу мүмкін емес. Сәкеннің КСРО Сыртқы істер министрлігінің бас хатшылығындағы, Эфиопиядағы қызметтері де үлкен оқиғаларға толы өмірдің бір кезеңі деуге болады. Оның маңдайына ұзақ жылдар бойы туған жерден алыста, сырт мемлекеттерде жұмыс істеу бұйырыпты. КСРО СІМ-нің орталық аппараты мен елшіліктерінде отыз жыл жұмыс істеп, кәсіби дипломат ретінде қалыптасты. Еліміз тәуелсіздігін алған жылдары да КСРО Сыртқы істер министрлігі аппаратында қызмет істеп жүрген.

– 1992 жылы 10 ақпанда Сыртқы істер министрі Төлеутай Сүлейменов «Ертең сағат 12.00-де Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы сізді қабылдайды» деп телефон шалды. Мәскеуден түнгі ұшаққа отырып,

Алматыға келдім. Ұзақ жылдар қызмет жасаған ыстық ұям – КСРО СІМ-нің қабырғасынан еш өкінішсіз туған елге қарай көңілім алып-ұшып асығыс аттандым. Елбасының қабылдауына уақытылы келдім, бірақ ол кісі шұғыл шаруамен кетіпті. Жігіттер Елбасының «Анау кабинетке отырып, жұмысын істей берсін» деген сәлемін жеткізді. Кейін мәлім болғандай, Төлеутай Сүлейменов ел Үкіметіне мені сыртқы істер министрінің бірінші орынбасары қызметіне шақыру туралы ұсыныспен шығыпты. Президент Н.Назарбаев пен Үкімет басшысы С.Терещенко қолдады. Бұл маған елдің бірінші басшылары тарапынан көрсетілген үлкен сенім еді. Көп жылғы дипломатиялық тәжірибемді енді егемен еліміздің сыртқы саяси ведомоствосын құру үшін пайдалануға мүмкіндік туды. Нұрсұлтан Әбішұлымен кейіннен сөйлестік. Ол кездері Сыртқы істер министрлігінде он бес адам істейтін. Бірақ көбі жөн-жосықты білмейді. Мәскеуден әр-әр жерде жұмыс істеп жүрген он екі қазақ жастарын шақырдым. Олардың қатарында Қ.Тоқаев, В.Ғизатов, Қ.Омаровтар бар. Үміткерлерді аптасына екі рет тексеріп, жұмысқа қабылдаймыз. Комиссия төрағасымын. Бір жарым жылдың ішінде СІМ-не 187 адамды жұмысқа алдық. Министрліктің негізі осылай қаланды. Алынған адамдар жан-жақты тексерілді. Он төрт-он бес кісі өтініш берсе, осының ішінде екі-үшеуі ғана біздің талаптарымызға сай келіп, жұмысқа қабылданды. Министрліктің заңнамасы, «Дипломатиялық қызмет заңы» «Сыртқы істер министрлігінің құрылымы» сияқты он бес шақты заңнамалық құжаттарды жаздым. Алғашқы кезде мұндай ресми құжаттарды менен басқа ешкім жаза алмады. Тіпті уақыт деген тығыз болатын. Кей уақытта қабылдауыма үлкен кісілер келіп отырады. Оларға орыс тілінде «Сізге 15 минут беріледі, айтарыңызды сол уақытта жеткізіңіз» дейтінмін. Әңгіме созылып бара жатса «Сіздерге бөлінген уақыт бітті, жүре беріңіз» деуге мәжбүр едім. Сонда мен туралы «Ойбай, бір «орыс» келіпті, ешкімді тыңдамайды екен» деген лақап тарапты. Ежелгі достарым Аманжол Қошанов пен Шот-Аман Уәлиханов бір күні кешке кездесуге шақырды. Ол кездері Лэйлэ әлі Мәскеуден көшіп келмеген. Бала күннен келе жатқан достарым «Осы сен қайдан шықтың? Неге үлкен кісілерді дұрыстап қабылдамайсың?» деп мені әбден іреді ғой. «Уақытым жоқ» деймін күмілжіп, «Ұйықтама, түнімен отыр, ол мәселе емес, үлкен кісілерді дұрыстап қабылда» деп сынның тезіне алғаны бар.

Осындай қиыншылықпен еліміздің Сыртқы істер министрлігі өз жұмысын бастады. Бір аптада атқаратын жұмыстарымыз кейде тіпті

екі айда атқарылатын жұмыстарды қамтып кетеді. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы атомдық қарудың жайы туралы қайта-қайта телефон шалады. Дүниежүзіне таратып сатып жібере ме деп қорқады ғой. Ресейліктермен сөйлессек, атомдық қаруды тап сол кезде алып кететін ойлары жоқ. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Беккерге «Сіз неге қайта-қайта телефон соға бересіз? Сіздердің мұнда елшілеріңіз бар емес пе? Ол не бітіріп отыр? Бізге келіп жағдайды неге түсіндірмейді? Өзіңіз мұхиттың арғы жағында отырып нұсқау бергендей қысқа-қысқа сөйлесесіз» дедім. Содан кейін телефон соғуды қойды. Санасуға тура келді.

Сәлім ағамен сұхбаттасқаннан кейін оның «Жарты ғасыр дипломатияда» атты кітабын оқып шықтым. Онда дипломатиялық қызметке келу жолдары мен онда кездескен қиыншылықтар, бүкпесіз, боямасыз айтылады. Ауылдан шыққан қазақ баласының өзгелерді мойындатып, жауапты қызметтерді атқаруы – оның алдына қойған мақсатына жетпей тынбайтын еңбекқорлығы, үздіксіз ізденіс пен білімінің арқасы. Сәкен алпыс үшке толып, отставкаға шыққан соң әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жұмыс істеп, алпыс жеті жасында саяси ғылымдар кандидаттығын қорғады. Қазақ-американ университетінде дәріс берді. 2006 жылдан бері КИМЭП-тің профессоры.

Сәлім Әлмағамбетұлы Венгр Республикасында Қазақстан Республикасының елшісі қызметін атқарған кезде Венгр Республикасының Жоғары мәртебелі «Жұлдызшалы орташа крест» орденімен марапатталды. Ол – Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері.

Ер-азаматтың үлкен белестерді бағындыруы үшін өзгелерден бұрын қасындағы жарының жан-жақты қолдауы қажет екендігіне дипломаттың өз өмірі жайлы жазылған кітабынан тағы бір көз жеткіздік. Сәлім аға мен Ләйла апамыз ұлдары Рүстем мен Жасұланнан немере-шөбере сүйіп отыр. Жан-жақтағы ұрпағы таяуда ата-әжесінің 80 жылдық мерейтойына жиналды. Тойдағы ең үлкен сыйлық сол болғанын айтады олар. Жарасымды отбасының шаңырағы әркез шаттыққа толы болсын!

18 наурыз, 2014 жыл



Ким СЕРІКБАЕВ,

Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, полковник:

ГЕНЕРАЛ БОЛА АЛМАУЫМНЫҢ САН ТҮРЛІ СЕБЕБІ БАР

Ақтөбе облысының Хромтау ауданындағы Көптоғай ауылында 1934 жылдың 14 қаңтарында полковник (1977 жыл), әскери ғылымдардың докторы, профессор, «Сыновний долг», «Быть патриотом», «Бауыржан Момышулы в моей жизни», «Батырдың шапағаты», «Обретенной независимости – надежную защиту», «Доброму делу – долгая жизнь» сынды бірнеше кітаптың авторы Ким Серікбайұлы дүниеге келген. Жыл басында 80 деген белесті бағындырған Ким аға қазір де жас талапкерлерге Отан қорғау, патриотизм, әскери тәртіп жайлы әңгімесін айтып, дәрісін оқып, көрген-түйгенін үйретуден жалыққан емес.

Егіздің сыңары

Полковниктің беу балалық шағы Новороссей ауданының (қазіргі Хромтау) №2 фермасында (қазіргі Көптоғай ауылы) өтті. Ол жерде үшінші сыныпқа дейін оқыды. Кейіннен әкесі Серікбайдың жұмыс бабымен Ключевой ауданы Қызыл ту ауылына қоныс аударды. Қазір бұл аудан Алға деп аталады. Сондықтан біздің кейіпкерімізді екі аудан да өздеріне жақын тартып, ел жаққа бара қалса құшағын жайып қарсы алады.

Әкесі Серікбай ет-сүт фермасында меңгеруші болып жұмыс істеді. Үлкен базада сиыр өсіріп, Үкіметке ет-сүт тапсырып тұрған. Анасы Зияда сол жерде сауыншы болған. Жұмыстары ауыр еді. Оны ес білгеннен кейін өзгелердің жұмысына қарап түсінді. Әкей сауаты аз болса да табиғи қабілетті жан болатын. Белсенді, өткір, орыстармен жақсы тіл табысып, ферма меңгерушісі, басқарма, ауылнай, өрттен қорғау басқармасының бастығы қызметтерін абыроймен атқарған. Денсаулығы мықты еді, аяқ астынан екі күн ауырып, қайтыс болып кетті. Жерлейін деп жуып жатқанда оны бүйі шаққаны мәлім болады.

– Отбасындағы он төрт баланың кенжесімін. Әкеміз 1948 жылы алпыс екі жасында, анамыз 1949 жылы елуге келіп қайтыс болды, – деп бастады әңгімесін Ким ағамыз. – Есімді білген уақытта біз үшеу едік. Қалғанының бәрі қиыншылық заманда, ашаршылықта, қызыл шешектен көз жұмған. Ұмсындық-Ақзипа апам 1924 жылғы. Соғыс алдында адам күші жетпей жатқанда Паша Ангелина «Қыздар, тракторға отырыңыз!» деген ұран тастады. Комсомол қыздар бастарына қызыл орамал байлап, трактордың руліне отырды. Соның бірі – менің Ұмсындық апам. 7-сынып бітірген соң бір жыл оқып, механизатор мамандығын игеріп шықты. Трактордың барлық түрін жүргізе беретін. Апам өткір адам еді. Бір жағынан Ангелинаның ұраны себеп болса, екінші жағынан әке-шешеме көмектесемін деп талаптанған болуы керек. 1943 жылы Курск шайқасының алдында қыздарды әскерге шақырғанда Ә.Молдағұлова, М.Мәметовалармен кұрдас Ұмсындық апам да төрт-бес ай танкистер курсына қатысып, әскерге аттанады. Біздің ауылдан соғысқа кеткен алты қыздың бірі – Ұмсындық апам болса, екіншісі – нағашы апам Жібек. Курстарын бітіргенде эшалонға мінгізіп танктерімен бірге Кавказға жібереді. «Түнде жүреміз, күндіз тоқтаймыз» деген мағынадағы хаттарын алып тұрдық. Бірақ апам 1943 жылдың наурыз айында қаза табады. Пойыз Краснодар өлкесіндегі Майкоп қаласы маңындағы орманның ішіне келіп бір разьездге тоқтағанда немістің оншақты ұшағы аңдып тұрып бомбалайды. Осылайша, ол майдан шебіне жетпей мерт болады. Жібек апай аман қалады, бірақ жарақат алады.

Ұмыттық-Мүтәш апам 1927 жылғы. Апаларымның аттарының мәні бар. Ұмсындық дегені қолында үш қыз, ұл жоқ болғаннан кейін қойылған ат. Кейіннен тағы қыз бала дүниеге келгенде «Ұлды ұмыт-

тық, көзге көрінген осы қыздар аман болсын» дегеннен шыққан. Жас күнінде көп қиыншылық көрсе де Мүтәш апам кейіннен тұрмыс құрып, ұл-қыз өсіріп, бақытты ғұмыр кешті. Таяуда өмірден озды.

Қазақ қара шаңыраққа ие болып қалады деп ұл баланың дүниеге келуін армандаған. Ақыры ата-анамыздың Құдай тілеуін беріп, дүниеге егіз ұл келіппіз. Көбі менің атыма қарап, «Кәріссіз бе?» деп сұрайды. 1949 жылға дейін комсомол КИМ деп аталды, бұл «Коммунистический интернационал молодежи» дегенді білдірді. Әкем орысша жақсы сөйлепті, орыстан достары болған. Атымды кеңшар директоры А.Константинов қойған екен. Сыңарым Владимир бір жарым жасында шетінеп кетіпті. Үнемі өзім үшін де, сыңарым үшін де еңбектенуім керек деген оймен өмір сүріп келемін.

Қалағаным қамшы болды...

Соғыс кезінің ұрпағында қайбір бал балалық шақ болды дейсіз. Ойыншығы – темір доңғалақ. Тапшылыққа байланысты екі апасының бешпеттерін кішкентай Кимге қайтадан тігіп беретін. Құдайдан тілеп алған жалғыз ер бала бола тұра шолжандатып, еркелетіп, оның бетіне қарап отыратын заман емес. Бірақ сол кездің жақсылығы – үлкен кісілер «Иә, Құдай, аман жаттым, аман тұрдым» деп отыратын. Олар өз істерімен, қанағатшыл сөздерімен-ақ жас ұрпақты тәртіпке, еңбекке үйретті.

– 1939-40 жылдары біздің үйде оншақты ешкі болғаны есімде. Соны бағып, сүтін ішіп, етін жедік, – дейді Кәмкең. – Қазақта нағашылардың жиенін еркелететін жақсы дәстүр бар. Нағашымыздың үйіне қонаққа барғанымызды да ұмытқам жоқ. Қайтуға ыңғайланған бізге нағашым «Бұйымтайларың бар ма?» деді. Қарасам, есіктің босағасында тобылғы сап, сегіз өрім, тастармен әшекейленген қамшы ілініп тұр екен. Салған жерден «Қамшыңызды беріңіз» дедім. Ол да қайтпай, «Бір ешкі берсең, қамшы сенікі» деді. Осылайша, бір ешкіге қамшы алмастырып алғанмын. Тағы бір оқиға есіме түсіп отыр. Екі апам жаздыгүні үйдің төбесінде не арбада жататын. Шәутен нағашымыз аңдып жүріп апаларым ұйықтап жатқанда арбасымен сүйреп, ауылдан бес-алты шақырымдағы Молалы сай дейтін жерге апарып тастайды. Ол расында да молалы жер. Оянған кезде апаларымыз қандай күйде болды екен? Нағашы-жиен, балдыз-жезде, қайны-женгенің арасында

әдемі ойын-қалжың болатын. Біз осы дәстүрді ұмытпауымыз керек. Бұл – бауырмалдық, өзіне жақын тарту, үлгі-өнеге беру.

Қара танығаннан оқығаны қаралы хабар...

Серікбайдың жалғыз ұлы мектепке барған 1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталды. Әліппе оқып, әріп тануы соғыстың дүмпуімен байланысты. Енді ежіктеп оқи бастаған шағында әскерден «қара қағаздар» келе бастады. Сауаттылар көп емес. «Қара қағаздағы» жайсыз хабарды кемпір-шалдарға, жетім-жесірге жеткізу, олардың жылап-сықтауы, бәрі олардың көз алдында өтті. 1943 жылдан бастап соғыста жаралы болғандардың алды келе бастады. Олар «Соғыстан келдім, мүгедекпін» деп отырмай, қолынан келген жұмыстың бәрін істеді. Соғыста бір аяғынан айырылып келген Темір ағамызды бүкіл ауыл «Ақсақ Темір» атап кетті. Орысша шамалы біледі. Бірақ әскердің тәртібі, сол жақтан үйренгенінің бәрін балалардың құлағына құя білді. Балаларды жастайынан әскери тәртіпке үйретті. Марқұм ертеңгісін ауылдағы Балалар үйінің терезесін қағып, «На физнарядку выходи!» дейтін. «Физнарядку» демейді. Кейінірек омырауы жарқыраған орден-медальға толы, иығында жалтыраған пагондары бар офицерлер мен солдаттар әскерден келе бастады. Балалар соларға қарап «Азамат боламыз, ел қорғаймыз» деп әскери маман болуға талпынды.

Күйеуін Чукоткаға іздеп барған келіншек

Ким аға мектеп бітірген соң Уфа әскери училищесінде оқыды.

– Бұл училищені 226 адам бітірдік, осының 22-сі партия кандидаты, біреуі партия мүшесі болды. Сол мен едім. Оқуды озат бітірдім. Училищенің ережесі бойынша озат бітірген түлек қайда қызмет жасаймын десе сол жаққа жіберетін. Болашақ жарым Раиса Сәрсенбайқызы ол кезде Мәскеуде оқитын. Оған «Қалайда үздік бітіруге тырысамын, сосын Мәскеуде қызмет етемін» дейтінмін. Бірақ бұл уәдемді орындамадым. Себебі полковник, соғыстан келген училище қолбасшысы Доценко «Қымбатты Ким, өзінді-өзің сынап көр. Қиыны соғыс болды, қазір бейбіт заман. Әлі бойдақсың, отбасың жоқ, нағыз қиын жерге бар» деді. Осы сөз қамшы болып мен Чукоткада қызмет жасауға бекіндім. Раиса оны дұрыс түсінді. Ол екеуіміз бір мектепте оқығанбыз. Училищенің бірінші курсы бітіріп ауылға келіп едім, ол

да мектеп бітіріп, оқуға түскен екен. Не керек, содан кейін біз айырылған жоқпыз. 1956 жылы комсомол тойын өткіздік. Чукоткаға қызметке келгеніме жарты жыл болғанда келіншегім бір ай жол жүріп соңымнан келді. Жалпы, әскери адамның әйелі болу оңай емес, оның үстіне Раиса студент болатын. Жаспыз, мен жиырма төртте, келіншегім жиырмаға жаңа келген. Үлкен қызымыз Лена сонда туылды. Чукотканың қары он ай жатады. Кейде биылғы қарға келесі жылдың қары жалғасып кете береді. Жаздың күні деген мүлдем жоқ. Минетіні – ит, бұғы. Бөлек горнизон. Әскери казармадан басқа ештеңе жоқ. Жас адамға, жас келіншекке ондай жерде өмір сүру оңай емес. Дегенмен офицерлердің, келісімшартпен қызметке барғандардың әйелдері бірігіп кеңес құрып, өздерінің көңілін өздері көтеріп, түрлі үйірмелерге қатысып, спектакль қойып, тіпті жауынгерлердің көңілін аулауға атсалысты. Біз онда үш жыл болдық. Кейде «Апыр-ай, мұншама қашық жерге біз неге келдік? Қой, елге қайтайық» деген ой келетін. Раисаның мамандығы – математик, программист. Үйімізде КСРО-ның үлкен картасы бар, онда біздің жүріп өткен жолдарымыз бейнеленген. Жігіттің өсіп-өнуі, өрісінің келешегі болуы үшін әйел кең болуы тиіс. Қызғаншақ, ашуланшақ болмауы керек. Сонда ер-азаматтың адымы ашылып еңбек етіп, абыройға бөленеді, – дейді ол.

Бар екенін білдіріп жүретін қазақ

«Қай жерде жүрсем де көз алдымда Бауыржан ағамыздың бейнесі тұратын» дейді Кәмкең. Бастауыш сыныпта ежіктеп оқып жүрген кездің өзінде тәрбие берген аға-апалары Б.Момышұлы, М.Ғабдуллин, Т.Тоқтаровтың кім екенін санасына сіңіре білген. Қай жерге барса да «Бауыржан қазақ, мен де қазақпын, өзгелерден кем болмайық» деп оқыды, еңбектенді. Чукоткадан кейін қай жерге барып қызмет жасау еркі өзінде болды. Ол Украинаны таңдады. Қазір Украинада болып жатқан саяси оқиға оның жанына қатты тиеді. Өйткені жастық шағы, өсуі, әскери адам ретінде қалыптасуы сол жерде өтті. Лейтенант болып барып, он жыл қызмет жасап, подполковник болып қайтты. Бұрынғының жақсысы – жұмысың дұрыс болса, саған дер кезінде тиесілі құрмет көрсетілетін. Атақ-дәреже беретін. Украинада қызмет жасап жүріп Мәскеудегі Әскери академияға түсіп, оны да үздік бітірді. Сонда байқағаны – біздің қазақ жігіттерінің зейінді екендігі. Ол кездегі

тәрбие басқаша еді. Одақтас республикалардағылардың бәрі еліміз Кеңес Одағы деп қарайтын. Украинада да өз елімізде жүрміз деп жан аямай еңбектенді. Онда дивизиядағы 3000-ға жуық офицердің ішінде жалғыз қазақ болды. Бірақ жалғызбын деген жоқ, қай кезде де, қай жерде де бар екенін, батыр қазақ елінің азаматы екенін білдіріп жүрді.

– Отыз сегіз жасымда академияны бітірдім. Сосын ұстаздарымның ақылымен әскери аспирантураға түсіп, үш жыл оқыдым. Жиырма алты офицердің ішінде бірінші болып диссертация қорғадым, – деп жалғады әңгімесін Ким аға. – Академияның қолбасшысы, профессор, армия генералы А.Родзеевский «Осы залда КСРО-ның көптеген ұлтының өкілдері диссертация қорғады. Бүгін батыр қазақ халқының өкілі диссертациясын өте жоғары деңгейде қорғап шықты» деп қасыма келіп, арқамнан қақты. Тегімді атап айтпаса да, бәрі түсінікті еді. Қуаныштан жүрегім жарылып кете жаздады. Сол жылдары моңғол, куба офицерлеріне сабақ бердім. Кейін Алматыға қызметке шақырды. Алғашында келіспедім. Қорғаныс министрлігі генералдары таңғалып, себебін сұрады.

– Академияда мыңдаған мұғалімнің ішінде бір қазақ жоқ, – дедім.

– Ойлан, сені қазақ деп елің сұрап отыр. Барғаның дұрыс шығар, – деп ақылын айтты Бас штаб генералы. И.Лященко деген Қырғызстан, Қазақстанда өскен, қазаққа бүйрегі бұрып тұратын генерал болатын. Ол – Орта Азия әскери округінің қолбасшысы еді. Мені сол кісі сұратыпты. – Неге бармайсың? Болмаса сені Шығысқа жібереміз, – дейді бетіме бажырая қарап.

– Жолдас армия генералы, ол жаққа жібере алмайсыз! – деп қасқайып тұра қалдым. Бауыржан ағамыздың бірбеткейлігі, айтқанынан қайтпайтын мінезі бізде де бар. – Мен генералдар мен офицерлердің көбі болмаған жерлерде қызмет атқардым.

– Қайда қызмет жасадың?

– Чукоткада.

Әлгі кісі «Рас па?» дегендей жанындағыларға қарады. Түсі бұзылып отырған ол әңгіменің растығына көзі жеткен соң жібіп, күлімсіреп:

– Қымбатты, жас подполковник, сен асықпа, әлі өмірің алда. Білім алдың, дипломың бар. Енді еліңе бар. Генерал боласың. Әскери ғылымдардан диссертация қорғаған бірінші қазақ екенсің. От-

басыңмен ақылдас, – деді. Мәскеуде екі бөлмелі қызметтік пәтерде тұратынмын. Үш балам бар. Төрт бөлмелі пәтер алғалы тұрмын. Бұл 1973 жыл еді. Біз ол кезде КСРО деген алып державаның тас-талқан болатынын білген жоқпыз. Не керек, елге қайтуға шешім қабылдадық. Бірақ генерал бола алмадым. Оның сан түрлі себебі бар...

Мәскеуден оралу

Кәмкеңнің Баукеңнің ерлігімен тәрбиеленіп, әскери қызметкер болдым деуі бекер емес. 1943 жылы 23 ақпанда мектепте әскери теңіз флоты күніне концерт қоюға дайындық жүріп жатқан. Әкесі балалардың концертін тамашалап бірінші қатарда отырған. Екінші сыныпта «Кім болам?» деген өлеңді «Арыстандай айбатты, Бауыржандай қайратты қызыл әскер мен болам» деп көкірегін ұрып тұрып айтқаны есінде. Сол кезден бастап Баукеңдей болу, солардың қатарының еңбегі, бейнесі оның үнемі көз алдында тұрды. «Доброму делу – долгая жизнь» деген кітабында өзінің адам ретінде қалыптасуына ықпалы тиген Бауыржан Момышұлы, Дінмұхамед Қонаевтар жайлы жазады.

– Генерал бола алмай қалған кезім Д.Қонаевтың қызметтен кетейін деп жүрген уақыты еді, – деп жалғады әңгімесін Ким аға. – Айналамда «Димекене неге бармайсың? Сені біледі ғой» дегендер көп болды. Ол кісі расында да мені білетін, тіпті өз қолынан пәтер берген. Ол да өз алдына қызық жағдай.

1973 жылы күзде Алматыға келдім. 1974 жылы қаңтар айында Коньев атындағы Алматы жоғары әскери училищесінде қызмет жасап жүргенмін. Бастығымыз генерал Власов шақырып, «Ақпан айында Саяси бюро мүшесі, Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы жолдас Қонаев келеді. Дайындалуымыз керек» деді. Училище бір жыл бұрын ғана ашылған. Арнайы бағдарлама жасалып, Орталық комитетке жіберілді. Бір аптадан кейін бағдарламамыз қайтып келді. Училище басшылары Қонаевты 23 ақпан – мереке күніне шақырған. Ал ол кісі мерекеде емес, жай жұмыс күні барып, таңертеннен кешке дейін сонда болып, балалардың оқуы, жатақханасы, әлеуметтік жағдайы қалай екенін көргісі келетінін айтыпты. 4 наурызда таңертеңгі сағат 10-да келді. Қасында Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімов, әскери қолбасшылар болды. Қақпаның алдында сап түзеп қарсы алдық. Жанымда Ұлы Отан соғысына қатысқан полковник, ұйғыр Шәріп Сүпиев болды. Кілең орыстың

ортасында бір қазақ, бір ұйғыр тұрмыз. Байқадым, бізге қадалыңқырап қарады. Генерал «Қазір клубқа барамыз. Сол жерде курсанттар отыр. Мен баяндама жасаймын. Сосын училищені көрсетеміз» деді. Димекең «Клубқа кейін барамыз. Әуелі сабақтарына қатысып, аудитория, жатақхананы көрейік. Түстен кейін полигонға барамыз. Ал кешке клубқа жиналайық» деп бағдарламаның бәрін бұзып тастады. Мен Тактика кафедрасының меңгерушісі болатынымын. 11-лерде біздің кафедраға келді. Сабаққа кіріп шықты. Өзі тұлғалы кісі ғой. Маған еңкейңкіреп:

– Отбасың бар ма? – деп сұрады. Оның алдында орысша сөйлесіп жүрген.

– Бар.

– Неше балаң бар?

– Үшеу. Бірақ отбасым Мәскеуде, – дедім. Түсі бұзылыңқырап, дереу орысшаға көшіп:

– А почему в Москве? – деді. Сасып қалдым, бірақ ауызыма Құдай салған шығар:

– Димаш Ахметович, как получу квартиру, я сразу привезу семью, – дедім. Ағамыз нөкерлеріне, Алматы қалалық атқару комитетінің төрағасы Есен Дүйсеновке:

– Этому молодому человеку дайте хорошую квартиру в городе хорошем месте. А то нечаяно он в Москву убежит, – деп күлімсіреді. Екі айдан кейін министрлер тұрған үйден жайлы, төрт бөлмелі пәтер берілді.

Мақтап тұрып, мақтамен бауыздайтындар...

– Жуырда 80 жасқа толдым. Менің жемісім де, жетістігім де айналамдағы адал адамдардың еңбегіне байланысты, мені адам қылған солар. Тек қана маған адалдық жасап, көмектескен адамдардың ісін ғана ойымда қалдырып, ал жамандық жасаған адамдарды ұмытып кеткім келеді. Бірақ өмірде неше түрлі жағдайлар бастан өтті ғой. Пәлсапалық тұрғыдан ой толғасақ, 1992-1994 жылдары Олег Попцов деген Ресей радио-телевизиясының бастығы болды. Б.Ельцин таққа келгенде оны пайдаланды, бірақ кейіннен қызметтен қуып шықты. Қамыққан О.Попцов «И власти плен...» деген кітап жазыпты. Аяқ астынан қызметтен босап үйде жатқанымда Алтынбек Сәрсенбайұлы

телефон соғып, «Аға, мына кітапты оқып шығыңыз» деп біреуден беріп жіберді. Кітапты үш күнде оқып шықтым. О.Попцов кітабының бас кейіпкері үлкен компанияның директоры жасы келсе де қызметтен кеткісі келмейді. Оның жұмыс істеу тәсілі бойынша өзінің ізін басып келе жатқан адамдарды мақтамайтын көрінеді. Ал қызметтік баспалдақ бойынша анау төмен жақта тұрған жастарды мақтайды. «Бұл өзін-өзі қорғаудың амалы» деп жазады автор. Расында да, қиыншылық жағдайлар, мені налытқан адамдар болды. Бұл өмір ғой... Тәптіштеп айтпай-ақ шет жағасына тоқталып өткім келеді. Он үш жыл партия мектебінде әскери кафедраның меңгерушісі болып жұмыс істедім. Еліміз тәуелсіздік алған кезде мен елу сегіз жасқа келген едім. Президент әкімшілігіне шақырып, сол жерде жаңадан құрылған қорғаныс бөлімін басқардым. Бұл бөлімнің негізгі мақсаты – әскери саясат мәселесі, әскери доктрина жазу, әскери құжаттарды, заңдарды дайындау. Осында жұмысшы тобын басқардым. Жарты жылдың ішінде үкімет басшыларының тапсырмасын абыроймен орындап, Жоғары Кеңесте сол заңдар талқыланды. «Қарулы күштер, қорғаныс» туралы заңды 1992 жылы 21-22 желтоқсанда Жоғары Кеңесте қорғадым. Бәрі жақсы, дұрыс болып келе жатқан. Тәуелсіз қазақ елінің әскері құрылды, құжаттары бар. Елбасы Н.Назарбаевтың тапсырмасын әрі қарай да абыроймен орындау, әскерімізді дамыту деп жүргенде жағдайға байланысты жұмыстан кететін болдым. Мен әскери адаммын, бұрын әкімшілік қызметтерде болмағанмын. Бұл ортаның ішкі анау-мынауы маған түсініксіз болды. Кейін ойлап қарасам, жұмысыма қарап айналамдағы кейбіреулер қызғаныштық жасағандай. Екіжүзділікті қойсаңшы, көргенде құшақтап «Ким Серікбаевич, сіз біздің мақтанышымызсыз» дегенді айтады. Дегенмен олардың маған істеген ретсіз іс-әрекеттерін білемін. Біз кең қазақпыз, бірақ кейде біреудің адымы кеңірек болса шалғайынан тартып, аяғынан шала саламыз. Бұрынғы жұмыстан кетіп, ғылыммен айналыстым. Елімізде әскери ғылымның негізін қалау мәселесінде академик М.Қозыбаев, ғылым докторы П.Беландардың басшылығымен осы саланы дамытуға еңбек еттік.

Азаматтық өмірге бейімделу

– Менің мінезімнің кемшілігі бар. Сол кемшіліктен талай қиыншылықты көрдім-ау деп ойлаймын. 1988 жылы елу төрт жасымда

запасқа шықтым. Ғалым ретінде әскер қатарында әлі де жұмыс жасауыма болар еді. Өйткені Одақтың Қорғаныс министрінің бұйрығы бойынша бес жыл қосылады. Әскери ғылымдардың кандидаты едім. Бірақ тіке айтатын мінезіме байланысты кейбір адамдар менің жұмыстан кетуімді қалады. Үйде екі күн жаттым. Офицерлердің белбеуді тастағаннан кейін азаматтық өмірге еніп кетуі қиын. Білім министрі Шайсұлтан Шаяхметов «Әскери ғалым ретінде сізбен ақылдасатын жағдай бар еді. Қолыңыз тисе жұмысқа кіріп шықсаңыз» деп телефон шалды. Қызметтен кетіп, аздап налып жүрген адаммын. Қабылдауына бардым. «Аға, өмір бойы жоғары мектепте істегенсіз. Тәжірибеңіз бар. Суворов атындағы орыс тілі мен дене шынықтыру пәндерін тереңдетіп оқытатын республикалық мектепте 400 бала оқиды. Қазір мектепте қиын жағдай болып тұр. Бір бала арақ ішіп, екіншісіне пышақ салып алған. Тәртіп бұзылған. Ұрлық жайлаған. Мектеп 1983 жылы ашылған. Бес жылдың ішінде бес директор алмастырылған. Сол мектепке директор болып баруға қалай қарайсыз?» деп ұсыныс жасады. Ол уақытта полковник 250 сом зейнетақы алады. Зейнетке шыққан соң жеңіл-желпі жұмыс істегендер қосымша 100 сом алса, алаңсыз өмір сүруге болады. «Сапта талай жүгіріп, полигонда болдым. Енді демалайын» деп жүрген адаммын ғой. Бір күн ойландым. Бір Серікбаев «Сені Балалар үйі мен интернат өсірді. Аға-апаларыңның басынан сипап, адам қылды. Ал оларда жағдай қиын болса неге бармайсың? Бар!» дейді. Екінші Серікбаев «Жұмысы қиын. Зейнетақың бар. Жеңіл-желпі жұмыс тауып ал да, немерелеріңнің қасында отыр!» дейді. Не керек, екі Серікбаев бірімен-бірі айтысып, тайталасып таң атарда баруға шешім қабылдадым. Министрге «Мектепке барайын, бірақ мені асықтырмаңыз. Комиссия құрып, жағдайды он бес күн тексеріңіз. Бір-екі сабағына қатысайын» дедім. Арнайы комиссия құрылып, жағдайдың бәрі тексерілді. Директорлық қызметке бекітілдім. Мектептің ережесін қарасам, онда Үкіметтің көмегі ретінде бірінші кезекте жетім балалар, екінші категория бойынша ауылдағы көпбалалы отбасылардың балалары, үшінші категориямен әскерилердің балалары оқуы керек. Тізімде елуге жуық қаладағы ОК, Обком, Министрлер кабинетінде қызмет жасайтын дөкейлердің немере, жиендері жүр. Бұзықтық жасап жүрген солар екен. Мұғалімдер де екіге бөлінген. Дөкейлердің балаларының бастарын сипап, солардың арқа-

сында бірдеңе түсіріп жүргендер мен ақ, адал жұмыс істеп жатқандар. Жарты жыл осының бәрін зерттеп білдім. Сосын бұзықтық жасап жүргендерді біртіндеп шақырып алып, «Әке-шешен бар, атаң жақсы қызметте істейді екен, жағдайды түсініп, басқа мектепке көш, айналайын» деп ақырындап жібере бастадық. Мұғалімдердің арасында да біраз «тазалау» жүргізілді. Осылайша, кейбіреулерді өзіме «жау» қылып алдым.

Сол кездері Баукеңе батыр атағы берілді. Мектептің абыройын көтеру, оқу деңгейін жақсарту үшін Суворов училищесіне Бауыржан Момышұлының атын беруге ұсыныс жасадым. Хатыма Б.Мұртазин дегеннен «Б.Момышұлының атын Алматыдағы №131, Шымкенттегі №44 мектепке бердік. Сол жетеді» деген тұрғыда жауап келді. Көп толғандым. Батырдың атағымен келешектегі офицерлерді өсіруіміз керек емес пе? Бұл қалай? 1991 жылы Президент, Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы Нұрсұлтан Назарбаевқа балалардың атынан хат жаздым. 400 бала, мұғалімдер мен офицерлер қол қойды. Хаттың өзі бір бет болса, қол қойғандар тізімі бес бет. Бізді Президент әкімшілігінің бастығы Нұртай Әбіқаев қолдап, Премьер-министр Ұзақбай Қарамановтың шешімімен 1991 жылы 26 наурызда мектептің аты Республикалық Б.Момышұлы атындағы әскери мектеп деп өзгертілді. Мектептің алдына Баукеңнің ескерткіші қойылды. Бауыржантану оқуын бастадық. Жарты жылдың ішінде тәртіп түзеліп, оқу жағынан да деңгейі көтерілді. Бұзықтардың бәрі кетті. Міне, сол мектеп Баукеңнің ісін жалғастыратын азаматтарды дайындап жатыр. Шүкір, өзім генерал болмасам да, жиырмаға жуық шәкіртім генерал болды.

Баукең бір жиында «Я пишу и говорю на двух языках. На казахском и русским. Но я вижу в зале сидят который не понимает казахский язык. Қазақ тілін кейбір қазақтар да білінкіремейді. Соған байланысты мен орысша айтайын» деп сөзін орысша жалғастырған еді. Осындайлар қазір де бар ғой. Орыстар қазақ тілін үйреніп жатыр. Тіпті сауатты түрде теледидардан бағдарламалар жүргізуде. Осы жерде туып-өссе де өз ана тілін білмейтін қазақтарымыз бар. Біз, шынын айтқанда, жиырма жыл Қазақстанда болған жоқпыз. 1953 жылы кетіп, 1973 жылы Отанымызға оралдық. Бірақ қай жерде жүрсек те үйде тек қазақ тілінде сөйлесетінбіз. Домбырамды жанымнан тастағаным жоқ, – дейді ағамыз.

Америкалық офицердің тартуы

Ким ағамыздың үйіндегі өз кабинеті қабырғасындағы кілемде офицердің өмір жолын баяндайтын құжаттар мен әскери белгі заттар және Мемлекет басшысының, Парламенттің, Қорғаныс және Білім министрліктерінің Құрмет грамоталары сәндеп ілінген. Сыйлық ретінде берілген әскери қарулар арасында шоқпар, қылыш, канжарлар бар. Солардың арасында маған беймәлімдеу бұйымдар – америкалық подполковниктің әскери айырым белгілері (атрибуткалары) тұрғаны еріксіз таңғалдырды.


– Бұлар қайдан? – демеске болмады.

– 1996 жылы бізге НАТО-ның әскери үлкен делегациясы келді. Стратегиялық зерттеу институтында пікір алысқан ғылыми жиын болды. Оған Қазақстан Парламентінің депутаттары А.Бекбосын, В.Выскубов, Н.Щербинин және Парламенттің әскери мәселелер жөніндегі кеңесшісі ретінде мен қатыстым. Мәжіліс төрағасы Марат Оспанов біздің делегацияның атынан менің сөйлеуімді қалады. НАТО-ның генералы баяндама жасап, өз одақтарының мақсаты мен қызметі тек бейбітшілік екенін мақтана дәлелдеп бақты. Маған үшінші кезекте сөз берілді. Менің ой-пікірім, әрине, генералдың ниетінен басқаша болды. НАТО өзінің атын өзгертіп, әскери-саяси одақтан дипломатиялық-әскери одаққа айналса, шешімі қажет бола қалған мәселелерді қарудың күшімен емес, дипломатиялық келіссөзбен реттеуге бейімделсе жөн болар еді дей келіп, бірнеше мысал келтірдім. Үзіліске шыққанда натолық офицерлердің үлкен тобы маған келіп, сөзіме ризашылықтарын білдірді. Біреуі өз пагондарын, ордендер тізбегін, пилоткасындағы шен белгісін – кокардасын ағытып алды да, маған ұсынып: «Полковник мырза, сөзіңізге көңіліміздің толғанын білдіретін мына белгілерді бәріміздің атымыздан ұсынып тұрмын, қабыл алуыңызды өтінемін!» деді. Соны байқап қалған генералдары қабағын түйе қыстыға сөйлеп, бағыныштыларына кінә тақты. Бірақ маған сый ұсынған офицер еш саспастан: «Генерал мырза, абыржымаңыз, бәрі О,КЕЙ болады!» деді. Америкалық әскери нәрселердің мұнда тұрған себебі – осы. Арғынбек Бекбосын мен 75-ке толарда «Қарсыласты қарусыздандырудың талай түрін көріп едім, ал Ким Серікбайұлының қарусыздандыруды көрмек түгілі ойлаған да емеспін» деп мақала

жазған, – деп жылы жымысып әңгімесін әрмен қарай жалғастырды Ким аға. – Негізі, әскери адам – офицердің ар-намысы таза болуы керек. Өйткені офицерге Үкімет барлығын – киімін, тамағын, баспанасын, жұмысын, айлығын беріп отыр. Әсіресе, генерал дәрежесіне жеткенде көрсетілер құрмет зор. Генералда барлық жағдай бар. Тек жұмысыңды дұрыс істе, Президенттің иығына таққан пагонын ақта! Елдің қазір жемқорлықпен «ауырғаны» біздің әскерге де салқынын тигізіп тұр. Қазірдің өзінде сабаудай-сабаудай үш генерал түрмеде отыр! Бұл не деген масқара! Намысың келеді. Ондайлар әскердің абыройын айрандай төгеді. «Әскердің өзі былығып жатыр» деген әңгіме шығады. Әлімжеттілік дегеннен құтыла алмай келеміз. Жұрт жақсылықты көріңкіремейді, ал жаман істер кілегей болып бетіне шығып, көрініп қалады...

Кешегі бірін-бірі қолдап, біріне-бірі сүйеу болып Чукоткаға дейін барған жас жұбайлар бүгінде ата мен әже. Лена, Гүлнара, Арманынан немере сүйіп, ұрпағын өрбітіп отыр. Ағамыз сексеннен асса да сергек, сымдай тартылып тұр. Бұл ұзақ жылғы әскери қызметтің әсері де болар. «Жетімдік, қиыншылық, жоқшылық бізді жастайымыздан ширатқан шығар. Адам баласы қандай қиын жағдайда да өзін-өзі ұстай білуі тиіс. Айналадағылармен жылы қарым-қатынас та сенің көңіл күйіңе жақсы әсерін тигізбей қоймайды» дейді Ким Серікбайұлы. Бұл – көпті көрген қазақ қариясының сөзі.

30 сәуір, 2014 жыл



*Ислам ЖЕМЕНЕЙ,
шығыстанушы ғалым:*

АТАМЕКЕНДІ СҮЮДІ АТАМНАН ҮЙРЕНДІМ

Өткен ғасырдың басындағы зобалаң – кәмпеске мен қолдан жасалған ашаршылық қазақ халқын атақоныстан қол үздіріп, дүниежүзінің түрлі еліне тарыдай шашты. Амалсыз өзге елге қоныс аударған олар ұзақ жылдар бойы артта қалған ағайынның бір хабарына ділгір болды. Төрт түлікпен жан баққандар жат жерде отырықшылыққа, диқаншылыққа бірден үйреніп кете алмады. Сондықтан желмаясын мініп жайлы жер іздеген Асан қайғыдай жиі қоныс аударуға тура келді. Сол бір алмағайып заманда, анығы 1929-1933 жылдары біраз қандасымыз Маңғыстаудан Түрікменстан аймағына өтіп, одан Иранның солтүстік шекарасындағы шағын қала Гомишан мен Саллақ ауылына барып табан тіреді. 1952 жылдың 1 қыркүйегінде шығыстанушы ғалым Ислам Жеменей осы елдің қазіргі Гүлстан провинциясындағы Горган қаласында дүниеге келді.

Қазақ жерін бір көру арман еді...

Горган қаласы – Жетісу сияқты жасыл өлке. Осы жерге жетіп, тұрақтағанша қазақтар арасында өлім-жітім көп болып, әрбір он кісінің алтауы қазаға ұшырапты. Олар тек күнкөрістің қамымен жүрді. Бір жапырақ нан үшін тіршілік етті. Әлеуметтік ахуалы төмен

адамдар ілім-ғылым, мәдениетпен шұғылдануды қайдан ойласын?! Тек 50-жылдары ғана ес жиып, жан-жағына қарап, балаларын мектепке бере бастапты.

– Осы қалада он екі жылдық мектепті бітірдім, – деп бастады әңгімесін Ислам аға. – Атамыз Рақбай Атамекенді қалай сүйоді бала күнімізден құлағымызға сіңірді. Көз алдымызға кең-байтақ жер, бауыр-мал қазақ, бізді күтіп отырған ел елестейтін. Бастауыш мектепке барған кездің өзінде біздің санамызды тек осындай ойлар баурап алған болатын. Атам фермерлікке ден қойғандардың бірі еді. Горганнан он төрт шақырым жердегі Сұлтанабат ауылында отбасымыздың жері бар-ды. Қазақтардың арасында бау-бақшасы жайнап тұратын тек біздің үй болатын. Ауқатты отбасы саналдық. Атамның еңбегінің жемісін бала-шаға, немере-шөбере, шөпшегіне дейін көрді. Ол ұзын бойлы, қалың қасты, ойлы, нені болса да ретімен істейтін жан еді. «Біз жат жерде өлсек те, сен түбінде Атамекенге ораласың. Сол үшін тілінді, ділінді ұмытпа! Егер тілінді білмесең, ол жаққа барғанда «Мен – қазақпын!» деп қалай айтасың?!» дейтін. Аз сөйлейтін, бірақ сол сөздер дүмпідей, ұмытылмайтын сөздер болатын.

Алты жас шамасындағы кезімде атамның жанында отырғанымда көршінің өзіммен құрдас әрі аттас Ислам деген баласы кіріп келіп, парсыша «Жүр, кеттік, ойнаймыз» деді. Сонда атам тісін қайрап, «Ендігәрі мына шаңырақта басқа тілде сөйлессеңдер, тілдерінді кесіп аламын. Мен тірі кезімде бұл шаңырақта қазақ тілінен басқа тілде сөйлемейсіңдер! Осыны ұмытпаңдар!» деді. Екеуімізде үн жоқ. Жалпы, осындай дәстүр бүкіл Иран қазақтарында бар. Біздің тілімізді сақтап қалғанымыз солардың тәрбиесінің арқасы. Күні бүгінге дейін отбасында тек қазақша сөйлеу үрдісі қалыптасқан. Мүмкін, ара-арасында өзге елдің сөздерін қосар, бірақ, негізінен, қазақ тілінде сөйлеседі.

Атамыздың жанарына тік қарай алмайтынбыз, өте қатал болатын. Бірақ біреуге қол жұмсап не жекіп сөйлегенін көрмеппін. Бірде екеуіміз малға шөп орып әкелуге бардық. Ол шөп орып жатып «Тырп етпе, тырп етсең, мойыныңды жұлып аламын» деді. Ата айтты, бұйрық түсті, болды. Бір кезде ирелендеген жылан басын көтеріп қарсы алдыма тұра қалды. Жыланнан қорыққан жоқпын, атамның айтқанын істеп отырмын. Жылан біраз тұрды да, сылқ ете түсіп өз жөнімен кете барды. Жылан келді, кетті. Атам маған ешқандай түсінік те берген жоқ. Бұл шамамен бес-алты жасар кезім. Жылдар өтті. Мектепке бардық.

Он екі жастар шамасындағы кезімде ағайындас Риза ағамыздан мынадай әңгіме естідім. Ол кісі аңыз-әңгімелерді көп айтатын. Әңгімені қиыстырып айтқанда бәріміз көзімізді жұмып, ауызымызды ашып тыңдайтынбыз. «Бір күні бақта жатсам, балақ жағым жыбыр-жыбыр етеді. Ақырын көзімді ашып қарасам, жыланның басы менің балағым кіріпті. Арғы жағы неше метр екенін айтпай-ақ қояйын, анадай жерде шұбатылып жатыр. Қозғалсаң, бітті шаруаң, шағады. «Құрысын, не де болса шыдап бағып, тірі қалайын» деп тырп етпей жатырмын. Бір кезде жылан ышқырдан келіп шығып, тілін жалаңдатып тұрды. Қабағымды шытпаймын, қыңқ етпей жатырмын. Жылан көйлектің етегінің астынан қайта кірді де, мойынымнан шығып әрі қарай өз жөнімен кетті» дейді. Риза ағамыз осы әңгімені айтқанда баяғы атам екеуіміз шөп оруға барғандағы оқиға есіме түсіп, бұрын атамнан қарап жүріп қорықсам, енді сыйлайтын болдым. Қасынан шықпаймын, айтқанын екі етпей, әңгімесін тыңдаймын. Атамыз шебер кісі болды. Әйтеуір қолы бос отырғанын көрмейтінбіз. Үйіміздің бірінші қабатында отырып, ер-тоқым жасайды, қайыс тігеді. Қасында тапжылмай отырып оның жасаған заттарын қызықтаймын. Жанында отырғанда бір тыныштықты сезініп, дүниедегі ең мықты адам менің атам сияқты көрінетін. Ол кісі бар адамның, бар заттың үстінен қарап тұрған сияқты көрінетін. Атам «Ой, айналайындар, сендер білмейсіңдер ғой, қазақ деген қандай кең, бауырмал, мейірбан халық. Қандай даласы бар! Оны білсеңдер сендер қазақ болуға құштар болар едіңдер!» дейді де тоқтайды. Бір-екі сөйлем айтады, болды. Бізге қазақтың жерін, даласын, халқын көру бір арман болып қиялдап қала беретінбіз. Шетте жүріп қанша қиындық көріп, біреумен жаға жыртасып қалсақ та, арқа сүйейтін кең дала, бауырмал халық құшағын жайып күтіп тұрғандай арқаланып жүретінбіз.

Мәдени орталықтағы мол мұра

Ол есейіп, оң-солын танып, университетке түскенде Қазақстанның Иранмен қарым-қатынасын үнемі бағып отыратын болды. Ел жақтан өнер адамдары келгенде кездесуге тырысып Кеңес Одағының Тегерандағы мәдени орталығына баратын.

– Студент кезімде Наурыз мейрамында, яғни Иран елі Жаңа жылды қарсы алып жатқанда менің жүрегімді Атамекенге деген сағыныш кернейтін. Өз-өзіммен болып, өзгеше күй кешетінмін. Мұндай халімді жергілікті достарым түсінетін, еркіме қоятын. «Ислам, ешқашан қай-

ғырма, Алла тағаланың қолдауымен сенің елің де бір күні тәуелсіз ел болады. Сендер де елге ораласыңдар» деп жұбататын. Сол сәтті мен ешқашан ұмытпаймын, – дейді Ислам Ақмұратұлы. – Университетте оқып жүргенде Тегерандағы мәдени орталықтан Қазақстан туралы кітаптар, деректер, фильмдер сұрайтынмын. Орталық бастығының Иман Әлиев деген орынбасары болды. Ол кісі қазір Әзірбайжанда тұрады. Иман ағамызды жақын тартып, «Қазақстан туралы не болса да маған беріңізші» деп өтінемін. Бір күні «Ислам, саған бір нәрсе емес, көп нәрсе беремін. Бірақ сенің бізге көмегің керек. Қазақтың үлкен жазушысы Мұхтар Әуезовтің 80 жасқа толатын мерейтойын өткіземіз. Сен соған қызмет жаса. Қонақтарды қарсы алып, көрмені таныстыр. Осы мерейтой өткен соң саған қоймада Қазақстан туралы не болса, соның бәрін беремін» деді. Сондағы қуанғаным-ай, оны сөзбен жеткізу мүмкін емес. Ғимараттың маңдайшасына М.Әуезовтің үлкен портретін ілдік. Кітаптарды көрмеге дайындадық. Жазушының «Қараш-қараш оқиғасы» кітабының парсы тіліндегі «Асудағы мылтықтың дауысы» деген аудармасын, Тахауи Ахтановтың «Боран», Абай, Мұхтар Әуезов туралы араб тіліндегі кітаптарды көрдім. Бізге берген ақпарат бойынша көрмеге келгендерді таныстырдым. Мерейтой біткен соң Иман Әлиев қабылдап, «Уәде – уәде!» деп қойманы ашып, «Үстінде «Қазақстан» деген жазуы бар жердегі дүниенің бәрі сенікі» деді. Қапқа салынған біраз ленталар болды. Ол кезде кириллицаны оқи алатынмын. «Осыларды қалай іске асырамын?» деп көп ойландым. Оның сәті 1980 жылы түсті. Жігіттерді жинап, өз үйімде қазақтардың мәдени орталығын құрдық. Жігіттер мені орталықтың төрағасы етіп сайлады. Бұл сыртта жүрген қазақтардың өз тілін ұмыта бастаған кезі. Ленталардың көбі Қазақстанның өнері жайлы екен. Бұл тек қана Иран қазақтарын емес, бүкіл қоғамды өздеріне тартты. Бірінен-бірі естіп, аудан, облыс, одан кейін Тегеранға дейін жетті. Осы жерде айналамдағы жігіттердің еңбегінің ұшан-теңіз болғанын атап өткім келеді. 1980 жылы Иран мен Ирактың арасында соғыс басталғанда ауылда кезекшілікте тұратын, тәртіпті сақтайтын комитеттер құрылды. Еріктілер ауылдың тазалығын, тәртібін, бір-біріне деген қарым-қатынасын үнемі қадағалап отырды. Белсенділердің арасында болдық. Қазақтың тілін, мәдениетін дәріптедік. Бұл біз үшін ұмытылмастай өте бір қызық кезең еді. Иман Әлиевтен алынған мол мұра қазақтарды бір белеске көтеріп тастады деуге болады. Кейіннен Тегеранның өнер институты студенттерге дәріс оқуға шақырды. Менің

лекцияның негізінде бітіруші студент диплом қорғап, «Арай» деген 25 минуттық этнографиялық фильм түсірді. Ол мұрағатта бар. Режиссері Аида Даргаи қазір Америкада тұрады. Бұл Даргаидың өзге ұлтың өкілі болса да қазақтың тіршілігіне, өнеріне қатты құмарланып жасаған дүниесі еді.

Тәуелсіздік таңының куәгері

– Біздің өміріміз әке-шешенің билігінде болды. Ата-анамызға «жоқ» дегенді айтпадық. Бетіне қарсы келмедік. Алғашқылардың бірі боп жетілген, оқыған, оның үстіне елдің ақсақалының баласы болдық. «Егер қазағым құри берсін десең, не істесең өзің біл. Себебі сенің ізіңнен басқалар жүреді. Оны өзің шешесін» деді. Бізді ұлтты, Отанды сүюмен бетпе-бет қалдырды. Таңдау өзінде, бірақ үлкендерден асып қайда барасың? Сәби кезімізден қияли махаббатқа берілгендіктен ұлт, Отан дегенде бәрін құрбандыққа шалуға әзірміз. Рас, жастық шақ, көзіміз ашық, біразға дейін көнбей жүрдім. Бір күні орындықта отыр едім, анам қасыма келіп, шашымнан сипап «Исламжан, сенің тағдырың екі айырық болып тұр. Өзіңнің бір тіршілігің болады. Бізді тыңдайсың, бізбен бір шаңырағың болады. Бізге келін, ұрпақ керек. Әкең жалғыз. Сен ұлдың үлкенісің. Бұл тұқымды сен бастап жалғастырмасаң, кім жалғастырады?» деді. Елге деген махаббат үшін саналы түрде келісімімді бердім. Ол кезде он бес жастар шамасында едік. Қашан үйленуге шешім қабылдағанша болашақ зайыбымды көрген де жоқпын. Олар Горган қаласынан емес. Ата-анамыз «Біз, қазақ, қырылдық, жойылдық, енді халқымыздың санын көбейтуіміз керек» дегенді айтты. Үлкендердің ақыл-кеңесін тыңдап, салт бойынша құда түсіп, үйлендік. Бір ұл, үш қызды болдық. Біздің бар үмітіміз Қазақстанның тәуелсіздігі еді. Ұл мен қыздарым туғанда «Оған қандай есім беру керек?» деген мәселе мені қатты ойландырды. Мәселен, кенже қызым туғанда екі айдай қолда бар қазақ тіліндегі кітаптарды ақтарып жүргенімде бір күні «Арайсыз ақ таң атар ма, жақсы сөз жерде жатар ма?» деген мақалды оқыдым. Осы мақал менің көңіліме қонды. «Арай болсын, ататын таңымыздың сүйіншісі болсын» деген ой болды. Арай қызымнан кейін ниет еткендей-ақ бәрі жақсарып кете берді. Қазір Арайымыз да Қазақстанда, магистратурасын бітірген. Өзіне ұнайтын жұмысы, шаңырағы бар.

Біздің өміріміз ғашықтықтан және сағыныштан тұрады. Бұл сағыныштың кереметі – адам өз өмірінде үлкен нәрсе ойланса, біріншіден,

шаршамайды, екіншіден, белсенділігі, өмірге құштарлығы жоғары болады. Сыртта жүргенде және елге келгеннен кейін де қаншама қиыншылықтар кездескенмен Атамекенге деген зор сағыныштың арқасында өмірдің қиындығын сезген жоқпын. 1990 жылы Қазақстанға келдім. Қазір «Елмен бірге тәуелсіздіктің таңын көрдім» деп мақтана аламын. Көппен бірге егемен ел болған алғашқы кезеңдегі қиыншылықты да, қызықты да көрдім. Тәубе!

Атамекенге келгенімде Кеңес дәуірі болған соң Иранда қалған туған-туыспен қашан қауышатынымызды болжап білу мүмкін емес еді. Шешем «Жалғыз жүрме, қалағаныңды ал» деп рұқсатын берді. Сол жылдары Айманмен танысып, міне, жиырма бес жылға жақындады, біргеміз. Қазір жалпы алғанда алты баламыз бар. Немере-шөберелер өсіп келеді. Ұл-қыздарым, келіндерім осында. Тек екі күйеу балам Иранда, толық көшіп келген жоқ. Оларды қыстап келтіре алмаймыз, өйткені қазақ тілінің қолданыс аясы тар болып тұр. Олар орыс тілін білмейді. Сондықтан «Келуге міндеттісіңдер» деп айта алмай отырмыз, – дейді Ислам аға.

Елге еңбек етуге келгенім анық

Оның алдында «Қалай болғанда да Қазақстанға баруым керек» деген мақсат тұрды. Еміс-еміс «2000 жылға дейін Кеңес Одағы құлайды» деген ақпарат жететін.

– Айналамдағы жігіттерге «Біз сол кезде бәріне дайын болуымыз керек» дейтінмін. Жоғары оқу орнына түскен кездің өзінде достарыма «Оқуымды бітіремін, коттедж саламын, машинамы аламын, жұмыс істеймін. Сосын оның бәрін әкеме тастаймын да, Қазақстанға кетемін» дейтінмін. Егер жұмыссыз болсам, біреу болмаса біреудің «Мына бейшара қаңғырып келіпті ғой» дейтінін білдім. 440 шаршы метр үй салдым, есіктің алды бау-бақша. Француздың машинасын алдым. Орта мектепте сабақ бердім, айлығым жоғары. Фермердің баласымын. Үйдің алдында қауын-қарбыз, қамба толы астық. Бәрі бар. Бәрін әкемнің атына жаздырып, 1990 жылы Қазақстанға келдім. Сол жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде шығыстану факультеті ашылды. 1986-1989 жылдары Ыстамбұл университетінің экономика факультетінің магистратурасын бітіргенмін. Қалтамда ақша бар. Мені айлық қызықтырған жоқ. «Тек еңбек етемін» деп келдім. Пойыздан түскенімде сол кездегі шығыстану факультетінің деканы

Әбсаттар Дербісәлі мен академик Рахманкүл Бердібайдың баласы Азамат вокзалда қарсы алды. Ректор Мейірхан Әбділдинге жолықтырғанда ол кісі «Ирандағы айлығыңыз қанша еді?» деп сұрады. 2000 доллар шамасында табысым бар екенін айттым. «Ойбай-ау, біз ондай жалақы төлей алмаймыз ғой» деп ректор абыржып қалды. «Аға, сіз сұрадыңыз, мен жауап бердім. Сізден жоғары жалақы сұрап келген жоқпын, тіпті жалақы төлемей-ақ қойсаңыз да болады. Менің әскери міндетім деп ойлаңыз» дедім. Сол кезде Мейірхан аға орнынан тұрып келіп құшақтап «Жұмыс істеуіне бар жағдайды жасаңдар» деп тапсырды. №15 жатақханадан теледидар, тоңазытқышы бар екі бөлме берді. Осылайша, елге келіп, парсы тілінің маманы ретінде жұмысымызды бастадық. Содан елден кеткем жоқ.

Барымен бөліскен ұстаздар-ай

Жасыратыны жоқ, біздің кейіпкеріміз көп ізденді. Француздың дала императорлары Атилла, Шыңғыс, Темір туралы кітабын көп оқыды. Қазір де жиі қолына алатын кітабы – осы. Қияли балалық, бозбала шақтан ақырындап кітапқұмарлыққа ойысты. Ой-өрісін кеңейтті. Ол кездері қазіргі қауымдастықтың орнында «Отан» деген қоғам бар еді. Қоғам шеттегі қазақтарға «Біздің Отан» (қазіргі «Шалқар-2») газетін жіберіп тұратын. Осы газеттен олар қазақша кириллицамен жазуды үйренді. Газет алғаш рет 1977 жылы қолына тиді. Содан елмен байланыс жасау басталды. Газеттен өзі білмейтін қазақша сөздерді дәптерге жазып, жинады. Білмегенін ақсақалдардан сұрайды. Түркияға барып жазушы, түрколог Халифа Алтаймен танысты. Халифа ағамыздың мол кітапхана қорынан сусындауға мүмкіндік туды. Сол жылдардан бастап жинаған сөз қоры бір кітап болыпты. Қазақстанға келгенінде қазақша-парсыша, парсыша-қазақша сөздік жоқ екен. Өмір бойы жинаған сөз қорын кітап етіп шығармақ болып «Санат» баспасының директоры Серік Әбдірайымовқа жолықты. Ол кісі қолдады, бірақ қаржы тапшы еді. Иранның Қазақстандағы елшісі, досы Расул Ислами қаржылай қолдау көрсетіп, кітап етіп бастырып шығарды. Ол кездері арнайы жазу машинкасы жоқ, парсыша сөздердің бәрін қолмен жазуға тура келді. Аталған сөздік 1994 жылы «Санат» баспасынан жарық көрді. Бұдан бұрын да 1980 жылы бауыры Нияз Тобышпен Иранда «Тілашар» жасады. Бұл өз тілін ұмыта бастаған Ирандағы қазақ жастарына үлкен демеу болды.

– Біз Қазақстаннан бірдеңе алсақ деп келген жоқпыз. Қолымыздан не келеді, соны бергіміз келді. Бізді «Қазақ елінің тәуелсіздігі қалай баянды болады?» деген мәселе толғандырды, – дейді Ислам аға. – «Қазақстан – Zaman» газетін ашуға, түрік лицейлерінің жұмысын бастауға Түркиядан демеуші тартуға күш салуым, жігіттердің Иран мен Түркияде тегін оқуына мұрындық болуым аяғынан енді тік тұрып келе жатқан мемлекетімізге азамат ретінде қандай үлес қоса аламын деген ізгі ойдан туған істер болатын. 1990 жылы ел тәуелсіздігін алмай тұрып келіп, 2000 жылға дейін тіпті өзіміз жайлы ойламаппыз десем де болады. Қайта, елжанды әкімдер баспана берді. Әкімдердің біреуінің алдына өздігімнен барып бір нәрсе сұраған жан емеспін. Сырттай еңбегімізді көріп, бағалағанына рақмет. Олармен ешқандай байланысым болған жоқ, қазір де солай, – дейді Ислам аға. – Дегенмен елге келгенде көре алмау, қарадай сырттан тиісіп жүретіндерді сездім. Иранда, шынын айтқанда, кітапты көп оқитынмын. Достарым негізінен жергілікті парсылар еді. Себебі, жасыратыны жоқ, олардың білім деңгейі жоғары болды. Атақты ғалымдарымен ағалы-інідей болып араластық. Ирандағы ұстазым, тарих ғылымдарының докторы, түрколог Парвиз Ражабиден көп тәлім-тәрбие алдым. Ол кісі Тарих институтының директоры болатын. Су жаңа шетелдік автокөлігін маған беріп қойып, «Ислам бауырым, мініп жүре бер, анда-санда жеңгенді базарға апарып, көңілін аулап қойсаң болғаны» дейтін. Міне, біз сондай жақын қарым-қатынаста болдық. Кішкентайымнан бақылауына алған тағы бір ұстазым – Парвиз Ризаи. Иранға барғанымда доктор Парвиз Ражабиге жолығып, жағдайын білмек болып хабарласқанымда «Ислам, өзінді қаншалықты жақсы көретінімді білесің ғой. Сенің де мені қанша жақсы көретініңді сезіп отырмын. Бірақ сенің есінде бұрынғыша сергек, әдемі, қалжыңбас ұстазың қалсын. Қазір сен маған келмей-ақ қой. Хабарласып, жағдайымды білгенің үшін саған бек ризамын» деді. Ол кісі сал болып төсек тартып жатыр екен. Өзінің сондай халін маған көрсеткісі келген жоқ. Мен сондай ғылыми, мәдени өрісі биік ортада өстім.

Мықты рух өзгенің мысын басады

– Бүкіл өмірім елді сүю мен сағынудан тұрады. Басқа махаббаттарым соның көлеңкесінде болды. Қазірге дейін солай. Өзімді ерекше бақытты сезінетінім – адам биік мақсаттарды ойласа, асуларды алу

оңай болады екен. Мені ойландыратын – еліміздің болашағы, тағдыры. Түсінгенім, азаматтың өз ұлтынсыз бақытты болуы бекер. Өйткені ұлты – оның қорғаны, – дейді біздің кейіпкеріміз. – Иранда, Түркияда білім алдым, Қазақстанда кандидаттық, докторлық қорғадым. Құдайға шүкір, жан-жақты білім алдым деп айта аламын. Өмір бойы білім алып, алғанымды бердім және беріп келемін. Білім және ғылым жүйесінен басқа жаққа ауысқан емеспін. Бизнесті жақсы білетінім, экономиканы оқығаным былай тұрсын, әкем фермер болған соң сондай ортада өстім десем де болады. Елу-алпыс жұмысшыны қалай басқару керектігін жас кезімнен әкемнен көрдім. Әкем Ақмұрат Иран қазақтары ақсақалдарының төрағасы болды. Ол өте мықты ұйымдастырушы еді. Мәселен, қол астында жұмыс істеген бүкіл жүргізушілердің жайын ойлайтын. Бес жыл жұмыс істегенде жүргізушілеріне «Осы көліктің 50 пайызы сенікі» деп қызықтыратын. Кейіннен айлығының шетінен беріп отырып, сол көлікті меншігіне айналдырып, үйлі-жайлы болғандардың әкеме алғысы шексіз. Кешке келгенде жұмысшы деп қарамай төрге шығарып, ас-суын беріп күтетін. Әкем дүниеден озғанда онымен елдің қимай қоштасқанын қазірге дейін айтып отыратындар бар. Жүргізуші болып келіп, бауырына айналғандар қанша болды. Соның бірі – Саттар ағамыз. Ол кісінің бізге жақын болып кеткендігі соншалық, бертінге дейін туған ағам деп ойлаптын. Әкем қолында барын айналасындағылармен бөлісіп отырды.

Өмірде неше түрлі жағдайлар бастан өтті. Сондай кездері жанашыр ағаларым «Битке өкпелеп тоныңды отқа салма» дегенді айтты. Иран халқының «Қайда су болса, оның балшығы да болады. Бір жердің батпағы көбірек, екінші жердің батпағы азырақ. Бәрібір ол балшықтан құтыла алмайсың» деген сөзі бар. Өмірдің қызығы да сол қайшылықтарда. Өйткені өмірдің өзі сол қайшылықтардан тұрады. Ең мықты адам сол қайшылықтардан үйлесім жасайды. Сол үйлесім арқылы өмірді әрі қарай жылжытады. Қанша өкпелесең де қазақтан артық ешкімді таппайсың. Ол мүмкін емес. Ұлт – азаматтың қорғаны дегенді бекерге айтып отырған жоқпын. Оны шетелдерде тұрған кезде, әсіресе, білесің. Шеттен аш болған соң келген жоқпын, көңілім аш болған соң келдім. Жат жерде өскендіктен бе, өзімнің бағымды ұлтымның бағымен қатар алып жүремін. Қазақ қоғамы мықты болмаса мықты Ислам болмайды, мықты азамат, мықты қыз, мықты ана, мықты ата болмайды. Бәрі көз алдында күйрейді. Қоғамды күйрету

үшін оның ұлттық құндылықтарын жойса болғаны. Ұлттық құндылық деген не? Ол – тіл, дін, дәстүр. Тіліміз сахналық құралға айналып бара жатыр. Мәселен, қазақша ұлттық нақышпен өрнектелген киімдерді кисек, бір ғана жағаның өзіне қазақтың кішкентай оюын өрнектесек, өзгелер Қазақстанға келгенін сезінер еді. Алла тағала бүкіл адамзатты тәртіппен жаратты. Қоғамға тәртіп керек. 2500-3000 жыл бұрын бізде Ата заң деген болған жоқ. Біздің Ата заңымыз – салт-дәстүріміз. Мәселен, той болса, кім қайда отыратыны, кім қолына құман алып су құятыны, кім тамақ пісіретіні белгілі. Біз жазылмаған заңдылықтарға бағындық. Егер ұлттық құндылықтарды сақтауға, оны дәріптеуге Үкімет пен қалталы азаматтарымыз мойын бұрса, бұқара халық соған еріп кетер еді. Қазір жаһандану кезеңі. Елбасымыз бізді жаһандану бәсекесіне салды. Осы арада біз өзімізді қалай сақтап қаламыз? Ойланатын кез келді. Әлемдік нарықта үлкен компаниялардың күресі жүріп жатыр. Шенеуніктер мен ауқатты байларымыз қазірден ойланып, өздерінің жалғыз тірегі қазақ екенін түсінуі керек. Құдай сақтасын, егер қазақ келешекте әлсіреп кетсе, бүгінгі байлықтан да, биліктен де айырылып қалады. Ал халықтың рухы мықты болса, өзгенің мысы басылады.

Иран қазақтарының негізгі тұрған жері – Каспий жағалауы. Теңіз жағасында тұрып, жастар болып талай рет Алладан «Қашан осы толқындар мен кемелер бізді елге жеткізер екен?» деп тілеуші едік. Таңғалатыным – сол тілектердің ойлағандай жүзеге асқандығы. Екі мемлекеттің келісімі бойынша Ираннан елге бет алған алғашқы лек 1995 жылы кемемен Ақтау қаласына жеткізілді. «Алла не тілесен, соны береді» дегендей біз армандай жүріп, соған ұмтылуымыз, әрекет етуіміз керек. Солай еткенде ғана шынайы тілектің орындалатынына тарих куә.

Ислам ағамен әңгімеміз ол кісінің үйіндегі жұмыс кабинетінде өрбіді. Бөлменің іші иін тірескен кітап. Ғалымның үйі екені көрініп тұр. Елдің, қазақтың жайын айтқанда жан күйдіріп, дауысы құбылықырап кетеді. Шын жанашыр жанның кейпі. Әр қазақ бар қазақ үшін осылай жан күйдірсе, біздің ұлт ретінде көсегеміздің көгеретіні анық. Біз Ислам ағамыздың үйінен осы ойымызға сеніп аттандық.

20 маусым, 2014 жыл



Шәңгерей ЖӘНІБЕКОВ,
мемлекет қайраткері:

АРДАГЕР ДЕГЕН АТ БАРЛЫҚ ЛАУАЗЫМНАН ДА КҮШТІ

Қостанай облысы Денис ауданы Жауғашты көлі жағасындағы Қарпық ауылында 1924 жылдың 15 маусымында көрнекті мемлекет қайраткері, көптеген мемлекеттік марапаттардың иегері Шәңгерей Жәнібеков дүниеге келген. Таяуда ғана өзінің торқалы 90 жасын қарсы алған ел ағасымен әңгімеміз әдемі өрбіді.

Тағдырыма ризамын

Шәңгерей аға бүкіл Торғай өңіріне есімі танымал Қарпық әулетінен. Елдің құрмет-қошаметінен ауылдың өзі Қарпық бабасының атымен аталғанын байқап отырмыз. Бұл әулеттің балалары көзі ашық, оқыған болып келеді. Туған жерді ертерек тастап Ресейге, кейбірі еліміздің оңтүстігіне ойысты. Дегенмен, қандай қиыншылық заман болса да, қай жерде жүрсе де жастарын оқытуға аса көңіл бөлді.

– 1868 жылы Торғай облысы құрылады. Бабамыз Бекмұхамед Қарпықов болыс болған. 1890 жылдары қазақтардың арасынан генерал-губернатордың аппаратына барып 1902 жылға дейін қызмет жасаған. Баласы Салықтың орысша-татарша шамалы сауаты болған екен. Ауқатты кісінің баласы, болыс болған. Ел егемендік алған жылдары ұлым Бақытжан бір кітапша алып келді. Оның ішінде Алаш пар-

тиясының ІІ съезі болғаны, оған қазақ арасындағы беделді адамдар шақырылғаны жазылған. Мұстафа Шоқай, Жанша, Халел Досмұхамедовтермен бірге Салық атам да Алашорданың белсенді мүшесі болыпты. Атаммен араласқандардың көбі кейіннен «Халық жауы» деп атылып, жер айдалды. Атамыз 1932 жылы ашаршылық кезінде о дүниелік болған, – деп тереңнен әңгіме қозғады Шәңгерей аға.

Біздің кейіпкеріміз өз ата-анасы жайлы ешқандай деректі құжат сақталмағанын айтады. Олардан фото да қалмаған. Сондықтан олар жайлы естеліктерді тек туған-туыстарынан, әке-шешесінің көзін көргендерден естігендері бойынша ғана еске алады. Әкесі бала күнінде ауыл молдасынан сауат ашқан сияқты, ал орышаны өз бетінше, көршілес ауылдың тұрғындарымен сөйлесу арқылы үйренген. Үлкендердің айтуына қарағанда, әкей 1916 жылы тыл жұмысына шақырылып, Бреды стансасы мен Жітіқара ауылы арасында жүк тасымалдаумен айналысқан.

– Әкем екі рет отбасын құрыпты. Бірінші зайыбынан қызы Қадима мен ұлы Опабек туған. Өткен ғасырдың 20-жылдарындағы ашаршылық, түрлі жұкпалы аурулардың тараған кезінде зайыбы бақилық болады, – деп жалғады әңгімесін Шәңгерей аға. – Сосын өзінен он-он екі жас кіші менің анам Зайтуна Мұсабаевамен отбасын құрып, мен туыппын. Бұл 1925 – Сиыр жылының шаруалар шөп шауып жатқан жаз мезгілі екен. 1932 жылы Жітіқара қаласында мектепке берер алдында ата-анам менің жасымды бір жасқа ұлғайтып жаздырыпты. Өйткені бірінші сыныпқа тек сегіз жасқа толғандарды қабылдайды екен. Мұндай қадамға олар амалдың жоғынан барған, себебі аштық жылдарында үлкен үзілісте оқушыларға ботқа береді екен. Сондықтан қазіргі күнге дейін 1924 жылдың тумасы болып саналамын. Кейіннен ес біліп, оң-солымызды танығанда ата-анама деген құрметпен нақты туған жылымды құжаттарымда қайта қалпына келтіргім келген жоқ. Ашығын айтқанда, құжатыма енгізілген өзгеріс маған тек пайдасын тигізді. Тіпті тағдырымның осылайша қалыптасқанына ризамын.

Әкемнен тараған сегіз баладан тек Қадима апам екеуіміз ғана есейіп, адам қатарына қосылдық. Қалғандары тұрмыстың ауырлығынан және түрлі аурудың салдарынан ертерек көз жұмды.

Ауылы барларға қызығамын

Шәңгерей ағаның балалық шақтан еміс-еміс жадында сақталып қалған бір-екі сәт бар. Туған ауылында олар әкесінің туысы Қазыбек

Хакімовтің отбасымен бір жеркепеді тұратын. 1930 жылдың ерте көктемінде өзі де жасөспірім Сейіт ағасы пішен қорада балаларға ертегі-өлең оқып беретін. Кейде аңшылыққа жаны құмар Әшім ағасы қасына ертіп алған екі бозбаламен аңшылықтан оралатыны және алдынан кездескен ауыл әйелдеріне өз олжасын бөліп беретіні айқын түседі.

– Ауылымыз 30-жылдардың басында тарап кеткен, – дейді ағамыз. – Тағы бір жадымда жаңғырып тұратын көрініс Қадима апамның жездем Лайыққа ұзатылып жатқан сәті. Күйеу баланың арбасына апамды мінгізіп жатып бүкіл ауылдың әйелі сыңсу айтып, жылап шығарып салды. Бұл өзінің жаңа отбасына амал жоқ кетіп бара жатқан апаммен қоштасу ғана емес, сол заманда көріп отырған қиыншылықтарының, шолақбелсенділердің қоқан-лоққысының салдары, ауылдың жоғалуын сезген адамдардың жан киналысы деп ойлаймын. Біз сол жылы көршілес Тавриченка ауылына барып қыстадық. Ауылдың басқа тұрғындары да жайлы жер іздеп шетінен көше бастады. Қазір біздің ауылымыз орналасқан жер қалын шөп басқан айдала, төмпешіктерден басқа ештеңе жоқ. Кейде туған ауылымыз бен өз ата-бабаларымызды еске алғанда жүрегіміз қан жылайтыны рас. Ашығын айтқанда, өз жолдастарым туып-өскен ауылына барып, ағайын-туыстарымен кездесіп, өткенді еске алып, балалық шағына саяхат жасағанда қызығушылықпен қарайтынымды несіне жасырайын?! Шағын ауылдарды ұстап тұрудың қиын екендігі түсінікті, бірақ көңілің құлазиды.

Көп ұзамай отбасымыз Ресейдің Челябині облысы мен Башқұртстанға қоныс аударды. 1932 жылы жазда Жітіқараға қайта оралды. Тіршілік көзі болмаған соң 1933 жылы қыста Алматы облысына көшіп, әкем Түрген ұжымшарында табыншы болды. Күзде әкемнің табыны Ұзынағаш ауылына беріліп, біз тағы көштік. Әкем табынды өзге біреуге табыстап, өзі шаруашылық меңгерушісі болып жұмыс істеді. Ол әрбір адымын абайлап басатын, нені болса да ойлап істейтін, қызу шаруаларға көп араласпайтын ұстамды кісі болғанға ұқсайды. Анамыз үй шаруасымен айналысты. Мен қайта бірінші сыныпқа оқуға бардым. Бәрі де ойдағыдай болып келе жатқан сияқты еді, аяқ астынан 1935 жылы әкеміз өмірден озды. Бізді әкемнің інісі Сапабек аға Қостанай облысына қайта көшіріп алып кетті. Анам сауыншы болып жұмыс істеді. Бос уақытында іс машинасымен күнделікті киетін киім мен тұрмыстық бұйымдарды тігетін. 1936 жылы мал базасында жөндеу жұмыстары жүргізілгенде өкпесіне суық ти-

гізіп алып, содан 1938 жылы 4 маусымда көз жұмады. Төртінші сыныпты бітіріп, емтихан тапсыруға мектепке кеткенмін. Танертен мені шығарып салған анам өзін жаман сезініп тұрғанын айтқан. Анамнан айырылып қалғанымыз жайлы суық хабар мектептегі маған да жетті. Кішкентай қарындасым Заида екеуіміз тұл жетім болып қалдық. Қайғылы хабарымызды ұзынқұлақтан естіген болуы керек, тамыз айында Сейіт ағам келіп, бізді Қостанайға көшіріп алды. Біз Әбдібековтер мен Амантаевтардың үлкен отбасының ортасына түстік. Сол сәттен бастап менің жаңа өмірім басталып, қазіргі деңгейге дейін жетуіме алғашқы қадамдар жасалды. Қарындасым Заида екеуіміз Сейіт ағаның үйіндегі біздің үлкен әжеміз Әйтөктің мейірім-шапағатына бөленіп өстік. Олар өздері пәтер жалдап тұрса да, бізге барынша қамқорлық танытты. Ата-анамыздан тым жас қалдық. Оларды сондай сүйіспеншілікпен еске алып, жатқан жерлері жайлы болсын деймін. Олардың аялы алақанымен басымнан сипағанын, мейірімді көзқарасы мен өз балаларымен соншалықты жағымды үнмен сөйлескенін еш ұмытпаймын.

Ағам Сейіттің мамандығы журналист болатын. Ол кісінің мәдениет қайраткерлеріне құрметі ерекше еді. Оның қонақжай отбасында жазушы Сәбит Мұқанов, ақын Мәриям Хакімжанова, Қазақстанның халық артисі Серке Қожамқұловтардың болғанына өзім де куәгермін.

Жамбыл атамен жүздесу

1935 жылы Ұзынағашта тұрғанда ата-анасы қостанайлық жерлестері ретінде Қаскелең аудандық атқару комитетінің төрағасы Нұрмағамбет Бозжановтың отбасымен араласып тұрды. Бірде Бозжановтар отбасы бұларды қонаққа шақырды. Үйде аса құрметті қонақ Жамбыл Жабаев бар екен. Жамбыл ата кең ақ көйлек киген, біраз қартайған, бірақ жүзінен көпті көрген, ақылды жан екендігі байқалады. Бала Шәңгерей қонақтарға қызмет көрсетіп жүрген үй иесінің інісі Жолмұхамедтің қасында болғанды қызық көрді. Жамбыл ата астан кейін бата беріп, үй иелеріне, дастарқан басында отырғандардың бәріне жақсы тілектер айтқаны жадында. Кейіннен ержетіп, қоғамдық қызметтермен айналыса бастаған кезінде ресми билік өкілдері мен ақынмен ең бірінші жүздесуі сол кез екенін түсінді.

1976 жылы республика министрлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне кіріскеннен кейін бәрінен бұрын Жамбыл ақынның мұзейіне баруды жөн деп табады. Арада қырық бір жыл өткенде қасына

мәдениет министрі Мүсілім Базарбаев пен Алматы облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Роза Сырғабекованы алып мемориалдық музейге барды. Алғашында сондай жақсы әсер қалдырғанмен, мұқият таныса келе музейдің заманауи талапқа сай емес екендігі, ауылдың соншалықты жұпынылығы көзге ұрып тұрды. Сапардан келе мәдениет министрінің орынбасары, халқымыздың біртуар азаматы Өзбекәлі Жәнібековке тапсырма беріп, музей жаңғыртылып, жаңа экспонаттармен толықтырылды. Көлік министрі А.Жақыпов ақын өмірінің соңында мінген автокөлігін жөндеп, алып келуге көмек қолын созды. Музейдің айналасы реттеліп, жаңа ғимараттар бой түзеп, ауылдың да ажары кірді.

1996 жылы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойы атап өтілді. Оған Шәңгерей аға да құрметті қонақ ретінде қатысып, кілемде бейнеленген Жамбыл атаның портретін сыйға алды. Бұл портрет ағамыздың үйінде аса құнды жәдігер ретінде сақтаулы тұр.

Білімді ұштап отыру қажет

Шәңгерей Жәнібекұлы 1939 жылы Ы.Алтынсарин атындағы мектептің 5-сыныбын бітірген соң, Қостанай медтехникумының дайындық бөліміне түсті. Студенттерге беретін 60 сом шәкіртақы оған үлкен көмек болды. Техникумда комсомол қатарына қабылданып, профорг, сосын комсорг болып, белсенділердің қатарына қосылды. Қоғамдық жұмысқа қатысу осы оқу орнынан басталды. 1942 жылы оқу орнын үздік бітіріп, Қызыл әскер қатарына қабылданды. Ұлы Отан соғысында әскери фельдшер болды. Брянск, Степной, II Украина соғысына, Белград, Харьков, Полтава, Украинаның басқа да қалаларын неміс басқыншыларынан азат етуге қатысты. Румыния, Венгрия, Чехословакия мен Австрияны жаудан азат етті. Ол кеңес әскері қатарында бес жыл қызмет еткенде коммунистік партия қатарына өтті, оқып ізденуге, тәртіпті қатаң сақтауға дағдыланды, тапсырылған іске азаматтық жауапкершілікті сезінді.

– 1947 жылы әскерден елге оралған соң Қостанай аудандық атқару комитетінің денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі болып тағайындалдым, – дейді Шәңгерей аға. – Көп ұзамай партия жұмыстарына тартылып, Қостанай облыстық партия комитетінің әкімшілік бөлімінде инструктор болып жұмыс істей бастадым. Уақыт өте келе жұмысымның жемісті болуы үшін және қызметтік баспалдақпен алға қарай жылжу үшін білімімді толықтыру қажеттігін түсіндім. 1955 жылы

КОКП (КПСС) ОК жанындағы Жоғары партия мектебіне жолдама алып, түсу емтиханын жақсы тапсырғанмен, денсаулығындағы аздап кінәратқа байланысты кандидатурам өтпей қалды. Темекі тарту – соғыста жүргенде қалыптасқан жаман әдетім еді. Обком партияда істеп жүргенде жұмысқа қабілеттілікті арттырады деген қате түсінікпен темекі тартатынбыз. Партия мектебінің ректоры Митроновқа дейін барып, темекіні қоюға уәде беріп, оқуға қабылдандым. Сөзімде тұрып, темекіні біржолата тастадым және сол кезде өмірімдегі маңызды бір қадам жасадым деуге болады. Мәскеуде үш жыл оқып, туған жерім Қостанайға табысты оралып, обкомда инструктор болып қызметке кірістім.

Келіншегім – комсомолда, өзім – партияда

Шәңгерей ағамен әңгімелесе отырып, ол кісінің өмірлік жары Гүлбаршын апамызға деген ерекше құрметін, сыйластығын аңғардық. Апамызды «Гүлбаршын» немесе «Гүлеке» деп атымен атамай, үнемі «Гүлбаршын Хамитовна» деп аялап, еркелете атауды жөн санаған. Апамыз да осындай құрметке әбден лайық жан.

– 1960 жылы Гүлбаршын Қабиева екеуіміз шаңырақ көтердік, – дейді Шәңгерей аға. – Зайыбым Қостанай қалалық партия комитетінде насихат жөніндегі хатшы болып еңбек ететін. Ол Меңдіқара ауданының Қызыл ту ауылының тумасы. Әкесі Хамит Ұлы Отан соғысына қатысып, шейіт болған. Гүлбаршын Хамитқызын анасы Үміт тәрбиелеп, оқытады. Мектептен кейін Қостанай мұғалімдер институтының жаратылыстану және география факультетінде оқиды. Үздік студент ретінде Амангелді Иманов атындағы арнайы шәкіртақыны алып тұрады. Одан кейін Орал пединститутының химия факультетін сырттай оқып бітіреді. Гүлбаршын Хамитқызы ұзақ жылдар комсомол ұйымдарында жұмыс істеді. 1953-1959 жылдар аралығында Қостанай облыстық комсомол комитеті хатшысы болды. Осы мерзімде ол үлкен тәжірибе жинады. 1956 жылы қазақстандық тыңды игеруші жастардың өкілі ретінде БЛКЖО (ВЛКСМ) ОК делегациясының құрамында Қытай Халық Республикасында болып, қытайлық жастармен кездеседі. Қытай Компартиясының жетекшісі Мао Цзедун мен ҚХР төрағасы Лю Шао Цидің қабылдауында болады. Ол ұзақ жылдар бойы ағарту саласында басшылық қызметтер атқарды. Гүлбаршын Хамитқызы қазір зейнет демалысында. Төрт баламыз бар. Бақытжамал мен Бақытжанымыз Рудныйда, Сәуле мен Бауыржан Қостанайда

туған. Зайыбым екеуіміз де жауапты қызметтерде болған соң отбасылық мәселелерге көңіл бөлуге көп уақытымыз бола қойған жоқ. Бұл жағынан бізге Үміт анамыздың көп көмегі тиді. Немерелері әжесінің мейіріміне қанып өсті.

«Зейнеткермін» деп қарап отыра алмадым

– Қостанай қалалық партия комитетінде он бір жылдан астам уақыт бірінші хатшы қызметін атқарған кезімде белсенді қолдағандары үшін осы қаланың тұрғындарына ризашылығымды білдіремін. Еңбегімді бағалап, Қостанай және Рудный қалаларының «Құрметті азаматы» атағын берген қалалық атқару комитеті кеңесі депутаттарына үлкен алғыс айтамын, өйткені бұл қалаларда өзімді еркін сезініп, бар ынтаммен қызмет еттім. 1975 жылы наурызда Қостанай облысы партия комитетінің бірінші хатшысы А.Бородиннің шақыруымен обкомның екінші хатшысы болып сайландым.

1976 жылы республика басшылары мені еліміздің астанасы Алматыға қызмет етуге шақырды. КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі, Қазақстан КП ОК Бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев қабылдап, елдің жайын, көктемгі дала жұмыстарының ахуалын сұрады. Бұрынғы қызметтерім жөнінде бірқатар сұрақтар қойды. Әңгімелесу соңында республика басшыларының мені Қазақ КСР-ның Министрлер кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне лайық көріп отырғанын, ресми тағайындау КОКП ОК-те әңгімелесуден өткеннен кейін болатынын айтты.

Мәскеуге барар жолда Қостанайға соғып, бұл жаңалықты А.Бородинге, зайыбыма айттым. Ертеңіне Мәскеуде КОКП ОК хатшысы М.Замятин қорытынды әңгімелесуден өткізді. Өзара пікір алмасып, әңгімелескеннен кейін мені жаңа жұмысқа тағайындау жөніндегі ұсынысты қабылдайтынын, жұмысымның жемісті болуына тілектестігін білдірді.

Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімов мені жылы жүзбен қарсы алып, Үкімет аппараты құрылымы, оның қызметтері жайлы айтты. Білім, мәдениет, денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, дене шынықтыру спорт саласы, баспа ісі, шығармашылық одақтар мен қоғамдық ұйымдардың ісімен айналысуды тапсырды. Осы салалардағы жағдайды жетік біліп, проблемаларды дер кезінде шешу үшін Қазақстан КП ОК-нің идеология жөніндегі

хатшылары қызметін атқарған Саттар Имашев, Зақаш Камалиденов, Кәкімжан Қазыбаевтармен ынтымақтаса тығыз байланыста жұмыс істеуіме тура келді. Біз жұмыс барысында өзара жақсы тіл табыстық.

Денсаулық сақтау министрі Төрегелді Шармановтың тікелей ұйытқы болуымен 1978 жылы өткен Алматы халықаралық конференциясында әлемнің бүкіл денсаулық сақтау министрлері бас қосып, алғашқы медициналық көмек көрсету мәселесін талқылады. Алматы декларациясы қабылданды.

1980 жылы Мәскеу Олимпиадасына дайындық барысында КП ОК хатшысы З.Камалиденовпен біздің спорттық делегациямызға ұлттық үлгідегі киім киюіне келісім бердік. Ол кездері бұл әрекет үлкен тәуекелді іс болатын, дегенмен бәрі сәтті аяқталды.

1980 жылы қазіргі Ғ.Мүсірепов атындағы жастар мен жасөспірімдер театрында мәдениет министрі Жексенбек Еркінбековпен бірге ақын Әбділда Тәжібаевтың жетекшілігімен екінші республикалық ақындар айтысы өткізілді. Бірінші республикалық ақындар айтысы 1943 жылы өткен, арада отыз жеті жыл салып ұлттық өнеріміз халыққа ұсынылды.

Еліміздің Сыртқы істер министрлігінің жұмысын да бақыладымыз. Осы ведомоствоның басшысы Михаил Есенәлиевпен шетелдік делегацияларды қабылдап, іскерлік байланыс жасадық. Моңғолия, Алжир, Австрия, Филиппин, Ирак, Ауғанстан, Иран, Вьетнам сияқты елдерге өз еліміздің делегацияларын бастап баруға мүмкіндік туды.

1982 жылы біздің республикалық делегация Мәскеуге КСРО білім саласының 60 жылдығына барды. Қазақстан КП ОК хатшысы К.Қазыбаев, мен және басқа да делегация мүшелерін КОКП ОК саяси бюро мүшесі, Мәскеу қалалық атқару комитеті бірінші хатшысы В.Гришин қабылдады. Осы сапарда есімде сақталып қалған бір сәт – Қазан төңкерісі музейіне барғанда қарт большевиктер арасынан КСРО астанасында тұратын республикамыздың бұрынғы Министрлер кеңесі төрағасы Нұртас Ондасыновты кездестіргеніміз. Музейді тамашалаған соң ақсақалдың қасында біраз болып, еліміздің жайын әңгімелеп, оның сұрақтарына жауап бердік. Ақсақалдың бізбен соншалықты қимай қоштасқаны қатты әсер етті.

1985 жылдың 21 қаңтарында зейнеткерлік жасқа жетуіме байланысты Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары міндетін атқарған Үкімет үйіндегі

қызмет кабинетімді тастап шығуыма тура келді. Алдағы уақытымды өз денсаулығымды күтіп, демалуға арнауыма болса да, өмір бойы ұжымда жұмыс істеп, қоғамға пайдалы қызметтермен айналысқан мен қол қусырып үйде қарап отыра алмайтынымды саналы түрде түсіндім. Сол себепті бірқатар мекеменің есігін қағып, тағы бірнеше жыл жұмыс істегім келетінін айттым. Сол жылдың тамыз айынан бастап сегіз жарым жыл «Қазақстан» қоғамында шетелдіктермен мәдени байланыс жасау мақсатында жұмыс атқардым. 1987-1990 жылдарда Ұлы Отан соғысы ардагерлері қоғамын басқарып, 2001 жылдың 21 наурызына дейін Президиум мүшесі болдым.

КСРО халық депутаты болып сайланғанымды, Мәскеу Кремлінің өзінде КСРО Жоғары кеңесі Халықтар кеңесі мүшесі ретінде Кремльдің Съездер сарайы мінберіне көтерілгенімді мақтаныш тұтамын.

Еңбегі ерен ерлер-ай

– Дүниеде болып жатқан жағдайдың бәрін бір кісі ойлап, бір кісі таппайды. Адамдар бірінен-бірі үйренуі, көруі керек. Ұрпақтар сабақтастығы деген дәстүр бар. Ұрпақтан-ұрпаққа, бірден-бірге өтеді. Өзіңнен алдыңғылардың істеген ісі қисық болса да содан бірдеңе үйрену керек. Соның неге дұрыс болмағанын миыңа тоқып, соны қайталамауға тырысу қажет. «Өзім бәрін бітірдім» деу бекер. Ең әуелі 1948-1954 жылдар аралығында Қостанай облыстық комитетінің бірінші хатшысы Сағалбай Жанбаевтан үйрендік. Өзі сауатсыз, бірақ миы, сезімі жақсы істейтін, қазақшылығы да, коммунистігі де бар жан еді. Елде тәртіп орнатуға көп іс тындырды. Үлкендерді зейнетке шығарып, олардың орнына көзге түскен жастарды жұмысқа тартты. Оларға бағыт-бағдар беріп отырды. Қазақ балаларын тәрбиелеп, өсіруге көп еңбек сіңірді. А.Бородиннен де көп жайтты үйрендік. Алматыға келген соң Д.Қонаев, Б.Әшімов, С.Ниязбековтардың қарамағында болдық. Бұл екінің бірінің басында болатын жағдай емес. Менің бақытыма қарай олардан көп нәрсе үйренуіме мүмкіндік болды. Осы уақытқа дейін олардың есімдерін қадір тұтамын. Жастарға «Осындай ағаларыңның қазақ елінің қазіргі жағдайға жетуге жасаған жұмысын, еңбегін ұмытпаңдар. Оларды әр уақытта ауызға алып, айтып жүріңдер, шырақтарым» деп отырамын.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың ХХІ ғасырдың екінші жартысында елімізге сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Ол жан-жақты жан болатын. 1954 жылы тың игеруге байланысты елімізде үлкен кадрлық өз-

герістер болды. КОКП ОК ұсынысымен Қазақстан КП ОК хатшысы болып бұрынғы Белорусь КСР-ның жетекшісі, кейіннен КСРО-да министр қызметін атқарған Пантелеймон Кондратьевич Пономаренко, ал ОК екінші хатшысы болып КОКП ОК хатшысы болған Леонид Ильич Брежнев сайланды. Бір жылдан кейін П.Пономаренко елшілік қызметке ауысуына байланысты оның орнына Л.Брежнев тағайындалды. Олар сол кезде Д.Қонаевты республика Министрлер кеңесі төрағасы етіп кездейсоқ әкелген жоқ. Димаш Ахметұлы ұйымдастырушылық қызметте үлкен тәжірибе жинап, халықтың аса зор ықыласына бөленген болатын. 1956 жылы Л.Брежнев КОКП ОК-не қызметке оралғанда Димаш Ахметұлы екеуінің арасында өзара түсіністік пен үлкен сенім қалыптасқан еді.

Біз аса көрнекті екі тұлғаның уақыт сынынан сүрінбей өтіп, адал ниетті достық қалыбын сақтап қалғанының, оның қазақстандықтар үшін орасан пайдасы тигенінің куәсі болдық. Одақ органдары алдына қойған Димаш Ахметұлының барлық мәселелері оңтайлы шешілді деуге болады. Ол өзінің аса дарынды жетекші ретіндегі талассыз абыройын мәскеулік инстанцияда пайдалана білді.


1976 жылы Леонид Ильичтің республикамызға кезекті орден тапсыруға келген кезі есімде. Республика сарайында салтанатты жиын болып, Қабылдау үйінде республиканың барлық өңірінен 400-ге жуық адам қатысқан кең дастарқан жайылды. Димаш Ахметұлы жоғары мәртебелі қонаққа, бүкіл қатысушыларға арнап аз-кем сөз сөйледі. Сосын Леонид Ильич сөз сөйлеп, жоғары марапатпен тағы да құттықтап, экономика мен мәдениет дамуында жаңа жетістіктерге жетуімізге тілектестігін білдірді. Димаш Ахметұлының атына көп жылы сөз айтып, оның құрметіне орнынан көтеріліп, рюмкедегі ащы сусынды алып қойды. Басын иіп, жылы жымыып қызметтесі әрі сенімді досына ерекше құрмет білдірді. Бұл екінің біріне көрсетілетін құрмет емес.

Бәйкен Әшімов өте ақкөңіл, өмірлік тәжірибесі мол, Димаш Ахметұлының сенімді серіктерінің бірі еді. Бәйкен Әшімұлы Қазақ КСР Министрлер кеңесі төрағасы және Қазақстан КП ОК бюро мүшесі болды. Осы жауапты қызметті он төрт жыл абыроймен атқарды. Сегіз жылға жуық уақыт Бәйкен Әшімұлының орынбасары болдым және маған үлкен сенім білдіргені үшін мын алғыс айтамын. Бірге қызмет жасаған жылдар аралығында Бәйкен Әшімұлының жұмыс істеу

тәсілінің куәсі болдым, ол кісінің жады мықты болатын және дүниетанымы мол еді. Облыс жетекшілерімен тығыз байланыста болды. Ол республика өңірлеріндегі барлық саланың жұмысынан үнемі хабардар болып отырды. Министрлік пен ведомство, жергілікті кеңес жетекшілерінің күн тәртібіндегі мәселелерді ашық айтуына мүмкіндік беретін және талқылаулардан кейін олардың әрқайсысына нақты тапсырма беріп отыратын. Ол жаратылысынан байсалды еді, өз қарамағында жұмыс істейтіндерге ешқашан дауыс көтермейтін, дегенмен өз тапсырмасын мұқият қадағалайтын, бізді қатаң тәртіпке және берілген тапсырманы міндетті түрде орындауға үйретті.

«Үкіметтің жұмысына күні-түні шапқылап атсалысқанмен, өзімнің шаруаларымды екінші кезекке ысырып қалдыра беретінмін. Білім алу да, үйлену де кешірек болды. Естелік жазудың өзін ХХІ ғасырда бастап, бітірдім. Елу жылдан артық қызмет жасадым. Сол кезде екі-ақ рет «жұмыс беріңдер» деп айтқан жағдайым болды. Біріншісі соғыстан келгенде, екіншісі зейнеткерлікке шыққан соң. Мен қазір бұрынғы мемлекет қайраткері емес, ардагерлердің ішіндегі көп қазақтың бірімін. Ардагер деген атқа лайық болу – үлкен міндет. Дүниеден озғанша осы құрметті аттан айырылмауға тырысамын. Маған басқа ештеңенің керегі жоқ. Қазақ болып туғаным ешқашан ренжіген, өкінген емеспін. Шамам келгенше еліме қызмет істеуге барымды салдым. Жастарымызға «Елімізге адал қызмет істеп, алда тұрған міндеттерімізді орындауға өздеріңнің күш-жігерлеріңді жұмсаңдар» деп ағалық өтініш айтамын. Елдің болашағы жақсы болсын!» деп аталық ақ батамен қорытты біздің кейіпкеріміз әңгімесін. Қоштасарда қолтаңбасымен кітабын ұсынып, маңдайымнан сүйіп, тағы да жақсы тілегін айтты. Ардагер ағамыздың жылы лебізі қанаттандырып жібергендей ерекше көңіл күймен жұмысқа қарай бет алдым...

8 шілде, 2014 жыл



*Исраил САПАРБАЙ,
ақын:*

ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ – МЕНІҢ МҰҢЫМ

Ақын-сазгер, драматург, Тәуелсіз «Платиналы Тарлан» сыйлығының лауреаты Исраил Сапарбайдың ата-бабасы Түркістан ауданының Қандөз ауылын мекен еткен. 30-жылдардағы ашаршылықта жүз шақты отбасы қырылып қалатындай халге жеткен соң, ауылдың бір бас көтерер адамы ағайынның амандығын ойлап Өзбекстанның Самарқан уәлаятына қоныс аударуды ұйғарады. Олар арып-ашып, Жызак тауынан асып, өзбек еліне қоныс тебеді. Міне, осы Кушрабад ауданында 1942 жылдың 15 мамырында біздің кейіпкеріміз өмірге келіпті.

Әкенің жөні бір бөлек

– Өмір бақи өкінетін бір жағдай – үш жасымда әкем өмірден озыпты. Анамыз Айткүл қолындағы төрт баламен отыз жасында жесір қалыпты, – деп әңгімесін бастаған Исраил ақын аз-кем ойланып отырып қалды. – Әкемді көбіне елден есту арқылы білемін. Бірақ бала болсам да әкем жайлы бір көрініс менің көз алдымда сурет болып сақталып қалған...

...Үйдің айналасы толған адам, біреулері жылап-сықтап, біреулері томсырайып тұр. Қандай дәстүр екенін қайдам, қайтыс болған кісіні мәңгілік сапарға алып кетіп бара жатып, оның үстіне теңге шашты.

Үлкендер де, кішілер де теңгені теріп ала бастады. Мен де енді еңкейіп ұмтыла беріп едім, қасымда тұрған ағам «Жерлеуге әкетіп бара жатқан біздің әкеміз, саған алуға болмайды» деп қолымды қағып жіберді...

Әкеміздің бірінші әйелі ертерек қайтыс болып кетіпті. Әкем тері илеп, одан етік, мәсі-кебіс тігетін айтулы ұста болған екен. Өз әулетін былай қойғанда бір ауылды асыраған адам. Ұсталық бұйымдарын базарға шығарып, кейде қазағы бар, өзбегі бар үйден де алып кетеді екен. Нағашы ағамыз әкеме «Сапарбай, мәсі-кебісінді алдым, бірақ төлейтін ақшам болмай тұр. Мына он төртке қараған қызым Айткүлді саған бердім. Қалыңмал сұрамаймын. Мені қарызынан құтылды деп есепте. Сен келім-кетімің көп адамсың, отбасыңды ұстайтын жан керек. Қызымды жас деме, саған әйел болады. Атыңа мінгізіп алып кет» депті. Міне, сол анамыз сегіз құрсақ көтеріп, төртеуі ерте шетінеп, қалған төртеуіміз өсіп-өндік. Бүгінде екі ағам да өмірден озып, інім екеуіміз қалдық.

Анамның ақиқаты

Ақынның төрт-бес жас шамасы кезінде ауыл адамдарының қолақпен бидай оратыны есінде. Аналары таңсәриден жұмысқа кетіп, іңір қараңғысында қайтады. Соғыстан кейінгі қиын жылдар. Қайтарында жаулығының шетіне бір уыс масақ теріп әкеледі. Шиеттей бала-шағаның талғажау тамағы сол. Кейде бригадир көріп қалса, «Астық Мәскеуге керек болып жатқанда сенің мұның не? Сотталайын деп пе едің?» деп масақты төктіріп тастайды екен. Аналары ошаққа от жағып, қазанды майлап, әкелген бидайын қуырып береді. Бұлар тез жеп қоятын болған соң үйдегі қолдан тоқылған жалғыз алашаға масақты шашып жіберетін. Төртеуі төрт жақтан еңбектеп теріп жеп жүріп, қалжырап ұйықтап қалады екен. Енді қайтсін, байғұс ананың ойлап тапқан амалы ғой.

– Елуге келгенімде елге – Мырзашөл өңіріндегі Гагарин қаласына, ағамның үйіне бала-шағамызбен бардық. Бүкіл туыс жиналды. Төрт баласынан тараған бүкіл немерелері жанында, төрт көзіміз түгел болған сәтте анамыз «Бір құпиямды ашайын деп отырмын. Көрге өзіммен бірге кетпесін» деді. Бәріміз елең ете қалыстық. Сондағы анамыздың айтқаны мынау: «Бірде бригадир, басқарма және ауылдың бір ақсақалы інірде сау етіп үйге кіріп келді. Оларға беретін тамақ жоқ, қуырмашымды балаларға беріп қойғам. Бірақ олардың екі кештің арасында тегін келмегенін сездім де, әліптің артын бақтым.

Әлгілер «Айтқұл, сені аяп отырмыз, әбден әбіржіп біттің. Таңертен жұмысқа кетесің, кеш қайтасың. Төрт балаң ұядағы балапан секілді аузын ашып күтіп отырады. Мына түріңмен күйеуге шыққын жоқ. Сенен рұқсат болса, мыналарды Балалар үйіне берсек қайтеді?» дейді. Сонда анамыз «Жоқ, өлсем балалармен бірге өлем. Қамқорлықтарыңызға рақмет. Балаларымнан тірідей айырылмаймын» деп қайтарып жіберген екен. Мұны елу жасқа келгенде анамның аузынан бірінші рет естідім. Сол кезде анамызды жаңа көргендей төртеуіміз көз жасына ерік беріп оның етегіне оралдық. Егер біз Балалар үйіне тапсырылсақ, ол жақтың тәрбиесі мүлдем бөлек қой. Қандай болып өсер едік? Бірімізбен-біріміз қайта табысар ма едік? Оны тек қана бір Алла біледі...

Қазір үйіміздің төрінде анамның суреті ілулі тұр. Ол кісімен ойша жиі сырласамын. Сөзге шешен, әнші, реті келсе керегені түріп тастап, қайнаға, қайныларымен сөз қағыстырып, суырып салып айтыса кететін ақындық өнері бар еді. Ал нағашымыз Сыр бойына белгілі ақын болған, – дейді Исраил аға.

Талантымды ашқан – Тайқара

– Балалық шағым ауырлау болды. Бала кезде еркелей алмағандығымнан болуы керек, қазірдің өзінде кішкентай немерелерімнің алдына басымды қойып еркелегім келіп тұрады. Бұл өзі өмір бақи орны толмайтын дүние сияқты, – дейді Исраил аға. – Екінші сыныпта оқитын ағама ілесіп, алты жасымда мектеп табалдырығын аттап, өзбекше әріп танығанмын. Түркістаннан барғандар «Қызыл шаруа» атты артель құрып, сол жерде отыз жылдай өмір кешеді. Сосын Мырзашөл өңіріне қарай қайта қоныс аударып, Жетісай маңайына тұрақтайды. Осылайша, Мақтаарал ауданындағы (бұрынғы Киров ауданына қарасты) Мақталы ауылында мектепте оқыдым. 8-9-10-сыныпты төрт-бес шақырым жердегі Тельман атындағы орталықта оқыдық. Анамыз матадан дорба тігіп береді. Кітап-дәптеріміз бен сия-сауытымызды соған саламыз. Сабақ екілердің шамасында басталатын болса керек, біз кешігіп қалмау үшін сәскеде үйден шығамыз. Кейде жолда алысып-жұлысатынымыз бар. Сия-сауытымыз төгіліп, дорбамыздағы кітаптарымыз ағал-жағал болып қалатын. Анамыз бір жапырақ нан салып береді. Кейде ол да болмай қалады. Мен ғой жартылай жетіммін. Бізден екі-үш жас үлкен Тайқара деген бала тұлдай жетім болды. Былай шыға бере, ол біздің нанымызды тартып алады. Әбден ызамыз келеді. Төбелессек жеңілетініміз, таяқ жейтініміз анық. Не істеу

керек? Тайқара нанымды тартып алған күні қарным шұрылдап, үйге бүктетіліп келемін. «Реңің бозарып кетіпті, бір жерің ауырып тұр ма?» деген апам болған жайды айта алмаймын. Айтсам, Тайқара одан бетер ұрып-соғады. Ондай жағдай бастан бірнеше рет өткен. Әбден ыза болдым. Сегізінші сыныпта оқып жүрген кезіміз. Әдебиет пәнінен сабақ беретін Елтай Бимағамбетов ағайымыз ақын еді. Аракидік «Кім өлең жазады?» деп сұрайтын бізден. Баламыз ғой, үндемейміз. Тайқараның зықы әбден өткені сонша, бір күні ағай үзіліске шығып кеткен сәтті пайдаланып, тақтаға бір шумақ өлең жаздым:

– Тайқара, Тайқара!
Аузы-басы май қара.
Нан дегенде тоймайды,
Тартып жеуін қоймайды.
Қарны қабақ, арамтамақ.

Балалар «Исраил өлең жазады екен» деп шулап қоя берді. Сол екі арада сыныпқа ағайымыз кіріп келді. Тақтадағы жазуды өшіріп үлгермедім. Тайқара қос жұдырығын түйіп алған. «Былай шыққан соң көресінді» қабағымен ұқтырып тұр. Тағы таяқ жейтін болдым-ау деп ішім қылп ете қалды, бірақ іштегі шерімді бір шығарғаныма қуандым. Балалардың бәрі ағайға емес, тақтаға қарап күледі. «Әй, не болды сендерге? Кім не бүлдірді?» деген ағайға балалар жарыса «Ағай, тақтаға қараңыз» деп жатыр. Тақтадағы өлеңді оқыған ағай «Мен көптен бері күтіп жүрген ақын біздің ортамыздан шықты ғой. Қайсың ол?» деп сұраған сайын ұялып төмен қараймын. Негізі, бала күнімде ынжықтау болғанмын. Ағай мені тақтаға шығарып, «Исраил деген ақын шықты. Әй, Тайқара, сен тарихта қалатын болдың. Өлеңге қарасам, сен мұны ұрады екенсің ғой» дейді. Балалар «Тайқара тек Исраилды емес, біздің бәрімізді ұрады» деп шулап қоя берді. Ағай Тайқараны да тақтаға шығарып алды. Бізге «Екеуің достасындар» деді. Қол алысып едік, «Жоқ, құшақтасып достасындар. Енді бір-біріңді ұрмайсындар. Мынау саған тәрбие болады. Балаларға әлімжеттік жасама» деді ағайымыз. Содан кейін расында да төбелеспейтін болдық. Нанымызды бөліп жейміз.

Менен тракторшы шықпады

Мектепті үздік бітірген ол жоғары оқу орнына түсуге құштар болды. Ойын анасына айтқанда, «Балам, ағаң да пединститутта оқып жатыр. Екі жыл шыда, сосын барарсың. Екеуіңді бірдей қалада оқытуға шамам жоқ» деді. Қанша қиналса да анасының айтқанынан асып

кете алмады. Комсомол ұйымының хатшысы болып, белсене жұмыс жасады. Туысқан ағасы «Исраил, қыста бос жатпай, Мақтааралдағы техникумның үш айлық тракторшылар курсың бітіріп алайық» деді. Келісті. Тракторшы деген етектей қағазға ие болды. Көктем шыға мақта егілді. Бір трактор еншісіне тиді. Мақтаның түбін қопсыту керек. Алқапта келе жатып артына қарап еді, бригадир ағасы қол бұлап «Тоқта!» деп белгі беріп жатыр екен. Қараса, төрт қатар жүйектің мақтасын қырып салыпты. Оқуға тапсыруға әлі жеті-сегіз ай бар. Сапар деген ауыл ұстасы бірге жұмыс жасауға шақырды. Ауылдағылар балта, балға, орақтарын, тракторларының соқа, тырмаларын ұстаға алып келеді. Төске салып соларды шындайды. Әне-міне дегенше бұлшық еті білеудей жігіт болып шыға келді. Осылайша екі жылдың өтіп кеткенін білмей де қалды.

Шоқ басып шойырылып қала жаздағам

Ол Шымкент педагогикалық институтының филология факультетіне 1962 жылы оқуға түсті. Ептеп ақсандап басатыны бар-ды. Сол себепті күзде өздігінен сұранып, үш жыл Украинада әскерде болды. Мектепте оқып жүргенде балалар «Маймақ» деп мазақтайтын. Оның өз себебі бар. Екі-үш жас шамасында бірден екі аяғы сал болып, жүре алмай қалған. Ем-домшыл анасы, әйтеуір, аяғынан тік тұрғызды. Соған осы күнге дейін таңғалады. Ол аз болғандай, алты-жеті жасында екі аяғын күйдіріп алған. Балалар есік алдындағы алаңқайда асық ойнайтын. Сақалары сайма-сай. Киіз басқанда, өрмек тоқығанда жүнді қазанда бояйды. Сол қазанға салып жіберсе асықтары түрлі-түсті болып шыға келеді. Өзі солақай. Керегеге ұтып алған асықтарын қатар тізбектеп іліп қояды. Кешке балалардың не әкесі, не шешесі келіп тұрады. «Жоқ, ұтып алдым, бермеймін» деп шыр-пыр болады бұл. Анасы «Бере сал, ертең тағы ұтып аласың ғой» дейді. Кейін келе ұтылғандар бір жапырақ нанын немесе бидайын ала келетін болды. Осылайша, кіп-кішкентай болып үйді асырауға аздап көмегін тигізгені бар.

– Мекембай ағам он алты жасында үйленген. Неге екенін қайдам, жеңгем Анар тандырдың күлін үйді айналдырып төгіп тастай беретін, – деп аяғын күйдіріп біраз әлекке түскен кезін еске алды ақын ағамыз. – Бір күні асық ойнап жүргенде, сақам ұшып барып күлдің ортасына түсті. Оны аламын деп мен де күлдің ортасына түсіппін. Быж ете қалсын. Шыңғырып жібердім. Күл дегенім қып-қызыл шоқ екен. Апам «Ойбай, мына баланы тағы Құдай ұрып қалыпты» деп

көтеріп алып, жеңгеме қара қазанды суға толтыртып, соған салды. Менің аяғымды қисайтып басуыма кішкентайымда сал болғаным, одан шокқа түскенім себеп болды. Мектепке баратын кезде адымымды үйрек сияқты басатынымын. Өте намысшыл болдым. Түн жарымда тұрып алып аяғымды тура басуға дағдыланам. Балалардың мазағы әбден құлағымды сарсылтты. Оның үстіне жүрісім баяу болғандықтан толып барамын. Балалар «Жалпақ сары» дейтін. Бетім секпіл-секпіл. Рең-басым өзіме ұнамады. Институтқа түскен соң өзім сұранып әскерге аттанып, шынығуым керек деп шештім. Сержанттарды дайындайтын мектепте он ай оқыдым. Он бес-жиырма шақырымға жүгіртеді. Бір аяғым әлсіз ғой, талай рет есімнен танып құлап қалған кездерім болды. Бірақ сол мені шынықтырды. Әскерден келгенімде жұрт мені танымай қалды. Кәдімгідей жігіт болып қайттым. Қазір түзу жүремін, білінбейді, бірақ мен оған үлкен еңбекпен жеттім.

Жар таңдауда жаңылғаным жоқ

Соңғы курста оқып жүргенінде Шымкентте Мәдениет институты ашылды. Еліміздің барлық өңірінен жастар оқуға келді. Басым көпшілігі – қыздар. Өзі оқитын пединституттың қыздары аз болғандай, сол жаққа барғыштай берді. Композитор Сүгірәлі Сапарәлиев екеуі дос. Ол күнде ән шығарады. Біздің кейіпкеріміз де республикалық газеттерге өлеңдері шығып қалған әжептәуір ақын. Жатақханада тұрады, ауылы ұзақта, екі күннің бірінде барып келе беретін жер емес. Сүгірәлінің отбасы бар. Аптасына үш-төрт рет соған барады. Бірде досының үйіне барса екі қыз жүр. Сүгірәлімен бірге оқитын қыздар екен. Сол үйде жазған ән мәтіндері мен машинкаға басылған өлеңдерін әлгі қыздың біреуі оқып отыр екен. «Өлең оқыса жаман болмағаны ғой. Менің ақындығымды түсініп, табиғатымды ұғатын шығар» деп ойлады. Жар таңдауда ішкі түйсігі алдаған жоқ. Сүгірәлі досының да сөзі қамшы болды. Қызбен етене танысып, бірге киноға барып жүрді. Жұпар Төлеби ауданынан екен. Қызға құда түсіп, жөн-жоралғымен үйленді. Келіншегі үшінші курста оқитын, өзі оқуды бітіріп, облыстық газетте істеп жүрген кезі. Пәтер жалдап тұрды. Тұңғыш қыздары Жанар дүниеге келді. Он бес жыл Шымкент қаласында тұрғанда он төрт рет пәтер алмастырыпты. Алматыдағы Жоғары партия мектебіне оқуға түсіп, кетерде ғана төрт бөлмелі пәтерге қолдары жетті. Бірақ баспаға бес жыл бұрын дайындап берген кітабы шықпай жатты. Кітабының шығуы кешеуілдей берген соң, «Алматыдағы әдеби ортаға бармасам болмайды екен» деп шешті. Бала-шағаны

Шымкентке қалдырып, жалғыз өзі Алматыға аттанды. Үйді ауыстыруға мүмкіндік болмады. Жылдар сырғып өтіп жатты. Олжас Сүлейменов, Ғаббас Қабышев, Оразбек Сәрсенбаевтардың арқасында үш жылдан соң, Алматыдан үш бөлмелі пәтерге қолы жетіп, отбасын көшіріп алды. Алматыда пәтер жалдап жүргенде де түрлі-түрлі тағдырлармен жолықты. «Ауылдан келген ару» атты тұңғыш пьесасы сол кезде жазылды.

– Зайыбым қырық жылдан бері бір балабақшада жұмыс істеп келеді. Бүлдіршіндерге ән, би үйретеді. Расын айту керек, бізде балаларға арналған ән тым аз. Жұпардың өтінуімен кішкентайларға арналған он шақты ән жаздым. Жарым менің бір қырымды толтырып жүр. Болашақ ұрпақты өсіріп, солардың бойына қазақы рухты құйып жатыр. Қызметтері өлшеусіз болғандықтан оларға үлкен құрметпен қараймын. Ақынның көңілін табу қиын. Балаларды, үйді тастап әдеби ортаға кеттім. Алматы мені құшағын жайып қарсы алған жоқ. Балаларды бағып-қағып өсірген Жұпар, – дейді ақын. – Қаршадайымнан жетім қалып, әкем тәрбиелемесе де, өмірдің өзі тәрбиеледі. Алматыда мені ешқандай туысым күтіп тұрған жоқ. Ақын ретінде өзгелерді мойындатуым керек болды. Кеңшілік Мырзабеков, Жарасқан Әбдірашев, Жұматай Жақыпбаев, Иран Ғайыптармен дос болдым. Кезінде ішіп те, шалқып та жүрдік. Достарымның үйлері, жұмыстары бар. Мен үй-күйсізбін. Бір күні «Осылай жүре беремін бе? Алматыға неге келдім?» деп өз-өзіме сұрақ қойып, қайрадым. «Жалын» баспасына жұмысқа орналастым. Бірте-бірте атым шыға бастады. Сағи Жиенбаев, Қадыр Мырза Әлі, Тұманбай Молдағалиев, Қабдікәрім Ыдырысов – бәрі менің өнер жолындағы ағаларым. Ал өмір жолым жазмышыма байланысты екен. Не болса да өзім көрдім. Додаға да, бәйгеге де, көпшіліктің ортасына да, өнерде де өзімді салдым. Ол мені әбден шынықтырды.

Көргені көп Көбей ағам

– Ақын ретінде атым шыға бастағаннан кейін өсіп-өнген Мақтаарал ауданы кездесуге шақыра бастады. Көбіне Жетісайдан қайтатынымын, – дейді Исраил аға. – Өзбекстанның Жетісаймен көршілес Мырзашөл ауданының Гагарин қаласындағы ағаларымның үйінде қонақ болып жатқанымда, ауданның бірінші хатшысы Бегім Серіков іздеп келіп, «Айналайын, Исраил, сен өзің оқыған мектебіңе барып, Жетісайдан қайтатын көрінесің. Біздің не жазығымыз бар? Мырзашөл ауданында түгел қазақтар тұрады. Оны аз десең, сенің екі бірдей ағаң осы өңірде

тұрып жатыр емес пе? Осында келіп, неге кешінді өткізбейсің? Мен саған ренжіп келіп отырмын» деді. Қатты састым. Ай өткенде Әбиірбек Тінәлиев пен Бибіажаар Махамбетовамен барып, бір апта кездесу өткіздік. Халықтың ықыласы керемет болды. Гагарин қаласының әкімі Көбей Самұратов үйіне шақырып, қонақ етті. Кейіннен білдік, Көбекең Шәмші Қалдаяқов ағамыздың өкіл інісі екен. Шәмші ағамыз Оңтүстікке барғанда Гагарин қаласына ат басын бұрмай кетпейді екен. Көпті көрген Көбей ағамыз дастарқан басында «Израил, сенің өлеңдерінде таусылмайтын мұң бар. Сен неге мұңдана бересің? Саған бір нәрсе жетпейтін сияқты. Жетім өскенің көрініп тұр. Халықтың еңсесін көтеретін өлең жазсаң деген ағалық тілегім бар. Алла тағала, сенің несібеңді халыққа шашып жіберген. Сенде бәрі бар. Халық саған құшағын ашып, дастарқанын жайып қарсы алып жатыр. «Анау жоқ, мынау жоқ» демеші. Әсіресе, материалдық жағдай жайлы ойламай-ақ қой. Сенен артық кім бар? Алла тағала саған рухани байлық беріп отыр. Ал рухани байлық барда жоқ деген сөзді айтпа. Мұңайма» деді. Маған бұрын-сонды ешкім мұндай сөз айтпаған-ды. Бұл сөздер менің өмірлік ұстанымыма айналды.

«Сыған серенадасының» сыры

– Қанша дегенмен ананың аты – ана, ішінен шыққан баласын жаман болсын демейді, жұмсақ тәрбиелейді. Әкенің жөні бір басқа. Еркектік мінездің, жігіттік ұстанымның қалыптасуына әкенің тәрбиесі керек екен. Өмірден теперіш көргенде «Әттең-ай, әкем болғанда мыналар мені мұншалықты басынбас еді» деген ой болатын. Қазір жасымыз ұлғайды, біреуден таяқ жейтін жастан кеттік. Бірақ сөздің оғы жүрекке тиеді екен. Осының біразын көрдім. Бірде Шымкентте, облыстық ауруханада жатқан Шәмші Қалдаяқов ағамыздың көңілін сұрап бардым. Қатты сырқаттанып қалыпты. Әңгімелестік. Еңсесін көтеріп отырған соң, көкейімдегі көптен мазалап жүрген сұрағымды қойдым. «Аға, сізді «Вальстің королі» дейді. Бірақ сіздің әніңіздің біразы вальске келмейді. Әсіресе, «Сыған серенадасы» деген әнііз. Атының өзі қызық. Қазақтың әніне ұқсамайтын бұл ән қайдан келді? Қалай шығардыңыз? Басқа әндеріңіз бір төбе, бұл әніңіз бір төбе. Мен осы әнге ғашықпын. Бір ауыз болса да шығу себебін айтыңызшы» дедім. Шәкең әннің шығу тарихынан аздап әңгіме айтып, «Қалғанын Қадыр Мырза Әлі ағаңнан сұрарсың» деді. Сондағы айтқаны «Оқудан шығып қалған кезімде көшеде сығандарға тап болып, Алматының «Тастағындағы» сығандардың таборынан бір-ақ шықтым. Екі-үш күн

қыдырып қайтамын деп ойлағанмын, сығандар алаңсыз өмір сүреді екен. Күндіз жұрттың қалтасын қағып келеді де, кешке қарай от жағады да билейді, гитарамен ән айтады. Бір жарым айдай сығандардың арасында болғаным, сыған қызы Изольданы ұнатқаным рас» деді. Осы екеуара әңгімеден соң екі-үш айдан кейін Шәмші аға өмірден озып кетті. Шәкеңнің өз аузынан естіген әңгіменің желісімен эссе немесе поэма жазғым келді. Бірақ қолым жүрмеді. Ақыры «Манкент» демалыс үйіне барып он сегіз күн жатып, «Сыған серенадасы» пьесасын жазып шықтым. Спектакль ең алғаш Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрында қойылды. Облыстық театрлардың біразында сахналанып жүр. М.Әуезов атындағы Мемлекеттік академиялық драма театрында он жылдан бері үздіксіз қойылып келеді.

Шымкентте Шәмші әндерінің дәстүрлі фестивалі өтетін болды. Мыңжасар Маңғытаев, Илия Жақанов, Нұрғали Нүсіпжанов ағаларымызбен бірге әділқазылар алқасының мүшесі ретінде шақырды. Өзіме де обал жоқ, әділқазылар алқасы мүшелерінен бөлініп, Шәмші ағамыздың үйіндегі жеңгеміз Жәмила, баласы Мұхтар, Отырардан келген туыстарына сәлем берейін деп еңкейе бергенім сол еді, жеңгеміз «Мына иттің баласын кім шақырды? Не ол кетсін, не мен кетем? Көзіме көрінбесін!» деді. Зал толы адам, жұрттың бәрі естіді. Қалшыып тұрдым да қалдым. Оқпен атқанмен бірдей болды. Ер адам болса жағасына жармасарсың, әйел адамға не істерсің?! Екі жігіт қолтығымнан демеп сыртқа алып кетті. Есімді жиып, «Рақмет, осы сөзді естуге келген болдым ғой...» деп кешке Алматыға қайтып кеттім. Үш күн бойы үйден шыға алмай қатты ауырып қалдым. Жәмила жеңгеміз «Сыған серенадасында» болмаған оқиғаны жазды, оны сотқа беремін» деп тулапты. Оны баласы қостапты. «Мен бұл әңгімені Шәкеңнің өз аузынан естідім. Бұл оқиға болмаған күннің өзінде жазушы ретінде ол жайлы көркем шығарма жазар едім ғой» деген уәжіме ешкім құлақ салған жоқ. Кезінде Оразбек Бодыков та «Сыған серенадасы» пьесасын жазып, тіпті ол сахнада қойылған. Былай алып қарағанда, менікі жаңалық емес. Бірақ бұл оқиға менің жүрегімді осы күнге дейін сыздатады...

Бүгінгінің бес қаруы

– Абай айтқандай, кемел жасқа келдік. Бұл торығудың толысуға, ақылдың парасатқа, жастың жасамысқа толайым бет бұруы деген сөз. Жасына лайықты сөз өру, өмір сүріп жатқан кезенді ғана емес, келешекті де ой-таразыға салу – жақсы мен жайсаңға жарасар жағдаят. Қазір, Құдайға шүкір, дербес мемлекетпіз. Ол, қайсыбіреулер

айтқандай, өз-өзінен көктем түсе салған жоқ. Біздің әр күнімізде, әр сағат-сәтімізде бабалар ерлігі мен бірлігінің тасқа да, тағдырымызға да бедерлеп, бейнелеп қалдырып кеткен қасиетті Қолтаңбасы жатыр. Ол Қолтаңбада «Біз үшін, өзің үшін, ертең үшін өмір сүр!» деген ұлы аманат жазуы тұр. Бұл аманат маңдайымызға Хак тағала түсірген жазмыштан бір де кем емес. Бұл туған мен өлгеннің арасындағы өлшемді өмірдің өлшеусіз қағилаты. Әсіресе, осынау ұлы сапардың алмағайып тұсында амалсыз ат ауыстырған, ұлы көштің соңына ілескен әр қазақ үшін ұлы сын-сынақ. Сынаққа түскен екепбіз, әрқайсымыздың белімізде бес қару болуы тиіс. «Не бел кетер, не белбеу кетер!» деп атам қазақ баяғыда-ақ айтқан. Ол бесеу не? Бүгінгінің қаруы: Ілім, Білім, Ар, Намыс және Рух! Біреуі кем болса, сол ел – міскін, момын, мүгедек!!!

...Өткен жылдың қазаны мен биылғы жылдың басына дейінгі аралықта қатты ауырып, үйден шыға алмай қалдым. Дәрігерлер он күннен кейін «Аурудың беті қайтты, ендігі айығу-айықпау өзіңізге тікелей байланысты...» деп ауруханадан үйге қайтарды. Басты себеп иммунитеттің түсіп кеткендігінде екен. «Бұл да бір Жаратқан иенің сынағы шығар» делім де, ойландым. Жан тәбетім өмірдің өзінде, одан қалса өленде. Тән тәбетім де тәп-тәуір сияқты еді... Ендеше, ауру қайдан килігіп, сырқат қайдан жабысты? Жабырқау жанға ой серік. Өзімді-өзім жақсы білем ғой, дәрігерлердің диагнозын іштей қабылдай алмадым. Енді не? Оны өмірлік жарым айтты. «Соңғы кезде саған ешкім ұнамай барады. Мені қойшы, мынау қоңырсыған қоғамда, көңірсіген көпшілікте, етегіне сүрінген ебедейсіз ел-жұртта нең бар? Анаған да, мынаған да көңілің толмайды, тіпті балаларына да жиі ашу шақыратын болдың. Жалғыз қалу саған мақсат па, осы?» дегенді Жұпар айтты.

Ес жиоға тура келді. Ал мына қауым, қоғам ше? Қаймана қазақ қарауытқан кеште қайда кетіп бара жатыр? Талауратқан таңнан не күтуге болады? Бүгін мен ертеңнің, ертең мен болашақтың арасы тым алашақтап барады...

Тағы да ауырып қалмасам нетті, қоғамның, заманның дертін жазам деп жүріп... Тағы да сол Өлең – тағдырыма талғажау...

Менің мұным тек қана менің қайғым емес қой?!

Қалғып кеткен қаймана – Қаңғып кеткен Елестей.

Көшті қалай түзермін.

Есті қалай жиярмын.

Оң жағымнан жел еспей.

Сол жағымнан ел өспей?



«Бетегеден биікпін, аласамын жусаннан»,
Көріне ме көкжиек, көз сүзгенмен, құр шаңнан?
Аларманның сүлейі,
Берерменнің үрейі –
Ақын қайда бусанған?!
Батыр қайда құрсанған?!
Жаңа туған жас бала...
Кірпияз ба, кім өзі?
Кімге ырыс, кімге құт кіндігімнің Кінәзі?..
Ауыздығын шайнаған арғымағым болмаса,
Кімге керек қазақтың қойдай қоңыр мінезі?!
Заман мынау апшынған айдаһардай жаланып,
Не болмақшы қаптаса Қара аспанды қара бұлт?..
Қам-қаперсіз басыма қайта оралмас күн келсе,
Қасқыр басым қаншыққа қалмаймын ба таланып?
Ерке мінез ез емес,
Еркек текті ел ем ғой?!
Екі көзім телмірді-ау есік жаққа елеңдей...
Көкбөрім-ау, көп-көрім қуарды ма бөктерін,
Бөріктірген кім сені?
Түске жүрсің неге енбей?
...Менің қайғым тек қана менің мұңым емес қой?!
Қалғып кеткен қаймана – Қаңғып жүрген Елестей...
Көшті қалай түзермін,
Есті қалай жиярмын,
Оң жағымнан жел еспей,
Сол жағымнан ел өспей?...

Ақын ағамыз бен Жұпар жеңгеміздің қызы мен қос ұлы қазір өмірден өз жолдарын тауып, еңбектеніп келеді. Бәрі де отбасылы. Ешқайсысы осы күнге дейін жаман атын естірткен жоқ. Мұның өзі тәрбиеге байланысты. Тұңғышы Жанар музыкант, фортепианода ойнайды. Үлкен ұлы Нұрлан түрік тілінің маманы. Кенжетайы Еркебұлан бүгінде Сапарбай әулетінің атын шығарып жүр. Белгілі скрипкашы. Мемлекеттік мерекелерге арнайы шақыртумен қатысып, өнер көрсетеді. Қылықты, тәтті немерелер өсіп келеді.

29 шілде, 2014 жыл



*Қайрат БАЙБОСЫНОВ,
Қазақстанның халық артисі:*

ӘН КӨЗ АЛДЫМНАН СУРЕТ БОЛЫП ӨТІП ЖАТАДЫ

Дәстүрлі әнші, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Қайрат Байбосынов Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданы Атасу ауылында 1950 жылдың 1 маусымында туған. Бұл – қазаққа көрнекті ақын Сәкен Сейфуллин, күйші Дайрабай, шертпе күйдің шебері Әбікен Хасенов, өнер иелері Мүлік Сүртібаев, Шабал Бейсекова, ғалым Ақселеу Сейдімбектерді сыйлаған қасиетті өлке. Балалары жастайынан домбырамен ән айтып, күй шертіп, көше-көше болып бірімен-бірі жарысып өскендіктен, күллі ауыл ән салып тұрғандай көрінеді. Сол үрдіс осы күнге дейін жалғасып келеді.

Өнер – ата-анамыздан дарыған қасиет

– Әкем Әукен ауыл-аймаққа қобызшы деген атымен танылған жан екен, – деп бастады әңгімесін Қайрат аға. – 1964 жылы алпыс төрт жасында дүниеден өтіпті. Әкемнің түр-түсі, бет-бейнесі еміс-еміс қана есімде қалыпты. Ол – менің әлі көп нәрсенің байыбына бармаған, әке дарынына қанығып үлгермеген шағым. Әйтсе де, анам Торша мен апаларымнан, ауылдағы көзкөргендері арқылы әкемнің қарым-қабілетін, домбыра, қобыз жасап, етік тіге беретін сегіз қырлы, бір сырлы жан болғанын жастайымнан біліп өстім. Бір қуанатыным, әкемнің маған

бес жастан бастап қобыз бен домбыра үйреткені. Ұлттық аспаптарымызға ықыласымның ерекше ауғанын байқаған әкем қорамыздағы жалғыз ешкіні сойып, ішек ызып, өз қолымен маған арнап домбыра жасап береді. Жалғыз ешкіні жайпап салған отағасының әрекетіне түсінбей қалған анамның сұрағына ол «Сабыр ет, бәйбіше, жарықтық Ықылас қобызын берді. Тоқа домбырасын ұсынды. Мен осылардың арасындағы дәнекермін ғой. Түсімнен ұйқым бұзылып жүр» деп жауап қатыпты. Ықылас деп отырғаны атақты қобызшы болса, Тоқа арғы атамыз болып келеді. Заманында көпті өнеріне тәнті еткен, шертпе күйдің шебері болған жан. Отбасымыздағы балалардың бәрі өнерге жақын болуы біздің ата-анамыздан дарыған қасиет болар. Бала үшін ананың еңбегі ұшан-теңіз, оның балаға деген махаббатын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Анамның әдемі қоңыр дауысы бар-ды. Оның айтқан әндерін, дауысын магнитофонға түсіріп алмағаным өкінемін. 1987 жылдары, қайтыс боларының алдында ғана екі әнін магнитофонға түсіріп, жазып үлгердім. Соның бірі – қазір эфирден жиі орындалып жүрген «Мұхида-Шәйбан» әні. Шәкіртім Бекболат Тілеухан анамның өз аузынан үйреніп, радиоға тұңғыш жаздырған. Екіншісі – «Зұлқияның әні». Апаларым Күләнда мен Дәмежаннан әншіліктің, домбыра мен қобыздың қыр-сырынан көп сабақ алдым. Інім Ахат шертпе күйдің нағыз шебері деуге болады. Біраз жыл Жезқазғандағы «Ұлытау» ансамблінде Жақсыгелді Сейіловпен бірге қызмет етті. Тәттімбет атындағы республикалық конкурстың бас жүлдесін жеңіп алды.

Ақселеу ағам – капитан

Өткен ғасырдың 50-60-жылдары ел Ұлы Отан соғысының зардабынан енді-енді ғана ес жиып, айналасына зер салып қарай бастаған кезі. Кішкентай Қайраттың балалық шағы да ауылдағы өзге қарадома-лақ қазақ балаларынан еш айырмашылығы жоқ.

– Ауылда асық, ләңгі ойнайтынбыз. Бұл – қазақ ауылдарына футбол ойынының кең тарай бастаған шағы. Үйдің бетін көрмей доп қудық. Соншалықты қызығушылығым болмаса да, баламын ғой, өзге балалардан қалыспай, футбол ойнайтын алаңға мен де барамын. Ақыры барғаннан кейін, ойыннан сырт қалғың келмейді. Ақселеу ағам (Сейдімбек) – топ капитаны. Капитан бойы тәштіген, кіп-кішкентай мені «құрамаға» қинала алады. Ойыншыларға қызыға қарап тұрған менің

көңілімді кимаса керек, Акселеу ағам күпәйкесін шешіп, теріс айналдырады да, маған кигізіп, қақпаға тұрғызып қояды. Ешқайсымызды шеттетпей, бөліп-жармай ойынға қосқаны үшін оған бәріміз де ризамыз. Содан ал кеп ойынның қызығына түсеміз. Дегенмен асық, ләңгі, футбол ойындарынан тез жалығып кеттім. Кітап оқуға ықыласым ауды. Үшінші сыныпта оқып жүргенде-ақ Қ.Әбдіқадыров аударған «Мың бір түннің» төрт томын да оқып шықтым. Осы кітаптың әсері сұмдық күшті болды. Бала қиялды қойсаңшы, әліме қарамай, оңашада арманымдағы арудың суретін саламын. Осылайша біртіндеп сурет өнеріне қызығушылығым оянды. Менде әнші болу жайлы ой мүлдем болған емес. Мектепте оқып жүргенде суретші немесе археолог болуды армандадым. Қазірдің өзінде ән салып тұрғанымда сол ән көз алдымнан сурет болып өтіп жатады. Тіпті бала кездегі армандарым Пайғамбар жасына келсем де әлі күнге түсіме кіреді, – дейді Қайрекең. – Мектеп табалдырығын аттағанда сынып жетекшіміз Күлән Оралбаева апай болды. Ән сабағында мұғаліміміз «Кім өлең айтты? Қол көтеріңдер» деді. Жан-жағыма қарасам, қолын көтерген ешкім жоқ. Жайлап оң қолымды көтердім. Содан тақтаның алдына тұра қалып «Шынар-ай, ғашыққа ғашық құмар-ай» деп шырқай жөнелдім. Қазір күлкілі болғаныммен, ол кезде әнді шын ықыласыммен айтқаным рас. Дегенмен топ алдында ән салуым сол кезден басталды. В.Ленин атындағы №1 қазақ орта мектебінде тек білім алып қоймай, өнердің не екенін ұғына бастадық. Прима-қобызшы Роза Бимендинаның мектебімізге келіп, ән сабағын өтуі менің прима-қобыз, прима-домбыра аспаптарын тереңірек үйренуіме себепкер болды.

Бала Біржан

1963 жылы ғалым Шапық Шөкин Қазақ КСР Жоғары Кеңесіне Жаңаарқа ауданынан депутат болып сайланады. Халық қалаулысымен өтетін ресми кездесуден кейін шағын концерт болды. Қасен Сейдімбеков концертке қатысатындардың тізіміне бала Қайратты да қосты. Оны концертке шөбере ағасы Қайыржан Сарбасов қуана дайындап, «Ақ сиса», «Адасқақ», «Қаракесек» әндерін орындады. Бұл – өте сирек орындалып, елдің есінен көмескілене бастаған әндер болатын. Бала кезінен тыңдап өскен, бірақ кейінгі кезде тым сирек орындалатын әндерді естігенде, академик қуанышын жасыра алмайды. Бетінен сүйіп, ақ тілегін, алғысын жаудырады. Жас әншінің атағы дардай, аузы дуалы қонақтың көңілінен шыққанына аудан атқамінер-

лері де қуанады. Не керек, кісінің бетіне тіктеп қарамайтын ауылдын ұян баласы «Бала Біржан» атанып, мерейі өсіп шыға келді. Ауданға келетін қадірлі қонақ Қайратсыз күтілмейтін болды. Ауыл балалары аупарткомның «Газигін» көргеніне мәз болса, әнші баланың ол көлікке отыруы үйреншікті дағдыға айналды.

1964 жылы Қарағандыға гастрольдік сапармен Қазақтың Абай атындағы академиялық опера және балет театрының ұжымы келеді. Оларды бастап келген театрдың сол кездегі директоры Жексенбек Еркінбеков ағамыз. Өнер иелерінің арасында Ғарифолла Құрманғалиев, Кәукен Кенжетәев, Шабал Бейсекова, Нұрғиса Тілендиевтер болды. Соның алдында Қарағанды облыстық радио-телевидениесінің журналисі, белгілі жазушы, профессор Әмен Әзиев бала әншінің дауысын жазып алып, «Мен талант таптым» деп жамағаттан сүйінші сұраған. Сарыарқаға ат басын тіреген өнер иелері облыстық радиодан Әукеннің ұлының әндерін тыңдап, естері кетеді. Әнші баланы дереу облыс орталығына шақыртып, көзбе-көз отырып ән салғызады. Бұл – Қайраттың енді ғана он үшке толған кезі. Жаратылысынан өнер десе ішкен асын жерге қоятын арқалы күйші, композитор Нұрғиса Тілендиев ішкі жан тебіренісін жасыра алмай, ән шырқап бола берген Қайратты жерден тік көтеріп алып, «Маған бала боласың ба?» дейді салған жерде. Бұл да іркілген жоқ, «Боламын!» деп нық жауап берді. Композитор келер жылы Алматыға оқуға келуін тапсырды.

– Анам Торша менің зоотехник болуымды қалады. Әке орнына әке, ана орнына ана болып өсірген жанның тілегінен аттап кете алмадым. Мал дәрігері болу үшін құжат та тапсырып қойдым. Ауылдан келген қазақ балалары үлкен қалаға қадам басқанда, әуелі туған-туысты жағалайтын әдетімен бес-алты бала Ғалым Сарбасов деген ағамыздың үйіне тоқтадық. Ол кісі ҚазПИ-дің математика факультетінің деканы болатын. Математик ағамыз жұмысқа кетерінде бәрімізге есеп беріп кетеді. Басқа балалар ол жұмыстан келгенше есеп шығарып әлек боп жатқанда, мен сол үйдегі әдемі домбыраны тартып отыратынмын. Домбыраға деген құмарлығымды сезген ағам мені «Қазақконцерт» бірлестігі жанынан ашылған Алматыдағы Республикалық эстрадацирк студиясына алып барды. Оның үстіне, 1967 жылы көктемде, яғни мектеп бітірердің алдында маған Алматыдан хат келген. Хатты жолдаған Мәдениет министрлігінің өнер бөлімінің бастығы – Жексенбек Еркінбеков. Хатта Құрманғазы атындағы консерваторияға оқуға шақырған. Мұны білетін Ғалым ағам «Шақырғанда бармасан,

шақыруға зар боларсың» деп мені қайрап қояды. Рас, Жексенбек аға мені көптен кездеспеген туған бауырын көргендей мәре-сәре болып қарсы алды. Бұл – жасым он жетіге енді толған, балалық шақтан ересек жасқа ауысып жатқан кезім ғой. Дауысымның толқымалы шағы. Осыны сезген комиссиядағылар мені күй класына барсын деп шешті. Ғарифолла Құрманғалиев ағамыз маған үлкен сенім артып, қазақтың біртуар күміс көмей әншісі Жүсіпбек Елебековтің шәкірті атандым, – дейді Қайрат аға. – Алматыға келген соң да Нұрағанның – Нұрғиса Тілендиевтің шапағатын көп көрдім. Ол кісі апта сайын студияға келіп, ұстаздарымнан менің беталысымды, сабағымды, жалпы жағдайымды сұрап тұрды. Бір келгенінде «Қыз Жібек» атты фильм түсірілгелі жатқанын, Төлегеннің әндерін орындауға мені алғысы келетінін айтты. Қанша дегенмен студияға жаңа түскен баламын ғой, ұстаздарым «Ойпырым-ай, ол оқуды енді ғана бастаған бала емес пе?! Шикілік танытып, көркемдік кеңестен өтпей қалса, тауы шағылады ғой» деп бір жағы қуанып, бір жағы кобалжып, қатты толқыды. Композитор ешкімнің қарсылығына қарамай, өз қалауын жасады. Сол кездерден бастап бірнеше жыл Нұрағанның жанында жүрдім. Киностудияға барса да, үйде болса да үнемі жанында ертіп жүрді. Бұл оның шабыты шарықтап, шығармашылығының гүлденген кезі болатын. Атақты әндерінің көбін сол жылдары шығарды. Мен соған куә болдым. «Қыз Жібек» – қазақ кино өндірісі тарихында орны ерекше, нағыз қазақы фильм. Бұл – мәңгі өлмес дүние. Тіпті ұлттық мақтанышымыз деуге болады. Фильмнің басты кейіпкері Төлегеннің атынан ән салу – мен үшін тарихи оқиға, өмірімнің бір белесі. Тағдырымды биік белеске шығарған кезім десем, еш артықтығы жоқ. Кинофильмдегі менің он жетіден он сегізге қарағандағы дауысым болатын.

Жүсекеңнің «Жүйкебасары»

Әншінің төл ұстазы Жүсекең – Жүсіпбек Елебеков жайлы кеңірек тоқталып өтпесек болмас. Ол студияға түскен жүз елу баланың ішінен бесеуін тандап алды. Соның бірі Қайрат еді. Бұл – 1967 жыл. Бірінші жылы үйренетін әндердің тізімін жасатты. Жүз елу ән. «Батырлар жырынан» бастап, қазақтың классик ақын-жазушыларын қайта оқытты. Ұстаз кітап оқымағандардың терең әнші бола алмайтынын ұқтырды. Алғыр шәкірт жазғы демалысқа дейін жүз отыз жеті ән үйренді. Ұстазынан үйренгендерінің көбі – ел арасында онша көп айтылмай, ұмыт бола бастаған әндер.

– Дегенмен оқуға түсердегі дауысымдағы өзгеріс қыс ортасынан ауа тіпті күшейе түсті. Бір аптадай қарлығыңқырап жүрді де, сосын біржолата тынды. Бұл маған оңай тиген жоқ. Ұнжырғамның түсіп жүргенін ұстазым да сезді. Студияның алғашқы директоры Гүлжиһан Ғалиева «Домбыра класына ауыстырайық» деді. Осындай қиын шақта ұстазым Жүсекең маған дем берді, шетке итерген жоқ. Ғарифолла аға да «Құдай бергенін алатындай бейкүнә сәбиде не жазық бар?» деген болатын. Жүсіпбек ағам дауысыма салмақ салмай, кітап оқуға, ән мәтіндерін жаттауға, домбыраға көбірек көңіл бөлуге бағыттады. Ұстазымның айтқанындай, көп ұзамай дауысым қайта шықты. Тек бұрынғыдан өзгерген, бозторғайдай шырылдаған ашық, балалық үн емес, күмбірлеген қоңыр дыбыс туды. Әуелі бұл дыбысқа өзім де үйрене алмай жүрдім. Келе-келе қалыптасып, әнімді бұрынғыша сала бастадым. Жүсекең менің жаңа дауысымды тыңдап отырып, екі көзінен жас сорғалап қоя берді. «Әй, Алла, Алла, дауысың өзгерген екен» деп көз жасын сүртіп, «Сенде Қали Байжановтың сарыны бар. Қалиым мен Қосымжаным тірілетін болды» деп мәз болып, осы дауысқа лайықты әндерге баули бастады.

1968 жылдың көктемінде актер ағамыз Елубай Өмірзақовтың 60 жылдық мерейтойы өтті. Мен де бір ән айтуым керек болды. Үлкен сахнаға тұңғыш рет шығуым. Көңіл қобалжып тұр. Дегенмен барымды салып, әнімді айтып шықтым. Ел үлкен қошемет көрсетіп, дүркіретіп қол соғып, сахнаға қайта шақырып, болмады. Хабарлаушы жігіт «Тағы бір ән айт, ел жібермей жатыр, не айтасың?» деп тұр. Сасқанымнан «Балуан Шолақтың «Ғалиясын» деппін. Жаңа үйренген әнді ұстазымның рұқсатынсыз сахнаға алып шыққаным бір жағы қысылып та тұрмын. Әйтсе де әнді барынша келістіріп айтуға жан салдым. Кеш аяқталғанда көпшілік мені тағы да алдарына шақыртты. С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, С.Бегалин, Ғ.Мүсіреповтер Жүсіпбек ағамды құттықтап, «Жүсеке, өзіңнен-өзің астың, асқаның – баритоннан тенордың шығармасын орындайтын әнші шығарыпсың» деп маған «Құтты болсын, балам!» дегені есімде. Ел ақсақалдарының бұл батасы менің өмір бойы жадымда.

Жүсекең мені «Жүйкебасарым» деуші еді. Сабақта шаршап отырған ағам мені ең соңынан шақыратын. Бірден ащы айқайға салмай, қоңырлатып, «Қарғам-ау», «Майда қоңыр», «Жайқоңыр» сияқты жанға жайлы әндерден бастап, ұстазымның жүйкесін балбыратып

алушы едім. Біраздан соң ол шақшасын бір қағып алып, біз біле жүрсін дейтін болар, тарихтың қатпарынан сыр шертетін...

Қазақ әндерінің жоқтаушысы

1967 жылдың күзінде күйші Мұхамеджан Тілеуханов «Сендерді алып кел деп Ілекең жіберді» деп келіп тұр. Өзі композитордың үйінде жатып оқыды. Барын киіп, жоғын жанындағылардан сұрап алып, сырт көзге шырттай болып досы Жәнібек (Кәрменов) екеуі Мұхамеджанға ілесіп Ілекеңнің үйіне келді. Бұл таныстық үлкен сыйластыққа ұласты. Қайрат Әукенұлының шығармашылығында Ілия Жақановтың орны бөлек. 70-жылдардың ортасында Қазақ радиосында редакторлық қызмет атқарған сазгер, қазақ әндерінің жоқтаушысы, жанашыры, музыка зерттеушісі, жазушы Ілия ағамызбен терең шығармашылық байланыста болды. Көмескіленіп, ел жадынан бірте-бірте өше бастаған әндерді тауып, қайта жаңғыртуға бұл кісі орасан зор еңбек сіңірді. Алтын қазынаны шашауын шығармай жинап, Қайрат ағамыздың орындауында Қазақ радиосының «Алтын қорына» жаздырып, мәңгілікке мұра етті.

– Өткен ғасырдың 80-жылдары Ілия Жақановпен бірге үш-төрт адам Мойынқұмдағы атақты шопан, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Жазылбек Қуанышбаев ақсақалдың үйіне бардық. Ауылда бір аптадай қонақ болып, қырғауыл атып, балық аулап, ақсақалдың әңгімесін тыңдап, арқа-жарқа болып қалдық. Елдің бізден күтетіні – ән. Соншама сый-құрмет көріп отырып біз де аянып қаламыз ба?! Түннің бір уағына дейін ән саламыз. Бір күні далаға шығып, «Бетпақдаланың ар жағындағы Жаңаарқа жұрты дауысымды естір ме екен?» деп есерленіп айқайға басып, ән салайын. Ертеңіне Жазекенмен алансыз қымыз ішіп отырсақ, бір топ адам келіп тұр. Ауылдың адамдары аңғал болады ғой, шіркін, «Жазеке, Қайратты жалғыз өзің тындайтындай, бұл сенін бізге көрсеткен қырың ба?» деп кәдімгідей реніштерін білдіргені. Ол кезде малшылар бір-бірінен төрт-бес шақырым жерде отырады. Түнгі ауаның тазалығы, тыныштық, үп еткен жел жок, әнімді түні бойы малшылар тыңдап жатып, ертесіне бетті бері қарай бұрған ғой, – дейді Қайрат аға. – Осындай тағы бір жағдай есіме түсіп тұр, әнебір жылы Венаға гастрольдік сапармен барғанбыз. Әйгілі Моцарт пен Бетховеннің елінде ән шырқау – кімнің де болса арманы. Концертті Құрманғазы оркестрі бастады. Бибігүл апамыз да ән шырқады. Кезек маған келді. «Ардақты» айтуым керек. «Ой, Арда-

а-ақ!» деп шырқай жөнелгенімде, екі микрофон да жанып кетіп, амал жоқ, әнді микрофонсыз айтып шығуға тура келді. Әнді айтып біткенше «Не болар екен? Халыққа жетті ме?» деген күдік басымды шырмап алды. Ән бітті. Жаңа ғана сілтідей тынып тұрған зал ду етіп қол соғып, тіпті «Аруақ, аруақ!» деген ұран да естіліп жатты. Кейін білдік, Қазақстаннан артистер келіп, концерт қоятынын естіген сол манайдағы елдердің бар қазағы жиналып, алдыңғы екі-үш қатардағы орынды түгелімен сатып алыпты. Залдағы елу мың адам сілтідей тынып, қыбыр етіп қозғалмастан, әнді соңына дейін тыңдап шықты, не деген мәдениет!

Әншінің сыңары

Жүсіпбек ұстазы «Телқоңырым» деп еркелеткен екі дос Қайрат Байбосынов пен Жәнібек Кәрменовтің өмірдегі сыйластығын көз көргендер осы күнге дейін жыр ғып айтады. Жастарға үлгі етеді. Қайда жүрсе жұбы жазылмайтын олардың сыры да, жыры да бір болды. Өнер әлемінде бірге қанат қақты. Бірінің қуанышына екіншісі шын ықыласымен қуанды, бірін-бірі қанаттандырды. Жәнібек дос Қайрат бауырының тұңғыш рет ел ағаларының алдында ән салып, үлкен сахнаға шыққанын мақалаға арқау етіп, газетке басып, елге жариялады.

– Жәкеңнің ғұмыры ұзақ болмады, бірақ сол аз ғұмыры мағыналы болды, – дейді Қайрекең досы туралы терең толғанып. – Біздің жасымыз шамалас еді, бірақ Жәнібек менің ағамдай болатын. Ақылшы дос, бауыр, өмірдегі сыңарым еді. Сыйластығымыз мәнді болды. Бөтен сөзге мән бермедік. Әзілдесек, әзіліміз жарасатын. Студияда оқып жүрген кезіміз. Ішіміздегі серіміз – Жәнібек. Өзі өлең жазады. Бірақ онысын «Сендер түсінбейсіңдер» деп бізге көрсетпейді. Бірде жігіттер болып келісіп алдық та, оның өлеңдерін оқымаққа бел будық. Мен телефон-автоматқа барып жатақхана кезекшісінің телефонына қыздың дауысына салып Жәнібекке қоңыраулатып, не керек, Панфилов паркінде кездесуге келісімін алдым. Біраздан соң бөлмеге келсем, Жәнібегім жігіттердің бірінің костюмін, екіншісінің галстугін, енді бірінің туфлин сұрап алып, сықиып тұр. Бізге сыр білдіргісі жоқ, қайда баратынын сұрағандарға «Бір аса жауапты үлкен кісілер шақырып еді» дейді. Ол үш сағат бойы «постыда» тұрғанда біз өлеңдерін, жазған хаттарын оқып, тіпті кей жолдарын жаттап алдық. Сағат түнгі он шамасында қабағы түйілген Жәнібегім келіп тұр. Кілең желіккен жастармыз, бізге ойын керек, кейіннен қалжындасып отырып онын

өлендерін, ғашықтық хикаяларын оқып алған сырымыз ашылып қалды. Жәнібек бөлмеге келді де жазып-сызғандарының бәрін отқа өртеп жібергені. Өзіміз қатты қысылып қалдық.

Бәріміз Жәнібекті «шал» дейтінбіз. Құдай тағаланың шектеулі жасы мен адам баласына шақтап берген шеңберден тыс аспайтын ой-санасы бар сияқты. Кезінде он сегіз жастағы Жәнібектен жетпіс жастағы қарияның сөзі мен ой-парасатын аңғардық. Он сегіз жасар баланың аузынан ірілік пен дуалы ауыз қарияның сөзін естідік. Оның бұл ересек ойына небір жайсаңдар аузын ашып, көзін жұмды. Кейде оның шын жасына сенбей, бізден «Мына кісінің жасы нешеде?» деп таңдана сұрағанынын да куәсі болдық. Қырық үш жасында Жәнібек тоқсан бес жасаған көненің сөзін сөйледі.

Барды ұқсата білген жар

Сахна, көптің қошеметі өнер адамын қаншалықты қанаттандырып, оның отбасылық өмірінде үйлесімділік болмаса, өз ортасынан, отбасынан шығармашылық шабытына қолдау таппаса, оның биік белестерді бағындыруы қиын. Қайрекеңнің жары Рәбиға Иманғазықызы мұны жақсы түсінді. Әрдайым қолдау көрсетіп, ыстық ықыласымен аялай білді. Отбасының күйкі тірлігіне отағасын араластырған жоқ. Оның ізденуіне, алыс-жақын елдерге, республика ішінде әнсапарда болғанында үй ішіне алаңдамауына барынша жағдай жасады. Рәбиға жеңгеміздің шыққан тегі де осал емес. Ұлы Отан соғысының ардагері, «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендері мен көптеген медальдің иегері Иманғазы Жөлеуов пен Жұмабике Рысбекқызынан туып, олардың тәлім-тәрбиесін алған Рәбиға да парасаттылығымен өз ортасына сыйлы болған жан.

– Кеңес Одағы кезінде үнемі әнсапарда жүрдік, тіпті балаларымының қалай өскенін білмей де қалдым деуге болады. Бір келгенде балам жаңа туған болса, келесі әнсапардан келгенімде кәдімгідей өсіп қалған. Құдай қосқан қосағым үйдегі еркектің де, әйелдің де атқаратын шаруасын бір өзі тындырып, бәрін өзі реттеп отырды. Барды ұқсатып, үйдің берекесін кіргізе білді. Бар-жоғымды білдірмеді. «Қайда жүрсің?» демеді. Өйткені ол кімге тұрмысқа шыққанын әу баста білді. Отбасымызда қалыптасқан дәстүр бар. Ұлттық салт-дәстүрімізді берік ұстануға тырысамыз. Мұның бәрінің үйлестірушісі, ұйытқысы – Рәбиға.

Ән арқылы халықтың рухын көтеруіміз керек!

– Осы өнердің арқасында бірқатар шет мемлекеттерде болудың сәті түсті. Бір байқағаным, әр елдің ерекшелігі, әнге ықыласы, оған зейін қоюы әртүрлі. Африка елдеріндегі негрлер жаратылысынан қызуқанды халық қой, ойнақы әндерді ерекше ықыласпен тыңдайды. «Ағаш аяқты» орындағанымда, олар айқайлап, қиқулап, секіріп билеп, естері шықты. Еуропа халқы кең тынысты, байсалды әндерді ұнатады. Әншінің мүмкіндігіне зейін қояды. Ән орындап тұрғанда, өздеріне ұнаған тұсында дүркірете шапалақтап, ысқырып, залды теңселтіп жібереді. Араб елдері «Сұржекейді» жақсы көреді. Бомбейде «Жонып алдыны» ерекше ықыласпен тыңдайтынын аңғардым.

Ән арқылы халықтың рухын көтеріп, көңілін шалқыта түскен дұрыс. Сол үшін де қазақ өнерді жоғары бағалаған. Қанша қиындықты басынан кешірсе де қайрағтана түскен. Өнерді қадір тұтқаны соншалық, мысалы, атақты күйші Ықыластың балалары ашаршылықтан басқа жаққа ауып бара жатқан кезде қолында қобызы, көтерген сәбиі болған екен. Әлсіздіктен әбден қажыған адамға түйір түйіншегін де зіл батпан болады ғой. Содан баласы «Қобызды тастайық, тартатын атам да жоқ қой» деген екен. Сөйтсе, келіні «Қобыз – атамнан қалған аманат. Басымыз жас, аман болсақ, бұл қобызды тартар талай бала дүниеге келер» деп қолындағы сәбиін тастап кеткен екен. Осыдан-ақ қазақтың өнермен өмірі өрілгенін байқауға болады...

Қайрат ағамыз бен Рәбиға жеңгеміз Мұхтар, Қорлан атты ұлқыз өсірді. Қайрекеннің шақша, таяқ, домбыра жасайтын шеберлігін біреу білсе, біреу білмес. Бұл әкенің қанымен бойға сіңген қасиет болар. Әншінің бала күнгі арманын ұлы Мұхтар орындады. Ол – қазір белгілі суретші. Оның салған табиғат көріністері тамашалаған жанды бей-жай қалдырмайды. Мұхтардан Алтай, Естай, Нартай, Толғанай атты немерелер сүйіп отыр. Кім білсін, солардың ішінде де атасының жолын жалғастыратын ізбасарлар өсіп келе жатқан болар. Біздің алдағы күннен күтеріміз де – сол.

18 қазан, 2014 жыл



Мұрат ЖҰРЫНОВ,
Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ҚАСИЕТІ ТАРТАДЫ ДА ТҰРАДЫ

Академик, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Мұрат Жұрынов Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласында 1941 жылдың 7 желтоқсанында дүние есігін ашқан. Бұл – бұрын үлкен теміржол стансасы болған, тоғыз жолдың торабы. Арыстан жоғары қарай Мәскеу теміржолы, төмен қарай Ташкент, Алматыға шығатын жол – Сібір теміржолы деп аталатын. Кейін бәрі Қазақстан теміржолы болып қосылды.

Орыс балаларымен тартысып өстік

– Отбасымызда дүние есігін ашқан сегіз перзенттен әпкем Тұрдайым екеуіміз ғана қалып, қалғаны түрлі аурулардан ертерек көз жұмыпты. Біздің бала кезіміз соғыстан кейінгі жылдар ғой. Бір қолы немесе бір аяғы жоқ, денесіне жазып, сурет салып тастаған соғыстан қайтқан мүгедектер өте көп болды, – деп бастады әңгімесін Мұрат аға. – Қан майданнан кемтар болып қайтқан қазақтар да кездесетін, бірақ олар вокзалда, елдің назарын аударатын жерлерде жүрмейтін. Әдеп сақтайтын. Соғыстан қайтқандардың көбі ішегін, мастарды көп көретінбіз. Кім білсін, іштерінде күйініш те болған шығар, олардың жүздерінен өмірге жалпы наразылықты байқайтынбыз. Ол кезде ешкім зейнетақы алмайтын. Жұмыс орны төлейтін айлық мөлшері өте

аз. Ел Арыс өзенінің арғы жағындағы жазық далада мал бағып, шөп орып, тіршілігін жасайтын. Көктемде бидай егеді. Жаз бойы егіс басындағы диқандарға су тасу, бидайды диірменге жеткізіп, оны тарту мектеп жасындағы балалардың үлесіне тиеді. Себебі, үлкендер одан күрделі жұмыстарды атқаратын. Тіршіліктері, күнкөрістері қанша қиын болса да, адамдар бір-біріне өте бауырмал болатын.

Бала Мұрат әжесі Бибайшаның бауырында өсті. Өз анасын «жеңеше» деуінің сыры да сол. Үйдегілердің бәрі жаппай ұжымшардың жұмысына кеткенде, үйде қалатын кішкентай Мұрат пен әжесі. Ол айналып-толғанып, еркелетіп, ұлы Жұрыннан тараған жалғыз тұяқтың бетінен қаққан жоқ.

Әкей соғысқа дейін кеңес қызметтерінде жұмыс істеді. Ауылдық кеңестің бастығы болған. Бейбіт заман орнағанда білімді адамдар көбейіп, ол қарапайым теміржол жұмысшысы болды. Аң аулауды жақсы көретін. Қос тазысымен түлкі, қасқыр аулап, Үкіметке оның терісін өткізіп, сыйақы алатын. Ал анасы Рәзия өте ақылды, қайырымды, инабатты, бүкіл ауылға сыйлы жан болды. Негізінен, үй шаруашылығымен айналысты. Жаратылысынан биязы, ешкімге қатты сөз айтпайтын. Айналасындағыларға «Шырағым, қарағым» деп отыратын. Әкейдің мінезі қаталдау болғаны рас. Оған бірдеңе айту керек болса, алдымен Рәзия анаға жағдайды айтып, ол тігісін жатқызып, отағасына жеткізіп, сол мәселелер шешіліп жататын.

– Теміржолдың арғы жағында ылғи қазақтар тұратын, – деп еске алады Мұрат аға балалық шағын. – Олардың әлеуметтік ахуалы өте нашар. Мысалы, ауылда жалғыз ғана су колонкасы болды. Адамдар кезекке тұрып, таласып-тармасып су алып жататын. Теміржолдың екінші жағында өңшең орыстар тұрды. Негізінен, теміржолдың жұмысшылары. Әрқайсысының үйіне су келіп тұр. Қандай әділетсіздік! Әсіресе, жаздыгүні алты-жеті сағат кезекке тұрып, бөшкемен бидай басына су таситынбыз. Анда-санда қолымыз босап, кино көрсек, ол біз үшін мереке. Қала жағында күнде кино. Ара-тұра біздің жақтағы жазғы клубқа келіп кино қойып беретін. Осындай әділетсіздікті бала болсақ та сеземіз, соған мүмкін іштей ызаланатын да болармыз, әйтеуір орыс балаларымен жиі шекісіп қалатынбыз. Жеке келе жатсақ, олар бізді ұрып жібереді, біз де оларды «бос» қайтармаймыз, осылай тартысып өстік. Дегенмен, баламыз ғой, бір-бірімізге кек сақтағанымыз жоқ.

Теміржолшы болу арманы еді

Жұрынның ұлы 10-сыныпта оқып жүргенде үш теміржол торабы қосылып, ел территориясындағы барлық теміржол саласы Қазақстанға өтті. Олар теміржолға қарасты мектепте оқыды. Комиссия «Ұлттық кадр керек» деп жақсы оқитын бес баланы таңдап алды. Шілде айында Алматыға барып, Мәскеу, Ленинград, Новосибирскідегі Орталық оқу орындарына емтихан тапсыруы керек еді, бірақ тап сол кезде мектеп директоры ауысып, түлектердің аттестатын бермей, ұжымшардың жұмысына – мақта шабыққа жіберді. Талапкерлердің оқуға дайындалуы керектігін ешкім ойламады. Уақыт сырғып өтіп барады. Бірі – кітаптарын, екіншісі конспектілерін алып барған. Бірақ күні бойғы қара жұмыстан шаршап, кешке қалжырап құлайды. Қайдағы оқу? Бұл 1959 жыл болатын. Бірде түнделетіп жүк машинасымен мектеп директоры келді. Мұғалімдерге «Әлгі оқуға баратын бес бала қайда?» деп жатыр. Алматыда емтихан басталып кеткен. Бұлар бармаған соң іздеген. Аудандық білім бөлімінің бастығы дереу сондарынан адам жібереді. Қолдарында я төлқұжаты, я аттестаты жоқ. Алдымен бұларды моншаға түсірді. Өйткені түнде жүк машинасымен келіп, түрлері адам көргісіз болған. Қастарына бір теміржолшы – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутатын қосып жіберді. Талапкерлер екі күннен кейін Алматыға келді. Олар кешігіп қапты, емтиханның үшінші туры болып жатыр екен. Депутаттың бар айтатыны «Бұлар – теміржолшылардың балалары, теміржолшы болуы керек. Патриоттар» дейді. «Теміржолдан басқа мамандықты қаламасандар, бізде техникум бар. Қазақстанда институт жоқ» деді. Бәрі мектепті жақсы оқып бітірген, қалауы – ЖОО. Оған үлгермеді. Осылайша, теміржол жайына қалды. Әйтпесе, теміржолшы болуды өте қатты армандаған еді. Рельстің үстінен мектепке әрі-бері өткенде қызығып қарайтын. Сол кездері «Т-1», «Т-2», «Т-3» деген жаңа тепловоздар шыққан. Бұрын машинистер бет-ауызы қара май болып жүретін. Ал мыналар ақ көйлек, галстукпен, әдемі форма киіп отырады. Соған қатты қызығып қарайтын. Кейде мұның қызығушылықпен ұзақ қарап тұрғанын машинист байқап, «Ішін көргің келе ме?» деп қасына шақырып алатын.

Өзбекстандағы өкіл аға

– Не керек, ауылға бос қайтып келдім, – дейді ғалым ағамыз.
– Әкем «Бұлай жүргенің жарамайды. Елдің балаларының бәрі оқуға кетіп барады. Сені жұмыс істетіп қойсақ, маған ұят! «Баласын оқуға

жібермей жұмыс істетіп жатыр» деген жаман атқа қаламын. Не де болса оқуға тапсырып, бағынды сынап көр!» деді. Шымкенттегі Қазақ химия-технологиялық институтының механика факультетіне тапсырмақ болдым. Өйткені теміржолда инженер болып жұмыс істеуге болатынын депода істейтін инженерден сұрап алғанмын. Құжат қабылдаудың ең соңғы күні екен, мен барған кезде бір факультеттен басқасы кетіп қалыпты. Жауапты хатшы болуы керек, «Ей, бала, механик болғың келсе осы уақытқа дейін қайда жүрсің? Олар журналды тігіп, тапсырып, кетіп қалды. Мына факультетке тапсырсаң тапсыр, болмаса ендігі жылы келесің» деді. Амал жоқ, тамақ өнеркәсібі факультетіне тапсырдым. Ауыл баласымыз ғой, мамандығын да жазбаппын. Емтихан қорытындысы бойынша үш негізгі сабақтан 14 балл алып, оқуға түстім. «Ет-сүт технологиясы деген жақсы мамандық болар. Ғылыми жолмен сүтті алуға болатын шығар. Қызық мамандық қой» деп ойлап қоямын. Сол кездері Хрущевтің «Оқу мен өмірді байланыстыру үшін бес жылдың бірін өндірісте өткізу керек» деген қаулысы болды. Бір семестрден соң қалалық сүт зауытына жұмысқа жіберді. Ірімшік жасайтын цехта болдық. Маған ұнамады. Цехтың іші ластау. Ыдысқа салып жатқанда жерге түсіп кеткен ірімшікті қайта салады екен. Біразға дейін ірімшік атаулыға жоламай кеттім. Бұл мамандық маған ұнамады, электрохимия технологиясы деген мамандыққа ауысуға өтініш білдіріп едім, өз деканым жібермей қойды. Проректорға барып едім, ол да деканымызды қолдап «Емтиханның айырмашылығы көп, ауысуға болмайды» деді. Одан соң басқа оқу орнына ауысқым келді. Ташкенттегі Орта Азия политехникалық институтының ректоры Мұхамеджан Ниязов әкеме өкіл бала болатын. Ол жетім қалған кезінде әкем қолына алып, өзі соғысқа кетерінде Балалар үйіне тапсырған. Өсіп, ер жетіп, білім алып, қызмет істеді. Орта Азиядағы ең үлкен институтта 16 жыл ректор болды. Каникул кезінде оқуымды ауыстырып алмақ болып Мұхамеджан ағаға бардым. Әкемнің атын айтқаннан кейін бірден машинасына отырғызып, үйіне алып барды. Жеңгемізге «Бұл – менің інім. Оның әкесі – менің өкіл әкем» деп мән-жайды түсіндіріп жатыр. 4-5-сыныпта оқып жүргенімде ол кісінің біздің үйге келгені есімде. Ол кезде Мұхамеджан аға Өзбекстанның комсомол комитетінің хатшысы болатын. Ағамыз «Балаларыңызды маған беріңіз. Үйімде жатып оқиды. Оқу оқытып, мамандық алған соң қолыңызға әкеліп беремін» дегенде әкем «Бала

әлі кішкентай» депті. «Онда қызыңызды алып кетейін» деп қолқа салады. Әкем «Үйде болсын, шешесіне қолғабыс жасасын. Мына бала мектеп бітірген соң оқытсаң да саған ризамын» деп әпкемді де жібермеді. Мектеп бітіргенімде әкем «Мұхамеджан ағаңа барсаңшы» деген, «Жоқ, тек қана теміржолшы болғым келеді» деп келіспегенмін. Енді мынадай жағдай болып тұрғанда «Маған көмектесе тек сол ректор ағам қолғабыс жасар» деп оны Ташкентке іздеп бардым. Сынақ кітапшам қолымда, барлық сабағым – «4» пен «5». Мұхамеджан ағам «Сені олар жібермеуі мүмкін. Өйткені жақсы оқитын студенттер барлық жерде керек. Оның үстіне спортшы екенсің. Сен оларға «Мен оқымаймын. Үй жағдайым келмейді, құжаттарымды беріңіз» де, маған сенің тек аттестатың керек. Онсыз оқуға қабылдай алмаймын. Институтта сексен мамандық бар. Қалағаныңды оқысың. Мен сенің әкеңнің алдында қарыздармын. Жақсы оқысаң, аспирантураға қаласың» деді. Дегенмен менің Ташкентке ауыспақ болып жүргенімді хатшы қыз – деканға, ол проректорға айтып, «сырым» ашылып қалды. Проректорымыз мені ректорымыз, кейіннен академик болған ғалым ағамыз Сұлтан Сүлейменовке алып барды. Қайратты, өткір жан болатын. Маған жақтырмай бір қарады да, «Ей, бала, «Қайрат» пен «Пахтакор» ойнағанда қайсысына жанкүйер боласың?» деді. «Әрине, «Қайратқа!». «Онда бармайсың, Ташкентке! Ауыстырыңдар қалаған мамандығына» деді. Әңгіме осымен бітті. Осылайша электрохимия факультетіне ауыстым. Бар ойым – қалайда Арысқа қайтып келу. Оқуды бітіргенде бізді мемлекеттік жоспар бойынша қай жерге маман керек болса, сонда бөлетін. Мамандығым бойынша Арыс түгілі, тіпті оңтүстік өңірге бір орын да болған жоқ. Солтүстікке барғым келмеді, өйткені ата-анамның жасы келіп қалған, олардың жалғыз баласымын. Бізді бөлдердің алдында Шымкенттің фосфор зауытына бардым. Директоры Малкин деген кісі еді. «Ауыр жұмысты олар қалай істейді?» деп зауытқа бөлінген қыздарға ренжіңкіріп отыр екен, мені көріп қуанып қалды. Оның жазып берген хатын комиссия төрағасына беріп едім, «Алдымен жоспарды орындауымыз керек» деді.

Не керек, біздің кафедрада мұғалімдік бір орын ашылып, кафедра меңгерушіміз Равиль Вахидов «Өндіріс қашпайды, сен ғылымға кел» деп ұсыныс жасады. Әкеммен ақылдастым. «Біріншісіне барсам, айлығым жақсы болады. Пәтер береді. Сіздерді көшіріп аламын. Екінші жол – кафедрада мұғалім болу. Алғашқы кезде біраз қиындық болады. Айлығы аз, пәтер бермейді. Бірақ Мәскеу, Ленинград немесе

Алматыға барып аспирантураға түссем, кандидат болып, үлкен жол ашылады» дедім. Әкем ойланып отырып, «Балам, біздің әулеттен де бір оқымысты шықсын. Біз шыдармыз. Құдайға шүкір, жағдайымыз жаман емес, елдің ішіндеміз. Мал-жан бар. Сен оқы» деді. Кафедрада қалып, бір жылдан кейін Мәскеуге барып, Менделеев атындағы химия-технологиялық институтының аспирантурасын бітіріп, кандидаттық қорғап келдім. Соған дейін Ташкенттегі Мұхамеджан Ниязов ағама бармадым. Баруға бетім де жоқ, ол шақырды, мен құжаттарымды алып бара алмадым ғой. Ташкенттен келген жігіттерден сұрап қоямын. Бір күні кандидаттық қорғамақ болып жүрген біздің институттың бір мұғалімі өзінің жетекшісі Ниязов екенін айтты. «Ол менің көкем ғой» десем, «Сен мені ертіп барып, «Жолдасым еді» десеіші» деп қолқалады. «Онда бірге барайық, мен ол кісіден кешірім сұрауым керек» дедім. Көкем алдымен біраз ренжіді. «Сен келгенде әкеңнің алдындағы парызымды өтейтін болдым, жақсылығын қайтарайын» деп қуанып едім, қайтып келмей, менің бар үмітімді үздің. Енді сенің әкеңнің алдына қалай барамын?» деді. Бірақ Мәскеуге барып оқығаныма, кандидаттық қорғағаныма қуанып, «Енді сен мені шалға (әкеңе) алып барып, екеумізді жолықтыр. Кенже ұлым үйленгелі жатыр, соның тойына келесің» деді. Менің таңғалатыным, Ташкенттің ортасында отырып сегіз бала өсіріп, төрт ұл, төрт қызын үйлендіріп-ұзатқанда, бірде-бір өзбекпен құда болған жоқ. Сондай аты аңызға айналған кісі еді. Өзбек елінде мерейі үстем болды, өте жақсы құрметтеді. Өмірден озғанда өзбектер бірден өз астанасындағы үлкен көшеге атын беріп, тұрған үйіне ескерткіш такта орнатты.

Вокзал жағалаған күйеу

1966 жылы Мәскеуге оқуға кетейін деп жатқанда анасы «Келін түсіресің, Мәскеуге сосын барасың. Ертең орыстың бір қызын әкеліп тұрсаң, ел-жұрттың алдында маскара болармыз» деп кесіп айтты. Шешесінің мұндай кесімді шешімін бұрын-соңды көрмеген. Әріден ойлап тұр. Бір институтта оқитын, уәделесіп, сөз салып жүрген қызына «Үйленбесем, шешем Мәскеуге жібермейтін түрі бар» деп мән-жайды түсіндіріп, құда түсіп, бас қосты. Қызығы, құда түсіп барғанда күйеу жігіт көрінбеуі керек екен. Мәрия – Жаңақорған ауданы Бірлік кеңшарының қызы. Ауылдық жер. Қайда барады? Бой тасалай тұратын жер жоқ. Кешке дейін Жаңақорғанның автостансасында теңселіп жүргені есінде. Кейіннен келіншегі – институтты, өзі аспирантураны

бітірді. Тұңғыштары Мәлік Мәскеуде дүниеге келді. Кілең аспирант зертханада нәрестенің дүниеге келгенін атап өтті. Минскіден келген Борис деген еврей жолдасы «Мұрат, сен қандай бақыттысың!» деп қайта-қайта айтады. «Қойшы әрі балалы болған мен ғана ма?» дейді бұл жайбарақат, «Жоқ, сен түсінбей тұрсың. Балаңның туу туралы куәлігіне «Мәскеуде туған» деп жазылады. Ол он сегізге толғанда Мәскеуден оған тіркеу ашылады. Оның артынан сен де келесің» дейді. Мәскеулік болу – елдің көбінің арманы. Бірақ Мұрат аға «Сенің Мәскеуіңнен қашан кететінімді күтіп жүрмін. Өз жерім – Қазақстаным бар» десе, ол басын шайқайды. Тек Мәскеуде туғандарға және партияның нұсқауымен келгендерге ғана тіркелу ашық екенін сонда ғана біліпті ғой. Мәскеуден аспирантураны бітіріп, елге қайтып, жұмысқа кірісті. Бір жылдан кейін ұстазы Р.Вахидов жұмыс бабымен Уфаға ауысып кетті. Кафедрада төрт ғылым кандидаты, үшеуі орыс, бұл жалғыз қазақ. Дегенмен Мәскеуде, үлкен ғылыми орталықта бітіріп келген өзі ғана. Таңдау Жұрыновка түсіп, ол институттағы ең жас кафедра меңгерушісі болды.

Қарағандыдағы қызмет

– Ғылымға келуіме ықпалы болған жан – Равиль Вахидов. Ол кісінің бұл жақсылығын ұмытпай, бақилық болғанша қолымнан келгенше қолдау білдіріп отырдым, – дейді Мұрат аға. – Он бір жылдан кейін, яғни 1981 жылы қаңтарда Мәскеуге барып, докторлық қорғадым. Қазақстандағы жаратылыстану саласындағы ең жас ғылым докторы болдым. Бұл БАК-та үлкен өзгерістер болған бір қиын кезең еді.

Білім министрі Тұрғанбек Қатаев болатын. Ғылым докторлығын қорғағандарға пәтері болмаса, министрлік есебінен пәтер бергізетін. Егер пәтері болып, машинасы болмаса, машина тиеді. Маған «Жигули» машинасын берді. Мен тіпті кезекте болмағанмын, бұл әрекетке таңғалдым. Ақшам болмаған соң кезекке де тұрмағам. Институт ректорына «Қазір бұл машинаны алатын қаражатым жоқ, сіз менің кезегімді алдына жақындатыңқырап қойыңыз, сосын алармын» деп едім, «Бұл машинаны саған беріп отыр, алмасаң қайтарып алып қояды. Қарыздансаң да бірдеңе етіп алып қал» деді.

Доктор болғаннан кейін Орталық комитеттегілер шақырып, Қарағанды университетіне ғылым жөніндегі проректор етіп тағайындамақ болды. Көпжасар Нәрібаев – білім министрінің кадр жөніндегі орынбасары. Ол «Мұрат, министр саған орын беріп жатыр, ал сенің

көңіл күйің жоқ қой» деді. Мен де ағымнан жарылдым. «Өзіңіз ойлаңызшы, Шымкентте үш институт, оның үш ректоры бар. Үшеуі де кандидат. Мен – доктормын. Қаладағы жалғыз доктор. Жарайды, мен ректор болмай-ақ қояйын, үш ректордың тоғыз проректоры бар ғой. Неге сол тоғыздың ішіне кірмеймін? Неге мен проректор болу үшін елімді, жерімді, зертханамды, шәкірттерімді тастап, сонау Қарағандыға баруым керек?» дедім. Министрдің алдына кіргенде, «Ағай, көңіліңізге рақмет. Бірақ Қарағанды жақын жер емес, отбасыммен ақылдасуым керек» дедім. Министр «Дұрыс, бірақ көпке созба» деді. Ертеңіне К.Нәрібаевқа телефон шалып, «Отбасымдағылар келіспей отыр, бармаймын» дедім. Көпжасар «Мұрат, сен министрді білмейді екенсің. Ол – өте қатал кісі. Абайла! Бұдан кейін ол орын бермек түгілі, өзіңнің тапқан орнына да жібермей қоюы мүмкін. Дұрыстап ойландың ба?» деді. Мен соңғы шешімім екенін айттым. Өзіме сенімді болып тұрғаным – маған одан басқа тағы екі ұсыныс түскен. Бірі – бұрын Шымкенттегі «Химфарм» зауытында директор болған, сосын Мәскеудегі медицина өнеркәсібі министрлігінің өндіріс бас басқармасының бастығы болып тағайындалған Вадим Захаровтан. Қарамағында отыз химфарм зауыты мен оншақты ғылыми-зерттеу институты бар. Министрмен жақсы. Шымкент химфарм зауытын алдыңғы қатарлы етіп көтеріп, сол еңбегіне байланысты оны Мәскеуге алып кеткен. Мені жақсы біледі. Өз жұмысымды осы зауытта іске асырып, докторлық қорғағанмын. Сол кезде танысқанбыз. Өзі Шымкенттің орысы. Жолдаспыз. Сол қайта-қайта шақырып, «Мәскеудегі Бүкілодақтық дәрі-дәрмек институтының бас директоры зейнетке шығып жатыр, соның орнына кел. Министрмен өзім келісемін. Тек келсең болғаны» дейді. «Алыс қой, еліме қалай қатынаймын? Елімнен қол үзіп қаламын» десем, «Мен де жүрмін ғой» дейді. «Сен орыссың ғой. Мен – қазақпын» десем. «Жұрт Мәскеуге келе алмай жүр. Сен шақырып тұрғанда келмейсің. Мәскеуде менің де ешкімім жоқ, екеуміз доспыз, бірге жүретін едік» деп қолқалайды.

Екінші – Өзбекстан Ғылым академиясының президенті, КСРО ғылым академиясының академигі Әбит Садықовтан да ұсыныс түскен. Ол кісі де кезінде мен сияқты Мәскеуде Менделеев институтын бітірген. Шамамен алпыстардағы кісі, мен қырыққа жаңа толып отырмын. Сол кісі маған өзінің орынбасары профессор Хаким Аслановты жіберіп, «Химия-технология институтының директоры бол» деп шақыртты. Ташкенттің орталығынан төрт бөлмелі пәтер

беретінін айтты. Ол Садықовтың қолынан келетін. Себебі, біріншіден, Ғылым академиясының президенті, екіншіден, Социалистік Еңбек Ері, үшіншіден, біздің Сәтбаев ағамыз сияқты Кеңес Одағының академигі, төртіншіден, Өзбекстанның бірінші хатшысы Рашидовтың туған құдасы. Рашидовтың қызын Садықовтың баласы алған. «Ташкентке бара алмайтын шығармын» десем, Асланов та күйіп-піседі. Сондағы менің уәжім – ол жерде өзбектің мен сияқты төрт-бес докторы бар. «Оларды сырып тастап институтқа директор болсам, әрине, олар менің бетіме ештеңе дей қоймас, өйткені мені жоғарыдан қойып тұр ғой, бірақ «Мына қазақ өз еліне сыймай, бізге келіп бастық болып жүр» деген әңгіме шығады. Бұл жақсы ма? Не де болса өз елімде жүрейін» деп оған да бармадым.

1982 жылы қараша айының 18 жұлдызында министр Т.Қатаев «Жедел жетсін» деп шақыртыпты. Біріншісінде Қарағандыға қызмет ауыстыруға келісім бермегенмін, екінші рет шақырып тұр. Қабағынан қар жауып тұрған кісі еді. Кабинетіне кірдім, жақтырмай отырғанын сезіп тұрмын. Үндемей біраз отырған соң:

– Саған көңілімнің кетіп жүргені – өзім сияқты қарапайым отбасынан шыққан бала екенсің. Талпынып, Мәскеуге барып оқып, кандидат, одан докторлық қорғапсың. Осы біздің қазақтың балаларын жоғары қарай тартсаң, кейін қарай жығылады. Шетінен кесір, – деп еді, шыдай алмай кеттім де:

– Ағай, болды, түсінікті. Кеттім Қарағандыға, – дедім.

– Қарағым, осы жұмысты жақсылап екі жыл істеші, сосын қалаған жеріне ректор етіп жіберемін, – деді. Үйдегілерге «Ешқайда бармаймын» деп кеткенмін, бірақ министрдің сөзі өтіп кетті. Ертеңіне Қарағанды облысының бірінші хатшысы Коркиннің алдында болуым керек. Ол – Қонаевтың екінші хатшысы болған адам. Шымкенттен күздік пальтомен шыққанмын, басымда шляпа. Қараша айы болғанмен Арқада қар жатыр. Жолдастарыммен базарға барып, бірқатар жылы киімдер алып, ертеңіне Коркиннің қабылдауында болдым.

Бақылаудағы бесеу

Қарағандыда Жұрынов танитын екі-ақ адам болды. Бірі – академик Евней Букетов. Ол кісіні бәрі құрмет тұтатын. Екіншісі – Зейнолла Молдахметов, Шымкентте Қазақ химия-технология институтының ректоры болып қызмет істеген. Мұрат ағаның өмірлік ұстазы ретін-

дегі ғалым, профессор. Сонымен, Қарағандыдағы жұмысты бастап жіберді. Алдымен ғылым жөніндегі проректор болды да, бір ай өткеннен кейін оқу ісі жөніндегі проректор етіп тағайындады, ол бірінші проректор деген сөз. Бұл Молдахметовтің өз шәкіртіне көрсеткен үлкен сенімі еді. Екі жыл өтті. Одақ бойынша ҚарМУ оқу-әдістемелік жұмыстан үшінші орынға көтерілді.

– Келісілген мерзімнің аяқталғанын министрдің есіне салайын деп ойлап жүргенде, табан астынан ол кісіні зейнетке шығарып жіберді. Енді қайттым? Бір жақсысы, министрдің орнына К.Нәрібаев келді. Ол жағдайды жақсы біледі.

Алдымен құттықтап шықтым да, арада апта өткенде министрдің қабылдауын өтіндім. Ол кісі «Сені Қарағандыға күштеп жібергенімізді білемін. Уәде – уәде. Жұмысың жақсы, бәрін көріп отырмын. Бірінші босаған ректорлық орын сенікі болады» деді. Семейдің технологиялық ет-сүт өнеркәсібі институтының ректоры қызметінен кетіп, маған сол орынды ұсынды. «Семей менің туған жеріме Қарағандыдан да алыс қой, бір күні Қазақстаннан шығып кетпесем болғаны» деп едім, Көпжасар күлді. Елден кеткім жоқ, әлі Шымкентті айналып шыққым келмейді. Осы мерзімде ойламаған жерден Желтоқсан оқиғасы орын алып, жағдай күрт өзгерді. К.Нәрібаев қызметінен кетті. Соның алдында ғана Қарағандыда Ұлттық Ғылым академиясының Органикалық синтез және көмір химиясы институты ашылған. Коркиннің ұсынысы бойынша ҰҒА президенті, академик Асқар Қонаевтың шешімімен институтқа директор болып ауысқанмын. Ұлтшылдық деген пәле шықты. Қарағандыда Букетовтің жүрген екі жерінде ғана қазақтар өте көп жиналған. Бірі – университет, 64 пайызы қазақтар. Екіншісі – мен басқарған химия институты, 63 пайыз. Мәскеудегі Орталық комитеттен Желтоқсан оқиғасы бойынша келген сектор басшысы Мищенко мені обкомға шақырды. Республикадағы ұлты қазақ кадрларды қырып-жойғанның бірі – сол. Ол менімен сөйлесіп отырған, қасындағы көмекшісі:

– Қарағанды облысында 16 пайыз қазақ бар. Қарағанды қаласында 9 пайыз қазақ тұрады. Институтқа 63 пайыз қазақты қайдан алдыңыз? – деп сұрады. Сондай бір ашынып жүрген кезім, оның үстіне жаспын ғой.

– Қазақтар пәлен пайыз болсын деген қай заңда жазылған? – дедім. Ондай заңның жоқ екенін өте жақсы біліп тұрмын ғой. Бұл жауап

комиссиядағылардың одан бетер қытығына тиді. Қарағанды Көмір ғылыми-зерттеу институтының директорын орыстың ішіндегі ұлтшылы деп еститінмін. Жұмысқа бір қазақты алмайтын, тіпті еден жуушыға дейін орыстар.

– Сіздер маған «63 пайыз қазақты қайдан жинадың?» деп тұрсыздар. Ал анау Көмір институтында 100 пайыз орыстар жұмыс істейді, қазақтарды алмайды. Тіпті сіздер айтып отырған 9 пайыз қазақ та жоқ. Оны неге шақырмайсыздар? – деп едім,

– Сен өзі қалай-қалай сөйлейсің? Өзің Мәскеуде оқып, докторлық қорғадың. Профессор болдың. Саған көмектесті, – деп Мищенконың жаны шығып кете жаздады. Міндет қылып тұр ғой.

– Интернационалдық тәрбие дегенді мен былай түсінемін, бізге солай үйретті. Бұл – Кеңестер Одағы халқы мен шет мемлекеттер халқы арасындағы өзара түсіністік. Ал сіз мұнда қазақтар мен орыстар арасындағы қатынасты интернационализм деп отырсыз, – деп аузын жаптым. Комиссияда қатысып отырған өзіміздің ұлттың өкілдері қатты сөйлеме деген белгі береді, партияның тәртібі ғой, ал мен партияда қызмет істемеген адаммын.

Содан кейін ҰҚК-де істейтін жолдас жігіт біреуді жіберіп, «Үйіңнің де, жұмысыңның да телефоны тыңдалады. Абайлап жүр» деп ескертті. Бес-алты жігіт бірге жүретінбіз, оларға «Бұлар бәрімізді аңдиды. Телефонмен бір-бірімізбен сөйлескенде абайлайық. Баратын жеріміз өзімізге белгілі. Соны нөмірлеп қояйық. Мәскеу уақыты бойынша кездесейік» дедім. Кейде шаршайсың, жолдастарымызбен жиналып шай ішкің келеді. Қарағандыда соғым қарашада басталады, содан мамыр айына дейін созылады. Бірнеше рет байқадық, кейде айтқан уақытымызда тыңшылар кеңсенің маңайында жүреді. Біз уәделескен уақытқа әлі үш сағат барын олар қайдан білсін? Оларға сыртынан күлеміз.

1989 жылы Қазақ тілі қоғамдары құрыла бастады. Сол кезде мені Қарағанды қаласы, Совет ауданының Қазақ тілі қоғамының төрағасы етіп сайлады. «Мен – химикпін. Төраға етіп филологтардың бірін сайлағандарыңыз жөн емес пе?» десем, «Жоқ, кешегі қырғын заманда бір қазақты қолыңнан шығарған жоқсың, мыналармен ерегісіп отырып алдың» дейді.

Жұмысқа араласқан кезімде маған да ауыстыр деді. Бірақ мен «Біз-де бесжылдық жоспар бар. Зертхана меңгерушілері – бесжылдықта орындалатын жұмыстың авторы. Мен қалай оны алып тастаймын?

Оның бастаған ісін басқалар қалай жүргізеді?» деймін. Олар амалсыз тоқтап қалады. Шынтуайтына келгенде ауыстырғым келмей, ерегісіп отырмын ғой, – дейді Мұрат аға.


Мақсат – Тәуелсіздігіміздің іргесін мықтап бекіту

– Бүгінгі қазақтың ең басты міндеті – Алла тағаланың жазуымен берілген Тәуелсіздігімізден айырылып қалмауымыз керек, – дейді ғалым ағамыз. – Алғашқы отыз-қырық жылдық кезеңде бір-ақ мақсатымыз болуы тиіс. Ол – Тәуелсіздігіміздің іргесін мықтап бекіту. Бұл жағынан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өте сауатты, тәжірибелі саясаткер. Барлық мемлекеттің басшыларымен жақсы. Кейде «Осы Ресей неге Украинаға тиісті? Неге Қазақстанға тиісе алмады?» деп ойлаймын. Елбасымыз оларға ешқандай мүмкіндік берген жоқ. Он жыл бұрын Елбасымыз «Бірігуіміз керек, Еуразиялық одақ құруға тиіспіз» деді. Бірақ оны іске қосу жағына асықпады, уақытты соза түсті. Біз металл, мұнай, газ – тауар шығарамыз, оны Ресейдің территориясына өткіземіз. Одан әрі Еуропаға сатамыз. Сондықтан Ресеймен қарым-қатынасымызды үзуге немесе оны бұзуға ешқандай мүмкін болған жоқ. Өйткені олар тауарымызды өз территориясынан өткізбей қойса не істейміз? Немесе баж салығын көтеріп жіберсе, біздің тауарымыз қымбаттап кетеді де, Еуропаға жеткенде олар алмай қояды. Бағасын түсірсек, өзіміз ешқандай пайда көре алмай қаламыз. Қытай арқылы қатпайтын теңіздерге шығаратын болсақ, ол теңізге жеткенше жол қашық. Елбасының бұрыннан айтып келе жатқаны – Түркияға не болмаса Иран арқылы Парсы шығанағына жол ашу. Басқа жол жоқ. Өкінішке қарай, Каспий теңіз емес, мұхитпен байланысы жоқ. Қыстыгүні қатып қалады. Қара теңіз де, Азов теңізі де, жалпы, Ресейдің арғы жағындағы салқын теңіздердің бәрі сондай. Ал Парсы түбегіне шықсақ, онда біздің бүкіл әлемге шыққанымыз. Оған екі жақтан қарсылық болды. Біріншіден, Ресей қарсы, өйткені біз олардың территориясына бағынышты болмай қаламыз. Екіншіден, Америка қарсы, себебі олардың Иранмен арасы жақсы емес. Сондықтан осы мәселе көп уақытқа дейін шешілмей келді. Қазір шешілді. Түрікменстанға дейін жол салдық. Олар өз территориясынан Ирандағы парсы түбегіне шығатын теміржол салды. Сонымен, Елбасымыздың көреген басшылығымен Қазақстан Парсы түбегіне ақыры шықты, бүкіл әлем елдеріне бара алатын мұхитқа жол ашылды! Қазір Еуразиялық одақтың

мүшесіміз. Бірақ оған соншалықты мұқтаж емеспіз. Енді теміржолмен Парсы түбегіне шығып, кез келген тауарымызды сата береміз. Елбасының «Еуразиялық одақ пайдалы болмаса, кез келген уақытта одан шығып кетеміз» деген сөзі «Біз одан бәрібір шығамыз» дегенді меңзеп тұр. Немесе тағы екі-үш осындай одаққа кірсек, Еуразиялық одақтың ешқандай мәні болмай қалады. Алдағы уақытта біз өз саясатымызды батылырақ жүргізуіміз керек. Әсіресе, тіліміздің деңгейін шынайы мемлекеттік дәрежеге жеткізуге тиіспіз. Елбасымыз айтқандай, алдымен өз тілімізде сөйлеп, өз дінімізді нығайтуға борыштымыз. Бұл – елдің болашағы үшін маңызды.

Академик ағамыз Мәрия жеңгемізбен бірге үш ұл – Мәлік, Мүсіреп, Ғалымжанды дүниеге әкеліп, тәрбиеледі. Үшеуі де ғылым кандидаты. Өкінішке қарай, ортаншы баласы Мүсіреп өмірден ертерек озып кетті. Алланың жазмышы солай шығар. Көңілге медет тұтары – баласының артында тұяғы Бекет қалды. Келіндері Найля өз қыздарындай болып кетті. Ол экономика ғылымының кандидаты, бизнес саласында қызмет істейді. Биыл Бекет мектепі үздік бітіріп, университетке түсті. Мәліктен туған немересі Әсел Гонконг университетін бітіріп, магистратураға дайындалып жатыр. Ғалымжаннан екі немере – Тайыр және Тамина. «Қазір менің ең үлкен бастығым – Тайыр» дейді академик жылы жымыып. Оның жүзінен отбасына, немерелеріне деген асқан мейірбандық сезіліп тұрды. «Алматыда тұңғыш баламызбен бірге тұрамыз. Кенже ұлдың Шымкентте жүргенін қаладым. Өйткені Арыс, Шымкенттегі ағайын-туыстардың той-жиынына кейде бара алмай қалғанда, баламды жіберемін. Ағайынмен үнемі қарым-қатынаста болмасаң, ара суып кетеді. Ұлым елдің арасында жүрсін дедім. Қаншама қызмет баспалдағынан өтсек те, мені туған жердің киелі қасиеті үнемі тартып тұрады» дейді ол ағынан жарылып. Материалдық жағынан қиын кездер болса да, Мұрат аға «Әкемнің қолы тиген үйді сатпаймын» деп Арыста бос тұрған үйді сақтап, бар қиындықты сабырлылықпен жене білді. Бүгінде сол үйдің ауласынан мешіт салып, елге қызмет етіп келеді.

26 қараша, 2014 жыл



Смағұл ЕЛУБАЕВ,
жазушы:

ӨМІРДІ СҮЮ ҮШІН АДАМ БАЛАДАЙ ПЕРІШТЕ, ТАЗА БОЛУЫ КЕРЕК

Жазушы Смағұл Елубаевтың туған жері – Түрікменстанға қарасты Шаржоу облысының Ауғанстанмен шекаралас жатқан, Әмударияға 50-60 шақырымдай жердегі ауыл. Қарақұмның ортасынан Қарақұм каналы өтеді. Құмның шекара жағы шөлді аймақ болатын. Сол шөлдегі құдықтардың басында ұжымшардың малын баққан көшпелі қазақ ауылы отырған. Кейіпкеріміздің балалық шағы Көрпе деген құдықтың басындағы шағын ауылда өткен.

Құмды ауылдың баласы

– Бұл – өткен ғасырдың 20-жылдарының аяғына таман Қазақстандағы ашаршылықтан қашып, осында қоныстанған ауыл. Негізі, Ақтөбе облысының Байғанин ауданы атамекеніміз екен. Үстірт асып, ашаршылыққа ұрынып, жылы жақ болғаннан кейін «Әйтеуір өлмейміз ғой» деген болуы керек, осы ауылға келіп жайғасыпты, – деп бастады әңгімесін Смағұл аға. – 1947 жылы наурыздың 9-ында дүниеге келіпін. Әке-шешеміз «Әйелдер мерекесінен бір күн кейін туғансың» деп отыратын. Мен туғаннан кейін араға азғантай күн салып біздің ауыл көшіпті. Көшпенділер салтын ұстанған ауыл болған ғой, үйімізді түйеге артып, жаңа қонысқа қарай беттейді. Құмды жерде көшіп бара жатқан кезде түйенің үстінде бесікте жатқан менің жөргекбауым

шешіліп кетіп, сырғып түсіп қалыппын. Басыммен тура құмға түскен болуым керек, абырой болғанда, артта келе жатқан әйелдер байқап қалып, құмның арасынан суырып алып, шешемізге әкеліп беріпті. Өмірге жаңа келгенде осындай жағдайды басымыздан өткізіппіз.

Кеңес заманының зобалаңынан әбден зэрезап болған ауыл 20-жылдары Үкіметтен қашқан, содан ұзақ уақыт кеңестік төлқұжатты алмаған. «Төлқұжат алсақ, аяғымыздан байлап, әскерге айдайды» деп қорыққан. Бұл ауылдың адамдары құжатсыз өмір сүру қиын болған соң, ақыры 1954 жылы төлқұжат алып, ұжымшарға кіреді. Әке-шешесі, ағалары ұжымшардың қойын бағатын. Ол ес білгеннен үлкендерге көмекші болып, ылғи малдың бір шетінде дірдектеп жүгіріп жүріпті. Әкесі Абат қарапайым шаруа адамы болыпты. Анасы Ханбibi үй тірлігімен айналысқан. Олардың өнерге, әдебиетке ешқандай қатысы болмапты.

Шабандоз

Олар алты ағайынды – бес ұл, бір қыз. Ұлдың кенжесі болғандықтан, «Балалық шағым бақытты өтті» деп біледі. Өмірдің қиындығын соншалықты сезінген жоқ. Үйдің кішісі болғаннан кейін көп нәрсеге бас қатырмағаны рас. Бірақ ауыл баласы болған соң ылғи еңбекпен өсті. Үлкендерге қолбала болды. Үнемі «Барып кел, бағып кел, селеуді орып кел, каналдан су алып кел» деген сияқты тапсырмаларды орындайтын. Толып жатқан ауылдың бітпейтін жұмысымен айналысатын.

– Біз балалық шақтың қызығын көре алдық. Асық ойнап, доп қуып, бәйгеге қатыстық, – дейді Смағұл аға. – Мен алты жасымнан атқа шаптым. Өзімнің сары тайыммен бәйгелерге қатысатынымын. Ағам Жаксынұл атбегі болатын. Қазір жасы біразға келді. Ағам екеуіміз ылғи ат жарататынбыз. Оның қасиеті – қолына тиген атты жаратып, бәйгеден келтіретін. Өйткені аттың бапталуы атбегіге тікелей байланысты. Тұлпардың бабы келмесе, шаба алмайды. Жас күнімізде сондай ортада өстік. Тура тұнып тұрған ескі дәстүрлі қазақтың көшпелі ауылы болатын.

Бір рет балалық жасап, сары тайымды бабына келтірмей, терін алдырмай бәйгеге түсіп кеткенмін. Шамамен он жастамын. Бейшара тайым бес айлаудың үшіншісіне келгенде ісініп кетті де, бір орында тыпырлап, өліп қала жаздады. Бәйге алдында тері алынбаған ат булығып, тұрып қалады. Кейде өліп те кетеді. Осылайша балалық шалалығымнан өзімнің сүйікті тайымды өлтіріп ала жаздадым. Тағы бірде басқа атпен бәйгеге шапқанымда, індікешке атымның аяғы кіріп

кетіп, оның құлағанына жылап алғаным есімде. Бәйгеден өзгелерді басып озып, жүлде алған кезім де аз болған жоқ. Он бір-он екі жасымда 40 шақырымдық аламан бәйгеге түстім. Сәду ағамыздың ақ боз аты болды. Ол – аяғы ұзын, белі қысқа, мойны биік араби ат еді. Шекарашылардан сатып алған. Оңайлықпен шаршамайтын, аламан бәйгеден ойнап келетін. Сәду ағамыз Түрікменстаннан 1961 жылы Алматы облысының Іле ауданындағы Ақши ауылына көшкенде сол атты алып келді. 1963 жылы Алматыдағы №12 мектептің 9-сыныбында оқып жүргенімде Сәду ағамыз, «Әй, Смағұл, сен баяғыда осы атпен шауып, бәйге алып едің ғой. Алматының ипподромында халықаралық ат жарыс болайын деп жатыр. Соған мына атты қосайын деп едім, мініп шабасың ба?» деп хабарласты. Келістім. Шамамен алты-жеті айналымдық үлкен бәйге болды. Орта Азия республикаларының ондаған жүйрігі қосылды. Барлық айналымда алда келе жатқам, әдеттегідей атым ойнап келеді, шаршағаны білінбейді. Қасиетті тұлпар еді. Бірақ мұның бір жаман әдеті бар еді, айқайлап тұрған қоралы адам көрсе, айлаудан шығып, тобырға қойып кететін. Бұл жолы да ең соңғы айлауға кіре бергенде, адамдардың айқайлап, қиқулағанын естіп, солардың арасына қойды да кетті. Аттың басымен алысып жүрмін. Әрең дегенде айлауға қайта салып, өзімнен озып кеткен аттардың ізінен кудым. Не керек, ипподромды айналып келгенше бәрібір топ аттың алдына шығып, бірінші келдім.

Сөз өнерін сүйеге ықпал еткен ұстаздар

Балаларынан үлкен үміт күткен ата-анасы болашақ жазушыны Алматыдағы №12 мектеп-интернатқа береді. Бұрын үйден ұзап шықпаған бала жаңа ортаға біртіндеп үйренді. Достар тапты. 12-мектеп – еліміздегі ең алғашқы білім ошағының бірі. Жақында ғана өзінің 90 жылдығын тойлады.

– Қазақ мектептерінің ту ұстары – осы мектеп, – деп жалғады әңгімесін Смағұл аға. – Дегенмен өкініштісі, бұл – Алматы қаласы тұрғындарының балалары емес, біз сияқты шопандардың ұл-қыздары оқитын мектеп-интернат болды. Кеңес дәуірінің аты дүркіреп тұрған 70 жыл бойы қазақ тілінің болашағы жоқ деген саясат ұстанып, қазақ мектептеріне деген көзқарас нашар болды. Сондықтан алматылық қазақтар ол мектепке балаларын бермейтін. Тіпті сол мектепте сабақ беретін мұғалімдердің өздері балаларын ол мектепте оқытпайтын. Бұл – ұлт қасіретінің бір көрінісі еді. Бізді керемет ұстаздар оқытты. Әдебиетке алғаш көзімізді ашқан мұғаліміміз – Ленин орденінің иегері

Әлия Дүйсенова. Апайымның әдебиеттен оқыған дәрістерін әлі күнге дейін ұмыта алмаймын. Ол біздің әдебиетті, сөз өнерін сүюімізге үлкен әсер етті. Философияның алғашқы баспалдағы – «Қоғамтану» пәнінен Сәуле Қабдолова сабақ берді. Ол – академик Зейнолла Қабдоловтың жары. Бүгінде көзі тірі. Сәуле апай бізді ойлауға, ой қууға баулыды. Қоғамтануды оқи отырып, философтар әлеміне қалай кіріп кеткенімізді өзіміз де білмей қалдық. Әдебиетке бұрыннан құмарлығымды былай қойғанда, 9-10-11-сыныптарда философияға деген қызығушылығым күшті болды. Соның нәтижесінде кейіннен «Қиямет-қайым ғасыры» деген ой-толғау кітабым жарық көрді. Сынып жетекшіміз болған Дәмелі Нұғыманова апайымыздың тәрбиесі өлшеусіз болды. Сыныпта 36 ұл болдық. Қыздар мен ұлдардың интернаты бөлек еді. Мектепте де ұлдардың, қыздардың сыныбы бөлек болатын. Отыз алты ұлды үш жыл бойы «ауыздықтаған» Дәмелі апайымыз. Сол үшін ол кісіге деген құрметіміз шексіз.

Қабдоловтардың қамқорлығы

Мүмкін, бағы болар, жас жазушының өмірінде жақсы адамдар жиі кездесіп отырды. Мектептегі Сәуле апайы үнемі қол ұшын беріп, қолдау білдіретін. Бір күні қоңырау соғылып, сабаққа кірейін деп дәлізде жүгіріп келе жатса, апайы тоқтатып, «Әй, Смағұл, келесі жылы мектеп бітіресің. Оқуға қайда бармақ ойын бар?» деп сұрады. Бұл журналистиканы қалайтынын айтты. «Олай болса, ағаң Зейнолла Қабдоловпен таныстырайын» деді апайы. Осылайша мектепте жүрген кездің өзінде үлкен сөз зергері Зейнолла ағайға іні болды. Оған алғашқы шығармаларын оқытып тұрды. Зекең ғажап кісі еді. Алла тағаланың Алматы сияқты алып қалада ең бір ғажайып адаммен таныстырғанына осы күнге дейін таңғалады.

Ол 1966 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне түсті. Бұл өте қызықты бес жыл болды. Көбіне жеке ізденетін. Түпнұсқаларды ізденіп оқыды. Академик Зейнолла Қабдоловтың алдын көрді. Әсіресе, Зейнолла ағаның әдебиет сабағынан дәрістері керемет болатын. Ұлағатты ұстаз талапты жастың әдебиетке деген құштарлығын одан бетер арттыра түсті.

Университеттен кейін Шығыс Қазақстан облысының Қатонқарағай аудандық газетінде бес-алты ай еңбек етті. Танымайтын орта болған соң, ол жерден көп ұзамай Алматыға қайта келді. Министрліктің деңгейіндегі Қазкинокомитетте Қалтай Мұхамеджанов бас редактор болатын. Ол жас маманды өз қоластына редакторлық қызметке алды.

Кино әлемі

Смағұл Абатұлы 1971 жылы жиырма бес жасында үйленіп, шаңырақ көтерді. Жары Жұмажан Ресейдің тумасы екен. Екеуі талайлардың махаббатына куә болған Алатаудың баурайындағы әсем Алматыда танысты. Тағдыр ғой, мұның ата-анасы Ақтөбеден өткен ғасыр басындағы ашаршылық жылдары Қарақалпақстан арқылы Түрікменстанға барып тұрақ тапса, зайыбының әке-шешелері Ресейге қашқан Оралдың қазақтары екен. Бұлар үйленгенде, келіншегі Целиноградтағы Математика-физика институтын бітіріп, Ғылым академиясының математика институтында жұмыс істеп жүрген кезі еді.

– «Алматыда үйім бар, пәленбай қойым бар» деп мақтанып еді, қойы анау ағасынікі, үйі мына ағасынікі екен. Өзінде түк те жоқ болып шықты» деп келіншегім кейін маған күліп жүрді. Шынында, солай болатын. Жастықтың буымен қыздардың алдында артығырақ мақтанып қойған болуымыз керек. Үйленгеннен кейін әке-шешеміздің кіші ағамның атына Алматыдан сатып алып берген пәтердің бір бөлмесінде тұрып жаттық. Қалтай Мұхамеджанов, Сайын Мұратбеков, Зейнолла Қабдолов ағаларымызбен араласып тұрдым. Сайын ағаның шығармашылығын жоғары бағалап, ұстаз тұтатынмын, алғашқы әңгімелерімді оқытатынмын. Сайын ағам керемет кісі болды ғой. Өзіме тиесілі үйдің жоқ екенін білетін сол ағаларымның араласуымен кино саласында қызмет етіп жүріп, алғаш рет екі бөлмелі пәтер алдым. Сайын ағам қашан сол пәтерді алғанымызша қамқор болып жүрді. Тіпті бір рет «Аға, мен жатқан үйдің едені сынып жатыр, жағдай мәз емес» деп едім, түн ішінде Камал Смайылов досына барып, менің жағдайымды айтқаны бар. Тұңғышымыз Әйгерім өмірге келді. Менде кинодан мамандық алсам деген арман болды. Кино әлемі тартты да тұрды. Сосын шабаданымды арқалап, Мәскеуге сценаристердің екі жылдық курсына оқуға кеттім. Кино саласының қыр-сырын үйреніп, сценарист мамандығын алғым келді. Үлкен ортаға оқуға баруыма Камал Смайыловтың ықпалы болды. Камал аға да үнемі қолдау білдіріп отырды. Мәскеуде оқып жүргенімде, министр деңгейіндегі комитет төрағасы болатын. Жатақханамызға ылғи барып, жағдайымызды біліп тұрды. Мінезі бала сияқты ғажап жан еді. Бізді бала демей, тіпті үлкен бастық болса да ондай ештеңесін сездірмей, терезесі тең адамдай әңгімелесіп жүре беретін. Тағдыр бізді осындай жақсы адамдармен жолықтырды. Үйленген кезде Әбіш Кекілбаевпен танысып, тойымызды Әбіш ағамыз басқарды. Ол кісілермен қазірге дейін араласамыз, төбемізге қойып құрметтейміз.

Мәскеуден оқу бітіріп келген соң «Жарық дүние» атты повесть жаздым. Әкім Тарази мен Сайын Мұратбеков ағаларым сол кездегі кеңес әдебиетінің классигі Әбдіжәмил Нұрпейісовке «Осындай бір бала бар, сіз танысыңызшы» депті. Әбдіжәмил аға шығармаларымды сұрады. «Жарық дүниенің» қолжазбасын бердім. Хикаяны оқып болған соң, үлкен басымен киностудияға іздеп келіп, пікір айтқаны есімде. Содан бастап Әбдіжәмил ағамен де аға-іні болып кеттік. Алматыға интернатқа келгенде, бір адамды танымайтынмын. Ақырындап сінісіп, әдебиет майданындағы ұлы тұлғалармен студент кездің өзінде аралас-құралас болып кеттік. Солардың бәрі маған ылғи көмектесіп отырды, – дейді жазушы.

Сергелдеңге салған сегіз жыл

– 1985 жылы 30-жылдардағы ашаршылықта өз ауылымның басынан өткен оқиғалар жайлы «Ақ боз үй» романым дайын болды, – дейді Сәкең. – Шығарайын десем, ешқандай баспа маңына жолатпайды. Баспаның тізгіні өзім деп жүрген ағаларымның қолында тұрғанның өзінде кітап басылған жоқ. Тіпті тақырыптық жоспарға енгізуге қорықты. Оларды кінәлау орынсыз. Уақыт, заман солай болды. Романды жазып жатқан кезде Зейнолла Қабдолов ағамыз «Әй, сен бекер шаршайтын болдың-ау!» деді. Кітаптың басылмайтынын меңзеді. Кеңес өкіметі құлағанша роман, шынында да, басылған жоқ. Бұл мен үшін өте ауыр жылдар болды. Кітапты отыз бес жасымда бастап, отыз сегіз жасымда аяқтадым. Алаңсыз іздену үшін «Кітабым шықса, қаламақы аламын ғой» деп жұмысты тастап кіріскенмін. Қаржы жоқ. Сол кездері жүйкенің шаршауы біліне бастады. Жиі-жиі талып қала беретінмін. Дәрігерлер «Бұл – шаршаудан, жұмыс істемеу керек. Тіпті шығармашылық жұмысты тоқтатқан жөн» деді. Қайдағы тоқтау? Шығармашылық жұмыстарды енді ғана бастап отырмын. Шопан ағамның ескі киіз үйін сұрап алып, романды жазу үшін Ақсай сайындағы бұлақтың басында үш жыл жаз осы кітапты жазумен айналыстым. Біткеннен кейін бес жыл бойы шықпай қалды. Сол кітапқа бақандай сегіз жылымды арнадым. Ондай адамның өмірі оңай болуы мүмкін бе? Не керек, сол кітап ақыры кеңес өкіметі құлағаннан кейін бір-ақ шықты. Оның өзінде алғашында «Жұлдыз» журналы үзіндісін берді. Толық беруге тағы да қорықты. Ашаршылық деген тақырыптан кез келген баспа ат-тонын ала қашатын. Егер тәуелсіздігіміз Тәңірден түспегенде, ол кітап шықпайтын еді, шықпақ тұрмақ оның авторын итжеккенге айдайтыны анық болатын. 1974 жылы тіпті ашаршылық деген сөзді Жазушылар одағының мінберінен жай ғана айтқан Мұрат

Әуезовті қудалағанын білемін. Сол кезде ол «Ашаршылық тақырыбын көтермесе, біздің әдебиет әдебиет болудан қалады» деп еді. Сол үшін партия оның әрбір сөзін аңдитын болды. Кітаптары басылмай қалды. Бірақ оның айтқан мәлімдемесі маған қуат берді. Сол кезде мен іштей дайын едім. Ашаршылық жайында роман жазуға бекініп жүрген екі жігіт болдық. Бірі – Төлен Әбдіков, екіншісі мен едім. Екеуіміз сырласып жүретінбіз. Мұрат – сөзіне ел құлақ түретін адам ғой. Мінберден айтқан оның сөзі жұртты дүр сілкіндірді. Тіпті идеологтардың өзін шошытты деуге болады. Ал біз оған мээ болып, қуандық. «Бұл тек біздің ғана шаруамыз емес, бүкіл зиялы қауымды толғандыратын тақырып екен ғой» деп ой түйдік. Романды жазуға кеткен үш жыл, оның баспада жатқан бес жылы мен үшін нағыз сергелден кезең болды. «Жалған дүние» романым – негізінен, автобиографиялық шығарма. Едіге деген жазушының бастан кешкен оқиғалары желісімен жазылған. Ал ол оқиғалар алдыңызда отырған автордың да бастан кешкен тірлігі болды. Сондықтан біздің басты жауымыз кеңес өкіметі еді. Кітаптың «Мінәжат» деп аталатын екінші томын жазуға кірістім. Ол да кеңес өкіметі тарағаннан кейін шықты. Зайыбым Халық шаруашылығы институтында сабақ берді. Бес-алты жыл, әсіресе, келіншегімнің иығына салмақ көбірек түсті. Оңай болған жоқ, балалар өсіп келеді дегендей. Бір қуанарлығы, 1982 жылдардан бастап сценарийлерім кино болып шыға бастады. Үш фильмім бірінен кейін бірі көрерменге жол тартты. Ол бізге кәдімгідей тірек болды. Әдебиетім тоқтап қалса да, фильмдерім көрерменге жол тартты. Екі мамандығым болғанының пайдасы тиді.

Жәннат әлемі – балалық шағын өткен жер

– Әңгіме басында туған жерім жайлы бекерге айтқан жоқпын. Көрпе құдығы, біздің асық ойнаған, мал баққан жерлеріміз, велосипед тепкен жолдарымыз әлі күнге дейін үнемі есіме түседі де тұрады. Жасым болса жетпіске жақындады. Әлі күнге дейін балалық шағым өткен жерлерді сағынамын. Неге екенін білмеймін, тіпті есімнен шықпайды. «Мұның себебі неде?» деп жиі ойланатынымын. Қанша жерде боласың, ел, жер аралайсың. Оны ұмытып қалуың мүмкін, ал балалық бал дәуренің өткен жер жәннат әлеміндей, жұмақ төріндей болып жүрегіңнің түбінде жатады. Қызықтың бәрі сол жерде қалып, мына жақта босқа сенделіп жүргендей боласың. Ойлана-ойлана оның себебін тапқандай болдым. Бала кезінде адам періште болады екен. Дүниеге періштенің көзімен, асқан іңкәрлікпен, махаббатпен қарайды екен. Бәрін өлердей сүйіп және қоршаған табиғат, адамның бойындағы

жақсылықты ғана көреді екен. Ғажайып сұлулықты баланың көзі көре біледі екен. Сол кезде шөптердің бұркыраған иісін ажырата алатынымын. Қазір ондай сезімнен түк жоқ, бәрі бірдей сияқты. Демек, бәрін сүю үшін адам баладай періште, таза болуы керек екен. Онсыз адам өмірді сүюі мүмкін емес. Соңғы кезде дін туралы, тазалық жөнінде көбірек айтып, «Қиямет-қайым ғасыры» деген кітап жазуымыздың да сыры осында. Біз, яғни қоғамымыз тазалықтан алыстаған сайын өмір адамның көзіне қарауытып көрінеді. Адам неғұрлым иманға жақындаса, неғұрлым балалығын жоғалтпаса, сол адам бақытты. Сондықтан да Алладан ажырамау, қылмыс жасамау, ала жіпті аттамау, осылайша, өзінің тазалығын сақтау – адам бақытының кепілдігі.

1989 жылы «Ақ боз үй» романының желісі бойынша ашаршылық туралы кино түсіреміз деп киностудияның бас редакторы Мұрат Әуезов маған сценарий жазуға тапсырма берді. Режиссер Дәмір Манабайды ертіп, ескі ауыл дегеннің не екенін көрсетейін деп Түрікменстанның Мары облысында отырған құдаларымыздың ауылына алып бардым. Шынында да, бір құдықтың басында түйе бағатын жетпіс үйлі көшпелі ауыл отыр екен. Сондағы Дәмірдің таңғалғанын көрсеніз, әрбір үйге бас сұққанда жаңа мұражайға кіргендей болды. Әйелдердің шеберлігі соншалықты, үйдің басқұрларын керемет әшекейлеп, қолдан тоқыған. Көшпенді ауыл дегеніміздің соңы сол болды-ау деп ойлаймын. Түрікменстанда 80-жылдардың аяғына дейін сақталды, қазір бар ма, жоқ па, білмеймін, мүмкін, көшіп кеткен болар. Қазақтың көшпенді тіршілігі Қазақстанда 30-жылдары күштеп тоқтатылды. Ұжымдастыру болды. Бірақ малшы қауым сол тірлігімен өмір сүре берді. Мен үшін 1961 жылға дейін көшпенді тірлік, көшпенді тұрмыс жалғасты. Он үш-он төрт жасыма дейін сол көшпенді ауылдың баласы болдым. Сондықтан көшпенді ауылдың ашаршылыққа ұрынуы жайлы роман жазу маған қиынға түспеді. Күнделікті көзіммен көргенім, үлкендерден естігенім үлкен септігін тигізді.

Киноға дайындық жұмыстары басталған 1989 жылы сол балалық шағым өткен Көрпе деген құдықтың басына бардым. Алдында бір отар қойы бар түрікмен шопан отыр екен. Басқа ештеңе жоқ. Қаңырап жатқан жер, баяғы жұрт қоныстанған, бала кезде ойнаған жерлерді араалап, мауқымды басып қайттым, – дейді Смағұл аға.

Қазақ болу – оқшаулану деген сөз емес

– Біз дәстүрлі отбасы, дәстүрлі тәрбие, дәстүрлі дін, дәстүрлі мораль, дәстүрлі тарих дегенді жиі айтып жатырмыз. Бұл бекер емес. Бұл баяғы мен өмірге келген ескі ауылға қайтып бару деген сөз емес.

Сол ескі ауыл мыңдаған жылдар бойы түрмесіз, полициясыз, прокурорсыз қалай өмір сүрді? Ол ауылда суицид болған жоқ. Педофил болған жоқ. Олар әкесін қарттар үйіне өткізген жоқ. Өз қызына өзі шапқан жоқ. Нашақорлық, маскүнемдік болған жоқ. Демек, мыңдаған жылдар бойы қазақты қазақ қалпында ұстап келген моральдік-этикалық дәстүрімізге бет бұруымыз керек. Ол «Айналып барып баяғы киіз үйде тұр» деген сөз емес. Біз кім болайық, мейлі үлкен кәсіпкер, министр, құрылысшы немесе шопан болсақ та, иманды болу, яғни таза болу парызымыз болуы керек. Отанға, отбасына қызмет істеу, адамға зиян жасамау, тәрбиелі, патриот ұл-қыз өсіру, білімге ұмтылу – осының бәрі қазақтың иманды өмір салтына айналса екен дейміз. Сонда біз ұлт болып ұйысамыз. Егер дәл бүгінгідей біріміз кришнаит, біріміз христианин, біріміз вахаббист болсақ, елдің тұтастығы қайсы? Біздің дәстүрлі дініміз бар, ханафи мазһабына жатамыз. Бұл – біздің мыңдаған жылдар бойы соғыстан да, ашаршылықтан да халықты аман алып шыққан, ысылған, сыннан өткен дәстүрлі дініміз. Мінеки, осы дінімізді бұрынғы қазақ қалай ұстанса, оны біз дәл сол қалпына келтіре алсақ, мықты қазақ болып, мәңгілік ел болып өмір сүре аламыз. Жазушы Герольд Бельгер айтпақшы, бізге неміс болудың да, француз болудың да қажеті жоқ. Біз алдымен қазақ болуымыз керек. Бірақ ол оқшаулану деген сөз емес. Озған елдердің озық үлгілерінің бәрін алуымыз керек. Бірақ өз тарихымызда, өз отбасымызда дәстүрлі тәрбиенің өзге елдерде жоқ ғажайып қасиеттерін жоғалтып алмай, мүмкіндігінше соларды қалпына келтіруіміз керек. Көшпенді қазақ халқының ғажайып қасиеттері, салт-дәстүрлері болды. Сондықтан бүгінде бүкіл Батыс әлемі ұрынып отырған жағдайға жеткен жоқпыз. Бүкіл Батыста қазір дәстүрлі отбасының дағдарысы жүріп жатыр. Дәстүрлі отбасы қирап, шаңырақтары ортасына түсуде. Сондықтан дәстүрсіз отбасылар пайда болды. Мысалы, біржынысты отбасылар. Ол сұмдық эпидемияға айналып, бүкіл Батысты жалмап барады. Соның нәтижесінде олар демографиялық дағдарысқа ұрынып отыр. Яғни «Ғасырдың аяғында еуропалықтар тарихта болмаған ең төменгі деңгейге дейін демографиялық құлдырауға ұрынады» деп адамдардың демографиялық ахуалын құтқару жөнінде сол елден шыққан сарапшылар дабыл қағып жатыр. Олардың осындай жағдайға ұрынуының басты себебі – өздерінің дәстүрлі діндерінен безіп, құдайсыздыққа ұрынудан. Олар мұндай жағдайға бір күнде келген жоқ. Алдымен XVI ғасырда индустрия дамыды да, оларда қару, кемелер пайда болды. Дүниені жаулап алуға кірісті. Олардың бұл әрекетіне Құдай кедергі жасады. Адамдарды өлтіруге, тонауға, ұрлауға

болмайды. Сонда олар – империалистер Құдаймен алысты. Ақыры Құдайды «жеңіп», ғылымға ақша салып, «Эволюция болған екен, Құдай болмаған екен» дегенді шығарып, XIX ғасырда Ницшенің аузымен «Құдай өлді» деп ресми түрде жариялады. Құдай «өлгеннен» кейін не болды? Құдай «өлгеннен» кейін, адам ойына келгенін істеді. 1914 жылғы, 1941-1945 жылдарғы дүниежүзілік соғыста әлем бойынша миллиондаған адам қасапханаға түсті. Әлем өзінің дәстүрлі дініне қайтып келмесе, Құдайын танымайтын болса, бұдан да жаман болады. Кішкентай ғана түймені бір ақымақ баса салады, бітті, әлемде ядролық соғыс басталады. Мұндай сорақылықтың болмауы үшін біз әу бастағы бастауымызға оралуымыз керек.

Басшы қазақтар балаларын неге қазақша тәрбиелемейді?

– Мені әлі де болса тіл мәселесі мазалайды. Жетпістен асқан кемпір-шалдар қалада өз немересімен орысша сөйлеседі. Осындайларды көргенде, тіпті шошимын. Сонда 23 жыл бойғы біздің тәуелсіздігіміз қайда? «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!» деген Президент ұраны олардың құлағына кірмегені ме? Бұлардың құлағы неге соншалықты тас керек? Ештеңе оқымай ма? Радио тындап, теледидар қарамай ма? Көзі соқыр ма? Міне, мені осындай жағдайлар шошытады. Адам соншалықты дәрежеде мәңгүрт бола ма? Ояну қайда? Өзге ұлттардың өзі қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мойындап, үйренуге бет бұрған кезде, біздің өмірге енді келген немерелерін орысша тәрбиелеп жатқан жүздеген мың қазақ бар. Өкінішке қарай, солардың көбі – басшы қазақтар. Ондай адамдар қазаққа қалай басшы болады? Егер мемлекеттік тілді мойындамайтын болса, бала-шағасын өзге ұлттың тілінде тәрбиелесе, қазақ болғысы келмесе, қалай қазақтың мемлекет қызметкері болады? Менің әлі күнге дейін осыған миым жетпейді. Қазіргі қолданыстағы «Тіл туралы» заң қайта қаралуы керек. Бұл соншалықты жемісті заң болмады. Бұл заңға ешкім пысқырып та қарап жатқан жоқ. Ешкім құрметтемейтін осындай да заң бола ма?

Елбасымыз Қазақ хандығының 550 жылдығын биыл атап өту жөнінде үлкен бастама көтерді. Кеңес Одағы кезінде 70 жыл бойы «Тарихтарың жоқ, хандарың жоқ, тіпті мемлекет ретінде ештеңелерің жоқ» деген саясат болды. Оны әлі күнге дейін айтып келе жатқандар бар. Кеңестік санадан арылмаған кешегі қызыл билетті басшылар бұлар. Соны әлі де әлем алдында айтып келеді. Ұялмай-қызармай, бүкіл әлемнің алдында бізді тарихы болмаған, мемлекеті жоқ халық деп масқаралап жатыр. Сондықтан Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақ хандығының 550 жылдығын тойлау жайындағы

ұсынысы бәріміздің еңсемізді көтерді. Тарихы жоқ халық, шынында да, жоқ халық. Біз, Құдайға шүкір, тарихымыз да, мемлекеттігіміз де бар халықпыз. Көзімізді бақырайтып қойып, барымызды жоқ қылуға күштар күштер бар екен.

Қазақ хандығының 550 жылдығы шеңберінде жасалынатын біраз шаруалар бар. Президентіміз «Қазақфильмнің» басшысын шақырып алып, тапсырма берді. Әуелі «Қазақ хандығының алғашқы елу жылдығын алындар, үш-төрт ханның тарихы болсын» деді. Бұл – күзде ғана болған әңгіме. Біз сериалдың сценарийін жазуға кірістік. Бұл іс «Жаужүрек мың баланың» сценарийін жазған Тимур Жақсылықов пен маған жүктелді. Таяуда ота жасаттым. Сол кезде де компьютерім қолымнан түскен жоқ. Қазір біз сонымен айналысып жатырмыз. Дағдарыс деген қырсық аяқтан шалмаса, 60 сериялық қазақ хандығы туралы тарихи сериал алдағы үш жылда жасалып бітуі керек. Бұл жобаға министріміз Арыстанбек Мұхамедиұлы қамқорлық жасап, тікелей қадағалап отыр. Қазір тарихшылар, кинорежиссерлер, сценарийстер, жазушылар жиі кездесіп, ақылдасып, жазғанымызды талқылап, жұмыс істеп жатырмыз. 10 сериялық телефильм сценарийі, Құдай қаласа, ақпан айының екінші жартысында дайын болуға тиіс. Сол кездерге қатысты қолда бар тарихи деректердің бәрі алдымызда жатыр. Бұл – үлкен жауапкершілік. Киноға қомақты қаржы бөлінуі тиіс. Бұл өз қара басымның қамы емес, хандарымызды, ханшаларымызды лайықты киіндіріп, батырларымыздың бес қаруы бойында болуы керек. Оған үлкен қаражат қажет. Бұл ұлт рухын көтеретін дүние болуға тиіс!

Көшпелі ауылдың бір ғажайып қасиеті болды. Қазір сол қасиеттердің көбі жоқ. Көшпелі ауылдағылар түгелімен аузынан Алласы түспеген, бес уақыт намазын оқитын қазақтар болды. Әке-шешелеріміз өздерінің сауаты жоқ болса да санасы, жады арқылы халықтық этика, халықтық дәстүр, салт-сана, шежіренің бәрін жақсы білетін. Бізге халықтық тәрбие берді. Кәдімгі атам заманнан келе жатқан салт-дәстүр сол күйінде біздің бойымызға көшті. Біз осы қасиеттерді өз ұрпағымыздың бойына сіңіре білуіміз керек, – деген оймен әңгімесін қорытындылады Смағұл аға.

Сәкен Құдай қосқан қосағы Жұмажан жеңгемізбен ұл мен қызын өсіріп, тәрбиелеп, үш немере сүйіп отыр. Жазушы ұрпағының бойына өзі айтқан қазақы қасиеттерді сіңіре білгеніне сенімдіміз.

29 қаңтар, 2015 жыл



Майко САҒЫНДЫҚОВА,
қаржыгер:

ЖАН АЯМАС ЖАНКЕШТІ ЕҢБЕК ӘДЕМІ ӨМІР СҮРУІМЕ МҮМКІНДІК БЕРДІ

Қазақ қыздарының ішінде банк, қаржы саласында үлкен лауазымды қызмет атқарғаны саусақпен санарлық. Майко Оразымбетқызы солардың алдыңғы қатарынан ойып тұрып орын алады.

Кенжетай

Болашақ қаржыгер Жамбыл облысының Шу ауданында 1945 жылдың 22 ақпанында туған. Ата-бабалары Аңырақай тауы маңайын мекен еткен. Бөлтірік шешеннің тікелей ұрпағы болып келетін әкесі от ауызды, орақ тілді шешен, ойы ұшқыр, жүрегі таза адам болыпты.

– Бүгінде жасым біразға келгенде өз өмірім жайлы жиі ойға шомамын, – деп бастады әңгімесін Майко апай. – Бұл өмірде неге қол жеткіздім? Тағы не істеуім керек? Өз жетістіктерім тағдырдың сыйы ма? Туғалы бері нені жасай алмадым? Қалған өмірімде оны жасауым мүмкін бе? Ұлы Отан соғысы аяқталар кездегі қиын шақта қазақ ауылында туғаным жақсы ма, жаман ба? Өткенді ойлай отырып, ерте жастан қара жұмысқа жегілген кішкентай қызға жаным ашып қараймын. Дегенмен, кейде сол жерде туылғаным қандай бақыт деп ойлаймын. Мүмкін өмірімнің осылай қалыптасқанына сол туған жерімнің де әсері болған шығар.

Өз отбасымды кәдімгі қарапайым отбасылардың бірі дей алмаймын. Тіпті ерекше болып, тағдырыма қатты әсер еткеніне сенімдімін. Менің өмірге келуімнің өзі он тоғызыншы мен жиырмасыншы ғасырды, енді міне, жиырма бірінші ғасырды байланыстырып тұр. Неге? Себебі мен әкем Оразымбеттің жетпіске қараған шағында өмірге келген кенжетайы екенмін. Ал оның балалық, жастық шағы он тоғызыншы ғасырдың аяғында өткен. Сондықтан өмірімде уақыттың осындай бір серпілісі бар. Былайша алып қарағанда, әкемнің қызы емес, немересі де болуым мүмкін еді ғой. Дегенмен, бойымда қазаққа тән қандай да бір қасиет болса, ол сол қайнар көзінен, түп-тамырымнан, отбасымның, тіпті халқымның тарихымызға деген ықыласынан.

Үлкендерден естігеніме қарағанда, әкем бұрын да екі рет отбасын құрған, бірақ олар ертерек өмірден озып кетіпті. Жасы қырықтан асып қалғанда бұрынғы кайын жұртына барса он алты-он жеті жастар шамасындағы шешем Күлнарбекті көреді. Әп-әдемі, өнерден құралақан емес, домбыра тартатын қызға әбден көңілі құлаған жігіт оның ата-анасының алдынан өтіп, үйленеді. Әкем шешемнен жиырма алты жас үлкен екен.

Өкінішке қарай, әкем 1949 жылы менің небәрі төрт жасымда өмірден озып кетті. Ол зор денелі, жігерлі, бүкіл аймаққа сыйлы болыпты. Жасы біразға келген адам болса да әкемді қарт кісі ретінде қабылдаған жоқпын, оны үнемі қажырлы, көңілді күйінде еске аламын. Ол өз заманында қазіргі аяғынан мығым тұрған, жұмысын дөңгелентіп жүргізіп отырған жеке кәсіпкер сияқты болды. Ол – кәдімгі қырдың қазағы және қандай қиын жағдайда да ата-бабаларымыздан қалған бүкіл салт-дәстүрді сақтаған. Елдің айтуына қарағанда, әкеміз барда біздің отбасымыз бен туған-туыстарымыз әжептәуір баршылықта өмір сүріпті. Мен туғанда әкем қатты қуаныпты. Үнемі иығына отырғызып алады екен, тіпті өзі аттың үстінде отырса да сүйікті қызын иығынан түсірмепті. Көзі тірісінде аяғымды жерге тигізбеген көрінеді.

Енбекке ерте араласқаннан жаман болмадым

Бірге туған он үш баладан екі әпкесі, бір ағасы және кенжетай қыз Майко ғана өсіп, адам қатарына қосылды. Әкей өмірден озғаннан кейін үйдегі үлкен балалар оқу қуып қалаға кетті де, олар шешесі екеуі ауылда қалды. Мектепке барды.

– Анам ханшайымдай болатын. Өзі аппақ, нәзік, қолаң шашты. Қанша нәзік болса да, жүрегі кең еді. Әкем барда ол ешқашан үй

шаруасымен айналысқан жоқ, үлкен қазанға ас пісіргенін көрмедік. Малға қарап, қора жағалаған да жоқ. Ол өзіне жақсы қарайтын. Оның тамылжыта салған тамаша әнін жұрт ұйып тыңдайтын. Өлең шығаратын ақындығы бар-ды. Анамды тойларда құрметтеп төрге шығарып, ән салдыратын. Әкеміз өмірден озған соң біздің шаруашылығымызға қуана қол ұшын созып жүрген жандар біртіндеп маңайымыздан кете бастады. Асыр салып алаңсыз ойнап жүрген мен бірден есейіп кеткендей болдым. Кішкентай болсам да үйдегі әр тірлікке араласа бастадым. Балалық шағымда «Осы жұмыстың бәрі қашан бітер екен?» деп ойлайтынмын. Біздің ойын ойнауға қолымыз тимеді. Алтыншы-жетінші сынып оқитын кезіміздің өзінде ұжымшардың қызылшасын түптеуге апаратын. Жазда демалыс бойы балаларға тартының масағын тергізетін. Күзде қызылша ору басталады. Көзімді ашқаннан осындай еңбектің ортасында өстім. Қазір сол кезде үйренгендерімнің, еңбекке араласуымның өмірімде үлкен пайдасы тигеніне сенімдімін. Мен өмір сүре аламын және өмірдің қадірін білемін. Кез келген жағдайда да өмір сүруге бейімім бар, себебі сиыр сауу, мал өсіру, тамақ әзірлеу, от жағу сияқты өмір сүруге қажет тірліктің бәрі қолымнан келеді. Тіпті тігін машинасына отырып іс тігуге де икемдімін. Сол кездері ауыл клубына анда-санда келіп қоятын киноны көргенімізге мәз болатынбыз.

Әкем – менің жарық жұлдызым

Адам бойындағы қасиет ата-анадан дариды. Бәрі қан арқылы беріледі. Майко апай да өз бойындағы тілге, ұлттық дәстүрлерімізге құрметпен қарап, оларға жақсы көңіл аударуын, өз бойында қандай жақсы қасиет болса соның бәрі әкем мен анамнан деп ойлайды.

– Әкем үйдің, ұжымшардың шаруашылығымен айналысқан кісі ғой. Соғыстың алдында кешқұрым шаруаларын жайғап болған соң ел жиналып әкемнің әңгімесін тыңдайды екен. Ол тіпті таңға дейін әсерлі әңгіме айтып, ел ұйып тыңдап, сол жерден сиырын сауып, малын жайғастыруға тұрып кетеді екен. Көрген-білгені, түйгені көп кісі болған, – деп жалғады ол әңгімесін. – Өмір бақи «Еркек адам қандай болуы керек?» деп ойлағанда, көз алдыма әкемнің бейнесі келеді. Ол қажырлы, анау-мынауға көңіл аудармайтын, басқа жаққа жолаушылап барып келсе айналасындағыларға сыйлық әкеліп қуантып, үнемі көңілін аулап жүретін. Менің ойымша, еркек деген үйдің барлық ерек-жарағын айтқызыбай тауып тұратын жан болуы керек. Ол кісі сон-

дай болған екен. Анам «Әкелеріңмен отыз жыл өмір сүрдім. Бірде-бір рет ұрысқан емеспіз» деп отыратын. Олар өте сыйластықта өмір сүрген. Біріншіден, әйелін жақсы көрген ғой, екіншіден, шешем ұрысуға ешқандай себеп жасамаған, сұлулығымен қоса өте сыпайы, ешкімге сен демейтін кісі еді. Өзгені сыйлай отырып, өзін де сыйлата білген жан. Менің түр-келбетім әкеме тартқан. Анамыздың айтуынша, тұңғыштары әп-әдемі қыз бала болыпты. Әжептәуір өсіп қалғанда оның бетіне шешек шығып, қара дақ болып қалған. Ескі наным-сеніммен ел оған көз тиді деп жорамалдайды. Сосын келесі балаға аяғы ауыр болғанда анам «Е, Құдай, балам маған тартпай-ақ, әкесіне ұқсап туса екен» деп тілепті. Құдайдың құдіреті болар, одан кейін туған балалар қараторы, мен сияқты еркек пішіндес болып келеді.

Әкеміз өз ортасына өте сыйлы адам болған. Бетің бар, жүзің бар демей, турасын айтып салады екен. Қандай қызмет атқарсам да, қайда барсам да үнемі «Әкемнің аруағы қолдасын, ол менің қасымда жүргендей болсын» деп ойлаймын. Жеткен жеңістерімнің барлығын «Әкем о дүниелік болса да, бұл оның маған берген сыйы ғой» деп еске аламын. Үйімізде әкемнің үлкен белдігі ілулі тұр. Ол мен үшін аса қымбат дүние. Сол маған күш-қуат беріп тұратындай. Ойымның ұшқыр, нені болса да тез ұғып алатындығым, өмірді сүю, диттеген мақсатқа қол жеткізбей тынбайтындығым әкемнен берілген қасиет деп ойлаймын. «Әкем – менің жарық жұлдызым» деп айтатыным содан, үнемі маған бағыт-бағдар беріп, қолдап, өмірімде жеткен әрбір жетістігіме көмектесіп тұрғандай сезіледі.

Құнарлы қазақ тілін қажетімше меңгердім

Кішкентай Майко мектепте жақсы оқыды. Үй шаруасы бір сәт саябырсығанда мектептің кітапханасына қарай жүгіретін. Ауыл кітапханасының қоры кәдімгідей бай болды. Сондағы қазақ классиктерінің, орыс және шетел жазушыларының қазақ тіліне аударылған шығармаларын оқып тауысты. Әлемдік классикадан Роллан, Бальзак, Мопассанның махаббат жайлы кітабының қолына түскенінің бәрін оқып шықты. Бальзактың отыз томдық шығармаларының бәрінен сусындады. Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафиндердің кітабын бірнеше реттен қайталап оқыды. Чернышевскийдің «Не істеу керек?» деген кітабының қазақшасын оқыды. Тургенев, Гончаров, Томас Маннның шығармалары да оның назарынан тыс қалмады. Ол өзін әдеби кітаптар тәрбиелеп өсірді деп санайды. Үй шаруасынан

қиналған шақтарында бұларға ауыл балалары келіп көмектесетін. Соларға оқыған кітаптарының мазмұнын айтып беретін. Әкесінен естіген қазақтың ескі сөздері мен осы кітаптардан білім нәрімен сусындағаны өз тілін сақтап қалуына көп көмегін тигізді деп ойлайды. Қазақтың бай, құнарлы тілін өз қажетінше меңгере алғанына қуанады.

Ол бірнеше мектепте оқыды. Алдымен ауылда бастауыш мектепті бітірді. Екі-үш шақырым жердегі ұжымшардың мектебіне катынап, жетіншіні тәмамдады. Одан кейін көрші ұжымшарда сегізінші бітірген жылы анасы ағасы Әлиханның артынан Алматыға көшіп келді. Содан ол оқуын астанадағы №12 мектепте жалғастырды. Сынып жетекшісі – қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі, атағы дүркіреген Әлия Дүйсенова болды. Орыс тілінен Социалистік Еңбек ері Рәбиға Нұртазина сабақ берді. Бұл мектептің мұғалімдері аса білімді болатын. Шешесі үнемі «Оқы, оқысаң адам боласың!» деп құлағына құйып отыратын. Оның білімге деген асқан ықыласына осы сөздер де түрткі болғаны рас.

Қаржы саласындағы жарты ғасыр

Білімге деген құштарлығы оны ауылдан қалаға қарай тартты да тұрды. Болашағы жарқын, жақсы өмірдің қалада екенін ол ерте түсінді. Сондықтан қалада қалуға талаптанды. Қалада терең білім керектігін, әйтпесе, ауыр жұмыстарды істеген бұрынғы өмірінен жаңа өмірінің ешқандай айырмашылығы болмайтынын тез ұғынды. Неге екенін оған зиялы қауымның еңбегі жеңіл, мерекеге, қызық-қуанышқа толы және ақшаны мол табатындай болып көрінетін.

– Оқу – адамның көкжиегін кеңейтеді. Сондықтан да таңдауым еліміздегі ең іргелі, мықты ЖОО болып саналатын ҚазМУ болды. Кейіннен бізді Алматы халық шаруашылығы институтының Қаржы және несие факультетіне ауыстырып, 1967 жылы осы оқу орнын экономист мамандығы бойынша бітіріп шықтым. Әр мектепке ауысып жүргендіктен белсенділік танытып, көзге түсетіндей болмадым. Бірақ институтта қоғамдық жұмыстардан тыс қалған кезім жоқ. Тобымыздың старостасы болдым. Студенттік шақты бірге өткізген достарымызбен әлі күнге дейін жақсы қарым-қатынастамыз. Жолдаспыз, бірге келе жатырмыз, – дейді ол. – Егер менің таңдаған мамандығым қанша күш, қанша уақыт, қанша өмірімді алатынын білгенде қаржы қызметкері болар ма едім, әлде жоқ па, кім білсін? Дегенмен, қазір жүріп өткен өмір жолыма қарап өз таңдауыма еш өкінбеймін.

Қалай дегенде де, үлкен қала маған құшағын ашты, білім алдым. Қаржылық мекемелер қазақ қыздарын жұмысқа алуға онша ықыласты болмаса да, жұмыс таптым. Ең алғаш қызметімді «Құрылыс банктен» бастап, сол жерде табан аудармай 24 жыл жұмыс істедім. 1966 жылы КСРО облыстық «Құрылыс банкіне» несие инспекторы болып жұмысқа қабылданып, аға экономист, бөлім бастығы қызметтерін атқардым. 1975 жылы КСРО «Құрылыс банкінің» Калинин бөлімшесі бастығы болып тағайындалдым. 1977 жылы осы банктің Алматы облысы кеңсесі қалалық басқармасы бастығы қызметіне тағайындады. Адамның өз жұмысын жақсы біліп, үйренуі, өз саласын сүюі үшін нағыз кәсіби мамандармен жұмыс істегені жақсы. Біз жұмысқа кіріскен кезімізде тәлімгер дейтін болушы еді, ол жас маманға сол кәсіптің қыры мен сырын үйрететін. Банкке жұмысқа кіріскен кезімде білікті де білімді, ақылды, жасы біразға келген бухгалтер-экономист әйелдер көп болды. Дені Ұлы Отан соғысы кезінде біздің елге көшіп келген және шетінен өз ісінің нағыз мамандары болатын. Өздері біліп қана қоймай, бізге бар жан-тәнімен үйрететін. Олардың жүріп-тұрғаны, киім киісі бізге үлгі болды. Бәрі барынша әдемі киінетін. Мені олар өздеріне ыңғайлап Майя атап кетті. Ұжымым жылдар бойы қанша қайрап жетілдірсе де, мен өз атымды, өз әдет-ғұрпым мен қызығушылығымды, өз ана тілім мен ұлттық дәстүрімізге деген махаббатымды сақтап қала алдым. Одан басқа театр, кітап, адамдармен жылы қарым-қатынасты, еңбек етуді жақсы көрдім. Айта кету керек, өзімнің жан аямас жанкешті еңбегім өз қалауымша өмір сүруіме мүмкіндік берді. Біз де барды-жоқты көрдік. Өмірімізде қызық та, қиындықтар да кездесті. Тақтайдай тегіс өмір болуы мүмкін емес. Өмір бақи банк, қаржы саласында жұмыс істедім, сондағы көзімнің жеткені – қай уақытта болсын жақсы адамдар әр салада көп. Қай жерде жұмыс жасағанда да ең бірінші үйренгенім сол жер болғаннан кейін осы банкті ұмытпаймын. Өткен өмір жолымда көмектесіп, дұрыс бағыт-бағдар беріп, ақылын айтқан адамдар көп болды.

Жарты ғасырдан астам уақытымды қаржы саласына сарп етіппін. Өткен өмір жолыма көз салсам, «Казкредсоцбанкi» басқарма төрағасының орынбасары; «Мемлекеттік Қазақстан тұрғын үй құрылыс банкінің» басқарма төрайымы; «ЦентрКредит банкінің» басқарма төрағасының орынбасары, ипотекалық несие департаменті директоры; осы банктің басқарма төрағасының орынбасары, жоспарлау және қаржылық бақылау департаментінің директоры; «Қазақстандық жеке

тұлғалардың салымдарын кепілдендіру қоры» ЖАҚ төрайымы; «Қазақстан ипотекалық компаниясы» басқарма төрайымы қызметтерін атқарыппын. Жоғары лауазымды қызмет атқару – жайлы орынтақта жайғасып отыру емес, үлкен жауапкершілік. Қазақта «Көтере алмайтын шокпарды беліңе байлама» деген сөз бар. Демек, басшылық қызмет атқару, елді жұмылдырып, жұмысты жүргізу екінің біріне бұйырмаған жауапты міндет.

1993 жылы ақша ауыстыру кезеңінде Алматы қаласындағы Калинин аудандық банкіне орталықтан жіберді. Сол кездегі жұмыстарымызды ойласам қолмен санап шыққан есепсіз қағаз ақша, кәдімгі есепшот есіме түседі. Біз тәулік бойы банк қоймаларында ақша санайтынбыз. Жолаушы тасымалдау автобустарынан түскен кілең 3 сомдық рубльдер тау-тау болып үйіліп жататын. Талай ұйқысыз түндер өтті. Балаларымды балабақша, мектеп, күн ұзағына болатын топтар тәрбиеледі. Олар анасын өте сирек көруге тура келді. Бірде ұлым мен қызым ауырып қалды. Жұмыс – жауапты, сырқатнама алудың мүмкіндігі болмады. Амал жоқ, балаларды өзіммен бірге жұмысқа ала баруға тура келді. Абырой болғанда, жеке жұмыс бөлмем болатын. Бастығымның маған қарай беттегенін оның аяқ дыбысынан сездім де, балаларға «Үстелдің астына кіріп, тып-тыныш отырындар» дедім. Бастығымның сұрағы көбейіп, әңгіме созылып барады. Үстелдің астында тығылып отыра беру әбден іштерін пыстырған болуы керек, балам аяғымнан шымшып, «Мама, әңгіменді аяқтасайшы» деп сыбырлайды. Оған жауап бере алмай қысылып отырғанымды балам қайдан білсін, «сезбей отыр» деп ойлаған болуы керек, одан бетер шымшиды. Аяғымның қатты ауырғаны соншалық, тіпті көзімнен ытқып жас шығып кетті. Дегенмен, бастығыма сыр білдірмей әңгімеді жалғастырдым. Ол тап қасында қандай «спектакльдің» жүріп жатқанын сезбеген күйі шаруаларын бітіріп, жұмыс бөлмемнен шығып кетті...

Ақылмен шешім қабылдауға тырыстым

Институт бітіргенде өзім армандаған ханзаданы жолықтырдым. Ол менің өмірлік қосағым болды. Түбі Маңғыстау жактікі. Біз үйленген жылдары Қуандық студент болатын. Сосын аспирантурада оқып, кандидаттық және докторлық диссертацияларын қорғады. Ол Қазақ Ұлттық аграрлық университетінде жұмыс атқаруда. Профессор. Отбасын құрғанда келіндік міндетімді атқарып, қайын жұртыммен бірге тұруға мүмкіндік болмады. Институт бітірдік те, Алматыда қалдық.



Бірақ қазақта «Келін – қайын ененің топырағынан жаралған» деген сөз бар ғой, енемнің мінезі, көңілдегісін айта салатыны тура өзімдікі сияқты болды. Ол кісімен жақсы тіл табыстым. Олар ауылдағы қайынағамыздың қолында тұрды.

Қуандық Айнабайұлы кезеуіміз жарты ғасырдан бері бірге өмір сүріп келеміз. Кісі қызығарлықтай мығым, тату-тәтті отбасымыз бар. Біз бір-біріміздің жанымызды қас-қабағымыздан ұғып, не керек екенін айтқызбай түсінеміз. Тамаша ұл-қыз өсірдік. Олардан үш немере сүйіп отырмыз. Бізді өмір жолымызда кездескен ешқандай қиындық айыра алған жоқ, ал өмір болған соң ондай қиындықтардың аз болмасы анық. Ең алдымен материалдық жағынан көп қиындық көрдік. Бізге өмірге бейімділігіміз көмектесті. Есіме түсіп отырғаны – менің жұмысқа киетін жалғыз көйлегім болды. Кешке оны тазалап, «Ертен қалай өзгертіп кисем екен» деп ойлайтынмын. Бір күні жағасын көрсетіп, екінші күні мойынорағыш салып, үшіншіде танамоншак немесе сәнді түйреуіш тағып баратынмын.

Балама бұрынғы көйлегінің жеңін қиып, жаңаға айналдырып киізгенімде қуанғанын көрсең, сосын қораптың ішінен өз көйлегінің кесілген жеңін көріп, көңілі түсіп, анасының оны «алдағанына» жылағаны бар. Сонда «Кейін есейгенде менің бұл амалымды түсінерсің» деп ойлағанмын.

Жұмыс істеген кезімде өз отбасыма көңіл аударып, қамқор болуға мұршам болмады. Тіпті өзіме қарауға да қол тие бермейтін. Сол олқылықтың орнын толтыру үшін бос уақытымның барлығын отбасыма арнауға тырыстым. Каникул кездері балаларымды Ыстықкөлге алып бардым. Сөз жоқ, мансап мені жоғары көтерді, жетекші қызметтер атқардым, еліміздің қаржы саласында сіңірген өз еңбегімнің орны орасан деп білемін. Бұл саладағы табысты жұмыстарым үшін қуаныштымын. Салада көптеген шәкірттер, ізбасарлар тәрбиеледім. Олардың қазіргі күнге дейін ұмытпай, құрмет көрсетіп, сыйлауы менің нашар маман болмағанымды, сондай-ақ мінезімнің кейбір кемшіліктеріне карамай, адам ретінде де олармен жақсы қарым-қатынас жасай білгенімді көрсетеді. Мүмкін өте талапшыл болған шығармын, оның есесіне, менің жетекшілігіммен жасалған жұмыста ешқашан ұялатындай жағдай орын алған жоқ. Жұмысымның жемісін күткендерді ешқашан жерге қаратқан жоқпын және қаржы саласында талай жаңа жобаларды енгізіп, жұмыс істедім. Қол астымда жұмыс істеген қызметкерлерді орынсыз ренжітіп алған кезім болған

жоқ. Айналамдағыларға әрқашан өзіме, өз балаларыма қарағандай қарым-қатынас жасадым дей аламын. Дегенмен, бұл қарым-қатынасым әрдайым солай қабылданып, бағаланған жоқ, бірақ ол мен үшін өкініш емес. Маған ескі өлшеммен қарағандар да болды, ал өзім олай ойламаймын. Не істесем де терең ойлап, ақылмен шешім қабылдауға ден қойдым. Адамдармен сөйлескенде тез жауап қайтарамын, ойым жылдам, ұшқыр. Қанша лауазымды қызмет атқарсам да, жиналыстарда сөйлейін десем, көптің алдына түсіп кеткендей болып, тартынатыным бар. Сондықтан бір адамға қарсы шығып, оның көңіліне келетіндей ауыр сөз айтатын адам емеспін. Әрине, өмір деген тақтайдай тегіс емес, кейбір түсініспеушіліктер болған жағдайда олармен дұрыстап сөйлесіп, тіл табысуға тырысып, ретін келтіріп жатамын. Бүгінде ешкімге ешқандай өкпем жоқ. Өмірімде жекеменшік, өзіме ғана керек жұмыспен айналысқан жоқпын, көбіне халыққа керек жұмыстар жасадым. Қаржы саласының жеке тұлғаларға берілетін несие жағында көп еңбектендім.

Ұрпағымыз назардан тыс қалмауға тиіс

– Қайын жұртымдағылар мені Қуандықтан артық көрмесе, кем көрмейді деп айта аламын. Себебі олардың барлығын да өзімнің жақын туыстарымдай жақсы қабылдап, қолымнан келгенше көмектесіп отырдым. Жұмыс істеп жүргенімде екі жақтан 13 бала біздің үйімізде жатып институт бітіріп кетті. Алматыда төрт бөлмелі пәтерде тұрдық. «Алла тағала бұйыртып берген несібені жақындарымнан неге қызғануым керек? Оқысын, біз сияқты жұмыс істесін, көрсін» деп күнделікті өмір тұрмысына ештеңе алғызбай, өзіміздің айлығымыздан солардың бәрін оқытып шығардық. Қазір олар бізге үлкен құрметпен қарап, сыйлайды. Адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасы үлкен нәрсе. Себебі адамдардың бір-біріне деген көзқарасына көп нәрсе байланысты. Отбасындағы ауызбіршілік, бірін-бірі қолдау, бір-біріне барып жағдай сұрасу, үлкен кісілерге құрмет көрсету, ынтымақтастық – мұның бәрі балаларда отбасынан және мектептен қалыптасады. Қазіргі заманда көптеген ата-әжелеріміз жан тыныштығын ойлап өздері жеке тұрып, бала-шағасына, немерелеріне қарамайды. Қазақы қалпымызды, дәстүрімізді сақтау үшін өз ұрпағымызға үнемі көңіл бөлуіміз керек. Немерелеріме «Үйге қонақ келсе, бөлме-бөлмеге кіріп алып отырмандар, жүгіріп шығып, амандасу керек» деймін. Қазақта «Көзге

көз түссе, мейірім түседі» деген жақсы сөз бар. Адамдар бір-бірімен тығыз араласқанда ғана бірін-бірі жете таниды, бір-бірінің отбасында, жеке басында не болып жатқанын біледі. Оның жақсылығын ғана емес, қиыншылығын да жүрегімен сезінеді. Көмектесуге тырысады. Қиналғанда жасалған қолдау әлгі адамның өмір бойы есінен кетпейді. Оның саған деген ойы түзу болады. Саған да жақсылық тілеп тұрады. Үйіме келгендерді құр қол шығармауға тырысамын. Себебі ол үйіне көңілденіп қайтуы тиіс. Біреудің берген дүниесі ешкімге дүние болмайды. Бірақ кішкентай ғана зат оған «Мыналар мені сыйлайды екен ғой, құрмет көрсетіп, сәлем-сауқат беріп жатыр» деген ой тастайды. Оның саған деген көзқарасы жақсы болады. «Осындай болуы керек екен ғой» деп балалар да сенін жасап жатқаныңды жас кезінен сана-сына сіңіріп өседі.

Адам өз бала-шағасының болашағы жайлы ойланбай тұра алмайды. «Олардың заманы, өсіп келе жатқан немерелеріміздің жағдайы қалай болады?» деген сұрақтар әр адамның басында бар. Ауқымды түрде алып қарағанда, бұл айналып келгенде біздің халқымыздың, Қазақтың болашағына келіп тіреледі. Балалардың тәрбиесіне көп көңіл бөлуіміз керек. Бәрі баланың жас күнінен, мектептен басталады. Қазір мектептерді, білім саласын көтеруді қолға алып, мұғалімдердің жалақысын көбейтіп жатқаны дұрыс. Мектепте тек айлық алып кетуді ойлайтын емес, балаларды жақсы көретін, мейірімді, «Ертең Отаныма жақсы адам шықсын» деген ұғымы бар адамдар жұмыс істеуі керек. Мұғалімдерге үнемі құрмет көрсетіп, мемлекет тарапынан марапаттап отырса, олардың мерейі үстем болады. Бұл – мұғалімнің беделін көтереді. «Мұғалім деген мәртебелі мамандықты игеріп, сол салада үлкен абыройға жетсем» деген жастарымыздың арманына айналуда тиіс.

Қай салада болсын өз еңбегімен өскен, өнген, жалпы жұмыс істеген адамдарға аса құрметпен қараймын. Мен – заманауи адаммын. Компьютерді, басқа да заманауи техникалық құралдарды пайдаланамын. Мамандығыма қарай түрлі адамдармен, шетелдіктермен де жиі кездесіп, жұмыс істеуге тура келді. Жиырмадан астам шет мемлекетке барудың сәті түсті. Мен – жаратылысымнан интернационалистпін. Адамдарды ұлтына немесе ұстанған діни көзқарасына қарап сөге жамандамаймын. Дегенмен, ана тілім, қазақы бет-бейне, ұлттық музыка, ән, дәстүр – бұл менің жүрегімнің түбінде сақталып қала береді.


Табысқа жету кілті – еңбекқорлық

– Жас ұлғая келе түсінгенім, егер бір талантың болмаса істеген ісінді, таңдаған мамандығыңды қатты беріліп, шын ықыласпен сүйіп істеуің қажет. Өмірімде «Атам маған қалдырған ақыл мен ойлау қағидасын орындау керек» деп өз алдыма қойған міндеттеме қатты көмек берген сияқты. Қайрат, жігер, тынбай еңбектену қашанда мені алға қарай жетелеуде. Аристотель айтқандай, «Жеңістің ең үлкені – өзінді жену». Ұл-қызымыздың болашақ мамандықтарын таңдауында дұрыс бағыт-бағдар беруге тырыстық. Қызым Айгүл – сәнгер, ұлым Бақытжан – кәсіпкер. Өзімде бар еңбекқорлық қасиет балаларымның бойынан да табылғанына қуанамын. Олар жұмысқа тіпті бір кездердегі менен де көп уақыттарын жұмсайды. Олардың табысқа жету кілті – сонда. Балаларымның жетістіктеріне шын ықыласыммен қуанамын. Олар тек жұмысты ойламай отбасын қатар алып жүргеніне, сүп-сүйкімді немерелерімді өсіріп отырғанына ризамын. Ана, әже ретінде немерелерімнің тәрбиесіне барынша көңіл бөліп, қолымнан келгенше оларға көмектесуге тырысамын.

Майко Оразымбетқызы – «Құрмет» орденінің иегері. Халықаралық Ипотека және жылжымайтын мүлік академиясының академигі. Идеал тұтатын саяси тұлғасы – Маргарет Тэтчер. Хоббиі – сәндік гүлдер өсіру. Майко апайды журналистік қызметімді бастаған жиырма жылдан бері білемін. Ол қандай лауазымды қызметтер атқарса да тілшілер үшін қашанда ашық болды. Телефон тұтқасын өзі көтеріп, сұрақтарға жауап беретін. Қазір де сол ашық-жарқын, қарапайым қалпы. Бүгінде немерелерінің қамын ойлайтын, нағыз қамқор әжеге айналғаны көрініп тұр. Ол мансап, байлық адамға өмірлік серік болмайтынын, отбасының шаттығына жететін ештеңе жоқ екенін айтады. Бұл – өмір көрген, көкейіне көп нәрсені түйген абзал ананың сөзі.

70 жылдық мерейтойыңыз құтты болсын, Майко апай!

20 ақпан, 2015 жыл



Сейдахмет ҚҰТТЫҚАДАМ,

саясаттанушы:

ШЕНЕУНІК БОЛУ МЕНІҢ ЖОЛЫМ ЕМЕС ЕКЕНІН ЕРТЕ ТҮСІНДІМ...

Саясаттанушы, техника ғылымдарының кандидаты, доцент, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, «Мысль» журналының бас редакторы Сейдахмет Құттықадамның туған жері – Түркістан шаһары. Ол бала күнінде тарихшы болуды армандайды. Бірақ өмір оны мүлдем басқа салаға алып келді. Ғылымда бақ сынап көруге мүмкіндік туды. Әйтсе де айналып келгенде әу бастағы қазақтың тарихына қатысты арманының бір парасы бүгінде орындалғандай. Соған шүкіршілік етеді.

Түркістан – менің тірегім

– Ұлы Жеңіске тура бір жыл болғанда, яғни 1946 жылдың 9 мамырында дүние есігін ашыппын. Мен туып-өсіп, жетілген Түркістан қаласы ол кездерде ерекше болатын. Оның ерекшелігі – қала тұрғындарының қазақтың ежелгі дәстүрлерін, әдеттерін, дінін сақтағандығында. Басқа жерлерді атеизм жайлап тұрғанда, түркістандықтар дінін, имандылығын ұмытқан жоқ. Бұл – кеңес өкіметі тұсында өзге қалалар секілді орыстануға және идеология қыспағына көнбей, өзінің рухани бет-бейнесін сақтап қалған шаһар. Менің азамат ретінде

қалыптасуымда әке-шешеммен қатар осы киелі қала да үлкен орын алады. Бұл жерде тағдыры күрделі, қызық адамдар көп болды. Бір көршіміз Өзбекстанда ма, Тәжікстанда ма басмашылардың басшысы болған. Енді бірі кезінде Түркістан легионында герман армиясының обер-лейтенанты, яғни аға лейтенант болыпты. Неміс тілін білген, аудармашы-тілмаш болып жұмыс істеген. Бұл шаһарда молдалар, софылар, дәруіштер мен абыздар көп еді. Кейін 60-жылдардың соңына таман олар бірте-бірте өмірден озып, азайды. Міне, сол кездерден бастап Түркістанның бет-бейнесі өзгере бастады, – деп әңгімені тереңнен қозғады Сейдахмет аға. – Әкем – Ырысқожа, шешем – Ырысай. Әкем Торғай жағының азаматы, яғни біздің әулеттің атамекені – Торғай өңірі, осы (қазіргі Қостанай облысы) облыстың Жәнібек ауданында Ақшығанақ деген мекең. Әкемнің трагедиялық жағдайы бар. Ашаршылық кезінде үлкен, бақуатты отбасы болған біздің әулеттің бәрі қырылып, ол жалғыз жетім қалып, Ақтөбеде Балалар үйінде өседі. Есейе келе Түркістанда Балалар үйінде жұмыс істейді. Анаммен жолығып, отау құрады.

Ырысқожа әкей педагогикалық техникумды бітіргенмен мұғалім болып еңбектенбеген. Кейіннен арнайы курс бітіріп, өмір бойы бухгалтерлік қызмет жасайды. Тіпті бес-алты жыл Кентау мен Созақта Мемлекеттік сақтандырудың жергілікті мекемесін басқарған. Оны өз заманының белді интеллигенті деуге болады. Тағы бір қасиеті – көп оқығандығы, қазақ-орыс әдебиетін жетік білетін, қазақтың тарихынан терең хабары бар, білімді азамат болған. Өте әңгімешіл, ашық адам екен. Ара-тұра аудандық, облыстық газеттерге мақала жазып жүретін. Ал анасы ескіше аздап қана хат танитын. Жеріне тартқандікі ме, тумысынан байсалды, сабырлы, не айтса да ойланып сөйлейтін кісі болыпты. Аңыз-әңгімелерді көп білетін, Абайдың өлеңдерін жатқа оқитын. Біздің кейіпкеріміз бұл шаңырақтың тұңғышы. Бұл үйде алты ағайынды бала – бес ұл, бір қыз өсті. Нағыз қазақы, діндар, ең бауырмал інісі Ахмет, өкінішке қарай, ерте қайтыс болып кетті. Үлкен інісі Құрманбай – кәсіпкер, Темірхан – қарапайым жұмысшы, Болат – журналист. Қарындасы Айша – ұстаз, төрт бала тәрбиелеп отырған ана. Бүгінде әрқайсысы өмірде өз жолын тапқан.

Асық ойнап, асыр салған, беу, балалық...

Бала Сейдахмет Түркістандағы Ленин атындағы орыс мектебінде білім алады. Ол жас кезінен білімге ұмтылды, оқуға құштар болды.

Түркістанның қоры мол кітапханасынан шықпайтын. Мектеп жасында әдеби, тарихи кітаптарды қызыға оқыды. Ақыл тоқтатып, оң-солын таныған соң философиялық, психологиялық, этнографиялық дүниелерге ден қойды. Біздің кейіпкеріміздің көзінің анық жеткені – адам қанша жерден зиялы отбасында өскенімен, өзі талпынбаса, ізденіп, оқымаса, көп нәрседен құр қалады.

Соғыстың ықпалы ма екен, сол жылдары жастардың көбі қызба, бұзықтау, төбелеске жақындау болды. Оның үстіне «Мықты, жігерлі болуымыз керек» деген насихат та басым еді. Бір нәрсе ұнамаса, жұдырық ала жүгіретін. Төбелес кезінде бірде жеңесің, бірде жеңілесің, мұндайда өз-өзіңді қорғай алсаң, өз-өзіңді дәлелдесең, онда ортаң сені сыйлайды. Түркістан – теміржолдың торабы. Олар Кентаудың, стансаның, басқа көшелердің балаларымен талай төбелескен. Бірақ оның бәрі бір-бірімен өштесіп, артына түсу емес, іштегі қайнап жатқан қуатты шығарумен ғана тынатын. Ертесіне кездескенде құшақтасып, ойнап жүре беретін.

– Менің досым, жерлесім, белгілі ақын Темірхан Медетбек Түркістанның стансасында тұрған, әр кездескенде әзілдесіп, бала күнімізде бір-бірімізді сабағанымызды еске алып, мәз-мейрам боламыз. Біз асықты өте жақсы көретінбіз. Асықты шиырып лақтырып, мәре-сәре болып жататынбыз. Сақа ерекше болуы үшін оған қорғасын құйып, қызыл түске бояп қоятын едік. Ләңгі деген ойын болатын. Сол ләңгі ойынын қазір көбі онша жақсы көрмейді, бірақ ол да біздің бала күнгі сүйікті ойынымыздың бірі еді. Соғыстан кейінгі кез болған соң, ер балалар неміс фашистері мен біздікілер болып бөлініп, атыс ойындарын ойнайтынбыз. Ойынның қызығына тоймай, түннің бір уағына дейін жүретінбіз. Біздің жақта барлық үй бақша салады. Соған қарамай, бірде қас қарая ұжымшардың бақшасына ұрлыққа түстік. Әуелі аңдап басып кіргенімізбен, біраздан соң еркінсіп, дауыстарымыз да қаттырақ шығып кеткен болуы керек, күзетші ата байқап қойып, бізді тырқыратып қусын кеп. Бақша биік дуалмен қоршалған. Мықшындап дуалға өрмелеп, одан секіріп сыртқа түсем дегенше күзетші мылтығының тұзды оғы нысанаға тиіп үлгерді. Сол жерден улап-шулап қашып шыққанымызды кейін талай айтып күліп жүрдік, – деп балалық шақтың қызығы еске түсіп бір рақаттанып күліп алды Сейдаған. – Мектептегі кезімізде жазғы демалыста пионерлер лагеріне жіберетін. Лагерьге бір рет мен де бардым. Қатарға тұрғызып, тамаққа, шомылуға, ойындарға алып барады. Еркіндік жоқ. Тәрбиешілер таңнан

кешке дейін басында қадағалап тұрады. Бір күн болдым да, тәрбиешілердің көзін ала бере қашып кеттім. Оның есесіне, жазғы демалыс сайын ауылда тұратын нағашыларыма тартып тұратынмын. Шамамен тоғыз жасымнан бастап, сегіз жыл бойы үздіксіз жаздай нағашыларымның ауылында жүрдім. Үш ай каникул мен үшін қызыққа толы болатын. Алмахан нағашым ұжымшардың сиырын бағатын. Өздерінің қой, сиыр, жылқысы болды. Малшылар жаз кезінде шынайы көшпенділердің өмірін сүреді. Үйді жығады, оны жаңа қонысқа тігеді. Солармен бірге көшіп, қонып, киіз үйде тұрып, күбіге жаңа піскен сарымайды таба нанға жағып жеп, айранды сіміріп өскен баламын. Атқа мінуді үйрендім. Маған «мал бақ» деп жатқан ешкім жоқ, сонда да күн шықпай оянып, атқа мініп, қас қарайғанша малдың соңында жүретінмін. Сондай өмір маған біртүрлі жақын әрі ұнайтын. Бұл кездері көшпенділердің болмысын, қазақы ділді, тұрмысты танып, бойыма сіңіріп жатқанымды өзім де сезген жоқпын. Осылай қалыптасуыма нағашыларымның қосқан үлесі қомақты екенін айтпай кетуге болмас. Нағашы әжем Нәзипа халқымыздың ауыз әдебиетіне қанып өсуіме үлкен әсер етті. Ол кісі көптеген аңыздарды, бұрынғы әңгімелерді білетін. Өзге балалар ойынға бас қойғанда, мен әңгіме айт деп әжемнің қасынан шықпайтынмын. Бұрынырақта нағашыларым Сырдың бойын жайлап, мал бақты. Сырдарияның арнасы кең кезі. 30 шақырымға дейін таситын. Өзенге шомыламыз. Балық аулау да бір ғанибет болатын. Кейіннен әжемдер Қаратау жаққа көшіп кетті. Нағашы інім Жұмаділда екеуіміз үңгірлерге, жыраларға барып, ол жақта да талай қызықты бастан өткізетінбіз. Мылтығымыз бар еді. Соншалықты мерген болмасақ та, аңға шығатынбыз. Сол кездері қазақтың көшпенді өмірін, малшылардың әңгімелері, тыныс-тіршілігі қандай болатынын жете түсіндім. Олардың өмірі мал шаруашылығымен біте қайнасып, тұтасып кеткен. Сол ауылда қазақшылықты үйрендім, табиғатпен етене жақын араласып, қыр-сырын біле бастадым. Әсіресе, көшпенді халықтың әдет-ғұрпын күнделікті көзбен көріп, бойыма сіңірдім деп айта аламын. Малды қалай тоғыту керек, қалай айдау, қалай бағу керек, көшпенділердің психологиясы қандай, міне, соларды үйрендім. Оның үстіне кітапқұмарлық қасиетім халқымыздың болмысын терең тануыма ықпал етті. Тек қалада тұрып, өссем, орысша балабақшаға барып, орысша мектепте оқыған мен нағыз асфальтта өскен бала болар едім. Ауыл менің ұлттық сезімімнің қалыптасуына, ой-өрісімнің кеңеюіне үлкен септігін тигізді.

Ағалардың қамқорлығын айтсаңшы...

Ол ес білгеннен қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінде білім алуды армандады. Өкінішке қарай, отбасылық жағдайдың қиындығына байланысты Алматыдағы іргелі оқу орнынан білім алудың сәті түспеді.

Бұл СОКП-ның бірінші хатшысы Никита Хрущевтің химия саласын дамытуға ерекше көңіл бөліп тұрған кезі болатын. Ол ата-анасынан онша алысқа ұзамай, Шымкенттегі Химия-технология институтына оқуға тапсыруды ұйғарады. Жолы болып, студент атанады. Бұл оқу орнының беделі, деңгейі Алматыдағы институттардан кем болған жоқ. Институттың ректоры өте білімді, талапты ұйымдастырушы, ерекше жан Сұлтан Сүлейменов өз қарамағындағы жастарды Мәскеуде, Ленинградта оқытып, олар елге қайтып келіп еңбек етті. Бұл институттан шыққан белгілі, білімдар қайраткерлер көп болды, оның біраз түлектері облыс әкімдері, министрлер, Парламент депутаттары болды. Ал ректор болғандардың саны тіпті көп. Бүгінде өмір жолына көз тастаған Сейдахмет аға басқа жастармен бірге Сұлтан Сүлейменовтың жақсылығын көп көргенін айтады. Ұстазының үлкен азамат, ғалым, әсіресе, тәрбиеші болып, балаларды жақсы көріп, өзімен тең ұстағандығын ризашылықпен еске алады.

– Технологиялық институттан кейін көбіне өндіріске – химия зауыттарына жіберетін. Бірақ менің жолым басқаша болды, – дейді Сейдахмет аға. – Диплом алған соң мені Атыраудағы Мұнай химиясы ғылыми-зерттеу институтына жіберді. Институттың басшысы Тельман Сарыбаев – өте білімді, намысшыл, ұлтын керемет сүйетін кісі еді. Ол кездері ұлттық сезімі бар қазақ ғалымдарына қысымшылық көрсететін. Соған қарамай, Тельман ағамыз қаншама азаматтарды оқытты! Кемінде елу шақты ғылым кандидаттарын дайындап шығарды. Олардың бәрі бүкіл Қазақстанда еңбек етіп жүр. Тельман Ғабитұлы менен небары он үш-ақ жас үлкен болатын. Соған қарамай, маған туған әкемдей қамқорлық танытты. Жастықтың әсері ме, бір жағы еркелеу де болдық. Сол еркелігімізді көтерді, қолынан келген көмегін аямады. Өмірде неше түрлі қызық жайттар болады. Бір жиналыста көптің көзінше ағаны сынағанмын. Айналамдағылар «Тельман Ғабитұлында нең бар, шаруаң бітті» деген. Ағамыздың азаматтығы ғой, ол кісі қайта маған көмектесіп, аспирантураға түсуге кеңес берді. Жиырма жеті жасымда зертхана меңгерушісі етіп тағайындады. Ғылыми институтта бұл үлкен қызмет. Партия қатарына қабылдатып, институт кәсіп-

одағының төрағасы етіп сайлады. Институтта жұмыс істеген алты жылда ағаның тәлім-тәрбиесін алып, азамат ретінде қалыптастым. Тельман аға менімен жиі сөйлесетін. Алашорда туралы көп айтатын. Көкірек көзімді ашуға көп септігі тиді. Мен үшін Илияс Есенберлиннің «Көшпенділерін» ашқан сол кісі. 70-жылдары бұл шығарманың беделі жоғары еді. Ол кітап қазақтың әр зиялы азаматының үйінде болды. Осы уақытқа дейін Сарыбаев ағамызды құрметпен еске аламын. Ол мені кеңдікке, қазақтық қалыпты, өз шыққан тегінді сыйлауды үйретті. Әке-шешенің тәрбиесі өз алдына, ал қызметке араласып, өмірді тани бастағанда бағыт-бағдар беру үлкен іс. Тельман ағамыз мені өзіне жақын тартты. Ол кісіден көп нәрсе үйрендім. Техника ғылымдарының кандидаты ғылыми атағын қорғадым. Сарыбаевтың тағы бір қыры – мені Мәскеу, Грозный, Астраханға іссапарларға жиі жіберді. Әсіресе, Мәскеуге жыл сайын екі-үш ай жіберіп тұрды. Бұл менің емін-еркін ізденуіме септігін тигізді. Өкінішке қарай, кейіннен ағамыз қуғынға ұшырап, көп қиыншылықтар көрді. 2008 жылы өмірден озды. Отбасымен, жеңгемізбен осы күнге дейін араласып тұрамыз.

Ғылыми жетекшім Александр Васильевич Агафоновқа да айтар алғысым шексіз. Ол кісі Мәскеудегі Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу, мұнай өндіру институты директорының бірінші орынбасары болды. Өте үлкен ғалым. Танысқанымызда мен небары 25-тердегі жігітпін, ол кісі 60-тан асып кеткен. Жас айырмашылығымызға қарамай екеуіміз керемет тіл табысып, жақсы қарым-қатынаста болдық. Менің ол кісіге жазған хаттарым ұнап қалды ма, қайдам, біз бір-бірімізді өте жақсы түсіндік. Үйіне шақырып, әңгімесін айтатын. Ол менің ғылымға деген қызығушылығымды арттырды.

1989 жылы ММУ-де (МГУ) төрт айлық біліктілікті арттыру курсында оқыдым. Бұл Арқалық пединститутында кафедра меңгерушісі қызметін атқарып жүрген кезім. Кеңестік саяси жүйеде «жұмсақ революцияның» басталған кезі де осы. Біз кеңес өкіметінің көпке бармайтынын сездік. «Литературная газета» басылымына «Оберегая корни, сохраняем себя» атты мақала жаздым. Мақалада ұлтқа, тілге, тарихқа қатысты мәселелер айтылып, соңы «Енді қандай бағытта жүруіміз керек?» деген оймен аяқталады. Одан кейін де ұлттың келешегіне қатысты бірнеше мақала жарық көрді. 1991 жылы «Арай-Заря» журналының бас редакторы Әшірбек Көпішев Алматыға шақырып, журналдың орысша бөлімін сеніп тапсырды. Осылайша, ойламаған

жерден журналистика саласына қызметке кірісіп кеттім. Бұл саяси ахуалдың қайнап тұрған кезі еді. Іле-шала Кеңес Одағы құлап, қоғам өзгерді. Елдің көкірек көзі ашылып, азаттық қозғалыстар пайда болды. Әлемдік саясат туралы көп оқығандығымның пайдасын осы жерде көрдім, тіпті қазақ журналистикасында саяси публицистиканың негізін қалағандардың бірімін деуіме әбден болады.

Есейіп, Алматыға келгенде маған көп көмегі тиген азаматтың бірі – Қуаныш Сұлтанов. Бұл кісінің менің өмірімде алатын орны ерекше. Ол менен бір-ақ жас үлкен, бірақ ағамдай қамқор болды. Жанына шақырып, қарамағына алып, бірлесіп көптеген жұмыс жасадық. Баспа және бұқаралық ақпарат министрінің орынбасары етіп тағайындалды. Пәтер мәселесін шешіп берді. Жаратылысынан ұлтжанды азамат. Білімді, тегеуріні мықты азаматтарды сырттай бақылап жүреді де, қызметтерге ұсынады. Оның көптеген азаматтарға шапағаты тиді. 1992 жылдың соңында Қуаныш Сұлтанұлы басқа қызметке ауысып кетті де, оның орнына келген жаңа министрмен тіл табыса алмадым. Оның үстіне, шенеуніктік жұмыс менің жолым емес екенін түсініп, қызметтен кеттім. Жаным еркін жұмыс жасағанды қалайтынын ұқтым.

КГБ-ның бақылауындағы кездер

Біз білетін Сейдаған әрқашан пікірін, ойын ашық айтады. Институтта оқып жүргенде Мұрат Әуезовтің «Жас тұлпар» ұйымына жастар ерекше үн қосты. Оқуын Мәскеуден Шымкентке ауыстырған студенттер бұл ұйым туралы көп айтатын. Естігендеріне еліктеп, бұлар да ұйым құрды. Пікірі ортақ болып жиналған он бес-жиырма жігіт ұйымды басқаруды Сейдахмет ағаға жүктейді. Бұларда Кеңес Одағынан бөлінеміз деген ой болған жоқ, бірақ қазақтың беделін, тарихын, мәдениетін қалай көтереміз деп жүріп, КГБ-ның (Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті) көзіне түсіп қалыпты. Бұл 1968 жылдар еді. Содан Кеңес Одағы тарағанша біздің кейіпкеріміз КГБ-ның бақылауында болды. Ол қай жерде рухани орталық болса, мешіт болсын, шіркеу болсын баратын. «Америка дауысы», «Азаттық радиосы», «Неміс толқыны» сияқты шетелдік радиотолқындарын тыңдайтын. КГБ-дағылар бұл радио желісін кімдер тұрақты тыңдайтынын да есепке алып отырады екен. Бұл Сейдахмет Ырысқожаұлына кейіннен көп қиындық келтірді. Кей достары оған біртүрлі сезіктеніп қарайтынды шығарды.

– Өмір болған соң, оның сан түрлі соқпағы бар, – деп аздап ойла-
нып қалған Сейдахмет аға әңгімесін одан әрмен сабақтады. – Н.Н.
деген елге белгілі өзге ұлт азаматы ғылымда жүрген көптеген дарын-
ды қазақтарға зиянын тигізді. Басшылардың іші-бауырына кіріп, тілін
тауып, Ғылым академиясында үлкен қызметке ие болды. Ол ұстазым
Тельман Сарыбаевтың да, менің де соңыма түсіп алды. Тіпті болмаған
соң Н.Н.-ның алдына барып:

– Менен сізге не керек? – деп сұрадым.

– Сен менің шәкірттерімнің тақырыбын, ғылыми нанын алып қо-
йып жатырсың. Тақырыбыңды қысқарт, – дейді ол.

– Бұл тақырыпты бірінші бастаған – мен, қысқартпаймын!

– Онда менің мақалаларыма сілтеме жаса!

– Жасамаймын!

Осылайша, ойымды ашық, тіке айтатын мінезімнің салдарынан
көптеген қиыншылықтар болды. Кандидаттық қорғайтын кезімде
Н.Н. екі институттан хат ұйымдастырып, маған қарсы әрекет етіп
бақты. Агафонов болмағанда, мен кандидаттық диссертациямды
қорғай алмайтын едім. Сол кісінің тегеурінді қолдауының арқасында
ғылыми атағымды абыроймен қорғап шықтым.

Атырауда институтта қызмет істеп жүргенде де қызметкерлер екі-
ге бөлінді. Өзге ұлттың өкілдері қазақтың мамандарына ашық қар-
сылықтарын білдірді. Сол кездерде Сарыбаевтың жағына шығып,
жиналыстарда сөз сөйлеп, ол кісіні қорғап жүретінмін. Шынын айту
керек, мен сияқтылар аз болды. Тельман ағам мені сол үшін де жақсы
көрді-ау деп ойлаймын. Дегенмен осындай жағдайларға қарамай өзге
ұлттардың арасында да білімді, сыйлас достарым көп болды.

Мансапқорлық маған жат

– Өзіммен өзім, өз жөніммен жүрсем де «Осы біреу неге өзін-өзі
жоғары ұстайды?» деп күңкілдейтіндер болды. Алматыға келген-
де де өз пікірімді ашық айтып жүрдім. Бір кездерде оппозицияда да
болдым. Оппозицияда жүргенде де ешкімнің жеке басына тіл тигіз-
ген емеспін, тек қана позициясына байланысты мақалалар жаздым.
Кейбіреулер салғыласып, бірнеше жыл бойы айтысып-тартысып
жатады. Менде ондай қасиет жоқ. Ұнамаса, пікірімді айтам да, «Бұ-
дан кейін мен сенімен айтыспаймын, менің пікірім осы» деп ол әң-
гімеге нүкте қоямын. Ашығын айтсам, менің жолым ерекше болды.
Мансапқор болған жоқпын, білім жолында, үнемі ізденісте болдым.

Менің білімқұмарлығымды, мансапқа қызықпауымды кейде туыстарым да, тіпті өмірлік қосағым да түсінбеген жағдайлар болды. Ойларым, жазуым, өмірлік ұстанымым, тіпті жүріс-тұрысым да мүлдем басқаша. Айналамдағылардың көбі кездескенде «Сәке» деп сыйлап тұрады, бірақ мен не ойлап жүрмін, не жазып жатырмын, оларға мүлдем түсініксіз. Бұрын мен туыстарыма қолымнан келгенше көмектесетінмін. Жаңа заман орнағаннан кейін көбіне қоғам жұмысына, кітаптарыма көңіл аударатын болдым. Туған-туыспен, ағайынмен етене араласуға қолым тие бермейді. Оларға сол ұнамайды. Арамызда кереметтей айтыс-тартыс, жанжал болған жоқ, бірақ сондай бір түсініспеушілік бар. Көзқарасымды, жазған кітаптарымды түсінбейді. Олардың өмірі басқа, олар күнделікті өмірмен келе жатқан жандар. Маған «Одан да неге отбасыңды ойламайсың?» деп шығады. Уақыт өте келе туыстарым мені түсінеді деп ойлаймын. Қайта мені өзгелер, елдегі білімді азаматтар жақсы түсінеді. Көптеген көрнекті азаматтармен дос болдым. Ерік Асанбаев, Михаил Есенәлиев, Өзбекәлі Жәнібековтермен сыйластығымыз, достығымыз мықты болды. Қазір Әбдіжәміл Нұрпейісовпен ерекше достық қарым-қатынастамыз. Ол кісі менен 22 жас үлкен, бірақ екеуміз доспыз. Әйгілі академиктер Аманжол Қошанов пен Төрегелді Шарманов, үлкен философ, тіл маманы Берік Жылқыбаевтармен дос, пікірлеспіз, – деп бір қайырды әңгімесін Сейдахмет аға.

Білімсізді өзгелер таптап кетеді

– Қазақ ең алдымен өз психологиясын, ерекшелігін, дәстүрін, мәдениетін сақтауы керек. Тіл туралы көп айтамыз. Менің айтарым – білімсіз тіл ешқашан дамымайды. Қазаққа білім керек. Өкінішке қарай, білім, ғылым жүйесі төмендеп барады. Біліміміз жоғары болмаса, ел болып қалуымыз қиын. Мысалы, кезінде үлкен, дамыған өркениеттер болды. Жанындағы төмен өркениеттер солардан тіл, мәдениет, ғылымды үйреніп, өсті. Кезінде Вавилон мен Мысырдың өркениеті жоғары болды. Олардан көп нәрсені көне Грекия үйреніп алды. Олар тілін біліп, дамыды. Ежелгі Грекиядан грек тілін біліп, Рим үйренді. Еуропада жабайы халық болып жүргендер латын, араб тілін үйреніп, білім алды. Демек, қазаққа білім өте қажет. «Орыс тілінен құтылу керек, бізге керек емес» деп жатады. Бұл – қате пікір. Орыс тілінде білім өте көп. Үш тұғырлы тіл деген саясат ұстанып келеміз, оны сынаушылар көп. Оның жақсы жағы да бар, дамыған тілді білмей ешқашан

біздің қазақ өркендемейді. Білімнің болмаса, өзгелер сені таптап кетеді. Сондықтан бізге тілменен бірге білім, білім және білім қажет. Тек өз мамандығың, салаң бойынша ғана емес, жалпы рухани, мәдени білім керек. Білімнің телегей-теңіз болмаса, өз салаңда да үлкен маман бола алмайсың. Адамгершілік, басқа да адами қасиеттердің бәрі білім мен мәдениет арқылы ғана сақталады. Осы қасиеттерді сақтамасaq, біз мықты халық бола алмаймыз. «Орыс тілінің, ағылшын тілінің қажеті жоқ, өзімізде бәрі бар» деп пікір білдіретіндер бар. Ондай пікірлер біздің дамуымызға кедергі. Ашығын айтуымыз керек, өзімізде аз. Біздің – қазақтың, түріктердің, алтайлықтардың тамыры өте терең. Бірақ сол тамырды сақтап, одан нәр алу үшін бізге білім қажет. Білім деген мәселеге келгенде мен, міндетті түрде, шырылдап кетем, тіпті жан дауысым шығады десем де болады. Өйткені, өркениет – білімде!

«Ойбай, қазақтан мықты халық жоқ, біз кереметпіз» деп кеуде кереміз. Айналайындар-ау, әлемге қарасандаршы, елді, әлемді аралаған, солардың мәдениеті мен руханиятымен таныс, білімді азамат «Қазақ бәрінен мықты» деп ешқашан айтпайды, көкірегін кермейді. Білімді азаматтар керісінше «Біз қалып барамыз, жетілуіміз керек. Ұмтылуымыз керек» деп қайрайды.

Жалпы, қазақ жастарының әлеуеті керемет. Лапылдап жанғалы тұр. Бірақ біз соларға рухани азық бермейміз. Ашықтан-ашық көп нәрсе айтпаймыз, түсіндірмейміз. Ұл-қыздарымызды «Ойбай, сөйлеме. Әсіресе, институтта артық сөйлеме» деп қақпайлап отырамыз. Бұл дұрыс емес. Адам өз ішіндегі ойын айтпай, ашылмайды. Осыған мән беріп қарауымыз керек. Қазақ жастарының мықтылығы неде? Интеллектуалдық ойын – шахматтан Дәрмен Сәдуақасов әлем чемпионы болды, Жансая Әбдімәлік – әлемдегі ең жас гроссмейстер, Динара Сәдуақасова жастардың жарысында үш рет әлем чемпионы болды. Осыдан-ақ қазақтың әлеуеті жоғары екенін аңғаруға болады. Қаншама елдерде өзінің мықтылығын, білімділігін дәлелдеп, үлкен қызмет атқарып жүрген қандастарымыз бар. Чехияда министр болған қазақ қызы Жәмила Стехликова, Ресей губернаторы Амангелді Төлеевтер өздерін мойындатқандар. Әлемдегі білім ошағы – Оксфорд пен Кембридж. Талай қазақ баласы бүгінде сол жерге барып оқып келіп жатыр. Басқа азиаттарға қарағанда біздің қазақ жастарының әлеуеті өте жоғары, ал азиаттар болса, қазір әлемдік көшті бастап келеді. Бірақ соны әлі де дамытуымыз керек, Үкімет соған күш салуы тиіс. «Мен, мен» деп кеуде соққанды қойып, алға қарай ұмтылу керек. Реті

келсе, басқалар мақтасын. Алла біледі, қазақ білім, іздену жолына түссе, әлемдегі алдыңғы қатарлы ұлттардың қатарына кіретініміз анық. Біз бұған байлықпен де, басқамен де емес, тек қана біліммен жетеміз. Ресей де XVIII ғасырға дейін төмен деңгейлі халық болды ғой. Ақсүйектері орыс тілін дұрыс білмейтін. Көбі неміс, француз, ағылшын тілдерінде сөйледі. XIX ғасырда Ресейде алтын әдебиет қалыптасты. Тіл дамып, әдебиет қалыптасқан соң ғылымы тез өсті. Орыс тілі білім арқылы әлемдік тілге айналып шыға келді. Сондықтан білімге көңіл аударуды ешқашан да назардан тыс қалдырмауға тиіспіз.

Жалаң мақтанудың қажеті жоқ!

– Қазақ елі ең алдымен өзінің кім екенін түсінуі керек. Өзін-өзі тануы, білуі, әлеуетіміз қай жағынан жоғары, қай жағынан кем екенімізді білуге тиіспіз.

Біздің халқымыздың алғырлығы керемет. Кеңес Одағы кезінде ауылдың қазақтары Мәскеуге барып оқуға түсіп, өздерінің алғырлығын мойындатты. Асқар Жұмаділдаев та ауылдың баласы. Орысша екі сөздің басын құрай алмайтын бала Мәскеуге барып оқуға түсіп, өзінің мықтылығын көрсетті, керемет математик болды. Қазір елді өтірік пен жемқорлық, ұрлық жайлап кеткен. Елдің байлығының бәріне 100 шақты ғана адам ие болып отыр. Елдің қамын ойлап, елдің алдында жүрген азаматтар ескерусіз қалды. Мемлекет ең бірінші таланттарға күшін салып, олардың жұмыс істеуіне жағдай жасауы керек. Таланттарға жол ашылса, олар бес-он жылдың ішінде елді өзгертіп, көтереді. Бізде таланттар жетіп жатыр. Сол таланттарымызды бағалап, білікті мамандарымызға сенім білдіріп, мүмкіндік беруіміз керек. Өз таланттарымызға жұмыс бермесек, үйретпесек, тәжірибе болмаса, олар қалай дамиды? Менің ойымша, біз келешекте әлемге жаңа жол ашып, әлемге жаңа көзқарас паш етуіміз мүмкін. Өйткені бізде көшпенділік сезім бар. Әлемде мәдениет, әдебиет, өнер әлсіреп барады. Керемет ойлар да жоқ. Ал қазақтар өз көзқарасымен қазіргі жаһандануға көшпенділік сезімін пайдалануға болады. Жаһандану – үлкен көшпенділік. Бұл қазақ үшін таңсық емес. Біріншіден, біз жаһанданудан ешқайда қашып құтыла алмаймыз. Екіншіден, ол бізге керек нәрсе. Себебі көшпенділер тез қабылдап алады. Қазақ – алғыр. Оның бір жаманы – жақсыны да, жаманды да айыра алмайды. Екеуін бірге алады. Соның жақсысын көбірек алатын болса, жаһандану бізге, біздің көшпенділік психологиямызға өте қолайлы болып шығуы мүм-


кін. Сол кезде біз керемет алға кетуіміз мүмкін. Мысалы, салыстырып қарасақ, Голливудта Ресейден де ешкім жоқ, біздің Тимур Бекмәмбетов керемет жұмыс істеп жатыр. Санамалай берсек, ондайлар көп. Біз қазіргі өмірге сай бейімделуіміз керек.

Сосын мақтануды қою керек. Ұят болады. Қазір «Біз мықтымыз. Қазақтан ақылды халық жоқ. Қазақ бәрін біледі. Қазақтың тілінен бай тіл жоқ» деген сөздерді жиі естиміз. Бізде мұндай қасиеттердің бары рас. Дегенмен біз артта қалып бара жатырмыз, алға ұмтылуды ойлап, көзімізді ашуымыз керек. Біздің алдымызда да қаншама мемлекет бар. Басқалар да қарап отырған жоқ, алға қарай ұмтылып, өз еншісін алып қалуға жанталасып жатыр. Мадақтау сөздерді айтағындар – әлемді, әлемдік мәдениетті, әдебиетті, тарихты білмейтіндер. Әлемді араламаған, ол жақтың өркениеті қандай екенін көрмегендер. Үйде отырып «Менен мықты ешкім жоқ» деп мақтанады. Әй, сен қалып бара жатырсың, бірақ сенің ішкі әлеуетің керемет. Өзгелердің алдына шығып, оларды мойындатсаң, олар сені өздері-ақ мақтайды. Ежелгі грек мысалшысы Эзоп былай деген: «Адамдар бөшкелерге ұқсайды, босы – дарылдап, шуылдап бүкіл аймақтың мазасын алады, ал толығы – байсалды, тыныш жылжиды». Демек, шынайы дамыған халық ешқашан мақтанбайды. Іргедегі қытай халқын алайықшы, олар ешқашан мақтанбайды. Үндемей жүріп-ақ жұмысын бітіріп, әлемді жаулап келеді. Малайзия, Сингапур халқы да мақтанбай-ақ жұмысын істеп жатыр. Сабырлылықпен жұмыс істеп, жігерлі болсаң, бәрінің алдына шығасың. Тек жалаң мақтануды қою керек!

Сейдахмет аға жеңгемізбен бірге екі ұл, бір қыз тәрбиелеп өсірді. Тұңғыштары Асқар Қазақстанның Малайзиядағы елшілігінде кеңесші болып қызмет атқарады. Шыңғыс Ақтауда кәсіпкерлікпен айналысады. Екеуі де отбасылы. Қызы Нүрия қазір Германияда бес айлық оқуда жүр. Ол Рысқұлов атындағы экономикалық университетте білім алуда.

«Ұл-қыздарым білімді, заман талабына сай мамандық иелері. Жасыратыны жоқ, балаларымның ішінде маған жақыны – қызым» деп қалды Сейдаған әңгімесін қорытындылап жатып. «Үміт еткен ұл-қыздарыңыздың қашанда қызығын көріңіз» деген әдемі тілекпен әңгіmemізді аяқтағымыз келеді.

4 тамыз, 2015 жыл



*Рахымжан ЕЛЕШЕВ,
академик:*

АДАМ ҚОЛПАШТАУМЕН ЕМЕС, ҚАМШЫЛАУМЕН ӨСЕДІ

Қазақстан ҰҒА және Ресей академиясының академигі, Пришников атындағы КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің иегері Рахымжан Елешев Батыс Қазақстан облысы Қаратөбе ауданы Саралжын ауылында 1938 жылдың 13 маусымында дүниеге келген. Әнші-композитор Мұхит Мерәліұлы, Алаш арыстарының бірі, Ресейдің I Мемлекеттік Думасының депутаты болған Бақытжан Қаратаев, әнші Ғарифолла Құрманғалиев, академик Қажым Жұмалиев, арқалы ақын Қадыр Мырза Әлілердің кіндік қаны осы ауылда тамған.

Төртінші сыныптан танымал бала

– Төрт жасымда әкем Сарыбас пен оның інісі Қайырғали көкем Ұлы Отан соғысына аттанып, содан оралмады. Жасым 5-ке келгенде, шешем Ұрқияны жоғалттым. Сондықтан мен Қайырғали көкемнің әйелі Ұрқыштың қолында тәрбие алып, өстім. Ол мінезі көркем кісі еді. Мектеп табалдырығын 8 жасымда аттадым. Сол жылы жеңешем Елеш деген кісіге тұрмысқа шықты. Мен негізі Сұлтанғалиев Рахымжан Сарыбасұлы болуым керек еді. Төрт жылдық ауыл мектебіне барғанымда тегім солай болды. Кеңшарда оқуымды жалғастырғанда, жақсы оқитындардың бәрін орыс мектебіне ауыстырды. Солардың қатарында мен де болдым. 7 сыныпта оқып жүргенде, комсомол қатарына

өтіп, билетімізді 23 ақпан – мереке күні беретін болды. Бұл – батыс өңірінде қыс қаһарына мініп тұратын кез. Төрт бала үстімізге тұлып жауып, атшанамен аудан орталығына жолға шықтық. Ағалардың бірі апарды. Елеш атам керемет кісі болатын. Жолға шығарда:

– Балам, әке-бала боп бір шаңырақтың астында өмір сүріп келеміз. Сен құжат алайын деп отырсың. Сарыбасов болып қаласың ба, әлде Елешев деп менің тегімді қабылдайсың ба? Өлген әкең өлді ғой, барымды беріп, бабыңды жасайын. Осы комсомол билетіне тегінді Елешев деп жазғызшы, – деп өтініш жасады. Аз-кем ойланып:

– Ата, жарайды, сіздің тегіңізді қабылдайын. Бірақ мені қара жұмысқа салып қорламаңыз, адам қылып оқытыңыз, – дедім. Ол да келісімін берді. Содан бастап менің тегім Елешев болып өзгерді. 5-сыныптан мектеп бітіргенше ұжымшардың жұмыстарына катыстық. Өгіз жегіп, шөп шаптық. Мектепке киетін киімдерімізді жаз бойы жұмыс істеп, өзіміз таптық. Жастайымыздан еңбекке араластық. Бүгінгі жастарымыз да ерте жастан еңбекке араласса, әр нәрсенің қадірін ұғар еді деп ойлаймын. Кеңшардағы 7 сыныптық мектепті бітіріп, Қаратөбедегі Мұхит атындағы орта мектепке бардым. Қысқы каникулда мектеп белсенділері, сыныптасым, бүгінде Қазақстанның халық артисі Ескендір Хасанғалиевпен бірге атшанамен ауылдарға барып, концерт қоятынбыз. Мені комсомол комитетінің хатшысы етіп сайлап, үш жыл бойы үлкен мектептен өттім. Оқуды да оқып, қоғамдық жұмыстарға да қатыстық. Бұл бізге адамдармен тіл табысуды үйретті. Адам қолпаштаумен емес, қамшылаумен өсетініне сол кезде анық көзім жетті.

1950 жылдың ерте көктемінде сайлау өтіп, әрбір учаскелік бөлімшеден 12 шақырым жердегі кеңшарға барып, бюллетеньдерді тапсыруы керек болады. Арада үлкен өзен бар. Сең жүріп жатқан кез. Үлкендер «Бюллетеньдерді кеңшарға кім алып барады? Не істейміз?» деп ақылдасып, «Атпен бір баланы жіберейік» деген тоқтамға келеді. Таңдау маған түседі. Басқарманың қасқа аты бар еді, соған жайдақ мінгізіп, қолыма бюллетень салынған тері қапшықты ұстатты. Тәуекел деп атпен суға қойып кеттім. Екінші жағаға шамамен 1,5-2 метрдей қалғанда, үлкен сең аттың дәл басына тиді. Жағаға жетіп қалған ат кері қарай кете бастады. Сол кезде мен аттан секіріп түсіп, қапшыққа салынған бюллетеньдерді жоғары көтеріп, суға тигізбей жағалауға ұмтылғанда, ар жағында күтіп тұрғандар жабылып алып шықты. Осы оқиғадан кейін Рахымжан деген атым 4-сыныпта оқып жүргенде-ақ ел аузына ілікті.

Қаратөбедегі Мұхит атындағы орта мектепті 1956 жылы Алтын медальмен тәмамдадым.

Медальмен келіп, меселім қайта жаздағам...

Мектепті Алтын медальмен бітірген балалардың математикадан бақылау жұмысы мен қазақ әдебиетінен шығармасын облыс орталығы Оралға бекітуге жіберетін. Талапкер Елешевті аудандық хатшы Мәскеудегі Халықаралық институтқа ұсынады. 26 шілдеге дейін күтті, хабар жоқ. Аттестаты ОблОНО-да жоқ болып шықты. Шығармасын бір орысқа берген, ол аңға шығып кетіп, сонымен жоқ. Содан шілденің 30-ы күні ғана аттестаты мен Алтын медалі қолына тиді. Енді не істейді? Мәскеу мен Алматының қайсысына барғаны жөн? Жүрегі Қазақстанды қалап тұр. Өйткені 20-23 шілдеде құжат қабылдайтын Мәскеу Халықаралық институтына кешіккені анық. «Не де болса көрейін» деп Алматыға тартып отырды. Ол кездері мектепті медальмен бітірген талапкерлерді түсу емтиханынсыз жоғары оқу орнына қабылдайтын. 2 тамыз күні Алматыға келіп, пойыздан түсті. Танитын ешкім жоқ. Қолында қайыстан жасалған қара шабадан. Тау-кен институтына құжаттарын тапсырды. «Шәкіртақы төлеп, киім береді екен» дегенді естіген. Жоқшылық кез ғой. Жатақхана беріп, «Сен жаңадан салынып жатқан Политехникалық институттың құрылысына барып жұмыс істей бер. Керек кезінде өзіміз шақырамыз» деді. Үш күннен кейін «Құжаттарыңды ректор Байқоңыров қабылдаған жоқ. Өйткені 3 тамызда, кешігіп тапсырыпсың» деді. «Байқоңыровтың алдына кірсем бе екен?» деп ойлады. Бірақ оны қайдан таппақ? Шабаданы қолында, екі көзінен жас парлап көше бойлап, «Вокзалға барып, ауылға билет алайын» деп келе жатса, қазіргі Қазыбек би (бұрынғы Советский) көшесінде Қазақтың Абай атындағы педагогикалық институты деген жазуды көзі шалды. «Шіркін-ай, осы институтқа түсіп мұғалім болсам ба екен?» деп ойлады. Өзі мұғалім болуды да қалайды. Жақсы сөйлеп, ән салатыны бар. Ойланып тұрғанда, «Волга» машинасынан үстіне ақ китель киген кісі түсіп қасына келді. Өзінің үстінде сәтеннен тігілген кең қара шарабар шалбар, үстінде шибарқыт жеңіл күртеше. Басқа дымы жоқ. Тамыздың 4-і, кешкі 6 жарым шамасы.

Рахымжан аға сол бір кезді былай еске алады:

– Омырауында жұлдызы бар әлгі кісі:

– Әй, неғып жүрген баласың? – деді. Бұл – институттың директоры (ол кездері ректорды директор дейтін) Мәлік Ғабдуллин екен.

– Талапкермін, аға. Оралдан келіп едім, оқуға түсе алмай қалдым.
– Ойбай-ау, Оралдан Алматыға келіп нең бар, ар жағында Мәскеу тиіп тұрған жоқ па?

– Осылай болды, аға, мектепті Алтын медальмен бітіріп едім, медалім қолыма кеш тиіп, оқуға құжат тапсыруға үлгермей қалдым, – деп жайымды айттым.

– Қалайша, мектепті Алтын медальмен бітіріп оқуға түсе алмай қалдың ба? – деп таң қалды ол кісі. Шабаданымды кілтмен ашып, мұқият салып қойған медалімді көрсеттім. Медалімді қолына алып қарап тұрып, қасындағы кісіге (Ол Химия-биология факультетінің деканы Жауынбай Амантаев екенін кейін білдім):

– Апыр-ай, қандай әділетсіздік! Мынау жанып тұрған бала екен. Бұл баладан бірдеңе шығады. Жауынбай, осы баланы факультетіңе алсайшы, – деді.

– Сіз айтсаңыз, алайын.

– Осы институтқа түсесің бе? – деді енді маған бұрылып.

– Мені кім алады? – дедім тіке қарап. Ауылдан келген баламын, ол кісінің институттың директоры екенін, тіпті директор деген кім екенін де білмеймін ғой.

– Сен өзі оқисың ба? – деді.

– Оқимын! – дедім нық сөйлеп.

– Мына ағаң сені оқуға алады, – деді де, машинасына отырып жүріп кетті. Жауынбай ағамыз мені жатақханаға орналастырып, ертеңіне оқуға қабылдады. Институт қабырғасына түскеннен Мәлік Ғабдуллиннің деканымыздың оң қолы болдым. Қоғамдық жұмыстардан қалмадым. Қазанда, Мәскеуде өткен фестивальдерге қатысып, Лениндік шәкіртақымен оқып, институтты үздік бітірдім.

Ассистенттен академикке дейін...

Институтты бітіргенде, оны Мәскеуге аспирантураға ұсынды. Ауылдағы жасы ұлғайып қалған, өзін кішкентайынан бағып-қағып, ешкімнен кем қылмай өсірген Елеш атасы мен Ұрқыш апасын ойлап, бара алмайтынын айтты. Алматыдағы Ауыл шаруашылығы институтына 1961 жылы ассистент болып келіп, міне, 2015 жыл болды, әлі күнге еңбек кітапшасын қолына ұстап көрген жоқ. Мәскеуде кандидаттық, докторлық диссертациясын қорғады. Мәскеудегі Тимирязев атындағы Ауыл шаруашылығы академиясының академигі болды. Ресейде орыстармен бірге қазақтан шыққан тұңғыш Лениндік Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанды. Мәскеудің Эксперттік кеңесінің мүшесіне Қазақстаннан екі-ақ адам кірді. Оның бірі – Жабайхан

Әбділдин, екіншісі – біздің кейіпкеріміз. Әуелі Ресей ғылым академиясының академигі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, содан кейін Қазақстанның, Украинаның, Халықаралық ауыл шаруашылығы академиясының академигі болды. Жай ассистент болып келіп, факультет деканының орынбасары, декан, ректордың ғылым жөніндегі орынбасары, ректордың бірінші орынбасары қызметтерін атқарды.

– Ректорлық қызмет ұсынылған уақытта, қырсыққанда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы болды. Жаңа қызметке бекітілу үшін Мәскеуге ұшайын деп тұрған билетім тоқтатылды. Ұзын сөздің қысқасы, «Ректор қазақ болмауы керек» деген шешім қабылданды. Оралдан Шах деген ұлты өзге ғылым кандидатын әкеліп ректор жасады да, мені Оралға жібермек болды. «Неге басқа ұлт өкілі мұнда келуі керек?» деп, Оралға бармайтынымды айттым. Желтоқсан оқиғасы болып жатыр. КГБ шақырып «Сіз басқа ұлт депсіз» деген кінә тақты. Менің де таныстарым бар ғой, Идеология жөніндегі хатшы З.Камалиденовке телефон соғып, мән-жайды айттым. Желтоқсан оқиғасынан кейін қайтадан ректордың бірінші орынбасары етіп тағайындады.

Университет ректоры Шах бастаған комиссия студенттерден Желтоқсан оқиғасына байланысты сұрақ алып жатыр. Абай даңғылынан төмен болса, қатыспаған болып шығады да, жоғары тұрғандарға «Желтоқсан оқиғасына қатысушы» деп айып тағылады. Студенттердің аузына сөз салып:

– Сендер Құрманғазы көшесінен төмен тұрдыңдар ғой, – десем,

– Жоқ, ағай, біз Абай даңғылы мен Фурманов көшесінің қиылысында тұрдық, – дейді. «Әй, сорлы қазағым-ай» деймін іштей. Ол жерде әрбір сөзінді бағып отыр. Балаларға артық ауыз ештеңе дей алмайсың. Онсыз да тағдырлары қыл үстінде тұр. «Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға араша түсуде, ұлтшылдық танытып жатыр» деп тағы да КГБ-ға берді. КГБ біздің институттың 195 студентін суретке түсіріп алып келіпті. Бәрінің аты-жөні жазылған тізім бар. Институт ректоры, партия ұйымының хатшысы сол студенттердің барлығын оқудан шығарамыз деп қол қоймақ болғанда, мен қол қоюдан бас тарттым.

– Неге қол қоймайсың? – дейді комиссиядағылар.

– Әрқайсысын көріп, тілдесейік, – деп табандап тұрып алдым.

– 195 адамды қарау үшін қанша уақыт керек екенін білесің бе?

– Үш күн болса да, тіпті апта болса да қараймыз. Сонда ғана қол қоямын!

Сағат 14.45-те бастадық та, ертеңгі 11-ден 20 минут кеткенде, барлығын сұраққа алып шықтық. Түнімен жұмыс істедік. 195 адамнан 63-і қалды. Кейіннен оның да біразы ақталып, 57-сі кетті. Егер қазақ

болмасам, қазаққа жаным ашымаса, сонша баланы жібере берер ме едім, кім білсін?!

Жан қиналғанда, тапқырлық та қажет

– Желтоқсан оқиғасынан кейін Мәскеуден Орталық комитеттің хатшысы Соломенцев келіп, жиналыс өткізді, – деп жалғады әңгімесін Рахымжан аға. – Жиналыс үстінде:

– Елешев деген кім? Осында бар ма? – деді. Үшінші қатарда отыр едім:

– Мен! – деп орнымнан көтерілдім.

– Бері шығыңыз. Қандай оқу орнын бітірдіңіз?

– Біріншіден, Тимирязев атындағы Мәскеу ауыл шаруашылығы институтында академиктер Семен Йосифович Вольфович пен Борис Алексеевич Ягодиннің жетекшілігімен докторлық диссертация қорғадым. Олардың оң қолы болдым. Екіншіден, Батыс Қазақстан облысында туғанмын. Үшіншіден, осы күнге дейін Ауыл шаруашылығы институтында жұмыс істеп, ғылыммен айналысып келемін. Басқа ешқайда барған жоқпын. Неге сіз маған сұрақ қойып жатқаныңызды түсінбедім. Мені КГБ екі рет шақырды, мүмкін сол үшін шығар. Оның себептері былай болды, – деп түсіндіріп өттім.

– Сіз ұлтшылдық, шовинистік танытыпсыз.

– Менде ешқандай ұлтшылдық жоқ. Мені орыстар тәрбиеледі. Батыс Қазақстан облысында қазақтарға қарағанда орыстар көп. Екіншіден, «Дудар-ай» деген ән бар. Орыстың қызы қазақтың жігітіне ғашық болып шығарған. Осы ұлтшылдық па? Абай Құнанбаев Евгений Онегиннің «Татьянаның әнін» қазақшаға аударды. Осы ұлтшылдық па? – дедім. – Өзімнің не айтып тұрғанымды білмеймін. Арыстанбеков деген ректорымыз бар еді, жарықтық, керемет жан болатын. Кейіннен жігіттер «Арыстанбеков «Әй, мына сорлы баланы алып кететін болды-ау» деп отырды» дейді. Қазақстанда сізді бәрі таниды. Осы мәселені шешу үшін қазақ дәстүрін білетін, қазақ халқын жақсы көретін, Қазақстанда тұрып, жұмыс істеген сізді жібергені үшін КСРО хатшысы М.Горбачевқа рақмет! Мен – КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреатымын. Қазақстан маған әлі күнге дейін ғылым академиясының академигі атағын берген жоқ, – деп сөзімнің аяғын біртүрлілеу етіп аяқтадым. Әлгі сылқ ете түсті. Байқаймын, «Енді не болар екен?» дегендей көзқараспен қарап отырған аудитория да жақсы.

– Әрине, ұлтшылдық керек емес. Сіз тәрбиешісіз, ректордың ғылым жөніндегі орынбасарысыз, – деп әңгімесі де түзеліп қалыпты. С.Вольфович пен Б.Ягодинді айтқанда тіпті шошып кетті. Олар дүние жүзіне танымал ірі ғалымдар еді.

Қазақ ғылымында мектебі қалыптасқан

– Өмірімде Мәлік Ғабдуллин, Серғали Толыбеков, Хайдар Арыстанбеков, Мүсілім, Әлімхан, Бапан Ермековтердің орны бөлек. Солардың тәрбиесін ала отырып, қаншама жақсы адамдармен танысып, жақсы сөздерін естідім. «Елешевтің ешкімі жоқ» дейтіндер бар. Менің шынында да, тіреуім жоқ. «Тек қана тірегі бар адамдар өседі, белгілі бір мақсатқа қол жеткізе алады» деген сөз дұрыс емес. Өзім де үнемі кімнің білімі бар, соған көңіл бөлдім, жеріне, еліне қараған жоқпын. Мәселе – адамның өзінің арғы жағында бір түйсігі болуында. Ар жағында дымы жоқтарды қанша тіресең де, тірегі кеткенде жалпасынан құлайды, – дейді Рахат. – Мәскеуде оқып жүргенде, үлкен ғалымдардың алдын көрдім. Жоғарыда атын атаған Семен Иосифович Вольфович, Андрей Васильевич Соколов, Борис Алексеевич Ягодин және оның ағасы, министр Геннадий Алексеевич Ягодин, Феликс Иннокентьевич Янишевский, Андрей Васильевич Петербургскийлерден көп нәрсе үйрендім. А.Соколовпен өте жақын араластым. Мәскеуде докторлық диссертациямды жазып жүргенде, түс мезгілінде мені шақырып алып шай қойдырады. Шай ішіп отырып екеуіміз әңгімелесеміз. Негізі, ол ғалымға жақындау өте қиын. Бір өзбек жігіті жатақханада менімен бірге тұрды. Соколовтың алдына докторлық диссертациясын қорғайын деп 3-4 рет барып, өте алмаған. Сосын маған «Андрей Васильевичпен жақсысың ғой, мен туралы бір ауыз сөз айтшы, кафедрасынан жіберсін. Жақсылығыңды өлгенше ұмытпайын» деді. Бір күні шай ішіп отырып:

– Андрей Васильевич, айып болмаса, бір өтінішім бар еді, соны орындайсыз ба? – деп едім:

– Рахим, сен үшін әрқашан не істеуге болса да дайынмын, – деді.

– Осында Өзбекстаннан келген бір жігіт бар, сол сіздің кафедраныздан өте алмай жүр екен... – деп едім.

– Исмаилов па? – деді де, өкпелеп қалған кішкентай баланың кейпін салып аузын бұртитып, теріс қарап отырып алды. – Сен шынымен де сол жігіттің деңгейіндесің бе?

Шошып кеттім, Исмаиловтың жағдайын айтқанымға өкініп, не дерімді білмей тілім байланып қалғандай болды. Менің түрімді байқап:

– Жо-жоқ, соған бола көңіл күйіңді түсірме, ол бос кеуде ақымақ емес пе? Атақ-дәрежені аяп тұрған жоқпын, маған мектеп керек! Андрей Васильевич Соколовтың мектебі! Уақыты келгенде, соның жарқын өкілінің бірі, Қазақ агрохимия мектебінің өкілі сен боласың! Сондықтан мен сені жақсы көремін. Сондықтан мен сенімен шай

ішемін. Әйтпесе, маған шайды көмекші лаборант қыздар-ақ әкеліп береді. Егер бір ақымақты тәрбиелеп, дайындасаң, сол ақымақтың артынан ақымақтар сериясы шыға келеді. Олар да тура сондай ақымақ болады. Сен мінезді жігітсің, егер ғалым болсаң, соңыңнан агрохимия саласында қазақстандық жақсы мектеп қалыптастыратынына сенемін. Сен ренжіме, Рахымжан! – дегенде, көзімнен жас ытқып шықты. Академик, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, екі дүркін Социалистік Еңбек ері, КСРО хатшысы Н.Хрущевпен қоян-қолтық араласып жүрген жан ғой.

Ұстаздың да ұстазы бар, жақсы мектептен тәрбие алдық. Ұстаздарды сыйлау, құрметтеу азайып барады. Патриоттық тәрбие мектептен басталады. Адамның адам болуы – кімнен туғанында емес, кімнен қандай тәрбие алғанында. Жастарымыз осыны түсіне ме? Кезінде мектебіміздің директоры болған Қуандық Ғаббасовтың әңгімесі ойыма оралып отыр. Бір шәкірті мектепте тентектеу болыпты. Сол өйтіп-бүйтіп Мал дәрігерлік институтын бітіріп, ауылға келіп кеңшар директоры болады. Зейнет демалысында жүрген ұстазымыз «Оқушым ғой, сәлем берейін» деп барса, өзгенің бәрін қабылдайды да, мектеп директорын күтгіріп қояды. Әлден уақытта:

– Е, Қуандық, сен маған «Адам болмайсың» деп ұрсушы едің, көрдің бе, кеңшар директоры болдым! – депті атын атап. Сонда ұстазы:

– Е, айналайын, оқысаң да маңдайыңа әлі ақыл қонбаған екен, саған «Директор болмайсың» деген жоқпын ғой, адам болмайсың дедім. Директор болдың, бірақ адам болмай қалыпсың, – деген екен. Сол ұстазымыз үнемі «Айналайын, адам бол» деп отыратын. Менің де кемшілігім бір басыма жетерлік, адам болғаннан кейін тіршілік бар, пендешілік бар. Шамам келсе, жетім-жесірлерге көмектескім келеді. Бұл қасиет менің өз ата-анамнан өте жас қалғандығымнан болар. Кейде студенттер «2» алып қалса, ұстаздарға «Тым болмаса, «3» қойып берсендерші, оқудан шығып қалмасын» деймін. Сабаққа қатысып жүрген балалар дым білмей тұрса да «3» қойып беремін. Түйсігінде бірдеңе болса ұялғанынан жақсы оқуға ұмтылады. Университеттегілер академик Елешевтің ешқашан «2» қоймайтынын біледі. Қазақтың баласы ғой деймін. Ал «5»-ті тек қана сабақты жақсы білетін балаға ғана қоямын. Талант керек. Талантты таңдай білу керек. Аспирантураға 1-курстан бастап ғылымға бейімі бар балаларды таңдап аламын. Сондықтан менің аспиранттарым уақытында қорғайды. 38 кандидат, 12 ғылым докторын тәрбиелеп шығардым. Ең жаман қасиетім – өзімді-өзім аямаймын, тік мінездімін. Сол тік мінезімнен талай таяқ жедім, министр немесе ректор бола алмадым. Бірақ ғылымда өз

орнымды таптым деуге қақым бар. Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің ректоры Тілектес Есполов, экс-министр, бүгінде Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ректоры Ақылбек Күрішбаев, Ресей Ғылым академиясының вице-президенті Андрей Леонидович Иванов, «Қазақ мақта шаруашылығы» ҒЗИ бас директоры Ибадулла Үмбетаев, «Агрохимия және топырақтану» ҒЗИ бас директоры Абдолла Сапаров, «Көкөніс және картоп» ҒЗИ бас директоры Теміржан Айтбаев және басқа да шәкірттеріммен мақтанамын. Соларға қарап қазақ ғылымында өз мектебімді қалыптастырдым деп нық сеніммен айта аламын.

Жөн білетіндер азайып барады

– Әлімхан Ермеков – алашордашыл, революционер, қазақ жерін Ресеймен бөлісуге қатысқан адам. Әлімханның ағасы Мүсілім ауыл шаруашылығы министрі, ауыл шаруашылығы институтының ректоры қызметтерін атқарған. Ал әпкелері Бапан Әмірханқызы мен жұмыс істеген кафедраның меңгерушісі болды. Бапан апамыздың үйіне Ғабит Мүсірепов, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов сынды қазақтың маңдайына біткен нар тұлғалары жиі қонаққа келетін. Сәбеннің бір қасиеті – «Тамақты жеп болдыңдар ма?» дейді де, отырғандардың, қызмет қып жүргендердің бәріне асатады. Әйелім екеуіміз үлкендерге қызмет көрсетіп жүрміз. Бәріне асатып жатыр. «Әй, бала, кел» дей ме екен?» деп күтіп жүрмін. Маған онша мән бермеді. Тамақ бітіп барады. Дәлізде тұрып, «Шіркін-ай, менің де осылардың қатарына жететін күнім болар ма екен?» деп ойлағанымда, көзімнен жас ытқып шықты. Мұны байқап қалған Бапан апам:

– Әй, Рахымжан, неғып жылап тұрсың? Кім ұрысты? – деп сұрады.

– Апа, жай, ештеңе емес, – деп едім, апам мені жақсы көретін, айтпасыма қоймады.

– Сәбит аға бәріне тамақ асатып жатыр, маған асатқан жоқ, – деп пін тағы да көңілім босап. Бапан апам мені қонақ бөлмеге ертіп кіріп:

– Сәбит аға, бұл дүниеден бәріміз де өтерміз, болашақта қалатын – осы бала. Туғаным болмаса да, туған баламдай, оң қолыңызбен толтырып тұрып, осы балаға асатыңызшы, – деді. Жарықтық Сәбит ағам қарлығыңқы дауысымен:

– Әй, бала, атың кім? Бері кел, – деді.

– Рахымжан! – дедім енді өзімді еркінірек сезініп.

– Қошқарбаевпен аттас болдың ғой, ей! – деп үлкен қолымен ет асатты. Біздің батыс өңірінде ет асату деген – үлкен құрмет. Тамақ асауды бала кезімізден үйренгенбіз. Асату үшін етті ішіне құйрық май

қосып, үлкен етіп алып, көмекейге дейін тығып жібереді. Сәбең де ызаланды ма, етті үлкен етіп алыпты. Үлкен саусағына дейін ауызыма тығып жіберді. Ауызымды толтырып тұрып, саусағын кішкене ұстап тұрдым да, асатқан тамақты жеп қойдым. Ауызымды сүртіп, енді кетіп бара жатыр едім:

– Әй, бері келші, қай жердің жігітісің? Кімсің сен? Арқаның қай жеріненсің? – деді. Ермаковтер Арқа жағынан болатын.

– Арқадан емеспін, Батыс Қазақстан облысынанмын, – дедім.

– Батыс Қазақстан ет асауды қайдан үйреніп жүр, әй?

– Әрбір елде жөн-жоралғыны білетіндер бар ғой, аға, – дедім.

Сонда Сәбең:

– Осы отырған біреуіңнің де ет асағандарың мына баланың асағанындай болған жоқ, бармағымды суырып ала жаздады, – деді. Ет асатудың да, ет асаудың да өз жөні бар. Өкініштісі, ондай жөн білетіндер азайып барады...

Жер сатылуына қарсымын!

– Мен – жер маманымын. Жердің құнарлылығы жайлы мәселе қозғалғанда, жай қарап отыра алмаймын. Кезінде жер сату мәселесі басталғанда, оппозицияға кеттім. Радио, телевидениеден, БАҚ-тан «Жерді сатуға болмайды!» деген тұрғыда материалдар бердім. Жер сату дегеніміз елді сатумен бірдей! Жерді жекеге беретін болсақ, құнарлылығы төмендеп кетеді. Кезінде жердің барлығын бір бағамен сатты. Бұл дұрыс емес. Өйткені жердің құнарлылығы әртүрлі. Таулы, шөлді жерлер бар. Жерді жалға берудің де қажеті жоқ. Бұрын жалға берілген жерлерді тексеріп, құнарлылығы төмендесе, кері қайтарып алу керек. Қазірден қолға алмасақ, 49 жылда ол жердің жағдайы не болады? Ал егер жалға бермей, сатса, тек қана байлар, олигархтар сатып алады. Жер дегеніміз – ел, біздің байлығымыз. Ұлан-байтақ жер бізге аталарымыздың білегінің күшімен, найзаның ұшымен келген. Қазір жердің құнарлылығы өте төмендеді. Оған қарап жатқандар аз. Жердің табиғи құнарлылығын ғана пайдаланып жатыр. Жер – Ана! Ана баланы емізеді. Тамақ бермесе, бала қайдан шығады? Тамақ деп отырғаным – тыңайтқыш. Жерге дұрыстап қарау керек! Қазіргі кезде біздің елде жерді сатып алған магнаттар бар. Енді жер сатылса, бұрынғыдан да жаман болады. Жер сатуға өмір бойы қарсымын, бұл – мемлекеттің қарауында болуға тиіс басты құндылық. Осы мәселеге қатысты заң шығып жатыр. Бұл заң шыққанда жерді кімге беру керек? Ендігі мәселе – осы. Жерді иесіне, пайдалана алатын адамға беру керек. Қытайлар да қазақтың жерінен үмітті. Ресейдің де көздегені – қа-

зақтың жері, қазба байлығы. Егер жер сатылса, жермен бірге байлық кетеді. Осыны еш уақытта ұмытпауымыз керек!

Ауыл – біздің түп-тамырымыз. Ауылдың қазіргі ахуалы мені қатты алаңдатады. Президент Н.Назарбаевтың «Қазақстан жаңа жаһандық ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауында елді дағдарыстан шығару жайында айтқан сөздері маған үлкен ой салып отыр. Халықты тарықтырмау үшін облыс, аудан әкімдері игілікті іс атқаруы керек. Президент ұсынысы бойынша шаруашылықтарды кооперативтерге біріктіру қолға алынды. Кооперативтер арқылы жерді сақтап, халықтың басын біріктіре аламыз. Әлемді жайлаған дағдарыстан шығу үшін «Бір ананың баласындай, бес саусақтың саласындай» болып бірігуге тиіспіз. «Дипломмен – ауылға» – көңілге қонымды бағдарлама. Ауылды, қазақтың ескіден келе жатқан құндылықтарын сақтау – жастардың міндеті. Осыны терең ұғыну үшін жастарымыз саналы, тәрбиелі болсын!

Рахымжан ағаның зайыбы Тұрғанай Әбдікәрімқызы да Абай атындағы ҚазПИ-дің химия факультетін бітірген, профессор. Екеуі I курста оқып жүргенде танысып, институт бітіретін жылы бас құрады. Ұлы Мұрат та ғылым докторы, профессор. Мұрат пен келіні Индирадан үш немересі бар. Ақмарал Америкада университет бітірген. Бүгінде тұрмыста, жақында егіз ұлды болды. Ардақ Оксфорд университетін бітіріп, банк қызметкері атанды. Кәмила Назарбаев зияткерлік мектебінде оқиды.

Рахымжан аға домбыра тартады, баянда, пианинода ойнайды. Сыныптасы, Қазақстанның халық артисі Ескендір Хасанғалиев «Рахымжан агроном болмағанда, мен артист болмайтын едім, ол халық артисі болар еді» дейді. Өзі «Бұл тағдыр ғой. Мүмкін шын жанашыр, жол көрсетер көкем болса, менің жолым мүлдем басқаша болар ма еді, кім білсін?! Бірақ өткен өміріме еш өкінбеймін. Алматыға алғаш келгендегі шабаданым үйімде әлі сақтаулы. Ол – менің өткен өмірімнің бір белгісі...» дейді. Бұл біздің есімізге Аяз би туралы ертегіні түсірді. «Дүние байлығын мұрат тұтпадым, алдыма үлкен мақсаттар қойып, соған жетуге талаптандым. Әлі күнге еңбек етіп келемін, мен үшін әрбір минут қымбат» дейді ағамыз. Академиктің уақытты қаншалықты бағалайтынын «10-ға 7 минут қалғанда жүргізушім сізді менімен сұхбаттасуға алып кетеді» деген бір ауыз сөзінен де аңғаруға болады. Өмірге құштар, еңбек жасауға белсенді адамдар осындай болса керек, сірә.

18 желтоқсан, 2015 жыл



Надежда ЛУШНИКОВА,
ақын:

ҚАЗАҚТЫҢ БАТАСЫМЕН ӨСП-ӨНДІМ

Айтыс ақыны, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Надежда Лушникова Алматы облысының Қарасай ауданына қарасты Шамалған ауылында 1940 жылдың 22 қарашасында туған. Қазір ол жерді Үшқоңыр, жоғары жағын Жайлаукөл деп атайды. Ақынның «Елім менің», «Көңіл хошы», «Сағынарсындар мені де», «Қазақтың бір қызымын» атты кітаптары жарық көрген.

Ауылдың үлкендеріне еркелеп өстік

– Атам Герасим кітапқұмар кісі болыпты. Агафия әжем қалтасының түбіндегі соңғы ақшасын беріп базарға жібергенде, атам қолындағы бар ақшаға 1907 жылы шыққан, Гордий Саблуков орысшаға аударған Құран кітабын алып қайтып келіпті. Сол қасиетті кітап қазір менде сақтаулы. Атам кітаптың мазмұнын бізге түсіндірмек болатын. Баламыз ғой, «Қойыңызшы, ата» дейтінбіз. Ауылымызда кітапхана жоқ еді, көргендігі, білгендігі шығар, атам Шамалғанға есек арбамен барып, апта сайын бізге кітапханадан кітаптар жаздырып алып келетін. Өзі күншуақта отырып үнемі кітап оқитын. Әкем Андрей Ұлы Отан соғысына кетіп оралмаған. Жалғыз ұлдың жалғыз қызы – мен. Анам Ирина Осипқызын қазақтар Ерке дейтін. Ол атам мен әжемнің келіні боп келеді. Бәрі бірге тұрып, бір-біріне сүйеніш болып өмір

сүрді. Сол ауылда босанған әйелдердің бәрінің баласының кіндік шешесі менің анам болатын. Бабаларымыз Сібірдің Кяхта деген жерінен Қазақстанға қоныс аударыпты. Алматыда шай фабрикасын ашқан аса ірі дворяндар. «Жетісудың жылдар белесі» деген кітапта 1913 жылы Романовтардың 300 жылдығында Алматыда үлкен көрме болып, бабаларымыз шай фабрикасының өнімдерін көрмеге алып шыққаны айтылады, – деп бастады әңгімесін Надя апа. – Ата-бабалардан жалғасқан әдемі жолды, үрдісті сұрапыл соғыс шайып жіберді. Соғыс жылдары туған біз майданға кетіп оралмаған әкелеріміздің бір-бір көзіміз. Дегенмен, біз ауылдың үлкендеріне еркелеп өстік. Үшқоңырдың биокOMBинатында жұмыс істейтін шешемді көлік қағып, ауруханаға түсіп қалады да, көрші Шәлі апа мені өз баласы Сайлаумен бірге емізіпті. Біз олармен бір туғандай болып өсіп, осы күнге дейін жақсы қарым-қатынастамыз.

Бір күні анам Желдісайды жағалап отынға барғанында, үш жас шамасындағы мен жолда жылап қалып қойыппын. Біраздан соң сықылықтап күле бастаппын. «Бұған не болды?» деп қараса, бір құлаштай әбжылан мені айналып жүр екен. Соны сығып-сығып ойнап отырған маған жақындайын десе қорқып, Тәтебала әжеге барады. Тәтебала әже – біздің Елбасымыздың әжесі. Ол кісі жігіттерге «Адамның көлеңкесі түспейтін жағынан барып, баланы жұлып алыңдар» деп ақыл айтыпты. Осылайша, Шоң апа мені тікелей келген ажалдан арашалап қалыпты.

Шамамен 5 жасымда Шәмәтай апам Жамбыл атаның ауылына ертіп барды. Киіз үйге кіргенде төрдегі ақ төсекте ақ сақалы белуарына түскен, ақ дамбал, ақ көйлек киген, басында қоңырқай ғана тақиясы бар үлкен кісі отырды. Бас жағы толған апорт алма. Иісі бұрқырап тұр. Шәмәтай апаның қызы Әлкемай далада калды да, мен апамен ілесіп ішке кірдім. Шәмәтай апам Едіге батырдың тұқымы болатын. Сонда апамыз Жамбыл атаға сәлем бере барған екен. Үлкен кісі жөн сұраса келе:

– Мынау қызың ба? – деді.

– Қызым ғой.

– Көзінің тұздайлығы саған тартқан екен, – деді де, үлкен алманы маған ұсынды. Сол жерде алманы жеп алдым. Балалық шақтан есте қалған бір естелік осы.

Қазақ тілінің қаймағына қанған

Кейін соғыс аяқталғанда бұл отбасы Шамалғаннан Бірінші Майға, қазіргі Бекболат батыр ауылына көшті. Кішкентай Надя сол ауылда

қазақша бастауыш сыныпқа барды. Бірінші сыныпта қатты қиналғаны рас. Себебі қазақша онша білмейтін. Үйдегілердің бәрі орысша сөйлейді. Төртіншіні бітіргенде біраз орыс жиналып, мектеп ашылды. «Надя, осы уақытқа дейін қазақша оқыдың, енді сені орыс мектебіне ауыстырайық» дегенде, «Мына мектептің өзін әрең игергенде енді қалай болар екен? Басқа мектепке бармаймын!» деп жылайды. Сөйтіп, оны Қаскелеңдегі интернатқа берді.

– 12 жасымда анам екінші рет тұрмыс құрды. Анам атам мен әжемнің келіні ғой, бірақ олар мамамды келін демеді, қызындай көрді. Интернаттан үйге келгенімде Геннадий Никитович автобустан түскен мені тосып алатын. Алдында ол кісі, артында мен жүрем. Үйіміз кума бөлме, сенек пен үй. Өлгі кісі аяғындағы етігін шешіп, төргі бөлмеге өтеді, жан-жағыма қарап алам да, аяқкиімін бір тебемін, шешемді қызғанып жүрмін ғой. Дегенмен, әкеміз жайлы кісі болды. Кейін үйреніп, бауыр басып кеттік. Менің балаларымды баққан сол кісі. Бір апта келмей қалсақ, «Наденька неге келмеді, балаларды сағындыратын болды ғой» деп отырады екен. Бір жаққа баратын болсақ, балаларды әке-шешеміздің үйіне апаратынбыз. Анамыз үй шаруасынан қолы тие бермейді. Сондықтан балаларға әкей қарайтын. Өте жақсы адам еді, – деп жалғады әңгімесін Надя апа. – Басымыздан неше түрлі заман өтті. Өлеңнің, білімнің бастауы болған – Мәметова атындағы Қызылорда педучилищесі. Асқар Тоқмағамбетов апта сайын өлеңге ебі барларды шақырып алатын. Ақындар өлең оқитын. Асқар ағамыз бізбен екі ауыз өлеңмен сайысатын. Мен де үш-төрт ауызбен қайыратын көрінем. Сонда Асекең «Ойпырым-ай, топырағына тартпай қоймайды екен ғой» дейтін. Бұл сөздің мәнісін кейін ұқтым. Ол кісі менің Жамбыл, Сүйінбайдың ауылынан екенімді меңзейді екен ғой.

Өлең-жырға әуестігі бала күннен болғанмен, бұл жағынан бағыт-бағдар беріп, айтысқа баптаған – Асқар Тоқмағамбетов. 1961 жылы ҚазМУ-дың ескі ғимаратында Қазақстан жазушыларының жиыны болып, қаламынан төгілген алғашқы жыр жолдарын заңғар жазушы Мұхтар Әуезовтің алдында оқуға мүмкіндік туды. Президиумда отырған М.Әуезов ғалым Мүсілім Базарбаевты жіберіп шақыртып алып, аялы мөлдір қара көзімен жүзіне барлай қарап, «Ойпырым-ай, қарлығаштай ғана орыс қызының жүрегіне қазақтың жақұт сөзі қалай ғана қонып, әдемі ұя салған?» деп таңғалған еді. Содан көп ұзамай Мұхтар ағамыз дүниеден озып кетті. Сол кездері Әлия деген апай стенографист болып істеген екен, кейіннен «Жазушы» баспасында жұмыс істегенінде жазбасын берген болатын. Бұл да бір үлкен естелік.

Жұлдызы жанып туған жан

Асқар Тоқмағамбетов шәкірттерін үлкен жиындарға қатыстыра бастады. 1964 жылы біздің кейіпкерімізді Шымкентте өткен Оңтүстік өлкелік айтысқа салды. Оған Жамбыл, Қызылорда, Шымкент облысының ақындары қатысты. Қазақ сөзінің қадір-қасиетіне қанығып өскен орыс қызы Шымкенттің ақынымен сөз сайыстырды. Алдында кіл шалдармен айтысып жүрген. Айтысатын жігіттер аз еді. Бұл айтыстың әділқазылар құрамында Баукең – Бауыржан Момышұлы да болды. Ұтымды сөзбен қарсыласын қапы қалдырған Надежда Андрейқызы алтын сағатқа ие болды. Айтыстың қазылар алқасын басқарған Әбділда Тәжібаев ер адамдардың «Маяк» сағатын ұсынып жатқанда, залдың алдыңғы қатарында отырған Б.Момышұлы қаһарлы үнмен «Надя бұл сағатты алмайды!» деп саңқ ете қалады. «Біздің тілімізде сөйлейтін орыс, неміс, өзбек, шешен, қырғыз толып жатыр. Бірақ сенің өнер тіліңді өз тілінен артық білетін осы Надядан басқа кім бар?! Менің ана тілімде асыл сөздер ақтарып, жұрттың жүрегің тербеген мынау шүйкедей сары қыз! Дәл бүгінгі бас бәйге біздің тілімізде бұлбұлдай сайраған осынау кішкентай қызға берілуі тиіс!.. Бар жүрегіңменен айтысып, өнер тілін білген тіліңнен айналайын сенің!» деп батасын беріп, сосын «Кәмәш (әйелі), қайдасың? Надяға алтын сағат алып бер!» деді. Айтыстан кейін батыр мен әйелі айтыскер қызды орталарына алып дүкенге барып, «Лира» маркалы алтын сағатты сатып алып, одан зергерге барып сағаттың қақпағына «Надя, шеберлігің үшін. Б.Момышұлы. 25.02.1964 ж.» деген сөздерді жаздыртты. Сағатты беріп тұрып «Мұны Бауыржанның бергені деме, адал жүрек, асыл өнерің үшін саған қазақ халқының сыйлағаны деп біл. Игілігіңе тақ, қарағым» дейді. Бұл сағат қазір Үмбетәлі Кәрібайұлы мұражайының баға жетпес жәдігерлері қатарында тұр.

– Бауыржан аға одан кейін қонақүйге шақырып, «Өзіңді балам Бақытжанға қолай көріп отырмын. Шеңгелдің гүлі қата 40 ірі қараны әкеңе айдап барам. Қызылорда облысының идеология жөніндегі хатшысы Қаржау Жарқынбековке де құда түстім. Асқар Тоқмағамбетовке де айттым» деді. «Ойпырым-ай, мына кісі айтқанынан қайтпайтын адам деуші еді» деп енді шындап саса бастадым, – дейді Надя апа. – Сөз байласып жүрген Тұрлыбек 4 жыл әскери-теңіз ұшқышы болып елге оралған. Жасым 24-ке таяп, оң-солымызды біліп қалған кез. «Айтыс» деген деректі фильм түсірілмек болып Алматыға келдік. Тұр-лекең бізді үйіне шақырды. Қасымда досым Хафуза бар. Сол кезде маған орамал салынды. «Не істеймін?» деп құрбыммен ақылдастым. Ол «Қызылордаға барып алып келеміз» деп отыр ғой. Келін болып

босаға аттадың, қалғаның жөн болар» деп ақыл қосты. Содан келін болып қалдық. Ертеңіне ақын Үмбетәлі Кәрібаев бетімді ашты. Үш ауыз жолмен бір адамның образын беріп, сәлем жасатты.

Үмбетәлі ақын Жамбыл атаға 11 жасынан ілесіп, 41 жыл бойы бірге жүрген жан екен. Жамбыл атаның 1946 жылы шыққан «Таңдамалы» шығармаларының, революцияға дейінгі жыр-дастандарының, айтыстарының 90 пайызы Үмбетәлі ақынның ауызынан жазылып алынған. «Қай жерінен өлең шығады?» дейтіндей, өзі қаршыға сияқты кішкентай ғана қара кісі болатын. Кейін Үмбетәлі ақынмен бес жыл бірге жүрдім. Сол жылы сәуір айында қызылордалықтар «Сырдария» мейрамханасында комсомол тойын жасап берді. Өте әдемі той болды. Әу баста жұлдызым жанып туған мен бір бақытты жанмын ғой. Тәубе. Қайнағамыз Қасен бес бала қарап отырған жалғыз сиырын сатып, Қызылордадағы тойға қатысу үшін жеңгеміздің қолына ақшаны ұстатып, «Бар, қызды алып кел» деп жіберіпті. Тұрлыбек осы ағасының қолында өскен. Тойға баруға менің шешем де ілеседі.

Айтыс ақынының жүгі де, жөні де бөлек

Тұрмысқа шыққан соң Алматыға келіп, отағасы Ауыл шаруашылығы институтына оқуға түсті. Өзі балабақшаға жұмысқа тұрайын деп еді, тәрбиешілік орын болмады. 1965 жылы оның кітабы шыққан болатын. Кітаптың редакторы – Жүмекен Нәжімеденов. Жүмекен «Сенің балабақшаға жұмысқа орналасқаның дұрыс болмайды. Сен біз жаққа кел, қазір бір мәселені шешіп жатырмыз. Мен «Жазушы» баспасынан Жазушылар одағына поэзия бөліміне қызмет ауыстырмақпын. Сен менің орныма қал» деді. Кейін Жазушылар одағының мүшелігіне Жүмекеннің берген мінездемесі әлі күнге дейін сақтаулы тұр. Сол жерде бес жыл жұмыс істеді. «Көңіл хошы» деген кітабы шықты. Көптеген антологияларға енді. 1970 жылы Қазақстан комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. Оған Өзбекәлі Жәнібековтің иқпалы болды.

– 1965 жылы маусымның басында Ботасаз, Үлкенсаз жайлауында шопандардың тойы өтіп, үлкен айтыс ұйымдастырылды, – дейді Надя апа әңгімесін одан әрі сабақтап. – Үмбетәлі Кәрібаев жырмен айтысты ашты. Есдәулет Кәндеков айтысты қорытындылады. Жәнібек Кәрбозин деген жігітпен айтыстым. Жаңбыр жауа бастаса машинаның астына кіріп паналаймыз, жаңбыр қойса, шығып аламыз да айтысамыз. Осындай да кездер өткен басымыздан. Жәнібек «Алма сат, қымыз сат, не сатсаң оны сат, бірақ мақтаулы қымызыңда Қарғалының суы бар» деп қояды. Мен оған бас саламын. Сонда сөз қайдан

шыға береді, білмеймін. 1964 жылы айтысқа кетіп бара жатқанымда Қуанышбай Баймағамбетовтен бата алдым. Қуанышбай аға «Айтыс ақынының жазба ақынынан жолы бөлек, оған бір кірдің бе, қайтып шыға алмайсың, балам. Себебі сен ел атынан кетіп барасың. Мұның жүгі де, жөні де басқа. Біздің жақсылығымызды ешкім тартып ала алмайды. Бірақ жамандығымызбен күресіп, етектен тартқан дүниені қайтадан қалпына келтіру, халықтың сермесе қолы жетпейтін, жүрсе аяғы жетпейтін нәрсені қайтадан оралту – айтыс ақынының басындағы міндет. Соны ұмытпа» деген болатын. Жәнібекпен айтысқанда:

– Сөйле, Жәке, сөйлеп қал,

Жегізгендей қарта, жал.

Қымызымды сөгесің,

Ішкізгендей маған бал.

Онан-дағы сөзіме

Ақыным-ау, сал құлак!

Ауызсуға жарымай

Отырған жок па Майбұлақ?

Шалы менен кемпірі

Шетінен бәрі қылтамақ, – деп жауап қатқанда көпшілік ду-у етіп көтеріліп, қол соққаны есімде.

Халық ақыны Манап Көкеновпен 27 рет айтысыппын. Ағамыз айтысардың алдында үйге келетін. Өзі сап-сары, көкпеңбек көзі ойнақшып тұратын адам. Анама:

– Сестра, мына қызыңа айтшы, мен жамбылша орағытып келгенше бір ауыз сөзбен тоқетерін айтып, тура қарсы бетіңнен ұрады. Кейінгілер қиын өзі, – дейтін. Әлімқұл Жамбыловпен де көп айтыстық. Ол да бір дәурен екен.

Туған топырақтың әсері болмай қоймайды

– Ең алғашқы кітабымның редакторы Жүмекен Нәжімеденов болғанын айттым. Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Қалмахан Әбдіқадіров, Асқар Тоқмағамбетов, Әбділда Тәжібаевтардың бәрімен кездесіп, ақ ниетін естіген адаммын. Өзбекәлі ағамыз комсомол кезден таныс. Педучилищені бітіргесін Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтының филология факультетіне түстім. Қызылордада Сырдария аудандық комсомол комитетінің хатшысы болдым. Бұл Өзекеннің Орталық комитетте отырған 1961-1963 жылдар. Одан кейінгі үлкен өмірдің жалғасы болған мен келін болып түскен ауылда өтті. Бұл ауылда Үмбетәлі Кәрібаев өмір сүрді. Қазір ауыл да, мектеп те, мұражай да сол кісінің атында.

1984 жылы Өзекең Алматы облыстық атқару комитетінің орынбасары болып келді. Идеология түгел сол кісінің қолына көшті. Ауылдарды аралап, қайтадан танысқандай, табысқандай болғанда, Кенен Әзірбаевтың 100 жылдығы болды. Кенен атамның қызы Төрткенмен аса дос-жар адамдармыз. Төрткеннің басына келіншектер киетін сәу-келе кигізді. Сол кезде «Өзеке, мен де 40-тан астым ғой, қашанғы желбіреп қызыл көйлек пен тақия киемін? Мен де мына Төрткенге ұқсап жарасып отырмаймын ба? Қашанғы бала-шағаның арасына апарып қоясыз?» деп назымды білдірдім. Өзекең күліп, «Ертең таңертең жолығайық» деді. Ол кісі сөзінде тұрды. Қолын қойып, Орталық музейден түндік алып берді. Бастықтардың көбі етене араласса, бірдеңе бола қалатындай халықтан қорқады, ал Өзекең халықтың бел ортасында жүретін. Қызыл көйлек, қара камзол тіккізіп берді. Сахнаға, көпшіліктің алдына киіп шығатын етігімізге дейін тексеріп, қолынан өткізетін. Бұрын әлем-жәлем болып, қолымызға не түссе соны киіп шыға беретінбіз. Ол кісі келіп бәрімізге бірдей етіп киім тіктіріп, елдің алдына жарқырап шықтық. Отағасы бір сиырын сатып, алқа, білезік, сырғаларымды алып берді.

Сол тойда «Жәкеме (Жамбыл Жабаев) дәл Үмбетәлі ақындай еңбегі сіңген адам кемде-кем. Өзінің бұрынғы тұрған үйін мұражай жасақ қайтеді?» деп ұсыныс жасадым. Бұл аудандағы игі жақсылардың да ойы болатын.

1986 жылы Желтоқсан оқиғасы болды. 1987 жылдың қаңтарында әйелдердің съезі өтті. Колбин төрде отыр. Сол кісіге бола мінберге шыққан адамның бәрі орысша сөйледі. Бұл Ауғанстан соғысы жүріп жатқан аумалы-төкпелі заман еді. Соған байланысты жыр жазған екенмін. Кезек маған келгенде «Сөзім де, өлеңім де, бәрі де қазақша. Сіз кешіріңіз, мен қазақша сөйлеймін» дейін дедім де, тағы «Қазақ тілі үшін неге кешірім сұраймын?» деп ойлады. Сәлем беріп, «Я буду говорить на том языке, на который меня лучше получается» дедім. Жақсы қабылдады. Сол тұстарда Үмбетәлі Кәрібаевтің мұражайы салынып, құрылысы аяқталуға таяған еді. Ленинград, Мәскеу әдебиетінің күндері өтіп жатқан. Мұражайдың ашылуына ақын-жазушылар, журналистермен бірге Колбин де келіп, лентасын қиды. «Мұражайдың директоры өзін боласың» деді Өзекең. «Жарайды» деп келісімді бергенмен, директорлық қандай болатынын білгем жоқ. Үйге келіп енеммен ақылдастым. Жұмыстың жауапкершілігі мол, бірақ жалақысы мектептегі айлығымнан аздау екенін айттым. Сондағы енемнің айтқаны: «Жалақысы аз дейді... Алтын ішсең де, баратын жер – бір. Ойланып-толғанатын түгі жоқ. Дулат-айқымдардың баршасының өлмес ескерткіш мұражайы ол, тартынба!» деп дем берді.

Енем 1996 жылы қайтыс болды. Көп нәрсе үйреніп, көп жақсы қасиеттерін бойыма сіңірдім. Өмірінің соңына таман жатып қалған 5-6 күнде болмаса, дәретін алып, таза жүретін адам еді, жарықтық. Мүмкін сол кісіден ілген шығармын, мен де қажылыққа барып қайттым. Өз атамда Құранның орысша нұсқасы болғанын, қазір ол құнды жәдігер менің қолымда екенін де жоғарыда айттым. Қандай жетістікке жетсем, соның бәрі мен жаралған топырақтан. Мына бір оқиға есіме түсіп тұрғаны: шопандардың слетіне барғанбыз. Бір адуынды апа бар еді, өзі Қарғалының директорының шешесі. Сол кісі кездесіп қалды. Мұрынбоқтары аққан, шаршап-шалдыққан екі бала екі жағында.

– Әй, Надежда, көптен бері сенімен бір кездесем деп жүр едім. Айтшы әңгіменді! Менің келінім де орыс, ол да сендей бола ма? – деді. Бұл тосын сұраққа аз-кем ойланып қалдым да:

– Балаңыздың алғаны қай жердің қызы еді? – деп сұрадым.

– Мәскеудің түбінде әскерде жүргенде танысып, алып келді ғой, – деді.

– Мына екеуі немерелеріңіз бе?

– Содан көрген күшіктерім.

Ұл апамыздың жалғызы еді.

– Осылардың мұрнынан аққан «ақбозатынан» бір-бір сүйіп жүре беріңіз онда. Қанша жерден тырысса да мына топырақтан жаралмаса, қазаққа ешкім сіңе алмайды, – дедім. «Жәкеңнің ізі қай жерде қалды екен? Сүйекеңнің ізі қай тасында қалды екен?» деп осы топырақта, Шамалғанда туып, Майда бойжеттім. Осы топырақтан жаралдым, Жәкеңнің қолынан дәм таттым. Бүгінде көзімнің анық жеткені: адамға туған топырағының әсері болмай қоймайды екен.

Қажылық сапарда халқымның тілеуін тіледім

– Қарлығашымның төсек тартып жатқанына 23 жыл болды. Сол қыздың ауырғанын, шалымның дүниеден озғанын көп ойлаймын. Ойдың түбіне кім жетіпті?! Тұрлекен уағында бақсы-балгер, емші дегенге сенбейтін атеист болды. Заманның ағымы солай болды ғой. «Құдайға да сенбеймін, мешітке де бармаймын. Аяғымның бәшпәйнен шашымның ұшына дейін коммунистпін. Маған сол сенім жетеді» дейтін. Екеуіміз жасты болатынбыз. «Осыдан, құрдасым, тұра тұр, мен сенін жазанды шығартпаймын» деп қалжыңдайтынмын. 2008 жылы тура Айт күні халі нашарлай бастады. Ұзаққа бармайтынын сездім. Жаны қиналып жатыр. Түнгі сағат 2-де ұлымыз Жәнібекке молданы шақырттым. Тұрлекен күшін жинап басын көтеріп, «Фазылмысың?» деді молданың атын атап. «Иә, аға» деді ол. Сондағы айтқаны:

«Жақсы болды ғой келгенін». Молда иман шартын айта бастады, Тұр-лекең ақырын ғана күрсіне берді. Туған-туыс, дәрігерлерді, бәрімізді дәлізге шығарды. Белдемнің тұсында ілулі тұрған домбыра өзінен-өзі дыңылдап, белгісіз бір күйдің үніндей үн шығара бастады. «Е, Алланың бары да, бәрі де рас екен ғой. Балаларға ие бол. Жаным ұшып барады» дегені ғой» дедім іштей. «Ойпырым-ай, дінге назар салмаған, коммунист болған адам өмірден өтерінде осындай белгі беріп жатса, мен тіршілігімде неге оған бет бұрмаймын?» деген ой келді. Құран – адамның тіршіліктегі жүріп-тұруының заңы. Үлкен орындардың заңы бүгін былай, ертең олай өзгеріп жатады. Ал Құран еш уақытта өзгермейді. Себебі бәріміз Адамзат көшіміз. Біз Адам Ата мен Хауа Ананың ұрпағымыз. Өмірлік қосағым дүниеден озғаннан кейін қажылық сапарға баруды ойладым. Тұрлекеңнің қырқын, асын берген соң намазға жығылып, Құранның сүрелерін жаттап, өзімді қажылық сапарға дайындай бастадым. 72 жасымда «Нұр Қазақстан» компаниясындағы Амангелді деген азаматтың демеуімен қажылық сапарға барып, елімнің, өсіріп отырған ұл-қызымыздың армансыз тілеуін тіледім. «Қазақ деген халқымның рухы өр болсын! Елімде әрқашан жақсылық болсын! Біз де иманы бар, діні ислам мұсылман үлкен елдердің қатарында болайық» деп тіледім.

Етегіне ел толған

– Қазақ халқы мені қызым деп еркелетті. Кейінгілер әпкем деді. Енді апа деп сыйлайды. Адам баспалдақпен ғана жоғары көтеріле алады. Қиын да, қызық та басымыздан өтті, ешбір күн оңай болған жоқ. Бірақ қазақ атам «Көппен көрген ұлы той» дейді. Не болса да елмен бірге көрдік. Біз жамандық ойламадық. «Анау нәсіпті болып жатыр. Оның киген көйлегі, мынаның үйі менікінен артық екен» демедік. Елдің алдына да шығып кетпедік, артында да қалып қоймадық. Бірақ Алланың берген өнерінің, қазақтың Жәкеңнен «жұққан» сөзінің арқасында халық әлі күнге дейін «Надеждам» деп алақанына салып келеді. Бұдан артық марапат, бұдан артық сый бар ма? Мен – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерімін. Бәрі уақытымен келеді. Біз асыққанмен, Алла асықпайды. Бала шыр етіп дүниеге келгенде кітап ашылып, барлық жағдай жазылады екен. Сол кітап бойынша көреді маңдайына жазылғанын, одан асып ешқайда кете алмайды. Өмірім жақсы өтіп келеді, ризамын. Өмірім түгел той болып өтті десем де болады.

Тірлікте дүние жисам тыраңдаумен,
Замандас жүрегінен сыр аңдар ма ем?

Жалғанда бір армансыз болса – менмін,
Зуылдап қатар ұшқан қырандармен!

Әкеден де, шешеден де жалғызбын. Мен қазақ халқымен көппін. Соғыстан кейінгі жылдары ауылда Сары Омар, Қара Омар деген жетім, ешкімі жоқ аталар болған. Балалары соғысқа кетіп оралмаған. Екі кісі бір үйде тұратын. Бүкіл ауыл кезек-кезек сүтін, тамағын, нанын апарып беретін. Кезек біздің үйге келгенде, тамақ алып барған маған Сары Омар атам «Жарығым, қолыңды жай, бата берем» деді. Қолымды жайсам, кішкентай ғана. «Қолыма не сыяды?» деп ойладым да, етегімді тостым. Сонда Сары Омар атам «Етегіңе ел толсын!» деп батасын берген болатын. Бүгінде етегіме ел толған адаммын. Құдайға тәубе, ұрпағынан жақсылық көріп отырған анамын. Шөбересінің қолынан су ішіп отырған әжемін. Бұдан артық бақыт бола ма? Бұдан артық Алладан не сұрайын? Тек қана елімнің амандығын берсін!

Қазақтың тілінің жайы көпті ойландыратынын білем. Қазақ тілі орнына келеді. Менің немерелерім «Әжеміз орыс екен» демейді, орыс тілінде жазған 4-5 сөйлемінде 10-15 қате жібереді. «Мынауың не-ей, менің ұлтымды да сыйласандаршы» деп қоям. Қазіргі балалар ақылды, есті. Заманауи технологиялардың бәрін меңгеріп алған. Қажылыққа барғаннан кейін он шақты күн өткенде есіміз кіріп, үймен сөйлестім. Телефонды кіші немерем Арнұр алды. Ол кездері 5 жаста болатын. Атасы қайтқанда 1-ақ жаста еді. Менің дауысымды естіп:

– Апамысың? – деді.

– Апамын!

– Қайда жүрсің, апа? Ой, қаңғыбас апа, – деп жыламсырап ренішін білдіріп жатыр.

– Қаңғыбас деме, мен Алланың жанында жүрмін, балам, – дедім. Немерем кішкене үнсіз қалды да:

– Атамды көрдің бе? – деді. Үлкен кісі еш уақытта мұндай сұрақ қоя алмас еді. Мұндай сұрақты есі бар бала ғана қояды. Сондықтан тәубе дейін, кейінгі ұрпақтарымыз бізге карағанда әлдеқайда есті болады. Содан үміт етемін.

Кездескенде, телефонмен тілдескенде «Айналайын, әдемі қыз» деп әңгімесін бастайтын Надя апа Құдай қосқан қосағы Тұрлыбек ағамызбен Құралай, Қарлығаш, Ләйлім, Жәнібек атты ұл-қыз өсірді. Немерелері Нұрберді мен Арнұр әжесінің домбырасын тартып, өнерлі болып өсіп келеді. Шөберелері Диата мен Сұлтаннан да үлкен үміт күтеді. Олардың бәрі – Надя апаның көз қуаныштары.

27 қаңтар, 2016 жыл



*Сұлтан ЖИЕНБАЕВ,
қоғам қайраткері:*

МЕҢІҢ БАЙЛЫҒЫМ – ЕЛ-ЖҰРТЫМ...

Қоғам қайраткері, Ұлы Отан соғысының ардагері, Алматы қаласының «Құрметті азаматы», «Құрметті теміржолшы» Сұлтан Жиенбаев 1921 жылы 22 шілдеде Алматы қаласында туған.

Жауынгерлік ерліктері мен ел игілігі жолындағы еңбектері үшін «Октябрь революциясы», «Жеңіс», үш рет «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет», «Бірінші дәрежелі Отан соғысы», Ресейдің «Ұлы Жеңіс», «Парасат», «Барыс» ордендерімен және 28 медальмен марапатталған. Осындай құрметке, халқының қошеметіне бөленуді тағдыр Сұлтан Сүлейменұлының маңдайына жазыпты.

Еті тірі бала

– Мен туған жылы Алматыда су тасқыны болыпты. Бұл – біздің бала күнімізде шамамен 50 мыңдай тұрғыны бар шағын ғана қала еді, – деп бастады әңгімесін Сұлтан аға. – Қалада қазақтарға қарағанда орыс казактары, ұйғыр, дүнген, өзбек, татарлар көп болатын. 7-ге толып, мектепке барғанымда татар мектебі «Қазақ балаларын алмаймыз» деп қабылдамай қойған. Тұрсынбаев атындағы жалғыз қазақ мектебі үйден алыстау болса да, соған баруға тура келді. Ұйғыр, татар мектебі көп болатын. Тіпті ес білгенде аңғарғаным, ұйғыр, татар

театрлары қызмет жасайтын да, қазақ театры кейіннен ашылды. Алматы шағын ғана болғанымен, өте әдемі қала еді. Арықтардан су ағып жататын. Шешем ерте тұрып сол арықтағы судан алып ас әзірлейтін. Тап-таза болып тұр ғой. Қалалық атқару комитетінде істеген кезімде Алматыға келген Жапония делегациясы «Біз әлемде мұндай әдемі қаланы көрген жоқпыз» деп таңғалғаны бар.

Кейіпкеріміздің атасы Халық Алматы облысының Ұзынағаш ауданына қарасты Көлқамыс елді мекенінде тұрыпты. Малы көп болыпты. Малдарын қалаға әкеліп сатады. Атай өзі есеп білмегендіктен, сатқан малдарының ақшасын ұлы Сүлейменге санататын көрінеді. Сол кездері ақтар келіп, Көлқамыстағы қазақтарды қырып салған. Сұлтан ағаның әжесін, әкесінің інісін, туыстарының кішкентай қызын да шауып кеткен. Неге екенін, олар қазақтарды жек көріпті, бүкіл елді мекенде көздеріне түскенді қылышпен шаба берген. Халық атай «Алдағы күніміз қалай болар екен? Балаларға қаладан үй алып берейін» деп Алматыға бет бұрыпты.

– Әкемнің суретшілік қабілеті болыпты. Ол бағбан еді. 28 гвардияшыл-панфиловшылар саябағындағы гүлдерді отырғызып, күтіп-баптайтын, – деп жалғады әңгімесін Сұлтан аға. – Анам Махфуза 42 жасында, мен 6-ға жаңа толғанда көз жұмды. Анамның басқа Әріпқожа деген жұбайы болған. Отағасы қайтыс болып кетеді де, шешеміз 3 ұл, 1 қызбен жесір қалады. Оларға туыстық қатысы болғандықтан, әкем әменгерлік салтпен жеңгесіне үйленеді. Төрт баланы бағып, оқытып, әкелікқамқорлық танытады. Сосын мен дүниеге келіппін. Бала кезімнен қиыншылықты көп көрдім. Шешемнен ерте қалдым, әкем жұмыс бабымен анда-санда Алматыдан кетіп қалатын. Бірде анау ағамның, бірде мына ағамның қолына барып тұрамын. Мені өзіне тартып, жылы қабақ танытқан әкемнің туған апасы – Қамбар. Өз баласындай көріп, жуындырып, тамақтандырып, ауырсам қарайтын. Кейін әкем екі-үш рет үйленді, бірақ олар ұзақ тұрмады. Соңғы алған татар әйелі Мәриям жайлы кісі болды. Маған да жақсы қарады. Оның артынан еріп келген балалары болды. Сөйтіп, өгей шешенің жанында өстім. Бала кезімде мені қадағалап, сабақ оқытқан да кісі болған жоқ. Етім тірі болды. Неге екенін, балалардың көбі менен қорқатын. Бірақ ешкімнен ештеңе тартып алып, ешкімге зорлық көрсеткен кезім болған емес.

Майдандас дос – Мәншүк

Сұлтан Сүлейменұлы мектепті бітірген соң ҚазМУ-дың физика-математика факультетіне оқуға түсті. Ұлы Отан соғысы басталғанда

аудандық әскери комиссариатқа қайта-қайта өтініш беріп, 1941 жылдың желтоқсанында университеттің екінші курсынан Алматыда құрылған 100-жеке қазақ атқыштар бригадасы құрамында майданға аттанды. М.Мәметова да өз еркімен сұранып, тап осы 100-атқыштар бригадасына келеді. Оған алтыншы рет арыз бергенде ғана рұқсат етіпті. Жап-жас, небәрі 18-дегі қазақтың қызы. Сұлтан ағамыз 100-қазақ бригадасында алты ай оқыды. Әуелі батальон старшинасы, сосын рота командирі болып курсты бітірді. Қатарында қалалық атқару комитетінің өкілдері бар көптеген адамдар оларды Алматы-2 теміржол вокзалынан соғысқа аттандырды. Ж.Жабаев батасын беріп, өлең арнады. Мәскеуге барған соң, сол маңдағы Бабишкин қаласында бұларды тағы үш ай соғысқа дайындады. Соғысқа жаяу аттанды. Алдарында 200 шақырымнан астам жол жатыр. Бұлар Ржев облысында соғысқа кірісті. 100-бригадаға Ақтөбеде құрылған 101-қазақ бригадасы қосылды. Басқа республикаларда ондай болған жоқ. Қыстыгүні, күн суық. 30 градус аязда окопта жатады. Жылыну үшін от жағуға, тіпті темекі тартуға болмайды. Немістер байқап қалады ғой. Тоңып қалмас үшін 100 грамм арақ беріп қояды. Бұл бригаданың көп жігіті сол жерде қайтыс болып кетті. Дегенмен, олардың ешқайсысы артқа шегінген жоқ, бәрі де қазақ деген батыр халықтың ұлдары екенін көрсете білді.

– Мәншүк алғашында санинструктор болды. Ұрыс даласына өзі барып, жарақаттанғандарды санбатқа алып келетін. Сол кезде «Жап-жас болса да қандай күшті қыз!» деп таңғалатынмын. «Барма, оқ бо-рап тұр, бомба түсіп жатыр, өзің де жарақаттанып қаласың» десек те қорықпайды. Жарақаттанған кезімде Мәншүкті танымайтынмын, тек сыртынан білем. Ол орыс тілінде «Сұлтанжан, тезірек сауығып кет, сенсіз батальонға қиын болады» деп, жарамды таңып берді. Мені шанаға салып, жақын жердегі госпитальге алып келді. Біраз жатып, сауығып шығып, Невель қаласында қайта соғысқа қатыстым. Онда өте сұрапыл соғыс болды. Немістердің дайындығы күшті екен. Мәншүк «Менің санинструктор болғым келмейді, пулеметші боламын» деп қайта-қайта өтініш жазып, ақыры ротаға ауысты. Ол сондай өткір қыз болатын. Невельде пулеметпен талай немістің көзін жойды. Ажалы сол жерге тура келген шығар, тап қасына мина түсіп жарылып, содан мерт болды. Бәріміз Мәншүкті жерлеуге қатыстық. Қазір Невель қаласында қазақтың батыр қызына аспанмен таласқан алып ескерткіш орнатылған. Оның жатқан жерінен ешқашан гүл үзілмейді, – дейді Сұлтан аға.

Соғыста үшінші рет жарақаттанғанда Сұлтан Сүлейменұлын госпитальға жіберді. Жас кезде адам елемейді ғой, бірақ кәдімгідей ауыр жарақат алған. Санитарлық пойызбен Ржевтен Мәскеуге кетіп барады. Түн. Ай жарық. Ұшақтар бомбалай бастады. Негізі, санитарлық пойызды бомбалауға болмайды. Қасындағы жігіттерге «Пойыздан секірейік, әйтпесе, бізді өлтіреді» деді. Пойыз ақырын жүріп барады, бірақ жер батпақ. Төрт жігіт пойыздан секіріп кетті. Күз мезгілі болатын. Батпақтан әрең шығып, қашып келеді. Неміс ұшқыштары оларды аң аулағандай артынан қуып жүріп атқылады. Қашып барып бір елді мекенге кірді. Орыстың кемпірлері үйлерінен орын бермей, шошқа қораларын ұсынғанда қатты налығаны рас. Танертең барса, бұлар келе жатқан пойыз құлаған, 150-дей жарақаттанған сарбаздың бәрі өлген. Бірге келе жатқан дәрігер мен медбикелер де қайтыс болып кеткен. Төртеуі олардың сөмкесінен сырқатнамасын алып, басқа пойызбен Мәскеуге келді. Жарақаттары ауыр, үсті-бастары қан. Мәскеуліктер «Соғыс ардагерлері» деп бұларды ерекше қарсы алды. Үш ай ауруханада жатып, 1944 жылы оны «Соғысқа жарамайды» деп елге қайтарды.

94-тегі неке жүзігі

– Алматыға келсем, отбасымның тұрмысы нашар, жертөледе тұрады екен. Тамақтары, киім-кешегі, отындары жоқ. Мен алып келген консерві, шұжықтарды көріп қуанып кетті. Әкей аурушаң, өгей шешем темекі фабрикасында жұмыс істеп жүр екен. «Оқуымды жалғастырсам, мыналарға кім қарайды?» деп ойладым. Бір туысымыз «Математиканы жақсы білесің ғой, теміржолға жұмысқа кір» деп кеңес берді. Кадрлар бөліміне барып жолығып едім, мені ұнатып қалды. Теміржолға ревизор етіп қызметке алды.

Бастығым Бархатурсе «Сен өте сауатты жігітсің. Жұмыс барысында бір даулы мәселе болып тұр, арбитражда бізді қорғайсың» деді. «Мен зангер емеспін ғой» деп қашқалақтап едім, «Сен осы жұмыспен танысып шық, қолыңнан келеді» деп дем берді. Арбитражға барсам «Бас арбитр – Климентов, мемлекеттік арбитр – Адельшина» деп жазылып тұрды. Мемлекеттік арбитр менің болашақ жарым Нуралия Гиреевна екен. Біздің ісімізді сол қарап, «Іс Алматы теміржолы бөлімшесі пайдасына шешілді» деді. Жаңадан жұмысқа араласып жатқан маған бұл үлкен абырой болды. Рақметімді айттым. Байқасам, жап-жақсы-ақ қыз. Басында оны орыс ұлтынан шығар деп ойладым,

сөйтсем татар қызы екен. Келесі күні істің шешімін алуға келдім. Біраз жөн сұрастық. «Литер карточкаларыңыз бар ма?» деп едім, «Бар, бірақ біз тауар ала алмаймыз» деді. Бұл – үкіметтің карточкасы. Соның өзінде тамақ жетпейді ғой. Бәрінің карточкаларын жинап берді. Ревизор болғаннан кейін дүкеннің бастықтары менен аяқ тартады. Шана алып, бәрінің үйіне тамақ жеткізіп бергіздім.

Сосын бір барғанымда тағы алғысын айтты. Қыздан қайда тұратынын сұрап едім, «Қазір тұрақты баспанам жоқ, бірақ таяуда пәтер беруге уәде етіп отыр» деді. Көп ұзамай пәтер берді. Үлкен бір бөлмелі жақсы пәтер. Барынша жақсы киініп жүруге тырысатынмын. Петропавлдан келген апасы Рәбиға «Мына жігіт маған ұнап қалды, егер үйлену жайлы ұсыныс жасаса, қарсы болма» депті.

Бір күні кадрлар бөлімінің бастығы Мәскеуге алты айлық курсқа баратынымды айтты. Қоштасайын деп Нуранияға барсам, ол «Кетіп бара жатқаның қандай өкінішті» деді. Бірден үйлену жайлы ұсыныс айттым. Туыстарым да, әкем де менің ойымнан хабарсыз. Қыз «Қарсы емеспін» деді. Аудандық АХАЖ-ға бардық, неке жүзігі дегенді түсінбеймін, Нуранияға ештеңе сыйлап, ешқайда шақырған да жоқпын, ең болмаса бір рет театрға да бармаппыз. Некеге тіркеліп, сол күні қыздың пәтеріне қонып шықтық. Үй көмірмен жылытылатын. Пештің ауызы ашық қалыпты. Таңғы сағат 5-6-ларда оянып кетсем, келіншегім жерде жатыр. «Не болды екен? Әлде денсаулығы жоқ па?» деп ойлап, көтеріп верандаға алып шықтым. Сыртқа алып шығуды ойлағанымда өзім де таңғалам. Өзімнің де басым айналып, мең-зең болып тұрмын. Нурания уланып қалған екен. Бір-екі сағаттан кейін өз-өзіне келді. Сол күні жаңадан қосылған зайыбыммен қоштасып, алты айға Мәскеуге кеттім. Жарым өте мұқият болды, үнемі хат жазып тұрды. Елге келген соң әкеме жайымды айттым, ол кісі батасын берді. Ағайын-туыс, қызметтес жандарды жинап, шағын той жасадық. Мені оқудан кейін аға инспектор-ревизор етіп тағайындады. Әйелім қызметте де, үй тірлігіне де өте жақсы болды. Отын жарып, пеш жағып, су тасып, бар тірлікті жасай беретін. 1945 жылы 17 қаңтарда үйлендік. Таяуда балаларымыз, немере-шөберелеріміздің бәрі келіп, бізді құттықтады. Нурания журналистерге ылғи «Біз үйленгенде ағаларың неке жүзігін сыйламаған» деп жататын, 71 жылдан кейін әйеліме неке жүзігін сыйлап, «Уақыт, заман басқа болды, неше түрлі жағдай басымыздан өтті, соған мән де бермеппін» деп жағдайды түсіндіріп, «Мен өз міндетімнен құтылдым» деп жарияладым. Осылайша, өмірлік қо-

сағымның разылығын алдым. Ол кісі менен бір-ақ жас кіші, биыл 94-ке келеді.

Қырық жыл қырғын болса да...

– Қандай жұмыс болса да беріліп істейтінім бар. Теміржолда бес жылдай ОРС-тың (отдел рабочего снабжения) бастығы болдым. Мұнда он мындай адам жұмыс істеді. Теміржол қызметкерлерін киім-кешекпен, тамақпен қамтамасыз еттік. ОК-да қызмет істеген Қонысбаев бір күні «Сұлтан Сүлейменұлы, әлі жассың. ҚазМУ-дағы оқуынды бітірмепсің. Қазір үлкен қызметке араласа бастадың. Саған жоғары білім алу керек. Бізге Мәскеуден «Басшы қызметтерде жүрген жігіттердің жоғары білімі болмаса жіберіндер, оқытамыз. Жалақысы жүріп тұрады, қызмет орнын сақтаймыз» деген бұйрық келді. Бізден 5-6 адам барады. Отбасыңмен ақылдасып, жауабыңды айт» деді. Мен бірден келісімімді бердім. Ол кезде екі баламыз бар, әйелім жұмыс істеп жүрген. Мектеп бағдарламасы бойынша үш ай емтиханға жақсылап дайындалдық. Мәскеуге ұшаққа билет алу қиын болатын. Екі кісіге бронь жасатып қойғанмын, билет алмақ болып, кассаға жақындай бергенде обласаудабөлімінің бастығы Макаров жүгіріп келіп:

– Сұлтан, мен үлгермей жатырмын, ертең немесе бүрсігүні кетеміз, – деді.

– Бронымыз күйіп кетеді ғой.

– Сен уайымдама, билет тауып берем. Билетті тапсыр, – деді. Орталық саябақтың бастығы әйелімен менің соңымда кезекте тұрған, билетімді солар алды. Мұны айтып отырғаным – сол ұшақ Қарағандыда құлап, жолаушылардың бәрі қайтыс болып кетті. Таныстарымыз, жақындарымыз менің сол ұшақпен Мәскеуге кететінімді білетін, таңертең бәрі әйеліме келіп көңіл айтады. Әйелім «Сұлтан Мәскеуге әлі кеткен жоқ, – деп оларды әрең иландырыпты. «Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген рас екен. Соғыста үш рет жарақат алып, үйленген күнімде көмірге уланып қала жаздағаным, одан апатқа ұшыраған ұшаққа отырмай қалуыма, әлі күнге дейін таңғалам. Ергеңіне жолға шығып, Мәскеуге барып, емтихан тапсырып, оқуға түстім. Үш жыл оқыдым. Нурания бала-шағамен қалды. Әкем де келінінің қолына көшіп келіпті. Шешем қыздарымен келіп бірге тұрды. Үлкен бір бөлме, сосын верандасы болатын. Мәскеуден келген соң Сауда министрлігіне басқарма бастығы етіп тағайындады. Аппарат жұмысы маған онша ұнамайтын. Бір күні сауда министрі Жанғожин:

– Қалалық партия комитетінен сені КСРО Бас универмагының Алматы универмагына директор етіп тағайындау жөнінде қағаз түсті. Қалай қарайсың? – деді. Баруға бірден келісімді бердім. Универмагтың бөлімшелері бар. Бір жарым жылдай сол жерде жұмыс істедім. Менің алдымдағы басшы сауда саласынан мүлдем хабарсыз екен. Саланың жұмысы әбден тұралаған. Бір-екі жылдың ішінде жұмысты жолға қойдық. Брежнев – ОК-да екінші хатшы. Тауар қат кез. Менмін дегеннің бәрі бір зат керек болса, маған келетін. Бірде Брежневтің көмекшісі Гориковпен танысып қалдық. Реті келгенде:

– Брежневтің қабылдауына кіруге бола ма? – деп сұрадым.

– Қажет болса ұйымдастырайын. Қандай мәселе?

– Жаңа универмаг салуды сұрамақ едім, – дедім. Пысық жігіт екен, бір-екі күннен кейін телефон соғып:

– Кешкі сағат 9-да кел, Брежнев қабылдайды, – деді.

Бұл 1955 жыл болатын. Брежнев келісімін берген соң Мәскеуге барып жаңа универмаг салуға рұқсат алып келдім. Қаржы бөлінді. «Жап-жас болса да осындай үлкен мәселе көтерді» деп Брежнев мені мақтады. Универмаг салына бастады. Бір күні қалалық мәслихаттың делегаты ретінде конференцияға шақырды. Қалалық атқару комитетінің I хатшысы Третьяков пен обкомның I хатшысы Шпаков үзіліс кезінде:

– Жолдас Жиенбаев, сізді партия қызметіне ауыстыруға шешім қабылдадық, – дегеніне аса мән бермедім. – Сен партияда қызмет істеуге дайынсың. Мәскеуден оқу бітірдің, жұмыста да өзінді көрсете білдің. Алматы қалалық партия комитетінде бөлім меңгерушісі боласың. Бұл – үлкен қызмет. Келісесің бе? – деді. Не айтасың? Осылайша, партия қызметіне қарай ауысуға тура келді. Қалалық атқару комитетінде бес жыл істедім. Ылғи орыстар болатын. I хатшы Третьяковқа менің жұмысым ұнады. Бір күні «Сұлтан Сүлейменұлы, бөлім меңгерушісін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметіне көтеру тарихта болмаған. Біз сені осы қызметке лайық көріп отырмыз» деді. Отыздан жаңа асқан кезім. Бір жарым жылдай осы қызметті атқардым. Ауданның көрсеткіші жоғары болды. Бірде қалалық партия конференциясы өтіп, делегат болдым. Третьяков қоңырау соғып:

– Сен дайындал, конференцияда бірінші болып сөзге шығасың. Аудандағы көрсеткіштеріңді айтасың. Көзге түсетіндей-ақ жігітсің,

қалай сөйлеуді білесің. Конференцияға Қонаевтың бастауымен ОК-нің бюро мүшелері қатысады, – деді. Димекенді оған дейін жақын танымайтынмын. Расында, конференцияға Қонаев, Тәшенов, Кәрібжановтар да келді. Қонаевтың өзі сол жылы тағайындалған. Ол кезде Хрущев бастық. Сөзім жақсы шықты. Бәрі ду қол соқты. Сөзге шешендігім бар, оның үстіне жақсы дайындалып барғанмын. Қалалық комитет пен қалалық кеңесті біраз сынап та алдым. Сонда Димекене ұнап қалыппын. Бір айдан кейін І хатшы Третьяков телефон шалып, «Қонаевтың өзі сен жайлы білгісі келіп отыр» деді. Қосымов деген екінші хатшы да «Сұлтан, дайындал. Қонаев екеуіміз доспыз, араласамыз. Сен туралы менен сұрады. Мен сені мақтадым» деді. Бір күні Третьяков сағат 2-де Димекеннің қабылдауына баратынымды айтты. Ұзын бойлы, еңселі кісі екен.

– Сенің өмірбаяныңмен танысып шықтым. Өте дайындалған жігіт екенсің. Қалалық атқару комитеті мен партия комитетіндегілердің пікірі жақсы. Біз сені аппаратқа бөлім бастығы етіп алуды ұйғардық, – деді. – Бұл үлкен жұмыс, сен тіпті министрлерді шақырып алып тапсырма беруіңе болады.

– Жаспын ғой әлі, – деппін.

– Нешедесің?

– 36-да.

– Мен 28 жасымда төраға орынбасары болғанмын. Сен жаспын дейсің. Барлық баспалдақтан өтіпсің ғой. Осы сен кімнің баласысың?

– Сүлейменнің.

– Сүлекенің баласысың ба? (Әкемді бәрі Сүлеке дейтін) Ол кісімен біз көрші болдық қой, – деді. Сөйтсем, шешем мен Қонаевтың анасы жақсы араласыпты. Димекен біздің аулада ағаларыммен талай асық ойнаған екен. – Пәтерің бар ма?

– Бар. Онда қызметке кіріс, – деді. ОК-де бөлім меңгеруші қызметіне кірістім. Димекен маған қатты сенетін. Көп жұмыстарды тапсыратын. Екі жылдан кейін министр қызметіне ұсынды. Сегіз жыл сауда министрі болдым.

Сұлтан Сүлейменұлы сауда министрі болған жылдары Алматыдағы Орталық универмагтан бастап, Көктөбедегі «Ауыл» мейрамханасы, мәдениет және демалыс саябағындағы аралшадағы мейрамхана, 28 Гвардияшыл Панфиловшылар паркіндегі «Жұлдыз», сондай-ақ

«Алматы», «Самал», «Жайлау» мейрамханалары, «Тұлпар» автобөлшектер дүкені, «Маталар дүкені», «Рахат», «Юбилейный» гастронормдары, «Океан», «Универсам», «Қазақстан» және «Ресей» дүкендері, бірқатар қоғамдық тамақтандыру нысандары, Қапшағай фарфор зауыты, Алматы мақта-мата комбинаты, кілем-тоқыма фабрикасы және Алматы қаласынан бөлек республиканың басқа аймақтарында да сауда, жеңіл және тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары, көкөніс сақтайтын қоймалар салынған.

– Алматының төл тумасымын. Өз қаламды қатты жақсы көремін. 14 жыл ҚазКСР-і Министрлер кабинеті төрағасының орынбасары болғанда, жеті жылдан кейін Димекең «Бюро мүшесіне кандидат боласың» деді. Бұл да үлкен сенім. Қызмет бабында ешкім мені жамандаған емес. Барлығы мақтайтын, ісімді мақұлдайтын. Ешқандай туысым болған жоқ. Қызмет жағынан мені білетіндер – Қонаев, Третьяков, Шпаковтар. Ревизор болып жүрген кісі ақырындап өсіп, Министрлер кабинеті төрағасы орынбасары болып кеттім.

Димекеңмен 36 жыл көрші тұрдым

– 63 жасымда еңбек демалысына шықтым. Онда да «Қызметті тапсыр» деген ешкім болған жоқ. Ол кездері зейнет демалысына 60 жастан жіберетін. Ел арасында «Жиенбаев 63-ке келді, әлі жұмыс істеп жүр. Димекеңнің көршісі ғой» деген әңгімелер жүре бастады. Димекеңе «Сізге рақмет. Ел сөз қылып жатыр. Мені босатыңыз» дедім. «Ойланамыз. Әзірге еңбек демалысына бара тұр» деді. Демалыстан келген соң, «Арызынды бюрода қарадық. Ұзақ жылғы жемісті еңбегің үшін саған үлкен алғыс білдіреміз. Ешқандай шағымымыз жоқ. Ел-жұрт сөз қылмау үшін Премьер-министр Н.Назарбаевқа тапсырамын. Аппаратты шақырып, бюроның шешімімен таныстырамыз. Сосын сені демалысқа жібереміз. Кейінгісін көре жатармыз» деді. 1984 жылы еңбек демалысына кеттім. «Өз еркімен қызметінен босатылсын» деген жарлық шықты. Мұндай жарлық ешқашан болмаған. Елдер таңғалып жатты. Бірінші подъезде Н.Назарбаев тұрады. Димекең есікпе-есік көршім. Қасымызда Министрлер кеңесінің төрағасы Бәйкен Әшімов. Димекең мен Бәйкендердің жасы менен үлкен. Олар таңертең қызмет көлігіне отырып жұмысқа кетеді. Терезеден қарап тұрамын. Біраз қиын тигені рас. Шипажайға бардым. Оны-мұны шаруамды тындырған болдым. Бір күні Димекеңнің көмекшісі Дүйсентай:

– Сұлтеке, ертең сағат 2-де Димекеңе келіңіз, – деді.

– Көршім ғой, үйіне кіре салмаймын ба? – десем:

– Жоқ, қызметіне шақырып жатыр, – деді. Демалысқа шыққанымна бір жылдай болған.

– Қарап тұрсам, зейнеткерлікке шыққан адамға ұқсамайсың ғой, – дейді Димекең. Қатып киініп жүретініме қарап айтса керек. – Саған бір қызмет ұсынғалы отырмын. Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамының орталық кеңесі төрағасы қызметіне баруға қалай қарайсың?

– Бұл үлкен қызмет қой. Бұл салада жұмыс істеп көрген емеспін, – деп едім.

– Аппаратың, орынбасарларың болады. Барасың ғой? – деді.

– Сіз бар десеңіз барайын.

Сол жерде төрт жыл қызмет атқардым. Денсаулығым сыр беріп, Мәскеуде бүйрегіме ота жасатуға тура келді. Ауыр ота болды. Біраз уақыт жұмыстан қол үзуге тура келді. Колбиннің қызметке келген кезі. 1986 жылғы оқиға болып, Димекеңмен бірге қызмет істегендердің көбін түрмеге отырғызып қойды. Мен 86-ның желтоқсанында әйеліммен бірге Эссентуки шипажайына кеткенмін. Барлығы мені іздеген. Шипажайда екенімді біліп, қатысы жоқ деп ойлаған. «Қонаевтың байырғы қызметтесі, көршісі Жиенбаевқа қалай тиген жоқ?» деп көбі таңғалады. Желтоқсан оқиғасы өтті. Мен денсаулығымна байланысты өз өтінішіммен қызметтен кеттім.

Үйде «Не істеп, немен айналыссам екен?» деп ойланамын. Бір күні көшеде қыдырып жүрсем, Жамбыл облыстық атқару комитетінің бірінші хатшысы болған Жақыпов пен тағы бір жігіт келе жатыр екен. Жақыпов:

– Сұлтан Сүлейменұлы, «Правда» газетінде Өзбекстан Рашидов, Қырғызстан Үсіпәлиев қорын құрғанын жазыпты. Сіз неге Қонаев қорын құрмасқа?! Қанша жыл бірге қызмет жасадыңыздар, көршіңіз, бір үйде тұрасыздар. Біз сізді қолдаймыз, – деді. Қонаевқа кіріп мән-жайды айттым. Әуелі келіскен жоқ, екі-үш күннен кейін келісімін берді. Сонымен, Қонаев қоры құрылып, оның президенті болып сайландым. Қазір қордың Құрметті президентімін. Қор 22 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Димекеңнің атын ұмытпаймыз. Музейі ашылып, қаншама кітаптар шықты. Қонаевтың 100 жылдығында Елбасы Н.Назарбаев «Музейді ашайық» деді. Димекеңмен 24 жыл бірге қызмет істедім, 36 жыл көрші тұрдым.

Қатаң сөгіс қайғысы

Сауда министрі кезімде арыз-шағым көп түсетін. Тексереді, ештеңе таба алмайды. Жұмыс бабымен кейде біреулерге ұрсуға тура келеді. Бірақ мен аса қатты кетпейтінмін.

Алматыда бір мейрамхананың бас аспазы қытай ұлтынан болатын. Ылғи салтанатты шаралардан кейін бізге қызмет көрсететін. ОК-де бірге қызмет істейтін Қапият Төлекеев, Мұхит Әкімжанов, Сламжан Құнанбаевтармен дос ретінде жақсы араласатынбыз. Солар «Сұлтеке, қытайдың бір тамағын жесек. Тамақтары жақсы көрінеді» деді. «Мейрамханаға барайық» деп едім. Олар «Мейрамхананы қайтесің, оның үйіне барып көрейік» деді. Қытаймен сөйлесіп, үйіне барып неше түрлі тамақтарын жеп қайттық. Басқа ештеңе де болған жоқ. Ертеңіне Қонаев шақырып:

– Иә, кеше қонақта болдың ба? – деді.

– Болдым.

– Кімдікінде?

– Осындай кісі.

– Неге бардың оның үйіне?

– Бізді шақырды. Ол еңбегі сіңген аспаз... Ешқандай шатағы жоқ.

Одан ештеңе алған жоқпыз, – деп жатырмын.

– Өте қате жасағансың, – деді Димекең. – Сен ОК-да бөлім меңгерушісісің.

Содан не керек, осы мәселе бюрода қаралып, маған қатаң сөгіс берілді. Қалғандарының бәрін қызметтен босатып, өзге облыстарға жіберді. Қараптан-қарап қатаң сөгіс алдым. Бірақ қызметтен, депутаттықтан босатқан жоқ. Алты айдай өткенде Димекең бюрода «Жиенбаевтан қатаң сөгісті алып тастау жөнінде ұсынысым бар. Қалай қарайсыздар?» деді. Бәрі қолдады. Димекең әрі қарай «Біз Жиенбаевты жан-жақты тексеріп көрдік. Мен оны Жоғары Кеңес төрағасының орынбасары қызметіне ұсынамын» деді. Ешкім қарсы болған жоқ. Қатаң сөгісті беріп тұрып, қызметімді жоғарылатты. Бірақ осы қатаң сөгіс зайыбым екеуімізге үлкен қайғы түсірді. Осындай бір қателік кетті басымыздан. Кейіннен білгеніміздей, әлгі аспаз контрабандамен айналысқан екен. Бізді бір Құдай сақтап қалыпты.

Балаларым өз биіктеріне өздері жетті

– Қалалық комитетте жұмыс істеген 1954 жылдары Алматыда 8-ақ пайыз қазақ болатын. Сауда орны, банк, аурухана мен емханаларда қызмет істейтін қазақ көрмейтінбіз. Қазір 80 пайыз қазақ. Оқу-білім жағынан біздің ұл-қыздарымыз шетінен мықты. Біз қай жағынан болса да өстік. Спортта әлем мойындаған мықтыларымыз көп. Өнер жағынан да құралақан емеспіз. Мені осы жайт қуантады.

Қазір еліміз өсті. Келешегіміз бар. Астананы алып қарайықшы, аз уақыттың ішінде әлемдегі әдемі қаланың біріне айналды. Жастар еліміздің келешегі үшін жұмыс жасап, оқуы керек. Мен осы күндерді көргеніме қуанам. Бала кезімізде Алматы қандай болды? Қазір қандай? Арасы жер мен көктей. Қазір жасалып жатқан істің бәрі келешек ұрпақ үшін. Ұрпағымыз өсіп-өнсін!

Үлкен ұлым Рүстем – техника ғылымдарының кандидаты. Қызым Райхан биология ғылымдарының кандидаты болды. Өкініштісі, қызым ертерек дүниеден озып кетті. Кенжеміз Ринат – заң ғылымдарының кандидаты. Алты немерем бар еді, біреуі қайтыс болып кетті. 13 шөберем бар. Бәрі жиналып тұрады. Шөберелерімнің алды ат жалын тартып мінген азамат болды. Ұрпағымның көбейіп, өсіп-өніп келе жатқанына қуанамын. Балаларым өз биіктеріне өздері жетті.

Менен «Сіз Қазақстанның бүкіл сауда саласын басқардыңыз. Жекешелендіріп алған ғимараттарыңыз бар шығар?» деп сұрап жатады. Менде өз атыма жекешелендіріп алған бірде-бір ғимарат жоқ. Тіпті өзім құрылысына тікелей мұрындық болған Алматыдағы Орталық универмагты жекешелендіру ұсынылғанда келіспедім. Мені ел-жұрт сыйлайды. Қуаныштарына шақырып, құрметтеп төрге шығарады. Ақсақал ретінде бата берем. Менің байлығым – сол.

Биыл жазда 95 жылдық мерейтойын тойлауға қызу дайындалып жатқан Сұлтан аға бізді есік алдында өзі қарсы алды. Үстінде ине-жіптен жаңа шыққандай костюм-шалбар, галстук, аяғында туфли. Тап қазір Үкіметтің отырысына қатысуға жиналып жатқандай. Ғасырлық жол жүріп өткен жан еңсесін әлі тік ұстайды. Қимыл-қозғалысы ширақ, әңгімесі түзу. Текті қазақ ақсақалы осындай-ақ болар!

17 ақпан, 2016 жыл



*Досым СҮЛЕЕВ,
академик:*

ЖОЛЫ БОЛҒЫШ ЖАННЫҢ БІРІМІН...

Ұлттық Ғылым академиясының академигі, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген қайраткер, «Дос-Мұқасан» тобының негізін қалаушы және бірінші жетекшісі, Қара теңіз және Каспий теңіздері елдерінің ынтымақтастық қорының вице-президенті Досым Сүлеев 1947 жылдың 7 наурызында Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыағаш қаласында дүниеге келген. Бұл – бүгінде шипажайы мен минералды суымен аты шыққан жер.

Әскери қызметкердің баласы

– Әкем Қасым, бүгінде 96 жастағы полковник, сол кездері Ұлы Отан соғысынан оралып әскери комиссариатта жұмыс істейтін. Әкеміздің қызмет бабымен 6 жасымда Созақ ауданына қоныс аударып, аудан орталығы Шолаққорғанда мектеп табалдырығын аттадым. Үш жылдан кейін Кентауға көшіп келдік. Бұл жаңа қала болатын, – деп бастады әңгімесін Досым аға. – Біз алты ағайындымыз. Әкем ұлдарының атын Қасым – Досым, Есім деп өзінің, қыздарды Айнаш – Күләш, Нұрлаш, Зәуреш, Сәулеш деп анамыздың атына ұқсастырып қойды. Ержетіп, ес білгенде байқағаным, әкеміз соншалықты қатал кісі емес, бірақ әскери адам болғандықтан шығар, тәртіпті жақсы көретін. Ол анда-санда бір шақырып алып сөйлесетін, соның өзі бізге жетіп жатыр

еді. Кішкентай кезімізде көзін тоқтатып бір қарағанның өзінде жылай бастайтынымыз есімде. Ал анамыз Айнаш артық сөзі жоқ, өте жұмсақ мінезді, үнемі балаларының, жарының жағдайын жасап отыратын кісі болды. Оның ең қатты ұрысқаны «Әкеңе айтамын» деген сөз еді.

Көп балалы отбасында тәрбие басқаша. Досекең балалардың үлкені. Ата-анасы «Сен дұрыс тәрбие алсаң, іні-қарындастарың саған қарайды» деп үнемі айтып отыратын. Анасы Кентаудағы мектеп интернатта бастауыш сыныптың мұғалімі болды. Интернаттың жұмысы көп, бауырларына бас-көз болуды тұңғышына тапсыратын, ал қалғандары соны тыңдап өсті.

Кішкентай кезінен жадында қалған бір естелік – әке-шешесінің мандолин ойнап, қосылып ән салатыны. Дауыстары жақсы еді. Ол кездері жиі басқосулар болып тұратын. Бала Дос үшінші сыныптан бастап мектеп бітіргенше Кентауда тұрды. Әкесі мен анасы алға ұмтылғыш жандар болатын. Қарындасы Күләш екеуін музыкалық мектепке берді. Бұл баян, қарындасы фортепиано сыныбында оқыды. Ол кездері шағын қалаларда мұндай музыкалық аспаптар бола бермейтін. Жарты жылдай мұғалімнің баянымен дайындалып жүрді. Әкесі Күләшқа үстелге пернетақтаның суретін салып беріп, ол саусақтарын соларды басып үйрететін. Үстелден ешқандай дыбыс шықпағанына ызаланған қарындасы кейде жылап отыратын. Әкесінің достары жарты жылдан кейін бала музыкантқа Полтавадан баян әкеліп берді. Бір жылдан соң Кентауға квотамен 4 пианино келіп, соның біреуі осы отбасына тиді. Олар бастауыш сыныпта оқып жүрген кездің өзінде музыкалық аспапта ойнай бастады. Қонақтар келгенде өнер көрсетіп, олар мақтаса мәз болатын. Үйдің кішкентайлары да бұларға қосылып ән салып, өздерінше отбасылық ансамбль болды.

– Кейде анам «Интернаттағы балаларға баян ойнап берші» деп шақыратын. Шамамен 6-7 сыныпта оқимын. Бір барғанымда Сейдолла Бәйтерекөв жүр екен. Менен бірер жас қана үлкендігі бар ол өз бетімен аккардионда ойнап үйреніп алыпты. Екеуіміз қосылып шырша мерекесін өткізетінбіз. Кейіннен үлкен ортаға келіп қайта танысып, табыстық десек болады. Мәскеуде аспирантурада оқып жүргенімде «Дос-Мұқасаннын» атағы дүркіреп тұрған. Ақындардың біразымен, әсіресе Тұманбай Молағалиевпен тығыз шығармашылық байланыста болдым. Мәскеу маңындағы Переделкино деген жерде ылғи композиторлар, жазушылар демалатын. Сейдолла ән жазып жүргенін айтып, мен оны Мұхтар Шаханов, Қадыр Мырза Әлілермен таныстырдым.

Сол кездері Сейдолла «Әлия» әні шығып әжептәуір танымал бола бастады, – деп жалғады әңгімесін Досым аға. – Кішкентайымыздан ана тілімізде сөйлеп өстік, бірақ Кентауда көбіне гректер мен орыстар тұрды. Біздің орыс мектебінде оқуымызға тура келді. Дегенмен студент атанып, Алматыға келгенімде ана тілін жетік білмейтіндігім алдымнан шықты. «Дос-Мұқасан» құрылған соң оның жетекшісі болдым да, түрлі комсомолдық шараларға, жиындарға шақыра бастады. Олар менің қазақша сөйлегенімді қалайтын. Сол сәттерде ана тілімде еркін сөйлей алмайтыныма намыстанатынмын. Әуелі қазақша тілек айтып бастадым. Біраз үйреніп келе жатқанда Мәскеуге аспирантураға кетіп, тіл қолдану аясы тағы тарылды. Жұмысымыздағылар да орыстілді болды. Кейін Политехникалық институттың ректоры болған кезімде қазақ тілі мықтап қолға алына бастады. Шараның бәрін қазақша өткізу талап етілді. Ғылыми кеңесті қазақша өткізу керек болды. Екі жылдай қатты қиналғаным рас. Көмекшілерім, университет газетінің редакторы Марат Әбдіхалықтан мағынасын түсінбеген сөздерімді, дәстүрлерді сұрайтынмын. Баяндамамды проректор Ұлықпан Сыдықовқа көрсетіп алатынмын. Намыстың арқасында ана тілімді бір кісідей меңгеріп шықтым.

«Түбі инженер боласың...»

Бала болған соң көпке ілесіп сабақтан қашу, төбелесу кезеңінен оқушы Дос та өтті. Бірақ жалпы алғанда тәртіпті бала болды. Неге десеңіз, үйдің тұңғышы болып, соңынан ерген іні-қарындастарына бас-көз болғанын жоғарыда айттық. Біреуден тәртіпті талап ету үшін алдымен өзің тәртіпті болуың керек қой.

Кентауда тұт ағашы көп болатын. Ағы болса мейлі ғой, қарасын майкасының етегіне толтырып теріп алып, оның бояуы сіңіп қалатын. Асық, ләңгі – бәрін ойнады. Музыкалық мектепте репетициясы көп. Уақыты өте аз. Соған қарамай ойыннан қалмайтын. Суға жүзу, күресу, футбол, теннис ойындарының бәрінің қызығын бастан өткізді. Дегенмен ол мектепте сабақты өте жақсы оқыды. Математика мен химия пәндері ұнайтын. Қалалық олимпиададан өтіп, облысқа жібереміз дегенде жол қаражатын тауып бере алмай, қалып қойғаны есінде.

– Радиотехника саласына маманданғым келді, – дейді Досым Қасымұлы. – Кентауда Ресейдің Таганрог техникалық институтының радиотехника факультетін бітіріп келген жігіт болды. Әке-шешелеріміз таныс екен. Әкем «Жүр, сені сол жігітпен таныстырайын. Сөйлес,

сұрап біл, радиотехника факультетіне оқуға түсуді армандап жүрсің ғой» деді. Мектеп бітірген соң сол институтқа баруға бел байладым. Бірақ қасымдағы жігіттер «Сен қазақ емессің бе? Ол институтты қайтесің? Алматыға барып оқуға түсейік. Астанамыз сондай тамаша қала» деп үгіттеп, бес-алтауымыз бірге Политехникалық институттың автоматика және телемеханика мамандығын таңдап, Алматыға тартып отырдық. Ең үлкен конкурс біздің мамандыққа екен. Бір орынға 13 адамнан. Жолым болып, оқуға түстім. Ректор шақырып:

– Сен жақсы тапсырдың, біз 15-16 жігітті Мәскеу мен Ленинградтағы университеттерге жібермекіміз. Сен Бауман атындағы училищеге барсаң, – деді.

– Институтқа түстім деп жүргенде училищені қайтемін? – дедім. Ректордың: – Бұл училищенің деңгейі институттан жоғары, дүниежүзіне белгілі, – дегеніне көнбей қойдым. Қазір «Бұл менің бірінші қателігім болған шығар» деп ойлаймын.

Мемлекет қайраткері, экс премьер-министр Нұрлан Балғымбаевпен Политехта қатар оқыдық. Бертінде ол маған:

– Дос, сенің ішкі түйсігің нашар екен. Қазіргі мұнай саласында жүрген жігіттердің жағдайына қарасаңшы. Кезінде мұнай факультетіне түсуің керек еді, – деп қалжыңдайтын.

– Бізге түсе алмайтындар мұнай факультетіне баратын еді ғой, – деп мен де қалыспайтынмын.

Мектепте оқып жүргенде баян сыныбын да бітіріп шыққанымды айттым. Кентау жаңа қала болғандықтан бізге мықты мұғалімдер сабақ берді. Әке-шешем әу баста-ақ «Балам, сені музыкант, артист болсын деп бұл мектепке берген жоқпыз, түбі инженер болуың керек» деген болатын. Кентауда достарым үрмелі аспаптар оркестрінде ойнайтын еді, солар мені кларнетте ойнауға шақырды. Жақсы мұғалімнен кларнетте ойнауды үйреніп шықтым. Сосын саксофонды үйреніп алып, би алаңында танымал болдым. Ол кезде бұл аспапта ойнайтын қазақтар болмайтын. Алматыға келген соң саксофон ойнауды дамытқым келіп үйірмелерді іздеп таптым. Жетекшісі радио-телевидениенің оркестрінде ойнайтын Лев Савченкоға барып жолықтым. Оларда үш саксофонист бар екен. Екі тенор, бір альт. Мені тыңдады да, бірден қабылдады. Үлкен оркестр. Институттың I курсында оқып жүргенмін. Факультеттің комсомол ұйымының хатшысы Қамит Санбаев институтқа әскерден кейін түскен, тәжірибелі жігіт болатын. Маған «Өз факультетімізде де топ құрайық» деген ұсыныс айтты. Бұл

1965 жыл болатын. 1966 жылы студенттерді бидай жинауға Қостанай облысына жіберді. Мұрат Құсайынов пен Мейірбек Молдабеков аздап гитарада ойнауды үйреніп алыпты. Кейін жатақханада туған күн кештерінде ән салып көріп едік, жігіт-қыздар жақсы қабылдады. Әсіресе, қыздарға ұнағаннан кейін бізде әжептәуір құлшыныс пайда болды. Музыкалық қабілетімді пайдаланып сол кездегі кең таралған «Арыс жағасында», «Куда уходит детство» әндерін екі дауыста жазып, жігіттермен дайындадық. Әнді Қамит, Мейірбек, Мұрат төртеуіміз айттық. Қамит әскерде гитарада ойнап үйренген екен. Комсомолда істегеннен кейін оның ұйымдастырушылық қабілеті күшті болды. Жігіттер күннен-күнге дайындықты күшейтіп, аспаптарда ойнауды меңгеріп алды. Ән өңдеу дегеннің не екенін түсіне бастады. Дұрыс музыкалық аспабымыз да жоқ. Қамит «Музыкалық аспап алу керек» деді. Бірақ бізде ақша жоқ, оны қайдан аламыз? Күзде факультетіміздің студенттерін картоп жинауға алып баратын. Аздап қаржы төлейді. Студенттер жиналған ақшаға бізге музыкалық аспап алып берді. Сол аспаптармен жатақханада би кештерінде ән айтатынбыз. Саксофон, электр гитараларды алып шықсақ, жастар қатты қолдайтын. Вокалды аспаптар ансамблі одақта енді шығып келе жатқан. Бар болғаны бір-екеу ғана, біз үшінші болдық. «Песняры», «Ялла» бізден кейін шықты. Дами келе бізге кәсіби музыкалық аспаптар қажет болды. Мейірбек әкесінің бір жылқысын сатып, гитарасын алды. Мұрат та туысқандарының көмегімен шетелдік гитараға қол жеткізді. Менің саксофоным бар. Аспап жағынан сапамыз жайлап дұрыстала бастады. Ол кезде тобымыз жайлы әңгіме ректорға да жетіпті. «Өздері электр гитарада, саксофонда ойнайды екен, бұл не пәле» деп үрке қарайды. Өздері бармай, «Көріп келіндер» деп партком мүшесін, комсомолдарды жібереді. Ол кезде эстрадада қазақша ән айтатындар мүлдем жоқ деуге болады. «Қазақша әндер айтатыны рас па?» деп сосын ректор Әшім Омаровтың өзі келіп тыңдады. Содан бастап ол бізді бауырына тартып, інісіндей қабылдады. Музыкалық аспаптар алып берді. Қолымызға кәсіби музыкалық аспаптар тигеннен кейін біздің жігіттер тіпті күшейіп кетті. Дұрыс микрофонға да қолымыз жетті. Бір жылдың ішінде-ақ жастар арасында кеңінен танылдык.

1967 жылы екінші курстан кейін Павлодарға құрылыс отрядына баратын болдық. Қамит – комиссар. Баянауыл аудандық Мәдениет үйін жөнделдік. Бұл жерде халықаралық құрылыс отряды болып, Венгриядан келген мадияр жігіттермен бірге жұмыс жасадық. Жөнделген

сарайда концерт беріп, елдің ықыласына бөлендік. Венгриялық студенттерді бастап келген Янош Карпати:

– Жігіттер, мен сендердің ансамбльдеріңді «Дос-Мұқасан» деп атауды ұсынамын, – деді.

– Бұл қандай мағына береді?

– Бұл ешқандай мағына бермейді. Бірақ «Дос» – сендердің көшбасшыларың – Досымның атының алғашқы буыны. Әрі қарай сызықшамен жазыңдар. «Мұ» – Мұрат Құсайынов, «Қа» – Қамит Санбаев, «Сан» – Саня-Александр Литвинов. Бұлар – топтың ең алғашқы мүшелері. «Лос-Анджелес», «Лос-Парагваес» деген сияқты дүниежүзіне белгілі ансамбльдер бар. Сендер де солай жазыңдар. Биіктен көрейік, шығармашылық табыс тілеймін, – деп Янош бізге тілегін айтты. Бұл ат барлығымызға ұнады. «Дос-Мұқасан» ансамблі деп сахнаға шыға бастадық.

Бір күні Алматы партия комитетінің хатшысы Петр Ерпилов ректор арқылы мені шақырды. Партия, оның хатшысы дегеннен хабарым онша жоқ, тек «Дос-Мұқасан» алға!» деп жүрген кезім ғой. Петр Иванович «Ансамбльдерің жақсы екен» деп әңгімеге тарта отырып:

– Неге «Дос-Мұқасан» деп атадыңдар? Мағынасы жоқ, ешкім түсінбейтін ат! – деп сұрады. Мен айтып бердім. Ол:

– «Юность», «Молодость», егер қазақша керек болса «Жастар», «Тұлпар» деп атамайсыңдар ма? – деді.

– О не дегеніңіз? Қазір «Дос-Мұқасанды» жастардың бәрі біледі, – деп көнбедім. Маған нұсқау беретіндей партияда емеспін.

– Осы мәселені дұрыстап ойланарсыңдар, – деп мені жіберді. Ертеңіне ректор Әшім Құрамбайұлы шақырып:

– Партия хатшысының айтқанына көнбедің бе? Ол кісінің кім екенін білесің бе? – деп қаттырақ сұрады.

– Бәрін түсіндім. Бірақ ансамбльдің атын өзгертпейміз, – дедім.

– Әй, жассыңдар ғой, түсінбейсіңдер, – деп дауысын жұмсартты ректор. – Жарайды, партия хатшысымен өзім сөйлесермін, қиын әңгіме болатын түрі бар.

Осылайша, «Дос-Мұқасанның» атын сақтап қалдық.

Танымал еткен – «Гой жыры»

«Дос-Мұқасан» тобы түрлі конкурстарға қатысып жеңімпаз бола бастады. Телевизиялық конкурстарда, Қазақстанда, Өзбекстанда бүкілодақтық конкурста жеңіп шықты. Ташкенттегі конкурстың

төрағасы КСРО халық артисі Батыр Закиров болды. Венгрияда конкурстың лауреаты атанды.

Әне-міне дегенше уақыт сынаптай сырғып бес жыл өте шықты. Олар 1970 жылы институт бітірді. Аттары жарты әлемге танылып үлгерген жанып тұрған жастар, бәрі бойдақ. Бір күні Мұрат-дос өзінің үйленетінін айтып, болашақ жары Сәбирамен таныстырды.

– Бір айдан кейін той. Жігіттермен «Жас жұбайларға не сыйлаймыз?» деп ақылдастық. Бұл кезде топ институттың абыройын әжептәуір көтеріп жүрген. Ректорымыз топ тарап кетпесін деп бәрімізді политехта қызметке алып қалды. Инженер, мұғалім болып істеп жатқанбыз. Ақшамыз онша көп емес, 100-110 сом шамасында. «Сен ән жазушы едің ғой, жас жұбайлардың тойына жақсы бір ән сыйласақ қайтеді?» деді маған. Ұлықпан Сыдықовтың өлең жазатын өнері бар. Сол кезде айтыппыз да, кейін ұмытып кетіппіз. Той болатын күні Ұлықпан:

– Досеке, мен сөзін жаздым. Әнің дайын ба? – дейді. Тойдың басталуына бес сағаттай қалған.

– Қалжындап тұрған жоқсың ба? Қалай үлгереміз? Дегенмен, қане, өлеңінді көрсетші, – дедім. Сөзі тамаша!

«Махаббаттың құдірет күші әлдилеп,

Екі жастың табыстырған жүрегі...» деп кете береді. Атын «Той үстінде» деп қойыпты. Жарты сағаттың ішінде әннің негізі пайда болды. Дереу жігіттерді жинап дайындыққа кірістік. Әннің мәтіні мен нотасын жазып, авторлар ретінде қол қойып, дайындадық. Тойда орындап бердік. Ел ду қол соқты. Тойдан кейін ол ән жайлы мүлдем ұмытып кетіппіз. Кезекті концертке дайындалып жатқанбыз. Ән жетпей жатыр. Жігіттердің бірі «Бізде «Той үстінде» бар еді ғой, жақсы шықты емес пе?» деді. Әнді өңдеп, үлкен сахнаға дайындап, алғаш рет «Студенттік көктемде» орындадық. Ел жақсы қабылдады. Ән бірден кең таралып кетті. Бір армян жігіті Алматыда рентгеннің пленкасына біздің әнімізді жазып, әрқайсысын 1 сомнан сата бастады. Ол кездері 1 сом дегенің қыруар ақша. Алматылықтар, сырттан келгендер «Көк базарға» барып, әлгі армянға ән жаздырып алып кетеді. Ол әжептәуір байыды. Оның «бизнесінен» біз бір тиын да пайда көрген жоқпыз, бірақ танымал болуымызға ол да өзінше үлесін қосты. Ән радио-телевидениеден үздіксіз беріліп тұрды. «Той жырынан» кейін ансамбльдің танымалдығы арта түсті.

1973 жылы мәдениет министрінің бірінші орынбасары Жексенбек Еркінбеков «Дос, Минскіде Бүкілодақтық кәсіби вокальды аспаптар ансамблінің конкурсы болмақ. Кәсіби болмасаңдар да біздің елде сендерден артығы жоқ болып тұр. Мен сендерге кәсіби ансамбль ретінде қағаз беремін» деді. Жігіттердің қуанғанын көрсеңіз. Ансамбльдің құрамына Бақыт Жұмаділов, Құрманай Омарова, Тасқан Нарбаева, Шәріп Омаров қосылған болатын. Минскіге барарда Нұртас Құсайыновты шақырдық. Ол консерваторияны бітірген, кәсіби вокалист еді. Жақсылап дайындалып, халық әні «Елім-айды», менің «Той жыры», «Алматы түні» және Левашовтың «Соловьи России» әндерін Минск қаласына алып бардық. Құрманай мен Тасқан да қосалқы дауыста айтты. Дайындығымыз тамаша болды. Конкурстың төрайымы Александра Пахмутова бізге екінші дәрежедегі дипломын тапсырды. Ал біз орындаған «Соловьи России» әніміз өңделуі жағынан бірінші орын ұтып алды. Одақта кең таралуымызға осы конкурстың үлкен ықпалы болды. Сайыстың жеңімпазы ретінде тобымыз Берлинде өтетін X-шы дүниежүзілік студенттер және жастар фестиваліне қатысты. Онда да лауреат болып, алтын медаль жүлдегері атанып әлемге танымал болды.

Авторлық құқық басқармасы әндері орындалған композиторлар мен ақындарға қаламақы төлейтін. Мейрамханалар мен концерттерде біздің әндеріміз орындалса соның әрқайсысынан 0,01 пайыз түседі. Әр айдың 13-і күні ақындар мен композиторлар қаламақы алуға жиналамыз. Әдеттегідей кезекте тұрмыз. Нұрғиса Тілендиев, Тұманбай Молдағалиев, Әсет Бейсеуов, Қадыр Мырза Әлі, Ескендір Хасанғалиевтер бар. Арасында ең қомақты қаламақы алатын Нұрғиса ағамыз, шамамен 280 сом. Маған 450 сом шығыпты. Ұялғанымнан қанша алғанымды айтпаймын, бірақ Нұрғиса ағамыз кассирден:

- Мынау 45 пе, 450 ме? – деп сұрап алады.
- 450. Сондағы Нұрғиса ағамыздың айтқаны:
- Досым, балам, ағаларыңмен бөлісу керек қой.

Бәріміз мәз болып күлдік. Ағаларымызға Қазақстан бойынша маған, негізінен, Одақтағы мейрамханалардан түсетін. Ол кездері мейрамханаларда әр республиканың әні орындалуы талап етілетін. Мәселен, орыс, грузин, украин, беларусь мейрамханаларында міндетті түрде қазақтың әні болуға тиіс. «Маяк» радиосында қазақша «Той жырын» «Сладобная» Досыма Сулеева» деп үздіксіз беріп тұратын. Мейрамхана деген толып жатыр. Соның әрқайсысынан бір тиындап болса да бізге қаламақы төленеді. Шетелдердің валюталары да түсті.

450 сом деген ол кезде қомақты қаражат болатын. «Досым Сүлеев «Казахский Мендельсон» деп атағаны сол кездер ғой...

Қалыңдығымды «Чайкамен» қыдырттым

– Арамызда бірінші Мұрат үйленгенін айттым. Бұл біздің жігіттерге қозғау болды. Францияда концерт қойып, Мәскеу арқылы елге қайттық. Мәскеуде біздің Елшібек деген дыбыс режиссеріміз:

– Осында жақсы таныс қазақ отбасы бар. Жүріндер, сол кісілерге қонаққа барайық, – деді. Барсақ, әкесі қазақ, шешесі орыс, екі ұл, бір қызы бар отбасы екен. Біз барғанда ұлдары үйде болды да, қызы сәлден соң келді. Қарасам, әп-әдемі қыз. Тек мәскеуліктер оқитын элиталық Электрондық машина құрылысы институтын бітіріп, бір зерттеу институтында инженер болып істеп жүрген кезі екен. Қызбен таныстық, аты – Людмила. Сосын біз МГУ-де концерт қойдық. Зал толы болды. Мен сол отбасын өз концертімізге шақырдым. Сосын Людмила Байдабекқызы Алматыда аспирантурада оқитын ағасына келді. Әкесі түп-тамырынан ажырап қалмау үшін баласын Алматыға жіберген. Людмиламен екі жылдай дос болдық. Екеуіміз де Мәскеуде Димаш Қонаев ағамыз бітірген Болат және қорытпалар институтында аспирантурада оқып жүргенде үйлендік. Тойды екі жақта да өткіздік.

«Дос-Мұқасан» комсомолдың XVII съезінің делегаты болды. Ол кезде съезд делегаты болу деген үлкен дәреже. 1974 жылы тойымыздың алдында Мәскеуде АХАЖ-ға барсақ, екі-ақ «Чайка» машинасы бар екен. Гүлмен көмкерілген «Волга», басқа да машиналар бар. Бірақ менің «Чайка» машинасын алғым келді. Делегат киіміммен АХАЖ директорына бардым. Ол бірден:

– Делегатсың ба, не? – деді.

– Иә.

– Жарайды онда, – деп бір «Чайканы» маған берді. Осылайша, тойымыз болған күні «Чайкамен» Мәскеу көшелерінде қыдырдық. Тұңғышымыз Гүлмира Мәскеуде дүниеге келді. Аспиранттар жеребе тастап, осы ат шықты. Аспирантураны бітіріп елге қайттық. 1980 жылы ұлымыз Ержан туылды. Гүлмира – ҚазҰУ-ды бітірген, мамандығы психолог. Астанада «Самұрық-Қазынада» қызмет істейді. Қызымнан екі немереміз бар. Ұлым ҚазҰУ-ды, Политехті және Қытайда мұнай экономикасын бітіріп шықты. Лондонда Швейцарияда, Румынияда қызмет істеп, қазір Атырауда үлкен зауыттың атқарушы директоры. Ержаннан да екі немереміз өсіп келеді.

Шенеунік болуды көздегем жоқ...

– Өмір жолымның жақсы арнаға бұрылуына оң ықпал еткен төрт адамды айта аламын. Бірінші – мектепте математика пәнінен сабақ берген ұстазым Валентина Алексеевнаның сөздері мені үнемі қанаттандырды. Негізі адам баласы үлкен болсын, кішкентай болсын мақтағанды жақсы көреміз, ұстазым «Сен ең мықтысың, сен үлкен мақсаттарға қол жеткізесің» деп үнемі қолдап отыратын. Мектепте пән олимпиадаларына қатыстырды. Бұл сөздер маған өз-өзіме үлкен сенім берді. Кентауда музыкалық мектепте сабақ берген ұстазым Борис Иванович те зиялы жан болатын. Ол «Сен музыкант болуың керек, сенде үлкен қабілет бар» дейтін.

Политехта «Дос-Мұқасанды» құрғанда да біраз қиын кездер бастан өтті. Электрлі гитара, саксофон дегендерді бастықтар онша дұрыс қабылдамады. Сол кезде Алматыда бір-екі ансамбльдер шығып электрлі гитаралармен Биттлздың, Роллинг Стоунздың әндерін ағылшын тілінде айтып жүрген. Комсомол және партия басшылары олардан қорқып, сахнаға шығуға жол бермейтін. «Дос-Мұқасанды» да сахнаға жіберу керек пе, жоқ па, деген мәселені өздері де анық білген жоқ. «Буржуазиялық капитализмнің өнерін және аспаптарын насихаттап жатыр. Бұл болмайды» деген көзқарастағылар да болды. Социалистік идеология басқа. Осылайша, әрі-сәрі күй кешіп жүргенде парткомнан бір адамды бізге куратор ретінде бекітті. Бұл «Дос-Мұқасанның» әжептәуір аты шығып қалған кез. Кураторымыз химия кафедрасының меңгерушісі Тұрсын Сәлібаев болатын. Ол кісі – Қазақстанның халық артисі Жамал Омарованың туған інісі. Тұрсын аға бізді қақпайлаған жоқ, қайта үнемі қолдау білдірді. Өзі өнерді сүйетін, түсінетін жан болып шықты. Бізді сондай жақсы көрді және үнемі қамқорлық танытты. Қанша дегенмен кеше ғана мектеп қабырғасынан шыққан бала, бүгінгі студентпіз ғой. Концерттен кейін үйіне апарып шай, тамақ беріп, бізбен бірге концертке барып, кейде өзі де ұйымдастыру жұмыстарына атсалысып кететін. Сол кісі дипломатиялық түрде парткомға, бастықтарға «Бұл жігіттерді сахнаға шығаруға болады. Бұлар қазақ әндерін айтып жүр» деп құлақтарына құя бастады. Бір шығарғаннан кейін жолымыз ашылып кетті. Осылайша, «Дос-Мұқасан» Қазақстанда көптеген ансамбльдерге, жалпы вокалды аспапты эстрадалық жанрға жол ашып, Одақ кезінде тұншығуға айналған тіл мен ділді қайта тірілту жолында зор үлес қосты. Өз өнерімен, қазақ әндерімен халқымыздың, әсіресе, жастарымыздың патриоттық сезімін оятты, қазақ

руханиятына жаңа серпіліс берді, ұлтымыздың рухын көтеріп, ұлттық сана-сезімін қалыптастырды.

Мен үшін орны бөлек тағы бір жан бар. Алматы Энергетика институтында 10 жыл проректор болдым. Біздің институтты политехқа қосып жіберді. Не істерімізді білмей қалдық. Жігіттер «Иманғали Нұрғалиұлына барып жағдайды айтсайшы» деді. Тасмағамбетовтің қызметі – премьер-министрдің орынбасары – білім және мәдениет министрі. Имекеңе барып жолықтым. Ол:

– Қазір министрліктердің бәрі қосылып, департаменттер ашылып жатыр. Жоғары білім департаментін басқаруға келесіз бе? – деді.

– Білмеймін, оны көре жатармыз. Біздің мәселемізді не істейміз?

– Егер департаментке келсеңіз, тап сол мәселелерді өзіңіз шешетін боласыз, – деді. Мен келісімімді бердім. Елбасы Н.Назарбаев «Департаменттер ашайық, Америкада мемлекеттік департамент министрліктен жоғары» деген болатын. Дәрежем жоғары білім министрімен тең болды. Өзімнің коллегиям бар, өзім нұсқау беремін. Сол кездері жоғары оқу орнының төрт ректорын тағайындадым. Бұл департамент бір жылдан кейін министрліктің басқармасы болып қайта құрылды. Сол кезден бастап менің шенеуніктік мансабым басталды. Әйтпесе, шенеунік болуды мақсат еткен жан емеспін. Үкіметтің жұмыстарына араластым. Қырымбек Көшербаев, Жақсылық Күлекеев, Шәмша Беркінбаева, Бірғаным Әйтімова, тағы басқалармен бірге қызметтес болдық. Бір жыл Үкіметтің канцеляриясында істедім, сосын ректор болып кеттім. Егер И.Тасмағамбетовтен ұсыныс болмағанда бұл салаға келер ме едім, жоқ па, ешкім білмейді. Сондықтан өмірімнің жаңа арнаға бұрылуына Иманғали Нұрғалиұлының әсері болды.

Таксист те болып көргенбіз...

– Өзімді өмірде жолы болғыш, бақытты жанның бірімін деп есептеймін. Аздап сүрініп, тығырыққа тірелгенде ойламаған жерден іс оңтайлы шешіліп жататын кездер болады. Сонда да менің есімде қалған ең бір қиналықыраған кезім – еліміз тәуелсіздік алған жылдар. Ол кезде бір мен емес, елдің бәрі де қиындау бір кезеңді бастан өткізді. Ел экономикасы құлдырады, тұрмысымыз қиындады. Алматы энергетикалық институтында проректормын. Жалақымыз мардымсыз және уақытылы ала алмаймыз. Сол кездері отбасымды асырау үшін таксист болғанмын. Танымал адаммын. Басыма шапканы басып

киіп, үлкен қара көзілдірікпен, тұмшаланып алып адам тасыдым. Пәтерім, көлігім бар, соның өзінде ақша болмағаннан кейін бала-шағаны бағу біраз қиын болды. Тамақ алуға ақша жетпейтін. Дегенмен бұл көпшілікке ортақ қиыншылық еді, арты жақсы болып, қазір егемен елміз, бүгінде еңсемізді тіктеп, әлемге танылған мемлекетке айналдық.

Елбасымыз да «Елді сүйіндер! Қазақстан алға! Дамыған 30 мемлекеттің қатарына кірейік! Патриот болайық!» деп жатыр ғой. Қалай дегенде де, қандай жағдайда да адам өз туып-өскен елін сүйеді. Бірақ, патриот болу үшін еліңнің экономикалық жағдайы дамыған болуы керек. Адамдардың тұрмысы жақсы болса, елге деген сүйіспеншілігі арта түседі. Біздің экономикамыз мұнайға өте байланысты. Мұнай қалай құбылса, біздің жағдайымыз соған байланысты болады. Елбасы «Шикізатқа тәуелділіктен кетейік, бәсекеге қабілетті өнім жасайық» деп жатыр. Өкінішке қарай бұл жоқ. Осы салаға мән беруге тиіспіз. Елдің экономикасын көтерсек, бізде бәрі болады. «Елге инженерлер, технологтар керек» деп жатыр. Бізде бұл салада мамандар аз емес. Олар оқу бітіргенмен, басқа салаларға кетіп қалып жатыр. Сондықтан жоғары оқу орнын бітірген, осы салада маманданған инженерлерді дұрыс пайдалана білуіміз керек. Оқусыз білім жоқ, ізденіссіз ғылым жоқ. Осы қос тізгін тең ұсталғанда ғана бүгінгі жастарымыздың келешегі кемел болып, тәуелсіз еліміздің көк байрағы көкте мәңгілік желбірейтіні кәміл.

Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, бес мемлекеттік сыйлықтың, Америка Биографиялық институтының «Жыл адамы» құрметті атағының, РФ Қоғамдық сыйлықтары ұлттық комитетінің үшінші дәрежелі «Ұлы Петр» орденінің, «Алтын адам» сыйлығының иегері, бес салалық академияның академигі, бірнеше шетелдік университеттің профессоры Досым Қасымұлының қолы қалт еткенде айналысатын сүйікті ісі – шаңғы тебу, аңға шығу. Қанша қиын болса да ғылым мен өнерді қатар алып жүріп, құрылғанда өзі басы-қасында болған «Дос-Мұқасанның» туын әлі жоғары ұстап келеді. Келер жылы өзі 70-ке, «Дос-Мұқасан» 50-ге толады. Айтулы мерекелер алда, ал жасалуға тиіс істер ауқымды.

3 наурыз, 2016 жыл

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
Нығметжан Есенғарин, Қарап отырып қалсам, ол менің құлдырағаным	5
Төрегелді Шарманов, Дұрыс қартая білу де өнер	15
Әмен Хайдар, Ұрпақ құнды дүниелерге қанығып өсуі тиіс	24
Бақытжан Ертаев, Тәуелсіз, бейбіт елде өмір сүріп жатқанымыздың өзі бақыт	30
Герольд Бельгер, Мақтанышым – Қазақстанға керек адам болғандығым	40
Нұрғали Нүсіпжанов, Ел ықыласының ар жағында не барын ұмытпауға тиіспіз	50
Мақаш Тәтімов, Біздің қазақ ХХІ ғасыр бойы өсуі керек!	59
Сәт Тоқпақбаев, Кісіден көрген жақсылығыңды ұмытуға болмайды!	68
Мұрат Әуезов, Өмірдің өзі мейірімнен тұрады	77
Асылы Осман, Қазақты түсіну үшін бәріміз қазақша сөйлеуге тиіспіз	87
Жақсылық Үшкемпіров, Қазақ жастарының қабілеттілігі – қан тазалығынан	96
Досхан Жолжақсынов, Мендегі қозғаушы күш – сағыныш	106
Амалбек Тшанов, Негізі дұрыс адамнан әрқашан жақсылық күтуге болады	115
Әшірбек Сығай, Қайта тусам дәл осылай өмір сүрер ем	126
Ғалым Байназаров, Өмір жолым қиын да қызғылықты	136
Жексенбек Еркінбеков, Министр боларда қатты қобалжығаным рас	147
Сәдуақас Мұстафаев, Өзіне сенген адам біреуге бағынышты болғысы келмейді	158
Ләйла Ғалымжанова, Отбасы қолдамаса әйелдердің үлкен қызметті абыроймен атқаруы қиын	168
Бибігүл Төлегенова, Адам өзінің бағы жанған сәтін сезбей де қалады екен	179

Мұрат Қалматаев	
Тағдыр – адамның көзге көрінбейтін өз қасиеті	188
Сәбит Оразбаев,	
Ниет болса, адам баласының қолынан келмейтіні жоқ	198
Темірхан Медетбек,	
Бойымыздағы бейқамдықтан қорқам	209
Әмин Тұяқов,	
Дүниежүзілік додаларға Қазақ болып қатысқанға не жетсін!	218
Талғат Бигелдинов,	
Батыр атану екінің біріне бұйырмаған бақ	227
Дулат Исабеков,	
Сеніп жүргендердің сырт айналатын кезі болады	235
Шот-Аман Уәлиханов,	
Жеке мақсатым үшін ешқашан ата-тегімді пайдаланған емеспін	247
Сәлім Құрманғожин,	
Мысқылмен қарағандар түбінде мені мойындады	256
Ким Серікбаев,	
Генерал бола алмауымның сан түрлі себебі бар	267
Ислам Жеменей,	
Атамекенді сүюді атамнан үйрендім	280
Шәңгерей Жәнібеков,	
Ардагер деген ат барлық лауазымнан да күшті	290
Исраил Сапарбай,	
Қазақтың мұңы – менің мұңым	301
Қайрат Байбосынов,	
Ән көз алдымнан сурет болып өтіп жатады	312
Мұрат Жұрынов,	
Туған жердің қасиеті тартады да тұрады	322
Смағұл Елубаев,	
Өмірді сүю үшін адам баладай періште, таза болуы керек	335
Майко Сағындықова,	
Жан аямас жанкешті еңбек әдемі өмір сүруіме мүмкіндік берді	346
Сейдахмет Құттықадам,	
Шенеунік болу менің жолым емес екенін ерте түсіндім	357
Рахымжан Елешев,	
Адам қолпаптаумен емес, қамшылаумен өседі	369
Надежда Лушникова,	
Қазақтың батасымен өсіп-өндім	380
Сұлтан Жиенбаев,	
Менің байлығым – ел-жұртым	390
Досым Сүлеев,	
Жолы болғыш жанның бірімін	402

**Гүлнар
ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ**

ӨМІР ӨТКЕЛДЕРІ

Тех. редакторы С.АҚЫЛОВ

Корректоры М.ЖАНЫСБАЙ

Кітапта Айтжан САЛЫҚҰЛЫ түсірген суреттер пайдаланылды.

ISBN 978-601-80578-6-1



9 786018 057861

«Керемет медиа»

Алматы қаласы, 8 ы/а, 19«а» үй.

Тел.: 8 (727) 225 25 42

E-mail: keremet.m@mail.ru

Басуға 07.03.2017 ж. қол қойылды.

Шартты баспа табағы 26,0. Пішімі 60x90 1/16.

Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Таймс»

Таралымы 5000. Тапсырыс № 2285.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы

«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.



Гүлнар Жұмабайқызы 1995 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетін бітірген. 1995-2004 жылдар аралығында республикалық қоғамдық-саяси «Жас Алаш» газетінде тілші, бөлім редакторы болып қызмет атқарды. 2004 жылдан бері республикалық қоғамдық-саяси «Айқын» газетінде қызметте. Бүгінде осы басылымның саясат және экономика бөлімінің редакторы. 2012 жылы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Ел тірегі – экономика» атты публицистикалық жинағы жарық көрді. Гүлнар Жұмабайқызы – Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты.